

**"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 шілдеде № 11659 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 146 (28085) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы бұйрыққа 114-174-қосымшаларға сәйкес мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары . » ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 7-қосымшада:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) еңбексүйгіштікке, өзінің және өзгенің еңбегіне құрметпен қарауға баулу;

14) қоғамдық игілік және олардың құндылығы туралы түсінік беру.»;

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) адам еңбегі, еңбек ету арқылы нәтижеге қол жеткізудің маңыздылығы;»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) адам еңбегі және оның адам өміріндегі маңызы. Еңбек өмірді жақсартудың негізгі құралы ретінде. Табиғатты қорғаудағы адамның рөлі.»;

15-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тау жыныстары және оны қорғау. Тау жыныстары туралы түсінік Тығыз және бос тау жыныстары. Пайдалы қазбалар және олардың түрлері Гранит. Құм. Саз және әктас. Ас тұзы. Мұнай және табиғи газ. Адам өмірі үшін пайдалы қазбалардың маңызы. Бар байлықты бүкіл қоғамның игілігі үшін пайдалану;»;

18-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) еліміздің егіншілік және мал шаруашылығы. Адамның егін және мал

шаруашылығын дамыту үшін жасаған жағдайлары. Бар байлықты бүкіл қоғамның игілігі үшін пайдалану. Көрнекі құралдар. Қазақстанның физикалық картасы;»;

20-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) адам қолымен жасалған заттар, өз еңбегінің құндылығы туралы;»;

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) адамның айналадағы дүниемен қарым-қатынасы, еңбек арқылы өмірді жақсарту туралы;»;

24-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) пайдалы қазбалар, олардың адам өміріндегі маңызы, оларды қоғамның игілігі үшін пайдалану туралы;»;

26-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) туған жердің егіншілігі мен мал шаруашылығы, даму жағдайлары. оларды қоғамның игілігі үшін пайдалану туралы;»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Дене шынықтыру» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 12-қосымшасында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Типтік оқу жоспарына сәйкес пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 99 сағат);

2) 2-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат);

3) 3-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат);

4) 4-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат).»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Курс мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) тақырыптық жоспар:

кесте 1

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	6	-	-	6	12
	2. Қозғалмалы ойындар	8	7	7	8	30
	3. Гимнастика	7	8	6	-	21
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	10	-	10
	5. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	21	15	23	20	79
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты					
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық ойын түрлерін қолдану)	6	6	4	4	20
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	6	6	4	4	20

Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):	27	21	27	24	99
--	----	----	----	----	----

»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«18. Курс мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:
1) тақырыптық жоспар:

1 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Қозғалмалы ойындар	8	7	8	7	30
	3. Гимнастика	8	10	6	-	24
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	10	-	10
	5. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	23	17	24	20	84
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты	4	4	6	4	18
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық ойын түрлерін қолдану)					
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны	4	4	6	4	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны: (Σ)		27	21	30	24	102

»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«25. Курс мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:
1) тақырыптық жоспар:

5 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Қозғалмалы ойындар	10	7	8	7	32
	3. Гимнастика	4	10	6	-	20
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	10	-	10
	5. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	21	17	24	22	84
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты	6	4	6	2	18
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық спорт түрлерін қолдану)					

Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	6	4	6	2	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):	27	21	30	24	102

»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«34. Курс мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:
1) тақырыптық жоспар:

9 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	8	-	-	8	16
	2. Қозғалмалы ойындар	13	9	8	6	36
	3. Гимнастика	-	8	8	-	16
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	10	-	10
	5. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны	21	17	26	22	86
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты	6	4	4	2	16
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық спорт түрлерін қолдану)					
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны	6	4	4	2	16
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ)		27	21	30	24	102

»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (қарапайым және негізгі деңгей) (оқыту қазақ тілінде емес)» деген 16-қосымшасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)» деген 26-қосымшасында:

42-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«42. «Мәтін және стиль» (3 сағат). Мәтіннің ойлау жүйесін дамытудағы рөлі. Тақырып және мәтін. Мәтінді жоспарлаудың жолдары. Сөйлем мүшелерінің мәтіндегі қызметі. Құрмалас сөйлемдердің мәтіндегі қызметі. Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу. Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» мәтінінің тақырыбы мен идеясы. Толғау мәтінінің құрылымдық бөліктері. Толғаудағы сөздік қолданыстар қисыны, қайталама сөздердің, қаратпа сөздердің қолданыс ерекшелігі:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде

емес)»

деген

28-қосымшасында:

33-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Общество» (Государственный язык и язык межнационального общения. Родной язык. Я говорю на нескольких языках. Из истории тюркской письменности. Из истории славянской письменности. Язык писателя как итог великого труда души. Красота языка в устах художников слова. Древние города Казахстана. Казахстан сегодня. Н.Назарбаев. «Слово о Независимости» Прошлое и настоящее России. Золотое кольцо России. Известные ученые России и Казахстана. Роль спорта в моей жизни. Искусство создавать здания, сооружения, памятники. Декоративное прикладное искусство. Олимпийские и неолимпийские виды спорта. О современных технологиях);»

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 40-қосымшасы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныптары үшін «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 42-қосымшасында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) қоғамдағы жемқорлық құбылыстарының әртүрлі түрлеріне иммунитеттерін қалыптастыру»;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Пәннің базалық мазмұнын анықтау. 9 сынып оқушылары үшін «Адам. Қоғам. Құқық» курсының мазмұнын іріктеу іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы және күзіреттілік тәсілдерге негізделген. «Адам. Қоғам. Құқық.» пәнінің мазмұны жалпы адамзаттық құндылықтарға, демократизм принциптеріне, гуманизм мен ғылымилық, заңдылықтар және патриотизмге негізделген. Бұл пәнді оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, оқыту үдерісінің әдістемесі мен ұйымдастырылуын анықтайтын әдіснамалық принциптерге сүйену қажет.»;

8-тармақтың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

««Жеке тұлға және ұжым», ұжымдылық, жеке тұлғалылық, конформизм, адам әрекетіндегі қадір-қасиет, ілтипат, сатылмайтындық, сыпайгершілік, әдептілік, сұхбат, пікірталас, өзара түсіністілік, қызметтестік, ынтымақтастық;»;

9-тармақтың он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

««Мемлекет және оның қоғамдағы рөлі», мемлекет - саяси жүйенің басты институты, мемлекеттік билік, құқықтық мемлекет, мемлекеттің жемқорлыққа қарсы стратегиясы;

«Азаматтық қоғам», азаматтық қоғам түсінігі, азаматтық қоғамның шығу тарихы, қоғамдық ұйымдар, адамның азаматтық позициясы, азаматтық қоғам жемқорлық

құбылыстарына қарсы әрекет факторы ретінде;

«Қоғамның рухани өмірі» (3 сағат), «Қоғамның рухани негізі», адамның рухани өмірі, жеке тұлғаның рухани мәдениеті, дүниетаным, наным, сенім мораль және адамгершілік, ізгілік (гуманизм), адалдық, белсенді өмірлік ұстаным;»;

10-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

««Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік», заңдық жауапкершіліктің құқықтары мен түрлері, құқықтық қатынастардың түрлері мен белгілері, кәмелеттік жасқа толмағандардың заңдық жауапкершіліктерінің ерекшеліктері, жемқорлық құқық бұзушылықтың түрлері және ерекшелігі;»;

10-тармақтың жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

««Қазақстандық құқықтың базалық саласының негізгі түсініктері» (2 сағат), азаматтық құқықтың негізгі түсінігі, азаматтық құқықтың ерекшеліктері, азаматтық құқықтың субъектілері, кәсіпкерлік түсінігі, заңды және жеке тұлға түсінігі, келісім шарттар түсінігі, жасөспірімдердің қатысуымен азаматтық-құқықтық қарым қатынастардың ерекшеліктері, қоғамдағы жемқорлық құбылыстардың факторлары мен шарттарын еңсерудің негізгі құқықтық формалары;

«Әкімшілік құқығының негізгі түсінігі», әкімшілік құқығының ерекшеліктері, әкімшілік құқық бұзулар, әкімшілік өндіріп алулар, әкімшілік өндіріп алу түрлері, кәмелеттік жасқа толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі, жемқорлық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік;

«Еңбек құқығының негізгі түсініктері» (2 сағат), еңбек құқығының ерекшеліктері (еңбек қатынастары, келісім шарты, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты, еңбекақы, тәртіптік жазаға тарту), кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегін құқықтық реттеу;

«Қылмыстық құқықтың негізгі түсініктері», қылмыстық құқық ерекшеліктері, қылмыс түсінігі, қажетті қорғаныс түсінігі, қажетті қорғаныс шегін арттыру, қылмыстық жазалау түсінігі, кәмелеттік жасқа толмағандардың, қылмыстық жауапкершілігі, жемқорлық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілік;»;

13-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) мораль және адамгершілік ұстанымдарын, кәсіби этика адамгершіліктері;»;

14-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) моральдық, этикалық, адамгершілік және құқықтық және жемқорлыққа қарсы нормаларды талдау және жиынтықтау;»;

15-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) әлеуметтік ортаның ерекшелігін дұрыс бағалай білу, қоғамға қарсы жемқорлық құбылыстарына, діни ағымдарды, идеологияны, құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білуінен көрініс табуы тиіс.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына үшін «Дене шынықтыру» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 48-

қ о с ы м ш а с ы н д а :

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Типтік оқу жоспарына сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат);
 6-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат);
 7-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат);
 8-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат);
 9-сынып - аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат).»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Төмендегі бөлімнен тұрады:

1) тақырыптық жоспар:

1 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	14		11	9	34
	3. Гимнастика	-	14	-	-	14
	4. Шаңғы дайындығы	-	-	10	-	10
	5. Ұлттық ойындар	-	5	5	-	10
	6. Жүзу	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	21	19	26	24	90
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты	6	2	4	-	12
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық спорт түрлерін қолдану)					
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	6	2	4	-	12
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ)		27	21	30	24	102

»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Төмендегі бөлімнен тұрады:

1) тақырыптық жоспар:

5 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	16	-	12	9	37
	3. Гимнастика	-	14	-	-	14
	4. Шаңғы	-	-	10	-	10
	5. Ұлттық ойындар	-	4	4	-	8
	6. Жүзу	-	-	-	8	8

	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	23	18	26	24	91
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты					
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық спорт түрлерін қолдану)	4	3	4	-	11
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	4	3	4	-	11
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):		27	21	30	24	102

»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«37. Төмендегі бөлімнен тұрады:
1) тақырыптық жоспар:

9 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	16	-	12	9	37
	3. Гимнастика	-	14	-	-	14
	4. Шаңғы	-	-	10	-	10
	5. Ұлттық ойындар	-	4	4	-	8
	6. Жүзу	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	23	18	26	24	91
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты					
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық спорт түрлерін қолдану)	4	3	4	-	11
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	4	3	4	-	11
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):		27	21	30	24	102

»:

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«48. Төмендегі бөлімнен тұрады:
1) тақырыптық жоспар:

13 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	8	-	-	8	16
	2. Спорт ойындары	14	-	14	8	36
	3. Гимнастика	-	14	-	-	14
	4. Шаңғы	-	-	10	-	10
	5. Ұлттық ойындар	-	4	2	-	6
	6. Жүзу	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	18	26	24	90
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты					
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық спорт түрлерін қолдану)	5	3	4	-	12

Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	5	3	4	-	12
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):	27	21	30	24	102

»;

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«59. Төмендегі бөлімнен тұрады:
1) тақырыптық жоспар:

17 кесте

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	8	-	-	8	16
	2. Спорт ойындары	14	-	12	8	34
	3. Гимнастика	-	14	-	-	14
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	10	-	10
	5. Ұлттық ойындар	-	3	3	-	6
	6. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	17	25	24	88
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты	5	4	5	-	14
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық ойын түрлерін қолдану)					
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	5	4	5	-	14
Оқу жылы бойынша сағаттар сан (Σ):		27	21	30	24	102

»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)» деген 49-қосымшасында:

74-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«74. Н.Назарбаев. «Слово о Независимости». Текст. Особенности организации текста в разных стилях» -11ч., из них 2 ч.- развитие речи, 1 ч. из которых - сочинение, 1 ч. - изложение; 1 ч. - диктант:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (негізгі және орта деңгей) (оқыту қазақ тілді емес)» деген 51-қосымшасы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілді емес)» деген 52-қосымшасында:

10-тармақтың 1) тармақшасының алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде шығармаларды оқып, талдауға 30 сағат, шығармашылық жұмыстарға 2 сағат, сыныптан тыс оқыған шығармалары туралы әңгімелеуге 2 сағат, барлығы 34 сағат бөлінген.»;

38, 39, 40, 41, және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«38. «Халық ауыз әдебиеті» (7 сағат):

1) Халық ауыз әдебиеті және оның туу, пайда болу жолдары (1 сағат). Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен ерекшелігі. Әдебиет теориясы: фольклор туралы түсінік. Өзіндік ізденіс жұмыстары: «Қазақ фольклористикасының тарихы»;

2) «Тұрмыс-салт жырлары» (1 сағат). Тұрмыс-салт жырларының халық өмірімен, күнделікті тыныс-тіршілігімен байланысы және ежелгі дәуірлердегі бабалар дүниетанымы. Фольклор жанрларының тұрмыс-тіршілікпен тікелей байланыстылығы. Тұрмыс-салт жырларының түрлері. Тұрмыс-салт жырларының тәлім-тәрбиелік мәні, жанрлық ерекшеліктері. Төрт түлік мал, наурыз жыры, бесік жыры, жар-жар, беташар, т.б. Әдебиет теориясы лирикалық және эпикалық жанрлар. Өзіндік ізденіс жұмыстары: Наурызға байланысты өлең-жырлар;

3) «Батырлар жыры. «Қамбар батыр» жырынан үзінді» (1 сағат). Батырлар жырының жанрлық ерекшелігі. Ондағы ел қорғау идеясы. Батырлар жырының халық тарихымен байланысы. Қамбар батыр жырының көтерген тақырыбы. Жырдағы Қамбар батыр бейнесі. Оның мінезіндегі адамгершілік қайырымдылық, ерлік, батырлық қасиеттердің көркем бейнеленуі. Батырдың ата-анасына деген қамқорлығы. Жырдағы батырдың тұлпары Қарақасқа аттың образы. Қамбардың Назым сұлумен танысуы, екеуінің арасындағы сүйіспеншілік. Сыртқы жауға қарсы күрес. Жыр тілінің көркемдік ерекшелігі. Әдебиет теориясы: шендестіру, баяндау;

4) «Лиро-эпостық жырлар. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан үзінді» (2 сағат). Лиро-эпостық жырлардың батырлар жырынан ерекшелігі. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі. Қозының өзіне ақылы мен көркі сай жар іздеп шығуы. Сұлулық, адамгершілік қасиеттердің ерлік және батыр намысымен тұтастықта сипатталуы. «Қыз Жібек» жыры мен «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Жырдағы негізгі кейіпкерлердің портреттері. Тіліндегі көркемдік айшықтар. Жырдың көп вариантты болуының мәні. Әдебиет теориясы: композиция, сюжет, монолог, диалог. Өзіндік ізденіс жұмыстары: «А й м а н - Ш о л п а н » ж ы р ы ;

5) «Айтыс. «Біржан мен Сара» айтысы» (2 сағат). Айтыс туралы жалпы түсінік. Айтыстың шығу тегі, даму ерекшеліктері. Өлем әдебиеті тарихындағы көріністері. Ш.Уәлихановтың зерттеу еңбектеріндегі айтыс туралы деректер. Айтыстың түрлері, айтылу дәстүрі, жанрлық ерекшеліктері. Айтыстың, драмалық жанрмен ұқсастығы. «Біржан мен Сара» айтысының тарихи негіздері. Айтысқа тән дәстүрлері, композициясы

. Сюжеттік даму желісі Біржан-Сара айтысындағы тартыстың шарықтау шегі. Логикалық қисын. Сөзге тоқтау. Көркемдік ерекшеліктері. Әдебиет теориясы: импровизация. Өзіндік ізденіс жұмыстары: қазіргі айтыс үлгілері.

39. «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1 сағат):

1) «Орхон ескерткіштері. «Күлтегін жазуы» (1 сағат). Жазба ескерткіштердің тарихи оқиғалар мен тұлғаларға арнап, тасқа қашалып жазылған жырлар екендігі. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихы. Орхон жазуларының мазмұны, композициялық құрылымы. Жанрлық сипаты. Жырдың танымдық, тәрбиелік мәні. Әдебиет теориясы: жырдың композициясы туралы. Тіл дамыту: жырдан үзінді жаттау. Пәнаралық байланыс: дүниежүзі тарихы. Өзіндік ізденіс жұмыстары: Н. Келімбетов Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы, 1991.

40. «XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы» (2 сағат):

1) «Асан қайғы. «Бұл заманда не ғаріп?», «Еділ бол да, Жайық бол» жырлары» (1 сағат). Жырау өмір сүрген тұстағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Асан жырларындағы ел бірлігін сақтау, жайлы қоныс іздеу идеясы. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» жырының идеялық мәні. Жерұйықты іздеуінің түпкі мақсаты. Асан қайғы жырларының көркемдік-философиялық ерекшелігі. «Естіні көрсең, кем деме», «Еділ бол да, Жайық бол» жырларындағы адамгершілік мәселелерінің көркем жинақталуы. Әдебиет теориясы: өлең ырғағы. Өзіндік ізденіс жұмыстары: «Жеті ғасыр жырлайды» жинағы;

2) «Бұқар жырау. «Ай, Абылай», «Батырың өтті Бөгенбай» толғаулары» (1 сағат). Бұқар жырау Қалқаманұлы XV ғасырдан бастау алған жыраулық өнерді биік белеске көтерген жырау, көрнекті қайраткер екендігі. Оның өмірі туралы соңғы деректер. Бұқар шығармаларының көркемдік-эстетикалық мәні. Бұқар жырау жырларындағы замана сипаты, тарихи тұлғалар бейнесі. Оның қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байытуы. Әдебиет теориясы: ұйқас түрлері. Пәнаралық байланыс: тарих, география, электрондық оқулық (Махамбет туралы). Өзіндік ізденіс жұмыстары: М.Мағауин. «Ғасырлар бедері». - Алматы: Жазушы, 1991.

41. «XIX ғасыр әдебиеті» (6 сағат):

1) «Махамбет Өтемісұлы. «Баймағанбет сұлтанға айтқаны», «Мен, мен мен едім», «Арқаның қызыл изені-ай» (1 сағат). XIX ғасырдағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдай. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы. М.Өтемісұлы жырларындағы романтикалық сарын. Махамбет шығармаларындағы ақындық «мен». Махамбет жырларындағы Исатай батыр образы. Өлеңдерінің ұйқас ерекшелігі, тіл көркемдігі. Әдебиет теориясы: ерікті ұйқас;

2) «Нысанбай жырау (1822-1883 жж.). «Кенесары-Наурызбай» жыры» (1 сағат). Нысанбай Жаманқұлұлының өмірі мен жыраулық өнері. Оның ұлт-азаттық көтеріліс туралы «Кенесары-Наурызбай» жыры және ондағы тарихи шындық пен көркемдік шешім. Жырдағы Кенесары мен Наурызбай образдары Көркемдік ерекшелігі. Жанрлық сипаты. Нысанбай жырау шығармашылығының зерттелуі. Әдебиет теориясы: тарихи

ж ы р ;

3) «Шоқан Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі» (үзінді)» (1 сағат). Шоқан Уәлиханов қазақтың тұңғыш ғалымы, этнограф, фольклоршы, саяхатшы екендігі. Ғалымның еңбектері туралы. Ыстықкөлдің табиғаты мен сол жерді мекендеген халықтардың әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін суреттеуі. Әдебиет теориясы: эссе, күнделік. Өзіндік ізденіс жұмыстары: Ш.Уәлиханов. «Қашқария саяхаты»;

4) «Ыбырай Алтынсарин. «Бақша ағаштары», «Мейірімді бала». «Атымтай Жомарт» (1 сағат). Ы.Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы. Жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге, жақсы міне-құлыққа үйретуге мән беруі. Мейірімділік, рақымды болу, адамға жақсылық жасауға, төзімді болуға, еңбек етуге тәрбиелеу. Әдебиет теориясы: архаизм, историзм. Өзіндік ізденіс жұмыстары: Ы.Алтынсарин әңгімелері;

5) «Абай Құнанбайұлы. «Әуелден бір суық мұз ақыл зерек», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі (2 сағат). «Ескендір» поэмасы. Абайдың өмірі мен шығармашылығы. Абай поэзиясы. «Әуелден бір суық мұз ақыл зерек» өлеңіндегі адамгершілік жайындағы философиялық ой толғау. Ақыл қайрат, жүрек үшеуін тең ұстау керектігі. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде ақынның көркем сөздің асылы - поэзия деп жоғары бағалауы. Өлеңнің түрі мен мазмұнына талап қоюы. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктері, ой мен сезім иірімдері. «Ескендір» поэмасының тақырыбы мен идеясы. Поэмаларындағы шығыстық сарын. Әдебиет теориясы көп мағыналы сөздер. Өзіндік ізденіс жұмыстары: А.Құнанбайұлы туралы зерттеу еңбектер.

42. «XX ғасыр әдебиеті» (10 сағат):

1) «Жамбыл Жабаев. «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» өлеңдері» (1 сағат). «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» өлеңдерінде 1916 жылғы Ресей патшасының жарлығына ақынның қарсылығы, жан күйзелісі, жастарға деген жанашырлығы. Жамбыл жырларының қоғамдық мәні. Басқа тілдерге аударылуы. Әдебиет теориясы: д а с т а н ж а н р ы ;

2) «Мағжан Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі, «Батыр Баян» поэмасы» (1 сағат). Ақынның өмірі, шығармашылық жолы. Мағжан нәзік лирик, сыршыл ақын. «Түркістан» лирикасы. Өлеңдегі туған жерге, елге деген ақынның мақтаныш сезімі. Тұран елін, оның тарихын перзенттік сезіммен жырлауы. «Батыр Баян» поэмасының тарихи-әлеуметтік негізі. Абылай хан, Батыр Баян бейнелерін даралап сомдауы. Баян батырға тән биік рух, отты сезім. Поэманың көркемдік ерекшелігі. Әдебиет теориясы: поэма жанры. Өзіндік ізденіс жұмыстары: Мағжан Жұмабаев. «Күншығыс», «П а й ғ а м б а р » ө л е н д е р і ;

3) «Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді)» (1 сағат). Ақынның өмірі, шығармашылық жолы. Поэманың композициялық құрылымы. Қобызшы портреті, оның күй тарту шеберлігі. Өнер күдіреті, күй өнері мен күйшіге деген ақынның көзқарасы. Әдебиет теориясы: өлең ұйқасы туралы түсінік;

4) «Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді (I томнан)» (3 сағат).

М.Әуезовтің шығармашылық жолы. Романның жанрлық ерекшелігі Шығарманың сюжеті мен композициясы. Роман-эпопеяда суреттелетін Абайдың азаматтық, ақындық келбеті және замана бейнесі. Романның тараулары, пейзаж бен портрет, тартыс және мінез. Шығармада суреттелетін қазақ халқының өмірі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрыптары. Жазушының әлем әдебиетіне қосқан үлесі. Әдебиет теориясы: кең көлемді эпикалық жанр. Тіл дамыту: поэмаға сюжеттік жоспар құру. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс тілі. Өзіндік ізденіс жұмыстары: І.Жансүгіров. «Жетісу суреттері» өлеңі (үзінді);

5) «Ғабит Мүсірепов. «Боранды түнде» (әңгіме)» (1 сағат). Әңгіменің кейіпкер атынан баяндалуы. Боранды түннің сипаты. Әңгіменің сюжеттік желісі. Әңгімедегі негізгі кейіпкер - Қайсар және оған тән қажырлылық, табандылық, биік адамгершілік қасиеттер. Әңгімедегі салт-дәстүр көріністерін, бала мінезін, іс-әрекетін сипаттаудағы жазушы шеберлігі. Шығарманың реалистік сипаты. Жазушының тіл шеберлігі, жеңіл юмор. Әдебиет теориясы: романтикалық образ. Пәнаралық байланыс: «Ғ.Мүсірепов мұражайы» электронды телесабақ;

6) «Ілияс Есенберлин. «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді» (1 сағат) І.Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығы. Трилогияда қазақ тарихын көркем бейнелеп көрсетуі. «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» романдары арасындағы ортақ желі. Шығармадағы тарихи тұлғалар (қазақ хандары мен би-шешендері және батырлары) бейнесі. Тарихи романға тән ерекшеліктер. Тарихи шындық пен көркемдік шешім. Әдебиет теориясы: тарихи роман. Өзіндік ізденіс жұмыстары: С.Сматаев. «Елім-ай» романы;

7) «Тәкен Әлімқұлов. «Қараой» әңгімесі» (1 сағат). Т.Әлімқұловтың өмірі мен шығармашылығы. Жазушы шығармашылығындағы өнер тақырыбы. Эпикалық туындылары. «Қараой» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы. Әңгімедегі образдар жүйесі. Махамбет образы. Сюжеттік желісі, композициялық құрылымы. Әңгіменің көркемдік ерекшелігі. Әдебиет теориясы: әңгіме жанры. Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, кино («Махамбет» фильмі). Өзіндік ізденіс жұмыстары: Ә.Әлімжанов. «Махамбеттің жесі» романы;

8) «Мұқағали Мақатаев. «Райымбек, Райымбек!» поэмасы» (1 сағат). М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы. Мұқағалидың қазақ поэзиясындағы орны. «Райымбек, Райымбек!» поэмасының тақырыбы мен идеясы. Шығарманың тарихи негізі. Оның тарихи поэма екендігі. Поэманың сюжеті мен композициясы. Поэмадағы ақындық рух, елжандылық сезім. Көркемдігі. Әдебиет теориясы: стиль. Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, музыка, электрондық оқулық («Бір өлеңі - бір елдің мұрасындай») . » ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)» деген 59-қосымшасы осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)» деген 60-қосымшасында:

17-тармақтың 41) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«41) Проза - 3 сағат (Кеңес дәуірінде жабық тақырып болып келген қазақ халқының басынан өткерген ашаршылық С.Елубаевтың «Ақ боз үй» трилогиясы, саяси қуғын-сүргін Д.Досжановтың «Алыптың азабы» романы тоталитарлық дәуірдің шындығын Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», К.Оразалиннің «Абайдан соңғы арыстар», З.Қабдолов «Менің Әуезовім», Ә.Таразидің «Жаза», Б.Мұқайдың «Өмірзая» романдары, Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» повесі, шет ел өмірін Т. Нұрмағамбетовтің «Айқай» повесі суреттейтін шығармалардың дүниеге келуі. Барлық әдеби жанрларда егемен еліміздің жеткен жетістіктері мен жеңістерінің суреттеле бастауы Ұлттық құндылықтардың негізгі тақырып ретінде алға шығуы М.Сәрсекеевтің «Сәтбаев», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Б. Нұржекеұлы «Жау жағадан алғанда» романдары. Қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысы А. Кемелбаева. Көркем прозадағы жаңа көркемдік ізденістер. Ойшылдық пен философияның көркем шығармашылықта алдыңғы планға шығуы. М. Мағауиннің «Жармақ», Т. Әбдіковтің «Парасат майданы» туындылары. Тарихи тақырыптың қайта сарапталып, өмір шындығының нақты материалдармен толығып, көркем жинақталуы Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз», Т.Жұртбайдың «Дулыға» романдары. «Мәдени мұра» бағдарламасы және әдебиет);»;

17-тармақ мынадай мазмұндағы 41-1) тармақшамен толықтырылсын:

«41-1) Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» (1 сағат). Тәуелсіздіктің халқымыздың басты құндылығы ретінде сипатталуы. Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы, Елбасының барлық қазақстандықтарды тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен көркеюі үшін еңбек етуге, қоғамымыздың жалпы құндылықтарын - бейбітшілікті, келісім мен бірлікті бағалауға және нығайтуға, ұлттық дәстүрлерімізді сақтауға және дамытуға шақыруы»;»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес)» деген 61-қосымшасында:

31-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Речевая тема: «Человек как представитель народа». Языковая тема «Морфология» (3 часа):»;

32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Речевая тема: «Личность и история». Н.Назарбаев. «Слово о Независимости». Языковая тема: «Имя существительное как часть речи» (3 часа):»;

54-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«54. Речевая тема: «Благосостояние народа - забота государства». Н.Назарбаев. «Слово о Независимости». Языковая тема: «Второстепенные члены предложения

Дополнение. Прямое и косвенное дополнение» (2 час):»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес)» деген 62-қосымшасында:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. На изучение курса выделено 34 часа, из них на чтение и изучение - 29 часов, внеклассное чтение - 3 часа, развитие речи - 2 часа.»;

18-тармақ мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) Н.Назарбаев. «Слово о Независимости» - 1 ч.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 64-қосымшасы осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарындағы 10-11-сыныптары үшін «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 66-қосымшасы осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптары үшін «Дене шынықтыру» пәнінен типтік оқу бағдарламасы» деген 76-қосымшасында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Типтік оқу бағдарламасына сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 10-сынып — аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат); 11-сынып — аптасына 3 сағат (барлығы 102 сағат).»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Төмендегі бөлімнен тұрады:

1) тақырыптық жоспар:

кесте 1

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	8	-	-	8	16
	2. Спорт ойындары	13	6	14	8	41
	3. Гимнастика	-	12	-	-	12
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	10	-	10
	5. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	8	8
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	21	18	24	24	87

Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты	6	3	6	-	15
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық ойын түрлерін қолдану)					
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	6	3	6	-	15
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):		27	21	30	24	102

»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Төмендегі бөлімнен тұрады:

1) тақырыптық жоспар:

кесте 5

Бағдарлама түрлері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары				
		1	2	3	4	Σ
Базалық	1. Жеңіл атлетика	8	-	-	8	16
	2. Спорт ойындары	13	5	16	10	44
	3. Гимнастика	-	12	-	-	12
	4. Шаңғы (қарсыз аудандарда (оңтүстік өңірлер) шаңғы дайындығының орнына таза ауада қозғалмалы ойындарды өткізу ұсынылады)	-	-	8	-	8
	5. Жүзу (жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, оның орнына гимнастика сабағын өткізу ұсынылады)	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	21	17	24	24	86
Вариативті	1. Аймақтың климаттық жағдайына байланысты					
	2. Мұғалімнің таңдауы бойынша (ұлттық ойын түрлерін қолдану)	6	4	6	-	16
	Вариативті компонент бойынша сағаттар саны:	6	4	6	-	16
Оқу жылы бойынша сағаттар саны (Σ):		27	21	30	24	102

»:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)» деген 78-қосымшасында:

18-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Н.Назарбаев. «Слово о Независимости» - 1 ч.; Стили речи - 14 ч., из них 4 ч.- развитие речи, 1 ч. - сочинение в жанре эссе:»;

26-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Н.Назарбаев. «Слово о Независимости» - 1 ч., «Текст. Речевые жанры» -12 ч., из них 3 ч. - развитие речи; 1 ч. - сочинение:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс әдебиет» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)» деген 79-қосымшасында:

12-тармақтың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«32) «Русская поэзия и проза Казахстана (обзор) - 2 часа (Маргинальность русских

литератур в национальных республиках бывшего СССР - приобретения и потери. Тема «двух родин» (О. Постников) Зачинатели русской литературы в Казахстане - И. Шухов, П. Кузнецов, М. Зверев, Д. Снегин, В. Чугунов, Д. Черепанов. Тема братства народов, «ослабленная художественность». Этапированные, ссыльные писатели 30-40-х гг. - Н. Заболоцкий, Н. Коржавин, М. Зуев-Ордынец, Ю. Домбровский, А. Чижевский, А. Солженицын. Мощный творческий импульс во время Великой Отечественной войны: известные деятели русской культуры (В. Шкловский; М. Зощенко, С. Маршак, К. Паустовский, С. Эйзенштейн и др.) в алма-атинской эвакуации. Исторический роман 50-60-х гг. как попытка сохранения личной и общей памяти о далеком и близком прошлом («Ак-мечеть» Н. Анова, «В городе Верном» Д. Онегина). Военная тема: «Парламентер выходит из рейхстага» Д. Онегина. Целинная и рабочая тема: «Покорители целины» И. Шухова, «Снега метельные» И. Щеголихина, «Страсти маленького городка» В. Буренкова, «Два дня осталось до весны» Г. Черноголовиной, «Теплая земля» В. Берденникова. «Простор» под редакцией И. Шухова (1963-1974) - журнал всесоюзного значения (публикации неизвестных или запрещенных произведений А. Платонова, Б. Пастернака, М. Цветаевой, О. Мандельштама. различных воспоминаний, романа и повести Ю. Герта «Кто, если не ты?» и «Лгунья» и др.). Новая историческая проза 60-70-х гг. («Емшан», «Маздак». «Колокол», «Комиссар Джангильдин» и др. М. Симашко, «Интервенция в Омске» Н. Анова, «Утро и два шага в полдень» Д. Онегина, «Омут» и «Прощеный день» Ю. Рожицына, «Передай дальше!» А. Никольской). Профессиональная пушкинистика («Если заговорят портреты», «Портреты заговорили» Н. Раевского) и стиховедение («Стихи нужны» А. Жовтиса), романизированные биографии и биографические хроники о русских и советских писателях, связанных с Казахстаном (книги П. Косенко о П. Васильеве, Вс. Иванове, А. Сорокине, Ф. Достоевском). Проза и поэзия «шестидесятников»: «Лабиринт» Ю. Герта, «Татарников», «Газеты за шкафом» Вл. Берденникова, «Письма на бересте» А. Арцишевского - тема противостояния тоталитарному духовному закреощению. Поэтическое продолжение этой темы и нового казахстанского патриотизма - лирика Р.Тамариной, А. Елкова, В. Антонова, О. Постникова, Т. Мадзигон, И. Потахиной, Л. Лезиной, Л. Степановой, Н. Черновой, В. Киктенко, Е. Курдакова, Л. Шашковой, А. Соловьева и др. Отток русских писателей в 90-х гг.);»;

12-тармақ мынадай мазмұндағы 32-1) тармақшамен толықтырылсын:

«32-1) Н.Назарбаев. «Слово о Независимости» - 1 час;»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен (ортадан жоғары деңгей) типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)» деген 80-қосымшасы осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен

типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)» деген 81-қосымшасында:

14-тармақтың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«28) Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті - 1 сағат (Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде еліміздің экономикасымен қатар ұлттық идеологиясы да тұрақтап, қалыптасуы. Ақын-жазушыларымыз өз шығармаларында тәуелсіздік жеңістерін, сондай-ақ егемендікті нығайту үшін күресіп жүрген адамдар тағыдырын суреттеп, бейнелеуі. Қазіргі жас ақын-жазушылардың әр бағытта ой толғап, әр алуан тақырыптарға қалам тартуы. Мысалы, таза ұлттық дәстүрді жырлау, исламдық бағытта жазу, батыс үлгісіне еліктеушілер). Әдебиет теориясы: әдеби ағымдар;»;

14-тармақ мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

«28-1) Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» (1 сағат). Тәуелсіздіктің халқымыздың басты құндылығы ретінде сипатталуы. Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы, Елбасының барлық қазақстандықтарды тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен көркеюі үшін еңбек етуге шақыруы.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)» деген 95-қосымшасында:

14-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сөз мәдениеті туралы ұғым-түсінік - 5 сағат (Сөз мәдениеті туралы ұғымға кеңейтілген түсінік. Сөз мәдениеті - сөзді дұрыс қолдану, тілдік норманы сақтау. Тіл мәдениетінің тірегі - әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі. «Мәдениет» ұғымы. Әдеби норма. Сөз мәдениетіне қатысты ұғымдар. Сөз құдіреті туралы халықтық ұғымдар. Елбасының «Тәуелсіздік Толғауы» - құттықтаудың елдік мәні жоғары түрі. Толғаудың стильдік-тілдік ерекшелігі. Толғау мәтініндегі синонимдер мен қаратпа сөздердің қолданысы. Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас. Тілдік қарым-қатынастағы сөз сапалары. Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар. Тілдік норма және жаңа қолданыстар. Тілде жаңа қолданыстардың туу үрдісі, олардың қоғамда қабылдануы. Лексикалық норма Орфоэпиялық норма. Орфографиялық норма. Грамматикалық норма. Актив сөздер. Пассив сөздер. Тіл табысуға қажетті коммуникациялық дағдылар. Тіл табыса білу өнері. Қарым-қатынас жасау құралдары: тіл-дыбыстау құралдары, тілге көмекші құралдар. Тыңдау әдебі. Тыңдау білу. Анықтау. Қайталап сұрау. Сөз мәдениетінің қосалқы құралдары. Бет-жүз құбылыстары мен дене қимылдары. Тілдік қатынас. Вербалды, бейвербалды амалдар. Дауыс мәнері. Әсерлі сөйлеу. Сөз сазы. Тілдік норманың сақталуы);»;

15-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қазақ шешендік өнерінің тарихы - 9 сағат (Қазақ шешендік өнерінің бірінші кезеңі. Майқы би мен Аяз би. Қазақ шешендік өнерінің екінші кезеңі Асан қайғы мен Жиренше шешен. Қазақ шешендік өнерінің үшінші кезеңі Билер кеңесі. «Жеті жарғы». Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Қазақ шешендік өнерінің төртінші және бесінші кезеңі

. Хан-сұлтандарға қарсы шешендер. Бек-болыстарға қарсы шешендер. Қазіргі шешендіктің түрлері. Білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік. Елбасының Тәуелсіздік толғауы. Толғаудың әлеуметтік-саяси мәні мен шешендік сипатына талдау. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік. Діни мазмұнды шешендік. Сотта қолданылатын шешендік);»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)» деген 96-қосымшасында:

16-тармақтың 36) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«36) Проза - 2 сағат (Кеңес дәуірінде жабық тақырып болып келген қазақ халқының басынан өткерген ашаршылық С. Елубаевтың «Ақ боз үй» трилогиясы, саяси қуғын-сүргін Д. Досжановтың «Алыптың азабы» романы, тоталитарлық дәуірдің шындығын Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», К. Оразалиннің «Абайдан соңғы арыстар», З.Қабдолов «Менің Әуезовім», Ә.Таразидің «Жаза», Б. Мұқайдың «Өмірзая» романдары, Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» повесі, шет ел өмірін Т. Нұрмағамбетовтің «Айқай» повесі) суреттейтін шығармалардың дүниеге келуі. Барлық әдеби жанрларда егемен еліміздің жеткен жетістіктері мен жеңістерінің суреттеле бастауы. Ұлттық құндылықтардың негізгі тақырып ретінде алға шығуы М. Сәрсекеевтің «Сәтбаев», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Б.Нұржекеұлы «Жау жағадан алғанда» романдары. Қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысы А. Кемелбаева. Көркем прозадағы жаңа көркемдік ізденістер. Ойшылдық пен философияның көркем шығармашылықта алдыңғы планға шығуы. М. Мағауиннің «Жармақ», Т. Әбдіковтің «Парасат майданы» туындылары. Тарихи тақырыптың қайта сарапталып, өмір шындығының нақты материалдармен толығып, көркем жинақталуы Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз», Т.Жұртбайдың «Дулыға» романдары. «Мәдени мұра» бағдарламасы және әдебиет);»;

16-тармақ мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

«36-1) Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» (1 сағат). Тәуелсіздіктің халқымыздың басты құндылығы ретінде сипатталуы. Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы, Елбасының барлық қазақстандықтарды тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен көркеюі үшін еңбек етуге, қоғамымыздың жалпы құндылықтарын бейбітшілікті, келісім мен бірлікті бағалауға және нығайтуға, ұлттық дәстүрлерімізді сақтауға және дамытуға шақыруы);»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес)» деген 97-қосымшасында:

29-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Речевая тема: Н. Назарбаев «Слово о Независимости». «Каков он - лидер 21 века?». Языковая тема: «Имя прилагательное как часть речи» (2 часа);»;

53-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Речевая тема: Н. Назарбаев «Слово о Независимости». «Как стать успешным человеком». Языковая тема: «Обстоятельство. Виды обстоятельств» (1 час):»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес)» деген 98-қосымшасында:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. На изучение курса «Русская литература» в 11 классе выделено 34 часа, из них на: чтение и изучение — 29 часов, внеклассное чтение - 3 часа, развитие речи - 2 часа.»;

18-тармақ мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) Н. Назарбаев. «Слово о Независимости» - 1 ч.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)» деген 99- қосымшасында:

18-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Н. Назарбаев. «Слово о Независимости». «Стили речи» - 6 ч., из них 1 ч. на развитие речи; 1 ч. - сочинение публицистического стиля):»;

25-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Н. Назарбаев «Слово о Независимости». «Текст. Речевые жанры» - 6 ч., из них 1 ч. на развитие речи, 1 ч. - сочинение в жанре эссе:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Орыс әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)» деген 100-қосымшасында:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

«29-1) Н. Назарбаев «Слово о Независимости» - 1 час:»;

15-тармақтың 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«35) «И. Бродский» - 1 час (Очерк жизни и творчества. Лирика: «Рождественский романс», «Новые стансы к Августе», «Пророчество», «Anno Domini», «Одиссей Телемаку», «Большая элегия Джону Донну», «Я входил вместо дикого зверя в клетку», «Разговор с небожителем», «Двадцать сонетов к Марии Стюарт» (по выбору учителя). Отталкивание от социальной поэзии, утверждение эстетических приоритетов. Скрещивание модернизма с традициями античной и русской классики. Мотив одиночества, монологическая поэзия с вневременным восприятием действительности: античные и библейские мотивы. Метафизическое мировоззрение: поэт как «средство существования языка». Соотношение эстетики и этики («Нобелевская лекция»). Проблема пространства и времени. Образ автора-персонажа, позиция шута и гения. Усвоение самых разных поэтических традиций и стилей, высокого и низкого, элитарного и массового, их равенство. Создание текстов из литературы прошлого (Данте, А.С. Пушкин, В.В. Маяковский и др.). Цитатно-пародийный язык, имеющий

функцию раскрепощения. Новая функция стихов: прозаизация стиха за счет усложнения строфики, «спотыкающегося» синтаксиса (обилия переносов), удлинения стихотворной строки, дольника, тактовика);»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)» деген 101-қосымшасы осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)» деген 102-қосымшасында:

17-тармақтың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«28) Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті - 1 сағат (Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде еліміздің экономикасымен қатар ұлттық идеологиясы да тұрақтап, қалыптасуы. Ақын-жазушыларымыз өз шығармаларында тәуелсіздік жеңістерін, сондай-ақ егемендікті нығайту үшін күресіп жүрген адамдар тағдырын суреттеп, бейнелеуі. Қазіргі жас ақын-жазушылардың әр бағытта ой толғап, әр алуан тақырыптарға қалам тартуы. Мысалы, таза ұлттық дәстүрді жырлау, батыс үлгісіне еліктеушілер). Әдебиет теориясы : ә д е б и а ғ ы м д а р ; » ;

17-тармақ мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

«28-1) Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» (1 сағат). Тәуелсіздіктің халқымыздың басты құндылығы ретінде сипатталуы. Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы, Елбасының барлық қазақстандықтарды тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен көркеюі үшін еңбек етуге шақыруы;»:

осы бұйрыққа 9-69 қосымшаларға сәйкес 114-174 қосымшалармен толықтырылсын.

2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (бұдан әрі - ҰБА) (Ж.О. Жылбаев) осы бұйрықпен бекітілетін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА ресми сайтында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж . А . Ж о н т а е в а) :

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен соң бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғы 1 8 м а у с ы м д а ғы
№ 393 бұйрығына 2-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 40-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Пәнді оқытудың мақсаты – оқушылардың білімі мен дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі нақты тарихы бойынша білім беру.

3. Қойылған мақсаттарға сай пәнді оқытудың келесі міндеттері орындалуы тиіс:

- 1) оқушыларға Қазақстан тарихы бойынша толыққанды, жүйелі білім беру;
- 2) Қазақстан тарихы бойынша тарихи терминологияларды меңгерту;
- 3) оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

4) оқушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру;

- 5) оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;
- 6) оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру.
4. Келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:
- 1) «Дүние жүзі тарихымен»:
Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі;
Қазақстан тарихын оқытқанда көршілес мемлекеттердің тарихымен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелерді қарастыру;
- 2) «Географиямен»:
Қазақстан территориясының және шекарасының анықталу кезеңі;
Қазақстан территориясында әкімшілік-территориялық реформалардың жүргізілуі;
Қазақстан территориясының ландшафты, климаты, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, пайдалы қазбаларын зерттеген түрлі экспедициялар қызметі;
- 3) «Қазақ әдебиетімен»:
Қазақстанның көрнекті ақын-жазушыларының көркем шығармаларды жазуда тарихи оқиғалармен байланыстыруы;
XX ғасырдағы қазақ зиялыларының шығармашылықтарын білу;
- 4) «Орыс әдебиетімен»:
орыс ақын-жазушыларының шығармаларында қазақ қоғамының көрініс табуы;
орыс ақын-жазушыларының шығармаларындағы қазақ халқының өміріне байланысты зерттеу материалдарын білу;
- 5) «Бейнелеу өнерімен»:
бейнелеу өнерінің дамуы;
қазақтардың қолданбалы қолөнер туындыларының тарихы;
XVIII – XIX ғғ. суретшілер еңбегіндегі Қазақстан тақырыбы;
- 6) «Музыкамен»:
музыкалық шығармалардың тарихи оқиғалармен байланыстылығы;
Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларды баяндауда музыкалық шығармалардың дерек көзі ретінде қызметі;
музыка өнерінің тарихы, әнші-сазгерлердің өмірі мен шығармашылығы.
5. Оқу жүктемесінің көлемі:
- 1) 5-сыныпта аптасына – 1сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 6-сыныпта аптасына – 2сағат, оқу жылында 68 сағат;
3) 7-сыныпта аптасына – 2сағат, оқу жылында 68 сағат;
4) 8-сыныпта аптасына – 2сағат, оқу жылында 68 сағат;
5) 9-сыныпта аптасына – 2сағат, оқу жылында 68 сағат.

2. Оқу пәнінің 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

6. «Тарих әлемі» (2 сағат):

тарих туралы түсінік, тарихты зерделеу не үшін қажет, Қазақстан тарихы–дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі, Қазақстан тарихының кезеңдері (ежелгі, орта ғасырлардағы, жаңа және қазіргі заманғы тарих); тарихи жәдігерлер, тарихи жәдігерлердің түрлері (ауызша, жазбаша, археологиялық), заттай, жазбаша жәдігерлер.

7. «Тарихқа саяхат» (14 сағат):

адамның шығу тегі әлемнің пайда болуы туралы қазақ аңыздары, адамның шығу тегі туралы ғылыми көзқарастар, Қазақстан территориясындағы ежелгі адамдар;

Қазақстан территориясындағы тас дәуірі кезеңі, палеолит – ерте тас дәуірі, ежелгі еңбек құралдары, алғашқы қауымдық қоғам, табиғат, ауа райы, мұз басу, мезолит – орта тас дәуірі, күннің жылынуы, мұздықтардың еруі, кішігірім, жүйрік аңдарды аулауға арналған садақ пен жебені және бумарангты ойлап табу, жеке аң аулау, жаңа еңбек құралдарының пайда болуы, неолит – жаңа тас дәуірі, микролиттік мәдениет, мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуы;

Қазақстан территориясындағы қола дәуірі (алғашқы металдар, қоланы пайдалануды үйрену), андронов мәдениеті, қола дәуіріндегі тайпалардың шаруашылығы, қола дәуіріндегі тайпалардың мәдениеті;

сақ тайпалары, сақтар – ежелгі Қазақстанды мекендеушілер, сақтар туралы парсы және грек жазбалары, сақтардың тұрмысы, шаруашылығы, олардың әдет-ғұрыптары, сақ билеушілері, сақтардың басқару жүйесі, Томирис – сақтардың атақты патшалары (ханшайымдары), сақтардың тәуелсіздік үшін күрестері, парсылармен соғысы, Шырақтың ерлігі, сақ мәдениеті, «Алтын адам» – қазақ халқының баға жетпес мәдени мұрасы;

Қазақстан территориясындағы ғұн тайпалары, Мөде – ғұн мемлекетінің негізін қалаушы, ғұндардың тарихы, ғұндардың шаруашылығы және тұрмысы, «халықтардың ұлы қоныс аударуы», Аттила (Еділ) – ұлы жаһангер;

Қазақстан территориясындағы көне түркілер («түркі» түсінігі), Түркі қағанатының құрылуы, Бумын қаған – Түркі қағанатының негізін қалаушы, көне түркілердің тұрмысы және қызметі, көне түркілердің мәдениеті, діни түсініктері, көне түркі жазбалары;

Шығыс даналары (әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А. Иассауи);

Ұлы Жібек жолы – маңызды сауда жолы орта ғасырлардағы Қазақстан қалалары, қалалардың құрылысы, ірі қалалар (Түркістан, Сығанақ, Сайрам, Тараз);

монғол шапқыншылығы, Отырар қорғанысы. Отырардың күйреуі; қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының құрылуы, «қазақ» терминінің мағынасы, Алтын Орданың ыдырауы, Ақ Орданың құрылуы, Әбілхайыр хан мемлекеті,

Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлінуі және өздерінің руларымен Моғолстан территориясына қоныстануы, қазақ хандығының құрылуы, жүздердің қалыптасуы, Қасым хан тұсындағы қазақ хандығының күшеюі; қазақ хандары, билері және батырларының тарихы, хан – ел билеушісі, аңызға айналған қазақ хандары (Алаша хан, Уыз (Оғыз хан), қазақ хандары (Керей, Жәнібек, Қасым, Хакназар, Тәуке), билер (дана, шешен, қазылар), қазақ қоғамындағы билердің рөлі билер, XV-XVIII ғасырдың ұлы батырлары, қазақ қоғамындағы батырлардың а л а т ы н о р н ы ;

Қазақстан және Ресей қазақ-жоңғар соғысы, Қазақстанның Ресейге қосылуы, Әбілхайыр ханның Ресей құрамына кіруге ұмтылысы, Кіші жүз қазақтарының Ресей империясының құрамына қабылдануы, А.Тевкелевтің елшілігі; Абылай хан, өмірі мен саяси қызметі, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының ұлт - а з а т т ы қ қ о зғ а л ы с т а р ы ;

қазақ ағартушылары; Ш.Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин;

8. Қорытындылау (1 сағат).

9. «Әсемдік әлемінде» (6 сағат):

қазақ халқының материалдық мәдениет, қазақтардың тұрғын үйлері (киіз үй, киіз үйдің жиһаздары), қазақ халқының ұлттық киімдері, қазақ шеберлерінің қолөнер б ұ й ы м д а р ы ;

архитектуралық ескерткіштер, Қазақстан территориясындағы ежелгі құрылыстар, орта ғасырлардағы архитектуралық ескерткіштер (Қозы Көрпеш- Баян Сұлу, Бабаджа – катын, Айша бибі, Алаша хан, Сырлытам. Қожа Ахмет Йассауи кесенелері);

қазақ халқының рухани мәдениеті, қазақ халқының мейрамдары: наурыз мейрамы, халық ауыз әдебиеті және қазақ халқының шешендік өнері (дастан, аңыз-әңгімелер, шежірелер), қазақ халқының айтыс өнері, шешендердің өнері (Жиренше шешен, Аяз би

, А л д а р К ө с е) ;

қазақ халқының музыка өнері, күй өнері (Құрманғазы, Тәттімбет, Ықылас, Қорқыт т . б .) ;

діннің пайда болуы, ежелгі адамдардың діни түсініктері, қазақ халқының діни н а н ы м - с е н і м і .

10. «Қазақстан XX ғасырда» (6 сағат):

Қазақстан Ресей құрамында, 1917 жылы патшаны тақтан тайдыру, 1917 жылы қазанда большевиктердің билікті алуы, Қазақстанда Кеңес билігінің орнауы, азамат соғысы, К С Р О - н ы ң құ р ы л у ы ;

қазақ ұлттық зиялылары (Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Д у л а т о в) ;

Қазақстан 1941 – 1945 жылдары, Ұлы Отан соғысы жылдарында, КСРО-ға қарсы Германияның фашистік әскери жоспары, Ұлы Отан соғысының басталуы, Ұлы Жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесі, Қазақстан майдан арсеналы, Қазақстандықтардың

соғыс жылдарындағы еңбектегі ерлігі; Қазақстандық Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы; тың және тыңайған жерлерді игеру, тың және тыңайған жерлерді игерудің себептері, тың игеру қорытындылары;

Қазақстандағы ғылым мен мәдениеттің дамуы (Қ.И. Сәтпаев – қазақтың тұңғыш академигі, Қазақ Ғылым академиясының бірінші президенті), «Мәдени мұра» бағдарламасы;

ғарышты игеру, Қазақстан – ғарыш айлағы (Байқоңыр, Қазақстандық ғарышкерлер – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев).

11. «Тәуелсіз Қазақстан» (3 сағат):

Қазақстан – егеменді мемлекет, КСРО-ның құлауы, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы, Н.Ә. Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері (мемлекеттік рәміздер туралы түсінік, қазақ халқының мемлекеттік рәміздері тарихынан, Қазақстан Республикасының рәміздері), Ата заң – болашақ кепілі, Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы;

Астана – Қазақстанның жаңа астанасы (біздің еліміздің бас қаласы), Қазақстан астаналары (Орынбор, Қызылорда, Алматы), 1997 жыл – Астана қаласының еліміздің елордасы болып жариялануы;

12. Қорытынды қайталау (2 сағат).

3. Оқу пәнінің 6 сыныптағы базалық білім мазмұны

13. Кіріспе (1 сағат).

14. «Ежелгі адамдардың өмірі: Қазақстан территориясындағы палеолит және мезолит дәуірі» (12 сағат):

алғашқы адамдардың пайда болуы, адамның шығу тегі туралы қазіргі көзқарастар, Қазақстанда алғашқы адамдардың пайда болуы, алғашқы қауымдық адамдар тобыры, рулық қауымның пайда болуы, аналық ру;

ежелгі адамдардың кәсіптері (аңшылық және терімшілік), алғашқы тастан жасалған еңбек құралдары, тасты өңдеу әдісі;

Қазақстан территориясы ерте тас дәуірінде (палеолит): төменгі және жоғарғы палеолит, Қазақстан жеріндегі палеолит дәуірінің тұрақтары, «саналы адамның» пайда болуы;

Қазақстан территориясы орта тас дәуірінде (мезолит), мезолит дәуіріндегі табиғи-климаттық өзгерістер (мұздықтардың еруі, күннің жылынуы), жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесіндегі өзгерістер, Қазақстан территориясындағы мезолит дәуірінің тұрақтары, микролиттердің пайда болуы, садақ пен жебенің ойлап табу, егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы, мезолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың қоғамдық өміріндегі өзгерістер;

қ о р ы т ы н д ы л а у .

15. «Қазақстан территориясындағы неолит және энеолит дәуірі» (5 сағат):

Қазақстан территориясы жаңа тас дәуірінде (неолит), неолит төңкерісі, мал шаруашылығы мен егіншілікке көшу, қыш өндіру кәсібінің пайда болуы (қыш ыдыстар дәуірі), тоқыма өнері, тастан, сүйектен жасалған еңбек құралдары;

Қазақстан территориясындағы неолит дәуірінің тұрақтары, мыстытас дәуірі (энеолит), алғашқы металл өндіру, Қазақстандағы ежелгі металлургия ;

энеолит дәуіріндегі еңбек құралдарын жетілдіру, қоғамдық еңбек бөлінісі, аталық ру, Қазақстан территориясындағы энеолит дәуірінің тұрақтары; діни наным-сенімдердің пайда болуы (анимизм, тотемизм, фетишизм, магия – алғашқы діни түсініктер), «пұтқа табынушылық», құдай мен рухқа сену; өнердің тууы, тастағы суреттер;

қ о р ы т ы н д ы л а у .

16. «Қола дәуіріндегі Қазақстан» (7 сағат):

қола дәуіріндегі Қазақстан, қола дәуірінің кезеңдері (ерте, орта және кейінгі), қоладан жасалған еңбек құралдары, Қазақстан территориясындағы мыс пен қалайы кен орындары ;

андронов мәдениеті, Қазақстандағы андронов мәдениетінің археологиялық ескерткіштері, қола дәуіріндегі адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер, андроновтықтардың шаруашылығы мен тұрмысы, баспанасы; қоғамдық құрылысы, жеке меншіктің пайда болуы ;

қола дәуіріндегі климаттың өзгеруі, кейінгі қола дәуіріндегі отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы, кетпенді егіншілік, көзешілік кәсібі, зергерлік өнер, Беғазы-Дәндібай мәдениеті (А.Х. Марғұлан және т.б.);

қ о р ы т ы н д ы л а у .

17. «Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан» (10 сағат):

Қазақстан аумағындағы сақтардың тайпалық одақтары, сақтар туралы алғашқы деректер: сақтар жайлы Геродоттың айтқандары, сақтар парсы жазбаларында, сақ тайпаларының қоныстануы: тиграхауда, парадарайя, хаомаварга сақтары және т.б.;

сақтардың тәуелсіздік үшін күресі, Қазақстан аумағына парсы әскерлерінің басып кіруі, сақ патшасы Томирисінің парсы патшасы Кирге қарсы күресі, Шырақтың ерлігі, Александр Македонский әскеріне қарсы сақтардың күрес;

көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы, отырықшылықтан көшпелі мал шаруашылығына ауысу, көшпелі мал шаруашылығы өмір сүрудің негізі, дәстүрлі мал шаруашылығындағы көшіп-қону, маусымдық жайылым түрлері (көктеу, жайлау, күзеу, қыстау), тебіндік жайылым, төрт түлік мал;

сақтардың шаруашылығы мен тұрмысы, отырықшы малшылық және егіншілік,

т е м і р д і

п а й д а л а н у ;

сақтардың қоғамдық құрылысы, тайпалық одақтар, әскери демократия, сак
қоғамындағы билеушілердің рөлі;

қ о р ы т ы н д ы л а у .

18. «Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аймақтары» (7 сағат):

ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстан, Сарыарқа – Ұлы дала, Сарыарқа
тұрғындары – аргипейлер, исседондар, шаруашылығы, маусымдық жайылымдар, ерте
темір дәуіріндегі ескерткіштер, Тасмола археологиялық мәдениеті, «Мұртты»
қ о р ғ а н д а р ;

ерте темір дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан, табиғи-климаттық ерекшеліктері,
савроматтар мен аргиппейлер – Солтүстік Қазақстан тұрғындары, шаруашылығы, мал
шаруашылығы және оның ерекшеліктері, археологиялық ескерткіштер, металл өңдеу;

ерте темір дәуіріндегі Шығыс Қазақстан, табиғи-климаттық жағдай және елді
мекендер, Шілікті даласынан табылған патша қорғандары, Берел қорымы, Шығыс
Қазақстан мәдениеті, «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ежелгі қалашықтар мен
қорымдарға жүргізілген археологиялық зерттеулер;

ерте темір дәуіріндегі Оңтүстік Қазақстан және Жетісу, табиғи-климаттық жағдай
және елді мекендер, Есік қорғаны, Бесшатыр қорғандары және т.б.

қ о р ы т ы н д ы л а у .

19. «Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер» (15 сағат):

үйсіндер, үйсіндер туралы жазба деректер, үйсіндердің қоныстанған жерлері,
үйсіндердің шаруашылығы мен тұрмысы (мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер),
үйсіндердің қоғамдық құрылысы, гуньмо – үйсіндердің билеушісі;

қаңлылар, қаңлылар тарихы туралы қытай және иран жазбалары, қаңлылардың
қоныстануы, қаңлылардың шаруашылығы мен тұрмысы, (егіншілік, мал шаруашылығы
, кәсіптері, металл өңдеу, сауда), қоғамдық құрылысы;

ғұндар, ежелгі ғұндар тарихы қытай деректерінде, Мөде шаньюй – ғұн мемлекетінің
негізін салушы, ғұн тайпаларының бірігуі, ғұндардың саяси тарихы және мемлекеттік
қ ұ р ы л ы с ы ;

халықтардың ұлы қоныс аударуы, ғұндардың Батысқа қоныс аударуы, ұлы
әскербасы Аттила (Еділ) және оның жорықтары, ғұн жорықтарының маңызы, тарихи
әдебиеттердегі ғұндардың бейнесі;

ғұндардың шаруашылығы (мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер) және қоғамдық
қ ұ р ы л ы с ы ;

сарматтар, сармат тайпаларының қоныстануы, сарматтардың шаруашылығы және
тұрмысы (мал шаруашылығы, егіншілік), әскери демократия, сарматтардың қоғамдық
құрылысы, әлеуметтік теңсіздік;

қ о р ы т ы н д ы л а у .

20. «Қазақстан көшпелілерінің мәдени жетістіктері» (8 сағат):

Ежелгі көшпелілер дәуіріндегі Қазақстан халықтарының мәдениеті; Сақтардың материалдық және рухани мәдениеті, сақтардың археологиялық ескерткіштері. Есік және Бесшатыр қорғаны, «Алтын адам», сақтардың зергерлік өнері, «Аңдық стиль», «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында сақ қорғандарын кешенді түрде з е р т т е у .

үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, сарматтардың археологиялық ескерткіштері, материалдық мәдениеті, зергерлік бұйымдар, «Полихром стилі», көшпелілердің киімдері, ат әбзелдері, көшпелілердің сауыт-саймандары мен қару-жарақтары, киіз үй – көшпелілердің баспанасы (киіз үйдің құрылысы және жасауы);

үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, сарматтардың рухани мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-саналары мен діни түсініктері, табиғат және ата-баба рухына табыну, жерлеу р э с і м д е р і ;

көшпелілер өркениетінің әлем мәдениетіне қосқан үлесі, мәдени қатынаста Ұлы Ж і б е к ж о л ы н ы ң р ө л і ;

ежелгі адамдардың антропологиялық сипаты, қола дәуіріндегі адамдардың антропологиялық сипаттамасы, ерте темір дәуіріндегі адамдардың антропологиялық т и п і ;

21. Қорытынды қайталау (3 сағат).

4. Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны

22. Кіріспе (1 сағат):

дәуірге сипаттама, орта ғасыр ұғымы, орта ғасыр кезеңдері.

23. 1–бөлім «Ерте орта ғасырлардағы Қазақстан» (11 сағат).

24. «Қазақстан территориясындағы ерте орта ғасырлық мемлекеттер» (7 сағат):

түрік қағанатының құрылуы, жер аумағы, халқы, саяси тарихы, шаруашылығы;

Батыс-Түрік қағанаты, жер аумағы, халқы, саяси тарихы, шаруашылығы;

Түргеш қағанаты, түргештердің шығу тегі, Түргеш қағанатының құрылуы, сыртқы с а я с а т ы , ш а р у а ш ы л ы ғ ы ;

қарлұқ мемлекетінің құрылуы, (жер аумағы, халқы, шаруашылығы, саяси жағдайы), қағанаттың ыдырауы, Суяб – қарлұқтардың астанасы;

оғыз мемлекетінің құрылуы (оғыз тайпаларының қоныстанған жер аумағы, қоғамдық құрылысы, этникалық құрамы), Қазақстан аумағындағы оғыздар, Оғыз мемлекетінің ыдырауы, Жанкент (Янгикент) – оғыздар астанасы, олардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы;

қимақ мемлекетінің құрылуы, этникалық және тайпалық құрамы, қағанаттың саяси тарихы, қимақ мемлекетінің ыдырауы, қимақтардың шаруашылығы; қ о р ы т ы н д ы л а у .

25. «VI – IX ғасырлардағы Қазақстан халықтарының отырықшы және көшпелі

отырықшы халықтар мәдениеті, олардың көшпелілермен өзара байланысы, қалалар мен қоныстар, сәулет өнері және қала ғимараттары (кесенелер, мешіттер), өнер (с ә н д і к - қ о л д а н б а л ы ө н е р) ;

көшпелілердің материалдық мәдениеті, оның ерекшеліктері, үй кәсібі және қолөнер (керамикалық бұйымдар мен ыдыстар жасау, металлургия және металл өңдеу), сауда, ақша, халық ауыз әдебиеті, тіл және жазу (көне түркі жазуы, араб жазуы), діни н а н ы м - с е н і м д е р ;

қ о р ы т ы н д ы л а у .

26. 2 – бөлім «Дамыған ортағасырлардағы Қазақстан» (29 сағат).

27. «Дамыған ортағасырлық кезеңде Қазақстан территориясында жаңа мемлекеттердің құрылуы» (5 сағат):

Қарахан мемлекеті, мемлекеттің құрылуы, жер аумағы, қоғамдық құрылысы және шаруашылығы, жер иелену түрлері, мәдениет, ислам дінін қабылдауы; наймандар, керейіттер, жалайырлар (тайпалардың орналасуы, қоғамдық құрылысы және шаруашылығы, тайпа одақтарының өзара қатынастары);

Жетісудағы Қарақытайлар, қоғамдық-саяси құрылысы, алым-салық жүйесі, сыртқы б а й л а н ы с т а р ы ;

Қыпшақ хандығы, этникалық құрамы, жер аумағы, шаруашылығы, саяси құрылымы және с ы р т қ ы б а й л а н ы с т а р ы .

қ о р ы т ы н д ы л а у .

28. «Қазақстан территориясындағы Ұлы Жібек жолы» (3 сағат):

Жібек жолының пайда болуы және оның қызметі, керуен жолдарының қиылысында орналасқан қалалардағы экономика мен сауданың дамуы;

Жібек жолының Қазақстан территориясынан өтетін басты бағыттары (Жетісу – Ұлы Жібек жолының шығыстағы негізгі қақпасы, Оңтүстік Қазақстан – Ұлы Жібек жолының батысқа шығатын негізгі жолдарының бірі);

Ұлы Жібек жолының әлеуметтік-экономикалық маңызы және елдер мен халықтар арасындағы мәдениетті дамыту мен өзара байланыстарды нығайтуға ықпалы («Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес Ұлы Жібек жолының Жетісу аумағындағы керуен жолы т а р м а қ т а р ы н з е р т т е у) .

29. «X ғ – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті» (5 сағат):

қалалардың дамуы (Отырар, Тараз, Түркістан, Сарайшық, Сайрам, Сығанақ және т.б . қалалар), сәулет өнері мен құрылыстың дамуы, қорғаныс құрылысы, қоғамдық ғимараттар, цитадель, базар алаңы, кесенелер, мешіттер, моншалар, сәулет өнері ерекшеліктері («Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес орта ғасырлық қалаларды з е р т т е у) ;

қолөнер мен сауданың дамуы, үйге қажетті заттарды жасау, ұсталық кәсіп, зергерлік өнер, сауда және ақша айналымы, сәндік-қолданбалы өнер, оның

ерекшеліктері, («Мәдени мұра» бағдарламасы аясында орта ғасырлық сәулет өнерінің
д а м у ы н з е р т т е у) ;

ғылымның дамуы (математика, философия, музыка, жаратылыстану, тіл білімі және
т.б.), Отырар кітапханасы, халық медицинасы, білім беру, тіл және жазу, әдебиет, түркі
тілдес халықтардың ғылым мен мәдениет жолындағы көрнекті қайраткерлері, Әбу
Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, Ахмет Йасауи, («Мәдени мұра» бағдарламасына
сәйкес ұлттық мәдени орталықтардың құрылысы және әл-Фарабидің кесенесі туралы
з е р т т е у л е р) ;

тәңірлік, діни наным-сенімдер, ислам діні мен араб жазуының ғылым мен
мәдениетке т и г і з г е ы қ п а л ы ;

қ о р ы т ы н д ы л а у .

30. «XIII ғ. – XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» (11 сағат):

монғол империясының құрылуы, монғол империясының мемлекеттік және
қоғамдық құрылысы, монғолдардың Қазақстанды жаулап алуы, халықтың Шыңғыс хан
әскеріне қарсы қаһармандық күресі, Отырар қорғанысы, монғол ұлыстарының құрылуы
(Жошы мен Шағатай ұлысы), жаулап алудың зардаптары;

Алтын Орданың құрылуы, Алтын Орданың күшеюі, Алтын Орданың саяси және
қ о ғ а м д ы қ құ р ы л ы с ы ;

Ақ Орда, Ақ Орданың дербестік алуы, жер аумағы мен этникалық құрамы, ішкі
және сыртқы жағдайы, шаруашылығы;

Моғолстан, жер аумағы және этникалық құрамы, ішкі және сыртқы жағдайы,
ш а р у а ш ы л ы ғ ы ;

Темір мемлекеті (Темірдің Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Қытай, Үндістан т.б.
елдерге жорықтары), оның салдары;

Ноғай Ордасы, жер аумағы және этникалық құрамы, Сарайшық қаласы – XIII-XV
ғасырлардағы Ноғай ордасының әкімшілік, экономикалық, сауда және мәдениет
орталығы, мемлекеттің ыдырауы, Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір (тайпалардың
этникалық құрамы, орналасқан жері, ішкі және сыртқы жағдайы);

Әбілқайыр хандығы, хандық биліктің нығаюы және мемлекеттік құрылымы;

Қазақстан территориясындағы орта ғасырлық мемлекеттердің әкімшілік құрылысы,
қоғамдық құрылымы, жерді пайдалану және алым-салықтар;

экономикалық жағдайы, мал шаруашылығы және егіншілік, қалалар және қоныстар,
қ о л ө н е р ;

қ о р ы т ы н д ы л а у

31. «XIV - XV ғасырлардағы Қазақстандағы этникалық үдерістер. Қазақ этносының
қ а л ы п т а с у ы » (2 с а ғ а т) :

Қазақстандағы этносаяси үдерістер, халықтардың этникалық құрамы, этносаяси
қауымдастықтардың қалыптасуы, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы;
қазақ жүздері, «алаш» атауы, «қазақ» атауының шығуы.

32. «XIV - XV ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті» (3 сағат):
материалдық мәдениет, баспана, киім-кешек, әдет-ғұрыптар мен салттар,
қалалықтардың өмірі мен тұрмысы, қолөнер және үй жиһазын жасау, зергерлік
б ұ й ы м д а р , с а у д а ;

рухани мәдениет, халық ауыз әдебиеті (ертегілер мен аңыздар, ақындар айтысы,
жұмбақтар мен мақал-мәтелдер), жазу, білім, музыка өнері, қазақ билері мен күйлері,
жыршылық өнер және жыраулар, бақсылық, халық медицинасы;
қалалық сәулет өнері, кесенелер, (Түркістандағы Ахмет Йассауи кесенесі,
Көк-кесене), сәндік-қолданбалы өнер;

33. 3 – бөлім «Кейінгі орта ғасырдағы Қазақстан. Біртұтас мемлекеттің құрылуы» (2 3 с а ғ а т) .

34. «Қазақ хандығының құрылуы» (3 сағат):
Біртұтас қазақ хандығы құрылуының алғышарттары, Керей мен Жәнібектің көшуі;
мемлекеттің негізін қалаушылар – Керей мен Жәнібек (жер аумағы, халықтың
этникалық құрамы), хандардың саяси қызметі;
қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты: хандықты басқару ісі және сыртқы
байланыстар, біртұтас Қазақ мемлекеті құрылуының тарихи маңызы.

35. «Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы және күшеюі» (9 сағат):
Қасым хан, Қасым хан тұсындағы қазақ мемлекетінің күшеюі, Қасым ханның ішкі
және сыртқы саясаты, жер аумағының кеңеюі, халықтың өсуі, Қасым хан заңдары,
Қасым хан – қазақ жерлерін біріктіруші;

Хақназар хан, Хақназар хан тұсындағы қазақ мемлекетінің қуаттылығы мен саяси
өрлеуінің артуы, Хақназар ханның ішкі және сыртқы саясаты;

Тәуекел хан, Тәуекел хан тұсындағы хандықтың ішкі жағдайы, қазақ-өзбек
қатынастары, орыс мемлекетімен байланыстар;

Есім хан, Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты, елдегі ішкі тартыстар және
Тұрсын ханның бүлігі; Жәңгір хан, қазақ-жоңғар соғысы, Орбұлақ шайқасы – қазақ
батырларының қаһармандықтары, қазақ хандығының әлсіреуі, ішкі қайшылықтардың
өршуі, орталық биліктің әлсіреуі, сыртқы жағдайдың қазақ хандығының әлсіреуіне
т и г і з г е н ы қ п а л ы ;
қ о р ы т ы н д ы л а у .

36. «Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы (XVII ғасыр)» (2 сағат):
Тәуке ханның билігі, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты, қазақ-жоңғар
қатынастары, Сібір хандығымен байланысы, қазақ-орыс қатынастары;
«Жеті жарғы» заңдары, ұлы билер.

37. «XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы» (4 с а ғ а т) :
қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесі, қазақ ханы және сұлтандар, халықтың
ә л е у м е т т і к құ р ы л ы м ы ;

шаруашылығы, көшпелі мал шаруашылығы, көшпелі шаруашылықтың ерекшіліктері, егіншілік, қолөнер, қалалар мен елді - мекендер;
қ о р ы т ы н д ы л а у .

38. «XVI - XVII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті» (5 сағат): қазақ халқының мәдениеті, материалдық мәдениеттің жалпы сипаттамасы, тұрғын үй, киім-кешек, ұлттық тағамдар; қазақ халқының шығармашылық дәстүрлері, қазақ фольклоры (ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер);

батырлық және лирикалық эпос, әлеуметтік -тұрмыстық дастандар, салт- дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар; тарихи әдебиет (Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди», Қадырғали Жалайри және оның «Жами ат-тауарих» еңбегі); әншілік өнер, жыраулар шығармашылығы, Доспамбет пен Жиёмбет жырау және т.б.;

39. Қорытынды қайталау (4 сағат).

5. Оқу пәнінің 8-сыныптағы базалық білім мазмұны

40. ХҮІІІ ғасырдың басынан 1914 жылға дейін.

41. «Қазақстанның ХVІІІ ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы (15 сағат) :

ХVІІІ ғ. ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ хандығы, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы, ХVІІІ ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-башқұрт және қазақ-қалмақ қатынастары;

ХVІІ ғ. соңы мен ХVІІІ бірінші ширегіндегі қазақ-жоңғар соғысы, жоңғар хандығы туралы жалпы мәліметтер, жоңғар шапқыншылығының себептері, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама....» жылдары;

қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі, қазақ жасақтарының құрылуы, Аңырақай шайқасы, қазақ-жоңғар соғысындағы қазақ батырлары (Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Райымбек, Наурызбай, Малайсары), ХVІІІ ғ. 30- 40 жж. қазақ-жоңғар соғыстары;

ХVІІІ ғасырға дейінгі қазақ-орыс қатынастары, Бухгольц экспедициясы; Кіші жүз және Орта жүздің бір бөлігінің Ресейге қосылуының басталуы, Әбілхайыр хан, А.И.Тевкелев елшілігі, Орынбор экспедициясы;

ХVІІІ ғ. ортасындағы қазақ хандығы, Ресейдің Қазақстандағы ХVІІІ ғ. 30- 50 жылдарындағы саясаты, қазақ жерлерінің тартып алынуы;

Қазақстанда казак отарлауының күшеюі және әскери шептердің кеңейтілуі, Қазақстанда ХVІІІ ғ. 40-жылдарында ішкі саяси жағдайдың иеленісуі; Абылай тұсындағы қазақ хандығы, Абылай хан (тұлға және саясаткер), Абылай

ханның ішкі және сыртқы саясаты;
қазақтардың 1773-1775 жж. Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы, Кіші жүздегі жер мәселесінің шиеленісуі (көтерілістің басталу себептері, кезеңдері және барысы, жеңіліске ұшырауы), Көктемір қозғалысы;

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (қозғалыстың себептері, әлеуметтік негізі, кезеңдері, барысы және нәтижелері), О.Игельстром реформалары.

XVIII ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

XVIII ғ. Қазақстан мәдениеті (қазақтардың материалдық және рухани мәдениеті), халық ауыз әдебиеті (Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және т.б.), Қазақстан тарихын, этнографиясын, географиясын ресейлік ғалымдардың зерттеуі, ғылыми экспедициялар;
қорытындылау.

42. «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» (14 сағат):

Қазақстанда хандық биліктің жойылуы, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы, Қазақстандағы хандық биліктің жойылуының себептері, «Сібір қырғыздары туралы Ереже», «Орынбор қырғыздары жөніндегі Ереже» (Орта және Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы);

Қазақстандағы әкімшілік-территориялық басқару, әкімшілік басқару мен территориялық бөліністің жалпы сипаттамасы, ішкі және сыртқы округтардың құрылуы, салық жүйесінің құрылуы, сот реформасы;

Қазақстандағы XIX ғ. бірінші жартысындағы патшалық Ресейдің отарлау саясаты, Қазақстандағы отарлық биліктің нығаюы, әскери бекіністер мен шептер салу арқылы отарлау;

Ақмола тарихы, Ақмоланың негізінің салынуы, Ақмола туралы алғашқы мәліметтер, Ақмола – сауда және мәдениет орталығы;

Бөкей хандығы, Бөкей хандығының құрылуы (территориясы, шаруашылығы, әкімшілік және саяси жағдайы);

Бөкей және Жәңгір хандар тұсындағы Бөкей Ордасының экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени дамуы;

1836-1838 жж. Бөкей ордасындағы қазақтар көтерілісі (көтерілістің себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары), көтеріліс жетекшілері (Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы), көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы;

XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары, Жоламан Тіленшіұлы (1822-1825 жж.), Қасым Абылайұлы және Саржан Қасымұлы (1825-1836 жж.) бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар (себебі, қозғаушы күші, көтеріліс барысы), көтерілістердің қорытындылары, тарихи маңызы;

1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, мақсаты және қозғаушы күштері), негізгі кезеңдері

және

қозғалыстың

басталуы;

Кенесары Қасымұлы (тұлға және саясаткер), Кенесары хандығы;
Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің шешуші кезеңі, патша үкіметінің ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушыларға қолданған жазалау шаралары, Кенесарының өлімі, көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы;
қ о р ы т ы н д ы л а у .

43. «Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы (XIX ғ. 40-60 жж.) (6 сағат):

XIX ғ. 40-60 жж. Ресей және Ортаазиялық мемлекеттер, XIX ғ. 40 – жылдары қазақтардың Қоқан, Хиуа және Ресеймен қарым-қатынастары, Ресей империясы әскерлерінің Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарын және Орта А з и я н ы ж а у л а п а л у ы ;

Оңтүстік Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы, Жетісуды отарлау тәсілдері, бекіністердің салынуы, қалалардың (Қапал, Верный, Лепсі, Талғар, Есік) негізінің қалануы, патша әскерлерінің Әулиеата, Шымкент және т.б. қалаларды жаулап алуы, қоқандықтардың Жетісудан ығыстырылуы;

Қазақстанның Ресейге қосылуының салдары мен маңызы, Қазақстандағы патша әкімшілігінің отарлау саясатының күшеюі, Қазақстан аумағындағы (Жайықтық, Сібірлік, Орынборлық және Жетісулық) казак әскерлері, Қазақстанның Ресейге қ о с ы л у ы н ы ң т а р и х и м а ң ы з ы ;

қазақ халқының Хиуа үстемдігі мен патша әкімшілігінің отарлау саясатына қарсы азаттық күресі, Сырдария қазақтарының экономикалық жағдайының нашарлауы, Сырдария қазақтарының Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісі (себептері, барысы, тарихи маңызы);
қ о р ы т ы н д ы л а у .

44. «Қазақстанның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениеті» (6 сағат):

қазақтардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы материалдық мәдениеті (шаруашылығы, қазақтардың тұрмысы мен тұрғын үйлері, қолөнер, еңбек құралдары, соғыс қарулары мен сауыт-саймандары), архитектуралық ескерткіштері, қала мәдениеті ;

Қазақстандағы халық ағарту ісі, мұсылмандық білім беру жүйесі (мектептер мен медреселер), орыс тілінде оқытатын оқу орындары («Азиялық мектеп», әскери оқу о р ы н д а р ы) ;

Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстары, географиялық зерттеулер, Қазақстанның тарихи және этнографиялық зерттелуі, жер аударылған басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанды зерттеудегі рөлі;

қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетінің негізгі бағыттары, көрнекті өкілдері (Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Н ы с а н б а й Ж а м а н қ ұ л ы) ;

музыка өнері, музыка және айтыс өнері (жыраулар, сазгерлер, ақындар);

қазақтардың рухани мәдениеті, дін, қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық мейрамдар.

45. «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан» (12 сағат):

Қазақстандағы 1867-1868 жылдардағы реформалар, Қазақстанда реформа жүргізудің себептері, дала комиссиясы (1865-1867жж.);

1867-1868 жылдардағы «Басқару туралы уақытша ережелер», облыс, уезд, болыс және ауылдардағы әкімшілік басқарудағы өзгерістер;

Қазақстандағы патша әкімшілігінің қоныс аудару және жер саясаты, орыс шаруаларының Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуы, қазақтардың құнарлы жерлерінің тартып алынуы, олардың ығыстырылуы;

Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, қазақтардың көшпелі шаруашылығындағы өзгерістер, өндіріс орындарының және жұмысшылардың пайда болуы, Қазақстан өнеркәсібіне ресейлік капиталдың енуі, темір жолдардың салынуы, қалалар, сауда, жәрмеңкелер, ресейлік банк бөлімшелерінің пайда болуы;

1860-1870 жылдардағы қазақтардың азаттық күресі, Торғай және Орал облыстарындағы көтерілістердің себептері мен барысы, Маңғыстаудағы көтеріліс, патшаның жазалаушы әскерлерінің азаттық күрестің негізгі ошақтарын басуы, көтеріліс қорытындылары мен маңызы;

XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы әкімшілік-территориялық реформалар, 1886 - 1891 жылдардағы «Басқару туралы ережелер...», Түркістан және Дала генерал-губернаторлықтары, реформалардың мазмұны мен салдары;

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-қытай қатынастары, сауда қатынасының дамуы (Бұқтырма, Петропавл, Семей бекіністерінің Шыңжаңмен сауда жүргізетін орталықтарға айналуы), Жетісуға ұйғырлар мен дүңғандардың қоныс аударуы; қорытындылау.

46. «Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеті» (7 сағат):

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанды зерттеу (Семенов–Тянь–Шанский, Г.Н.Потанин, В.В. Радлов зерттеулері), өлкені этнографиялық зерттеу (М.Шорманұлы, М. Бабажанұлы, А.Диваев);

1860-1870 жылдардағы оқу-ағарту мекемелері мен ғылыми қоғамдар, 1860 -1870 жылдардағы Қазақстандағы жер аударылған революционерлердің қызметі, кітапханалардың ашылуы, діни және зайырлы білім беру мекемелері, жадидиттік және жаңа әдістемелік мектептер;

Шоқан Уәлиханов (1835-1865 жж) – қазақтың ұлы ғалымы, Ш.Уәлихановтың өмірі мен ғылыми қызметі, Қашғарияға саяхаты, Ш.Уәлихановтың өмірінің соңғы жылдары;

Ы. Алтынсарин (1841 – 1889 жж.) – ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері, Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы, халық ағарту саласындағы қызметі, ғылыми-этнографиялық зерттеулері, «Қырғыз хрестоматиясы»;

Абай Құнанбайұлы (1845-1904 жж.), Абайдың өмірі мен шығармашылығы, Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, Абай – а у д а р м а ш ы ;

бейнелеу өнері және музыка, белгілі суретшілердің шығармаларындағы Қазақстан тақырыбы (Т.Шевченко, В.Верещагин, Н.Хлудов), музыка өнері, қазақ күйшілері (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Даулеткерей Шығайұлы және т.б.);

қ о р ы т ы н д ы л а у .

47. «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» (8 сағат):

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық дамуы, 1897 жылғы I Бүкілресейлік санақ, халық санының динамикасы, халықтың этникалық құрамы;

XX ғ. басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы, қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныстануы;

XX ғ. басындағы Қазақстан өнеркәсібіндегі шетел капиталы, өңдеу, тау-кен өндірісі және тасымалдау, қалалар, сауда, жәрмеңкелер, темір жолдардың құрылысы;

XX ғ. басындағы Қазақстандағы саяси жағдай, 1905-1907 жж. революция кезіндегі жұмысшылар және аграрлық қозғалыстар, Қазақстандағы реакция жылдары. Қазақстандағы әлеуметтік-демократиялық, эсер және кадет топтары.

XX ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті, білім, ағарту, ғылым, әдебиет, музыкалық өнер, Қазақстанның дәстүрлі қолөнері мен өнері. қорытынды қайталау.

6. Оқу пәнінің 9-сыныптағы базалық мазмұны

48. XX ғасырдың басынан қазіргі кезге дейін.

49. «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» (6 сағат):

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер, Қазақстандағы панисламизм және пантүркішілдік, Қазақстандағы ұлттық- демократиялық қозғалыстар, Мемлекеттік Дума жұмысына қырғыз (қазақ) облыстарынан өкілдердің қатысуы (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Б.Қаратаев, М.Тынышпаев, М. Шоқай), саяси басылымдардың дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы);

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 ж. 25 маусымдағы «бұратаналарды» тыл жұмысына алу туралы Жарлық, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі кезеңдері, таралған аудандары, әлеуметтік негізі;

қозғалыстың басшылары (А.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, С.Меңдешов), 1916 ж. қазақтардың азаттық қозғалысында жеңілуі және қозғалыстың тарихи маңызы;

1917 жылғы революциялар аралығындағы Қазақстан, Ресейдегі 1917 ж. ақпан

буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның қазақстандық қоғамға тигізген әсері, уақытша үкімет және билік құрылымын қайта құру, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестерінің құрылуы;

Қазақстандағы бүкілресейлік саяси партиялардың қызметі, жалпықазақ съезінің шақырылуы (1917 ж. сәуір-шілде);

«Алаш» партиясы, Ресей кадет партиясының ұлттық филиалын құру әрекеті, «Қазақ» газеті және ұлттық-демократиялық қозғалыстар;

I Жалпықазақ съезі (1917 ж. шілде) және «Алаш» партиясының құрылуы, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы, «Алаш» партиясының жетекшілері (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т. б.).

50. «1917-1941 жылдардағы Қазақстан» (22 сағат):

Қазақстанда кеңестер билігінің орнауы, 1917 ж. Ресейдегі және Қазақстандағы қазан социалистік революциясы, Қазақстанда (Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария облысы, Жетісу және Бөкей ордасында) кеңес билігінің орнауы;

қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы, Қазақстандағы РСДЖП-ның социал-демократиялық ұйымдары;

Қазақстандағы ұлттық автономиялар, Түркістан (Қоқан) автономиясы, «Алаш» партиясы жетекшілерінің Орынбордағы II Жалпықазақ съезін шақыруы (1917 ж. желтоқсан), «Алаш» қазақ облыстары автономиясының құрылуы, «Алашорда Халық Кеңесі» үкіметінің қызметі;

Азамат соғысы және шетелдік интервенция жылдарындағы (1918-1920 жж.), Қазақстандағы соғыс қимылдары, Чехословак корпусының бүлігі, Қазақстанда атаман Дутов бастаған соғыс қимылдарының басталуы, Қазақстандағы Колчак әскері, соғыс майдандарының құрылуы, Колчак әскерлерінің талқандалуы және соғыс майдандарының жойылуы (Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин);

Кеңес билігі мен «Алашорда» үкіметінің қарым-қатынасы, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің большевиктермен күресте жеңілу себептері;

«әскери коммунизм» саясаты, жер және өнеркәсіп орындарын ұлттандыру, «әскери коммунизм» саясаты (1918-1920 жж) (мақсаты және мазмұны), «әскери коммунизм» өнеркәсіп және ауыл шаруашылығында, «әскери коммунизм» саясатының Қазақстанда жүргізілу ерекшеліктері мен салдары, 1921 жылғы жұт пен аштық, Қазақстандағы шаруалар толқулары (1920-1922 жж.);

Қазақ кеңес мемлекеттілігінің құрылуы, Қырғыз (Қазақ) Кеңестік автономиясын құруға дайындық жұмыстары, Қырревком (Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет) және оның қызметі;

1920 ж. 26 тамыздағы Кеңес үкіметінің «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын (РКФСР құрамында) құру туралы» Декреті, Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің Құрылтай съезі, «Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясын» қабылдау және оның мазмұны;

Қырғыз (Қазақ) АКСР-ы аумағының қалыптасуы, 1920 ж. Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның территориясы, Түркістан АКСР-і және Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік аумақтарының анықталуы, Жетісу және Сырдария облыстарының Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрамына енуі;

Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) (1921-1925 жж.), жер-су комитеттерінің құрылуы, оның қызметі және 1921 ж. жер-су реформасы, жаңа экономикалық саясат (мақсаты және мазмұны), Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат, жаңа экономикалық саясаттан бас тарту және оның қорытындылары;

1920-1930 жж. Қазақстандағы индустрияландыру, Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың мәні мен ерекшелігі, Қазақстандағы табиғи байлықтарды зерттеу және игеру, Қ.И. Сәтбаев;

Қазақстандағы ірі кәсіпорындарының құрылысы мен ауыр өнеркәсіп, Түркісіб құрылысы, жұмысшы табының өсуі, бірінші бесжылдықтағы Қазақстандағы индустрияландырудың нәтижесі;

Қазақстандағы «Кіші Қазан», «Кіші Қазан» (мазмұны және тәжірибеде жүзеге асуы), ауылдарды «кеңестендіруге» бағыт алу, жайылымдық-шабындық жерлердің қайта бөлінуі, бай шаруашылықтардың тәркіленуі, Ф.И.Голощекиннің саяси портреті, 1926-1928 жж. қазақ зиялыларына қарсы қуғын-сүргін шараларының күшеюі;

Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, күштеп ұжымдастырудың сталиндік моделі, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландыру, Қазақстандағы ұжымдастырудың қарқыны және барысы, 1928-1930 жж. астық және ет өнімдерін дайындау науқаны, Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың экономикалық салдары;

1931-1933 жылдардағы ашаршылық, XX ғ. 30-ж. Қазақстандағы қасірет, Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың демографиялық салдары, Қазақтардың республикадан тыс аймақтарға жаппай қоныс аударуы;

қазақ шаруаларының қарулы көтерілістері және Кеңес үкіметінің жазалау шаралары, ұлт зиялыларының ұжымдастыруды жүргізу тәсілдеріне қатысы және олардың қоғамдық-саяси көзқарастары, «Бесеудің хаты»;

1920-1930 жж. Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер, шаруаларға қарсы және кулактар мен байларды жоюдағы сталиндік жазалау, «Алаш» партиясының мүшелері мен ұлттық интеллигенцияға қарсы саяси жазалау, 1937 – 1938 жылдардағы жаппай ж а з а л а у ш а р л а р ы ;

Қазақстан аумағындағы Кеңестік «еңбекпен түзеу» лагерлері (Степлаг, Қарлаг, А Л Ж И Р ж ә н е т . б .) ;

1920-1930 жылдардағы Қазақстан мәдениеті, халық ағарту ісі, ересектер арасындағы сауатсыздықты жою, қазақ жазуының араб әліпбиінен латынға ауысуы, орыс жазуы негізінде жаңа әліпбидің енгізілуі, ғылым, жоғары оқу орындары, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы (1932 ж.) және филиалы, Қ.Сәтпаевтың

Қазақстан ғылымының дамуындағы орны мен рөлі, Қазақстандық ғалымдар және олардың ғылымдағы жетістіктері;
әдебиет (Ж.Аймауытов, А. Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердиев, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Б. Майлин, И. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин және т.б. шығармалары), өнер, театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері, мәдениет саласындағы кеңестік идеология (әдістері және салдары);
қ о р ы т ы н д ы л а у .

51. «1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан» (6 сағат)

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында, Ұлы Отан соғысының басталуы, Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери құрамалар; қазақстандықтардың Мәскеу, Сталинградты қорғау шайқастарына, 1943-1944 жылдардағы шабуылдарға қатысуы, Кеңес әскерінің Еуропаны азат етуі, қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары;

Қазақстан – соғыс арсеналы, экономиканың соғыс жағдайына ауысуы, Ресей мен Украинадағы өнеркәсіп кәсіпорындардың Қазақстанға көшірілуі;

Қазақ КСР-нің әскерді және елді металл, шикізат, азық-түлік, ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлі, қазақстандықтар – тыл қажармандары;

КСРО халықтарын Қазақстанға депортациялау, бірінші кезең – 1937-1938 жж., Қиыр Шығыстан кәрістерді, 1940 жылы поляктар мен Балтық маңы халықтарын депортациялау, екінші кезең – 1941 жылы немістерді депортациялау, үшінші кезең – 1943-1944 жылдары қарашайлар, ингуштер, шешендер, қырым татарларын және т.б.

к ү ш т е п қ о н ы с а у д а р у ;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР-нің мәдениеті, Ресейлік ЖОО мен ғылыми мекемелерінің Қазақстанға көшірілуі, ғылым мен мәдениет – майданға, КСРО ҒА қазақстандық филиалы мен КСРО ҒА Қазақстан табиғи қорларын зерттеу бойынша К о м и с с и я н ы ң қ ы з м е т і ;

әдебиет (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов және т.б.), өнер, театр, кино, Мәскеу және Ленинград киностудияларының Алматыға көшірілуі, Қазақстандық кинематографияның қалыптасуы, «Қазақфильм» киностудиясы;
қ о р ы т ы н д ы л а у .

52. «Қазақстан 1946 – 1991 жылдарда» (18 сағат):

Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946 – 1953 жж.), Қазақ КСР-ның әлеуметтік-экономикалық дамуы, аймақтың табиғи кен-байлықтарын игеру және өнеркәсіптің дамуы, Қазақ КСР-ның ауыл шаруашылығындағы дағдарысты қ ұ б ы л ы с т а р ;

Сталинизм идеологиясы және қуғын-сүргін саясаты, Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмір, Е . Б е к м а х а н о в і с і) ;

«Хрущев кезеңіндегі» Қазақстан өнеркәсібінің дамуы, Қазақ КСР-і өнеркәсібінің

дамуы, 1957 жылғы реформа (салалық принциптен аумақтық принципке ауысу, совнаркоздардың құрылуы);

Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен, атомдық полигонның салынуы және Семейде ядролық сынақтардың жүргізілуі, «Байқоңыр» ғарыш айлағы;

«Тың эпопеясы», Н.Хрущевтың аграрлық саясаттағы «жаңа курсы» және оның Қазақ КСР-де жүзеге асырылуы, Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру, тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары;

1954-1965 жж. республикадағы қоғамдық-саяси өмір, 1950 жылдың ортасындағы сталинизмнен бас тарту әрекеті, «Хрущев жылымығы», Қазақстандағы билік басындағы дағдарыс, Теміртаудағы 1959 жылғы оқиға;

Қазақстанның 1965-1985 жж. әлеуметтік-экономикалық дамуы, 1965 жылғы өнеркәсіптегі реформа, 8-бесжылдық (1966-1970 жж.) қорытындылары;

экономиканың шикізаттық бағыты, Қазақстан КСРО-ның түсті металл, отын-энергетика, химия өнеркәсібінің негізгі базасы ретінде, өндіріс дамуының экстенсивті сипаты;

ауыл шаруашылығындағы 1970-1980 жж., дағдарысты құбылыстар, ауыл шаруашылығын көтеруге бағытталған шаралар, 1982 жылғы азық-түлік бағдарламасы, өнеркәсіп озаттары, «Тоқырау» кезеңіндегі қазақстандықтардың материалдық жағдайы;

1965-1985 жж. саяси өмір және ұлттық саясат, саяси өмірдегі мәселелер, ауыртпалықтар және қарама-қайшылықтар, Қазақстан компартиясының қызметі, кәсіподақтар, комсомол, Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясы;

ұлттық саясаттағы деформациялар, республикалардың егемендігінің шектелуі, 1979 ж. Целиноградтағы оқиға;

Қазақстандағы «Қайта құру», КОКП ОК-нің сәуір пленумы және қайта құру, Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер, Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы (себептері, барысы және салдары), КОКП ОК-нің (1987ж. шілде) «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы» қаулысы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушыларды жазалау шаралары;

1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасы, Қарағанды кеншілері ереуілінің себептері мен сипаты, «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі жайлы Декларация» (1990 ж. қазан), 1991 жылғы «тамыз бүлігіне» дейінгі және одан кейінгі кеңестік саяси жүйедегі реформалар, КСРО-ның таралуы;

1946-1991 жж. әлеуметтік-демографиялық үдерістер, Қазақстандағы халық санақтары мен халық саны, этникалық құрамы, қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымы;

Қазақстандағы экологиялық мәселелер, атомдық, ракеталық және басқа да полигондар қызметінің салдары, экологиялық апат аймақтары, Арал және Балқаш мәселелері жөніндегі комитет;

Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы, «Азат» азаматтық қозғалысы, «Единство» (СНЕК) ұлтаралық қозғалысы, 1991 жылғы Орал қаласындағы оқиға;

1946-1980 жылдардағы Қазақстандағы мәдениет, білім, міндетті сегізжылдық және жалпыға бірдей орта білім, білім беру жүйесінің мамандармен және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, 1984 жылғы жалпы білім беру және кәсіптік мектептерді реформалау;

әдебиет (Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Шаханов және т.б. Ш.Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов), ақын-жазушылардың мұраларының қайта жаңғыруы (1988 ж.), өнер, театр, кино, әдебиет және өнер салаларының идеологиядан арылуы);
қ о р ы т ы н д ы л а у .

53. «Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы және нығаюы» (16 сағат):

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялау, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Заңы (1991 жыл 16 желтоқсан), Президенттік басқару институтының қалыптасуы, Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің сайлауы (1991 жыл 1 желтоқсан), Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен наградалары, Қазақстан Республикасының Конституциялары;

Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы, қоғамдық қозғалыстар және ұйымдар, Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы және дамуының негізгі кезеңдері, «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы, социал-демократиялық және басқа саяси партиялар;

қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың қалыптасуының негізгі кезеңдері, үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) құрылуы және қызметі, Қазақстандағы қоғамдық және кәсіподақ қозғалысы, қоғам қайраткерлері (О.Сүлейменов, М.Шаханов және т.б.);

Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімдік даму бағдарламалары, «Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» стратегиялары, «Қазақстан – 2030» стратегиясы» бүкіл қазақстандықтардың экономикалық әл-ауқатын жақсарту, гүлденген және саяси тұрақты мемлекет орнату, ұзақ жылдарға арналған басым мақсаттар мен стратегиялық дамулар, «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, тарихи маңызы, Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары;

1990 жылдардағы Қазақстандағы экономикалық модернизация, бүкілодақтық интеграциядағы Қазақ КСР-ның орны және рөлі, жоспарлы экономиканың дағдарысы және нарыққа көшу, Қазақстанның табиғи ресурстары, экономикалық реформалардың стратегиясы, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық модернизацияның негізгі кезеңдері, экономиканың босатылуы (ырықтануы), ұлттық валютаның енгізілуі, Қазақстан экономикасының ғасырлар тоғысындағы тұрақтануы (1998-2011 жж.), Қазақстанның инвестициялық саясаты және шетелдік инвестициялар, банк жүйесі;

XXI ғасырдағы Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы, индустриалды-инновациялық стратегиясын дамыту және бәсекеге қабілетті экономиканы жасау, кәсіпкерлікті дамыту, кіші және орта бизнес, Қазақстанның қазіргі кезеңдегі өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, Қазақстанның әлемдік экономикаға бірігуі, әлемдік қаржы дағдарысы және Қазақстан экономикасын тұрақтандыру ш а р а л а р ы ;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты, 1990 жылдардағы дағдарыс жағдайындағы әлеуметтік сала, 2000-жылдардағы әлеуметтік саланың дамуы, зейнетақы жүйесінің реформасы және зейнетақы қорлары, «жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы, тұрғын-үй құрылысы;

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі, Қазақстан Республикасын халықаралық аренада тануы, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы негізгі басым бағыттары, Қазақстанның әлемдік экономикалық байланыстар жүйесінен орын алуы, Қазақстан Республикасының ядролық қарудан бас тартуы және оның тарихи маңызы;

Қазақстанның көрші елдермен байланыстары, Қазақстан және Ресей ынтымақтастығы, Қазақстан және Қытай халық республикасы (ҚХР); саясаттағы көп векторлық және стратегиялық одақтастық (Қазақстан және АҚШ, Қазақстан және Еуроодақ елдері Қазақстан-Германия, Қазақстан-Франция, Қазақстан-Ұлыбритания байланыстары, Қазақстан және түркі әлемі елдері);

Қазақстан және халықаралық ұйымдар, Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуы, Қазақстан және ТМД), Қазақстан – БҰҰ-ның белсенді мүшесі, Қазақстанның Еуроодақ және ЕҚЫҰ-дағы ұстанымының нығаюы, Қазақстанның ЕҚЫҰ-на және Ислам Конференциясы Ұйымына (ИКҰ) төрағалық етуі;

Қазақстан Республикасының аймақтық халықаралық ұйымдармен байланыстары, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ОЭК және басқалармен интеграциялық үдерістер;

Қазақстан Республикасының білім жүйесін реформалау және ғылымды дамыту, Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдары мен заңы, Қазақстан Республикасының білім жүйесінің даму кезеңдері, Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру, білім саласындағы халықаралық байланыстар, «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы, 2007-2015 жж. Қазақстанда ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, ұлттық ғылыми орталықтардың құрылуы;

XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениетінің дамуы, кеңес мемлекеті ыдырағаннан кейінгі қазақ мәдениетінің қайта жандануы және дамуы, Қазақстандағы ұлттық мәдениеттер байланысы;

әдебиет, музыка өнері, театр, кино өнері, XXI ғасырдың басындағы өнердің басқа да жанрлары, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, қазіргі ақпараттық мәдениет;

Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының бірінші Президенті, Н.Ә.Назарбаевтың саясаткер, ойшыл, қоғам қайраткері болып қалыптасуы, Елбасы, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы Президенттің рөлі, Н.Ә. Назарбаев

және

Еуразия

идеясы;

Астана – Қазақстан Республикасының жаңа Елордасы, Астананың көшірілуі, жаңа Астананың құрылысы, жаңа астананың құрылуының тарихи маңызы. Қорытынды қайталау.

7. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

54. Пәндік нәтижелер «білуі тиіс» және «меңгеруі тиіс» аспектілерімен көрсетілген.

55. 5-6 сыныптың соңында оқушылар:

- 1) тарих пәнін, археологиялық және жазба деректерді;
- 2) ауа-райының адамдардың өміріне және шаруашылық қызметіне әсерін;
- 3) уақыт сызығын, тарихтағы жыл санауды;
- 4) алғашқы адамдардың тұрақтарын;
- 5) ежелгі Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларды, тарихи тұлғаларды;
- 6) тарихи Отан ұғымын;
- 7) Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктерді;
- 8) мемлекет, мемлекеттік рәміздер тарихы туралы білуі тиіс.

56. 5-6 сыныптың соңында оқушылар:

- 1) жыл мен ғасыр арақатынасын, тарихтағы жыл санаудағы ұзақтық пен жүйелілікті
орната білуді;
- 2) картадан тарихи объектілерді көрсете білу, географиялық жағдайды сипаттай
алуды;
- 3) ежелгі адамдардың кәсібін, өмірі мен тұрмысын суреттей алуды;
- 4) ежелгі сәулет және өнер ескерткіштерін суреттей білуді;
- 5) Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалардың өзара байланысын
талдауды;
- 6) оқу материалдарының мазмұнын өз сөзімен әңгімелеуді, тарихи оқиғаға өз
бағасын бере білуді;
- 7) оқулықтағы мәтінінен негізгісін таба білуді;
- 8) мәтін мазмұнына сай қысқаша жоспар құра білуді;
- 9) тарихи терминдерді қолдану және оларды түсіндіре білуді;
- 10) басқа оқушылардың жауаптарына өз көзқарасын білдіруді меңгеруі тиіс.

57. 7-8 сыныптың соңында оқушылар:

- 1) ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуын;
- 2) Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің құрылуы мен дамуының
ерекшеліктерін;
- 3) моңғол және жоңғар шапқыншылығына қарсы тәуелсіздік үшін күрестегі,
мемлекеттің сыртқы саясатындағы, негізгі фактілер мен оқиғаларды;
- 4) Қазақстан халқының мәдениеттегі жетістіктерін;

- 5) ортағасырлар кезеңіндегі негізгі тарихи ескерткіштерді;
- 6) жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихының хронологиялық шегін;
- 7) XVIII ғ. басындағы Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайын;
- 8) қоғамның әлеуметтік құрылымы мен басқару жүйесін, шаруашылығын;
- 9) ұлт – азаттық қозғалыс тарихындағы маңызды оқиғаларды;
- 10) ұйғырлар мен дұңғандардың Жетісуға қоныс аударуының себептерін;
- 11) XVIII-XIX ғғ. Қазақстан мәдениетін білуі тиіс.

58. 7-8 сыныптың соңында оқушылар:

- 1) орта ғасырлардағы халықтың өмірі мен тұрмысын мазмұндауды;
- 2) тарихтағы негізгі саяси өзгерістерге талдау жасай білуді;
- 3) түрлі деректерден тарихи ақпараттарды іздестіре білуді;
- 4) хронологиялық, синхронды кестелер жасауды;
- 5) орта ғасырлардағы қалалардың экономикалық, саяси және мәдени дамуын
т ү с і н д і р е бі л у д і ;
- 6) адамзат дүниетанымының қалыптасуындағы діннің рөліне баға бере білуді;
- 7) қоғамның мәдени және рухани дамуында ислам рөліне баға беруді;
- 8) мәтінді талдау, негізгісін анықтай білуді;
- 9) оқу мәтініне жоспар жасай білуді;
- 10) маңызды тарихи оқиғаларға, тарихи қайраткерлерге, әлеуметтік топтарға
м і н е з д е м е б е р е бі л у д і ;
- 11) күнделікті мәселелерді шешуде алған білімдерін пайдалана білуді;
- 12) аргументті түрде өз ұстанымын дәйекті дәлелдей алуды;
- 13) хабарламалар мен баяндамаларды орындауды;
- 14) тақырыпты оқып меңгеруі барысында тарихи картаны пайдалануды;
- 15) берілген тақырыптың мазмұнына конспект құра білуді;
- 16) тест сұрақтарымен жұмыс істеуді;
- 17) өздігінен қосымша материалдар іздеуді (интернет, кітапхана және т.б.) меңгеруі
т и і с .

59. 9-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) отан тарихының біртұтастығы мен жүйелілігін сипаттайтын негізгі фактілерді,
ү д е р і с т е р м е н қ ұ б ы л ы с т а р д ы ;
- 2) Отан тарихының кезеңдерін;
- 3) Қазақстанның тарихи жолының ерекшеліктері мен оның әлемдік
қ а у ы м д а с т ы қ т а ғы р ө л і н ;
- 4) тарих беттеріндегі ақтаңдақтарға қазіргі көзқарасты;
- 5) қазіргі қоғамдық үдерістердің тарихи шарттылығын;
- 6) Қазақстанның Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы тарихи дамуын, Ақпан революциясы, Қазан төңкерісі және Азамат соғысы туралы;
- 7) әскери коммунизм»
м е н ж а ң а э к о н о м и к а л ы қ с а ы а т т ы ң с а ы а с и м ә н і н ;

- 8) қазақ мемлекетінің құрылуының басты кезеңдерін, ҚазАКСР мен ҚазКСР-ның қ ұ р ы л у ы н ;
- 9) Қазақстанда индустрияландыру мен ұжымдастырудың барысы және оның қазақ халқына тигізген зардаптарын ;
- 10) тоталитарлық мемлекеттің қалыптасуы және ұлт зиялыларына қарсы жаппай қ у ғ ы н – с ү р г і н т у р а л ы ;
- 11) Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесін;
- 12) соғыстан кейін Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси дамуын;
- 13) тың және тыңайған жерлерді игеру себептері, оның Қазақстанға тигізген салдарын, Қазақстанның «тоқырау» жылдарындағы тарихын;
- 14) Қазақстан Тәуелсіздігінің жариялануы туралы;
- 15) Егеменді Қазақстанның дамуын білулері тиіс.
60. 9 - с ы н ы п т а ғ ы о қ у ш ы л а р :
- 1) белгілі бір тарихи тақырып бойынша кеңейтілген әңгіме дайындай білуді;
- 2) қазіргі замандағы басты оқиғалардың себепін, тарихи маңызын өздігінен аша б і л у д і ;
- 3) мемлекет саясатының мәнін түсіндіре алуды;
- 4) жаңа тақырыппен өздігінен жұмыс істеуді, ізденіс жұмыстарын жүргізе алуды;
- 5) оқыған тақырыбы бойынша өздігінен талдау жасап, ондағы негізгі мәселені таба б і л у д і ;
- 6) мемлекет тарихындағы оң және келеңсіз құбылыстарға баға бере алуды;
- 7) белгілі бір мәселелер бойынша өзіндік көзқарасын дәйекті дәлелмен білдіре а л у д ы ;
- 8) тест тапсырмаларымен жұмыс істей білуді;
- 9) конспект, кесте, сызбалар құра білуді;
- 10) тарихи деректерді (деректердің авторын, уақытын, не үшін және оның құрылу мақсатын анықтауды) талдай алуды;
- 11) мәтін, карта, кесте, сызба және т.б. түрінде берілген тарихи материалдарды т а л д а й б і л у д і ;
- 12) тарихи мәліметтердегі фактілерді, пікірлерді, құжаттарды және тарихи түсініктерді а й ы р а б і л у д і ;
- 13) оқытылып отырған кеңістік және уақыт аралық аясындағы тарихи үдерістер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын орната білуді;
- 14) тарихи мәселелерді талқылауда өз көзқарасын білдіруді, талқыланып отырған мәселеге тарихи мәліметтерді дәйектей отырып, өз ұстанымын айта білуді;
- 15) тарихи материалдармен өздігінен жұмыс істеп, солардың негізінде рефераттар, конспектілер, пікір жаза білуді;
- 16) қазіргі өмір жағдайына байланысты тарихи құбылыстарды саралай отырып, өз ұ с т а н ы м ы н а н ы қ т а й б і л у д і ;

17) сырттан алынған әлеуметтік ақпараттарды сыни қабылдауда тарихи талдай білу дағдыларын қолдана білуді;

18) өз әрекеті мен айналасындағылардың әрекетін тарихи жағдайда қалыптасқан әлеуметтік мәселеге сәйкес салыстыра білуді;

19) Қазақстан Республикасының азаматы, тарихи қалыптасқан конфессиялық, этномәдени, азаматтық қауымдастықтың өкілі ретінде өзін сезінуді меңгеруі тиіс.

61. Тұлғалық нәтижелерде оқушылардың:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және құқықтық тәртіпке сыйластықпен қараудан;

2) азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет етуден;

3) мемлекеттік және ана тілін меңгеру, Қазақстан территориясында тұратын халықтардың, басқа да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуден;

4) туған өлкесінің табиғатын сақтау және аялау, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік көрсетуден;

5) салауатты өмір сүру, өзін қорғау және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін сақтау дағдыларынан;

6) жоғары адами қарым-қатынас мәдениетін көрсету, этикалық нормаларды ұстануынан;

7) өз бетімен білім алу және өзін өзі жүзеге асыра білу, жасампаздық еңбекке қабілеттілігін ынталандыра білуінен;

8) үлкенге құрмет және кішіге ізет көрсете білуінен;

9) әлеуметтік ортаның ерекшелігін дұрыс бағалай білу, діни ағымдарды, идеологияны, құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білуінен көрініс табуы тиіс.

62. Жүйелі-іс әрекеттік нәтижелерде оқушылар:

1) ғылым негіздері және адамзат қоғамының дамуы үшін қажетті ғылыми жетістіктер бойынша игерген жүйелі білімді;

2) ғылыми ақпаратты талдау, өңдеу, жинақтай білу және оларды қолдана алуы;

3) танымдық, жобалау, құрастыру және іздену, шығармашылықпен қолдану әдістерін;

4) қазіргі ақпараттық-коммуникативті технологияларды;

5) жоғары коммуникативтік қабілеттілік пен көптілді мәдениеттілікті қолдана білуі тиіс.

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін
«Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы
(негізгі және орта деңгей)
(оқыту қазақ тілді емес)**

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

2. Пәннің маңыздылығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі.

3. Бағдарлама өзге тілде білім алатын негізгі мектеп оқушыларын қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді.

4. Бағдарламада тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, өзге тілді мектептің негізгі деңгейінде қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

5. Әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің деңгейлері мен олардың сипаттарының негізінде негізгі орта мектеп сыныптарында қазақ тілін үйретудің деңгейлері айқындалды және оқушының білім, білік, дағдылары орта мектеп жүйесінде тілді деңгейлік меңгерту ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді:

- 1) 5-7 сыныптардағы Негізгі деңгей үш игерімді қамтиды:
қалыптасу қарсаңындағы орта игерім $A_{2.1}$ – 5-сынып;
қалыптасу қарсаңындағы толық игерім $A_{2.2}$ – 6-сынып;
қалыптасу қарсаңындағы жетік игерім A_{2+} – 7-сынып;
- 2) 8-9-сыныптардағы орта деңгей 2 игерімді қамтиды:
қалыптасқан толық игерім B_1 – 8-сынып;
қалыптасқан жетік игерім $B_{1.1}$ – 9-сынып.

6. Бағдарлама қазақ тілін үйренуге негіз болатын бөлімдер арқылы оқушылардың жобаланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндіктері қарастырады.

7. Пәнді оқыту мақсаты – негізгі және орта деңгейлер бойынша қазақ тілін Қатысымдық тұрғыдан меңгерту, оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету,

коммуникативтік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

8. Пәнді оқыту міндеттері:

- 1) оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
- 2) оқушылардың Тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
- 3) қарым-қатынас әдебі нормаларын меңгерту;
- 4) күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыландыру;
- 5) оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;
- 6) оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру;
- 7) оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

9. Бағдарламаның білім мазмұнын іріктеуде Қатысымдық-әрекеттік, Қатысымдық-функционалдық, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, оқу материалдары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі, оқушының тілді білу деңгейіне сай келуі, білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту ұстанымдары басылыққа алынды.

10. «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік мақсаттары төмендегідей пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

- 1) «Қазақ әдебиетімен»: қазақ тілін жүйелі әрі сапалы меңгертуде оқу материалдары қазақ әдебиеті шығармаларынан алынатындықтан, олардың арасындағы байланыс үздіксіз жүргізіліп отырады. Олар оқушыны ойлауға, сөйлеуге үйретумен қатар эстетикалық талғамдарын да арттыруға, көркем сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, тіл байлығын молайтады;
- 2) «Орыс тілімен»: қазақ тілінің құрылымдық жүйесін танытуда екі тілді салыстыру әдісі, бір жағынан, оқушының дүниетанымын кеңейтсе, екінші жағынан, тілді сапалы меңгертуге, саналы түсіндіруге әсер етеді. Орыс тілі мен қазақ тілінің арасындағы байланыс сөз әдебіне қатысты ерекшеліктерді ұғындыруда да маңызды болып саналады;
- 3) «Қазақстан тарихымен»: тіл мен тарихтың байланысы термин сөздерді, басқа тілден енген сөздерді дұрыс меңгертуде ерекше рөл атқарады. Сөздердің этимологиясын түсіндіруде де тарихи фактілерге сүйену оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- 4) «Информатика» пәнімен: оқушыларға ұсынылатын өздік және шығармашылық тапсырмаларды сапалы орындауға ақпараттық технологияларды қолданудың ықпалы

зор. Интернет көздерінен материалдар тауып, оларға талдау жасау, ой қорыту, алынған материалдарды өз жұмыстарында орынды қолдануға үйрететін жұмыстар оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға жол ашады;

5) жаратылыстану циклі пәндерімен: қазақ тілінің жаратылыстану пәндерімен сабақтастықта меңгертілуі оқушылардың сөздік қорларын молайтуға және түрлі Тілдік жағдаяттарда қазақ тілін орынды қолдану дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Қазақ тіліндегі терминдерді сауатты қолдануға мүмкіндік туғызады.

11. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде:

5-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат;

6-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат;

7-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат;

8-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат;

9-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат;

2) оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептерде:

5-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат;

6-сынып – аптасына 2 сағат, барлығы – 68 сағат;

7-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат;

9-сынып – аптасына 2 сағат, барлығы – 68 сағат.

12. Оқу бағдарламасының білім мазмұнында сағаттар мөлшері оқыту тіліне байланысты келесідей үлгіде көрсетілген. Мысалы: I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 55/44 сағат: «Біз үйде бір-бірімізге көмектесеміз» – 5/4 сағат. Мұндағы алдыңғы сан орыс тілді мектептерге, ал соңғы сан өзбек, ұйғыр, тәжік тілді мектептерге арналып көрсетілген.

2. Оқу пәнінің 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

13. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде аптасына 4 сағаттан, барлығы 136 сағат, оның ішінде ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық қайталауға 16 сағат, оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептерде аптасына 3 сағаттан, барлығы 102 сағат бөлінген, оның ішінде ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық қайталауға 6 сағат.

14. Курстың білім мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды.

15. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 55/44 сағат, «Біз үйде бір-бірімізге көмектесеміз» – 5 / 4 сағат:

1) тілдік бөлім: Қазақ әліпбиі. Лексика: есеп шығару, қиын/оңай, кигізу, қарақат, таңқурай, қою, сұйық, сары өрік, қайнату, жыл сайын;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: отбасы мүшелеріне қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: өз отбасы мүшелері туралы баяндау;
жазылым: отбасы мүшелері туралы жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен өз отбасы мүшелері туралы сөйлесу;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиетінің үлгілері.

16. «Абай бол!» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Дауысты дыбыстар. Лексика: аралайды, жол апаты, тұрады, жүк машинасы, өрт сөндіру машинасы, шұңқыр, құлайды, қазады, ұрыспады, жедел жәрдем, емдеу, жеңіл машина, жоғалып кетті, құтқаршы, алдынан, ренжіді, жібердіңдер, Не керегі бар? рөлге отыру;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: жолда жүру ережесіне қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: жолда жүру ережесі мен жол белгілері туралы баяндау;
жазылым: жолда жүру ережесі мен жол белгілері туралы жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен өз отбасы мүшелері туралы сөйлесу;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиетінің үлгілері.

17. «Жексенбі: қайда және қалай?» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар. Лексика: кеш тұрамын, асықпай, себеп, кейде, кездесу, өнерлі, шаршау/шаршамау;

2) атысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: бос уақытын тиімді өткізуге қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: бос уақытын тиімді өткізу туралы баяндау;
жазылым: бос уақытын тиімді өткізу туралы жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен бос уақытын тиімді өткізу туралы сөйлесу;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиетінің үлгілері.

18. «Мен киімдерді реттеймін» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Буын. Буын түрлері. Лексика: реттеймін, бөлек қой, шашпау, ұқыпты;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы

мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: киім атауларына қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: киім атаулары туралы баяндау;

жазылым: киім атаулары туралы жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен киім атаулары туралы сөйлесу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиетінің үлгілері.

19. «Ас дәмді болсын!» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Буын үндестігі. Лексика: құймақ, қуыру;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы

мен сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: тамақтануға қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: өзінің сүйікті асы туралы айту;

жазылым: өзі ұнататын тағам туралы жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен таңғы, түскі, кешкі тамақ туралы сөйлесу.

Диалог-әңгіме, диалог-талқылау. Полилог-ойбөліс;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: ас қайыру, бата беру туралы мәлімет.

20. «Дәруменнің пайдасын білесің бе?» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Дыбыс үндестігі. Лексика: сүзбе, сүттің құрамы, сүйек қатайту, ш и к і , ш а й н а у ;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы

мен сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: дәрумендерге қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: дәрумендер туралы айту;

жазылым: дәрумендер туралы жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен дәрумендер туралы сөйлесу.

Диалог-әңгіме, диалог-талқылау. Полилог-ойбөліс;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

21. «Денсаулыққа зиянды» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Тасымал. Лексика: жартылай дайын өнімдер, сақталу мерзімі, мерзімі өткен, тез бұзылады, ескерту, жиі, сапа, қазы-қарта, артық салмақ;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы

мен сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: денсаулық туралы мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес

түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: денсаулық туралы баяндау;
жазылым: денсаулық туралы мәлімет жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен денсаулық туралы сөйлесу;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

22. «Емханада» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Екпін. Лексика: емхана, тексеру, жүрек, қан тапсыру, дәрігерлік кеңес, анықтама, қызуы көтерілу, жөтелу, дәрі, тамақ, қай жерің ауырады?

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: емханаға қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес

түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: емхана туралы баяндау;
жазылым: емхана туралы мәлімет жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен емхана туралы сөйлесу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

23. «Досыма СМС жіберемін» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Орфография. Лексика: ұялы телефон, аударма сөздік, хабарлама, теру, с ы п а й ы с ө з д е р .

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: ұялы телефон, хабарлама жазу, ғаламторды пайдалану туралы мәтіндерді оқып түсіну.

Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: ұялы телефонды пайдалану, хабарлама жазу туралы баяндау;
жазылым: хабарлама мәтіндерін жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен ұялы телефон, ғаламтор, аударма сөздіктерді пайдалану туралы сөйлесу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

24. «Досыма қоңырау шаламын» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Қазақ тілінің орфоэпиясы. Лексика: қоңырау шаламын, әдеп, бола ма, өтінемін, шақырып жіберіңізші, тұтқа, бүрсүгіні;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: телефонға қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес

түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;
айтылым: телефон туралы баяндау;

жазылым: телефон туралы мәлімет жазу;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен телефонмен байланыс туралы сөйлесу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

25. «Ашықхат жазамын» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Лексика: сөз байлығы және сөз мағынасы. Лексика: қымбатты, ұйымдастырады, мінез, атап өтуге, ренжітпеуге тырысамын, суретке түсеміз, мақтан етемін, еңбегіңіз жемісті болсын!

ақыл-кеңес, сеніміңізді ақтауға, арманыңыз, орындалсын;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: ашықхат, құттықтауға қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: ашықхат, құттықтау туралы баяндау;

жазылым: ашықхат, құттықтау туралы мәлімет жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен ашықхат, мерекелер туралы сөйлесу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

26. Оқу-еңбек аясы – 25/ 20 сағат, «Біз мектепте жаңа жыл тойлаймыз» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Сөздің мағыналық топтары. Синоним. Лексика: шырша, сақалы, шапаны, ұзын, аппақ, сұлу, әдемі, көйлегі, шашы, таяғы, дорбасы, сыйлықтар;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын) , сыныптастарының сөздерін түсіну. Тақырыпқа қатысты қазақ әдебиетінің қарапайым үлгілерін түсіну;

оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді дауыс ырғағын, сөздердің екпінін дұрыс қойып оқу;

айтылым: монологтік сөйлесім. Жаңа жылды қалай қарсы алатынын баяндау. Өзінің іс-әрекетін тәртібімен баяндау;

жазылым: жаңа жылды қалай тойлайтынын 5-6 сөйлеммен қысқаша жазу;

тілдесім: диалог-реплика. Бірін-бірі құттықтау. Рақмет айту. Сұрақ-жауап;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: жаңа жылдық маскарад туралы мәтіндер.

27. «Қысқы демалыс» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Антоним. Лексика: айдаһар, тоқсан, тез, ақырын, жасанды, жалға алу / беру;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын) , сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды;

айтылым: монологтік сөйлесім. Мектеп демалыстары туралы баяндау. Өзіне

ұнайтын демалысты (неліктен ұнайтынын) айту;
жазылым: тақырыпқа байланысты жазбаша тапсырмаларды орындайды;
тілдесім: мектеп демалысына қатысты достарымен әңгімелесу. Диалог-құптау;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас: мектеп оқушыларына арналған демалыс
орындары (лагерьлері).

28. «Тау басында сырғанақ тебеміз» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Омоним. Лексика: мүсіндер, қатырады, шеберлік;
2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды;
айтылым: монологтік сөйлесім. Мектеп демалыстары туралы баяндау. Өзіне
ұнайтын демалысты (неліктен ұнайтынын) айту;
жазылым: тақырыпқа байланысты жазбаша тапсырмаларды орындайды;
тілдесім: мектеп демалысына қатысты достарымен әңгімелесу. Диалог-құптау;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас: мектеп оқушыларына арналған демалыс
орындары (лагерьлері).

29. «Жаңа үлгідегі мектебім» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Қазақ тілінің сөз байлығы (жалпы мәлімет). Лексика: қызғылт,
күлгін, ақын, жазушы;
2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқу;
айтылым: монологтік сөйлесім. Өзінің мектебін сипаттау;
жазылым: өз мектебін сипаттап 5-6 сөлемнен тұратын әңгіме құрастыру;
тілдесім: сыныптастарымен, достарымен өз мектептері туралы әңгімелесу.
Диалог-талқылау;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: республикалық физика-математика
мектебі мен дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттар.

30. «Қазақ тілі сабағында біз не үйренеміз?» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Сөздік қор: қазақ тілінің төл сөздері. Лексика: ұнтаспа, бор, тырысу,
сыныпта бар, емтихан, тапсыру, Тілдік қоржын, бақылау, жоба, менің әлемім, қоғамдық
жұмыс, шығармашылығым, жетістіктерім;
2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқу;
айтылым: монологтік сөйлесім. Сабақта жасалатын іс-әрекеттерді ретімен баяндау;

жазылым: тақырыпқа байланысты жазбаша тапсырмаларды орындау;
тілдесім: қазақ тілі сабағында атқаратын жұмыстары туралы өзара әңгімелесу.

Диалог - әңгіме ;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақтың тұңғыш тілші-ғалымдары туралы мәтіндер .

31. Әлеуметтік-мәдени ая – 40/32 сағат. «Ән үйренеміз» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Басқа тілден енген сөздер. Лексика: кешігу, шаш тарау, арқа, мәдениеттілік, қайырмасы, қошемет, осы уақытқа дейін;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы мен сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: Концерт, қазақ әндеріне қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: қазақ әндері мен әншілері туралы баяндау;

жазылым: қазақ әндері мен әншілері туралы өз ойын жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен Қазақстан мен оның қалалары туралы сөйлесу. Диалог-сұрақ, диалог-талқылау. Полилог-пікір алмасу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ әндері мен әншілері туралы мәтіндер .

32. «Менің елімнің ақшасы» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Неологизмдер. Лексика: бейнесі, мерейтой, арнайы, ерекше;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (дүкендегі заттар, ондағы іс-әрекеттер, сауда жасау, ақша жөнінде) ;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Дүкендегі заттар, ондағы іс-әрекеттер, сауда жасау бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу; өзіне қажетті сөзді оқып түсіну;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, сөз тіркестері мен оралымдарды дүкенге қатысты күнделікті жағдаяттарда қолдану ;

жазылым: дүкендегі заттар, ондағы іс-әрекеттер, сауда жасау туралы жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда дүкендегі заттар, ондағы іс-әрекеттер, сауда жасау, ақша жөнінде қысқаша сөйлесу. Дүкендегі заттар туралы мәліметтерді диалог-сұрақ арқылы айту ;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: теңге, оның дизайны туралы мәтіндер.

33. «Спортты ұнатасың ба?» –5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Кәсіби сөздер. Лексика: қақпаға тұру, ұпай алу, жақсарту, денені шынықтыру, мектепішілік, тез;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды. Айтылым.
Монологтік сөйлесім. Өзінің спорт үйірмесіне қатысу/қатыспауын айту. Өз іс-әрекетін
б а я н д а у ;

жазылым: тақырыпқа қатысты тапсырмаларды жазбаша орындайды;

тілдесім: диалог-егес. Диалог-қоштау. Сұраулық демеуліктерді пайдалану. «Иә»
және «жоқ» болымсыз етістіктерді пайдалану;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: спорт кешендері туралы мәтіндер.

34. «Сағат қаншада болады?» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Тұрақты тіркестер. Лексика: қалды, кетті, тура бір болды,
бағдарлама, телехабар, уақыт сұрау;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің тапсырмасы
мен сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: Уақытқа қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес
түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: уақыт және оның өлшем бірліктері туралы баяндау;

жазылым: уақыт, оның өлшем бірліктері туралы өз ойын жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен уақыт және оның өлшем бірліктері туралы
с ө й л е с у ;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

35. «Мен газет, журналға жазылдым» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Морфология. Сөз құрамы және сөз таптары. Лексика: тұрақты,
айдары, ертеңгілік, сүйіспеншілік;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;

оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды. Айтылым.
Монологтік сөйлесім. Күнделікті баспасөз материалдары туралы айту. Өз іс-әрекетін
б а я н д а у ;

жазылым: тақырыпқа қатысты тапсырмаларды жазбаша орындайды;

тілдесім: диалог-сұхбат құру;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

36. «Әр нәрсенің шегі бар» -5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Қосымша: жалғау, жұрнақ. Лексика: қорғаушы көзілдірік, көз
жанары, тінтуір, ғаламтор, омыртқа, кеуде, бел;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды. Айтылым.
Монологтік сөйлесім. Денсаулыққа зиянды әдеттер туралы айту. Денсаулықты
шынықтыру, компьютердің зияны туралы баяндау;
жазылым: тақырыпқа қатысты тапсырмаларды жазбаша орындайды;
тілдесім: денсаулық, оны шынықтыру туралы сөйлесу;
3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

37. «Қазақстан барысы» - 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Зат есімнің жалғаулары. Лексика: барыс, қабан, аяқтан шалу, ептілік
, төзімділік, арқар, борсық, мүйізтұмсық, келес, жариялау, ұлу, ақыру, ырылдау,
ж ы р т қ ы ш , қ у , а л д а у ;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды. Айтылым.
Монологтік сөйлесім. елімізде мекендейтін аңдар туралы айту. Олардың іс-әрекеттерін
б а я н д а у ;

жазылым: тақырыпқа қатысты тапсырмаларды жазбаша орындайды;
тілдесім: Қазақстан барысы, елімізді мекендейтін аңдар туралы сөйлесу;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әдеби-ақпараттық мәтіндер.

38. «Демалысты асыға күтеміз» – 5/4 сағат:

1) тілдік бөлім: Жіктік жалғауларының жекеше түрі. Лексика: сәттілік тілеймін, сәт
с а п а р !

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:
тыңдалым: тақырыпқа байланысты диалогтік қатысымда мұғалімнің (тапсырмасын)
, сыныптастарының сөздерін түсіну;
оқылым: өзіне таныс тақырыптағы мәтіндерді мәнерлеп оқиды;
айтылым: монологтік сөйлесім. Мектеп демалыстары туралы баяндау. Өзіне
ұнайтын демалысты (неліктен ұнайтынын) айту;

жазылым: тақырыпқа байланысты жазбаша тапсырмаларды орындайды;
тілдесім: мектеп демалысына қатысты достарымен әңгімелесу. Диалог-кұптау;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас: мектеп оқушыларына арналған демалыс
орындары (лагерьлері).

3. Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

39. Оқыту орыс тілінде жүретін мектептерде аптасына 4 сағаттан, барлығы 136
сағат, оның ішінде ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық қайталауға 16

сағат; оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептерде аптасына 2 сағаттан, барлығы 68 сағат бөлінген, оның ішінде ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық қайталауға 4 сағат.

40. Курстың білім мазмұны төмендегідей тақырыптардан тұрады.

41. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 35/ 17 сағат. «Менің отбасым», «Менің анам – ең сұлу адам» – 5 / 2 сағат:

1) тілдік бөлім: Жіктік жалғауы: жекеше, көпше түрі. Лексика: орта бойлы, қыр мұрынды, бұйра, қамқоршы, бір-бірімізге, әсерлі кеш, тірегі.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (өзі және өз отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті туралы). Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыру-ларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Отбасы мүшелері тақырыбы бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу; өзіне қажетті сөзді оқып түсіну. Қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну;

айтылым: қарапайым жағдаяттарда отбасы мүшелері, олардың сыртқы келбеті жөнінде қысқаша айта алу;

жазылым: отбасы мүшелерінің сыртқы келбетін сипаттап хат жазу;

тілдесім: күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарға қатыса алу. Синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, сөз тіркестері мен оралымдарды күнделікті тілдесім жағдаяттарында қолдану;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиеті материалдары.

42. «Мен әжеме еркелеймін» -5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Тәуелдік жалғауының жекеше түрі. Лексика: зейін қою, балапаным, қарағым, шырағым, нағашы, тәрбиелеу, ержүрек;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (өзі және өз отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті туралы). Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыру-ларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Отбасы мүшелері тақырыбы бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу; өзіне қажетті сөзді оқып түсіну. Қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну;

айтылым: қарапайым жағдаяттарда отбасы мүшелері, олардың сыртқы келбеті жөнінде қысқаша айта алу;

жазылым: отбасы мүшелерінің сыртқы келбетін сипаттап хат жазу;

тілдесім: күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарға қатыса алу. Синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, сөз тіркестері мен оралымдарды күнделікті тілдесім жағдаяттарында қолдану;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиеті материалдары.

43. «Әкеліңіз, көмектесейін» - 5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Тәуелдік жалғауының көпше түрі; Лексика: сыпайылық, апарысу/әкелісу, тәрбие, алғыс айту, сыбырлау, көшірту, қорғау, өтірік айту;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (өзі және өз отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті туралы).

Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыру-ларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Сыпайылық, сыйластық тақырыбы бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу; өзіне қажетті сөзді оқып түсіну. Қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну;

айтылым: қарапайым жағдаяттарда сыпайылық, сыйластық, достық көмек жөнінде қысқаша айта алу;

жазылым: сыпайылық, сыйластық, достық көмек туралы қысқаша мәтін жазу;

тілдесім: күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарға қатыса алу. Синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, сөз тіркестері мен оралымдарды күнделікті тілдесім жағдаяттарында қолдану;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақ балалар әдебиеті материалдары.

44. «Менің досым» – 5/2 сағат:

1) тілдік бөлім: Септік жалғаулары. Атау септік. Лексика: ауру, өрмелеп шығу, иіскеу, ұялу, мінез, мәдениетті, адал\ арам;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өз достарына қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (олардың мінезі мен жақсы қасиеттері туралы). Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Достары, олардың мінезі мен жақсы қасиеттері тақырыбы бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу;

өзіне қажетті сөзді оқып түсіну. Қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну;

айтылым: қарапайым жағдаяттарда достары, олардың мінезі мен жақсы қасиеттері жөнінде қысқаша баяндау;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу. Достары, олардың мінезі мен жақсы қасиеттерін сипаттап хат жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда достары, олардың мінезі мен жақсы қасиеттері жөнінде қысқаша сөйлесу. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарға қысқаша сөйлемдер арқылы қолдау жасай алу;

Синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, сөз тіркестері мен оралымдарды күнделікті жағдаяттарда қолдану;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: халық ауыз әдебиеті материалдары мен дос, достық туралы ұсынылған оқу материалдары.

45. «Досыма электронды пошта жіберемін»F – 5/2 сағат:

1) тілдік бөлім: Ілік септігі. Лексика: тінтуір, хабарлама, желісі, іздеу, төлеп тұру, тақырып, ақпарат, мәлімет.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: өзінің e-mail-і, мекенжайына қатысты мәтіндегі сөздерді лексикалық мағынасына сәйкес түсініп оқу. Оқығанын мазмұндап айту;

айтылым: өз e-mail-і, мекенжайы туралы баяндау;

жазылым: өз e-mail-і, мекенжайы туралы мәлімет жазу, электронды поштамен хат жазу;

тілдесім: сыныптастарымен, достарымен өз e-mail-і, мекенжайы туралы сөйлесу, электронды поштамен хат жазу жөнінде қысқаша сөйлесу.

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мәдени-танымдық мәтіндер.

46. «Сыйлық таңдаймыз» – 5/2 сағат:

1) тілдік бөлім: Барыс септігі. Лексика: қалаймын.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Туған күн туралы әнді тыңдап, түсінгенін айту;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Туған күн тақырыбы бойынша күнделікті қолданылатын мәтіндерді тауып оқу. Қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Мәтінге мазмұны бойынша жоспар құру;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, туған күн туралы айту. Күнделікті жағдаяттарға сай қысқаша құттықтау сөз айта алу;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу. Туған күнмен байланысты іс-әрекеттер туралы жазу. Досының туған күніне арнап құттықтау мәтінін жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда туған күнді тойлау жөнінде қысқаша сөйлесу.

Диалог-әңгіме, диалог-талқылау. Полилог-ойбөліс;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: туған күнге байланысты оқу материалдары.

47. «Мүшел жастан астым» - 5/3 сағат

1) тілдік бөлім: Табыс септігі. Жатыс септігі. Лексика: мүшел, кулық, жыл санау, биыл, былтыр, мүшелге толдым/мүшелден шықтым.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Мүшел жасқа қатысты мәтін тыңдап, түсінгенін айту;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Қысқа, нақты, қарапайым

мәтіндерді түсіну. Мәтінге мазмұны бойынша жоспар құру;
айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, мүшел жас туралы айту.

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу.

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда туған күнді тойлау жөнінде қысқаша сөйлесу.

Диалог-әңгіме, диалог-талқылау. Полилог-ойбөліс;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мүшел жасқа байланысты танымдық мәтіндер

48. Оқу-еңбек аясы – 15/8 сағат, «Мен мектептемін» – 5/2 сағат:

1) тілдік бөлім: Жатыс септікті қайталау. Лексика: кезекшілік, қосымша сабақ, ханшайым, таңдау, сән үлгілері, береке.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (мектеп, мектептегі шаралар, өзі атқаратын іс-әрекеттер, кезекшілік, мектеп формасы туралы). Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Мектеп, мектептегі шаралар, өзі атқаратын іс-әрекеттер, кезекшілік, мектеп формасы бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, мектептегі іс-шаралар туралы айту;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу. Мектеп, мектептегі шаралар, өзі атқаратын іс-әрекеттер, кезекшілік, мектеп формасы туралы жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда мектеп, мектептегі шаралар жөнінде қысқаша сөйлесу. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарға қатысып, өз ойын жеткізе білу. Диалог-әңгіме, диалог-талқылау. Полилог-ойбөліс;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Ы.Алтынсарин құрған мектеп туралы әңгімелесу.

49. «Менің сүйікті ісім» – 5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Шығыс септік. Лексика: шектеулі, топтама.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және өзі сүйіп істейтін ісі, хоббиі туралы сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Өзі сүйіп істейтін ісі, хоббиі бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, өзі сүйіп істейтін ісі, хоббиі туралы пікірін айту;

жазылым: өзі сүйіп істейтін ісі, хоббиі туралы жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда өзі сүйіп істейтін ісі, хоббиі жөнінде достарымен қысқаша сөйлесу. Диалог-пікірталас;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қызықты және сүйікті істерге қатысты мәтіндер.

50. «Мектептегі үйірмелер» – 5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Көмектес септігі. Лексика: лақтыру, жоба жұмысы, іздену, материал жинау, талаптану.

қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: мектептегі туралы тыңдағанын түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Мектептегі үйірмелер бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, өзі қатысатын үйірме туралы баяндап айту;

жазылым: мектептегі үйірмелер, өзі қатысатын үйірме туралы жазу. Терме диктантын жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда мектептегі үйірмелер, өзі қатысатын үйірме жөнінде қысқаша диалог-сұхбат құру;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мектептегі үйірмелерге қатысты мәтіндер.

51. Әлеуметтік-мәдени ая – 70/39 сағат, «Құстар – біздің досымыз» - 5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Көптік жалғауы. Лексика: қағу, дөңгелектеп, орнату, сап жасау, жалпақ, кенет, жақындау, қашу, дірілдеу, аяу, қону.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Құстар туралы мәтінді тыңдап, түсінгенін айту. оқылым:

қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Құстар туралы мәтіндерді тауып оқу.

Сипаттау мәтіндерінің мазмұнын түсіну;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, құстар туралы өз ойларын білдіру;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу. Құстар туралы өз ойын жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда құстар туралы қысқаша сұхбат-диалог. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқа сөйлемдер арқылы айту.

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақстанда мекендейтін құстар туралы мәтіндер.

52. «Жақсыдан үйрен» - 5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Көптік жалғауы жалғанбайтын сөздер. Лексика: әдет, әрекеттер (әдет), өтірік айту, ұрлық жасау, ренжіту, дөрекі сөйлеу, ағартушы, өмір сүрген, жоғары

бағалайды, ескерткіш, адалдық, орнату, төре, егілген, түзу/ қисық, ағашты күту.

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Әдептілік туралы мәтінді тыңдап, түсінгенін айту. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Әдептілік, ұлы тұлғалар туралы мәтіндерді тауып оқу. Сипаттау мәтіндерінің мазмұнын түсіну;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, әдептілік, қазақтың ұлы тұлғалары туралы өз ойларын білдіру;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу. Адам бойындағы жақсы қасиеттер туралы өз ойын жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда қазақтың ұлы тұлғалары туралы қысқаша сұхбат-диалог. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқа сөйлемдер арқылы айту;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: қазақтың ұлы тұлғалары туралы мәтіндер

53. «Тіл үйренемін» - 5/2 сағат:

1) тілдік бөлім: Көптік мағынаны білдіретін сөздер. Лексика: шет тілдері, тіл үйрену курстары, тілдік деңгей, тіл ерекшеліктері, мұра, сазгер;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсініп, айту. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Сипаттау мәтіндерінің мазмұнын түсіну;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, шет тілдерін үйрену туралы өз ойларын білдіру;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарға байланысты қысқаша сұхбат-диалог. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқа сөйлемдер арқылы айту;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақстанның астаналары туралы мәтіндер.

54. «Көлік түрлері. Мен мектепке немен барамын?» – 5/2 сағат:

1) тілдік бөлім: Жұрнақ түрлері. Лексика: ыңғайлы, айналысады, соңғы үлгісі;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде көлікке қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Көлік, көліктің түрлеріне

байланысты мәтіндерді тауып оқу; көлікке қатысты өзіне қажетті сөзді оқып түсіну.
Хабарландыру, жарнама сипатындағы мәтіндерді түсіну;
айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, Астана тақырыбы бойынша сөз тіркестері мен оралымдарды сөйлеу т і л і н д е қ о л д а н у ;

жазылым: көлікпен байланысты қысқаша мәтін жазу. Көлік, көліктің түрлері, бағдаршам, оның атқаратын қызметтері, мектепке бару/келу кезінде орындалатын і с - ә р е к е т т е р т у р а л ы ж а з у ;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда көлік, көліктің түрлері, мектепке бару/келу кезінде орындалатын іс-әрекеттер жөнінде қысқаша сөйлесу. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқаша сөйлемдер арқылы қолдау. Диалог-әңгіме, диалог-талқылау. Полилог-ойбөліс;

3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: көлік қатынасына байланысты мәтіндер.

55. «Астана, туған күніңмен» – 5/3 сағат:

1) тілдік бөлім: Сөз тудырушы жұрнақтар. Лексика: Елорда, қонақ үйлер, ескерткіш, тамашалау, естелік, мерекелік, концерт, қойылымдар, құлпыру, киіз үй;

2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім:

тыңдалым: жеке сөз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну. Астана туралы мәтінді тыңдап, түсінгенін айту. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну. Астана тақырыбы бойынша мәтіндерді тауып оқу. Сипаттау мәтіндерінің мазмұнын түсіну;

айтылым: синтаксистік құрылымда үйренген қарапайым конструкцияларды пайдаланып, Астана туралы өз ойларын білдіру;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу. Астана туралы өз ойын ж а з у ;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда Астана туралы қысқаша сұхбат-диалог. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқа сөйлемдер арқылы айту. Диалог-сұрақ, диалог-өтініш. Полилог-ойталқы;

қатаң норма (Қатаң норманың тіл жүйесімен бұлжымас бірлігі. Қатаң норманың қалыптасуы. Фонетикалық, лексикалық қатаң нормалар);

босаң норма (Босаң нормалардың қолданылуының себептері. Босаң норма – тілдің түрленуінің көрінісі. Босаң нормалардың тіл мәдениетіне қатысы);

тілдік норма және стиль (Вариант сөздердің тіл нормасымен қатысы. Жарыспалы қолданыстардың стильдік реңктері. Терминдер мен терминдік ыңғайдағы сөздердің экспрессиялық баламалары, олардың тілдегі рөлі);

тілдік норма және жаңа қолданыстар (Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері. Тілде жаңа қолданыстардың туу үрдісі, олардың қоғамда қабылдануы. Жарыспалы сөздерді саралап қолдану шарттарының сөз мәдениеті мен байланысы);

6) сөз сапасы - 14 сағат:

сөз сапасы туралы түсінік (Сөз сапасының тілдік емес шарттары. Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қарым- қатынасқа әсер ететін әлеуметтік факторлар. Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар. Әдеби тіл нормасын сақтау, сөздерді талғап, саралап, «таза» қолдану. Сөз сапасына кері әсер ететін қолданыстар);

сөз дұрыстығы (Сөз дұрыстығы ұғымы. Сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуды. Сөздің рөлі. Ұғымды, заттарды, құбылыстарды бейнелеп айтуды тәсілдері);

сөз байлығы (Сөз оралымдығының бір шарты – сөз байлығы. Сөз қайталаудың сөз сапасына кері әсері. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика –фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер. Сөз байлығының стиль түрлерімен байланысы.

Лексикологиялық сөздіктер арқылы сөз байлығын болжау мүмкіндігі);
сөз тазалығы (Тіл мәдениетінің маңызды сапасы – тіл тазалығы. Тілдердегі сөз алмасу құбылысы. Сөз тазалығына жат элементтер. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы. Тілдегі бейәдеби элементтер, олардың көркем әдебиетте қолданылуы. «Қыстырынды сөздердің» тілдік қарым – қатынасқа әсері);

сөз қысқалығы мен нұсқалығы (Сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы – сөз жинақылығының белгісі. Аз сөзге көп мағына сыйдыру – шеберлік. Сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік. Сөздің қысқалығы мен нұсқалығына қойылатын талаптар);

сөз дәлдігі (Сөйлеудегі дәлдік ұғымы. Сөзді мағынасына лайық қолдану - сөз дәлдігінің талабы. Тілдегі паронимдер. «Зат» - «сөз» қатынастары. Мағыналас сөздерді талғап жұмсау – сөз сапасын арттыратын шарттың бірі. Сөз дәлдігіне қойылатын талап-логикалық дәлдік. Сөз дәлдігінің стильдермен байланысы);

сөз бедері және стиль (Сөз бедері туралы түсінік. Бедерлі сөздегі деректі, дерексіз ұғымдардың қолданылуы. Сөз бедерінің стиль түрлерімен байланысы);

сөйлеу тілінің стильдік бедері (Сөйлеу тілі бедерінің анықтамасы. Сөйлеу тілінің ерекшелігі және ондағы сөз бедерінің көрінісі. Өмірдегі және көркем әдебиеттегі с ө й л е у т і л і) ;

публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері (Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелігі. Күнделікті қолданыстағы сөздердің қоғамдық пікір қалыптастырудың құралына айналу жолдары. Жағымды және жағымсыз мағынадағы с ө з д е р) ;

ресми ісқағаздары тілінің сөз бедері (Күнделікті қолданыстағы сөздердің ресми іс қағаздар құралына айналу жолдары. Ісқағаздарындағы дайын сөз үлгілері мен тілдік с т а н д а р т т а р . Ұ ғ ы м т ү р л е р і) ;

ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері (Тұрмыстық және ғылыми ұғымдар. Ғылыми әдебиеттегі атаулардың ерекшелігі. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері);

көркем әдебиет тілінің сөз бедері (Көркем әдебиеттегі сөз қолданысының ерекшелігі. Суреткердің сөз жұмсау шеберлігі. Өмір шындығы мен көркем қиял. Сөзбен «көркем сурет» салу өнері. Денотат және образ. Көркем әдебиет тілінің сөз б е д е р і) ;

көркем сөз бедері (Болмысты нақты, өз бедерімен бейнелеудің айрықша тәсілдері. Шығарманың эстетикалық қуаты. Бейнелеуіш құралдардың сөз бедерін түзудегі мәні. Стильдік контраст. Бөгде стильдік элементтер. Сөз әсерлілігінің сөзге, мәтінге, тарауға, бөлімге т ұ т а с шы ғ а р м а ғ а қ а т ы с ы) ;

7) сөз мәдениеті және тілдік қарым--қатынас – 15 сағат:

тілдік қарым-қатынас туралы түсінік (Қоғамдағы әдет-ғұрып, қарым-қатынас дәстүрі. Тіл-сезім білдірудің құралы. Сөйлеу этикеті ұғымы. Сөз мағыналарының құбылуы. Сыпайылықты білдіретін сөз орамдары, қаратпа сөздер. Сөйлесушілердің әлеуметтік белгілері. Сөздің ортаға байланысты қолданылу жағдаяты мен мәні);

әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі (Әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөз түрлері. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастың тілдік сипаты, тілдік құралдары. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынасқа тән сөз әдебі);

амандасу (Сәлемдесудің мақсаты. Сәлемдесу сөздерін талғап жұмсаудың талаптары. Аmandасуға жататын сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Аmandасу этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы);

қоштасу (Қоштасудың мақсаты. Қоштасу сөздерін талғап жұмсаудың талаптары. Қоштасуға жататын сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктері мен әлеуметтік сипат. Қоштасу этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы);

құттықтау (Құттықтаудың мақсаты. Құттықтау жағдаятына қатысты сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Құттықтау сипатындағы сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Құттықтау этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысты); Елбасының «Тәуелсіздік Толғауы» - құттықтаудың елдік мәні жоғары түрі. Толғаудың стильдік-тілдік ерекшелігі. Толғау мәтініндегі синонимдер мен қаратпа сөздердің қ о л д а н ы с ы ;

көңіл айту (Көңіл айтудың мақсаты. Экспрессивті сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Көңіл айту ерекшелігіне сай таңдалған сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Көңіл айту этикеті: ұлттық дәстүр, жалпыадамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы) ;

тілек айту (Тілек айтудың мақсаты. Экспрессивті сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Тілек айтуға қатысты сөздегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Тілек айту этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы);

бата беру (Бата сөздің мақсаты. Батаға лайық сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Бата беруге қажетті сөздердегі мағыналық стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Бата беру этикеті: ұлттық дәстүр, жаңашылдық синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы);

қаратпа сөз әдебі (Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты. Қаратпа сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Қаратпа сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Қаратпа сөзді жұмсау этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы);

ресми-іскерлік қатынас және сөз әдебі (Ресми қарым-қатынастың анықтамасы. Ресми қатынасқа тән сипаттар);

ресми-іскерлік қатынас тілінің жазбаша түрі (Ресми іскерлік қатынастың жазбаша үлгілері. Мекемедегі. Іс қағаздарының түрлері, олардың құқықтық қатынасты

реттеушілік рөлі. Жеке құжаттардың тілдік емес жақтары. Жеке құжаттардың тілдік (лингвистикалық) жақтары. Ресми құжаттардың сөз әдебіне(этикетке) қатысты жақтары);

ресми-іскерлік қатынас тілінің ауызша түрі (Ресми-іскерлік қатынастың ауызша түрлері. Ресми ауызша сөздің биік шыңы-шешендік сөз. Іскерлік қарым-қатынастың алғышарттары. Ресми-іскерлік қатынастағы сөздің тілдік жақтары. Ресми – іскерлік қатынастың тілдік емес (экстралингвистикалық) жақтары. Ресми-іскерлік қатынастың сөз әдебіне қатысты жақтары).

14. Қорытынды сабақтар - 4 сағат.

3. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны

15. Сөз мәдениеті және шешендік өнер.

1) кіріспе. Сөз мәдениеті және шешендік өнер - 3 сағат (Курстың мақсаты. Сөз мәдениетінің шарттары. Шешендік – сөз мәдениетінің жоғары формасы. Шешендіктану мен шешендік сөз. Шешендік сөз: дәстүр мен жанашылдық. Шешендік сөздің монологтік, диалогтік, полилогтік түрлері);

2) шешендік өнердің тарихы - 7 сағат (Шешендіктің өнер, ғылым ретінде дамуының бастаулары. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық);

ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі шешендіктану арналары (Ежелгі Греция – шешендіктанудың отаны. Шешендіктің дамуының алғышарттары. Софистер – шешендіктанудың негізін қалаушылар. «Әлсіз пікірді күшейту» - софизмнің басты бағыты. Софистердің шешендіктануға қосқан үлестері. Сократ пен Платон – шынайы сөздің теориясын жасаушылар. «Федр» - шешендік туралы диалог. Сөздің адам жанына әсер етуі туралы идеяның қалануы. Аристотель – шешендікті арнайы үйрететін мектептің негізін қалаушы. «Риториканың» - шешендіктануды дамытудағы орны мен рөлі. Квинтилиан – он екі томдық «Шешендік тәлім» еңбегінің және шешендікті оқыту бағдарламасының авторы);

Ресейдегі шешендіктанудың дамуы (Ресейде шешендіктанудың қалыптасуы. М.В. Ломоносов – орыс шешендіктануын жаңа сатыға көтерген ғалым. И.С.Рыжскийдің, А.Ф.Конидің, В.Г.Белинскийдің, П.С.Прохоршиковтың шешендікке қатысты ой-тұжырымдары. Орыс шешендіктанушыларының осы ғылымды өркендетуге қосқан үлестері);

ұлттық шешендіктанудың алғашқы бастаулары (Орта ғасырлардағы түркі ғалымдарының шешендік өнердің ғылым ретінде қалыптасуындағы рөлі. Әл-Фараби – ұлттық шешендіктанудың іргетасын қалаушы. Ғалымның «Риторика» атты еңбегіндегі шешендікке байланысты басты тұжырымдары. Әл-Фарабидің шешендік сөз бен адамгершілік қасиеттердің бірлігі туралы ой-пікірлері. «Қабуснамадағы» өнердің басқа түрлерінен сөз өнерінің артықшылықтары жайлы даналық байламдар. «Құдатғу білік»,

«Диуани лұғат-ат түрк», «Диуани хикмет», «Тауарих хамса» еңбектеріндегі сөз құдіреті, сөз мәні туралы түйіндеулердің шешендік сөзбен сабақтастықтары. Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің дамуы. Ұлттық шешендік сөздің алтын тамырлары – көне түркі жазба мұралары, XII – XVI ғасырдағы Майқы би, Аяз би, Жиренше шешен, Асанқайғы даналықтары. XVII – XVIII ғасырлар – қазақ шешендік сөз өнерінің ерекше дамыған кезеңі. Осы кездегі шешендіктің өркендеуіне әсер еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар. Қазақтың атақты би – шешендері. Олардың шешендік өнер жөніндегі ой-пікірлері. Қазақ шешендік өнерінің даму тарихының үш кезеңі);

қазақ шешендіктану ғылымы: қалыптасуы мен дамуы (Ш.Уәлиханов – қазақтың төл шешендігі туралы тұңғыш ғылыми пікір айтқан ғалым. Абайдың қазақ шешендігі туралы тұжырымдары. Қазақ шешендіктану ғылымының көшбасшысы – А.Байтұрсынұлының жаңашыл қағидалары, Ш.Құдайбердіұлының, Ә.Бөкейхановтың би мен билік туралы ойлары. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің шешендікті арнайы қарастырған ғылыми еңбектері. XX ғасырдың екінші жартысында шешендіктің зерттелуі. Ә.Мәметованың, Б.Адамбаевтың, Б.Шалабаевтың, С.Садырбаевтың, М.Жармұхамедұлының, С.Негимовтің ғылыми еңбектерінің мәні. Шешендік сөздің тіл мәдениетімен бірлігін, қазіргі заманмен сабақтастығын негіздеген М.Балақаевтың, Р.Сыздықтың, Н.Уәлиевтің зерттеулеріндегі жаңа ой-тұжырымдар);

3) Шешендік сөздің табиғаты - 18 сағат:

шешендік сөзге қойылатын талаптар (Шешендік сөз – жұрт алдында сөйлеудің интеллектуалдық, эмоционалдық шығармашылыққа негізделген түрі. Шешендік сөздегі стильдер тоғысы. Шешендік сөздің сапалары);

шешендік сөздің сазы (Сөйлеу мәнерлілігі. Сөз мазмұны мен сазының бірлігі. Шешеннің сөйлеу техникасы, оның құрамдас бөліктері. Дауыс сазы, сөз мақамы, сөз ырғағы, кідіріс. Сөздің орфоэпиялық нормалары. Сөз әуезі мен әуені);

шешендік сөздің көріктеуіш құралдары (Шешендіктегі ой – сезім – сөз бірлігі. Сөз мазмұны мен формасының үйлесімі. Тілдің бейнелеуіш құралдары: айшықтау, риторикалық сұрау, қайталау, градация, метафора, салыстыру, эпитет, теңеу, т.б. Қазіргі шешендіктегі дәстүр жалғастығы мен жаңа сипаттар. Шешендік сөздердегі мақал-мәтелдердің, дәйексөздердің, қаратпа, қыстырма сөздердің орны);

шешендік сөздің тектері мен түрлері (Дәстүрлі шешендік пен қазіргі шешендіктің ерекшеліктері. Шешендік сөздердің тектерге бөлінуінің белгілері: сөз мақсаты, айтылу орны, тақырыбы мен мазмұны, тілдік құралдары);

әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөз (Әлеуметтік – тұрмыстық шешендік сөздің түрлері, мақсаты. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздерге тән стильдік сипаттар. Ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздер. Жаңа замандағы әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздердің ерекшеліктері.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздердің тілдік құралдары);

әлеуметтік-саяси шешендік сөз (Әлеуметтік-саяси шешендік сөздің түрлері,

мақсаты. Елбасының Тәуелсіздік толғауы. Толғаудың әлеуметтік-саяси мәні мен шешендік сипатына талдау. Әлеуметтік-саяси шешендік сөздерге тән стильдік сипаттар . Ұлт тарихына қатысты әлеуметтік-саяси шешендік сөздер. Жаңа замандағы әлеуметтік-саяси шешендік сөздердің ерекшеліктері. Әлеуметтік-саяси шешендік сөздердің тілдік құралдары);

академиялық шешендік сөз (Академиялық шешендік сөздің түрлері, мақсаты. Академиялық шешендік сөздерге тән стильдік сипаттар. Академиялық шешендік сөздердің ерекшеліктері. Академиялық шешендік сөздердің тілдік құралдары, сапалық белгілері);

соттағы шешендік сөз (Соттағы шешендік сөздердің түрлері, мақсаты. Соттағы шешендік сөздерге тән стильдік сипаттар. Ұлт тарихына қатысты соттағы шешендік сөздердің түрлері. Жаңа замандағы соттағы шешендік сөздердің ерекшеліктері. Соттағы шешендік сөздердің тілдік құралдары);

діни (Уағыз) шешендік сөз (Діни шешендік сөздердің түрлері, мақсаты. Діни шешендік сөздерге тән стильдік сипаттар. Ұлттық ерекшелікке қатысты діни шешендік сөздер. Жаңа замандағы діни шешендік сөздердің ерекшеліктері. Діни шешендік сөздердің тілдік құралдары);

шешенге қойылатын талаптар (Шешендікке нәр беретін арналар: талант, білім, дағды. Шешен адамға қажетті табиғи сапалар. Шешеннің интеллектуалдық қасиеттері мен болмыс мәдениеті. Шешенге тән қасиеттер мен қабілеттер: тілдік, білімдік, шыншылдық, жинақылық, аңғарымпаздық, т.б.);

шешеннің өзін ұстау әдебі мен мәдениеті (Шешендік сөздің әсерлігін арттыратын сыртқы факторлар: шешеннің өзін-өзі ұстау, әдебі, сыртқы келбеті, бет-жүзі, дене құбылыстары мен дене қимылдары. Шешендік сөздің «көмекші құралдары». Ым-ишаралардың түрлері, ұлттық сипаттары олардың сөз әсерлігін арттырудағы мәні);

4) шешендікке машықтану жолдары -18 сағат (Шешендік - өзіне дейінгі озық үлгілерді үйрену және ешқашан ешкімді қайталамайтын даралыққа қол жеткізу шеберлігі);

шешендік сөздегі риторикалық канондар (Шешендік сөздің сапасын арттырудың қағидалары. Риторикалық канондар – шешендік сөздің өзегі. Риторикалық канондар: тақырыпты ойлап табу, мазмұнды ойда жүйелеу, сөзбен көркемдеу, есте сақтау, сөйлеу барысы. Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін қағидалар. Шешеннің міндеттері);

жұрт алдында сөйлеуге дайындық жолдары (Жұрт алдында сөйлеуге машықтанудың сатылары. Шешендерден үйренудің, топ алдында сөйлеп жаттығудың, есте сақтау қабілетін шындаудың қажеттілігі);

психологиялық дайындық. Психологиялық дайындықтың рөлі, қажеттілігі. Психологиялық дайындықтың шарттары. Шешеннің өзіне сенімділігін қалыптастырудың жолдары);

нақты сөзге дайындық (Нақты сөзге дайындықтың кезеңдері. Тақырыпты

анықтаудың шарттары. Сөз мақсатын тұжырымдау. Сөздің жоба-жоспарлары. Әдебиеттермен жұмыстың жолдары. Көпшілік алдында сөйлеудің тәсілдері); күнделікті дайындық (Күнделікті дайындықта қажетті дағдылар. Арнайы папкілердің, күнделіктің, пікірдің, хаттың дайындықтағы рөлі, қажеттілігі. Өз сөзіне талдау жасау мен басқа шешендердің сөзіне талдау жасаудың шешендік қабілетті шыңдаудағы мәні); көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы (Көпшілік алдындағы сөздің бөліктері, олардың орны мен өзара сабақтастығы. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымының бөліктерін жоспарлау); кіріспе бөлім, оның міндеті мен тілдік ерекшеліктері (Кіріспе сөз, оның ерекшелігі, жеке міндеттері. Кіріспе сөзде қолданылатын тілдік құралдар. Сөзді бастаудың түрлі тәсілдері); негізгі бөлім, оның міндеті мен тілдік ерекшеліктері (Негізгі бөлім, оның ерекшелігі, жеке міндеттері, ұстанымдары. Тақырыпқа қатысты ой - тұжырымдардың логикалық байланысы. Талдаудың логикалық тәсілдері мен материалды түсіндірудің негізгі әдістері. Сөздің логикалық, психологиялық сипаттары. Тыңдаушылардың назарын аударудың тәсілдері. Сөздің жүйелігіне кері әсерін тигізетін факторлар, оларды болдырмаудың жолдары); қорытынды бөлім, оның міндеті мен тілдік ерекшеліктері (Қорытынды сөздің ерекшелігі, жеке міндеттері. Ойды қорытындылау тәсілдері. Қорытынды сөздің тыңдаушыға әсері. Қорытынды сөздегі тілдік құралдар); сөз бөліктерін байланыстыру әдістері (Сөз мазмұнын біріктіруші тілдік құралдар. Шешеннің субъективтік көзқарасын, реттік қатынастарды білдіретін сөз орамдары. Сөздегі ойларды сабақтастырудың құралдары, ой желісін күшейтетін тәсілдер. Шешендік сөздің композициясының элементтері);

5) пікірталас мәдениеті - 18 сағат:

пікірталас мәдениетін меңгеру – жаңа заман талабы (Демократиялық қоғам – пікірталасының өрістеуінің басты кепілі); пікірталасының қоғамдағы орны, маңызы, қажеттілігі («Шешендіктің анасы - демократия». Пікірталас – адамның ақыл – ой қабілеті дамуының тетігі. Пікірталасында қажетті іскерліктер. Пікірталастың сипатын анықтайтын факторлар); пікірталас мәдениетінің талаптары (Пікірталасына қатысушы адамға қажет қасиеттер, тілдік біліктіліктер, сөз сайысына тән іскерліктер. Пікірталасқа қатысушы анықтауы тиіс сауалдар. Айтыскерге қойылатын талаптар); пікірталас түрлері (Диалогті, полилогті пікірталастар. Пікірталастарына тән ортақ белгілер мен ерекшеленеді); әңгіме және «Дөңгелек үстел» (Әңгіме мен «Дөңгелек үстелдің» мақсаты. Олардың жүргізудің талаптары. Талданатын тақырыптың ерекшелігі. Қатысушыларға қойылатын талаптар. «ДҮ»-дің тиімділігін арттыру шарттары);

пікір алмасу (дискуссия) (Пікір алмасудың мақсаты мен рөлі. Пікіралмасудың түрлері, оларды ұйымдастырудың шарттары. Пікіралмасуға қатысушыға қойылатын талаптар. Пікір алмасуға кері әсер ететін факторлар. Пікір алмасудағы жүргізушінің рөлі. Т і л д і к н о р м а л а р) ;

ойталқы (дипут) (Ойталқының мақсаты мен рөлі. Ойталқыны ұйымдастырудың шарттары. Ойталқыға қатысушыға қойылатын талаптар. Ойталқының пікір алмасудан е р е к ш е л і г і) ;

ойкөкпар (дебат) (Ойкөкпардың мақсаты, қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі, мәні. Ойкөкпарды ұйымдастырудың ерекшеліктері, кезеңдері. Ойкөкпарға қатысушылардың сөз әдебі. Ойкөкпардағы сарапшылардың рөлі);

сөзталас (спор) (Сөзталастың ерекшелігі, оның өзіндік сипаты. Сөзталастың тұрмыстық қатынасқа тән екендігі. Сөзталастың түрлері);

пікірсайыс (полемика) (Пікірсайыстың өзіне тән ерекшеліктері. Пікірсайысты ұйымдастырудың шарттары. Пікірсайысқа қатысушыға қойылатын талаптар. Қарсыласты ы қ т ы р у д ы ң ш а р т т а р ы) ;

айтыс (Көпшілік алдындағы айтыстың тарихы. Айтысу өнері мен мәдениеті туралы талаптар. Ежелгі Греция, Үндістан, Қытай елдерінде қалыптасқан үрдістер. Қазақ айтыс өнерінің ерекшеліктері. Айтысты ұйымдастырудың шарттары. Айтысқа қатысушыға қойылатын талаптар. Қарсыласты жеңудің шарттары. Айтыстағы дәстүр ж а л ғ а с т ы ғ ы м е н ж а ң а ш ы л д ы қ) ;

пікірталасында жиі қолданылатын тәсілдер (Пікірталасына тән әдіс-тәсілдер: « қақпан кұру », сынау, әзіл, мысқыл, қарсыластың ойын жоққа шығару, «сұрақпен төпелеу». Олардың ұтымды қолданудағы тапқырлық. Тыңдарманмен байланыс жасаудың шарттары, әлеуметтік, табиғи шарттар, олардың байланысқа әсері. Оқушы сөздерді мақсатқа қарай пайдалану жолдары);

қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары (Қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары, тәсілдері. Ойдың айқын, әсерлі жеткізудегі синоним, антоним сөздердің мәні. Дәлелдеме, оның түрлері, тілдік ерекшеліктері. Пікірдің өтімділігін арттыратын тілдік құралдар. Қарсыласқа тойтарыс жасаудың пікірталас мәдениетімен сабақтастығы. Пікірталастарда сұрақтарға жауап беру өнері. Сұрақтың түрлері, одан қолданылатын сөздердің ерекшеліктері. Жауаптың түрлері, қажетті сөз орамдары. Қарсылықа тойтарыс берудің шарттары: «қарсы соққы», «көпшілік бағындыру», «қарсыластың қорытындысы сынау», «деректермен дәлелдеу»);

пікірталас шеберлігіне үйренудің жолдары (Сөз шеберлігіне үйренудің жолдары. Өз ой-пікірін жеткізудің тілдік сапалары. Сөздің грамматикалық құрылысы, сөз дәлдігі мен дәлелділігі, мақал-мәтелдердің, троптың түрлерін орынды пайдалану. Белгілі көркем образдарды сөз мақсатына орай кіріктіре алу т.б. Пікірталасының түрлеріне қарай қолданылатын ұтымды сөз орамдары. Ой мен сөздің бірлігі. Өз көзқарасын сыпайы, нақты айта білу шеберлігі. Ұғымдар мен терминдерді, ауыспалы мағынадағы

сөздерді орынды қолдану жолдары. Пікір айтудағы сөз мәнері, Интонация. Пікірталастағы ұлттық дәстүрдің көрінісі. Қарсыластың шабуылдарынан қорғанудың шарттары. Пікірталасындағы дәлелдеме мен сынды сауатты қолдан. Пікірталасын ұйымдастыру жолдары. Пікірталасындағы қателіктердің алдын-алу жолдары. Дискуссия сабақтарын жоспарлау. «Саяси айқас» іскерлік ойындарын ұйымдастыру сатылары, оған дайындық жолдары. «Сұраққа жауап» практикумы);

б) қорытынды сабақтар - 4 сағат.

16. Бағдарлама бойынша ұсынылатын практикалық жұмыстар, 10-сынып:

- 1) қазақ жазба тілінің тарихына қатысты рефераттар дайындату;
- 2) әлеуметтік-тұрмыстық өмірдегі әртүрлі жағдайлардың ерекшелігіне байланысты тіл жұмсау дағдыларын жетілдіретін тапсырмалар бойынша өздік жұмыстарын о р ы н д а т у ;
- 3) ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөз орамдарын, тұрақты тіркестерді тауып, олардың қатыстырып сөйлеуге дағдыландыру;
- 4) мәтіндерді ұсынып, ондағы ұлттық таным мен жаңашылдық сипаттарды а ж ы р а т қ ы з у ;
- 5) этнолингвистикалық атаулардың тарихын, мәнін танытатын шығармашылық жұмыстар ұ й ы м д а с т ы р у ;
- б) ата-анасының мүшелтойларына сөз дайындату;
- 7) досының туған күнінде дастарқан басында сөйлейтін сөз дайындату;
- 8) әртүрлі тілдік жағдайларда қажетті сөз орамдарын қолдануға рөлдік ойындар а р қ ы л ы д а ғ д ы л а н д ы р у ;
- 9) әлеуметтік-тұрмыстық қатынаспен іскерлік қатынастың айырмашылығын сезіндіретіндей нақты тақырыптар бойынша диалог құрғызу;
- 10) тұрмыстық және ресми қатынастардағы кешірім сұрау, өтініш білдіру, сәлемдесу, қоштасу рәсімдеріне байланысты шағын қойылымдар әзірлету;
- 11) телефонмен сөйлесу мәдениетін қалыптастыратын жаттығу жұмыстарын ж ү р г і з у ;
- 12) жазба тіл мәдениетіне қатысты белгілі адамдардың ой-тұжырымдарына талдау жасату, жазба тілге қойылатын талаптарды анықтату;
- 13) жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздары жазуға төселдіретін тапсырмалар б о й ы н ш а ж ұ м ы с ж а с а т у ;
- 14) белгілі бір мәселе бойынша жиындар өткізіп, мәжілісхат, оның көшірмелерін ж а с а т у , т . б .
- 15) оқыған көркем әдеби немесе ғылыми-көпшілік әдебиеттер бойынша реферат ж а з д ы р у ;
- 16) әркімге өзіне қалаған тақырыбы бойынша эссе, очерк жаздыру, баспасөз материалдарынан осы жанрдағы шығармаларға талдау жасату;
- 17) интервью жүргізудің жолдарын саралату, нақты тапсырма бойынша өздері

қалаған мамандардан, көз көргендерден интервью жасату.

17. Бағдарлама бойынша ұсынылатын практикалық жұмыстар, 11-сынып:

1) шешендік сөз бен айтыстың айырмашылығын айтқызу (мәтін негізінде);

2) «Қандай полемикалық тәсілдер бар?» деген сұраққа жауап жаздыру;

3) Баспасөз материалдарындағы ең ұнаған шешен сөздерді («Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Жас алаш», «Ана тілі», т.б. газеттер мен «Парасат», «Зерде», «Қазақстан әйелдері», т.б.) журналдардан теріп жаздыру;

4) шешендік туралы берілген сөздерден (ой-пікірлерден) негізгі талаптарды т ү й і н д е п а й т қ ы з у ;

5) «Қазақ шешендіктану ғылымы», «Ежелгі Грекия шешендері», «Қазіргі шешендер», т.б. тақырыптарда хабарлама, реферат жаздырту;

6) өздеріне мәтіндерді оқытып, оны ұнтаспадан қайта тыңдату арқылы мәнерлі с ө й л е у г е , о қ у ғ а ж а т т ы қ т ы р у ;

7) сөздерді орфоэпиялық нормаға сай айтуға жаттықтыру;

8) термин сөздерді (халықаралық) қатыстырып сөйлеуге жаттықтыру;

9) жеке-жеке тұрған синоним сөздерді қажетті сөздермен тіркестіріп, мағыналық р е н қ т е р і н е т ү с і н і к б е р г і з у ;

10) басқа тілден енген сөздерді ана тіліндегі баламасын тапқызу, оларды қ а т ы с т ы р ы п м ә т і н к ұ р а т у ;

11) антоним жұптарды пайдаланып, мақал мәнді сөйлемдер құрату, оларды өз с ө з д е р і н д е п а й д а л а н д ы р у ;

12) қате құрылған сөйлемдерге түзету жасату;

13) мәтіндерді оқып, олардағы сөздердің қай стильге сәйкестігін анықтау;

14) сөздердің түсініктемесін жасату, өз жазғандарын «Түсіндірме сөздіктегі» м а т е р и а л д а р м е н с а л ы с т ы р у ;

15) пікірталастың әр түріне қатысты дағдыландыру жұмыстарын жүргізу;

16) мамандық таңдау бойынша сөз дайындап, сөйлеушіні тыңдарманмен байланыс ж а с а у ғ а ү й р е т у .

17) төмендегі тақырыптар бойынша хабарлама жасату:

қ а з і р г і е л д е г і ж а ғ д а й ;

ғ ы л ы м м е н т е х н и к а ж а ң а л ы қ т а р ы ;

м ә д е н и ж а ң а л ы қ т а р ;

ж а ң а ә д е б и е т т е р ;

б ү г і н г і а й т ы с т ы ң д ү л д ү л і ;

қ а з і р г і ш е ш е н д е р ;

18) сөйлеушінің пікірлерін негізгі бөліктер бойынша талдау;

19) шешендік туралы берілген мәтіндерден автордың жеке көзқарасын өз пікірімен с а б а қ т а с т ы р а а й т қ ы з у ;

20) «Жаңа қазақ деген кім?», «Мектеп киімі қандай болуы керек?», «Демография

деген не?», «Мұғалім қандай болуы тиіс?», «Егер сабаққа ерікті қаттыссам...», «Адалдық деген не?», «Достық пен махаббат» тақырыптары бойынша пікірталас түрлерін ұйымдастыру;

21) курста өткен тақырыптар бойынша тірек ұғымдардың түсіндірме сөздігін құрату

4. 10-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

18. Пәндік нәтижелер:

1) тілдің лексика-фразеологиялық қорын, дыбыстық-грамматикалық және стильдік жүйесін;

2) құрмалас сөйлемдердің ойды жеткізудегі рөлін және қолданыс ерекшелігін меңгеруі тиіс;

3) тілдің функционалдық қасиеттерін танып, пәннің тілдік деңгейлерін жетік білуі;

4) мәтіннің түрлері мен табиғатына, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасай білуі;

5) әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлері болатынын, оларға тән ерекшеліктерді;

6) мәтіннің тақырыбы мен идеясын, мәтіннің құрылымын ажырата білуі;

7) сөз мағыналарын мәтіндік қолданыста ажырата білуі;

8) сөздердің жасалу тәсілдерін;

9) әдеби тілдің нормаларының сөз мәдениетіне қатысын негіздей алуы;

10) әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебін;

11) әдеби тілдің нормаларын стиль түрлеріне сай қолдана білуі тиіс.

5. 11-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

19. Пәндік нәтижелер:

1) сөз мәдениеті мен шешендік өнердің талаптарын;

2) ұлттық және әлемдік шешендік өнерге тән ортақ қағидаттарды;

3) қазіргі шешендіктің түрлерін;

4) пікірталас мәдениеті мен пікірталасқа түсу тәсілдерін меңгеруі тиіс;

5) шешендік өнер туралы ой-пікірлерге талдау жасап, шешендік өнердің тарихын;

6) пікірталас түрлері мен оларға тән ерекшеліктерді;

7) көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын;

8) пікірталастың қоғамдағы орнын, пікірталас мәдениетінің талаптарын;

9) таңдаған кәсібіне байланысты тақырыптарда пікірталасқа түсе білуі;

10) әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, ғылым-білім мазмұнды мәтіндерді құрай алуы;

11) ұсынылған тақырып бойынша көрсетілген әдебиеттерді пайдаланып, реферат, баяндама түзе білуі тиіс.

6. 10-11-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

20. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) ұлттық құндылықтар мен әлемдік азаматтық құндылықтарды салыстыра пайымдап, дәріптей білуінен;
- 2) қолданыстағы тілдерді білуінен, қазақ халқының және Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;
- 3) қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, діни ағымдарға және заңды бұзушылық әрекетке қарсы өз көзқарасын шешендікпен негіздей алуынан және жұртты сендіре білуінен;
- 4) адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, этикалық нормаларды сақтай білуінен;
- 5) өздігінен білім алуға, өмірден өз орнын табуға және жасампаз еңбекке ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуынан;
- 6) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен көрініс табуы тиіс.

7. 10-11-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

21. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) тіл табысуға қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгеруі;
- 2) тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі;
- 3) іскерлік қатынастағы тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды орнымен жұмсай алуы ;
- 4) жеке адам өміріне, мекеме, ұйым жұмысына қажетті ресми іс-қағаздар жүйесін меңгеруі ;
- 5) шешендікке машықтанудың әдіс-тәсілдерін сөйлеу әрекеттерінде қолдануы;
- 6) шешендік өнердің канондарын күнделікті тәжірибеде қолдануы;
- 7) шешенге қойылатын талаптарды жүйелі әрекеттерде саналылықпен меңгеруі;
- 8) зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуі;
- 9) түрлі тақырыптарда пікірталасқа түсу еркіндігін және жиі қолданылатын тәсілдерді меңгеруі ;
- 10) көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы мен міндеттерін түзе алуы;
- 11) қарым-қатынастың түрлеріне сай тілдік белгілерді орынды қолдана білуі;
- 12) сөйлеудің мақсатына сай тыныс белгілерді және интонацияны дұрыс пайдалана білуі ;
- 13) ғылыми және шығармашылық ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 03 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 64-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

2. Пәнді оқытудың мақсаты – оқушылардың өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру.

3. Пәнді оқытудың міндеттері:

1) әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанда адамзат қоғамының даму тарихы туралы білімін қалыптастыру;

2) оқушылардың тарихи білімдерді қорытындылап, себеп-салдарлық байланыс орнатып, тарихи оқиғалар, құбылыстарды дербес талдай білу, қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқарастарын білдіру, күнделікті өмірде білімін қолдана білу дағдыларын дамыту;

3) тарихи деректермен жұмыс жасай білу және тарихи білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы ой елегінен өткізуге дағдыландыру;

4) жас жеткіншектердің Отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық позициясын қалыптастыру;

5) еліне қызмет етуге дайын отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу;

6) қазақстандық діл (менталитет) негізінде тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал ету.

4. Қазақстан тарихын оқыту барысында төмендегі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) «Дүние жүзі тарихымен», Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының құрамдас

бөлігі, біртұтас тарихи үдеріс ретіндегі адамзат тарихы туралы білу;

2) «Географиямен», қазіргі Қазақстан Республикасы территориясы мен шекарасының анықталуы, Қазақстанда әкімшілік-аумақтық реформалардың жүргізілуі, Қазақстан Республикасының қазіргі экономикалық дамуы.

3) «Қазақ әдебиетімен», Қазақстанның көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларының тарихы, қазақстандық әдебиетшілер, ақындар және драматургтердің шығармалары, шығармашыл зиялы қауым өкілдері туралы білім.

5. Оқу жүктемесінің көлемі
қоғамдық-гуманитарлық бағыт

1) 10 сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11 сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат
жаратылыстану-математикалық бағыт

3) 10 сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 11 сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

2. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны

6. Кіріспе (1 сағат).

7. Қазақстан тас ғасырында (4 сағат):

тас ғасырын дәуірлерге бөлу, адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы, төменгі, орта және кейінгі палеолит, алғашқы адамдардың еңбек құралдары, әлеуметтік ұйым;

мезолит дәуірі, Қазақстан неолит кезеңінде, неолиттік төңкеріс, тоқымашылық, қыш ыдыс жасау өнері, энеолит, бтай мәдениеті, тас дәуіріндегі Қазақстанның археологиялық ескерткіштері.

8. Қазақстан қола дәуірінде (3 сағат):

Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдер), қола дәуіріндегі Орталық Қазақстан аумағы, Орталық Қазақстан – ертедегі металлургия орталығы, қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан, Солтүстік және Батыс Қазақстан қола дәуірінде, қола дәуіріндегі Оңтүстік Қазақстан және Жетісу, кейінгі қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениеті;

өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік, қола дәуіріндегі қоныстар, обалар және жерлеу дәстүрі, қола дәуіріндегі әлеуметтік жіктелу.

9. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы (3 сағат):

тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер туралы негізгі тарихи деректер, археологиялық деректер;

сақ тайпалары туралы антикалық деректер, Геродоттың «Тарихы». ертедегі парсы (ирандық), қытай деректері.

10. Қазақстан тарихындағы сақ тайпалары (4 сағат):

Қазақстан ерте темір дәуірінде, сақ тайпалары (хаомаварга, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б.), сармат тайпалары, ежелгі Қазақстанның металлургиялық орталықтары, шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі, әлеуметтік құрылымы;

сақтардың мәдениеті, скиф ұштағаны (триадасы), «Аң стилінің» таралуы, қоғамдық ұйымдасуы мен идеологиясы, археологиялық ескерткіштері.

11. Қазақстан территориясындағы ертедегі мемлекеттер (4 сағат): үйсін мемлекеті, шаруашылығы, әлеуметтік-саяси ұйымдасуы, үйсіндердің басқа елдермен қарым-қатынасы, мәдениеті;

қаңлылар, саяси тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, Сырдария бойындағы археологиялық ескерткіштер;

ғұндар, б.з.б. III-I ғасырлардағы ғұндар мемлекеті, көршілермен қарым-қатынасы, ғұндардың Мөде тұсында өрлеуі, ғұндардың Қазақстанға қоныс аударуы, көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, әлеуметтік құрылысы, материалдық мәдениеті;

ғұндар және халықтардың ұлы қоныс аударуы, батысқа қарай аттануы, ғұндар Еуропада, Атилла.

12. Қайталау (1 сағат).

13. Көшпелілер немесе дала өркениеті (3 сағат): көшпелілер және номадизм, көшпелі қоғамның өзіне тән шаруашылық жүргізу әдістері, әскери өнері, әскери-демократиялық басқару жүйесі;

көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы байланыс, қалалар – көшпелі және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір; Ұлы Жібек жолы.

14. Қазақстан жеріндегі VI – XV ғасырлардағы мемлекеттер: этникалық және саяси тарихы (9 сағат):

түркі халықтарының түп төркіні, көне түркілер, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы), Қазақстан аумағындағы батыс-түрік, түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ мемлекеттері, қыпшақтардың шығу тегі және ежелгі тарихы, Дешті-Қыпшақтағы Қыпшақ мемлекеті;

Моңғол шапқыншылығы, Қазақстан аумағында XIV-XV ғасырлардағы жеке хандықтардың дамуының ерекшелігі, аумағы және рулық құрамы, ұлыстық жүйе, Алтын Орда және Ақ Орда, Ноғай Ордасы (Маңғыт жұрты), Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы).

15. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы (7 сағат):

«Этнос», «этногенез», «этноним» ұғымдарының мазмұны, қазақ халқының этногенезінің негізгі кезеңдері (қазақ халқының қалыптасу үдерістері), қазақ халқының қалыптасуының басталуы, қазақ жүздері, ру-тайпалық құрамы, «қазақ» этнонимі туралы, қазақ халқының антропологиялық типі және тілдік сипаты; қазақ хандығының құрылуы, Жәнібек пен Керей рөлі, XV-XVII ғ.ғ. қазақ

хандығының саяси тарихы, қазақ хандары, хандықтағы басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы, «ақсүйек» және «қарасүйек» институттары, салықтар мен міндеткерліктер, әдеп құқығы және «Жеті Жарғы». 16. Қайталау (1 сағат).

17. Көшпелілердің рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары (12 сағат): рухани мәдениеттің даму ерекшелігі, дін (тәңірлік және т.б.) және наным-сенімдер, Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы; тіл мен жазу, ежелгі жазба ескерткіштері (түрік, соғда, араб), ғылым мен әдебиет (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри);

халық ауыз әдебиеті, ақындар мен жыраулар (Асан-қайғы, Қазтуған, Сыпыра, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар жыраулар), эпостар; музыка өнері, қолданбалы өнер, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар. ұлттық ойындар;

қайталау.

18. Қазақстан Ресей империясының құрамында (14 сағат): Ресейдің XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі шығыстағы саясаты, XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы, 1731 жылғы жарлық және А.И.Тевкелев елшілігі, Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуы, Әбілқайыр хан саясаты және оның жүзеге асуы, кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге қосылуы, қазақ жерлерін біріктіру мақсатындағы Абылай хан саясаты, Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы, қосылудың салдары;

XVIII-XIX ғасырлардағы Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары, 1822 және 1824 жылдардағы Жарғылар, Қазақстанда хандық жүйенің жойылуы, 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелер», 1886, 1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер», Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары;

Ресейдің Қазақстанда жүргізген көшіп-қондыру саясатының негізгі кезеңдері, казак әскері мен орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуы, Столыпиннің аграрлық реформасы және қоныстандырудың жаңа кезеңі, қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алу, қоныстандыру саясатының зардаптары;

Қазақстанға XIX ғасырдың екінші жартысында ресейлік және XX ғасырдың басында шетелдік капиталдың ене бастауы, Қазақстанның бүкілресейлік нарыққа ықпалдасуы, сауданың дамуы, жәрменкелер, темір жолдардың салынуы.

19. Қорытынды қайталау (2 сағат).

3. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны

20. Қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі (3 сағат):

XVI ғасырдың басы XVII ғасырларда қазақтардың ойраттарға қарсы соғыстары, Жоңғар хандығының құрылуы және XVII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі, Орбұлақ шайқасы, «Ақтабан шұбырынды», жоңғар шапқыншылығына қарсы бүкілхалықтық Отан соғысы, Бұланты, Аңырақай шайқастары, азаттық соғыстың жеңіспен аяқталуына үлес қосқан ұйымдастырушылар (Тәуке, Әбілқайыр, Абылай хандар, батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай; билер – Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Бәйбекұлы және Бұқар жырау), қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихи маңызы.

21. Қазақ халқының XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдің отаршылдық үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы (2 сағат):

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар (жалпы сипаттамасы, ерекшеліктері);

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, Сырым Датұлы көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы, көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, көтерілістің негізгі кезеңдері және оқиғалары, жеңілу себептері және қорытындылары, тарихи маңызы.

22. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар (3 сағат):

Кіші жүзде Жоламан Тіленшіұлы жетекшілігімен болған қозғалыс, көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, қорытындылары;

Бөкей Ордасында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басшылығымен болған көтеріліс, көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, Исатай мен Махамбет – көтеріліс басшылары, көтерілістің басталуы, кезеңдері және барысы, көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.

23. Кенесары Қасымұлы басшылығымен болған халық-азаттық қозғалыс (2 сағат):

халық-азаттық қозғалыстың алғышарттары және себептері, Саржан Қасымұлы бастаған қозғалыс, азаттық қозғалысының мақсаты, сипаты және қозғаушы күштері, Кенесары Қасымұлы, көтерілістің кезеңдері, басталуы, етек алуы, Кенесары хандығы, көтерілістің негізгі оқиғалары, патша өкіметінің көтерілісті басып-жаншуға жасаған әрекеті, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері, К.Қасымұлы бастаған халық-азаттық қозғалысының тарихи маңызы.

24. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар (2 сағат):

Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария қазақтарының көтерілісі; 1867-1868 жылдардағы Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер, 1870 жылғы Маңғыстаудағы көтеріліс.

25. «XX ғасыр басындағы ұлттық-демократиялық қозғалыс» (2 сағат):

XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар, XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобы және ұлттық-демократиялық қозғалыстар, зиялылар қауымы саяси қызметінің негізгі түрі және мазмұны.

26. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс (2 сағат):
1916 жылғы көтерілістің алғышарттары, себептері. Көтерілістің қозғаушы күштері,

сипаты, кезеңдері, көрнекті басшылары (Әбдіғафар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы т.б);
көтерілістің барысы, негізгі ошақтары, көтерілістің жеңілу себептері, жеңілістің зардаптары, патша өкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары, көтерілістің тарихи маңызы.
27. Қ а й т а л а у (1 с а ғ а т).

28. Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы саяси партиялар мен ағымдар. Ұлттық автономиялардың құрылуы (5 с а ғ а т):

Ресейде әртүрлі партиялардың құрылуы және олардың Қазақстандағы филиалдары, Қазақстандағы РСДЖП-ның социал-демократиялық ұйымдары, мұсылман партиялары, Қазақстандағы ұлттық саяси партиялар, «Алаш» партиясының құрылуы, саяси бағдарламасы және тарихи кезеңдері;

Ресей мен Қазақстандағы 1917 жылғы қазан социалистік революциясы, Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы («Үш жүз» партиясының құрылуы және оның тарихы»);

Қоқан автономиясының құрылуы және «Түркестани мухтариат» үкіметі;
«Алаш» партиясы жетекшілерінің Орынбордағы ІІ Жалпықазақ съезін шақыруы (1917 жылғы желтоқсан), Алаш үкіметінің құрылуы, «Алаш» автономиясы және «Алаш О р д а Х а л ы қ К е ң е с і .

29. 1918-1920 жылдардағы Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты (3 с а ғ а т) :

Қазақстан (1918-1920) азамат соғысы және шетел интервенциясы жылдарында, «әскери коммунизм» саясаты және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы, жер мен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік меншікке алу, Кеңес үкіметінің күш қолдану шаралары (азық-түлік салғырты, еңбек міндеткерлігі, азық-түлікті реквизициялау т.б);

«Әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары, 1921 жылғы жұт пен а ш т ы қ ;

«Жаңа экономикалық саясат» және оның Қазақстанда жүзеге асырылу тәжірибесі, ЖЭС-ты тоқтату және оның қорытындылары.

30. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан өнеркәсібі (3 с а ғ а т):

1920 жылдардың басындағы өнеркәсіптерді қалпына келтіру шаралары, Қазақстан өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі, Қазақстанда индустрияландыруды жүзеге асырудағы туындаған қиындықтар мен мәселелер, жетістіктер мен қателіктері, негізгі қ о р ы т ы н д ы л а р ы ;

Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы, өнеркәсіп саласының озаттары мен ж а ң а ш ы л д а р ы .

31. Қазақстанның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (2 с а ғ а т):

ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылының жағдайы, Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (іс-шаралардың жаппай және күш қолдану сипаты), көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру (седентаризация), 1931-1933

жылдардағы

ашаршылық;

Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.

32. «1920-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісі» (2 сағат):

Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы толқулар, көтерілістер және азаттық қозғалыстардың алғышарттары, себептері, 1921-1922 жылдардағы шаруалар толқулары ;

1929-1931 жж. шаруалар толқуларының себептері, қозғалыстың сипаты, негізгі ошақтары ;

1929 жылғы көтерілістер, негізгі оқиғалары, олардың басшылары, 1930 жылғы көтерілістер, олардың ірі орталықтары, басшылары, 1931 жылғы көтерілістер, олардың қамтыған аймақтары, басшылары ;

Кеңес өкіметінің жазалаушы әскерлерінің 1929-1931 жылдардағы азаттық жолындағы халық-азаттық қозғалысты қатыгездікпен басып-жаншуы, қарапайым халықтың көрші республикаларға және шетелдерге қоныс аударуы.

33. Қайталау (1 сағат).

34. 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі (4 сағат):

1920 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің сипаты, Республиканың партиялық және мемлекеттік басшылары, Ф.И.Голощекин және «Кіші Қазан», алдыңғы қатарлы қазақ зиялы қауымының «Кіші Қазан» саясатына қарсы күресі, Л.Мирзоян және оның Қазақстандағы қызметі ;

Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның құрылуы және Қазақ КСР-сы болып өзгеруі.

35. 1920-1930 жж. Қазақстандағы мәдениеттің дамуы (3 сағат):

сауатсыздықты жою, халыққа білім беру жүйесінің дамуы және саяси ағартушылық, Қазақстанның жоғарғы оқу орындары, ғылымның қалыптаса бастауы, Қазақстандық алғашқы ғылыми мекемелер ;

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы әдебиет пен өнер; Қазақ кеңес әдебиеттің қалыптасуы ;

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы өнер, бейнелеу өнері, музыка өнері, театр, кинематография.

36. Қазақстан Коммунистік партиясы мен комсомолы (1 сағат):

Коммунистік партияның құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Коммунистік партиясының басқару жүйесіндегі тоқыраудың көріністері, Қазақстан Коммунистік Жастар Одағы ұйымының құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері, атқарған қызметі, Қазақстандағы пионер ұйымы және оның қызметі.

37. Саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясы (3 сағат):

қуғын-сүргіннің негізгі кезеңдері, 1920-1930 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін, оппозицияны қырып-жою ;

1920-1930 жылдардағы шаруаларға қарсы жаппай қуғын-сүргін және кулактардың жойылуы, 1937-1938 жж. жаппай қуғын-сүргін ;

ГУЛАГ жүйесіндегі Қазақстан, Қазақстан аумағындағы «еңбекпен түзеу» лагерлері (Степлаг, Қарлаг, АЛЖИР және т.б.);

Қазақстанға халықтарды депортациялаудың негізгі кезеңдері, 1930 жылдары депортациялаудың басталуы, 1940-жылдары Қазақстанға басқа халықтарды депортациялау;

1940-1950 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін, «Хрущев кезеңіндегі» және «тоқырау» жылдарындағы ғылым мен шығармашылық зиялы қауым өкілдерін қудалау;

38. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (2 сағат):

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды», Қазақстандық Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы;

Қазақстан - соғыс арсеналы: қазақстандықтар – тыл қаһармандары.

39. Қайталау (1 сағат).

40. «1940-1970 ж.ж. Қазақстан» (3 сағат)

Қазақстандағы әскери-өндірістік кешен: атом полигонының құрылысы және Семей жеріндегі ядролық сынақтар, Байқоңыр» ғарыш айлағы.

Қазақстанда тың және тынайған жерлерді игеру, тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары.

1950-1970 жылдарындағы толқулар, қозғалыстар және көтерілістер, 1959 жылғы Теміртау қаласында болған оқиғалар, 1979 жылы Ақмола және тағы басқа қалаларда болған ереуілдер мен толқулар.

41. «80 жылдардағы толқулар, қозғалыстар және көтерілістер» (2 сағат)

1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары, Алматы қаласындағы басталған Желтоқсан оқиғаларының себептері, басталуға түрткі болған сылтау, оқиғалардың сипаты, қозғаушы күштері, 17-18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғалар, олардың басқа қалаларға әсері, жастардың бейбіт шеруін қарудың күшімен басып-жаншуы, желтоқсан оқиғаларының салдары, желтоқсан оқиғаларының жас батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалар), 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының тарихи маңызы, 1989 жылғы шахтерлердің бас көтеруі және Жаңаөзен қаласындағы наразылық.

42. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы: әлеуметтік-саяси үдерістер, мәдениет (5 сағат)

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы, тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі, Мемлекеттік рәміздері, мемлекеттік егемендік пен президент институтының нығаюы, Қазақстан Республикасының басқару формасы және билік тармақтары, елдегі саяси тұрақтылықтың негіздері;

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Ата заңы – болашақ кепілі, 1990 жылдардың екінші жартысындағы және 2007 жылғы конституциялық реформалар, қазіргі Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар;

ҚР Ұлттық саясаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы: Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы; «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының мәдениеті. ғылым, білім, өнер, спорт және т.б.

43. Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы (2 сағат):

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының негізгі кезеңдері, ғасырлар тоғысында (1998-2001жж.) экономиканың тұрақталуы, инвестициялық саясат және Қазақстандағы шетелдік инвестициялар, кәсіпкерліктің дамуы, шағын және орта бизнес ;

қазіргі кезеңдегі Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, экономикалық дамудың қорытындылары (жетістіктер мен мәселелер), Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы, әлемдік қаржы дағдарысы және Қазақстан экономикасын тұрақтандыру шаралары.

44. Қазақ диаспорасы (2 сағат):

диаспора, ирредент, оралман ұғымдары, қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы, 1920-1930 жылдардағы қазақ диаспорасының ұлғаюы;

ТМД елдеріндегі қазақтар, олардың Тәуелсіз Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы, дүние жүзі қазақтарының құрылтайлары, шетелдегі қазақтардың өз Отанына оралу мәселесі.

45. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы (2 сағат) :

Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейде танылуы, Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі сипатты белгілері;

Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясат; Қазақстан – дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі, Қазақстан – бүкіл әлемдік қоғамдастық төрағасы (ЕЫҚҰ), (ИКҰ).

46. «Қазақстан – 2030» – Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді бағдарламасы және «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (2 сағат) :

«Қазақстан – 2030» стратегиясы: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. «Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» бағдарламалық стратегияларының тарихи маңызы, ұзақ жылдарға арналған басым мақсаттар және жүзеге асыру стратегиялары.

47. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті (1 сағат), Н.Ә. Назарбаев – Ұлт көшбасшысы, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен дамуындағы Елбасының рөлі, Н.Ә. Назарбаев және Еуразия идеясы.

48. «Астана – Қазақстан Республикасының жаңа Елордасы» (1 сағат), жаңа астананы ауыстырудың тарихи маңызы, жаңа Астананың дамуы – Қазақстанның өрлеуінің нышаны, Астана – менің бас қалам.

49. Қорытынды қайталау (1 сағат).

4. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны

50. Кіріспе. Курстың міндеті, мазмұны және құрылымы (1 сағат). Қазақстан тас ғасырында (4 сағат):

тас ғасырын дәуірлерге бөлу, адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы, төменгі, орта және кейінгі палеолит, алғашқы адамдардың еңбек құралдары, әлеуметтік ұйым, мезолит дәуірі, Қазақстан неолит кезеңінде; неолиттік төңкеріс, энеолит, Ботай мәдениеті, тас дәуіріндегі Қазақстанның археологиялық ескерткіштері.

51. Қазақстан қола дәуірінде (3 сағат): Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдері), қола дәуіріндегі Орталық Қазақстан аумағы; кейінгі қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениеті; өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік.

52. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы (3 сағат): тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер туралы негізгі тарихи деректер, археологиялық деректер; сақ тайпалары туралы антикалық деректер, Геродоттың «Тарихы»; ертедегі парсы (ирандық), қытай деректері.

53. Қазақстан тарихындағы сақ тайпалары (4 сағат): Қазақстан ерте темір дәуірінде, сақ тайпалары (хаомаварга, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және тағы басқалары); Ежелгі Қазақстанның металлургиялық орталықтары, шаруашылық түрлері, әлеуметтік ұйым; сақтардың мәдениеті, скиф ұштағаны (триадасы), «Аң стилінің» таралуы, қоғамдық ұйымдар және идеология, археологиялық ескерткіштері.

54. Қазақстан территориясындағы ертедегі мемлекеттер (4 сағат): Үйсін мемлекеті, шаруашылығы, әлеуметтік-саяси ұйымдар, үйсіндердің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы, мәдениеті; қаңлылар, саяси тарихы, шаруашылығы, мәдениеті; ғұндар, б.з.б. III-I ғасырлардағы ғұндар мемлекеті, көршілермен қарым-қатынасы, шаруашылығы, әлеуметтік құрылымы, материалдық мәдениеті; ғұндар және халықтардың ұлы қоныс аударуы, ғұндар Еуропада, Аттила.

55. Қайталау (1 сағат).

56. Көшпелілер немесе дала өркениеті (3 сағат): көшпелілер және номадизм, көшпелі қоғамның өзіне тән шаруашылық жүргізу әдістері, әскери өнері, әскери-демократиялық басқару жүйесі; көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы байланыс, қалалар – көшпелі

және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір;

Ұлы Жібек жолы.

57. Қазақстан жеріндегі VI – XV ғасырлардағы мемлекеттер: этникалық және саяси тарихы (9 сағат):

көне түркілер, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы), Қазақстан аумағындағы Батыс-түрік, түркеш, қарлұқ, оғыз, кимақ мемлекеттері, қыпшақ мемлекеті; моңғол шапқыншылығы, Қазақстан аумағында XIV-XV ғасырлардағы жеке хандықтардың дамуының ерекшелігі, аумағы және рулық құрамы, ұлыстық жүйе, Алтын Орда және Ақ Орда, Ноғай Ордасы (Маңғыт жұрты), Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы).

58. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы (7 сағат):

«Этнос», «этногенез», «этноним» ұғымдарының мазмұны, қазақ халқының этногенезінің негізгі кезеңдері (қазақ халқының қалыптасу үдерістері), қазақ халқының қалыптасуының басталуы, қазақ жүздері, ру-тайпалық құрамы, «қазақ» этнонимі туралы, қазақ халқының антропологиялық типі және тілдік сипаты; қазақ хандығының құрылуы, Жәнібек пен Керей рөлі, XV-XVII ғ.ғ. қазақ хандығының саяси тарихы, қазақ хандары, хандықтағы басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы, «ақсүйек» және «қарасүйек» институттары, салықтар мен міндеткерліктер, әдеп құқығы және «Жеті Жарғы».

59. Қайталау (1 сағат).

60. Көшпелілердің рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары (12 сағат): рухани мәдениеттің даму ерекшелігі, дін (тәңірлік және т.б.) және наным-сенімдер, Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы; тіл мен жазу, ежелгі жазба ескерткіштері (түрік, соғда, араб), ғылым мен әдебиет (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри);

халық ауыз әдебиеті, ақындар мен жыраулар (Асан-қайғы, Қазтуған, Сыпыра, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар жыраулар), эпостар; музыка өнері, қолданбалы өнер, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар. ұлттық ойындар;

61. Қайталау.

62. Қазақстан Ресей империясының құрамында (14 сағат):

Ресейдің XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі шығыстағы саясаты, XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы, 1731 жылғы жарлық және А.И.Тевкелев елшілігі, Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуы, Әбілқайыр хан жоспары және оны жүзеге асыру, Кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге қосылуы, қазақ жерлерін біріктіру мақсатындағы Абылай хан саясаты, Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы, қосылудың салдары;

XVIII-XIX ғасырлардағы Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары, 1822,

1824 жылдардағы «Жарғылар», 1867-68 жылдардағы «Уақытша ережелер», 1886, 1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер», Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты мен реформалардың салдары;

Ресейдің Қазақстанда жүргізген көшіп-қондыру саясаты негізгі кезеңдері, казак әскері мен орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуы, Столыпиннің аграрлық реформасы және жаппай қоныстандырудың жаңа кезеңі, қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алу, қоныстандыру саясатының зардаптары;

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға ресейлік және XX ғасырдың басында шетелдік капиталдың ене бастауы, Қазақстанның бүкілресейлік нарыққа ықпалдасуы, сауданың дамуы, жәрмеңкелер, темір жолдардың салынуы.

63. Қайталау (1 сағат).

64. Қорытынды қайталау (1 сағат).

5. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны

65. Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі (3 сағат):

жоңғар хандығының құрылуы және XVII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі;

«Ақтабан шұбырынды...», жоңғар шапқыншылығына қарсы бүкілхалықтық Отан соғысы, Бұланты, Аңырақай шайқастары, отан соғысының жеңісін ұйымдастырушылар (Тәуке, Әбілқайыр, Абылай хандар, батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, шапырашты Наурызбай; билер – Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Бәйбекұлы және Бұқар жырау);

қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихи маңызы.

66. Қазақ халқының XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдің отаршылдық үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы (2 сағат):

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар (жалпы сипаттамасы, ерекшеліктері;

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, Сырым Датұлы көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы, көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, көтерілістің негізгі кезеңдері және оқиғалары, жеңілу себептері және қорытындылары, тарихи маңызы.

67. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар (3 сағат):

Кіші жүзде Жоламан Тіленшіұлы жетекшілігімен болған қозғалыс, көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, қорытындылары;

Бөкей Ордасында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басшылығымен болған көтеріліс, көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, көтерілістің басталуы, кезеңдері және барысы, көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.

68. Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған халық-азаттық қозғалыс (2 сағат)

халық-азаттық қозғалыстың алғышарттары және себептері, Саржан Қасымұлы бастаған қозғалыс, азаттық қозғалысының мақсаты, сипаты және қозғаушы күштері, Кенесары Қасымұлы, көтерілістің кезеңдері, басталуы, етек алуы, Кенесары хандығы, көтерілістің негізгі оқиғалары, патша өкіметінің көтерілісті басып-жаншуға жасаған әрекеті, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері, Кенесары Қасымұлы бастаған халық-азаттық қозғалысының тарихи маңызы.

69. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар (2 сағат):

Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария қазақтарының көтерілісі; 1867-1868 жылдардағы Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер, 1870 жылғы Маңғыстаудағы көтеріліс.

70. XX ғасыр басындағы халықтық-демократиялық қозғалыс (2 сағат):

XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар, XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобы және ұлттық-демократиялық қозғалыстар, зиялылар қауымының саяси қызметінің негізгі түрлері және мазмұны.

71. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс (2 сағат):

1916 жылғы көтерілістің алғышарттары, себептері, көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері;

көтерілістің көрнекті басшылары (Әбдіғафар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы және т.б.);

көтерілістің барысы, оның негізгі ошақтары, көтерілістің жеңілу себептері, жеңілістің зардаптары, патша өкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары, көтерілістің тарихи маңызы;

72. Қайталау (1 сағат).

73. Қазақстандағы XX ғасыр басындағы саяси партиялар мен ағымдар. Ұлттық автономиялардың құрылуы (5 сағат):

Ресейде әртүрлі партиялардың құрылуы және олардың Қазақстандағы филиалдары, Қазақстандағы РСДЖП-ның социал-демократиялық ұйымдары, мұсылман партиялары, «Алаш» партиясының құрылуы, «Алаш» партиясының саяси бағдарламасы;

Ресей мен Қазақстандағы 1917 жылғы қазан социалистік революциясы, Қазақстанда Кеңес билігінің орнауы («Үш жүз» партиясының құрылуы және оның тарихы);

Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы және «Түркестани мухтариат» үкіметі ;

«Алаш» партиясы жетекшілерінің Орынбордағы II Жалпықазақ съезін шақыруы (1917 жылғы желтоқсан), Алаш үкіметінің құрылуы, «Алаш» автономиясы және «Алаш Орда» Халық Кеңесі.

74. 1918-1920 жылдардағы Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты (3 сағат) :

Қазақстан (1918-1920) азамат соғысы және шетел интервенциясы жылдарында «әскери коммунизм» саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы;

жер мен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік меншікке алу, «әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары, 1921 жылғы жұт пен аштық; «Жаңа экономикалық саясат» және оның Қазақстанда жүзеге асырылу тәжірибесі, ЖЭС-ты тоқтату және оның қорытындылары.

75. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан өнеркәсібі (3 сағат): 1920 жылдың басындағы өнеркәсіпті қалпына келтіру шаралары; Қазақстан өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі, Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асырудағы туындаған қиындықтар мен мәселелер, жетістіктер мен қателіктері, негізгі қорытындылары, Қазақстан жұмысшы табының қалыптасуы, өнеркәсіп саласының озаттары мен жаңашылдары.

76. Қазақстанның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (2 сағат): ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылының жағдайы; Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (іс-шаралардың жаппай және күш қолдану сипаты), көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру (седентаризация)

1931-1933 жылдардағы ашаршылық; Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.

77. 1920-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісі (2 сағат): 1921-1922 жылдардағы шаруалар толқулары; 1929-1931 жж. шаруалар толқуларының себептері, қозғалыстың сипаты, негізгі о ш а қ т а р ы ;

Кеңес өкіметінің жазалаушы әскерлерінің 1929-1931 жылдардағы азаттық жолындағы халық-азаттық қозғалысты қатыгездікпен басып-жаншуы, қарапайым халықтың көрші республикаларға және шетелдерге қоныс аударуы.

78. Қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

79. 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі (4 сағат): 1920 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің сипаты, республиканың партиялық және мемлекеттік басшылары, Ф.И.Голощекин және «Кіші Қазан», алдыңғы қатарлы қазақ зиялы қауымының «Кіші Қазан» саясатына қарсы күресі, Л.Мирзоян және оның Қ а з а қ с т а н д а ғ ы қ ы з м е т і ;

Қырғыз (Қазақ)АКСР-ның құрылуы және Қазақ КСР-сы болып өзгеруі.

80. 1920-1930 жж. Қазақстандағы мәдениеттің дамуы (3 сағат): сауатсыздықты жою, халыққа білім беру жүйесінің дамуы және саяси ағартушылық, Қазақстанның жоғарғы оқу орындары, ғылымның қалыптаса бастауы, Қазақстандық а л ғ а ш қ ы ғ ы л ы м и м е к е м е л е р ;

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы әдебиет пен өнер; Қазақ кеңес ә д е б и е т т і ң қ а л ы п т а с у ы ;

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы өнер, бейнелеу өнері, музыка өнері, т е а т р , к и н е м а т о г р а ф и я .

81. Қазақстан Коммунистік партиясы мен комсомолы (1 сағат):

Коммунистік партияның құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Коммунистік партиясының басқару жүйесіндегі тоқыраудың көріністері, Қазақстан Коммунистік Жастар Одағы ұйымының құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері, атқарған қызметі, Қазақстандағы пионер ұйымы және оның қызметі.

82. Саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясы (3 сағат):

қуғын-сүргіннің негізгі кезеңдері, 1920-1930 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін, 1937-1938 жж. жаппай қуғын-сүргін;

ГУЛАГ жүйесіндегі Қазақстан, Қазақстан аумағындағы «еңбекпен түзеу» лагерлері (Степлаг, Қарлаг, АЛЖИР және т.б.), Қазақстанға халықтарды депортациялаудың негізгі кезеңдері;

1940-1950 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін, «Хрущев кезеңіндегі» және тоқырау жылдарындағы ғылым және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін қудалау.

83. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (2 сағат):

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды», Қазақстандық Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы;

Қазақстан - соғыс арсеналы: қазақстандықтар – тыл қаһармандары.

84. Қайталау (1 сағат).

85. «1940-1970 ж.ж. Қазақстан» (3 сағат):

Қазақстандағы әскери-өндірістік кешен: атом полигонының құрылысы және Семей жеріндегі ядролық сынақтар, Байқоңыр» ғарыш айлағы.

Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру, тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары.

1950-1970 жылдарындағы толқулар, қозғалыстар және көтерілістер, 1959 жылғы Теміртау қаласында болған оқиғалар, 1979 жылы Ақмола және тағы басқа қалаларда болған ереуілдер мен толқулар.

86. «1980 жылдардағы толқулар, қозғалыстар және көтерілістер» (2 сағат):

1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары, Алматы қаласындағы басталған Желтоқсан оқиғаларының себептері, басталуға түрткі болған сылтау, оқиғалардың сипаты, қозғаушы күштері, 17-18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғалар, олардың басқа қалаларға әсері, жастардың бейбіт шеруін қарудың күшімен басып-жаншуы, желтоқсан оқиғаларының салдары, желтоқсан оқиғаларының жас батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалар), 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының тарихи маңызы, 1989 жылғы шахтерлердің бас көтеруі және Жаңаөзен қаласындағы наразылық.

87. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы: әлеуметтік-саяси үдерістер, мәдениет (5 сағат)

) :

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы, тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі,

Мемлекеттік рәміздері, мемлекеттік егемендік пен президент институтының нығаюы, Қазақстан Республикасының басқару формасы және билік тармақтары, елдегі саяси тұрақтылықтың негіздері;

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Ата заңы – болашақ кепілі, 1990 жылдардың екінші жартысындағы және 2007 жылғы конституциялық реформалар, қазіргі Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар;

ҚР Ұлттық саясат, Қазақстан халқы Ассамблеясы: Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы; «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының мәдениеті, ғылым, білім, өнер, спорт және т.б.

88. Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы (2 сағат):

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының негізгі кезеңдері; ғасырлар тоғысында (1998-2001жж.) экономиканың тұрақталуы, инвестициялық саясат және Қазақстандағы шетелдік инвестициялар, кәсіпкерліктің дамуы, шағын және орта бизнес;

қазіргі кезеңдегі Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, экономикалық дамудың қорытындылары (жетістіктер мен мәселелер);

Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы, әлемдік қаржы дағдарысы және Қазақстан экономикасын тұрақтандыру шаралары.

89. Қазақ диаспорасы (2 сағат):

диаспора, ирредент, оралман ұғымдары, қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы, 1920-1930 жылдардағы қазақ диаспорасының ұлғаюы;

ТМД елдеріндегі қазақтар, олардың Тәуелсіз Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы, дүние жүзі қазақтарының құрылтайлары, шетелдегі қазақтардың өз Отанына оралу мәселесі.

90. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы (2 сағат) :

Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, Қазақстанның сыртқы саясаттың негізгі сипатты белгілері, көпвекторлы сыртқы саясат;

Қазақстан – дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі, Қазақстан – бүкіл әлемдік қоғамдастық төрағасы (ЕЫҚҰ), (ИКҰ).

91. «Қазақстан – 2030» – Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді бағдарламасы және «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (2 сағат) :

«Қазақстан – 2030» стратегиясы: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. «Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» бағдарламалық стратегияларының тарихи маңызы, ұзақ жылдарға арналған басым мақсаттар және жүзеге асыру стратегиялары.

92. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті (1 сағат),

Н.Ә.Назарбаев – Ұлт көшбасшысы», Тәуелсіз Қазақстан Республикасының

қалыптасуы мен дамуындағы Елбасының рөлі, Н.Ә. Назарбаев және Еуразия идеясы.

93. «Астана – Қазақстан Республикасының жаңа Елордасы» (1 сағат): астананы ауыстырудың тарихи маңызы, жаңа Астананың дамуы –Қазақстанның өрлеуінің нышаны, Астана – менің бас қалам.

94. Қорытынды қайталау (1 сағат).

6. Оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

95. Пәндік нәтижелер. 10-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерін;
- 2) Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерінің хронологиялық шеңберін;
- 3) Қазақстан тарихының негізгі тарихи мәселелерінің зерттелу жайы, ондағы түрлі көз қарастар туралы;
- 4) көшпелілер өркениетінің тарихтағы орнын, дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін;
- 5) қазақтың көшпелі өркениеті туралы;
- 6) Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің пайда болуы, қалыптасуы және дамуын;
- 7) қазақ қоғамының материалдық, рухани жетістіктері, оның өзіндік ерекшеліктері туралы;
- 8) қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, исламның қазақ қоғамындағы рөлін;
- 9) Қазақстан тарихындағы Ұлы Жібек жолының тарихи маңызын білуі тиіс.

96. 10-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) Қазақстан тарихы әлем тарихының құрамдас бөлігі екендігін дәлелдей білуді;
- 2) тарихи оқиғалар мен фактілердің хронологиялық және синхрондық таблицаларын жасауды;
- 3) қазақ халқының шығу тегін, этникалық тарихын, даму, қалыптасу үдерісін ашып көрсете алуды;
- 4) Қазақстан жеріндегі мемлекеттердің құрылымын дүниежүзі тарихындағы басқа мемлекеттермен салыстыра алуды;
- 5) сәулет өнер ескерткіштерінің тарихына және мәдениетке сипаттама бере алуды;
- 6) мәдениет қайраткерлерінің (ғалымдар, ойшылдар, ақын-жыраулар, сазгерлер) қызметіне сипаттама бере алуды;
- 7) Қазақстанның Ресей империясына қосылу үдерісі, жаулап алуы, отаршылдық саясатының салдарын ашып көрсетуді;
- 8) XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттай алуды меңгеруі тиіс.

97. 11 сыныптың соңында оқушылар:

1) Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестері мен қозғалыстарының тарихын, XVIII-XIX ғасырлардағы басты-басты ұлт-азаттық қозғалыстарды, олардың себептерін, негізгі оқиғаларын, нәтижелері мен салдарын;

2) XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдардың, олардың бағдарламаларының мәнін;

3) Ресейдегі саяси, революциялық оқиғалардың Қазақстанға әсері туралы;

4) 1920-1930-жылдардағы мәдениет саласындағы негізгі өзгерістерді, осы саясаттың мәнін;

5) патша өкіметі мен Кеңес мемлекетінің қоныс аудару саясатын, тың және тыңайған жерлерді игеру, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының көшіп-қону саясатының мәнін;

6) Қазақстан Коммунистік партиясы мен комсомолының тарихы мен қызметін;

7) қазақ тілінің – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі мен маңызын;

8) қазақ диаспорасының өткен және қазіргі тарихын;

9) Қазақстанның тарихи-жағрафиялық орналасуын, онымен шектесетін мемлекеттерді, түрлі кезеңдердегі Қазақстан территориясында болған тарихи оқиғаларды білуі тиіс.

98. 11 сыныптың соңында оқушылар:

1) ұлт-азаттық күрес басшыларының қызметіне баға бере білуді;

2) қазақтың ұлттық интеллигенциялары мен оның көрнекті қайраткерлерінің қызметіне сипаттама бере алуды;

3) «Алаш» партиясының қызметіне, оның саяси бағдарламасына баға бере білуді;

4) 1920-1930 жылдардағы ауыл шаруашылығының жағдайын, бай қожалықтарын тәркілеу, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландыру, кулактар мен байларды тап ретінде жою саясатының мәнін ашып көрсетуді;

5) 1931-1933 жылдары болған ашаршылықтың және халық көтерілістерінің себептерін түсіндіріп бере алуды, олардың зардаптарын анықтай білуді;

6) 1930-жылдардағы болған жаппай қуғын-сүргіннің мақсатын, оның зардаптарын ашып көрсете алуды, оларға өз көзқарасын білдіруді;

7) мәдениет саласындағы пікірталастарда өз көзқарасын білдіре алуды;

8) Қазақстандағы көпұлттылықтың себептерін, түрлі тарихи кезеңдердегі ұлтаралық қатынас саясатының және демографиялық жағдайлардың мәнін ашып көрсете алуды;

9) тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы негізгі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірдегі, сыртқы саясаттағы негізгі өзгерістерге талдау жасай білуді;

10) қазіргі Қазақстандағы орын алған қиындықтар мен проблемаларға өз пікірін білдіруді;

11) мұрағаттағы тарихи құжаттар, кітапханалардағы қажетті материалдар, каталог-карточкалар, мұражайлардағы мұрағаттар бойынша өз бетімен жұмыс істеп, оның нәтижесін күнделікті сабақтарда пайдалана алуды;

12) мерзімді баспасөз материалдарын күнделікті оқу үдерісінде пайдалана білуді меңгеруі тиіс.

99. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және құқықтық тәртіпке сыйластықпен қараудан;

2) азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет етуден;

3) мемлекеттік және ана тілін меңгеру, Қазақстан территориясында тұратын халықтардың, басқа да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуден;

4) туған өлкесінің табиғатын сақтау және аялау, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік көрсетуден;

5) салауатты өмір сүру, өзін қорғау және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін сақтау дағдыларынан;

6) өз бетімен білім алу және өзін өзі жүзеге асыра білу, жасампаздық еңбекке қабілеттілігін ынталандыра білуінен;

7) үлкенге құрмет және кішіге ізет көрсете білуінен;

8) әлеуметтік ортаның ерекшелігін дұрыс бағалай білу, діни ағымдарды, идеологияны, құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білуінен көрініс табуы тиіс.

100. Жүйелі-іс әрекеттік нәтижелер. Оқушылар:

1) ғылым негіздері және адамзат қоғамының дамуы үшін қажетті ғылыми жетістіктер бойынша игерген жүйелі білімді;

2) ғылыми ақпаратты талдау, өңдеу, жинақтай білу және оларды қолдана алуы;

3) танымдық, жобалау, құрастыру және іздену, шығармашылықпен қолдану әдістерін;

4) қазіргі ақпараттық-коммуникативті технологияларды;

5) жоғары коммуникативтік қабілеттілік пен көптілді мәдениеттілікті қолдана білуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 03 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 66-қосымша

Жалпы білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Адам. Қоғам. Құқық.» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Пәнді оқытудың мақсаты – дүниетаным құрылымы, негізгі элементтері және тарихи түрлері, философияның адам мен қоғам өміріндегі ролі, адамның әлемге деген танымдық қатынасы, қоғамдық қарым-қатынас жүйесі мен құқықтық реттеудегі адамның орны туралы жүйелі білім қалыптастыру. Азаматтық ұстаным, өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен құрметпен қарауын тәрбиелеу.

3. Пәнді оқытудың міндеттері:

1) оқушылардың қоғамдық даму заңдылығы мен ұғымын қалыптастыру; 2) ақыл-ой мәдениеті ретінде философия түсінігін, философиялық сұрақтар мен жауаптардың ерекшеліктерін түсіндіру;

3) әлемді сезімдік және рационалдық тану арасындағы байланыстарды, діни және ғылыми таным мен философия, антропология арасындағы байланыстарды анықтау;

4) адам құндылығы, құқығы мен бостандығы туралы білім беру, оларға баға бере білуге үйрету;

5) жоғарғы моралдық сапаларды, белсенді азаматтық ұстанымдар мен патриоттық сезімді, адам мен табиғатқа деген философиялық көзқарасты қалыптастыру;

6) этникалық және тұлғааралық қатынастарда төзімділікті сақтауға тәрбиелеу;

7) қоғамдық дамудың заңдарын білу негізінде құқықтық, жемқорлыққа қарсы және саяси мәдениетке тәрбиелеу;

8) заң ілімдері, жемқорлыққа қарсы заңнамалар, экономикалық теория, саясаттану, әлеуметтану негіздері, жеке және көпшілік құқықтың заңнамалық нормалары туралы білім беру;

9) ғылыми және құқықтық терминологияны қолдана білуге үйрету;

10) оқушылардың сыни тұрғыда ойлай білуін дамыту;

11) зерттеу әдістерінің көмегімен барлық мәселелерді шеше білу қабілетін қалыптастыру.

4. Пәнаралық байланыс:

1) «Қазақ тілі және әдебиет»:

адамға, адам өмірінің мәні мен мақсатына арналған көркем туындылар оқушылардың бойындағы ар-ұят, абырой сияқты асыл қасиеттердің ашылуына септігін

т и г і з е д і ;

2) « Д ү н и е ж ү з і т а р и х ы » :

алғашқы қауымдық қоғам туралы, ертедегі мемлекеттер, сөйлеу құралы ретіндегі тіл мен сөздің, адамның, рудың, тайпалардың пайда болуы туралы білу; діни түсініктер мен әлемдік діндердің пайда болуы, ұлттардың, ұлттық мемлекеттердің, азаматтық қоғамның қалыптасуы туралы білім;

3) « Қ а з а қ с т а н т а р и х ы » :

қазақ халқының көшпенді өркениеті, шаруашылығы, діни мен дәстүрі, ислам дінінің мәдениеттің дамуына әсері туралы білім беруде, қазақтардың дәстүрлі құқығы, «Жеті ж а р ғ ы » ;

4) « Ф и з и к а » :

жер құрылысы, уақыт, кеңестік пен материя туралы білім беруде, физикалық үдерістердің адам мен қоғамға әсері туралы білім;

5) « Б и о л о г и я » :

адам мен адамзат қоғамының пайда болуы, табиғат пен адамның өзара байланысы туралы білім беруде;

6) « Г е о г р а ф и я » :

табиғи қор және оларды тиімді пайдалану, Қазақстан Республикасының Қазақстан табиғатын қорғауға бағытталған заңдары, халықаралық дәрежеде табиғатты қорғау бойынша шаралар туралы білім беру.

5. Оқу жүктемесінің көлемі:
қоғамдық-гуманитарлық бағыт

1) 10 сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 11 сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат
жаратылыстану-математикалық бағыт

3) 10 сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

4) 11 сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

2. Оқу пәнінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы

10-сыныбына арналған базалық білім мазмұны

6. «Адам және дүние» (9 сағат):

«Адам және оның дүниетанымы» (2 сағат), дүниетаным ұғымы, дүниетаным құрылымы, дүниетанымның негізгі элементтері, дүниетанымның қоғамдық-тарихи және жеке сипаты, өмірлік-практикалық және теориялық дүниетаным. гуманитарлық көзқарастың ерекшелігі;

«Дүниетанымның тарихи үлгілері», мифологиялық, діни, философиялық дүниетанымның ерекшеліктері, мифологиялық, діни, философиялық дүниетанымдағы адамның бейнесі, әлеуметтік гуманитарлық көзқарастағы адам және әлем;

«Адамның дүниеге деген танымдық қатынасы» (3 сағат), әлемді тану мәселесі, адамның танымдық қызметі, сезінушілік және тиімді таным, ақиқат ұғымы, оның өлшемдері, гуманитарлық білімнің ерекшелігі;

«Ғылыми таным», ғылымның шығуы, ғылыми ойдың негізгі ерекшеліктері, ғылыми зерттеу әдістері, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік жауапкершілік және ғ а л ы м д а р г у м а н и з м і ;

«Білім және білім беру», білім туралы қазіргі ұғым, ақпарат, білім, даналық, білім және білімділік, өзіндік білімнің қажеттілігі, өмір бойғы білім, гуманитарлық білім б е р у д і ң е р е к ш е л і г і ;

«Адами қызметтегі бостандық, қажеттілік және жауапкершілік» (3 сағат), адам өміріндегі құндылықтар, құндылық туралы ұғым, құндылықты таңдау мәселесі, құндылық және өмірлік бағыт, адамның өмірі құндылық ретінде;

«Еркіндік және қажеттілік», еркіндік ұғымы, еркіндік әлеуметтік және жеке құндылық ретінде, табиғи және әлеуметтік қажеттілік, еркіндік саналы қажеттілік;

«Еркіндік және жауапкершілік», адамның ішкі және сыртқы еркіндігі, еркіндік адамның тұлғасы қалыптасуының шарты, тұлғаның өз өмірі үшін жауапкершілігі; қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

7. «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі адам» (14 сағат):

«Қазіргі қоғам» (2 сағат), қоғамдық дамудың заңдылықтары, эволюция және революция әлеуметтік өзгерістің формалары ретінде, қоғамдық үдеріс ұғымы, оның қайшылығы, дәстүрлі (аграрлық) қоғам, индустриялы қоғам, постиндустриалдық (а қ п а р а т т ы қ) қ о ғ а м , ә л е у м е т т і к ж а н а р т у ұ ғ ы м ы ;

«Қазіргі өркениеттің ерекшеліктері», қазіргі қоғам және өркениет, жаһандану үдерісі, жаһандануға қарсылық, компьютерлік революция, қоғам және адам ХХІ ғасырдың қауіп-қатерлері алдында, ғаламдық мәселені шешудегі гуманитарлық ғ ы л ы м н ы ң р ө л і ;

«Әлеуметтік қатынастар» (3 сағат), әлеуметтену үдерістері, индивидтің әлеуметтенуі, тұлғаның әлеуметтік статусы, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар, әлеуметтік қақтығыстар мен олардың конструктивтік шешімі;

«Отбасы әлеуметтік топ ретінде», отбасының әлеуметтік рөлі, нормалары, құндылықтары, отбасындағы тұлға аралық қатынастар, отбасылық қатынастар этикасы, отбасылық парыз, отбасы мүшелеріне қамқорлық таныту;

«Адамның көпұлтты қоғамдағы қарым-қатынасы», этникалық тұтастықтар, ұлттық сана, қазіргі әлемдегі ұлтаралық қатынастың дамуы, ұлтаралық жанжалдың себептері және оның шешімі, ұлтаралық келісім және ұлттық бірлік, Қазақстанның гүлденуі мен әлеуметтік игілігінің негізі ретінде;

«Нарықтық субъектінің экономикалық тәртібі» (3 сағат), тұтынушының экономикалық мәдениеті, нарықтық экономикадағы тұтынушының тәртібі, табыс көздері, қорлар, тұтынушының шығындары, тұтыну бюджетін жоспарлау,

тұтынушылық несие, тұтынушыны қорғау, сұраныс, сұраныс заңы, сұраныс ф а к т о р л а р ы ;

«Өндірушінің экономикалық мәдениеті», нарықтық экономикадағы өндірушілердің мінез құлқы, өдіріс және өндірістік факторлар, бизнесті ұйымдастырудың негізгі формасы (жеке кәсіпкерлік, серіктестік, акционерлік қоғам), бизнес жоспар әзірлеудің принциптері, ұсыныс, ұсыныс заңы, фирманың шығыны мен пайдасы;

«Нарықтық құрылымның үлгілері», жетілген бәсекелестік, монополистік бәсеке, олигополия, монополия, экономиканы монополиялаудың салдары, мемлекеттің монополияға қарсы саясаты, экономикадағы жемқорлық құбылыстар нарықтық қатынастарды бұзудың салдары ретінде;

«Саяси жүйе» (2 сағат), саясат және мемлекет, мемлекет ұғымы мен белгілері, мемлекеттік егемендік, мемлекеттік билік, мемлекеттің формалары (басқару формасы, әкімшілік-аумақтық құрылымы), саяси режим, тоталитаризм, авторитаризм, д е м о к р а т и я ;

«Азаматтың саяси өмірге қатысуы», демократиялық саясаттың негіздері, сайлаулар, референдум, жергілікті өзін өзі басқару, саяси партиялар мен қозғалыстар, олардың қоғамдық өмірдегі рөлдері, Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар;

«Рухани мәдениет» (3 сағат), қоғамның рухани құндылықтары, руханилық ұғымы, адамның рухани мәдениетінің негіздері, рухани құндылықтар, рухани мұра және оның қоғамдағы маңызы, руханилық және гуманизм;

«Тұлғаның адамдық негіздері», руханият және адамгершілік, тұлғаның адамдық ұстанымдары, ізгілік және зұлымдық, қарыз және ұят, моралдік идеал, отаншылдық және азаматшылдық, кәсіби этика және жемқорлықты қабылдамау, тәрбие мен білімнің а д а м г е р ш і л і к қ ы з м е т т е р і ;

«Діни төзімділік», дін, діни ұйымдар және бірлестіктер, қазіргі қоғам өміріндегі оның рөлі, ар-ождан еркіндігі және діни төзімділік, дін және гуманитарлық ой, діни жән діни емес дүниетанымдардың диалогы, діни экстремизмнің алдын алу; қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

8. «Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу» (10 сағат):

«Адам мен азаматтың құқығы және міндеттері» (2 сағат), конституциялық құқық және міндеттер, адам құқығы ұғымы, азаматтық ұғымы, адамның және азаматтың құқығы, адамның және азаматтың міндеттері, Қазақстан Республикасындағы адамдар және азаматтар құқығы мен бостандығының конституциялық кепілі;

«Адам құқықтары және оны қорғау», Қазақстан азаматтары құқығы мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау, адам құқығын халықаралық-құқықтық қорғау, адам құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық-құқықтық актілер, жемқорлық адам құқықтарын бұзу формасы ретінде;

«Жеке құқықтың негізгі салалары» (4 сағат), азаматтық құқықтың негіздері, азаматтық құқық ұғымы және негізгі бастаулары, азаматтық құқықтың ұстанымдары,

азаматтық құқық субъектілері, меншік құқығы, кәмелетке толмағандар мүліктік қатынасқа қатысушылар ретінде, азаматтық-құқықтық келісімнің негізгі түрлері,
т ұ т ы н у ш ы қ ұ қ ы қ т а р ы ;

«Еңбек құқығының негіздері», еңбек құқығы ұғымы және негізгі бастаулары, еңбек қатынастары аясындағы кепілдемелер, еңбек шарты, еңбек шартын бекіту және бұзу, кәмелетке толмағандар еңбегінің ерекшеліктері, жұмыс және демалыс уақыты,
т ә р т і п т і к ж а у а п к е р ш і л і к ;

«Отбасылық құқық негіздері», отбасылық құқық ұғымы және негізгі бастаулары, отбасылық құқықтағы негізгі ұғымдар, некелік-отбасылық құқықтың принциптері, неке тұжырымының шарттары, некені тоқтату, ерлі-зайыптылардың міндеттері, некелік келісім,
б а л а қ ұ қ ы қ т а р ы ;

«Экологиялық құқық негіздері», экологиялық құқық ұғымы және негізгі бастаулары, экологиялық құқық ұстанымдары, экологиялық заңмен қорғалатын негізгі нысан, табиғатты пайдалану түсінігі мен түрлері, экологиялық құқықтағы азаматтардың құқығы мен міндеттері, экологиялық құқықбұзушылық және ол үшін жауаптылық;

«Көпшілік құқықтың негізгі салалары» (3 сағат), әкімшілік құқық негіздері, әкімшілік құқық ұғымы және негізгі бастаулары, негізгі және туынды нормативтік актілері, мемлекет қызметінің басқару жүйесіндегі негізгі бағыттары, мемлекеттік мекеме және кәсіпорындар, мемлекеттік қызмет ұғымы, әкімшілік құқықбұзушылық және
ә к і м ш і л і к ж а у а п к е р ш і л і к ;

«Қылмыстық құқықтың негіздері», қылмыстық құқық ұғымы және негізгі бастаулары, қылмыстық заңнама құрылымы, қылмыстық құқықтың мақсаты мен ұстанымдары, қылмыс ұғымы және түрлері, қылмыс құрамы ұғымы, қажетті және аса қажетті қорғаныс, қылмыстық жаза ұғымы және түрлері;

«Іс-жүргізу құқығы негіздері», іс-жүргізу құқығы түсінігі, қылмыстық іс-жүргізу құқығы ұғымы және негізгі бастаулары, қылмыстық процестің мақсаты мен тәртібі, қылмыстық процестің негізгі принциптері, азаматтық іс-жүргізу құқығы ұғымы және негізгі бастаулары, азаматтық сот-ісінің принциптері, Қазақстан Республикасындағы
с о т ж ү й е с і ;

«Жемқорлыққа қарсы заңнамалар негізі», жемқорлыққа қарсы заңнамаларды іске асыру механизмі және негізгі ұғымдары, жемқорлық көріністері барысында Қазақстан азаматтарының құқықтары мен еркіндігін қорғау, жемқорлыққа қарсы тұру саласында негізгі халықаралық-құқықтық актілер және шетелдік тәжірибелер;
қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

9. Қорытынды қайталау (1 сағат).

3. Оқу пәнінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныбына арналған базалық білім мазмұны

10. «Философия негіздері» (7 сағат):

«Философия дегеніміз не?» (2 сағат), философияның адам өміріндегі және қоғамдағы рөлі, философия – ақылға деген құштарлық, философия – өмір туралы парасатты ілім, философия – ақыл мәдениеті;

«Философия даналық мектебі ретінде», философ деген кім, алғашқы философтар және олардың ілімі, өз-өзінді тани біл, философиялық сұрақтар мен жауаптардың ерекшеліктері;

«Философия антропология» (2 сағат), адам-философияның басты мәселесі, адамға қатысты философиялық мәселелердің мәні мен ерекшелігі, адамның философиядағы негізгі бейнесі, адамның адам болуға деген ұмтылысы;

«Өмірдің мәнін іздеудегі адам», өмірдің мағынасы туралы философия, адам бағыты, қазіргі заманғы өркениеттегі адамның жағдайы, «адам капиталы» туралы түсінік және оның мағынасы;

«Әлеуметтік философия» (2 сағат), қоғамға деген философиялық көзқарас, күрделі ұйымдастырылған жүйе ретіндегі қоғам туралы түсініктер, қоғамдық дамудың негізгі теориялары, қоғамдық дамудың қозғалыс күштері, философия тарихы;

«Гуманитарлық білімнің философиялық мәселелері», мәдениет философиясы, білім философиясы, саясат философиясы, құқық философиясы, дін философиясы; қайталау (1 сағат).

11. «Әлеуметтану негіздері» (8 сағат):

«Әлеуметтану ғылым ретінде» (2 сағат), әлеуметтанудың пайда болуы және дамуы, әлеуметтанудың объектісі мен пәні, әлеуметтанудағы негізгі сұрақтар, зерттеудің әлеуметтанулық әдістерінің ерекшеліктері;

«Әлеуметтанулық білім», әлеуметтанудың гуманитарлық білімдермен өзара әрекеттесуі, әлеуметтану білімінің құрылысы, қазіргі заманғы қоғам мәселесін түсінудегі әлеуметтанулық тәсілдердің ролі;

«Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде» (2 сағат), қоғам өзара байланыс жүйесі ретінде, әлеуметтік өзара қарым қатынастардың түрлері, әлеуметтік топтар, олардың түрлері, әлеуметтік институттар және оның түрлері, әлеуметтік институттың негізгі қызметтері, әлеуметтік тәртіп және қақтығыс, артық мінез құлық және әлеуметтік бақылау, азаматтық қоғам саясатта, экономикада жемқорлық құбылыстарына қарсы күрес факторы ретінде;

«Әлеуметтік стратификация және ұтқырлық», қазіргі қоғамдағы орта топтың рөлі және маңызы, әлеуметтік мүдделер, әлеуметтік қақтығыстың себептері, әлеуметтік қақтығыстың сипаттамасы, әлеуметтік қақтығысты басқару, әлеуметтік қақтығысты шешу жолдары, жемқорлық әлеуметтік шиеленіс формасы ретінде, жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру;

«Тұлға және қоғам» (3 сағат), тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік факторлар, әлеуметтік мінез-құлық, әлеуметтік рөл, жас жеткіншектік кезеңдегі әлеуметтік

рольдер, жастар субмәдениетінің ерекшеліктері, жастардың кәсіби және әлеуметтік бағыты, әлеуметтік тұрмыс қызығушылығы, тұрмыстық қатынас мәдениеті, жемқорлыққа қарсы жастар санасын қалыптастыру жастарды әлеуметтендіру факторы
р е т і н д е ;

«Қазіргі әлемдегі этникалық көптүрлілік», ұлыс және ұлт, этномәдени құндылықтар және салт-дәстүр, этностың ментальдық ерекшеліктері, ұлтаралық ынтымақтастық және келіспеушіліктер, ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу мәселелері;

«Қазіргі діни жағдай», діни өмірдегі әлеуметтік жағдайлар, дін әлеуметтануы, діни конфессиялар, конфессия аралық серіктестік, жастар ортасында діни экстремизмді
а л д ы н а л у қ а ж е т т і л і г і ;

қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

12. «Саясаттану негіздері» (6 сағат):

«Саясаттану дегеніміз не?» (2 сағат), саясаттану ғылым ретінде, саясаттанудың пайда болуы, саясаттанудың негізгі мәселелері, саясаттанудың негізгі т ұ ж ы р ы м д а м а л а р ы ;

«Саясаттанулық білім», саясаттану білімінің құрылысы, саясат технологиясы және оның әлеуметтік мағынасы, қоғамдық өмірді басқаруға саналы түрде қатысу үшін с а я с а т т а н у б і л і м д е р і н і ң м а ң ы з ы ;

«Саясат және мәдениет» (3 сағат), саясат өнер ретінде, қоғамдық қатынастарды саяси реттеудегі ерекшеліктер, саяси жүйе, оның құрылымы, қызметі, саяси институттар жөнінде түсінік, нормалары, коммуникациялары, үдерістері;

«Саяси мәдениет», билік және саясат, қоғамдық билік туралы түсінік, биліктің шығуы, билік қарым-қатынастарының типологиясы, билік легитимациясы, демократия және парламентаризм, азаматтық қоғамның негіздері;

«Жеке тұлға және саясат», саяси элита, саяси көшбасшы туралы түсінік, жетекшіліктің типологиясы, саяси көшбасшының көрінісі, қоғамдық санадағы қ ұ р ы л ы м ы ж әне қ о л д а у ;

қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

13. «Экономикалық теорияға кіріспе» (6 сағат):

«Ресурстық нарық және нарықтық кірістерді қалыптастыру» (3 сағат), еңбек нарығы , еңбек нарығының ерекшеліктері, қызметтері, субъектілері, компоненттері, еңбекке сұраныс, еңбекке ұсыныс, еңбекақы, номиналдық және шынайы еңбекақы, еңбек нарығындағы кәсіподақ рөлі, еңбек биржасы және оның қызметтері;

«Капитал нарығы және табиғат ресурстары», капиталға деген сұраныс және ұсыныс ерекшеліктері, инвестициялар мен жинақтар, кредит және оның түрлері, несиелік жүйе және оның элементтері, қор биржасы және құнды қағаздар, табиғи ресурстар нарығы, жер сату және сатып алу объектісі, жерге деген сұраныс, ұсыныс ерекшеліктері;

«Кәсіпкерлік қызмет негіздері», кәсіпкерлік өндірістің факторы ретінде, кәсіпкерліктің субъектілері мен объектілері, оның дамуының мақсаттары мен

факторлары, кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, жемқорлық кәсіпкерлік үшін кедергілердің бірі р е т і н д е ;

«Ұлттық экономика және оның динамикасы» (2 сағат), экономикалық дамудың негізгі принциптері, ұлттық экономиканың айналымы (ресурстар, кіріс пен азық-түлік ағымы), ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері (ұлттық байлық, ұлттық азық, ішкі азық, ұлттық кіріс), экономика саласында жемқорлық құбылыстарының себептері және п а й д а б о л у ж а ғ д а й л а р ы ;

«Экономикалық өсім ерекшеліктері», экономикалық өсім (мәні, типтері, көрсеткіштері, әлеуметтік экономикалық салдары), макроэкономикалық тұрақсыздық (экономикалық дамудың циклдігі), инфляция және жұмыссыздық, нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі мен мәні, ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу түрлері мен әдістері; қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

14. «Заңға кіріспе» (6 сағат):

«Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет» (3 сағат), құқықтық мемлекет туралы ұғым және белгілері, құқықтық мемлекет мақсат, құрал және нәтиже ретінде, құқықтық мемлекет дамуының тарихи кезеңдері, құқықтық мемлекеттің негізгі ұстанымдары, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары», мемлекеттік билік туралы ұғым, Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесі, Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің, Үкіметтің Парламенттің қызметі, рәсімделу реті, әділеттілік және сот билігі, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар;

«Құқық қорғау органдары», құқық қорғау органдарының қызметі мен ұйымдасу негіздері, құқық қорғау органдарының түрлері, құқық қорғау органдары туралы ұғым, жемқорлық қылмыстарына қарсы құқық қорғау органдарының негізгі күрес тәсілдері, мемлекеттік қызмет ұстанымдары, құқық қорғау қызметінің ұстанымдары және жемқорлыққа қарсы әрекеттері, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқығы, міндеттері және жауапкершілігі;

«Азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәртіп және заңды жауапкершілік» (2 сағат), құқықтық сана және құқықтық мәдениет, азаматтардың құқықтық санасы және құқықтық мәдениеті, құқықтық сана түсінігі, түрлері, құқықтық идеология және құқықтық психология, құқықтық мәдениет мазмұны мен деңгейі, жемқорлыққа қарсы м ә д е н и е т т і қ а л ы п т а с т ы р у ;

«Құқықтық тәртіп, құқықбұзушылық, заңды жауапкершілік», құқықтық тәртіп (түсінігі, құрылымы, түрі), құқықтық тәртіп түрлері, құқықбұзушылық түсінігі және құрамы, құқықбұзушылықтың түрлері, заңды жауапкершілік (түсінігі, белгілері және оның негізі), заңды жауапкершілік ұстанымдары;

15. Қорытынды қайталау (1 сағат).

4. Оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныбына арналған базалық білім мазмұны

16. «Адам және дүние» (9 сағат):

«Адам және оның дүниетанымы» (2 сағат), дүниетаным ұғымы, дүниетаным құрылымы, дүниетанымның негізгі элементтері, дүниетанымның қоғамдық-тарихи және жеке сипаты, өмірлік-практикалық және теориялық дүниетаным;

«Дүниетанымның тарихи үлгілері», мифологиялық, діни, философиялық дүниетанымның ерекшеліктері, мифологиялық, діни, философиялық дүниетанымдағы адамның бейнесі, жаратылыстану ғылыми дүниетанымдағы адам және әлем;

«Адамның дүниеге деген танымдық қатынасы» (3 сағат), әлемді тану мәселесі, адамның танымдық қызметі, сезінушілік және тиімді таным, ақиқат ұғымы, оның өлшемдері, жаратылыстану ғылыми білімдер ерекшелігі;

«Ғылыми таным», ғылымның пайда болуы, ғылыми ойдың негізгі ерекшеліктері, ғылыми зерттеу әдістері, жаратылыстану және техникалық ғылымдар, ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігі;

«Білім және білім беру», білім беру туралы қазіргі ұғым, ақпарат, білім, даналық, білім және білімділік, өзіндік білімнің қажеттілігі, өмір бойғы білім, жаратылыстану ғылыми білімінің ерекшелігі;

«Еркіндік, қажеттілік және адамзат қызметіндегі жауапкершілік» (3 сағат), адам өміріндегі құндылықтар, құндылық туралы ұғым, құндылықты таңдау мәселесі, құндылық және өмірлік бағыт, адамның өмірі құндылық ретінде;

«Еркіндік және қажеттілік» еркіндік ұғымы, еркіндік әлеуметтік және жеке құндылық ретінде, табиғи және әлеуметтік қажеттілік, еркіндік саналы қажеттілік;

«Еркіндік және жауапкершілік», адамның ішкі және сыртқы еркіндігі, еркіндік адамның тұлғасы қалыптасуының шарты, тұлғаның өз өмірі үшін жауапкершілігі;

Қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

17. «Қоғамдық қатынас жүйесіндегі адам» (14 сағат):

«Қазіргі қоғам» (2 сағат), қоғамдық дамудың заңдылықтары, эволюция және революция сияқты әлеуметтік өзгерістің формалары, қоғамдық үдеріс ұғымы, оның қайшылығы, дәстүрлі (аграрлық) қоғам, индустриялы қоғам, постиндустриалдық (ақпараттық) қоғам, әлеуметтік жаңарту ұғымы;

«Қазіргі өркениеттің ерекшеліктері», қазіргі қоғам және өркениет, жаһандану үдерісі, жаһандануға қарсылық, компьютерлік революция, қоғам және адам ХХІ ғасырдың қауіп-қатері алдында, ғаламдық мәселелерді шешудегі жаратылыстану ғылымдарының ролі;

«Әлеуметтік қатынастар» (3 сағат), әлеуметтену үдерістері, индивидтің әлеуметтенуі, тұлғаның әлеуметтік статусы, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар, әлеуметтік қақтығыстар мен олардың конструктивтік шешімі;

«Отбасы әлеуметтік топ ретінде», отбасының әлеуметтік рөлі, нормалары, құндылықтары, отбасындағы тұлға аралық қатынастар, отбасылық қатынастар этикасы, отбасылық парыз, отбасы мүшелеріне қамқорлық таныту;

«Адамның көпұлтты қоғамдағы қарым-қатынасы», этникалық тұтастықтар, ұлттық сана, қазіргі әлемдегі ұлтаралық қатынастың дамуы, ұлтаралық жанжалдың себептері және оның шешімі, ұлтаралық келісім және ұлттық бірлік Қазақстанның гүлденуі мен әлеуметтік игілігінің негізі ретінде;

«Нарықтық субъектінің экономикалық тәртібі» (3 сағат), тұтынушының экономикалық мәдениеті, нарықтық экономикадағы тұтынушының тәртібі, табыс бастаулары, қорлар, тұтынушының шығындары, тұтыну бюджетін жоспарлау, тұтынушылық несие, тұтынушыны қорғау, сұраныс, сұраныс заңы, сұраныс ф а к т о р л а р ы ;

«Өндірушінің экономикалық мәдениеті, нарықтық экономикадағы өндірушінің тәртібі», өндіріс және өндірістік факторлар, бизнестің ұйымдастырудың негізгі формасы (жеке кәсіпкерлік, серіктестік, акционерлік қоғам), ұсыныс, ұсыныс заңы, ф и р м а н ы ң ш ы ғ ы н ы мен п а й д а с ы ;

«Нарықтық құрылымның типтері», жетілген бәсекелестік, монополистік бәсеке, олигополия, монополия, экономиканы монополиялаудың салдары, мемлекеттің монополияға қарсы саясаты, экономикадағы жемқорлық құбылыстар нарықтық қатынастарды бұзудың салдары ретінде;

«Саяси жүйе» (2 сағат), саясат және мемлекет, мемлекет ұғымы мен белгілері, мемлекеттік егемендік, мемлекеттік билік, мемлекеттің формалары (басқару формасы, әкімшілік-аумақтық құрылымы), саяси режим, тоталитаризм, авторитаризм, д е м о к р а т и я ;

«Азаматтың саяси өмірге қатысуы», демократиялық саясаттың негіздері, сайлаулар, референдум, жергілікті өзін өзі басқару, саяси партиялар мен қозғалыстар, олардың қоғамдық өмірдегі рөлдері, Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар;

«Рухани мәдениет» (3 сағат), қоғамның рухани құндылықтары, руханилық ұғымы, адамның рухани мәдениетінің негіздері, рухани құндылықтар, рухани мұра және оның қоғамдағы маңызы, руханилық және ғылыми-техникалық революция;

«Тұлғаның адамдық негіздері», руханият және адамгершілік, тұлғаның адамдық ұстанымдары, ізгілік және зұлымдық, қарыз және ұят, моралдік идеал, отаншылдық және азаматшылдық, кәсіби этика және жемқорлықты қабылдамау, тәрбие мен білімнің а д а м г е р ш і л і к қ ы з м е т т е р і ;

«Діни толеранттылық», дін, діни ұйымдар және бірлестіктер, қазіргі қоғам өміріндегі оның рөлі, ар-ождан еркіндігі және діни төзімділік, дін және жаратылыстану

ғылыми ой, діни жән діни емес дүниетанымдардың диалогы, діни экстремизмнің алдын а л у ;

қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

18. «Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу» (10 сағат):

«Адам мен азаматтың құқығы және міндеттері» (2 сағат), конституциялық құқық және міндеттер, адам құқығы ұғымы, азаматтық ұғымы, адамның және азаматтың құқығы, адамның және азаматтың міндеттері, Қазақстан Республикасындағы адамдар және азаматтар құқығы мен бостандығының конституциялық кепілі;

«Адамның құқықтары және оны қорғау», Қазақстан азаматтары құқығы мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау, адам құқығын халықаралық-құқықтық қорғау, адам құқығын қорғаудың әмбебап, арнаулы аймақтық халықаралық құжаттары, жемқорлық адам құқықтарын бұзу формасы ретінде;

«Жеке құқықтың негізгі салалары» (4 сағат), азаматтық құқықтың негіздері, азаматтық құқық ұғымы және негізгі көздері, азаматтық құқықтың ұстанымдары, азаматтық құқық субъектілері, меншік құқығы, кәмелетке толмағандар мүліктік қатынасқа қатысушылар ретінде, азаматтық-құқықтық келісімнің негізгі түрлері, т ұ т ы н у ш ы қ ұ қ ы қ т а р ы ;

«Еңбек құқығының негіздері», еңбек құқығы ұғымы және негізгі көздері, еңбек қатынастары аясындағы кепілдемелер, еңбек шарты, еңбек шартын бекіту және бұзу, кәмелетке толмағандар еңбегінің ерекшеліктері, жұмыс және демалыс уақыты, т ә р т і п т і к ж а у а п к е р ш і л і к ;

«Отбасылық құқық негіздері», отбасылық құқық ұғымы және негізгі көздері, отбасылық құқықтың негізгі түсінігі, некелік-отбасылық құқықтың принциптері, неке тұжырымының шарттары, некені тоқтату, ерлі-зайыптылардың міндеттері, некелік к е л і с і м , б а л а қ ұ қ ы қ т а р ы ;

«Экологиялық құқық негіздері (құқықтың кешенді, жеке-бұқаралық саласы), экологиялық құқық ұғымы және негізгі көздері, экологиялық құқық ұстанымдары, экологиялық заңмен қорғалатын негізгі нысан, табиғатты пайдалану түсінігі мен түрлері, экологиялық құқықтағы азаматтардың құқығы мен міндеттері, экологиялық т ә р т і п б ұ з у ш ы л ы қ ж ә н е о л ү ш і н ж а у а п т ы л ы қ ;

«Көпшілік құқықтың негізгі салалары» (3 сағат), әкімшілік құқық негіздері, әкімшілік құқық ұғымы және негізгі көздері, негізгі және туынды нормативтік актілері, мемлекет қызметінің басқару жүйесіндегі негізгі бағыттары, мемлекеттік мекеме және кәсіпорындар, мемлекеттік қызмет ұғымы, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік ж а у а п к е р ш і л і к ;

«Қылмыстық құқық негіздері», қылмыстық құқық ұғымы және негізгі көздері, қылмыстық заңнама құрылымы, қылмыстық құқықтың мақсаты мен ұстанымдары, қылмыс ұғымы және түрлері, қылмыс құрамы ұғымы, қажетті және аса қажетті қорғаныс, қылмыстық жаза ұғымы және түрлері;

«Қаржылық және салықтық құқық негіздері», қаржылық және салықтық құқық ұғымы және негізгі көздері, салық салу принциптері, салықтық саясат, салық төлеуші ұғымы, салық төлеушінің құқықтары мен міндеттері, бюджет ұғымы мен оның түрлері;

«Жемқорлыққа қарсы заңнамалар негізі», жемқорлыққа қарсы заңнамаларды іске асыру механизмі және негізгі ұғымдары, жемқорлық көріністері барысында Қазақстан азаматтарының құқықтары мен еркіндігін қорғау, жемқорлыққа қарсы тұру саласында негізгі халықаралық-құқықтық актілер және шетелдік тәжірибелер;
қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

19. Қорытынды қайталау (1 сағат).

5. Оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы

11-сыныбына арналған базалық білім мазмұны

20. «Философия негіздері» (7 сағат):

«Философия дегеніміз не?» (2 сағат), философияның адам өміріндегі және қоғамдағы рөлі, философия – ақылға деген құштарлық, философия – өмір туралы парасатты ілім, философия-ақыл мәдениеті;

«Философия ой-сапа мектебі», философ деген кім, алғашқы философтар және олардың ілімі, өз-өзінді тани біл, философиялық сұрақтар және жауаптардың е р е к ш е л і г і ;

«Философия антропологиясы» (2 сағат), адам – философияның басты мәселесі, философия – адамның ерекше және мазмұнды мәселесі, адамның философиядағы негізгі бейнесі, адамның адам болуға деген ұмтылысы;

«Адам ойының ізденісі», философия өмір мағынасы туралы, адам атауы, қазіргі өркениеттегі адамның шарты, «Адам капиталы» туралы түсінік және оның мағынасы;

«Жаратылыстану философиясы» (2 сағат), табиғатқа деген философиялық көзқарас, табиғатқа өздігінен дамушы жүйе ретінде қарау, адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің негізгі теориялары, экологиялық дағдарыс, экологиялық сана және б и о ф и л о с о ф и я ;

«Жаратылыстану ғылыми білімдердің философиялық мәселелері» Биологияның, медицинаның, физикадағы, химиядағы философиялық мәселелер, философия және м а т е м а т и к а ;

қ а й т а л а у (1 с а ғ а т) .

21. «Әлеуметтану негіздері» (8 сағат):

«Әлеуметтану дегеніміз не?» (2 сағат), Әлеуметтану ғылым ретінде, әлеуметтанудың пайда болуы және дамуы, әлеуметтанудың объектісі мен пәні, әлеуметтанудағы негізгі сұрақтар, әлеуметтанудың сандық және сапалық әдістері, зерттеудің әлеуметтанулық әдістерінің ерекшеліктері, әлеуметтанудың математикалық ұ с т а н ы м д а р ы ;

«Әлеуметтанулық білім», әлеуметтанудың жаратылыстану ғылыми білімдермен өзара әрекеттесуі, әлеуметтану білімінің құрылысы, қазіргі заманғы қоғам мәселесін түсінудегі әлеуметтанулық тәсілдердің ролі;

«Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде» (2 сағат), қоғам өзара байланыс жүйесі ретінде, әлеуметтік өзара қарым қатынастардың түрлері, әлеуметтік топтар, олардың түрлері, әлеуметтік институттар және оның түрлері, әлеуметтік институттардың негізгі қызметтері, әлеуметтік тәртіп және қақтығыс, ауытқушылы мінез құлық және әлеуметтік бақылау, азаматтық қоғам саясатта, экономикада жемқорлық құбылыстарына қарсы күрес факторы ретінде;

«Әлеуметтік стратификация және ұтқырлық», қазіргі қоғамдағы орта топтың рөлі және маңызы, әлеуметтік мүдделер, әлеуметтік қақтығыстың себептері, әлеуметтік қақтығыс сипаттамасы, әлеуметтік қақтығысты басқару, әлеуметтік қақтығысты шешу жолдары, жемқорлық әлеуметтік шиеленіс формасы ретінде, жемқорлыққа қарсы имунитетті қалыптастыру;

«Тұлға және қоғам» (3 сағат), тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік факторлар, әлеуметтік мінез-құлық, әлеуметтік рөл, жас жеткіншектік кезеңдегі әлеуметтік рөлдер, жастар субмәдениетінің ерекшеліктері, жастардың кәсіби және әлеуметтік бағыты, әлеуметтік тұрмыс қызығушылығы, тұрмыстық қатынас мәдениеті, жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жастарды әлеуметтендіру факторы ретінде;

«Қазіргі әлемдегі этникалық көптүрлілік», ұлыс және ұлт, этномәдени құндылықтар және салт-дәстүр, этностың ментальдық ерекшеліктері, ұлтаралық ынтымақтастық және келіспеушіліктер, ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу мәселелері;

«Қазіргі діни жағдай», діни өмірдегі әлеуметтік жағдайлар, дін әлеуметтануы, діни конфессиялар, конфессия аралық серіктестік, жастар ортасында діни экстремизмді алдынан алу қажеттілігі; қайталау (1 сағат).

22. «Саясаттану негіздері» (6 сағат):

«Саясаттану дегеніміз не?» (2 сағат), саясаттану ғылым ретінде, саясаттанудың пайда болуы, саясаттанудың негізгі мәселелері, саясаттанудың негізгі тұжырымдамалары;

«Саясаттанулық білім», саясаттану білімінің құрылысы, саясат технологиясы және оның жаратылыстану ғылыми құрамы, қоғамдық өмірді басқаруға саналы түрде қатысу үшін саясаттану білімдерінің маңызы;

«Саясат және мәдениет» (3 сағат), саясат өнер ретінде, қоғамдық қатынастарды саяси реттеудегі ерекшеліктер, саяси жүйе, оның құрылымы, қызметі, саяси институттар, нормалары, коммуникациялары, үдерістері туралы түсінік;

«Саяси мәдениет», билік және саясат, қоғамдық билік туралы түсінік, биліктің шығуы, билік қарым-қатынастарының типологиясы, билік легитимациясы, демократия және парламентаризм, азаматтық қоғамның негіздері;

«Жеке тұлға және саясат», саяси элита, саяси көшбасшы туралы түсінік, жетекшіліктің типологиясы, саяси көшбасшының көрінісі, қоғамдық санадағы құрылымы және қолдау; қайталау (1 сағат).

23. «Экономикалық теорияға кіріспе» (6 сағат):

«Өндіріс факторларының нарығы мен факторлық кірістерді қалыптастыру» (3 сағат), еңбек нарығ, еңбек нарығының ерекшеліктері, қызметтері, субъектілері, компоненттері, еңбекке сұраныс, еңбекке ұсыныс, еңбекақы, номиналдық және шынайы еңбекақы, еңбек нарығындағы кәсіподақ рөлі, еңбек биржасы және оның қызметтері;

«Капитал нарығы және табиғат ресурстары», капиталға деген сұраныс және ұсыныс ерекшеліктері, инвестициялар мен жинақтар, несиелік және оның түрлері, несиелік жүйе және оның элементтері, қор биржасы және құнды қағаздар нарығы, табиғи ресурстар нарығы, жер сату және сатып алу объектісі, жерге деген сұраныс, ұсыныс ерекшеліктері, жер рентасы және жердің бағасы;

«Кәсіпкерлік қызмет негіздері», кәсіпкерлік өндірістің факторы ретінде, кәсіпкерліктің субъектілері мен объектілері, оның дамуының мақсаттары мен факторлары, кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, жемқорлық кәсіпкерлік үшін кедергілердің бірі ретінде;

«Ұлттық экономика және оның динамикасы» (2 сағат), экономикалық дамудың негізгі принциптері, ұлттық экономиканың айналымы (ресурстар, кіріс пен азық-түлік ағымы), ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері (ұлттық байлық, ұлттық азық, ішкі азық, ұлттық кіріс), экономика саласында жемқорлық құбылыстарының себептері және пайдалану жағдайлары;

«Экономикалық өсім ерекшеліктері», экономикалық өсім (мәні, типтері, көрсеткіштері, әлеуметтік экономикалық салдары), макроэкономикалық тұрақсыздық (экономикалық дамудың циклі), инфляция және жұмыссыздық, нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі мен мәні, ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу түрлері мен әдістері; қайталау (1 сағат).

24. «Заңға кіріспе» (6 сағат):

«Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет» (3 сағат), құқықтық мемлекет туралы ұғым және белгілері, құқықтық мемлекет мақсат, құрал және нәтиже ретінде, құқықтық мемлекет дамуының тарихи кезеңдері, құқықтық мемлекеттің негізгі ұстанымдары, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары», мемлекеттік билік туралы ұғым, Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесі, Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің, Үкіметтің Парламенттің қызметі, рәсімделу реті, әділеттілік және сот билігі, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар;

«Құқық қорғау органдары», құқық қорғау органдарының қызметі мен ұйымдасу негіздері, құқық қорғау органдарының түрлері, құқық қорғау органдары туралы ұғым, жемқорлық қылмыстарына қарсы құқық қорғау органдарының негізгі күрес тәсілдері, мемлекеттік қызмет ұстанымдары, құқық қорғау қызметінің ұстанымдары және жемқорлыққа қарсы әрекеттері, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқығы, міндеттері және жауапкершілігі;

«Құқықтық реттеу негіздері. Заңдылық және құқықтық тәртіп» (2 сағат), құқықтық реттеу негізі, құқықтық реттеу, оның жолдары, тәсілдері, типтері, құқықтық реттеу элементтері мен құралдары, құқықтық реттеу үдерісі сатылары;

«Заңдылық және құқықтық тәртіп», заңдылық (ұғымы және негізгі ұстанымдары), құқықтық тәртіп, қоғамдық тәртіп және құқықтық қамтамасыз ету ұғымдары, ұлттық қауіпсіздік ұғымы, түрлері, Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық қызығушылығы, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қаупі, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; қайталау (1 сағат).

25. Қорытынды қайталау (1 сағат).

6. Оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

26. Оқушылардың дайындық деңгейлері үш аспектімен: пәндік нәтижелер, тұлғалық нәтижелер, жүйелі-іс әрекеттік нәтижелермен бағаланады.

27. Пәндік нәтижелер. 10-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) дүниетанымның негізгі элементтері мен құрылысын;
- 2) тарихи дүниетанымның түрлерін – мифологиялық, діни, философиялық;
- 3) әлемді тану мәселесін, ғылымның пайда болуын;
- 4) білімнің қазіргі заманғы мәнін;
- 5) адам өміріндегі құндылықтарды және құндылықтарды таңдау мәселесін;
- 6) жеке және әлеуметтік жетістік үшін адамның жауапкершілігін;
- 7) қоғамдағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістердің себеп-салдарлық байланыстарын;
- 8) қоғамдағы нарықтық экономиканың ролін, экономиканың нарықтық субъектілер мінез құлқымен өзара байланысын;
- 9) ұсыныс пен сұраныс заңдарын, кіріс көздерін, өндірістің факторларын, мемлекеттің монополияға қарсы саясатын;
- 10) демократиялық саясат негіздерін – сайлау, референдум, жергілікті өзін-өзі басқару, қоғамдық және саяси ұйымдарды;
- 11) қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу үдерісі мен жеке және көпшілік құқықтың негізгі салаларын;
- 12) қоғамдағы құқықтық қатынастар, еркіндік, құқық, міндеттерді;
- 13) қоғамның дамуындағы негізгі заңдылықтардың қазіргі заманғы түсініктерін;

- 14) тұлғаның әлеуметтік статусын, қоғамның әлеуметтік құрылысын;
- 15) нарықтық экономика ерекшеліктерін, тұтынушылар мен өндірушілердің іс-әрекетін;
- 16) қоғамның саяси жүйесін, мемлекеттің формалары мен белгілерін, саяси режимдер, демократиялық саясаттың негіздерін;
- 17) адамның рухани мәдениетінің негіздерін, қоғамның рухани құндылықтары, тұлғаның адамгершілік негіздері, тәрбие мен білім беру міндеттерін;
- 18) қазіргі заманғы қоғам өміріндегі діннің ролін;
- 19) адам мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін;
- 20) Қазақстандағы адам еркіндігі мен құқығын қорғау механизмдерін және адам құқығын халықаралық-құқықтық тұрғыдан қорғауды;
- 21) жемқорлыққа қарсы қоғамдық, негізгі мемлекеттік-құқықтық күрес тәсілдерін білуі тиіс.

28. 11 сыныптың соңында оқушылар:

- 1) ақыл-ой мектебі мен саналы және игілікті өмір мектебі ретінде философия негізін;
- 2) жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардағы философиялық мәселелерді;
- 3) әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі мәселелерін;
- 4) нарықтық экономика туралы (еңбек нарығы, капитал, табиғи ресурстарды);
- 5) ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері мен экономикалық өсімнің ерекшеліктерін;
- 6) қоғамның әлеуметтік құрылысы, оның элементтері, әлеуметтік іс-әрекет және әлеуметтік рольдерді;
- 7) қоғамның саяси жүйесін, Парламент, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, әділет органдары, жергілікті өкілетті, атқарушы және құқық қорғау органдарының қалыптасуы мен қызмет ету тәртібін;
- 8) азаматтық, этномәдени, конфессиялық бірлестік ретіндегі Қазақстан қоғамының ерекшеліктерін;
- 9) философия, әлеуметтану, саясаттану, экономикалық теория, заң білімі сияқты ғылымдардың мәні мен ерекшелігін;
- 10) адамның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын, өмірдің мәні мен бағдарын;
- 11) қоғамдағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістердің себеп-салдарлық байланыстарын;
- 12) қоғамдағы экономиканың ролін, еңбек нарығын, капитал, табиғи ресурстарды;
- 13) құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерін, конституциялық кепілдемелерді;
- 14) мәдени жетістіктерді, адамның рухани әлемін сипаттауды;
- 15) қарым-қатынас, мораль және адамгершілік нормаларын білуі тиіс, мемлекет саясатының мәнін түсіндіруді, кәсіби этиканы және жемқорлықты қабылдамауды білуі тиіс.

29. 10 және 11 сыныптың соңында оқушылар:

- 1) мемлекет саясатының мәнін түсіндіре;
- 2) табиғатқа, адам мен қоғамға деген философиялық көзқарасты түсіндіре;
- 3) оқытылып отырған тақырып бойынша материалдарды дербес талдай білу және жалпылау, әлеуметтанудағы, саясаттанудағы, экономика мен заң ғылымдарындағы бастыларын анықтай білуді;
- 4) қоғам өмірінің оң және теріс құбылыстарына дербес баға беруді;
- 5) экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелер бойынша жеке көзқарасын білдіруді және оны дәлелдеуді;
- 6) ақпарат көздерін сыни тұрғыдан талдау, алуан түрлі (мәтін, карта, кесте, схема, аудиовизуальды) ақпараттарды талдау жасауды;
- 7) құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орната білуді;
- 8) құқықтық және өзекті қоғамдық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу, алынған ақпараттарды дәлелдеу үшін талқыланатын мәселелер бойынша дербес көзқарасын білдіруді;
- 9) қазіргі заманның құбылыстарына қатысты өз ұстанымын анықтау, өзінің және маңайындағылардың іс-әрекеттерін қазіргі әлеуметтік тәртіпке негіздеуді;
- 10) әлеуметтік қауымдастықтар, әлеуметтік топтар мен әлеуметтік нормалардың дамуындағы себеп-салдарлық байланыстарды және заңдылықтарды айқындауды;
- 11) экономиканың, қоғамның саяси жүйесінің, алуан түрлі мәдениеттің дамуы туралы түрлі ақпарат көздеріндегі қажетті ақпараттарды таба білуді;
- 12) моральдық, этикалық, адамгершілік және құқықтық және жемқорлыққа қарсы нормаларды талдау және жинақтауды;
- 13) материалдық өндіріске сипаттама беру және оны бағлау, қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық институттардың қызметін бағалай білуді меңгеруі тиіс.

30. Тұлғалық нәтижелер психологиялық-педагогикалық мониторинг формасында зерттеліп, оқушының тәрбиелілік, әлеуметтік және рухани-адамгершілік, шығармашылық-дене дамуының деңгейі түрінде оның портфолиосында көрсетіледі. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және құқықтық тәртіпке сыйластықпен қараудан;
- 2) азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет етуден;
- 3) мемлекеттік және ана тілін меңгеру, Қазақстан территориясында тұратын халықтардың, басқа да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуден;
- 4) туған өлкесінің табиғатын сақтау және аялау, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік көрсетуден;
- 5) салауатты өмір сүру, өзін қорғау және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін

с а қ т а у

д а ғ д ы л а р ы н а н ;

б) этикалық және жемқорлыққа қарсы нормаларын сақтау мен адамгершілік қатынастың жоғарғы мәдениетін көрсетуінен;

7) өз бетімен білім алу және өзін-өзі жүзеге асыра білу, жасампаздық еңбекке қабілеттілігін ынталандыра білуінен;

8) үлкенге құрмет және кішіге ізет көрсете білуінен;

8-1) әртүрлі түрдегі адамгершіліксіздік, құқық бұзушылық, сонымен қатар қоғамдағы жемқорлық құбылыстарға қарсы әрекеттерден;

9) әлеуметтік ортаның ерекшелігін дұрыс бағалай білу, діни ағымдарды, идеологияны, құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білуінен көрініс табуы тиіс.

31. Жүйелі-іс әрекеттік нәтижелер оқушының пән олимпиадасында, таңдау курстарында, шығармашылық жұмыстарда, сонымен бірге басқа да ізденіс жұмыстарында анықталып, оның нәтижелері портфолиосында жинақталады.

Оқушылардың жүйелі-іс әрекеттік нәтижелері:

1) адамзат қоғамының дамуы үшін ғылым негіздері және қолданылу саласы бойынша ғылыми жетістіктердің білім жүйесін меңгеру;

2) ғылыми ақпаратты талдау, өңдеу, жинақтай білу және оларды қолдана алуы, тірек конспект, сызбанұсқалар, кестелер құрастыру рефераттар, пікірлер жаза білу;

3) жаңа материалмен, өздігінен жұмыс істей білу, зерттеу жұмыстарымен айналысу;

4) танымдық, жобалау, құрастыру, іздену, шығармашылық әдістерін қолдану;

5) қазіргі ақпараттық-коммуникативті технологияларды білу;

б) жоғары коммуникативтік қабілеттілік, көптілді мәдениеттілікті қолдана білуі тиіс

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 8

м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 7-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3

с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 80-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту қазақ тілде емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәні – орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Тіл және әдебиет» білім беру саласына енгізілген және мектептің жалпы орта білім беру деңгейінде міндетті түрде о қ ы т ы л а т ы н п ә н .

3. «Қазақ тілі» пәнінің маңыздылығы қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Қазақ тілін оқыту барысында өзге тілде білім алатын жоғары буын оқушыларын қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениаралық қатысым құралы ретінде м е н г е р т у к ө з д е л е д і .

4. Оқыту қазақ тілде емес мектептердің бастауыш білім деңгейінде қарапайым деңгей 1-4-сыныптарды қамтыса, негізгі және орта деңгейлер 5-сыныптан бастап оқытылады да, 9-сыныппен аяқталады. Ортадан жоғары деңгей 10-11-сыныптарды қ а м т и д ы .

5. 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы – қазақ тілде емес мектептерде қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруді қамтамасыз ететін; қазақша сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) ортадан жоғары деңгейде іс жүзіне асыратын; оқушының түсінікті сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын білім мазмұнын, көлемін, мөлшерін, оқу жүктемесін қамтитын; білім, білік, дағды деңгейлеріне байланысты тақырыптық аяларды, дидактикалық ұстанымдарды; оқушылардың білімі мен білігіне қойылатын талаптарды анықтайтын нормативтік құжат.

6. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім беру туралы» Заңдары мен «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында белгіленген міндеттер еліміздің білім беру жүйесінде көптілді меңгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асырудың ұтымды жолдарын анықтауды талап етеді.

7. Әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің деңгейлері мен олардың сипаттарының негізінде Қазақстан Республикасындағы оқыту қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептердің 1-11 сыныптарында қазақ тілін үйретудің деңгейлері айқындалды. Оқушының білім, білік, дағдылары орта мектеп жүйесінде тілді деңгейлік меңгерту ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді.

8. 10-11-сыныптардағы Ортадан жоғары деңгей – V_{1+} екі игерімді қамтиды:
тереңдетіле қалыптасқан толық игерім $V_{1.2}$ – 10-сынып;
тереңдетіле қалыптасқан жетік игерім V_{1+} – 11-сынып.

9. Қазақстан Республикасы халқының контингенті мен қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептерінде тілдерді оқыту мен үйретудің өзіндік ерекшелігі ескерілді және

тілдерді деңгейлік меңгерудің еуропалық жүйесі негізге алынды:

1) еуропалық жүйеге сәйкестендірілген тілдік деңгейлер жалпы білім беретін орта мектептің 10-11 сыныптары бойынша сараланды;

2) ортадан жоғары деңгейдің тіл меңгеру игерімдері айқындалды;

3) ортадан жоғары деңгейдегі базалық білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша т ү з і л д і ;

4) оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ортадан жоғары деңгейдің ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша сараланды;

5) әр сыныптағы бағдарлама материалдары тілдік бөлім, қатысымдық-сөйлесімдік бөлім және мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі бойынша нақтыланып ұсынылды.

10. Қазақ тілін үйренуге негіз болатын бөлімдер арқылы оқушылардың жобаланған оқу нәтижелеріне жетуі қарастырылады.

11. Оқу пәнінің мақсаты – ортадан жоғары деңгей бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға қазақша тілдік қатынас нормалары мен мәдениетін игерту.

12. Оқу пәнінің міндеттері:

1) жоғары сынып оқушыларының білімін тілдік, лингвомәдениет-танымдық, этномәдени және әлеуметтік тұрғыдан кеңейтіп, қазақ тілін игертудің коммуникативтік бағытын жүзеге асыру;

2) оқушының өз ойын, пікірін, көзқарасын еркін, дұрыс, нақты (ауызша және жазбаша) жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;

3) оқушылардың қазақ тіліндегі функционалдық сауаттылығын дамыту;

4) мәдени-әлеуметтік, қоғамдық-саяси тақырыптардағы оқу материал-дарымен жұмыс аясында оқушылардың қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру.

13. Тілді меңгеру деңгейлерін игерімдерге жіктеу білім беруді дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сай іске асырылады. Бір деңгейдің бастапқы сатыларындағы білім мазмұнын игерген оқушы бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік ұстанымдары негізінде ортадан жоғары деңгейде берілген білім мен біліктерді меңгеруге мүмкіндік алады.

14. Қазақ тілде емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын іріктеуде қатысымдық-әрекетшілдік, қатысымдық-функционалдық, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, оқу материалдары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі; оқушының тілді білу деңгейіне сай келуі; білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту ұстанымдары басшылыққа алынды:

1) білім берудің үздіксіздік ұстанымы оқытудың барлық сатыларының арасындағы

жалғастықты әдіснама, мазмұн, әдістеме және технология сабақтастығы тұрғысынан
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) оқытудың қатысымдық-әрекетшілдік ұстанымы оқушыларды оқу-танымдық әрекетке белсенді қатыстыру арқылы өздігінен жаңа білім алуға ұмтылдырып, өзін өзі бағалау мен өз әрекетін өзі бақылай алу дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

3) пәнаралық байланыс ұстанымы оқу мәтіндерінің мазмұнын талдату, өздік және шығармашылық тапсырмаларды орындату барысында жүзеге асырылады;

4) түсіністік ұстанымы қазақ тілін оқыту барысында жоғары сынып оқушыларының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық жағымды жағдай тудыруға мүмкіндік жасайды. Оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына және олардың өз жетістігін сезінуіне мүмкіндік беретін тілектестік ниетті ұстану оқу үдерісі тиімділігінің маңызды шарты болып табылады.

5) оқушылардың тұлғалық жетістіктерін ескеру ұстанымы түрлі деңгейдегі күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға, оқыту мотивінің тұлғалық-мәнділігін қалыптастыруға, оқытудың ұтымды технологиясы мен оқу материалдарын таңдауға және бейімдеуге, оқушылардың жоспарланған нәтижелерге ж е т у і н е м ү м к і н д і к б е р е д і .

6) шығармашылық ұстанымы оқушылардың әртүрлі өмірлік жағдаяттарда жаңа міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзіреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

15. Пәнаралық байланыс өзге тілді мектеп оқушысының қазақ тіліндегі сөздік қорын молайтуға, дүниетанымын кеңейтуге, қазақ тілін қолдану мүмкіндіктерін арттыруға жол ашады. Жалпы білім беретін өзге тілде оқытатын мектептердің негізгі сатысында «Қазақ тілі» пәнін төмендегідей пәндермен байланыстыра меңгерту к ө з д е л е д і :

1) «Қазақ әдебиетімен»:

қазақ тілін жүйелі әрі сапалы меңгертуде оқу материалдарының басым бөлігі көркем-әдеби шығармалардан алынатындықтан, тіл мен әдебиеттің арасындағы байланыс үздіксіз жүргізіліп отырады;

көркем мәтіндер оқушыны ойлауға, сөйлеуге үйретумен қатар тілдік-эстетикалық талғамдарын арттыруға, көркем, шебер сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, сөз байлығын молайтады;

2) «Орыс (ұйғыр, өзбек, тәжік) тілімен»:

қазақ тілінің құрылымдық жүйесін танытуда орыс (ұйғыр, өзбек, тәжік) тілімен салыстыру әдісі, бір жағынан, оқушының дүниетанымын кеңейтсе, екінші жағынан, тілді сапалы меңгертуге, саналы түсіндіруге әсер етеді;

оқушылардың ана тілі мен қазақ тілінің арасындағы ерекшеліктерді білуі сөз әдебіне байланысты қатысымдық дағдыларды меңгертуде маңызды рөл атқарады;

3) «Қазақстан тарихымен»:

тіл мен тарихтың байланысы оқушының тіл туралы дүниетанымын кеңейтеді, термин сөздерді, басқа тілден енген сөздерді меңгертуде ерекше рөл атқарады; сөздердің этимологиясын түсіндіруде де тарихи фактілерге сүйену оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

4) «Информатика» пәнімен:

оқушыларға ұсынылатын өздік және шығармашылық тапсырмаларды сапалы орындауға ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады; интернет көздерінен материалдар тауып, оларға талдау жасау, ой қорыту, алынған материалдарды өз жұмыстарында орынды қолдануға үйрететін тапсырмалар оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға жол ашады;

5) жаратылыстану циклі пәндерімен:

қазақ тілінің жаратылыстану пәндерімен сабақтастықта меңгертілуі оқушылардың сөздік қорларын молайтуға және түрлі тілдік жағдаяттарда қазақ тілін орынды қолдану дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді;

қазақ тіліндегі терминдерді сауатты қолдануға мүмкіндік туғызады.

16. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында ұсынылған Типтік оқу жоспарына сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақ тілі» пәні аптасына 10-11-сыныптарда 4 сағаттан оқытылады. Оқу жылындағы барлық сағат саны:

- 1) 10-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат, оның ішінде: ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 16 сағат;
- 2) 11-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат, оның ішінде: ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 16 сағат.

17. Оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағытында «Қазақ тілі» пәні аптасына 3 сағаттан оқытылады. Оқу жылындағы барлық сағат саны:

- 1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат, оның ішінде: бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 6 сағат;
- 2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат, оның ішінде: бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 6 сағат.

18. Оқу бағдарламасының білім мазмұнында сағаттар мөлшері оқыту тіліне байланысты келесідей үлгіде көрсетілген. Мысалы: I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 40/32 сағат. 1. Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы - 5/4 сағат. Мұндағы алдыңғы сан орыс тілді мектептерге, ал соңғы сан өзбек, ұйғыр, тәжік тілді мектептерге арналып көрсетілген.

19. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

- 1) оқыту қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұнын анықтауға түрлі тілдік қарым-қатынастың ауқымында пайда болатын жағдаяттар, жағдаятқа қатысушылар, заттар, оқиғалар, іс-әрекеттер, мәтіндер негіз

б о л д ы .

20. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұндық желісі үш аяға бөлініп ұсынылды:

1) әлеуметтік-тұрмыстық ая;

2) оқу - еңбек аясы.

3) әлеуметтік-мәдени ая;

21. Әрбір аяда қамтылған тақырыптар бірізділікті сақтай отырып, бірте-бірте күрделенеді. Қазақ тілінің функционалдық-грамматикалық минимумдары осы лексикалық тақырыптарды меңгерудің нәтиже көрсеткіші ретінде ұсынылады.

2 2 . 1 0 - с ы н ы п :

1) әлеуметтік-тұрмыстық ая:

«Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы», «Мен үйдің тұңғышымын», «Отбасы бюджетін жоспарлау», «Менің жеке бюджетім», «Қалай сәнді киінуге болады?», «Қазақ – қонақжай халық», «Біз қонақ күтеміз», «Дастархан жаямыз»;

2) оқу - еңбек аясы:

«Менің данагөй замандастарым», «Уақыт алтыннан қымбат», «Пошта қызметін қолданамыз», «Компьютер: пайдасы мен зияны», «Мен мамандық таңдаймын», «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?»;

3) әлеуметтік-мәдени ая:

«Қазақстан мемлекеті: Тәуелсіздік толғауы», «Қазақстан картасы туралы не білесің?», «Қазақстанның белгілі ғалымдары», «Ғарыш – ғылым нысаны», «Медицина жаңалықтарын білгім келеді», «Бұл сақ дәуірінікі болар», «Мен сайлауға қатысамын», «Әр елдің салты басқа...», «Сенің есімің қандай мағына білдіреді?», «Мен оқитын газет-журналдар».

2 3 . 1 1 - с ы н ы п :

1) әлеуметтік-тұрмыстық ая:

«Саяхатқа шығайық...», «Жолыңыз болсын!», «Әуежайда», «Теміржол бекетінде», «Қонақ үйде», «Қандай қонақүйге түстіңіз?» «Сарыарқа туралы не білесің?», «Алтай туралы айтып көрейін», «Жер жәннаты – Жетісу», «Мұнайлы өлкеде», «Қазақстанның экологиясы сені толғандыра ма?», «Егер мен Қазақстан Парламентіне депутат болсам», «Жаһандану бізге не береді?»;

2) оқу - еңбек аясы:

«Мемлекеттік емтихан тапсырамын», «Мен өз елімде жан-жақты білім ала аламын», «ҚР Президентінің Жолдауымен танысамыз: Тәуелсіздік толғауы», «Сенің құжатың түгел ме?»;

3) әлеуметтік-мәдени ая: «Мәдени мұра» бағдарламасы», «Алтын адам» қайдан табылды?», «Сән», «Жастар киімі», «Тарихи ескерткіш», «Театрға саяхат», «Театрда өзіңді ұстай біл», «Шәкен Айманов – ұлы режиссер».

2. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны

24. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 40/32 сағат:

1) «Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Сөйлесім типтері. Лексика: мән беру, тәрбие алу, қаталдық, ізгілік, қажы, турашылдық, жат, өгей болу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Әке мен бала қарым-қатынасы туралы мәтіндер. Оқылым. Әке мен бала қатынасы туралы мәтіндерді оқу. Айтылым. Өз сезімін, қарым-қатынасын баяндау. Жазылым. Көркемдік жазылым (Абзац, диалог т.б. сақтап көркем жазу). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Қалыптасқан тілдесім (әр адамның өмірдегі өз орнына сай бір-бірімен тілдесуін, түсінісуін меңгерту).

Диалог - мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: отбасы, ата-ана арасындағы қарым-қатынас туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, тиым сөздермен танысу. Мақал туралы ой бөлісу;

2) «Мен үйдің тұңғышымын» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Монологтік сөз. Лексика: сүйінші сұрау, көрімдік беру, сәби, тұңғыш бала, кенже бала, ерке, қара шаңырақ, шаңырақ иесі, ортаншы бала, тұспалдап айту, дәстүр: бесікке салу тойы, бөлеу, қырқынан шығару, тұсау кесу, шашу, ала жіп, тіл - көзден сақтау;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Әке мен бала қарым-қатынасы туралы мәтіндер. Оқылым. Әке мен бала қатынасы туралы мәтіндерді оқу. Айтылым. Өз сезімін, қарым-қатынасын баяндау. Жазылым. Көркемдік жазылым (Абзац, диалог т.б. сақтап көркем жазу). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Қалыптасқан тілдесім (әр адамның өмірдегі өз орнына сай бір-бірімен тілдесуін, түсінісуін меңгерту).

Диалог - мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: отбасы, ата-ана арасындағы қарым-қатынас туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, тыйым сөздермен танысу. Мақал туралы ой бөлісу;

3) «Отбасы бюджетін жоспарлау» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Баяндау. Лексика: құралады, асырау үшін, кіріс/ шығын, жиынтығы, тең болуын қадағалайды, орынды жұмсау, қажетін қанағаттандырады, төлемақы, тізім жасау, коммуналдық төлем, жылу, электр шығыны, ыстық/суық су шығыны, күнделікті, қалта шығыны, жол ақы, қаржы, тізім жасау, карточкамен есептесу, бөлеміз, қалдырамыз;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді түсіну. Оқылым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым. Тақырып туралы баяндау. Жазылым. Үй төлемінің түбіртегін толтыру. Тілдесім. Тақырыпқа қатысты тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік

қолданыстарды, терминдерді үйрету). Диалог-сұрақ. Диалог-жауап;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мақал-мәтел, нақыл сөздер;

4) «Менің жеке бюджетім» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Сипаттау. Лексика: күнделікті қалта шығыны, үнемдеу, ақша жұмсау, қолқабыс, тұтынушы мәдениеті, бас тартамын, тұрақты табыс, «қабілеттілікке» тест тапсыру, ондыққа кіру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді түсіну. Оқылым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым. Тақырып туралы баяндау. Жазылым. Отбасы мүшелерін сипаттап мәтін жазу. Тілдесім. Тақырыптық тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету). Диалог-сұрақ. Диалог-жауап;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мақал-мәтел, нақыл сөздер;

5) «Қалай сәнді киінуге болады?» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Суреттеу. Лексика: талғам, жарасымды, кестесіз, сызықтары, биік өкшелі, еркін сезіну, жүріс-тұрысқа, өте ыңғайлы, денеге ауа жібереді, ылғал өткізбейді, денеңді қыспайды, қимылыңды шектемейді;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді түсіну. Оқылым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым. Тақырып туралы баяндау. Жазылым. Суреттемелік мәтін жазу. Тілдесім. Кәсіби тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету). Диалог-сұрақ. Диалог-жауап;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: сән, талғам туралы мақал-мәтел, нақыл сөздер;

6) «Қазақ – қонақжай халық» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Пайымдау. Лексика: келін, құдағи, үлкендер, бап, қоғам дерті, қызу қанды, рух, төзімді, риза ету, қонақасы;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қонақжайлыққа қатысты мәліметтерді тыңдап түсіну. Диалогтік мәтіндерді түсіну. Оқылым. Қонақ күту дәстүріне байланысты мәтіндер. Айтылым. Қонақ күтуде жасалатын іс-әрекеттерді баяндау. Жазылым. Танымдық жазылым (оқушыны қонақ күту туралы өз ойынан қорытынды жасап, жазуға үйрету). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ халқының қонақжайлығы туралы мәтіндер;

7) «Біз қонақ күтеміз» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Құттықтау хат. Лексика: шақыру қағазы, қатты күлмеу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мәтіндегі негізгі деректерді түсініп тыңдау. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Қонақ күту дәстүріне байланысты мәтіндер.

Айтылым.. Қонақ күтуде жасалатын іс-әрекеттерді баяндау. Жазылым. Танымдық жазылым (оқушыны қонақ күту туралы өз ойынан қорытынды жасап, жазуға үйрету). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ халқының қонақжайлығы туралы мәтіндер;

8) «Дастархан жаямыз» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Мадақсөз. Лексика: дастархан жаю әдебі, иісі, естелік, еңбекке үйрету, жалғастыру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мәтіндегі ұлттық ерекшеліктерді айыру. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Қонақ күту дәстүріне байланысты мәтіндер; Айтылым. Талғаммен жайылған дастарханға мадақсөз айту. Жазылым. Танымдық жазылым (оқушыны қонақ күту туралы өз ойынан қорытынды жасап, жазуға үйрету). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ халқының дастархан жаю әдебі туралы мәтіндер.

25. Оқу-еңбек аясы – 30/24 сағат:

1) «Менің данагөй замандастарым» -5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-коштау. Лексика: жұлде, замандастар, менгеруші, мүшәйра, жыр кеші, бағындыру, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, тамсану, «алтын балалар», ұлттық құндылық, дәріптеу, бірнеше дүркін, құрмет тақтасы, көрсеткіш, сұраныс, атак, пысық;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қазіргі заманғы данагөйлер жайлы мәтіндерді тыңдап түсіну. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Әлемді мойындатқан данагөйлер туралы мәтіндерді оқу. Айтылым. Қоштау сөздерді қолданып, данагөйлер туралы мәтін құрап айту. Жазылым. Танымдық жазылым. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әлемді мойындатқан данагөйлер туралы мәтіндер;

2) «Уақыт алтыннан қымбат» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-кеңес. Лексика: өлшем, көзқарас, шаруашылық, бозғылт тарту, таңның ағаруы, қас қараю, ағымдағы жұмыстарды, күнделікті жұмыстар, айырмашылық;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мәтіндегі ұлттық ерекшеліктерді

айыру. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Тақырып бойынша берілген мәтіндерді түсініп оқу. Айтылым. Уақыт өлшемдерін қатыстырып диалог-кеңес айту. Жазылым. Танымдық жазылым. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: уақыт өлшемдеріне қатысты мәтіндер;

3) «Пошта қызметін қолданамыз» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-әңгіме. Лексика: несиелік төлем, салыстыру, әлеуметтік жәрдемақы тіркеу, тапсырыс, түйме, ұяшық, сәлемдеме;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Пошта қызметі туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Пошта қызметі туралы ақпараттық мәтін. Диалогтік мәтіндер. Пошта қызметі туралы сұхбат-мәтіндер. Айтылым. Пошта қызметі туралы мәліметтер. Жазылым. Пошта қызметі бойынша мәтін. Тілдесім. Пошта қызметі туралы пікірлесім. Пошта қызметі туралы сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Ұлттық маркалар;

4) «Компьютер: пайдасы мен зияны» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-сұхбат. Лексика: дербес, пернетақта, логикалық құрылғылар, жүйелік блок;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Қазіргі заманғы компьютерлердің мүмкіндіктері туралы ақпараттар. Оқылым: Оқу мәтіндері: компьютерлердің жетілдірілген мүмкіндіктері, компьютердің пайдасы мен зияны жайлы баяндау, хабарлау, жарнама сипатындағы мәтіндер. Компьютердің пайдасы мен зияны туралы диалогтік мәтіндер. Айтылым: Компьютердің пайдасы мен зияны туралы мәліметтер айту. Жазылым: Компьютердің пайдасы мен зиянына байланысты мәтін. Тілдесім: Компьютердің пайдасы мен зияны туралы пікірлесім. Дүкен қызметкерлерінен компьютер түрлері туралы қажетті мәліметтер алу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Компьютердегі мәліметтердің қазақша жазылуы;

5) «Мен мамандық таңдаймын» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-пікірлесім. Лексика: ақ халатты абзал жан деп айту, халыққа адал қызмет ету, сүйіспеншілігін ояту, еркін, жетік, қызығушылықты ескеру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Мамандыққа қатысты мәтіндер. Оқылым: Мамандыққа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым: Өзі таңдаған мамандықты сипаттай отырып, болашақта соған қатысты істейтін істері туралы баяндау. Жазылым. Өзі таңдаған мамандық туралы әңгіме жазу. Тілдесім: Мамандық туралы тақырыптар төңірегінде пікір алмасуды жүзеге асыру, кәсіби сөздер құрамын кеңінен қамтитын тілдік қатынасты кәсіби түрде іске асыру. Диалог-реплика – тілдік қатынаста ойын қысқа сөздер мен сөз тіркестері арқылы тез жеткізу. Диалог-сұрақ;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Қазақ суретшілері туралы мәтіндер.

Көптілді білетін жастар туралы мәлімет;

б) «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: телефонмен сөйлесу әдебі. Лексика: еңбек нарығы, сұранысқа ие, жұмыс берушілер, кәсіби-техникалық, бағдарламашылар, маман тапшылығы, жаппай ақпараттандыру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Тақырыпқа қатысты мәтіндер. Оқылым: Тақырыпқа қатысты мәтінді оқу. Айтылым: Болашақта істейтін жұмысын сипаттай отырып баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Тілдесім: Болашақ жұмыстарына қатысты тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету);

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Белгілі мамандар туралы мәлімет.

26. Әлеуметтік-мәдени ая – 50/40 сағат:

1) «Қазақстан мемлекеті: Тәуелсіздік толғауы». – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Публицистикалық стиль. Лексика: ішкі/сыртқы саясат, президенттік басқару, елбасы жолдауы, билеп-төстеу, айбарлы, оздыру, ұлы мұрат, қажыр-қайрат, ортақ парыз, төтеп беру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Тәуелсіздік толғауы бойынша Қазақстан туралы мәліметтерді іздеу, табу, тыңдап түсіну. Көк түріктер, Алтын Орда, Қазақ хандығы, ерлік пен елдік жайлы ақпаратты тыңдап-түсіну. Оқылым: Қазақстан мемлекеті, оның құрылымы мен Тәуелсіздік толғауындағы басты идеяларды оқып түсіну. «Мәңгілік ел» идесы мен тәуелсіздіктің байланысын мәтіннен тауып оқу. Айтылым: Қазіргі Қазақстан мемлекеті Көк түріктер мен Қазақ хандығының мұрагері екендігін дәйектеп айту. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігін нығайтуға қосатын өз үлесі туралы пайымдамалық мәтін құрап айту. Жазылым: Тәуелсіздік толғауы бойынша өз ойын шағын эссе түрінде жазу. Тілдесім: «Ұлан-ғайыр жері бар, ұлы мұратты Елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы мен ұрпағы көз тіккен ұлы болашағы бар халықтың» болашағы туралы пікір алмасу. Қазіргі «Ел тәуелсіздігі – дамудың кепілі» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Тәуелсіздікке қатысты көркем шығармаларды түсініп оқу, пікір алмасу;

2) «Қазақстан картасы туралы не білесің?» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ауызекі сөйлеу стилі. Лексика: хан, сұлтан, хандық, тайпалар, рулар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, Қазақ хандығы, мемлекет шекарасы, жер бедері;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Қазақстан картасы туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтіннің стилін айыру. Қазақстан картасы туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: қазақстан картасы, еліміздің географиялық орны туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Қазақстан картасы туралы, оның маңызы туралы тілдесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Қазақстан картасы, оның географиялық

орны туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

3) Қазақстанның белгілі ғалымдары – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ғылым стиль. Лексика: ғұлама, жиһанкездік, философиялық тұжырымдар, ұтқыр, шығыстанушы, әскери қызмет;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Қазақстанның белгілі ғалымдары, ғылыми жұмыстар, жобалар туралы мәтіндер. Оқылым: Қазақстанның белгілі ғалымдары, ғылыми жұмыстар, жобалар туралы мәтіндер. Айтылым: Ғылыми жоба туралы мәтіндер. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу.

Отандық ғалымдар туралы сөйлесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақстанның белгілі ғалымдары туралы мәліметпен таныстыру;

4) «Ғарыш – ғылым нысаны» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ресми іс қағазда стилі. Лексика: ғарыш айлағы, техникалық тұғырлар, ғарыш кемелері, кеден, қазақ ғарышкерлері, инженер-ұшқыш, жетік меңгеру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Ғарыш, ғарышкерлер, Байқоңыр туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтіннің стилін айыру. Мемлекеттік құрылым туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Ғарыш, ғарышкерлер, Байқоңыр туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Ғарышпен байланысты тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету);

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Ғарыш, ғарышкерлер, Байқоңыр туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

5) «Медицина жаңалықтарын білгім келеді» -5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Көркем әдебиет стилі. Лексика: телемехана, жаңа технологияларды қолдану, адам өмірін сақтау, соңғы жетістіктер. Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Медицина жаңалықтары туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтіннің стилін айыру. Медицина жаңалықтары туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Медицина жаңалықтары туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Медицинаның бүгіні, ертеңі туралы пікірлесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Медицина жаңалықтары туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

6) «Бұл сақ дәуірінікі болар» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Шешендік сөз тәсілдері. Лексика: көшпелі, мола, көмілген, жорық жасау, табыну, жаулап алу, лауазымдық белгі, жерлеу, айғағы, бекзада, жаралану, ел намысы, жаулау, иемдену, қолға түсіру, қайғыру, таптатпау, бел байлау, шайқасу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Сақ дәуірі туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтінді түсініп оқу. Сақ дәуірі туралы мәтіндерге талдау жасау. Айтылым: Сақ дәуірі туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Тарихқа, сақ дәуіріне байланысты ой бөлісу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Сақ дәуірі туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

7) «Мен сайлауға қатысамын» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Шешендік сөз тәсілдері. Лексика: сайлау науқаны, үміткерлерді таңдау, кәмелетке толғандарды тарту, дауыс беремін, сайлау мерзімі;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Сайлау туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Сайлау туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Сайлау туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Сайлау, сайлауға қатысу жайлы өз пікірлерін бөлісу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Сайлау туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

8) «Әр елдің салты басқа...» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Риторикалық сұрақ. Лексика: мұрындарын тигізу, алақан, маңдайына тигізу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Әр халықтың өзіне тән ерекше дәстүрлері туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Әр халықтың өзіне тән ерекше дәстүрлері туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Әр халықтың өзіне тән ерекше дәстүрлері туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Әртүрлі халықтардың дәстүрлері жайлы пікір алмасу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Әр халықтың өзіне тән ерекше дәстүрлері туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

9) «Сенің есімің қандай мағына білдіреді?» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: ойталқы. Лексика: көне, нәресте, ат қояды;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Баланың дүниеге келуіне байланысты қазақтың салт-дәстүрлері туралы мәтін. Мәтіндегі ұлттық ерекшеліктерді айыру. Оқылым: Мәтіннің ұлттық-мәдени мазмұнын танымдық тұрғыдан түсініп оқу. Айтылым: Шілдеханада орындалатын белгілі бір әрекетті не істі жасауды бір-бірінен өтіну. Баланың дүниеге келіне байланысты қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Адам аттарына, оларды таңдау талаптарына қатысты пікір бөлісу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: отбасылық дәстүрлер;

10) «Мен оқитын газет-журналдар» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Стиль түрлері. Лексика: жылда, құнды ақпарат, баяндама;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Балаларға арналған басылымдар туралы мәтін. Оқылым: Балалар басылымдары туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Газет/журналдардың пайдасын бағалау тұрғысынан баяндау. Жазылым: Осы тақырыпқа қатысты жазбаша жұмыстар. Тілдесім: Отандық басылымдардың қоғамдағы рөлі туралы ой бөлісу. Диалог-мәлімет – белгілі бір газет, журнал туралы мәлімет беру;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Алғашқы қазақ газеттері туралы пікір алмасу.

3. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны

27. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 60/48 сағат:

1) «Саяхатқа шығайық...» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Прагматикалық диалог. Лексика: жұмыс бабы, көкжиек, жаңа әсер алу, сәулет құрылысы, жайлы, төлқұжат/жеке куәлік, құжаттың көшірмесі, аудармашы жалдау, ақша айырбастау;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Саяхаттау, саламатты өмір салты, құжаттарды рәсімдеу туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Саяхаттау – саламатты өмір салты, құжаттарды рәсімдеу жайлы ақпараттар. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Саяхаттау – саламатты өмір салты, құжаттарды рәсімдеу туралы мәліметтерді айту. Жазылым. Саяхаттау – саламатты өмір салты, құжаттарды рәсімдеуге байланысты тірек сөздер бойынша мәтін. Тілдесім. Саяхаттау – саламатты өмір салты, құжаттарды рәсімдеу туралы пікірлесім. Диалог: Сұрақ-жауап, сұрақ-ақпарат, прагматикалық диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Сапарға шығу, жол туралы мақал-мәтелдер, тыйым сөздер;

2) «Жолыңыз болсын!» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-сөзталас. Лексика: Жолыңыз болсын! Қош келдіңіз! Танысқанымна қуаныштымын! амандықпен оралу, жүрексіну, толқу, дүние жүзін аралау, қимай қоштау;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Жол жүргенде, алыстан қонақ келгенде айтылатын лексикалық бірліктермен танысу. Оқылым. Мәтін оқу. Танысу, жолаушы, сапар туралы мәтіндер. Айтылым. Диалог-сөзталас жүргізіп үйрену. Жазылым. Танысу, жолаушы, сапар тақырыптарындағы тірек сөздермен сөз тіркесін, сөйлем, мәтін құрастырып жазу. Тілдесім. Диалог: сұрақ-жауап, себеп-салдар, диалог-сөзталас. Сапарға шығу, жол, таныстық туралы мақал-мәтелдер, тыйым сөздер;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Жол туралы мақал-мәтелдер, тыйым сөздер;

3) «Әуежайда» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-пайымдау. Лексика: анықтама бюросы, бағыттар, ұшу/жүру кестесі, жолсерік, жеңілдігі бар билеттер, әуежай кафесі, шегерілу, биіктікте ұшу, белдікті тағу, жайлы қону;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Ұшақтың ішіндегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: әуежайдағы анықтамалық ақпараттар. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Әуежайдағы қызмет туралы мәліметтерді

айту. Жазылым. Әуежай туралы тірек сөздер бойынша мәтін. Кеден мағлұмдамасын толтыру. Тілдесім. Әуежай туралы пікірлесім. Бекет қызметкерлерінен (анықтама бюросы, касса, жүк қоймасы) өзіне қажетті мәліметтерді сұрап білу. Диалог: Сұрақ-жауап, сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Сапарға шығу, жол туралы мақал-мәтелдер ;

4) «Теміржол бекетінде» -5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-теріске шығару. Лексика: жуық, тасымалдау, жүрдек, теміржолшы, шексіз жер, ардагер, кері қайту, пойызға отырғызу басталды, жолжүк, а р қ а л а у , жү к т а с у ш ы ;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Теміржол бекетіне қатысты мәтіндерді тыңдап түсіну. Оқылым. Қазақстан теміржолының тарихы туралы мәтін оқу. Жазылым. Жүк, темір тұлпар, жүрдек пойыз, автокөлік сөздерін қосып сөйлем құрап жазу. Мәтін құрастыру. Айтылым. Пойызбен жол жүру тақырыбында сұрақтарға жауап беру. Теміржол бекетінің қызметі туралы мәліметтерді айту. Тілдесім. Темір жол перронында айтылатын диалог құру. Билет сататын касса қызметкерімен тілдесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Сапарға шығу, жол туралы мақал-мәтелдер ;

5) «Қандай қонақүйге түстіңіз?» 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-егес Лексика: қонақүй, бір (екі, үш, төрт) кісілік бөлме, жаңа талапқа сай, жоғары санатты маман, а нықтамалық кітапша, кілт алу/өткізу, қонақ үй ә к і м ш і л і г і ;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қонақ үйдегі қызмет түрлері туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: қонақ үй туралы жарнамалық, анықтамалық ақпараттар. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Өзінің сапары туралы. Қонақ үй қызметі туралы мәліметтер. Жазылым. Қонақ үй түрлері мен қызметіне байланысты тірек сөздерге бойынша мәтін. @-mail –мен тапсырыс беру, ақша жіберу, есептесу, жаздыру. Тілдесім. Қонақ үй туралы пікірлесім. Қонақ үй қызметкерлерінен (қонақ үй әкімшілігі, анықтама бюросы, касса) өзіне қажетті мәліметтерді сұрап білу. Диалог: Сұрақ-жауап, Сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Сыныптағы оқушылардың өздері тоқтаған қ о н а қ ү й т у р а л ы с ө й л е с і м і ;

6) «Сарыарқа туралы не білесің?» –5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Прагматикалық диалог туралы өткенді қайталау. Лексика: қыратты, жазық, куә, ұлы дала, қол бастау, толықтай, шоғырлану, қорғасын, темір, қалайы, мыс, кен орны, әлемді мойындату, геологиялық барлау;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Орталық Қазақстанның кенді аймағы туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Орталық Қазақстанның кенді аймағы туралы ақпараттар. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Сарыарқаның табиғаты,

Қазақстанның кенді аймағы туралы мәліметтерді айту. Жазылым. Қазақстанның кенді аймағына байланысты тірек сөздер бойынша мәтін. Тілдесім. Қазақстанның кенді аймағы туралы пікірлесім. Диалог: Прагматикалық диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: туған жер туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер ;

7) «Алтай туралы айтып көрейін» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ресми стильдың тілдік ерекшеліктері. Лексика: адамзаттың алғашқы мекені, Орхон-Енисей жазбалары, түркі жұрты, қоныс, куәгер, бабалар аманаты, қорым, оба, қазба жұмыс, көсем, мәйіт, ну орман, өсімдіктер дүниесі, жануарлар әлемі, бұғы шаруашылығы, жер кіндігі, тоғысу, жан сарайы, биік нүктесі;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Алтай өңірінің табиғаты мен байлығы туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Алтай өңірінің табиғаты мен байлығы туралы ақпараттармен танысу. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Алтай өңірінің табиғаты мен байлығы туралы мәліметтер. Жазылым. Алтай өңірінің табиғаты мен байлығына қатысты тірек сөздер бойынша мәтін. Тілдесім. Алтай өңірінің табиғаты мен байлығы туралы пікірлесім. Диалог: Сұрақ-жауап, Сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: туған жер, табиғат туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер ;

8) «Жер жәннаты – Жетісу» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Өмірбаян. Лексика: жер жәннаты, Алатаудың етегі, баға жетпес, мекен, аумақ, өзен камшаты, сілеусін, ілбіс, тас сусар, еңлікгүл, тұңғиық;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Жетісу жерінің әсем табиғаты, демалыс орындары туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Жетісу, ондағы демалыс орындары, қоғам қайреткерлері туралы ақпараттарды түсіну. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Жетісу өңірінің табиғаты мен байлығы туралы мәліметтер. Жазылым. Жетісу өңірінің табиғаты мен байлығына қатысты тірек сөздер бойынша мәтін. Тілдесім. Жетісудың табиғаты мен байлығы туралы пікірлесім. Диалог: Сұрақ-жауап, Сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: туған жер, табиғат туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер ;

9) «Мұнайлы өлкеде» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Түйіндеме. Лексика: мұнай қайнары, оң ықпал, текше метр, тасымалдау, алыптар, парыз, сауаттылық, азаматтық көзқарас, елжандылық қасиет, құбыр, тоздыру, үлес қосу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Еліміздің мұнайлы аймақтары туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Мұнай-газ саласы мен экологияның байланысы туралы ақпараттарды түсіну. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Ғаламтор материалдарынан Қазақстандағы мұнай өндірісі мен экологиялық проблемалары туралы айту. Жазылым. Мұнайлы өлкеге қатысты тірек сөздер бойынша мәтін.

Тілдесім. Батыс Қазақстанның табиғаты мен байлығы туралы пікірлесім. Диалог: Сұрақ-жауап, сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: жер байлығы туралы мақал-мәтелдер,
 н а қ ы л с ө з д е р ;

10) «Қазақстанның экологиясы сені толғандыра ма?» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Жарнама. Лексика: жер құнары, мұнай қалдықтары, теңіз байлығы, итбалықтардың қырылуы, айыппұл мөлшері, сүзгілер орнату, тұздың таралуы, түтінді қ а л а л а р ;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Еліміздің және ғаламның экологиясы туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Қазақстанның экологиялық қауіпті аймақтары туралы ақпараттарды түсіну. Диалогтік мәтіндер. Айтылым. Қазақстанның экологиялық проблемалары туралы айту. Жазылым. Экологияға қатысты тірек сөздер бойынша мәтін. Тілдесім. Қазақстанның экологиясы, ғаламдық экологиялық мәселелер туралы пікірлесім. Диалог: Сұрақ-жауап, сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: табиғат, денсаулық туралы мақал-мәтелдер ,
 н а қ ы л с ө з д е р ;

11) «Егер мен Қазақстан Парламентіне депутат болсам» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Хат. Лексика: өкілетті, төраға, халық қалаулысы, заң шығару, тағайындау, жасырын дауыс, президент ұсынады, тұрақты, бірлескен, мақұлдау, мүдде, депутаттық сауал, іскер топ өкілдері;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Сайлау, депутатқа үміткер туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Электронды дауыс беру туралы ақпараттық мәтін. Депутатқа үміткер. Қазақстан Парламенті туралы ақпарат-мәтіндер. Айтылым. Қазақстан Парламенті туралы мәліметтер. Жазылым. Қазақстан Парламенті туралы мәтін. Тілдесім. Қазақстан Парламентіне сайлау жүйесі туралы пікірлесім. Депутатпен сұхбат. Тілдесім. Диалог-сұхбат. Сұрақ-ақпарат, пікірталас – диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақтың үш биі: Төле, Қазыбек, Әйтеке т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

12) «Жаһандану бізге не береді?» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Арыз. Өтініш. Лексика: жаһандану үрдісі, жағымды/жағымсыз әсерлері, тұрмыстағы жаңалықтар, жастар және жаңашылдық, жалпыадамзаттық мәселелер, әлем халықтарының бірігуі, өркениеттілік және ұлт, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, қауіпті үрдістер, ұлттық сана, ұлттық мәдениет, дәстүрлер мен салттардың алмасуы, елжандылық;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Жаһандану үрдісі, жағымды/жағымсыз әсерлері, тұрмыстағы жаңалықтар, жастар және жаңашылдық, жалпыадамзаттық мәселелер туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: жаһандану үрдісі, жағымды/жағымсыз әсерлері, тұрмыстағы жаңалықтар, жастар және жаңашылдық, жалпыадамзаттық мәселелер туралы мәтіндерді түсіну. Диалогтік мәтіндер. Айтылым.

жаһандану үрдісі, жағымды/жағымсыз әсерлері, тұрмыстағы жаңалықтар, жастар және жаңашылдық, жалпыадамзаттық мәселелер туралы айту. Жазылым. жаһандану үрдісі, жағымды/жағымсыз әсерлері, тұрмыстағы жаңалықтар, жастар және жаңашылдық, жалпыадамзаттық мәселелерге қатысты тірек сөздер бойынша мәтін. Тілдесім. Жаһандану үрдісі, жағымды/жағымсыз әсерлері, тұрмыстағы жаңалықтар, жастар және жаңашылдық, жалпыадамзаттық мәселелер туралы пікірлесім. Диалог: Сұрақ-жауап, Сұрақ-ақпарат, себеп-салдар диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Әлем, өмір, жер жүзі, дүние туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер.

28. Оқу-еңбек аясы – 20/16 сағат:

1) «Мемлекеттік емтихан тапсырамын» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Хабарлама. Лексика: мектеп түлектері, балалық, қоштасу, нағыз сын, талап, бірлесіп шешу, бір-бірімізді қолдау, ұпай көрсеткіштері, үлгерім деңгейі;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мемлекеттік емтихан туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Мемлекеттік емтихан туралы ақпараттық мәтін. Диалогтік мәтіндер. Мемлекеттік емтихан туралы сұхбат-мәтіндер. Айтылым. Мемлекеттік емтихан туралы мәліметтер. Жазылым. Мемлекеттік емтихан бойынша мәтін. Тілдесім. Мемлекеттік емтихан туралы пікірлесім. Мемлекеттік емтихан туралы сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Мектеп, оқу-білім туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер;

2) «Мен өз елімде жан-жақты білім ала аламын» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Хабарландыру. Лексика: Қазақстандағы белгілі университеттер, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақ ұлттық университеті), Абай атындағы ҚазҰПУ (Қазақ ұлттық педагогикалық университеті), Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ (Қазақ ұлттық техникалық университеті), халықаралық стандартқа сай білім, жаңа білім салалары, жолдама, гранттар ұтып алу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлімі: Тыңдалым. Мұғалімнің, сыныптастарының, өзге де тілдесетін адамдардың сөздеріндегі және ұнтаспадан тыңдаған өз еліндегі оқу жүйесі туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндердегі өз еліндегі оқу жүйесі туралы жарнамалық, анықтамалық ақпараттар. Айтылым. Өз еліндегі оқу жүйесі туралы мәліметтерді айту. Жазылым. Өз еліндегі оқу жүйесіне байланысты білетінін мәтін түрінде жазу. Сұрақтарға жауап жазу. Тілдесім. Ұсынылған тақырып бойынша сөйлесім. Өз еліндегі оқу жүйесі туралы пікірлесім. Білім саласы қызметкерлерінен өзіне қажетті мәліметтерді сұрап білу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Еліміздің оқу жүйесі туралы пікір алмасу;

3) «ҚР Президентінің Жолдауымен танысамыз: Тәуелсіздік толғауы» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Конспект. Лексика: «Мәңгілік ел – Мәңгілік Тіл идеясы», интеллектуалды ұлт, кәсіби білім, талап, қоғамның ең белсенді тобы, рух, азат, өмірлік

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. ҚР Президенті 2014 жылы 15 желтоқсанда жариялаған «Тәуелсіздік толғауын» тыңдап-түсіну. «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы», «Тәуелсіздіктің ұлы рухы», «Өзара сенімде азат өмір сүруді тандау», «Халық мәңгілігі» және т.б. идеяларды түсіну: «Тәуелсіздік толғауы» жөніндегі ақпараттарды түсіне білу. Оқылым. Оқу мәтіндері: ҚР Президентінің Жолдауы туралы ақпараттық мәтін. Диалогтік мәтіндер. ҚР Президентінің Тәуелсіздік толғауы туралы сұхбат-мәтіндерді оқып, түсіну. Айтылым. ҚР Президентінің Тәуелсіздік толғауы туралы мәліметтерді оқып, өзіндік ойын айту. Оқу материалдарындағы дәйексөздерді тірек ретінде алып, өзіндік пікірін айту. Тәуелсіздік туралы ойын жүйелі әрі сауатты жеткізу. Жазылым. ҚР Президентінің Жолдаулары бойынша мәтін. Жолдаудағы негізгі идеяны жүйелеп, қысқа әрі нақты жазу. Оны диаграмма арқылы көрсете білу. Ақпарат құралдарындағы «Тәуелсіздік толғауы» туралы материалдар бойынша тезис жазу. Тәуелсіздік туралы эссе жазу. Тілдесім. ҚР Президентінің Тәуелсіздік толғауы, Жолдаулары туралы пікір алысу. Оқыған, жазған, жинаған ақпараттары бойынша сұхбат құру;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Отан, халық, Тәуелсіздік туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер. «Тәуелсіздік» туралы қазақ ақындарының шығармалары ;

4) «Сенің құжатың түгел ме?» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Мінездеме. Лексика: алғыр, жауапты, ісіне тиянақты, қолдау көрсету, шыншыл, қоғамдық жұмыстарға қатысу, құжаттарды түгендеу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Құжат, оның түрлері туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Құжат, оның түрлері туралы ақпараттық мәтін. Диалогтік мәтіндер. Құжат, оның түрлері туралы сұхбат-мәтіндер. Айтылым. Құжат, оның түрлері туралы мәліметтер. Жазылым. Құжат, оның түрлері бойынша мәтін. Тілдесім. Құжат, оның түрлері туралы пікірлесім. Құжат, оның түрлері туралы сұхбат.

29. Әлеуметтік-мәдени ая – 40/32 сағат:

1) «Мәдени мұра» бағдарламасы – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Тезис. Лексика: «Мәдени мұра» бағдарламасы, құндылық, халық ауыз әдебиеті, ұлттық жоба, қаржы бөлінді, эпостық жырлар, даналық, бастыру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. «Мәдени мұра» бағдарламасы, құндылық туралы ақпараттарды тыңдап түсіну. Оқылым. «Мәдени мұра» бағдарламасы, құндылық туралы ақпараттық мәтіндерді оқу. «Мәдени мұра» бағдарламасы, құндылық, халық ауыз әдебиеті, ұлттық жоба туралы ақпарат-мәтіндерді оқып талдау. Айтылым. «Мәдени мұра» бағдарламасы, құндылық туралы мәліметтер. Жазылым. «Мәдени мұра» бағдарламасы туралы мәтін; Тілдесім. «Мәдени мұра» бағдарламасы туралы пікірлесім. Сыныптастарымен сұхбат. Тілдесім. Диалог-сұхбат. Сұрақ-ақпарат, п і к і р т а л а с – д и а л о г т а р ы ;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: «Мәдени мұра» бағдарламасы;

2) «Алтын адам» қайдан табылды?» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Тақырып. Лексика: шошақ төбелі, алқа, алтын таға, қорған, олжа, біздің дәуірімізге дейінгі, құйма алтын, сүйегі, алтын зерлі, мүйіз тектес өрнек, қола дәуір, сақ көсемі, құрбандық тасы, сәукеле, құл, сайран құру, қыш ыдыстар;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы ақпараттарды тыңдап түсіну. Оқылым. Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы ақпараттық мәтін мен Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы ақпарат-мәтіндерді оқып, талдау. Айтылым. Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы мәліметтерге сүйеніп өз ойын айту. Жазылым. Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы мәтін. Тілдесім. Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» туралы пікірлесім. Сыныптастарымен сұхбат. Тілдесім. Диалог-сұхбат. Сұрақ-ақпарат, пікірталас – диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: «Мәдени мұра» бағдарламасы;

3) «Сән» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Идея. Лексика: белдемше, қалпақ, топтама, көрсетілім, киім пішу, сәнгер, ісмерлік өнер, пүліш, мата, тоқыма бұйымдары, киіз басу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Жастар киімі, мектеп формасы және сән туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Жастар киімі, мектеп формасы және сәнге байланысты ақпараттық мәтін. Диалогтік мәтіндер. Сән орталықтарының ақпараттық-жарнамалық (буклет, киім үлгісі жинақтары, жарнама қағазы, т.б.) мәтіндері. Айтылым. Монолог: Жастар киімі, мектеп формасы және сән туралы мәліметтер. Диалог: Диалог-сұхбат. Сұрақ-ақпарат, пікірталас - диалогтары. Жазылым. Жастар киімі, мектеп формасы және сән туралы мәтін. Киіну әдебі туралы сұхбат жазу. Тілдесім. Жастар киімі, мектеп формасы және сән туралы пікірлесім. Ателье, киім дүкені қызметкерлерімен сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Жастар киіміндегі ұлттық нақыштар туралы сұхбат. Киімге қатысты мақал-мәтелдер;

4) «Жастар киімі» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Жоспар. Лексика: жастарға лайық, жаңа үлгідегі, желбір салынған, ұсақ гүлді, талғамға сай, ұлттық нақыш. Адам көркі – шүберек;

Қатысымдық-сөйлесімдік бірліктер: Тыңдалым. Талғам туралы мәтін тыңдап түсіну. Оқылым. Оқу мәтіндері: Сәнді киіну, Жастар киімі. Айтылым. Талғамға талас жоқ. Пікірталас жасау. Жаңа сөздерді ауызекі тілде пайдалану. Жазылым. Ұлттық нақыштағы киімдердің атауларын қатыстырып сөйлем құрастыру, мәтін жазу. Тілдесім. Диалог-сұхбат. Сұрақ-ақпарат, пікірталас-диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Киім, адамның сыртқы мәдениеті туралы мақал-мәтелдер;

5) «Тарихи ескерткіш» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Мәтін. Лексика: кесене, зәулім күмбезді, тәу ету (тағзым ету, табыну, құрметтеу), тайқазан, шығыс моншасы. «Сопылық» – Бұл сөздің түбірі арабтың «сафа» (арабша *тазалық*) сөзімен байланысты деген пікір бар, рухани құндылық, келеңсіз жай, и балық, иманды/зайырлы қоғам;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қазақстандағы тарихи ескерткіштер туралы ақпараттар. Оқылым. Қазақстандағы тарихи ескерткіштер ақпараттық мәтінді тыңдап түсіну. Қазақстандағы тарихи ескерткіштер туралы ақпарат-мәтіндер. Айтылым. Қазақстандағы тарихи ескерткіш туралы мәліметтер. Жазылым. Қазақстандағы тарихи ескерткіштер туралы мәтін. Тілдесім. Қазақстандағы тарихи ескерткіштер туралы пікірлесім. Сыныптастарымен сұхбат. Тілдесім. Диалог-сұхбат. Сұрақ-ақпарат, пікірталас-диалогтары;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақстандағы тарихи ескерткіштер;

6) «Театрға саяхат» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Идея. Лексика: қойылым, өнер, үлес қосу, жасөспірім, талап-тілек, ынталандыру, нығайту;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Театрдағы қойылымдар туралы ақпараттарды тыңдап түсіну. Оқылым. Қазақ театрлары туралы ақпараттық мәтіндерді оқу. Диалогтік мәтіндер. Қазақ актерлары туралы сұхбат-мәтіндерді талдап оқу. Айтылым. Театр туралы туралы мәліметтерді айту. Жазылым. Театрда көргендері мен қойылым бойынша мәтін жазу. Тілдесім. Қазақтың театр ордалары туралы пікірлесім. Театр туралы сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Алғашқы қазақ театрлары мен актерлары туралы мағлұматтар;

7) «Театрда өзіңді ұстай біл» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ой қорытындысы. Лексика: шымылдық, ілеспе аударма;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Театр мәдениеті туралы ақпараттарды тыңдап түсіну. Оқылым. Театр мәдениеті туралы ақпараттық мәтіндерді оқу. Диалогтік мәтіндер. Қазақ актерлары туралы сұхбат-мәтіндерді оқып талдау. Айтылым. Театр мәдениеті туралы мәліметтер. Жазылым. Театр мәдениеті бойынша мәтін жазу. Тілдесім. Театр мәдениеті туралы пікірлесім. Театр туралы сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақстандағы қазіргі театрлар мен актерлары туралы мағлұматтар;

8) «Шәкен Айманов – ұлы режиссер» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Тұжырым. Лексика: дарынды суреткер, сахна өнері, тұсаукесері;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттарды тыңдап түсіну. Оқылым. Шәкен Айманов туралы ақпараттық мәтінді оқу. Диалогтік мәтіндер мен Шәкен Айманов туралы сұхбат-мәтіндерді оқып талдау. Айтылым. Шәкен Айманов туралы мәліметтер. Жазылым. Шәкен Айманов өмірі мен шығармашылығы бойынша мәтін жазу. Тілдесім.

Шәкен Аймановтың қазақ киносына қосқан үлесі туралы пікірлесім. Қазақ киностудиясы туралы сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ киносы туралы мағлұматтар.

4. 10-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Пәндік нәтижелер

30. Лексика бойынша:

- 1) берілген ойдың мазмұнына қарай қажетті сөздердің қолданылуын;
- 2) фразеологизмдердің мағынасын дұрыс ажыратуды;
- 3) мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтауды;
- 4) 170-200 лексикалық бірліктің мағынасын білуі тиіс.

31. Сөз құрамы мен сөзжасам бойынша:

- 1) түбірлес сөздердің мағыналық байланысын;
- 2) сөз таптарының мағыналық байланысын білуі тиіс.

32. Грамматика бойынша:

- 1) іскерлік және қатысымдық-функционалдық тұрғыдағы тілдік бірліктерді қолдана алуы тиіс;
- 2) стильдің түрлерін білуі тиіс.

33. Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

- 1) тыңдалым:
нақты, анық айтылған ақпараттардың мазмұнын түсіну;
радио, телехабарларда берілетін жаңалықтарды түсіну;
аудиоматериалдағы айтылған ойды анықтау дағдыларын;
- 2) оқылым:
әртүрлі тақырыптарда ұсынылған мәтіндерді оқып түсіну;
оқылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, баяндау;
мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді, мағыналық бөліктерге жіктей алу;
ғылыми-көпшілік, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптардағы материалдарды оқып талдау, ой қорыту дағдыларын меңгеруі тиіс;
- 3) айтылым:
өзінің сезімдерін, көзқарасын, ой-пікірін, армандарын жеткізе алу;
түрлі жағдаятқа сәйкес көзқарасын білдіру;
затты, құбылысты суреттеп, сипаттап айта алу дағдыларын;
- 4) жазылым:
өзінің алған әсері туралы қысқа, шағын әңгіме жазу;
пунктуация ережелерін сақтау;
ұсынылған мәтіндер бойынша жоспар түзу, тезис жазу дағдыларын меңгеруі тиіс;
- 5) тілдесім:

әртүрлі жағдаятта диалогтік, полиглоттік сұхбаттарға қатысу;
таныс жағдаяттарда сұхбатқа өздігінен араласу;
үнтаспада жазылған сұрақтарды тындап түсіну, сол туралы өз көзқарасын білдіру;
оқыған мәтін бойынша өз пікірін айту дағдыларын меңгеруі тиіс.

5. 11-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

Пәндік нәтижелер

34. Лексика бойынша:

- 1) сөздің тура және ауыспалы мағынасын;
- 2) синонимдік қатардан сөз таңдай;
- 3) тұрақты тіркестер, мақал мен мәтелдер, афоризмдердің аражігін ажырата;
- 4) омоним, антоним, синоним сөздердің қолданылу орындарын;
- 5) өндірістің, ғылымның, техниканың, өнер мен мәдениеттің даму нәтижесінде пайда болған ұғымдарды білдіретін терминдерді;
- 6) лексикографиялық сөздіктерді қолдану тәсілдерін;
- 7) 170-200 лексикалық бірліктің мағынасын білуі тиіс.

35. Сөз құрамы мен сөзжасам бойынша:

- 1) қосымшалардың түрлерін ажырата;
- 2) туынды сөздердің түрлерін жіктей;

36. Грамматика бойынша:

- 1) іскерлік және қатысымдық-функционалдық тұрғыдағы тілдік бірліктерді қолдана алуы тиіс;
мәтіндерге тілдік талдау жасай алуы тиіс.

37. Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

- 1) тыңдалым:
аудиотаспадан тыңдалған диалогпен полилогті түсініп, онда айтылған сөз мазмұнын жеткізе білу;
тақырып бойынша тыңдалған пікірге, ойға баға беру;
радио, телеарналарда берілетін хабарлардың мазмұнын түсіну;
аудиоматериалдағы айтылған ойды анықтаудағы дыларын меңгеруі тиіс;
- 2) оқылым:
мемлекеттік тілде жазылған құжаттарды оқып түсіну;
мәтіннен өзіне керекті мәліметті бөліп ала білу;
оқудың нақты мақсатына сай әртүрлі стильдегі мәтіндерден негізгі ойды ажырата алу дағдыларын меңгеруі тиіс;
- 3) айтылым:
оқыған әңгіменің мазмұнын, тақырыбы туралы айтып беру;

өзбетінше газет-журнал материалдарына шолу жасап, негізгі ойды анықтай алу;
интернет желісінен қажетті ақпаратты тауып, оны өз сөзімен баяндай алу
дағдыларын меңгеруі тиіс;

4) жазылым:

жеке адамға қатысты құжаттарды сауатты толтыру;
ұсынылған тақырып бойынша шығармашылық сипатта мәтін құрай алу;
реферат жұмысында дәйек сөздерді кіріктіру және әдебиеттерді рәсімдеу

дағдыларын меңгеруі тиіс;

5) тілдесім:

ұсынылған тақырып бойынша полилогқа қатысу;
диалогтің түрлеріне сай пікірлесе алу;
ұнтаспадағы диалогті тыңдап, өз сөзімен айтып беру;
нақты тақырыпта сұхбат құрастыра алу;
әңгімені жалғастыру, пікір таластыру дағдыларын меңгеруі тиіс.

6. 10-11-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Тұлғалық нәтижелер

38. 10-11-сынып оқушыларының:

- 1) Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңына құрметкөрсетуінен;
- 2) жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен;
- 3) мемлекеттік тілді білуінен, қазақ халқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;
- 4) адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, этикалық нормаларды сақтай білуінен;
- 5) өздігінен білім алуға, өмірден өз орнын табуға қабілеттілігінен;
- 6) әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуынан көрінеді.

7. 10-11-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

39. 10-11-сынып оқушыларының:

- 1) тақырыпқа қатысты айтылған ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуінен;
- 2) мемлекеттік тілдегі радио, теледидар хабарларын тыңдап, түсінуінен;
- 3) мәтіндерден тура, ауыспалы мағыналы сөздерді, мақал-мәтелдерді таба алуынан

және оларды қажетіне қарай өзінің сөйлеу тілінде орынды қолдануынан;

4) өзарман-үміті, жоспарлары жайлы айта алуынан;

5) мәселеге қатысты өз көзқарастарымен ұсыныстары туралы пікір білдіре алуынан;

6) заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруінен;

7) коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігінен;

8) күнделікті жағдаяттарға байланысты өзгелермен сұхбаттаса алуынан; белгілі бір тақырып бойынша диалогке, полилогке қатыса алуынан;

9) тосын сұхбаттарға (отбасы, хобби, жұмыс, саяхат т.б.) қатысып, өз ой-пікірлерін білдіруінен;

10) тілдесім әрекетінде қазақ тілінің сөз мәдениеті нормаларын сақтап қолдануынан;

11) тілдік жағдаяттардың ерекшелігіне сай қазақ тіліндегі этикеттік орамдарды орынды пайдаланып сөйлесе алуынан көрінеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 8-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 101-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту қазақ тілде емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәні – орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Тіл және әдебиет» білім беру саласына енгізілген және мектептің жалпы орта білім беру деңгейінде міндетті түрде о қ ы т ы л а т ы н п ә н .

3. «Қазақ тілі» пәнінің маңыздылығы қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Қазақ тілін оқыту барысында өзге тілде білім алатын жоғары буын оқушыларын қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениаралық қатысым құралы ретінде м е н г е р т у к ө з д е л е д і .

4. Оқыту қазақ тілде емес мектептердің бастауыш білім деңгейінде қарапайым деңгей 1-4-сыныптарды қамтыса, негізгі және орта деңгейлер 5-сыныптан бастап оқытылады да, 9-сыныппен аяқталады. Ортадан жоғары деңгей 10-11-сыныптарды қ а м т и д ы .

5. 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы – қазақ тілде емес мектептерде қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруді қамтамасыз ететін; қазақша сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) ортадан жоғары деңгейде іс жүзіне асыратын; оқушының түсінікті сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын білім мазмұнын, көлемін, мөлшерін, оқу жүктемесін қамтитын; білім, білік, дағды деңгейлеріне байланысты тақырыптық аяларды, дидактикалық ұстанымдарды; оқушылардың білімі мен білігіне қойылатын талаптарды анықтайтын нормативтік құжат.

6. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім беру туралы» Заңдары мен «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында белгіленген міндеттер еліміздің білім беру жүйесінде көптілді меңгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асырудың ұтымды жолдарын анықтауды талап етеді.

7. Әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің деңгейлері мен олардың сипаттарының негізінде Қазақстан Республикасындағы оқыту қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептердің 1-11 сыныптарында қазақ тілін үйретудің деңгейлері айқындалды. Оқушының білім, білік, дағдылары орта мектеп жүйесінде тілді деңгейлік меңгерту ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді.

8. 10-11-сыныптардағы Ортадан жоғары деңгей – B_{1+} екі игерімді қамтиды:

тереңдетіле қалыптасқан толық игерім $B_{1.2}$ – 10-сынып;

тереңдетіле қалыптасқан жетік игерім B_{1+} – 11-сынып.

9. Қазақстан Республикасы халқының контингенті мен қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептерінде тілдерді оқыту мен үйретудің өзіндік ерекшелігі ескерілді және тілдерді деңгейлік меңгерудің еуропалық жүйесі негізге алынды:

1) еуропалық жүйеге сәйкестендірілген тілдік деңгейлер жалпы білім беретін орта мектептің 10-11 сыныптары бойынша сараланды;

2) ортадан жоғары деңгейдің тіл меңгеру игерімдері айқындалды;

3) ортадан жоғары деңгейдегі базалық білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша т ү з і л д і ;

4) оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ортадан жоғары деңгейдің ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша сараланды;

5) әр сыныптағы бағдарлама материалдары тілдік бөлім, қатысымдық-сөйлесімдік бөлім және мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі бойынша нақтыланып ұсынылды.

10. Қазақ тілін үйренуге негіз болатын бөлімдер арқылы оқушылардың жобаланған

оқу нәтижелеріне жетуі қарастырылады.

11. Оқу пәнінің мақсаты – ортадан жоғары деңгей бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға қазақша тілдік қатынас нормалары мен мәдениетін игерту.

12. Оқу пәнінің міндеттері:

1) жоғары сынып оқушыларының білімін тілдік, лингвомәдениет-танымдық, этномәдени және әлеуметтік тұрғыдан кеңейтіп, қазақ тілін игертудің коммуникативтік бағытын жүзеге асыру;

2) оқушының өз ойын, пікірін, көзқарасын еркін, дұрыс, нақты (ауызша және жазбаша) жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;

3) оқушылардың қазақ тіліндегі функционалдық сауаттылығын дамыту;

4) мәдени-әлеуметтік, қоғамдық-саяси тақырыптардағы оқу материалдарымен жұмыс аясында оқушылардың қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру.

13. Тілді меңгеру деңгейлерін игерімдерге жіктеу білім беруді дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сай іске асырылады. Бір деңгейдің бастапқы сатыларындағы білім мазмұнын игерген оқушы бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік ұстанымдары негізінде ортадан жоғары деңгейде берілген білім мен біліктерді меңгеруге мүмкіндік алады.

14. Қазақ тілде емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын іріктеуде қатысымдық-әрекетшілдік, қатысымдық-функционалдық, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, оқу материалдары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі; оқушының тілді білу деңгейіне сай келуі; білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту ұстанымдары басшылыққа алынды:

1) білім берудің үздіксіздік ұстанымы оқытудың барлық сатыларының арасындағы жалғастықты әдіснама, мазмұн, әдістеме және технология сабақтастығы тұрғысынан қамтамасыз етеді;

2) оқытудың қатысымдық-әрекетшілдік ұстанымы оқушыларды оқу-танымдық әрекетке белсенді қатыстыру арқылы өздігінен жаңа білім алуға ұмтылдырып, өзін өзі бағалау мен өз әрекетін өзі бақылай алу дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

3) пәнаралық байланыс ұстанымы оқу мәтіндерінің мазмұнын талдату, өздік және шығармашылық тапсырмаларды орындату барысында жүзеге асырылады;

4) түсіністік ұстанымы қазақ тілін оқыту барысында жоғары сынып оқушыларының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық жағымды жағдай тудыруға мүмкіндік жасайды. Оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына және олардың өз жетістігін сезінуіне мүмкіндік беретін тілектестік ниетті

ұстану оқу үдерісі тиімділігінің маңызды шарты болып табылады.

5) оқушылардың тұлғалық жетістіктерін ескеру ұстанымы түрлі деңгейдегі күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға, оқыту мотивінің тұлғалық-мәнділігін қалыптастыруға, оқытудың ұтымды технологиясы мен оқу материалдарын таңдауға және бейімдеуге, оқушылардың жоспарланған нәтижелерге ж е т у і н е м ү м к і н д і к б е р е д і .

6) шығармашылық ұстанымы оқушылардың әртүрлі өмірлік жағдаяттарда жаңа міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзіреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

15. Пәнаралық байланыс өзге тілді мектеп оқушысының қазақ тіліндегі сөздік қорын молайтуға, дүниетанымын кеңейтуге, қазақ тілін қолдану мүмкіндіктерін арттыруға жол ашады. Жалпы білім беретін өзге тілде оқытатын мектептердің негізгі сатысында «Қазақ тілі» пәнін төмендегідей пәндермен байланыстыра меңгерту к ө з д е л е д і :

1) «Қазақ әдебиетімен»:

қазақ тілін жүйелі әрі сапалы меңгертуде оқу материалдарының басым бөлігі көркем-әдеби шығармалардан алынатындықтан, тіл мен әдебиеттің арасындағы байланыс үздіксіз жүргізіліп отырады;

көркем мәтіндер оқушыны ойлауға, сөйлеуге үйретумен қатар тілдік-эстетикалық талғамдарын арттыруға, көркем, шебер сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, сөз байлығын молайтады;

2) «Орыс (ұйғыр, өзбек, тәжік) тілімен»:

қазақ тілінің құрылымдық жүйесін танытуда орыс (ұйғыр, өзбек, тәжік) тілімен салыстыру әдісі, бір жағынан, оқушының дүниетанымын кеңейтсе, екінші жағынан, тілді сапалы меңгертуге, саналы түсіндіруге әсер етеді;

оқушылардың ана тілі мен қазақ тілінің арасындағы ерекшеліктерді білуі сөз әдебіне байланысты қатысымдық дағдыларды меңгертуде маңызды рөл атқарады;

3) «Қазақстан тарихымен»:

тіл мен тарихтың байланысы оқушының тіл туралы дүниетанымын кеңейтеді, термин сөздерді, басқа тілден енген сөздерді меңгертуде ерекше рөл атқарады;

сөздердің этимологиясын түсіндіруде де тарихи фактілерге сүйену оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

4) «Информатика» пәнімен:

оқушыларға ұсынылатын өздік және шығармашылық тапсырмаларды сапалы орындауға ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады;

интернет көздерінен материалдар тауып, оларға талдау жасау, ой қорыту, алынған материалдарды өз жұмыстарында орынды қолдануға үйрететін тапсырмалар оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға жол ашады;

5) жаратылыстану циклі пәндерімен:

қазақ тілінің жаратылыстану пәндерімен сабақтастықта меңгертілуі оқушылардың сөздік қорларын молайтуға және түрлі тілдік жағдаяттарда қазақ тілін орынды қолдану дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді;

қазақ тіліндегі терминдерді сауатты қолдануға мүмкіндік туғызады.

16. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында ұсынылған Типтік оқу жоспарына сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақ тілі» пәні аптасына 10-11-сыныптарда 4 сағаттан оқытылады. Оқу жылындағы барлық сағат саны:

1) 10-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат, оның ішінде: ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 16 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 4 сағат, барлығы – 136 сағат, оның ішінде: ағымдағы бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 16 сағат.

17. Оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағытында «Қазақ тілі» пәні аптасына 3 сағаттан оқытылады. Оқу жылындағы барлық сағат саны:

1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат, оның ішінде: бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 6 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат, оның ішінде: бақылау жұмыстарына және тоқсандық, жылдық қайталауларға - 6 сағат.

18. Оқу бағдарламасының білім мазмұнында сағаттар мөлшері оқыту тіліне байланысты келесідей үлгіде көрсетілген. Мысалы: I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 40/32 сағат. 1. Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы - 5/4 сағат. Мұндағы алдыңғы сан орыс тілді мектептерге, ал соңғы сан өзбек, ұйғыр, тәжік тілді мектептерге арналып көрсетілген.

19. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқыту қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұнын анықтауға түрлі тілдік қарым-қатынастың ауқымында пайда болатын жағдаяттар, жағдаятқа қатысушылар, заттар, оқиғалар, іс-әрекеттер, мәтіндер негіз болды.

20. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұндық желісі үш аяға бөлініп ұсынылды:

1) әлеуметтік-тұрмыстық ая;

2) оқу-өзбек аясы.

3) әлеуметтік-мәдени ая;

21. Әрбір аяда қамтылған тақырыптар бірізділікті сақтай отырып, бірте-бірте күрделенеді. Қазақ тілінің функционалдық-грамматикалық минимумдары осы лексикалық тақырыптарды меңгерудің нәтиже көрсеткіші ретінде ұсынылады.

22. 10-сынып:

1) әлеуметтік-тұрмыстық ая:

«Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы», «Мен үйдің тұңғышымын», «Отбасы

бюджетін жоспарлау», «Менің жеке бюджетім», «Қалай сәнді киінуге болады?», «Қазақ – қонақжай халық», «Біз қонақ күтеміз», «Дастархан жаямыз»;

2) оқу - еңбек аясы:

«Менің данагөй замандастарым», «Уақыт алтыннан қымбат», «Пошта қызметін қолданамыз», «Компьютер: пайдасы мен зияны», «Мен мамандық таңдаймын», «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?»;

3) әлеуметтік-мәдени ая:

«Қазақстан мемлекеті: Тәуелсіздік толғауы», «Қазақстан картасы туралы не білесің?», «Қазақстанның белгілі ғалымдары», «Ғарыш – ғылым нысаны», «Медицина жаңалықтарын білгім келеді», «Бұл сақ дәуірінікі болар», «Мен сайлауға қатысамын», «Әр елдің салты басқа...», «Сенің есімің қандай мағына білдіреді?», «Мен оқитын газет-журналдар».

23. 11-сынып:

1) әлеуметтік-тұрмыстық ая:

«Саяхатқа шығайық...», «Жолыңыз болсын!», «Әуежайда», «Теміржол бекетінде», «Қонақ үйде», «Қандай қонақүйге түстіңіз?» «Сарыарқа туралы не білесің?», «Алтай туралы айтып көрейін», «Жер жәннаты – Жетісу», «Мұнайлы өлкеде», «Қазақстанның экологиясы сені толғандыра ма?», «Егер мен Қазақстан Парламентіне депутат болсам», «Жаһандану бізге не береді?»;

2) оқу - еңбек аясы:

«Мемлекеттік емтихан тапсырамын», «Мен өз елімде жан-жақты білім ала аламын», «ҚР Президентінің Жолдауымен танысамыз: Тәуелсіздік толғауы», «Сенің құжатың түгел ме?»;

3) әлеуметтік-мәдени ая: «Мәдени мұра» бағдарламасы», «Алтын адам» қайдан табылды?», «Сән», «Жастар киімі», «Тарихи ескерткіш», «Театрға саяхат», «Театрда өзіңді ұстай біл», «Шәкен Айманов – ұлы режиссер».

2. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны

24. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 40/32 сағат:

1) «Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Сөйлесім типтері. Лексика: мән беру, тәрбие алу, қаталдық, ізгілік, қажы, турашылдық, жат, өгей болу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Әке мен бала қарым-қатынасы туралы мәтіндер. Оқылым. Әке мен бала қатынасы туралы мәтіндерді оқу. Айтылым. Өз сезімін, қарым-қатынасын баяндау. Жазылым. Көркемдік жазылым (Абзац, диалог т.б. сақтап көркем жазу). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Қалыптасқан тілдесім (әр адамның өмірдегі өз орнына сай бір-бірімен тілдесуін, түсінісуін меңгерту). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: отбасы, ата-ана арасындағы қарым-қатынас туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, тиым сөздермен танысу. Мақал туралы ой б ө л і с у ;

2) «Мен үйдің тұңғышымын» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Монологтік сөз. Лексика: сүйінші сұрау, көрімдік беру, сәби, тұңғыш бала, кенже бала, ерке, қара шаңырақ, шаңырақ иесі, ортаншы бала, тұспалдап айту, дәстүр: бесікке салу тойы, бөлеу, қырқынан шығару, тұсау кесу, шашу, ала жіп, т і л - к ө з д е н с а қ т а у ;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Әке мен бала қарым-қатынасы туралы мәтіндер. Оқылым. Әке мен бала қатынасы туралы мәтіндерді оқу. Айтылым. Өз сезімін, қарым-қатынасын баяндау. Жазылым. Көркемдік жазылым (Абзац, диалог т.б. сақтап көркем жазу). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Қалыптасқан тілдесім (әр адамның өмірдегі өз орнына сай бір-бірімен тілдесуін, түсінісуін меңгерту). Д и а л о г - м ә л і м е т ;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: отбасы, ата-ана арасындағы қарым-қатынас туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, тыйым сөздермен танысу. Мақал туралы о й б ө л і с у ;

3) «Отбасы бюджетін жоспарлау» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Баяндау. Лексика: құралады, асырау үшін, кіріс/ шығын, жиынтығы, тең болуын қадағалайды, орынды жұмсау, қажетін қанағаттандырады, төлемақы, тізім жасау, коммуналдық төлем, жылу, электр шығыны, ыстық/суық су шығыны, күнделікті , қалта шығыны, жол ақы, қаржы, тізім жасау, карточкамен есептесу, бөлеміз, қ а л д ы р а м ы з ;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді түсіну. Оқылым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым. Тақырып туралы баяндау. Жазылым. Үй төлемінің түбіртегін толтыру. Тілдесім. Тақырыпқа қатысты тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету). Диалог-сұрақ. Диалог-жауап;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мақал-мәтел, нақыл сөздер;

4) «Менің жеке бюджетім» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Сипаттау. Лексика: күнделікті қалта шығыны, үнемдеу, ақша жұмсау, қолқабыс, тұтынушы мәдениеті, бас тартамын, тұрақты табыс, «қабілеттілікке» тест т а п с ы р у , о н д ы қ қ а к і р у ;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді түсіну. Оқылым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым. Тақырып туралы баяндау. Жазылым. Отбасы мүшелерін сипаттап мәтін жазу. Тілдесім. Тақырыптық тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету). Диалог-сұрақ. Диалог-жауап;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: мақал-мәтел, нақыл сөздер;

5) «Қалай сәнді киінуге болады?» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Суреттеу. Лексика: талғам, жарасымды, кестесіз, сызықтары, биік өкшелі, еркін сезіну, жүріс-тұрысқа, өте ыңғайлы, денеге ауа жібереді, ылғал өткізбейді, денеңді қыспайды, қимылыңды шектемейді;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді түсіну. Оқылым. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым. Тақырып туралы баяндау. Жазылым. Суреттемелік мәтін жазу. Тілдесім. Кәсіби тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету). Диалог-сұрақ. Диалог-жауап;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: сән, талғам туралы мақал-мәтел, нақыл сөздер;

6) «Қазақ – қонақжай халық» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Пайымдау. Лексика: келін, құдағи, үлкендер, бап, қоғам дерті, қызу қанды, рух, төзімді, риза ету, қонақасы;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қонақжайлыққа қатысты мәліметтерді тыңдап түсіну. Диалогтік мәтіндерді түсіну. Оқылым. Қонақ күту дәстүріне байланысты мәтіндер. Айтылым. Қонақ күтуде жасалатын іс-әрекеттерді баяндау. Жазылым. Танымдық жазылым (оқушыны қонақ күту туралы өз ойынан қорытынды жасап, жазуға үйрету). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ халқының қонақжайлығы туралы мәтіндер;

7) «Біз қонақ күтеміз» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Құттықтау хат. Лексика: шақыру қағазы, қатты күлмеу;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мәтіндегі негізгі деректерді түсініп тыңдау. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Қонақ күту дәстүріне байланысты мәтіндер. Айтылым. Қонақ күтуде жасалатын іс-әрекеттерді баяндау. Жазылым. Танымдық жазылым (оқушыны қонақ күту туралы өз ойынан қорытынды жасап, жазуға үйрету). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ халқының қонақжайлығы туралы мәтіндер;

8) «Дастархан жаямыз» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Мадақсөз. Лексика: дастархан жаю әдебі, иісі, естелік, еңбекке үйрету, жалғастыру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мәтіндегі ұлттық ерекшеліктерді айыру. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Қонақ күту дәстүріне байланысты мәтіндер;

Айтылым. Талғаммен жайылған дастарханға мадақсөз айту. Жазылым. Танымдық жазылым (оқушыны қонақ күту туралы өз ойынан қорытынды жасап, жазуға үйрету). Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету).

Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақ халқының дастархан жаю әдебі туралы мәтіндер.

25. Оқу-еңбек аясы – 30/24 сағат:

1) «Менің данагөй замандастарым» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-қоштау. Лексика: жүлде, замандастар, меңгеруші, мүшәйра, жыр кеші, бағындыру, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, тамсану, «алтын балалар», ұлттық құндылық, дәріптеу, бірнеше дүркін, құрмет тақтасы, көрсеткіш, сұраныс, атақ, пысық;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Қазіргі заманғы данагөйлер жайлы мәтіндерді тыңдап түсіну. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Әлемді мойындатқан данагөйлер туралы мәтіндерді оқу. Айтылым. Қоштау сөздерді қолданып, данагөйлер туралы мәтін құрап айту. Жазылым. Танымдық жазылым. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: әлемді мойындатқан данагөйлер туралы мәтіндер;

2) «Уақыт алтыннан қымбат» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-кеңес. Лексика: өлшем, көзқарас, шаруашылық, бозғылт тарту, таңның ағаруы, қас қараю, ағымдағы жұмыстарды, күнделікті жұмыстар, айырмашылық;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Мәтіндегі ұлттық ерекшеліктерді айыру. Диалогтік мәтіндер. Оқылым. Тақырып бойынша берілген мәтіндерді түсініп оқу. Айтылым. Уақыт өлшемдерін қатыстырып диалог-кеңес айту. Жазылым. Танымдық жазылым. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім. Бейресми тілдесімді қолдану (оқушыларға ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, қарапайым қарым-қатынастың түрлерін үйрету). Диалог-мәлімет;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: уақыт өлшемдеріне қатысты мәтіндер;

3) «Пошта қызметін қолданамыз» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-әңгіме. Лексика: несиелік төлем, салыстыру, әлеуметтік жәрдемақы тіркеу, тапсырыс, түйме, ұяшық, сәлемдеме;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым. Пошта қызметі туралы ақпараттар. Оқылым. Оқу мәтіндері: Пошта қызметі туралы ақпараттық мәтін. Диалогтік мәтіндер. Пошта қызметі туралы сұхбат-мәтіндер. Айтылым. Пошта қызметі туралы мәліметтер.

Жазылым. Пошта қызметі бойынша мәтін. Тілдесім. Пошта қызметі туралы пікірлесім.

Пошта қызметі туралы сұхбат;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Ұлттық маркалар;

4) «Компьютер: пайдасы мен зияны» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-сұхбат. Лексика: дербес, пернетақта, логикалық құрылғылар, жүйелік блок;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Қазіргі заманғы компьютерлердің мүмкіндіктері туралы ақпараттар. Оқылым: Оқу мәтіндері: компьютерлердің жетілдірілген мүмкіндіктері, компьютердің пайдасы мен зияны жайлы баяндау, хабарлау, жарнама сипатындағы мәтіндер. Компьютердің пайдасы мен зияны туралы диалогтік мәтіндер. Айтылым: Компьютердің пайдасы мен зияны туралы мәліметтер айту. Жазылым: Компьютердің пайдасы мен зиянына байланысты мәтін. Тілдесім: Компьютердің пайдасы мен зияны туралы пікірлесім. Дүкен қызметкерлерінен компьютер түрлері туралы қажетті мәліметтер алу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Компьютердегі мәліметтердің қазақша жазылуы;

5) «Мен мамандық таңдаймын» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Диалог-пікірлесім. Лексика: ақ халатты абзал жан деп айту, халыққа адал қызмет ету, сүйіспеншілігін ояту, еркін, жетік, қызығушылықты ескеру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Мамандыққа қатысты мәтіндер. Оқылым: Мамандыққа қатысты мәтіндерді оқу. Айтылым: Өзі таңдаған мамандықты сипаттай отырып, болашақта соған қатысты істейтін істері туралы баяндау. Жазылым. Өзі таңдаған мамандық туралы әңгіме жазу. Тілдесім: Мамандық туралы тақырыптар төңірегінде пікір алмасуды жүзеге асыру, кәсіби сөздер құрамын кеңінен қамтитын тілдік қатынасты кәсіби түрде іске асыру. Диалог-реплика – тілдік қатынаста ойын қысқа сөздер мен сөз тіркестері арқылы тез жеткізу. Диалог-сұрақ;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Қазақ суретшілері туралы мәтіндер. Көптілді білетін жастар туралы мәлімет;

6) «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?» – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: телефонмен сөйлесу әдебі. Лексика: еңбек нарығы, сұранысқа ие, жұмыс берушілер, кәсіби-техникалық, бағдарламашылар, маман тапшылығы, жаппай ақпараттандыру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Тақырыпқа қатысты мәтіндер. Оқылым: Тақырыпқа қатысты мәтінді оқу. Айтылым: Болашақта істейтін жұмысын сипаттай отырып баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Тілдесім: Болашақ жұмыстарына қатысты тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету);

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Белгілі мамандар туралы мәлімет.

26. Әлеуметтік-мәдени ая – 50/40 сағат:

1) «Қазақстан мемлекеті: Тәуелсіздік толғауы». – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Публицистикалық стиль. Лексика: ішкі/сыртқы саясат, президенттік басқару, елбасы жолдауы, билеп-төстеу, айбарлы, оздыру, ұлы мұрат, қажыр-қайрат, ортақ парыз, төтеп беру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Тәуелсіздік толғауы бойынша Қазақстан туралы мәліметтерді іздеу, табу, тыңдап түсіну. Көк түріктер, Алтын Орда, Қазақ хандығы, ерлік пен елдік жайлы ақпаратты тыңдап-түсіну. Оқылым: Қазақстан мемлекеті, оның құрылымы мен Тәуелсіздік толғауындағы басты идеяларды оқып түсіну. «Мәңгілік ел» идесы мен тәуелсіздіктің байланысын мәтіннен тауып оқу. Айтылым: Қазіргі Қазақстан мемлекеті Көк түріктер мен Қазақ хандығының мұрагері екендігін дәйектеп айту. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігін нығайтуға қосатын өз үлесі туралы пайымдамалық мәтін құрап айту. Жазылым: Тәуелсіздік толғауы бойынша өз ойын шағын эссе түрінде жазу. Тілдесім: «Ұлан-ғайыр жері бар, ұлы мұратты Елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы мен ұрпағы көз тіккен ұлы болашағы бар халықтың» болашағы туралы пікір алмасу. Қазіргі «Ел тәуелсіздігі – дамудың кепілі» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Тәуелсіздікке қатысты көркем шығармаларды түсініп оқу, пікір алмасу;

2) «Қазақстан картасы туралы не білесің?» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ауызекі сөйлеу стилі. Лексика: хан, сұлтан, хандық, тайпалар, рулар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, Қазақ хандығы, мемлекет шекарасы, жер бедері;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Қазақстан картасы туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтіннің стилін айыру. Қазақстан картасы туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: қазақстан картасы, еліміздің географиялық орны туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Қазақстан картасы туралы, оның маңызы туралы тілдесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Қазақстан картасы, оның географиялық орны туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

3) Қазақстанның белгілі ғалымдары – 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ғылым стиль. Лексика: ғұлама, жиһанкездік, философиялық тұжырымдар, ұтқыр, шығыстанушы, әскери қызмет;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Қазақстанның белгілі ғалымдары, ғылыми жұмыстар, жобалар туралы мәтіндер. Оқылым: Қазақстанның белгілі ғалымдары, ғылыми жұмыстар, жобалар туралы мәтіндер. Айтылым: Ғылыми жоба туралы мәтіндер. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу.

Отандық ғалымдар туралы сөйлесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі: Қазақстанның белгілі ғалымдары туралы мәліметпен таныстыру;

4) «Ғарыш – ғылым нысаны» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Ресми іс қағазда стилі. Лексика: ғарыш айлағы, техникалық тұғырлар, ғарыш кемелері, кеден, қазақ ғарышкерлері, инженер-ұшқыш, жетік меңгеру;

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Ғарыш, ғарышкерлер, Байқоңыр туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтіннің стилін айыру. Мемлекеттік құрылым туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Ғарыш, ғарышкерлер, Байқоңыр туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Ғарышпен байланысты тілдесімді жүзеге асыру (тақырыпқа байланысты сөйлесудің үлгілерін, сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету);

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Ғарыш, ғарышкерлер, Байқоңыр туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

5) «Медицина жаңалықтарын білгім келеді» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Көркем әдебиет стилі. Лексика: телемехана, жаңа технологияларды қолдану, адам өмірін сақтау, соңғы жетістіктер. Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: Тыңдалым: Медицина жаңалықтары туралы мәтіндерді түсіну. Оқылым: Мәтіннің стилін айыру. Медицина жаңалықтары туралы мәтіндерді оқу. Айтылым: Медицина жаңалықтары туралы баяндау. Жазылым: Жазбаша жұмыстарды орындау. Оқыған мәліметтерді жазу. Тілдесім: Медицинаның бүгіні, ертеңі туралы пікірлесу;

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлім: Медицина жаңалықтары туралы мәтіндерді оқып, пікір алмасу;

6) «Бұл сақ дәуірінікі болар» - 5/4 сағат:

Тілдік бөлім: Шешендік сөз тәсілдері. Лексика: көшпелі, мола, көмілген, жорық жасау, табыну, жаулап алу, лауазымдық белгі, жерлеу, айғағы, бекзада, жаралану, ел намысы, жаулау, иемдену, қолға түсіру, қайғыру, таптатпау, бел байлау, шайқасу;

2) уважение и интерес к своей культуре и иноязычной культуре;

3) почтительное отношение к старшим, заботу о младших через правильное употребление элементов речеповеденческого этикета;

4) дружелюбное и толерантное отношение к собеседнику, к представителям других стран, говорящих на изучаемом языке;

5) уважение к традициям и обычаям народов Казахстана и стран изучаемого языка;

6) бережное отношение к имуществу (к школьной мебели, школьным принадлежностям, одежде, предметам обихода);

7) бережное отношение к окружающей среде.

52. Системно-деятельностные результаты. Учащиеся 1-4 классов должны применять:

1) лексико-грамматические структуры в заданных ситуациях общения (приветствие, знакомство, прощание, выражение благодарности, согласия/ несогласия);

2) метод проектирования (моделирования), интерпретации (объяснение, сравнение, аналогия и т.д.);

3) современные информационно-коммуникативные технологии;

4) разные компоненты учебно-методического комплекта (учебник, рабочая тетрадь, аудиоприложение, мультимедийное приложение и т.д.).

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2015

жылғы

18

маусымдағы

№ 393 бұйрығына 12-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі және тіл дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Бастауыш сыныптардағы (1-4-сыныптар) «Қазақ тілі» пәні – «Тіл және әдебиет» білім саласындағы кіріктірілген оқу пәні.

3. Пәнді оқыту мақсаты – естімейтін оқушыларда сөйлеу тілінің ауызша формасын қарым-қатынасқа түсудің құралы ретінде қалыптастыру және естіп қабылдауының деңгейіне сай, сөйлесім әрекетінің түрлеріне сәйкес, түсінікті сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету.

4. Оқытудың міндеттеріне:

1) естімейтін оқушылардың сөйлесім әрекетінің (ауызша және жазбаша) түрлерін күнделікті қарым-қатынас деңгейінде меңгерту;

2) сөздік қорын байыту;

3) сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

4) естімейтін оқушылардың тілдік дағдысы мен білігін дамыту;

5) сөздің құрылымы мен грамматикалық ұғымдарды білу мен білік дағдыларын меңгерту, қалыптастыру;

6) бірлескен әрекет барысында сөйлеу тілін естіп-көру арқылы қабылдауын дамыту;

7) келесі сыныптардағы грамматика мен дұрыс жазуды жүйелі түрде үйретуге дайындау;

8) оқушыны сөйлесімдік қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне (қазақ тіліндегі), қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени сөйлесім ерекшелігіне баулу.

5. Оқу жүктемесі:

1) пәннің мазмұнын меңгеру үшін аптасына 1- 2 сыныптарда 5 сағаттан, 3-4 сыныптарда 4 сағаттан оқытылады (барлығы – 607 сағат). Жалпы сағат саны кезеңдер бойынша

төмендегіше бөлінеді:

1	-	сынып	-	165	сағат;
2	-	сынып	-	170	сағат;

3 - с ы н ы п - 1 3 6 с а ғ а т ;

4 - с ы н ы п - 1 3 6 с а ғ а т .

6. Қазақ тілін оқыту процесінде пәнаралық байланыс жүзеге асырылады:

1) ана тілі пәнімен: қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтел, жұмбақтарды пайдалану, ақын-жазушылардың суреттерін көрсету, олар туралы мәлімет беру, мәтінді мәнерлеп о қ у м е н ө л е ң ж а т т а у ;

2) заттық-тәжірибелік оқыту пәнімен: еңбек тақырыбына байланысты оқушыларды еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, ермексазбен, табиғи материалдармен жұмыс жасау, қағаздарды қию, өрнектер салу барысында с ө й л е у т і л і н д а м ы т у ;

3) дүниетану пәнімен: «адам–табиғат–қоғам» туралы білімдерін толықтыруда, топсеруен кезінде, табиғатты бақылау барысында оқушылардың сөздік қорын байыту; танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін д а м ы т у ;

4) түзету ырғағы пәнімен: оқу барысында мазмұнына сәйкес музыкалық шығармалар тыңдау, оқушылардың тілін жаттықтыру, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету мақсатында балалар әндерін тыңдату;

5) өзін-өзі тану пәнімен: Өзін-өзі танудың пәндік саласы есту қабілеті зақымдалған оқушының өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашу. Естімейтін оқушының өзіндік бейімділіктерін, темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамыту;

6) бейнелеу пәнімен: суретшілердің шығармалары арқылы оқушылардың сөз байлығын арттыру, тілін дамыту; сурет бойынша өз сезімдерін, ой-пікірлерін білдіруге үйрету, сурет салғызу, бояту жұмыстары арқылы қаламды, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, эстетикалық тәрбие беру;

7) бейімделген дене шынықтыру пәнімен: партада дұрыс отыру; дене бітімінің дұрыс дамуы үшін жаттығулар жасау; сабақта сергіту сәтін өткізу.

7. Бағдарлама қазақ тілінде білім алатын естімейтін бастауыш сынып оқушысын қазақ тілін сөйлеу іс әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді. Сөйлеу білігін меңгерумен бірге оқушылар грамматиканың қарапайым курсы, тәжірибесін, орфографиялық білім мен білікті, каллиграфиялық б і л і к т і м е ң г е р е д і .

8. Естімейтін оқушыларды сөйлеу тіліне оқыту ең қарапайым сөйлеу тілінің формаларынан, яғни дактильден басталады. Оқудың бастапқы кезеңінде мұғалім балаларға сөзді айтқан кезде, айтылған сөздерді міндетті түрде дактиль арқылы көрсетіп отыруы керек. Сөзді қабылдау мен есте сақтауды жеңілдету үшін балалар материалды меңгергенше табличкалар беріледі. Осылайша, оқушылар оқудың бірінші күнінен бастап сөйлеу тілін 2 формада қабылдайды (дактильдік және ауызша сөйлеу тілі).

9. Оқу процесі барысында есту аппаратын тағу арқылы оқушыларда мұғалімнің айтқан сөздерін естіп-көру арқылы қабылдауға мүмкіндік туады. Естімейтін оқушылар қатысымдық тілді меңгеруде дактильді және ауызша сөйлеу тіліне ортақ сөздік материалдарды пайдаланады.

10. Естімейтін балаларға арналған мектепте ауызша сөйлеуге оқытуда ұстанатын бағыттардың бірі- оқушыларда сөйлеу дағдыларын қалыптастыру:

1) барлық сөздік материалдарды мұғаліммен бірге дактильдеумен қоса ауызша айту. Бұл оқушылардың сөйлеу аппараттарын іске қосуға, оны белсендіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар, мағынасы жақын сөздерді игеруге мүмкіндік береді;

2) ауызша сөйлеуге оқытудың негізгі жолы - ауызша сөйлеудің жүйелі түрде оқытылуы. Бірақ, бұл бағытта да сөйлеу тілін қалыптастыру, қарым-қатынасқа түсуде ең басты құрал болып қалуы керек. Бұл тілдік материалдарды дұрыс таңдауға (басымдылық сөздерге беріледі), сонымен қатар, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге (жұмыс сараланған тілдік материалдармен жүргізіледі: қарым-қатынаста қолданылатын сөздер мен фразалар) қатысты;

3) естімейтін балаларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» білім саласы бойынша бағдарлама жалпы педагогикалық талаптарға сай жазылып, білім берудің жекелік мазмұны қосылған. Білім берудің жекелік мазмұны болжанған білім өнімдері: сабақтағы шығармашылық элементтер, жоспарланған білім нәтижелері.

11. Бағдарламада пәннен меңгерілетін сөздік, тілдік қор көлемі, мазмұны көрсетілген. Оқыту барысында естімейтін балалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, жас ерекшелігі мен ұғымына сай, тіл материалдары топтастырылып, бөлшектеніп оқытылады. Оқу материалдары оқушының есту арқылы қабылдау қабілеттерін ескеріп берілуі қадағаланады.

2. Оқу пәнінің 1 сыныптағы базалық білім мазмұны

12. 1 тоқсан (45 сағат).

13. Сөйлеу тілін дамыту:

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегін айту, іздену. Екі-екіден тұр. Тақтаға (үстелге, терезеге) кел (келіңдер). Бері кел. Орныңа отыр. Мұқият қара (қараңдар). Айғайлама (айғайламаңдар). Қолыңды көтер. Қалам ал, жаз. Әселге айт. Өзің осылай жаса. Партадан (шкафтан, үстелден) қара;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Дананы сыныпқа шақыр. Дана, сыныпқа кел. Шыңғыстан сұра, қыздың аты кім? Шыңғыс, қыздың аты кім? Кітапты (допты) кім алды, сұра. Кітапты кім алды. Алмас, кітапты кім алды? Айнұрдан сызғыш (қылқалам) сұра;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Сен жаздың ба? — Я жаздым. Мен жаздым. Жоқ, мен жазбадым. Нені алайын? — Сызғышты. Кім біледі? — Мен. Мен білемін. Суретті

кім алды? — Мен. Мен алдым. Айдын алды. Сен не істейсің? — Мен оқимын. Сен не істедің? — Мен

с у р е т с а л д ы м .
1 4 . 2 т о қ с а н (3 5 с а ғ а т) :

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегін айту, іздену. Дәптерді сөмкеге сал. Партаға қой. Кітапты оң жағына, дәптерді сол жағына сал. Өз дәптерінді көрсет. Терезені аш (жап). Кітапты партадан (сөмкеден, шкафтан) ал. Тақтаны сулы шүберекпен сұрт. Қолыңды жу, сұрт. Мен (түсінбедім) түсіндім. Қайталап айтыңызшы;

2) мұғалімнің тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Алмастан кітапты ал, үстелге қой. Алмас, кітап берші. Әсемнен қара қарындаш сұра. Әсем, маған қара қарындаш берші. Жалғастан сұра. Мынау не? — Жалғас, мынау не ? ;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Жұмыс істеу үшін не қажет? — Альбом. Альбом қажет. Сенің қай жерің ауырады? — Басым. Менің басым ауырды. Сен не істейсің? — Сурет саламын. Мен сурет саламын. Сенің ойнағың келе ме? Иә, келеді. Жоқ, ойнағым келмейді. Мынау кімнің жұмысы? Менің, сенің, Алмастың. Сен не алдың? — Сызғыш.

1 5 . 3 т о қ с а н (4 5 с а ғ а т) :

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңайту, іздену: оқулықты партадан ал, үстелге қой. Осылай жаз. Жай әдемі жаз. Және екі сөз жаз. Өзің айт (асықпай сұра, түзет). Дәптердің сыртын толтыр. Қыс туралы айт. Суретті жай қарындашпен сал. Орнында тұрып айт(сұраққа жауап бер). Мағауия не айтты, қайтала;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Данадан қаламын сұра. - Дана, қаламың қайда? - Сұра, кімде өшіріш бар? - Балалар, кімде өшіргіш бар? Сұра кімде қарындаш жоқ. Сұра, бүгін қай күн? — Бүгін қай күн? Әселден сұра, ол қандай баға алды? — Әсел, сен қандай баға алдың?;

3) сұрақ қою, оған жауап беру: Сен қарындашты қайда қойдың? — Үстелге, шкафқа . Қайда қояйын? Шкафқа, үстелге, кітаптың жанына. Сен сөмкенді кімге бердің? — Саматқа. Сен кіммен жұмыс істейсің? — Саматпен. Ертең қай күн? — Бейсенбі. Сен неге кешіктің? — Ойнадым. Дәрігерде болдым. Ойнап жүріп, кешіктім. Қай сабақ болды? — Ана тілі. Қай бет?—Оныншы. Қандай әріп? Үлкен бе, әлде кіші ме?.

1 6 . 4 т о қ с а н (4 0 с а ғ а т) :

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңайту, іздену: шүберекті ал, сула, тақтаны сұрт. Суреттен орманды көрсет. Мен тез жаздым. Дана жай жазды. Мен әдемі жазамын. Бір (екі, үш) тор көз қалдыр. Қатенді түзе. Жұмысыңды тексер. Әріпті, сөзді сыз. Маған көмектесші;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Маған Жалғасты шақыр. — Жалғас, сені ... шақырды. Айдынға дәптер бер. — Айдын, дәптер ал. Қарап, айтшы кімнің жұмысы жақсы. — Айнұрдың. Айнұрдың жұмысы бәрінен жақсы. Балалардан сұра: мынау кімнің жұмысы? Балалар, мынау кімнің жұмысы ? ;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Бүгін (ертең, бүрсүгіні, кеше) кім кезекші? — Мен, Бақыт. Сен қашан кезекші боласың? — Ертең. Сен суретті қалай саласың? — Әдемі. Сенің жазғың келе ме? — Иә, жоқ, жазғым келеді. Сен сурет сала аласың ба? — Иә, жоқ

с а л а а л м а й м ы н ;

4) сөйлем құрастыру. Мен жаздым. Мен айтамын. Біз жазамыз, айтамыз, оқимыз;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу. Бір-біріне сұрақ қою арқылы жасаған істерін баяндау: не істегенін, жолдасы не істегенін, суретті, заттарды сипаттау.

17. Байланыстырып сөйлеу:

1) сөйлемдердің айтылу мәдениетін жетілдіру. Ауызша сөйлеу ерекшеліктерімен танысу (мақамы, дауыс ырғағы);

2) сұраққа қысқаша және толық жауап беру. Ауызша және жазбаша сұрақтар құрастыру. Оқиға желісінің суреті бойынша сөйлемдер (ауызша, жазбаша) құрастыру;

3) грамматикалық жаттығуларды орындау. Суреттер бойынша (8-10 сөйлем) әңгіме құрастыру: әңгіменің тақырыбын (мұғалімнің көмегімен) ойлап тап. Ата-анасына, туыстарына мұғалімнің көмегімен өз өмірі, көргені, қызықты оқиғалар туралы хат жазу.

Мынау кім, не? — деген сұрақ қоя білу;

4) зат есім мен етістікті ажырата білу. Бастауыш пен баяндауышты, осы шақ пен өткен шақты қолдану, көпше және жекеше түрді пайдалана білу: Бала (кім?) секірді. Бала (не істеді?) секірді;

5) бірнеше заттың бір сөзбен айтылуы: ойыншықтар, оқу-кұралдары, жемістер. т.с.с

3. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. 1 тоқсан (45 сағат).

19. Сөйлеу тілін дамыту:

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегін айту, іздену. Оқулықтың ... бетін аш. Тіл дамыту оқулығын ал (ыңдар)... бетін ашып, ... тапсырманы оқы. Шкафтан түрлі-түсті карындаштарды ал(ып) балаларға таратып бер. Тыныш отыр, жұмыс істеуге кедергі болма. Суретті тақтадан алып, шкафқа сал. Суретті тактаға іл. Сызғышты партаға қой. Тез жаз. Бәрі жазып болды. Жолдастарыңмен (Арманмен, Назыммен) сөйлеспе. Жан-жаққа қарама. Әдемі жаз. Көшіріп жаз. Айдын жаттығуды орындады;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Алмасқа айт, тақтаны сұртсін (терезені ашсын). Алмас, апай айтты: сен тақтаны сұрт. Айдынға айт, кітаптың он бесінші бетін ашсын. Айдын, апай айтты: кітаптың он бесінші бетін аш. Дананы сыныпқа шақыр. — Дана, сыныпқа тез кел. Апай сені шақырды;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Кім жазады (сурет салады)? — Алмас жазады (сурет

салады). Сен кешке (ертең, жұма күні) не істейсің? Не болды? — Мен қателестім. Сен мені шақырдың ба? Иә, мен сені шақырдым. Келесі сабақ қай сабақ? — Ана тілі. Келесі сабақ анатілі. Сен жылдың қай мезгілін жақсы көресің? — Қысты. Мен қыс мезгілін жақсы көремін. Саған қандай қарындашым керек? — Қара. Сен неге жазбадың? Қаламым (қарындашым) жоқ. Үлгермедім. Саған қайшы не үшін керек? — Қағаз қию

ү ш і н қ а й ш ы к е р е к ;
4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу. Бір-біріне сұрақ қою арқылы жасаған істерін, баяндау: не істегенін, жолдасы не істегенін, суреттерді, заттарды сипаттау;

6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.

20. 2 тоқсан (35 сағат):

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңайту, іздену. Айдынның жанына отыр, көмектес. Өзіңе берілген тапсырманы орында, содан кейін жолдасыңа көмектес. Маған жаңа дәптер беріңізші. Менің дәптерім бітті. Барлығы тапсырманы дұрыс орындады, тек Әсем ғана дұрыс орындамады. Біз сабаққа дайынбыз. Қатенді түзе. Ж а н ы н а д ұ р ы с ы н ж а з ;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Данадан жасыл қарындашты сұра, маған бер. Әсем, апай сенен жасыл қарындашты (суреттерді т.с.с.) сұрады. Саматқа көмектес. — Мен саған көмектесейін. Апай саған көмектес деді. Әселден сұра, оған неше... керек. Әсел, саған неше... керек?;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Сен не істейсің? (Сіз не істейсіз?). — Мен кітап оқимын. Сен ризасың ба? (Сіз ризасыз ба?). — Иә, мен ризамын. Сенің дәптерің қайда? — Шкафта. Менің дәптерім шкафта. Қалай дұрыс жазуға болады? — Былай жаз: «Қыз ойнады». К і м д е қ а т е б а р ? М е н д е , Ә с е т т е ;

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;

6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.

21. 3 тоқсан (50 сағат):

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңайту, іздену. Саған неше оқулық (қағаз) керек, сана. Оқулықты ал, Айгерімге бір оқулықты бер. Қара, айт, кім әдемі жазды, ал кім жаман жазды. Қарындаш түсіп кетті, көтерші. Асықпа, жұмысыңды бүлдіресің, қате жазасың. тез шақыршы, біз кешігетін болдық. Әуелі ойла, содан соң айт. Мені күт. Мен қазір бітіремін. Мен қатесіз жаздым. Үстелдің үстінде дәптер жоқ. Шкафтан алуға бола ма? Әр оқушыға екі бет қағаздан таратып бер. Айдын менің жұмыс істеуіме кедергі жасайды. Маған дәптер жинауға көмектесші;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Шыңғысқа айт, ол Жалғастың жанына отырсын (орындық әкелсін, маған кітап берсін, суреттерді алсын, жұмысын бітірсін). Алмас, апай айтты, сен Айдынның ж а н ы н а о т ы р ;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Кім әдемі (жаман) жазды. — Айдын әдемі жазды, ал Алмас жаман жазды. Біз әуелі (содан кейін) не істейміз? — Әуелі (содан кейін) біз жазамыз. Сен қайда барасың? Сіз қайда барасыз?—Мектепке. Мектепке барамын. Каникулда сен қайда барасың? — Әжеме. Әжеме барамын. Сен кешке (ертең, жексенбіде) қайда барасың? Біз саяжайға барамыз. Ертең біз саяжайға барамыз. Сен дәптерлерді қайда қойдың? — Шкафқа. Шкафқа қойдым. Сен қашан кезекші боласың? —

Е р т е ң ;

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;

6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.

22. 4 тоқсан (40 сағат):

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңізді білдіру. Қара. Айт. Кім қалай жазды. Мен түсінбедім, қайталап айтыңызшы. Бір-біріңіздің жұмыстарыңды тексеріңдер. Өзің ойла, жан-жағыңа қарама. Мен әлі жазған жоқпын. Мені күте тұрыңызшы. Дана қатесіз жазды. Дана көп қате жіберді. Алмас мені итеріп жіберді. Мен құладым, үстімді былғап алдым. Маған дәрі беріңізші. Басым ауырып тұр (жөтеліп жүрмін) ;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Әсемнен сұра, ол қандай баға алды (оқығанда, жазғанда). — Әсем, сен қандай баға алдың? — Бес (төрт, үш) ;

3) сұрақ қою, оған жауап беру. Сен үйге кіммен бірге бардың? — Ініммен. Мен үйге ініммен бірге бардым. Сен кіммен ойнадың? (Жұмыс істедің?) — Айнұрмен, балалармен. Сен кіммен ойнағанды ұнатасың? — Айнұрмен. Мен Айнұрмен ойнағанды ұнатамын. Саған өз жұмысың ұнай ма? Иә, жоқ. Иә, ұнайды. Не туралы жазайың? — Күз туралы жаз. Кім туралы жазайың? — Олжас туралы жаз. Басқа не істеу керек;

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;

6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау;

7) байланыстырып сөйлеу (ауызша және жазбаша):

әңгімелеу: Серуенге барғандағы суреттерді, естеліктерді пайдаланып, ауызша және жазбаша түрде әңгімелеу. Қызықты оқиғаларды (үзіліс кезінде, сабаққа дейін, сабақтан соң) жолдасына, мұғалімге айтып хабарлау. Заттарды бір-бірімен салыстыру, сипаттап ауызша және жазбаша түрде (мұғалімнің көмегімен) айтып беру;

жазу: Күнделік (мұғалімнің көмегімен) қызықты оқиғаларды, мектептегі жаңалықтарды жазу, т.с.с. Ата-анасына, достарына хат жазу;

бірнеше суреттер бойынша әңгіме құрастыру: Бір сурет бойынша (мұғалімнің көмегімен және өз бетімен). Сұраулы сөйлемді қолдана білу: Сен кімді көрдің? Ненің суретін салдың? Суреттер бойынша әңгіме құрастыру, мұғалімнің тапсырмасы бойынша және құрастырған әңгіменің тақырыбын айта білу;

жекеше және көпше түрде айта білу. Мысалы, мен оқимын. Біз оқимыз. Сұраулы сөйлемдерді қолдану. Мысалы, Сен не істедің? Біз не істейміз? Сіздер не істейсіздер?;

бірнеше заттарды бір сөзбен айту. Мысалы, өсімдіктер, аңдар, жемістер, жидектер, ыдыстар, киімдер, аяқ киім, жиһаз.

4. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

23. 1 тоқсан (36 сағат).

24. Сөйлеу тілін дамыту:

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегін айту, іздену. Сыныпқа кіріп, апайға орындық әкел. Орындықты орнына қой. Кітапты алып, оқы. Кітапты сол жағында отырған балаға бер. Кітапты жоғарғы сөреге қой. Кітапты төменгі сөреге қой. Альбомды Айдынға бер. Суреттерді қараңдар. Альбомды орнына қой. Маған кітапханаға баруға бола ма? Сыртқа шығуға бола ма?;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасына не басқа адамға өз ниетін білдіру..... сұра, қазақ тілінен үйге қандай тапсырма беріпті. (Ол не айтты?)—... айтшы, қазақ тілінен үйге қандай тапсырма берді? (... қайталашы, не айттың?);

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Сен каникулда қайда бардың? — Ауылға (атамның, әжемнің, ағамның) үйіне барамын. Мен ауылда атама көмектестім (көлге шомылдым, қонаққа бардым, шөп шаптым, бақшаны суғардым); сабақтан кейін не істейсің? (түстен кейін, кешке) сабаққа дайындаламын (тынығамын, ойнаймын, теледидар көремін, кітап оқимын);

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;

6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.

25. 2 тоқсан (28 сағат):

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегін айту, іздену. Тақтаға кел. Оң жаққа бұрыл. Сол жақта тұрған кітапты ал. Кітапты Саматқа бер оған тақтадан көрінбейді. Маған басқа партаға отыруға бола ма? Әрірек отыршы. Мен жазып бітпедім. Жазып бітіруге рұқсат етіңізші;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасына не басқа адамға өз ниетін білдіру. Досыңнан сұра, ол қашан барады. (Кімнің үйіне барады? Қашан кайтып келеді?) ... сұра ол сабаққа қашан дайындалады? (... тапсырманы қалай орындадық? Неше сөйлем жаздық?);

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Үстел неден жасалынған? — Ағаштан (ағаш үстел). Темірден (темірүстел). Саған кітап не үшін керек? — Оқу үшін (білім алу үшін, көп білу үшін). Қолды немен сүртуге болады? — Орамалмен (сүлгімен, қолорамалмен, шүберекпен);

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

- 5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;
6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.
26. 3 тоқсан (40 сағат):

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңізді айту, іздену. Естеріңізді түсіріңіздер, кеше сендер не істедіңіздер? Өткен сабақта біз не істедік? Суреттердің ішінен , қыс мезгілінің суретін тап. Сурет бойынша әңгімеле. Айтыңдаршы, қыста қандай өзгерістер болады? Мен көптен бері үйден хат алмадым. Апам ауырып қалды ма екен?;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасына не басқа адамға өз ниетін білдіру. Досыңнан сұра, ол ермексазды не үшін алды? (Ол қайда қойды; жұмыс істеу үшін және не керек; ермексаз неше теңге тұрады?). Сен ермексазды не үшін алдың?... сұрады, сен ермексазды не үшін алдың? (... сен қайда қойдың?... сұрады, сен неше теңгеге сатып алдың?);

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Сен саябаққа қашан барасың? — Түстен кейін. - Сен саябаққа кіммен бірге барасың? — ... бірге барамын. - Сенбі күні саған кім келеді?... (әкем, апам) келуі мүмкін. - Сен неге апам келеді деп ойлайсың? - Апам келемін деп уәде берген. - Сен төртінші сыныпқа неге бардың? - Мен... сөйлесуім керек еді. - Сен орындықты кімге әкелдің? - ... сізге. - Сен неше кітап алдың? — ... кітап. Бірнеше кітап. - Көктемгі каникул қашан болады? — 21 наурыздан 31 наурызға дейін. Көктемгі каникул неше күн?;

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

- 5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;
6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.
27. 4 тоқсан (32 сағат):

1) тапсырмаларды түсініп орындау, тілек білдіру, өз тілегіңізді айту, іздену: кітаптарыңды (дәптерлеріңді, қаламдарыңды, қарындаштарыңды) алыңдар, оқимыз (жазамыз, сурет саламыз). Бір-біріңізге кедергі жасамай, орындарыңнан тұрыңдар (отырыңдар, сыртқа шығыңдар, тақтаға шығыңдар);

тақтадан бері тұршы, мен көре алмай отырмын. Мынау өте оңай жұмыс. Шешуін таптық. Мен бұл жұмысты тез орындадым (тез орындай алмадым);

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасына не басқа адамға өз ниетін білдіру. ..сұра, ол неліктен «үш» алды? сен не үшін «төрт» алдың? — Сен сұра, ол қандай өлеңді жаттады? — Сен қандай өлең жаттадың? — Менен сұра, ол жұмысты аяқтады ма? — Сен жұмысыңды аяқтадың ба?;

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Сен саябаққа неге кешіктің? — Себебі сенмаған дұрыс жауап бермедің. Сен білесің бе, мына тапсырманы қалай орындауға болады? — Білемін(жоқ білмеймін). Біз серуенге қашан барамыз? — Түске дейін (түстен кейін).... дәптерді алуға рұқсат берді ме?;

4) жоспарды пайдаланып, жасалынған жұмыс туралы әңгімелеу;

- 5) әңгімелеу. Сұхбаттасу:

қойылған сұрақтар бойынша, жолдасыңның не істегенін білу; жолдастарының сұрақтарына жауап беріп, өз жұмыстары туралы да әңгімелеу;

6) көріп-есту арқылы берілген сөздік материалды қабылдау;

7) байланыстырып сөйлеу(ауызша және жазбаша):

әңгімелеу. Сұхбаттасу: Серуенге барғандағы жазып алғаны, сурет салғаны бойынша , мұғалім берген жоспар мен немесе оқушылар өздері құрастырған жоспары бойынша әңгімелеу. Мектеп жаңалықтарын, қызықты оқиғаларды суреттеп жазу;

жазу: Мұғалімнен, жолдасынан сұрап, мереке, каникул жайында берілген сұрақтарға жауапты суреттеп жазу (мұғалімнің көмегімен және өз бетінше). Ауызша және жазбаша түрде табиғатты, адамның сыртқы бейнесін суреттеп әңгіме құрастыру;

жоспар бойынша жұмыс: Мұғалім берген жоспар немесе оқушыларқұрастырған жоспар бойынша әңгіме жоспарын құрып, мазмұндама жазу (толық немесе шағын жоспар бойынша). Жоспар бойынша бір сурет немесе бірнеше суреттер бойынша әңгімелеу ;

ата-анасына, туыстарына хат жазу. Сұрақтарға дұрыс жауап беру;

8) грамматикалық жаттығуларды орындау: Сөйлемдерде баяндауыш түрінде берілген етістіктің келер шағының көпше және жекеше түрін пайдалану. Мысалы, Мен қазір жазамын. Мен жазамын. Біз қазір оқимыз. Біз оқимыз. Алмас қазір жазады. Алмас жазады. Сұраулы сөйлемді қолдану.

5. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

28. 1 тоқсан (36 сағат).

29. Сөйлеу тілін дамыту:

1) іс-әрекетті қысқаша баяндау, өз тілегін білдіру, айту, іздену. Маған көмектесіңізші, мына сөздің мағынасын түсінбедім. Мен есікті таза ауа кірсін деп ашып қойдым. Менің ойымша, ең алдымен үйге берілген тапсырманы орындап, содан кейін тынығуға болады. Мені тексеріңізші, мен тапсырманы дұрыс орындадым ба? Суретке кара. Ойла, қалай суреттеуге болады. Ойла, мына сөйлемді қалай түзетуге болады;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Күні бойы не істедің, ретімен айтып берші. Мен мына әңгімені түсінбедім, түсіндірші (іңізші)... сұра, үйге қандай тапсырма берілді. Тексеріп берші, мен тапсырманы дұрыс орындадым ба? Апайдан кітап сұрашы, ол... керек... кітап беріңізші , ол...керек. Сұрап білші... қандай телехабар көріп отыр.... сен қандай телехабар көріп о т ы р с ы ң ? ;

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру.Сабақтың тақырыбы қандай? — Сабақтың тақырыбы.... Айдын мен Айдос қайда барады? Мектептегі Жаңа жыл мерекесі қашан басталады? Сыныпты қалай безендіруге болады?;

4) істелген жұмыс туралы сөйлем құрастыру;

5) әңгімелесу. Сұхбаттасу;
6) көріп-есту арқылы берілген материалды қабылдау.
30. 2 тоқсан (28 сағат):

1) іс-әрекеті қысқаша баяндау, өз тілегін білдіру, айту, іздену. Айнұр мектептен келгенше, мен бөлмеді жинаймын. Менің ойымша, ол есепті дұрыс шығармады. Дұрыс сөйле, балаларға түсінікті болсын. Мен мына тапсырманы орындай алмадым. Мен үйге үш күннен (5 күннен, 2 күннен, 2 аптадан, 2 айдан) кейін барамын. Мерекеге ақ көйлек киіп келу керек. Мен өзіме берілген өлеңді, бірнеше рет қайталадым. Алмас үш күннен кейін келетін шығар;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Апай айтты: саған әңгіменің 2-бөлімін қосып оқысын — деді. Оған айтты, әңгіменің екінші бөлімін қосып оқысын. Алмас, әңгіменің екінші бөлімін қосып оқы. Шыңғыс Қайратты қонаққа (бірге қыдыруға) шақыр. Қайрат маған қонаққа (қыдырып) кел;

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Каникул неше күнге созылады? Сен кіммен хат алысып тұрасың? Жіберген қатені кім тапты? Сен Айдынның жұмысынан қандай қате таптың? Мен не істеуім керек? Маған айтыңызшы.
31. 3 тоқсан (40 сағат):

1) іс-әрекеті қысқаша баяндау, өз тілегін білдіру, айту, іздену. Ойла, мына сұраққа қалай жауап беруге болады? Әңгімеден қысты суреттеген тұсын тауып оқы. Маған көмектесші, мен дұрыс жаздым ба? Алмастың шығармасы бәрінен жақсы жазылған. Айнұрдың шығармасымазмұнды, қызық жазылған. Мен өз тапсырмамды орындап болған соң, Данаға көмектестім;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Мен бір сағаттай жаттығу жасадым. Мен кешке дейін бос емеспін. Мен дәріханадан дәрі әкелдім. Кенеттен ол сұрады: «Біз қайда барамыз?» — деп. Мен жауап бердім. Ол басын изеді. Одан сұра, ол есепті қалай шығарды. Сен оған есепті қалай шығарғаныңды түсіндір;

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Кітапты қайда қоюға болады? Каникул неше күннен кейін болады? Сен үйге қашан барасың? Дүкенде нелер бар екен? Мектептен дәріханаға дейін қалай баруға болады? Сен неге ренжідің? .
32. 4 тоқсан (32 сағат):

1) іс-әрекеті қысқаша баяндау, өз тілегін білдіру, айту, іздену. Мені дойбы ойнауға үйретіңізші. Өткен аптада оқыған әңгіме маған ұнады. Мен табиғат ерекшеліктері туралы көп білдім. Тексер, кітаптарын бәрі өткізді ме? Мен кітаптың атын ұмытып қалдым. Айдын кінәлі емес, онымен сөйлесу керек. Ол ылғи да кешігіп келеді. Мен кешігіп қала жаздадым. Данамен кездескен соң, біз үйге қайттық;

2) мұғалімнің, тәрбиешінің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіру. Дастаннан сұра, ертең қандай сабақтар болады. — Айтып жіберші, ертең

кандай сабақтар болады? Дастан, ертең кандай сабақтар болады? Балалардың біреуіне айтшы, Қайратқа көмектессін. Алмас, Шолпан, Қайратқа көмектесіңдер. Балалар, Қайратқа кім көмектескісі келеді?;

3) сұрақ қоя білу, оған жауап беру. Бізде кім жақсы жаза алады? Әңгімеден кандай қызық оқиғаны кездестірдің? Тіл дамытудан тапсырманы орындап болғанша, қанша уақыт кетеді? Неше күннен кейін каникул басталады? Өзің істеген жұмысты дұрыс деп ойлайсың ба?;

4) әңгімелесу. Сұхбаттасу. Жолдасынан отбасы туралы сұрап білу, басынан өткен қызықты оқиғалар туралы айтып беруін сұрау. Жолдасының сұрақтарына жауап бере отырып, мектеп, отбасы жайында, дәрігерде ауырып жатқан досының көңілін сұрағаны жайында айтып беру. Әңгімелесу кезінде кезекпен сұраққа жауап беру. Сен қай жерде тудың? Сенің ата-аналарың кімдер?;

5) көріп-есту арқылы қабылдауға берілген сөздік материалды қолдану. Таныс сөздік материалды дыбысты күшейткіш құралдар (аппараттар) арқылы естіп қабылдау;

6) байланыстырып сөйлеу (ауызша және жазбаша):
әңгімелеу: Күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды суреттеу (мектепте, үйде, жолда, серуенде). Мұғалімнен өмірде болып жатқан қызықты жайлар туралы сұрау;
жоспар бойынша жұмыс: Мұғалімнің көмегімен бір немесе бірнеше суреттерді суреттеп, өзі құрған жоспар бойынша шығарма жазу. Ауызша және жазбаша оқыған тақырыпқа сай шығарма жазу. Қабырға газетіне әңгіме жазу. Сұраулы сөйлемді қолдану. Қаламды кімге берейін? Дәптер қайда жатыр? Сен оны қайда қойдың?.

33. Грамматикалық ұғымды қалыптастыру:

1) сөйлем:

тапсырма бойынша сөйлем құрастыру;
мәтінді сөйлемдердің мағынасына қарай топтарға бөлу;
грамматикалық атауларды білу: сөз, сөз тіркестері, сөйлем, мәтін, сөздер жиынтығы,
жазбаша әріп, нүкте;

2) сөйлем құрылымы:

сөйлемді сұрақтардың мағынасына қарай бөліктерге бөлу;
сөйлемдегі бастауыш пен баяндауышты табу;
сөйлемнің тұрлаулы мүшелері (бастауыш, баяндауыш);
сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш);
сұрақтар бойынша, бастауыш пен толықтауышты, толықтауыш пен пысықтауышты және олардың сөйлемдегі алатын орнын ажырата білу;
грамматикалық атауларды білу: сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш;

сөз, сөз таптары және сөйлеммен іс-жүзінде танысу;
сөз құрамы. Құрамдас сөздер. Түбір және қосымша, жұрнақ және жалғау. (3-4 сыныпта өткендерді қайталау). Негізгі түбір мен туынды түбір. Қосымшалы сөз

анықтамалары. Түбір мен қосымшаның жазылуы. Өзгермелі түбір сөздер;
сөз таптары: сөздердерді Кім? Не? Не істеді? Қандай? сұрақтар бойынша
топтастыру. Зат есім, сын есім, есімдік, етістік атауларын қолдану;
сөз, сөз тіркестері, сөйлем. Сөз тіркестерінің құрылымы, оны сөз ішінен табу;

3) белгілі бір тұжырымды білдіретін сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру:
затты және заттың қимылын білдіретін сөйлем құрастыру (зат есім (жекеше түрі) +
етістіктің осы шағы): Оқушы оқып отыр. Ұшақ ұшып келеді;
зат және заттың жағдайы: (зат есім жеке түрі+ осы шақтағы етістік): Қыз отыр,
к і т а п ж а т ы р ;
зат есім + етістіктің осы шағы, келер шағы, өткен шағы, уақыт ара қатынасын
білдіретін сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру;
«Сан есім + зат есім». Заттың сандық ара-қатынасын білдіретін: Үшінші қатар;
кеңістік қатынасқа байланысты («зат есім + артында, алдында, сыртында + етістік»)
: Ағаштың артына тығылды. Үйде отырды. Үйдің сыртында шөп жинады. Есік алдында
о й н а д ы ;

4) сөз тіркестерімен сөйлем құру:
құрал немесе іс-әрекет негізіне байланысты («сын есім + зат есім + етістік»): Қоныр
б о я у м е н б о я д ы ;
ілеспе зат белгісі бойынша («зат есім + сын есім + зат есім»): Көйлек ақ белдікпен.
С ү т п е н к ү р е ң ш а й ;
кеңістік қатынасқа байланысты («сын есім + зат есім + жанында + етістік»): Үлкен
үйдің жанында тұр. Жаңа дүкеннің жанында отыр;
сын есімдерді көмектес септігімен (көпше түрде) сөйлемде байланыстырып қолдану
;
жанама объектіге байланысты («сын есім + зат есім + етістік»): Жылы жаңбырды
е с к е а л д ы ;
сын есімдерді көмектес септігімен (көпше түрде) сөйлемде байланыстырып қолдану
.

6. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

34. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) қазақ әліпбиіндегі барлық дыбыстар мен әріптерді;
- 2) сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс дыбыстауды;
- 3) қима әріптерден сөз және сөз тіркесін құрастыра;
- 4) дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жуан дауысты, жіңішке дауысты) ажыратуды;
- 5) белсенді қорына енген сөздердің екпінін, дауыс ырғағын дұрыс қоюды;
- 6) тапсырмаларды түсініп орындауды, өз тілегін айтуды;
- 7) сұрақ қою және оған жауап беруді;

- 8) сөйлем құрастыруды;
- 9) оқиға желісінің суреті бойынша сөйлемдер (ауызша, жазбаша) құрастыруды;
- 10) мұғалімнің көмегімен өз өмірі, көргені, қызықты оқиғалар туралы хат жазуды;
- 11) зат есім мен етістікті ажыратуды;
- 12) бірнеше заттың бір сөзбен айтылуын: ойыншықтар, оқу-құралдарын, жемістерді т.б. білуі қажет.

7. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

35. Пәндік нәтиже бойынша 2-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) тапсырмаларды түсініп орындауды, тілек білдіруді, өз тілегін айтуды;
 - 2) сұрақ қоюды және оған жауап беруді;
 - 3) қызықты оқиғаларды жолдасына, мұғалімге айтып хабарлауды;
 - 4) заттарды бір-бірімен салыстыруды, ауызша және жазбаша түрде (мұғалімнің көмегімен) сипаттауды;
 - 5) ата-анасына, достарына хат жазуды;
 - 6) бірнеше суреттер бойынша әңгіме құрастыруды;
 - 7) сұраулы сөйлемді қолдана;
 - 8) жекеше және көпше түрде айтуды;
 - 9) бірнеше заттарды бір сөзбен айтылуын: өсімдіктер, аңдар, жемістер, жидектер, ыдыстар, киімдер, аяқ киім, жиһаз білуі қажет.

8. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. Пәндік нәтиже бойынша 3-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) тапсырмаларды түсініп орындауды, тілек білдіруді, өз тілегін айтуды;
 - 2) сұрақтарға дұрыс жауап беруді;
 - 3) мұғалімнің тапсыруы бойынша жолдасынан басқа адамға өз ниетін білдіруді;
 - 4) мереке, каникул жайында қойылған сұрақтарға жауапты суреттеп жазуды;
 - 5) ауызша және жазбаша түрде табиғатты, адамның сыртқы бейнесін суреттеп әңгіме құрастыруды;
 - 6) жоспар бойынша әңгіме жоспарын құрып, мазмұндама жазуды;
 - 7) ата-анасына, туыстарына хат жазуды;
 - 8) грамматикалық жаттығуларды орындауды;
 - 9) сөйлемдерде баяндауыш түрінде берілген етістіктің келер шағының көпше және жекеше түрін пайдалануды;
 - 10) сұраулы сөйлемді қолдануды білуі қажет.

9. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

37. Пәндік нәтиже бойынша 4-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) тілдің (ауызша және жазбаша сөйлеудің) негізгі бірліктері туралы қарапайым ұғымдарды: сөйлеу – сөйлем – сөз – буын – дыбыс – әріп туралы қарапайым түсінікті;
- 2) іс-әрекетті қысқаша баяндауды, өз тілегін білдіруді;
- 3) сұрақ қоюды, сұраққа жауап беруді;
- 4) отбасы туралы сұрап білуді, басынан өткен қызықты оқиғалар туралы айтып беруді;
- 5) күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды суреттеуді;
- 6) мұғалімнің көмегімен суреттерді суреттеп, өзі құрған жоспар бойынша шығарма жазуды;
- 7) грамматикалық атауларды: сөз, сөз тіркестері, сөйлем, мәтін, сөздер жиынтығы, жазбаша әріп, нүкте;
- 8) грамматикалық атауларды: сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш;
- 9) сөз, сөз таптарын;
- 10) сөз құрамы. Құрамдас сөздер. Түбір және қосымша, жұрнақ және жалғауды;
- 11) белгілі бір тұжырымды білдіретін сөз тіркестерімен сөйлем құрастыруды білуі қажет.

38. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін (елтаңба, ту, гимн) құрметтеуінен, мемлекеттік гимнді білуінен;
- 2) туған елге деген сүйіспеншілігінен, туған жердің табиғатын сақтауға және қорғауға деген ұмтылысынан;
- 3) оқушының мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оның жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамуынан;
- 4) өз ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуінен көрініс табады.

39. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

- 1) оқу үдерісінде алған түрлі ақпараттарды дұрыс қабылдауынан және дұрыс түсінуінен, қажетті жағдайда есіне түсіріп, орынды қолдана алуымен;
- 2) бастауыш сыныпта оқытылған пәндер бойынша жүйелі білімінің болуымен;
- 3) алынған ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуімен;
- 4) шығармашылық жұмыстарға қызығушылығымен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 13–қосымша
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілде емес мектептер үшін)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

2. «Қазақ тілі» пәні «Тіл және әдебиет» білім саласына кіріктірілген пән болып табылады. Қазақ тілі оқу пәні ретінде ана тілімен қатар, естімейтін оқушылардың ойлауын дамытып, тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді.

3. Қазақ тіліне оқытудың мақсаты: қазақ тілін қарым қатынас құралы ретінде қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру және дамыту, қазақ тілін практикалық бағытта меңгеру, қарым-қатынас, эстетикалық және адамгершілік мәдениетіне қазақ тілін оқыту арқылы тәрбиелеу.

4. Пәнге оқытудың міндеттері:

1) оқушыларға сөйлеу іс әрекетінің түрлерін күнделікті қарым-қатынас деңгейінде меңгерту;

2) оқушылардың тілдік дағдысы мен білігін дамыту;

3) қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту;

4) қазақ тілінде оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

5) оқушыны сөйлесу қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне (қазақ тіліндегі), қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени ерекшелігіне баулу;

6) оқушылардың оқу білігін, шынайы өмірлік жағдаяттарда алған тілдік білімдерін шығармашылықпен пайдалануға дайын болу білігін қалыптастыру;

7) оқушыларды қазақ тілінің дыбыстарымен таныстыру және оларды ажырата білуге үйрету;

8) оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

5. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде:

3-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат;

4-сынып – аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат.

6. «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік мақсаттары келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

1) «Дыбыс айтуды қалыптастыру және естіп қабылдауын дамыту» пәнімен: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызы, айтылуы ұқсас дыбыстарды буында, сөздерде, сөз тіркестерінде ажыратуға үйретеді;

2) «Музыка» пәнімен: қазақ тілінде берілген әндерді тыңдау, оны өздері айтып үйрену арқылы оқушылар адамның көңіл күйін, сезімін түсінеді, эстетикалық талғамы дамиды;

3) «Бейнелеу өнері» пәнімен: қазақ тілінде берілген суреттер арқылы оқушылар өнердің адам табиғатымен, өмірімен үндестігін түсінеді, әдемілікті, сұлулықты көріп сезінеді, иллюстрацияларды ауызша/жазбаша суреттеу арқылы ойлау-қабылдау қабілеті мен тілдерін дамытады;

4) «Еңбекке баулу» пәнімен: қазақ тілінде берілген тәрбиелік мәтіндердің мазмұны арқылы оқушылар оқудың, білім алудың, тіл үйренудің маңызын игереді, еңбектің адам өміріндегі орнын түсінеді;

5) «Математика» пәнімен: қазақ тілінде ұсынылған мәтіндер негізінде оқушылар сандар мен фигуралардың атауын қазақ тілінде үйрену барысында математикадан алған білімдерін еске түсіреді, толықтырады, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады;

6) «Дүниетану» пәнімен: қазақ тілінде ұсынылған мәтіндер арқылы оқушылар өз айналасын таза ұстауға, қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға үйренеді.

7. Естімейтін оқушыларды тілге оқыту барысында сөйлеу іс әрекетінің бірнеше түрін қалыптастыру: сөйлеу, оқу, жазу, дактильдеу, есту-көру арқылы қабылдау, көру арқылы қабылдау, есту арқылы қабылдау. Естімейтін балаларды тілге оқытудың негізгі талаптарын орындау керек:

1) тілге қарым қатынас құралы ретінде үйрету, диалогта қолдану;

2) естімейтін балалардың сөйлеуге деген қажеттілігін дамыту;

3) сөйлеу ортасын ұйымдастыру;

4) тәжірибелік іс әрекетке сүйеніп тілдік қабілеттерін дамыту;

5) сөздік материалды қосарланып айты, жеке айту және өз бетімен айту арқылы ендіру.

2. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

8. «Қазақ тілі» оқу пәні қазақ тілін қарым құралы ретінде пайдаланудың қарапайым дағдыларын дамыту төменде берілген тақырыптар арқылы жүзеге асады:

1) 1 тақырып. Мектеп – 4 сағат;

2) 2 тақырып. Отбасы – 8 сағат;

3) 3 тақырып. Күз – 10 сағат;

4) 4 тақырып. Менің үйім – 10 сағат;

5) 5 тақырып. Қыс – 10 сағат;

6) 6 тақырып. Көктем – 10 сағат;

7) 7 тақырып. Жаз – 6 сағат.

9. Тілдік бөлім.

10. Грамматика:

1) жіктік жалғау. Мысалы: Мен отырдым. Сен отырдың. Ол отырды;

2) тәуелдік жалғауы. Жекеше және көпше түрлері. Мысалы: Менің отбасым. Сенің отбасың. Оның отбасы. Біздің отбасымыз. Сендердің (сіздердің) отбасыларың(ыз).

О л а р д ы ң от б а с ы л а р ы ;

3) заттардың жекеше және көпше түрі. Сұрақтың түрі: Не? Нелер? Кім? Кімдер?

Мысалы: доп-доптар, оқушы-оқушылар, алма-алмалар;

4) заттардың сынын білдіретін сөздер. Сұрақтың түрі: Қандай? Мысалы: Піл үлкен.

Тышқан кішкентай. Сары жапырақ. Қызыл алма;

5) заттардың санын білдіретін сөздер. Сұрақтың түрі: Қанша? Неше? Мысалы: Екі

к ө з . Т ө р т а л м а ;

6) қарапайым сөйлемдерде септік жалғауларды қолдану. Мысалы: Мен дүкенге бардым. Мен Алмасты көрдім. Мен анаммен бірге барамын.

11. Ф о н е т и к а :

1) «Ә» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Әке, әже, Әсем, әтеш. Мынау – әке, әже, Әсем менің әпкем;

2) «І» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Тіл, тіс, кітап. Мынау- тіл, тіс. Менде кітап бар;

3) «Ү» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Үй, үйрек, үлкен, үш, гүл, күн. Мынау – үй. Алмаста үлкен доп бар

;

4) «Ө» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Өрік, көл, өрмекші. Өрік тәтті. Далада өрмекші бар;

5) «Ұ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Құс, ұлу, ұя, Ұяда құстар бар;

6) «Ы» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Ыдыс. Тауық. Мысық. Мысық отыр;

7) «Ғ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Аға, торғай, ағаш, сағат. Торғай ағашта отыр. Менің ағам бар;

8) «Қ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Қалам, қоян, тақта. Менде қалам бар;

9) «Ң» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Аң, шаңғы, қоңырау. Мен шаңғы тептім;

10) «Һ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Жиһаз, айдаһар. Үйде жиһаз бар.

12. Л е к с и к а :

1) тақырыптар көлеміндегі сөздік қорын ұлғайтуға бағытталған сөздер, сөз

тіркестерін сөйлеген кезде түсініп қолдану;
2) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сандары;
3) сөйлеу іс әрекетін бөлімі.
1 3 . А й т ы л ы м :

- 1) қазақ тіліне тән орфоэпиялық ережелерге сай айту;
- 2) диалогтік сөйлесу. Амандасу. Танысу. Қысқа диалогтік сөйлеу;
- 3) диалог-сұрақ. Өзін таныстыру;
- 4) сөйлескенде «бар»/«жоқ» сөздерін қолдану;
- 5) монологтік сөйлесу;
- 6) баяндаудың қысқаша қарапайым түрі;
- 7) суретті (тақырып бойынша) қарапайым сипаттау;
- 8) 1-10-ға дейін санау;
- 9) қарапайым хабарлау;
- 10) бір-бірімен бұйрық алмасуы;
- 11) тақырыпқа қатысты сурет бойынша қарапайым сипаттау;
- 12) күнделікті іс-әрекетін сипаттау (тақырып көлемінде);
1 3) б а я н д а у ;
- 14) затты, суретті (тақырыпқа қатысты) сипаттау.
1 4 . Т ы ң д а л ы м :

- 1) қысқа, нақты, қарапайым хабарламаларды көрнекілікке сүйеніп түсіну;
- 2) қарапайым тапсырмалар мен бұйрықтарды түсіну;
- 3) тақырыпқа байланысты мұғалім мен сыныптастарының сөздерін түсіну;
- 4) тыңдағанда көрнекілікке сүйеніп қарапайым шағын хабарламаларды түсіну;
- 5) тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерінен қаза тіліне тән дыбыстарды ажырата білу және дұрыс айта алу.
1 5 . О қ ы л ы м :

- 1) тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін дауыстап оқу және мағынасын т ү с і н у ;
- 2) таныс сөздерді оқу барысында лексикалық мағынасына сәйкестендіру, яғни т ү с і н і п о қ у ;
- 3) тақырыпқа байланысты сөйлемдер мен қысқа мәтіндерді дауыстап және түсініп о қ у ;
- 4) қысқа мәтіндерді оқығанда негізгі ақпаратты тауып алу;
- 5) түсінгенін сурет, сызба және жауап беру арқылы көрсету;
- 6) таныс тілдік бөлім негізінде құрастырылған сөйлемдер мен қысқа мәтіндерді м ә н е р л е п ж ә н е т ү с і н і п о қ у .
1 6 . Т і л д е с і м :

- 1) қарапайым үлгілерді пайдаланып тақырып көлемінде сөйлесу;
- 2) күнделік өмірде кездесетін жағдайдарға қатысты қарапайым диалог құру;

3) қарапайым сөздерден қысқа сөйлемдер құрастыру;

4) сұрақтарға жауап беру.

17. Қарым-қатынас бөлімі:

1) тақырыпқа байланысты қысқа диалогтар құру;

2) орфоэпиялық ержені сақтап сөздерді дұрыс айту;

3) логикалық екпінді сақтап хабарлы, сұраулы сөйлемдерді айту.

3. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. «Қазақ тілі» оқу пәні қазақ тілін қарым құралы ретінде пайдаланудың қарапайым дағдыларын дамыту төменде берілген тақырыптар арқылы жүзеге асады:

1) 1 тақырып. Мектеп – 4 сағат;

2) 2 тақырып. Отбасы – 8 сағат;

3) 3 тақырып. Күз – 10 сағат;

4) 4 тақырып. Менің үйім – 10 сағат;

5) 5 тақырып. Қыс – 10 сағат;

6) 6 тақырып. Көктем – 10 сағат;

7) 7 тақырып. Жаз – 6 сағат.

19. Тілдік бөлім.

20. Грамматика:

1) жіктік жалғау және көпше түрде қолдану. Мысалы: Біз келдік. Сендер келдіңдер.
О л а р к е л д і ;

2) тәуелдік жалғауы. Жекеше және көпше түрлері. Жіктелуге байланысты дыбыстардың өзгеруіне байланысты айтқызу. Мысалы: Менің досым. Сенің досың. Оның досы. Біздің сыныбымыз. Сендердің (сіздердің) сыныптарың(ыз). Олардың с ы н ы п т а р ы ;

3) заттардың жекеше және көпше түрі. Сұрақтың түрі: Не? Нелер? Кім? Кімдер?
Мысалы: кітап-кітаптар, орындық-орындықтар;

4) заттардың сынын білдіретін сөздер. Бір затқа және әртүрлө заттарға қатысты. Сұрақтың түрі: Қандай? Мысалы: Ала сиыр. Қара сиыр. Үлкен сиыр. Сары жапырақ. Жасыл жапырақ. Қызыл алма. Жасыл алма;

5) заттардың санын білдіретін сөздер. Реттік сан есімдер. Сұрақтың түрі: Қанша? Неше? Нешінші? Мысалы: Бірінші орын. Екінші сабақ. Екі көз. Төрт алма;

6) қарапайым сөйлемдерде септік жалғауларды қолдану. Мысалы: Мен мектепке келдім. Мен кітапты бердім. Мен досыммен ойнаймын.

21. Фонетика:

1) «Ә» дыбысы, әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы: сөздік материал: Әке, әже, Әсем, әтеш. Мынау – әке,әже,Әсем менің әпкем;

2) «І» дыбысы, әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:

сөздік материал: Тіл, тіс, кітап. Мынау- тіл, тіс. Менде кітап бар;

3) «Ү» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Үй, үйрек, үлкен, үш, гүл, күн. Мынау – үй. Алмаста үлкен доп бар

4) «Ө» дыбысы, әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Өрік, көл, өрмекші. Өрік тәтті. Далада өрмекші бар;

5) «Ұ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Құс, ұлу, ұя, Ұяда құстар бар;

6) «Ы» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Ыдыс. Тауық. Мысық. Мысық отыр;

7) «Ғ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Аға, торғай, ағаш, сағат. Торғай ағашта отыр. Менің ағам бар;

8) «Қ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Қалам, қоян, тақта. Менде қалам бар;

9) «Ң» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Аң, шаңғы, қоңырау. Мен шаңғы тептім;

10) «Һ» дыбысы. әрпі. Дыбысталуы. Дактилі. Жазылуы:
сөздік материал: Жиһаз, айдаһар. Үйде жиһаз бар.

2 2 . Л е к с и к а :

1) тақырыптар көлеміндегі сөздік қорын ұлғайтуға бағытталған сөздер, сөз тіркестерін сөйлеген кезде түсініп қолдану;

2) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сандары;

3) математикалық түсініктер: қосу, алу, тең, кем, артық.

2 3 . С ө й л е у і с ә р е к е т і б ө л і м і .

2 4 . А й т ы л ы м :

1) қазақ тіліне тән орфоэпиялық ережелерге сай айту. Жұлдыз-жұлдуз;

2) жіктелулерге байланысты дыбыстардың өзгеруін ескеріп сөйлеу. Мысалы: Менің к і т а б ы м ;

3) диалогтік сөйлесу. Амандасу. Танысу. Қысқа диалогтік сөйлеу;

4) диалог-сұрақ. Өзін таныстыру;

5) сөйлескенде жоғарыда берілген жалғаулар мен қосымшаларды сөздерде қолдану;

6) монологтік сөйлесу;

7) баяндаудың қысқаша қарапайым түрі;

8) суретті (тақырып бойынша) қарапайым сипаттау;

9) 1 - 10 - ға дейін санау;

10) қарапайым хабарлау;

11) бір-бірімен сұрақ қою, жауап беру;

12) тақырыпқа қатысты сурет бойынша қарапайым әңгіме құру;

13) күнделікті іс-әрекетін сипаттау (тақырып көлемінде);

14) баяндау ;

15) затты, суретті (тақырыпқа қатысты) сипаттау.

25. Тыңдалым :

- 1) қысқа, нақты, қарапайым хабарламаларды көрнекілікке сүйеніп түсіну;
- 2) қарапайым тапсырмалар мен бұйрықтарды түсіну;
- 3) орфоэпиялық ережеге сәйкес өзгерген сөздерді есту арқылы қабылдау және ажырату ;
- 4) тақырыпқа байланысты мұғалім мен сыныптастарының сөздерін есту-көру арқылы қабылдау және тану ;
- 5) тыңдағанда көрнекілікке сүйеніп қарапайым шағын хабарламаларды есту-көру арқылы қабылдау және түсіну ;
- 6) тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерінен қаза тіліне тән дыбыстарды ажырата білу және дұрыс айта алу.

26. Оқылым :

- 1) тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін дауыстап оқу және мағынасын түсіну ;
- 2) таныс сөздерді оқу барысында лексикалық мағынасына, көрнекілікке сәйкестендіру, яғни түсініп оқу ;
- 3) тақырыпқа байланысты сөйлемдер мен қысқа мәтіндерді дауыстап және түсініп оқу ;
- 4) қысқа мәтіндерді оқығанда негізгі ақпаратты тауып алу;
- 5) түсінгенін сурет, сызба және жауап беру арқылы көрсету;
- 6) таныс сөздерден құрастырылған сөйлемдер мен қысқа мәтіндерді мәнерлеп және түсініп оқу .

27. Тілдесім :

- 1) қарапайым үлгілерді пайдаланып тақырып көлемінде сөйлесу;
- 1) өз Отанына, қазақ халқы мен елімізде өмір сүріп жатқан этностардың тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпына және басқа байлықтарына құрметінен;
- 2) әлемдік дамуда өз елінің рөлін түсіну, жанұялық құндылыққа сыйластықпен қарауды; қоршаған ортаны сақтауға деген ұмтылысынан;
- 3) қоршаған ортаны сақтауда өз белсенділігінен;
- 4) жауапкершілік, ұқыптылық, зейінділігі және тәртіптілігінен;
- 5) салауатты өмір салтын сақтауға ұмтылуынан;

- 6) шығармашылық жұмысқа, жұмыстың нәтижесіне деген ынтасынан;
- 7) үлкендермен және өз құрбыларымен қарым-қатынас жасау қабілетінен;
- 8) білім мен қызмет түрлерін игеру мен кеңейтуге қызығушылығын, тапсырманы орындауда шығармашылықпен қарауынан;
- 9) үлкендерге құрмет және кішілерге қамқорлығынан көрініс табады.

126. Жүйелі - әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктігімен;
- 2) қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларымен;
- 3) ауызша және жазбаша есептеулерді тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникасымен;
- 4) математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын дәлелдену қатаңдығымен;
- 5) дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігімен;
- 6) математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігімен;
- 7) жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау орындау білігімен;
- 8) өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруымен;
- 9) өз іс әрекетін бағалауымен;
- 10) оқу қызметінің әртүрлі формаларында коммуникативтік қабілеттерін қолдана білуімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Білім және ғылым министрінің
 2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 16–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Білім және ғылым министрінің
 2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына 121-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта

білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Бастауыш сыныптарға арналған «Дүниетану» пәні «Жаратылыстану» білім саласының негізгі пәндерінің бірі.

3. Пәннің мақсаты – естімейтін балалардың қоршаған орта және табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру және дамыту.

4. Негізгі міндеттері:

1) оқушыларға тірі және өлі табиғат, адамдардың еңбектері, қоршаған орта табиғаты, табиғаттағы өзгерістер туралы қарапайым мәліметтер беру;

2) тірі және өлі табиғатты үнемі бақылау арқылы оқушылаоқушыға қоршаған ортаның әр алдың жеке тәжірибелерін байыту;

3) күнделікті өмірде, зертханалық жұмыстарды орындау мен табиғатқа саяхат кезінде қауіпсіздік ережелерді сақтауға дағдыландыру;

4) «адам – табиғат» жүйесіндегі өзара қарым-қатынас жағдайын және табиғаттағы өзгерістердің адамның еңбегіне әсерін ұғындыру;

5) оқушыларға табиғатты қорғау туралы, тұрғылықты жердегі табиғатты қорғау шаралары туралы білім беру;

6) адам ағзасы және оны сақтау туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру;

7) адам мен табиғаттағы тіршілік әрекетінің өзара байланысын, қоршаған орта заңдылығын, құбылысын, нысандарын меңгерту және оқушылардың адамның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасы туралы түсініктерін кеңейту;

8) жаратылыстану ғылымы пәндерін одан әрі меңгеруге мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыларын жетілдіру.

5. Пәннің мазмұнын меңгеру үшін 3-сыныптарға аптасына 2 сағат, жылына 68 сағатты, 4-сыныптарға аптасына 2 сағат, жылына 68 сағатты құрайды.

6. Пәнді оқыту процесінде пәнаралық байланыс ескеріледі:

1) қазақ тілі және тіл дамытумен: байланыстыра сөйлеу, сипаттау, салыстыру, баяндау арқылы сөздік қорын байыту;

2) математикамен: тәжірибелік жұмыстарда түрлі өлшеу құралдарын қолдану, масштаб туралы түсініктерін кеңейту;

3) бейнелеу өнерімен: суретшілердің табиғат, табиғат құбылыстары, жыл мезгілдеріне арналған шығармаларын пайдалану;

4) заттық-тәжірибелік оқытумен: түрлі бұйымдар жасау барысында табиғи материалдар туралы білімдерін пайдалану;

5) бейімделген дене шынықтырумен: денсаулық сақтау, күн тәртібі, адам өміріне зиянды әрекеттер, адам ағзасын шынықтыру туралы білімдерін толықтыру.

2. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

7. Табиғат дегеніміз не (25 сағат). Тірі және өлі табиғат. Табиғатты бақылау. Оқушы күнделігі. Тәжірибе.

8. Табиғаттағы жазғы және күзгі өзгерістер:

1) жазғы өлі табиғат: ауа температурасы, бұлттардың түзілуі, жазғы жаңбыр және найзағайлы жаңбыр. Топырақ және су қоймалардың күйі. Күзгі өлі табиғат: күннің суи бастауы, бұлттың түзілуі, күзгі жаңбырлар және басқа жауын-шашын түрлері, күзгі тұман, қырау, алғашқы үсік, топырақтың және суқоймаларының күйі. Термометр. Ауа температурасын өлшеу;

2) өсімдіктер жазда және күзде: өсімдіктердің бөліктері. Ағаштар, бұталар, шөптекті өсімдіктердің гүлдеуі. Жемістер мен тұқымдардың пісіп-жетілуі, жалпақ жапырақты және қылқанды ағаштар, өсімдіктердің жазғы көрінісі. Күзгі өсімдіктер тіршіліктеріндегі өзгерістер: Жапырақ реңінің өзгеруі, жапырақтың түсуі, шөптекті өсімдіктердің қурауы, күзгі жемістер мен тұқымдар. Өсімдіктерді жазда және күзде қорғау;

3) жаздағы жабайы аңдар және үй хайуанаттары. Қоректену жағдайы. Күздегі жабайы аңдар мен үй хайуанаттарының тіршілігіндегі өзгерістер. Қоректену жағдайларының өзгеруі. Жыл құстары және олардың тіршілігіндегі өзгерістер. Жабайы және жергілікті жерді мекендейтін жануарлардың қысқа дайындалуы, жабайы жануарлар мен үй хайуанаттарының қысқа дайындалуы, жабайы жануарлар мен үй хайуанаттарының айырмашылықтары. Жазда және күзде жабайы жануарларды қорғау;

4) адамдардың жазғы және күзгі еңбегі. Егінді күтіп баптау. Ағаштар мен бұталарды күзде отырғызу. Бақтар мен саябақтарды қысқа дайындау. Жергілікті жердің табиғатын қорғауға байланысты адамдар еңбегі. Күздегі ересектердің жұмыстарына балалардың қатысуы;

5) адам денсаулығын сақтау. Суық тиіп аурудан алдын алу, сақтандыру. Мектеп оқушыларының күн тәртібі;

6) серуендеу: жергілікті жердің ағаштары, бұталары, шөптесін өсімдіктер және жануарлар тіршілігіндегі күзгі өзгерістер мен танысу мақсатында, орманға, баққа немесе; саябаққа топсеруен;

7) сарамандық жұмыстар: термометрдің құрылысы және ауа температурасын өлшеу; өсімдік бөліктері.

9. Табиғаттағы қысқы өзгерістер (18 сағат):

1) қысқы өлі табиғат: ауа температурасы, бұлттың түзілуі, жауын-шашын, қардың жаууы, қарлы боран. Қар жамылғысының тұрақтылығын анықтау. Қар және мұз. Суқоймалары мен топырақтың құнарлығы;

2) қыстағы өсімдіктер. Қыстағы қылқанды және жалпақ жапырақты ағаштар мен бұталар. Қар астында қыстайтын өсімдіктердің ерекшеліктері. Өсімдіктерді қорғаудағы қар жамылғысының маңызы. Табиғаттағы өсімдіктерді қыста қорғау. Бөлме өсімдіктері және оларды күтіп баптау;

3) қыстағы жануарлар. Қыстайтын құстар мен қыстағы қоректену жағдайлары, қыстағы жабайы жануарлар және үй хайуанаттары. Қыстағы жабайы жануарлары қ о р ғ а у ;

4) адамдардың қысқы еңбегі. Егістікке қар тоқтату. Техниканы көктемге дайындау. Астық және көкөніс қоймаларындағы жұмыс. Қала және ауыл көшелеріндегі қарды тазарту. Қыстағы табиғатты қорғаумен байланысты адамның еңбегі;

5) адам денсаулығын қыста қорғау. Үсікке шалдыққанда көрсетілетін алғашқы к ө м е к ;

6) қысқы ағаштар мен бұталардың күйін бақылау мақсатымен орманға, баққа топсеруен. Қар және мұзбен жасалатын қарапайым тәжірибе;

7) сарамандық жұмыс. Қар жамылғысының тереңдігін өлшеу, бөлме өсімдіктерін күту, үсікке шалдыққанда көрсетілетін алғашқы көмек.

10. Табиғаттағы көктемгі өзгерістер (20 сағат):

1) көктемгі өлі табиғат: жылылық, қардың еруі, бұлттың түзілуі, жауын-шашын. Суқоймалардың күйі: мұз көшкіні, су тасқыны. Топырақтың жібуі, топырақта ығалдың к ө б е ю і ;

2) көктемгі өсімдік. Ерте гүлдейтін өсімдіктер. Ағаштар мен бұталар бүршіктерінің бөртуі. Жапырақтарын жаюы. Өсімдіктердің гүлдеуі. Өсімдіктерді көктемде қорғау;

3) көктемгі жануарлар. Жануарлардың қоректену жағдайының өзгеруі. Бунақденелілердің пайда бола бастауы. Жыл құстарының ұшып келуі, ұя салуы. Жануарлар тіршілігіндегі өзгеріс. Жануарлардың балалауы. Жабайы жануарларды көктемде қорғау. Көктемдегі үй хайуанаттары;

4) көктемгі адам еңбегі. Егістіктегі, бақтағы, қалалар мен ауылдағы көктемгі жұмыстар. Ағаштармен бұталарды көктемде отырғызу. Табиғатты қорғаумен байланысты адам еңбектері. Көктемгі ересектер еңбегіне балалардың қатысуы;

5) топсеруен. Өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіндегі көктемгі өзгерістерді бақылау мақсатындағы орманға немесе саябаққа топсеруен. Тұқымнан өсіп шыққан өсімдіктің дамуын бақылау (еңбекке баулу сабағындағы бұрын қойылған тәжірибе н е г і з і н д е) ;

6) сарамандық жұмыс. Қаламшелерімен (қынагүл, қазтамақ, т.б.) пиязшығымен (амаралис), сұлатпа сабақтарымен (традесканция, барқытшөп) мұртшаларымен (тасжарған); гүл қышқұмыраларында немесе жәшіктерде пияз өсіру; картоп түйнегін ө н д і р у .

11. Қорытынды (5 сағат): жыл мезгілдері туралы білімдерін жинақтап қорыту. Ағзаны жазда шынықтыру.

3. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

12. Жыл мезгілдеріне байланысты жергілікті жердің ерекшеліктері (10 сағат):

1) өлі табиғаттағы жаз, күз, қыс, көктем мезгілдері. Күн — жарық пен жылу көзі. Күннің ұзақтығы, ауаның температурасы, ауа райы. Топырақтың, суқоймалардың күйі. Тірі табиғаттың, өлі табиғатқа әсері;

2) табиғатқа байланысты жұмыс түрлері. Ауылшаруашылық техникалары, олардың адам еңбегін жеңілдетуде тигізетін пайдасы. Адамдардың егін жинаудағы, қаланы көгалдандырудағы еңбегі. Табиғатты қорғау;

3) топсеруен. Ормандағы, даладағы, суқоймаларындағы табиғат өзгерістерін бақылау;

4) сарамандық жұмыс. «Бақылау күнделігіне» табиғатқа бақылау жүргізіп, әр айдағы, жыл мезгіліндегі өзгерістерді белгілеу.

13. Жер көлемі және бедері жөніндегі мәлімет (6 сағат):

1) жер шар тәрізді. Әлемшар — жердің үлгісі;

2) ғаламшар мен карта. Картада және ғаламшарда жердің, судың бедері.

14. Жергілікті жерлерді бағдарлау (14 сағат):

1) көкжиек. Көкжиек сызығы. Күн және түсбағдармен жергілікті жерді бағдарлай білу. Түсбағдардың құрылысы. Түсбағдарды пайдалана білу. Табиғи белгілер бойынша көкжиек тұстарын таба білу;

2) сарамандық жұмыс. Күнге қарап көкжиек тұстарын анықтау, көкжиек тұстарын түсбағдармен анықтау.

15. Жер бедері формасы (16 сағат):

1) жазық, төбе, жыра, тау. Жыраларды қалпына келтіру. Картадағы жер бедері суреті. Картадағы жер бедерінің шартты белгілері. Жергілікті жердің жер бедері;

2) топсеруен: жергілікті жердегі жер бедерінің бағдарлары;

3) сарамандық жұмыс: ылғалды құмнан жер бедерін жасау (затты іс-жүзінде жүргізу сабағында пайдалану).

16. Жердегі су (16 сағат):

1) суқоймалар, түрлері, (2-3) суқоймалардың аты. Суқоймаларды пайдалану және қорғау;

2) су және оның қасиеті (түсі, мөлдірлігі, ағымдылығы, иісі, дәмі, судың күйі, су — еріткіш, суды сүзгімен тазарту). Табиғаттағы суайналымы;

3) топсеруен: суқоймалардың ерекшеліктерімен танысу, оны пайдалану және қорғау;

4) тәжірибе: судың физикалық құрамын анықтау, суды сүзгімен тазарту, судың еріткіш екенін дәлелдеу.

17. Жергілікті жердегі топырақ, өсімдік және жануарлар (6 сағат):

1) топырақтың құрамы. Топырақтың ерекшелігі, оны қорғау;

2) суқоймалардағы және ормандағы, даладағы шалғын өсімдіктер мен жануарлар. Өсімдіктер мен жануарларды қорғау;

3) біздің өлкеміз елімізге не береді. Оқушылардың табиғат байлығын қорғауға қатысты пайдалы еңбегі.

4. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

18. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) жаздың, күздің, қыстың, көктемнің белгілерін;
 - 2) табиғаттағы жанды және жансыз денелерді;
 - 3) табиғи құбылыстарын;
 - 4) адамның сезім мүшелері және оны күтуді;
 - 5) өсімдік мүшелерін;
- 6) жыл мезгілдеріне байланысты жануарлар мен құстардың тіршілік етуін;
- 7) үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын;
- 8) жыл мезгілдеріне байланысты адам еңбегін;
- 9) жыл мезгілдерінің атауын, оның адам, жануарлар және өсімдіктер тіршілігіндегі маңыздылығын;
- 10) өсімдіктер мен жануарлардың адам өмірі үшін маңызын;
- 11) жеке бас гигиена ережелерін;
 - 12) қауіпсіздік ережелерін білуі тиіс.
19. 1-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) табиғатты қорғаудың қарапайым ережелерін;
 - 2) айналадағы дүниені бақылау әдістерін;
 - 3) өз денсаулығы, түрлі аурулардан сақтау ережелерін меңгеруі қажет.

5. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

20. Пәндік нәтиже бойынша 2-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) тұрғылықты жердің табиғат ерекшеліктерін;
 - 2) адамның айналадағы дүниемен қарым-қатынасын;
 - 3) темекі шегудің зиянын;
 - 4) ауа, су, топырақтың маңызы мен қасиеттерін;
 - 5) өсімдіктің көбеюі үшін қажетті жағдайларын;
 - 6) өсімдіктің тіршілік ортасын;
 - 7) үй жануарлары және жабайы жануарларды;
 - 8) жануарлар мен құстардың қоректенуін;
 - 9) өсімдіктер мен жануарлар арасындағы байланысын;
 - 10) жануарлар мен құстардың тіршілігіне қажетті жағдайларын;
 - 11) өсімдіктер мен жануарлардың адам өміріндегі маңызын білуі тиіс.
21. 2-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) экскурсия барысына көргенін баяндап береді;

- 2) өз денсаулығын сақтауды;
- 3) тұсбағарды пайдалану ережесін;
- 4) үй жануарларына қамқорлық жасау жолдарын меңгеруі қажет.

22. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

- 1) қоршаған ортаны сақтауға және оны қорғауға, оған қамқорлық жасауға ұ м т ы л ы с ы н а н ;
- 2) адамдардың еңбегі және олардың мамандығына құрметпен қарауынан;
- 3) өз-өзіне қызмет етуінен, өз ағзасын күтуінен, салауатты өмір салтын сақтауынан к ө р і н і с т а б а д ы .

23. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

- 1) қоршаған ортаны бақылау дағдысымен;
- 2) табиғи құбылыстарды бақылау және талдау, өзіндік қорытынды шығару білігімен ;
- 3) табиғатты зерттеу әдістерін қолдана білу дағдысымен;
- 4) сарамандық жұмыстар жасау дағдысымен;
- 5) қосымша ақпаратты жинақтау және олардың қажеттісін іріктеп алу білігін қолдана білуімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 17–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 122–қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Заттық-тәжірибелік оқыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Заттық-тәжірибелік оқыту» пәні естімейтін балаларға арналған дамытушы, тәрбиелеуші, оқыту және түзету міндеттерін атқаратын кіріктірілген пән болып табылады. «Заттық-тәжірибелік оқыту» естімейтін оқушының (жалпы және сөйлеу тілінің) жан жақты дамуын қамтамасыз етіп, оқу материалын түсінуге жағдай жасап,

психофизикалық кемістіктерін түзетуге әсер етеді.

3. Оқытудың мақсаты: естімейтін оқушылардың заттық-тәжірибелік іс-әрекеті арқылы сөйлеу іс-әрекетін, тұрмыстық түсініктерін, ақыл-ойын, еңбек дағдыларын қалыптастыру.

4. «Заттық-тәжірибелік оқыту» пәні міндеттері:

- 1) тұрмыстық түсініктерін қалыптастыру;
- 2) естімейтін оқушылардың ойлауын дамыту;
- 3) ауызша және жазбаша формада сөйлесу және монологтік сөйлеу тілін дамыту;
- 4) заттық-тәжірибелік іс-әрекетін жетілдіру;
- 5) қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру;
- 6) оқушыларды жан жақты тәрбиелеу.

5. «Заттық-тәжірибелік оқыту» пәні оқу жүктемесі:

- 1) дайындық сыныбында аптасына 4 рет, жылына 132 сағат;
- 2) 1 сыныпта аптасына 3 рет, жылына 99 сағат;
- 3) 2 сыныпта аптасына 4 сағат, жылына 136 сағат;
- 4) 3 сыныпта аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат;
- 5) 4 сыныпта аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат қарастырылған.

6. «Заттық-тәжірибелік оқыту» пәні бірқатар пәндермен тығыз байланысты:

1) заттық тәжірибелік іс әрекет арқылы бұйымдар жасай отырып естімейтін балалар қоршаған ортамен танысады, істеген әрекеттерін жоспарлап, аяқтаған соң есеп беру арқылы балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілі дамиды;

2) заттық - тәжірибелік іс әрекет кезінде бұйымдар жасау барысында өлшем бірліктерін қолдану арқылы математикалық түсініктері қалыптасады. «Заттық-тәжірибелік оқыту» кезінде қолданылған сөздік материалдар тіл дамыту, ана тілі, математика сабақтарында жалғасады;

3) «Заттық - тәжірибелік оқыту» пәні кезінде сөйлеу іс әрекетін дамытуға (жоспарлау, есеп беру, жолдасымен қарым қатынас жасау, сөздік материалды таңдау) көп көңіл бөлінеді. Осы пән барысында қалыптасқан тұрмыстық түсініктері басқа сабақтарды меңгерудің алғышарты болып табылады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

7 . 1 т о қ с а н .

8 . И л е у :

1) тақырыптар: 1.Шар. 2. Алма. 3. Алмұрт. 4. Өрік. 5. Шие. 6. Қияр. 7. Сәбіз. 8. Қызанақ. 9. Қызылша. 10. Пияз. 11. Қоян. 12. Қонжық;

2) сөздік материал. Ермексаз, сазбалшық, су, тақтайша, шүберек, тәрелке, қырғыш, сүрткіш, пышақ, жіп, бояу, қылқалам. Алма, алмұрт, өрік, шие, қияр, сәбіз, қызан, қызылша, пияз, қоян, қонжық, басы, көзі, аузы, құлағы, аяғы, құйрығы, денесі.

9. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырыптар: 1. Шар. 2. Алма. 3. Алмұрт. 4. Өрік. 5. Шие. 6. Қияр. 7. Сәбіз. 8. Қызан. 9. Қызылша. 10. Пияз. 11. Қоян. 12. Қонжық;

2) сөздік материал: түсініп ұғыну, қайшы, қылқалам, желім, қарындаш, түрлі-түсті қағаз, катырма қағаз. Дөңгелек, шаршы, тікбұрыш. Алма, алмұрт, шар, өрік, шие, кияр, сәбіз, қызан, қызылша, пияз, қоян, қонжық. Қызыл, жасыл, көк, сары, аң, қара.

10. Қағазбен жұмыс істеу:

1) тақырыптар: 1. Тілшік жасау. 2. Жалау жасау;

2) сөздік материал. Қайшы, желім, қылқалам, тілшік, жалау, шаршы, тікбұрыш, қағаз. Кесу, желімдеу, қиып алу, айналдыра сызу. Қағазды қиямыз. Осылай бүкте. Осылай қиып ал. Тікбұрышты қиып ал. Көк қағазды ал. Мен қағазды алдым. Мен кидім.

Тікбұрышты қағазға жапсыр.

11. Сурет салу:

1) тақырыптар: 1. Шар, 2. Алма, 3. Үй. 4. Қаша. 5. Шырша. 6. Үстел. 7. Орындық;

2) сөздік материал. Шар, алма, алмұрт, кияр, сәбіз, қонжық, қоян, пирамида, үй, каша, шырша, үстел, орындық. Көк, қызыл, жасыл, сары.

12. 2 тоқсан.

13. Илеу:

1) тақырыптар: 1. Түйе. 2. Түлкі. 3. Піл. 4. Әтеш. 5. Қаз. 6. Тауық. 7. Кесе. 8. Тостаған. 9. Тәрелке. 10. Қазан;

2) сөздік материал. Түйе, түлкі, піл, әтеш, қаз, тауық, кесе, тостаған, тәрелке, қазан, денесі, күйрығы, басы, мойны, көзі, құлағы, аузы, канаты, аяғы. Үлкен, кіші. Илеу, жаю, алу, жабыстыру. Тәрелкені илеп жасаймын. Шарды домалақта.

14. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырыптар: 1. Түйе. 2. Түлкі. 3. Түлкі қоян аулады. 4. Судағы қаз. 5. Үстел үстінде тостаған, кесе. 6. Жаңа жыл шыршасы;

2) сөздік материал; Түйе, түлкі, қоян, қаз, үстел, тостаған, кесе, жаңа жыл, шырша. Қызыл, жасыл, қоңыр, сары, көк, үлкен, кіші. Жақсы, жаман, әдемі, алуға бола ма?.

15. Сурет салу:

1) тақырыптар: 1. Түйе. 2. Тон. 3. Бәтеңке. 4. Етік. 5. Пима. 6. Орамал. 7. Малақай. 8. Қой. 9. Қолғап;

2) сөздік материал. Тон, бәтеңке, етік, пима, орамал, малақай, қой, қолғап. Жақсы, жаман, әдемі. Сурет салу. Етіктің суретін сал(-ыңдар). Мен сурет салдым.

16. 3 тоқсан.

17. Илеу:

1) тақырыптар: 1. Шана. 2. Шаңғы. 3. Жуынатын бөлме. 4. Мұз айдыны. 5. Коньки. 6. Машина. 7. Ұшақ;

2) сөздік жұмысы. Шана, шаңғы, бөлме, ойна, тіс щеткасы, сабын, орамал, тарақ, тіс пастасы, қолжуғыш, мұз айдыны, коньки, машина, ұшақ.

18. Жапсырма құрақ құрастыру. Тақырыптар: 1. Қыс көрінісі (үй, шырша). 2. Аққала және балалар. 3. Балалар мұз айдынында. 4. Домбыра.

19. Сурет салу:

1) тақырыптар: 1. Жаңа жыл шыршасы. 2. Шырша ойыншықтары. 3. Қуыршақтың жиһаздары: үстел, орындыщ, шкаф, төсек. 4. Ыдыс: қасық, шәйнек, тәрелке. 5. Шаңғы, коньки, шана. 6. Машина, ұшақ. 7. Вазадағы гүл шоғы;

2) сөздік жұмысы: Жолдастарына жай тапсырмаларды тірек сөздерді пайдаланып және өз бетінше құрастырып беру. Тапсырмаларды орындау кездерін анықтау.

20. 4 тоқсан.

21. Илеу:

1) тақырыптар: 1. «Көктем» макеті. 2. «Үй хайуанаттары» макеті. 3. «Жабайы аңдар» макеті;

2) сөздік жұмысы: ағаш, бәйшешек, шөп, шалшық су, құстар, үйшік, сиыр, кой, жылқы, ешкі, түйе, ит, аю, қоян, түлкі, кірпі, қасқыр, ақтиін, балалар, доп, кора. Үлкен, кішкене, ұзын, қысқа, көп, аз.

22. Жапсырма құрақ құрастыру. Тақырыптар: 1. Көктем келді. 2. Үй хайуанаттары мен төлдері.

23. Қағазбен жұмыс істеу: тақырыптар: 1. Қайық, қуыршақ, оның ұлттық киімдері. 2. Гүлдер: түймедақ, жауқазын.

24. Сурет салу. Тақырыптар: 1. Көктем табиғаты (жапырақтар, шөптер). 2. Құстар: әтеш, тауық, балапан. 3. Күрек, тырма, су құйғыш.

25. Оқу құралдары:

1) кітап, қалам, дәптер, сөмке;

2) сөздік материал. Әтеш, тауық, балапан, көбелек, күрек, тырма, су құйғыш, ара, шегіртке, кітап, қалам, дәптер, сөмке. Тауықтың суретін үлкен етіп, балапанды кішірек етіп сал. Мен көбелектің суретін сала алмаймын.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

26. 1 тоқсан.

27. Илеу:

1) тақырыптар: 1. Жемістер: алмұрт, алма, өрік. 2. Көкөністер: қызан, қияр, пияз. 3. Ойыншықтар, қуыршақ, қонжық, әтеш, қоян;

2) сөздік материал: ұзарту, сығу, шар сияқты домалақтан илеу. Қағазды бүктеу, тең етіп бүктеу, қайшымен қия білу. Желім жағып, жабыстыра білу. Сызғышпен заттың ұзындығын және енін сыза білу.

28. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырыптар: 1. Жемістер. 2. Көкөністер. 3. Ойыншықтар: қуыршақ, әтеш, қоян, қонжық. 4. Жемістер, көкөністер салған себет;

2) сөздік материал: Жемістер, көкөністер, алма, алмұрт, өрік, қызан, қияр, жуа, ойыншықтар: қуыршақ, әтеш, қоян, қонжық, себет. Жуан. жіңішке, қатты, жұмсақ, ақ, қызыл (басқа түстер), қағаз.

29. Қағазбен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. Ұшақ. 2. Тікұшақ. 3. Тілшік. 4. Жалауша. 5. Садақ;

2) сөздік материал: Ұшақ, тікұшақ, тілшік, жалауша, садақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, шеңбер, пышақ, түрлі-түсті қағаз.

30. Матамен жұмыс:

1) тақырып: Ине шаншатын жастық (төртбұрышты);

2) сөздік материал: ине шаншқы, ине, мата, түйін; ақ, қара, жуан, жіңішке (жіп, мата) тікбұрышты; ұзын, қысқа, үлкен, кіші. Көп, аз, ұзын, қысқа, үстінде, астында, оң жағында, сол жағында. Тігу, ұстау, кіргізу, өлшеу.

31. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: Күзгі жапырақтар жинақтамасы;

2) сөздік материал: Қайыңның, еменнің, теректің, жөкенің жапырақтары. Күз, жапырақ аттары. Қызыл, сары, қоңыр (күзгі) жапырақтар. Желімдеу, тігу. Жапырақшаларды жайып қой.

32. 2 тоқсан.

33. Илеу:

1) тақырыптар: 1. Мысық. 2. Қоян. 3. Кірпі. 4. Қасқыр;

2) сөздік материал: Мысық, қоян, қасқыр, кірпі, ине, жіп, дене, табан, құйрық, бас, құлақ, көрші. Алдыңғы, артқы, ұзын, қысқа, жұмсақ, тікенекті, қатты, жуан, жіңішке.

34. Жапсырмақұрақ құрастыру:

1) тақырып: Актиін;

2) сөздік материал: актиін, жаңғақ, сурет, мереке, отшашу, (жаңғақ) жинады, шақты, отыр, қиып алды. Түрлі-түсті, сары, үлпілдеген. Оң жақ, сол жақ, ортасы, асты, үсті, тегіс, тегіс емес. Суреттерден жапсырмақұрақ жасаймыз.

35. Үлгілеу және құрастыру:

1) қағазбен жұмыс. Тақырып: Шырша ойыншықтары. Сөздік материал: ойын ық, қатырмақағаз, сантиметр, ортасы, шеті, бұрышы, шаршы, төртбұрыш, шеңбер, сызық. Жіңішке, дөңгелек, шаршы;

2) құрылыс материалдарымен жұмыс. Тақырыптар: 1. Үйлер. 2. Жиһаздар. Сөздік материал: топ (бірінші, екінші). Үй, үйшік, қабат. Шатыр, есік, терезе, еден, қабырға, бұрыш, машина, үстел, орындық, диван, кресло. Ортасында, жанында, оң жағында, сол жағында, алдында, артында, жоғарғы жағында. Қою, тұрғызу, салу, көтеру, түзету.

36. Мозаикамен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. Гүлдер. 2. Оюлар. 3. Өрнектер;

2) сөздік материал: мозаика, өрнектер, гүлдер, кате, шатыр. Түрлі-түсті, керекті, артық. Оң жақта, сол жақта, төмен, жоғары, төменде, жоғарыда, ортасында, мұқият

қ а р а .

37. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: Шырша ойыншығы — ақтиін;

2) сөздік материал: шырша ойыншығы. Жаңа жыл, ақтиін, жаңғак, қабығы, безендірді. Жан-жағынан, қисық, түзу. Кесті, ұстатты, айналдыра сызды. Шыршаға ойыншыңтар жасаймыз.

38. 3 тоқсан.

39. Илеу:

1) тақырыптар: 1. Балық. 2. Құстар: қарға, сауысқан, торғай;

2) сөздік материал: Балық, дене мүшелері, денесі, бас, құйрық, қабыршағы, желбезегі. Құстар: қарға, торғай, сауысқан, мойын, қанат, тұмсық. Үшкір, ұзын, қысқа, үлкен емес.

40. Жапсырмақұрақ құрастыру:

1) тақырыптар: 1. Вазада тұрған бұтақ. 2. «Наурыз тойы»;

2) сөздік материал: сыйлық, ваза, бұтақ, наурыз, той, дастархан, бауырсақ, шелпек, құрт, май, көже. Әйелдер күні.

41. Үлгілеу және құрастыру:

1) қағазбен жұмыс істеу. Тақырыптар: 1. Теледидар. 2. Қоян. Сөздік материал: теледидар, қоян, қағаз (қалың, жұқа), шеті, ортасы, бұрышы. Бұрышын бүктеу (шетін) өлшеу, қиып алу, болады, болмайды, жақсы, жаман, кесу;

2) құрылыс материалымен жұмыс. Тақырыптар: 1. Үйлер (2-3-5 қабатты). 2. Жиһаз. Сөздік материал: Үй, шатыр, сурет, құрылыс материалы, есік, жиһаз. Жұмыс істеу, үй тұрғызу, кирады, құлады. Бір қабатты, екі қабатты, көп қабатты, биік, аласа. Алыс, жақын, қасында, бірге. Бір қабатты үй тұрғызамыз.

42. Конструктормен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. Үстел. 2. Орындық. 3. Алжапқыш;

2) сөздік материал: Үстел, орындық, алтыбакан, конструктор бұрамасы, үлкен бұрандасы, кілті, шеті, ортасы, жоғары, төмен.

43. Мозаикамен жұмыс:

1) тақырып: Өрнектер, оюлар;

2) сөздік материал: өрнек, ою, әр түрлі, түрлі-түсті, бірдей, осындай, қою, шашу, еткізу. Бірінші қатар, соңғы... жоғарыдан 3-қатар, төменнен 2-қатар, түймеден кейін, үлкен, кіші, аз, көп. Қызыл түйме ал, қатарлап қой.

44. Матамен жұмыс:

1) тақырып: Түйме қадау;

2) сөздік материал: Түйме, жіп, түйменің тесігі. Кесу, үзіп алу, тігу, тарту, жіп, түйін түйю, ұстау, ине сабақтау. Ұзын, қысқа, үстінде, астында. Ине сабақта.

45. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырыптар: 1 «Қыс» панносы. 2. Аула «макеті»;

2) сөздік материал: сурет, пішін, мақта, бұтақ, кар, төбешік, аула, ағаштар, бұталар, заттар. Қою орналастыру, түзету. Алдында, артында, оң жақта, сол жақта, ортасында. Биік, аласа, терең. Суретке кара.

46. Токсан.

47. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырыптар: 1. Көктем, 2. Ұландар күні. 3. Көбелек (коңыз, инелік), қағазға жапсыру;

2) сөздік материал: жапсырмақұрақ, сурет, көктем, күн, аспан, шөп, ұлан, танк, ұшақ, қараторғай, үйшік, бұтақ, көбелек, қағаз. Қызық, көңілді, әдемі; батыр, батыл (ұлан) керек суреттер. Орналастыру, желімдеу, жапсыру.

48. Үлгілеу және құрастыру:

1) құрылыс материалдарымен жұмыс. Тақырып: Қала көшелері. Сөздік материал: Көше, көшенің жан-жағы, аула, мектеп, театр, емхана, дүкен, қаша. Кең, тар, (көше) бірінші, соңғы, оң жағында, сол жағында, жанында, жақын, алыс;

2) қағазбен жұмыс. Тақырыптар: 1. Тұтқасы бар себет. 2. Мерекеге арналған гүлдер. Сөздік материал: себет, тұтқа, тікбұрыш, сызық, түймедақ, жапырақ, жауқазын, сабағы, жапырақ, сымтемір, жіп. Қиып ал, кес, жапсыр, желімде, өлше, сызықсыз, байла. Қалың, жұқа (қағаз) бірнеше рет, бірге ұқсас, ұқсамайды.

49. Конструктормен жұмыс:

1) тақырып: Ұшақ, тікұшақ;

2) сөздік материал: Ұшақ, тікұшақ, дөңгелек, айналады, қонады, бүлкіш, қанаты, тұмсығы, бұрап бекіту. Мықты, бос, қиын, оңай. Ұшаққа керекті заттарды тауып ал. Екеумізге бірге жұмыс істеуге бола ма?.

50. Мозаикамен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. Гүлдер. 2. Өрнектер;

2) сөздік материал: түймелер, үлкен, кіші, биік, аласа, қатар, алдымен, содан кейін, осылай жаса, әдемірек. Бір қатардан кейін (2,3 қатардан, т.с.с) жанында, ортасында, астында. Бір қатарды аттап өт.

51. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: «Көктем» макеті;

2) сөздік материал: жыл мезгілі, көктем, кар, лай, саз, шалшық, су, жаға, кайық, кеме. Терең, таяз, кең, тар, биік, аласа, батыл, күшті, кір. Алдында, артында, ортасында, ұқсайды, ұқсамайды. Жіберді, қойды, кетті, бүктеді.

52. Ауыл шаруашылық еңбегі: күз. Тақырыптар: 1. Тәжірибе үлескісіне саяхат. Ағаштармен, бұталармен, шөп түрлерімен танысу. 2. Күзде жерді даярлау: жерді тырмалап, арамшөптерді, қалдықтарды тазалау, жерді аудару.

53. Көктемгі жұмыс:

1) тақырыптар: 1. Жерді аударып, тегістеу. Жерді тырмалау. Тырмамен жұмыс істегенде, қауіпсіздік ережесін сақтай білу;

- 2) тұқым себу (әр түрлі гүлдер тұқымы, бұршак, т.с.с);
- 3) тұқымды себуге дайындау: ең ірілерін таңдап алу, оларды сулап, өндіру;
- 4) әр тұқымға жеке жер даярлау. Қатарлап отырғызу, басына белгі қою;
- 5) жерді күту: өніп шыққан өсімдікті түптеу, суғару, арамшөбін жұлу.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

54. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырыптар: Жапсырма құрақ «Жайлауда» 2. Оқыған әңгіме бойынша жапсырма құрақ құрастыру;

2) сөздік материал: жыл мезгілі, қыс, көктем, жаз, күз, жайлау, тау, гүл, жидек, бүлдірген, коян, кірпі, көбелек; қатырмақағаз, заттар. Оң (сол) жоғарғы (төменгі) бұрыш. Оқыған әңгіме; кейіпкерлер. Бірдей, жақын, алыс, бірнеше.

56. Үлгілеу және құрастыру:

1) конструктормен жұмыс. Тақырып: Орындық;

2) сөздік материал: орындық, аркасы, аяғы, бұрама, үлкен бұранда, тесігі. Ұзын, қысқа, керек, артық. Ұзынырақ, ең ұзыны, қысқа, ең қысқа, есеге ұзындау,... см-ге қысқа. Көп, аз, сонша, қозғалды, қозғалмайды. Бастау, біту, бұрау.

57. Мозаикамен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. Гүлдер, 2. Мозаикалық панно;

2) сөздік материал: түймелер, гүлдер, сабағы, жапырағы, өрнек, панно, үстінде, астында. Сана, бөлшекте, біл, тауып ал, қайта жаса. Бір... түймені ал. Гүлді оң жағына (сол жағына, жоғарғы жағына, төменгі жағына) қой.

58. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. «Күзгі жапырақтар» панносы. 2. «Біздің мектеп» макеті;

2) сөздік материал: панно, макеті, ұзындығы, ені, ағаш, емен, кайың, жер, үй, интернат, шеберхана, кіру, шығу, аула, бақша, спорт алаңы, тор, қақпа, жол.

59. Матамен жұмыс:

1) тақырып: түймелерді, ілгекті қадау;

2) сөздік материал: түйме, ілгек, астары. Тігу, жіпті түйю, өткізу, түймелеу. Ірі, ұсақ (ілгек). Мықты, қайтала, төменнен жоғарыға, астынан үстіне. Матаға ілгекті тігу. Қара, ілгекті қалай тігуге болады?.

60. 2 тоқсан.

61. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырып: «Қоңыр күз»;

2) сөздік материал: табиғаттағы өзгерістер, жер, ағаш, жаңбыр, шалшық, жапырақтар түсті, құстар; Ойлап табу, суық түсті, жел соқты, нөсер жаңбыр, күң бұлтты, қою қара бұлт, ағаштар жапырақсыз жалаңаш тұр, күзгі киімдер, қоңыр күз.

62. Ауыл шаруашылық еңбегі. Күз:

1) тәжірибе үлескісінде өсетін өсімдіктердің тұқымын жинау. Тұқымдарды с ұ р ы п т а п , с а қ т а п к о ю ;

2) тәжірибе үлескісінде істеген жұмыстар туралы есеп беру.

63. Үлгілеу және құрастыру:

1) қағазбен жұмыс. Тақырып: «Ойыншықтар» 1. Ит. 2. Мысық. 3. Шам. Сөздік материал: дене, арқа, мойын, шам, қалам, қағаз, шынжыр. Ойыншық, шұбар, оң, сол, бүйір, шырша ойыншығы, жай, бірнеше (рет). Кесу, қию, бүктеу, орау, қосу (нүктені), а у ы с т ы р у , б е к і т у ;

2) конструктормен жұмыс. Тақырып: Саты. Сөздік материал: арба, арбаның екі жаны, асты, саты, басқыштары. Орады, бұрады, қозғады, айналдырды, құрастырды. Бос , козғалды, козғалмады. Арба жасау үшін... керек. Дөңгелекті... бекіт.

64. Құрылыс материалдарымен жұмыс:

1) тақырып: «Мереке кезіндегі көше»;

2) сөздік материал: үй, жол торабы, жалаулар, бағдаршам, суреттер, әшекейлер. Ойлап табу, таңдап алу, салыстыру, қою, тұрғызу, бекіту, безендіру. Оңға, солға, а л ы с қ а , ж а қ ы н ғ а , ә д е м і .

65. Матамен жұмыс:

1) тақырып: Әр түрлі маталар жиынтығы;

2) сөздік материал: мата, әртүрлі маталар жиынтығы, жібек, шыт, сәтен, жіп, түйме, ине, иненің көзі, оймақ, саусақ. Тегіс, бұжыр, қалың, киім тігетін жіп, өңі, тысы, үлкен, с ұ қ , с а у с а қ , а т ы ж о қ , о р т а ң ғ ы с а у с а қ .

66. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: «Жаңғақ қабығынан ойыншық жасау»;

2) сөздік материал: қайық, желкен, жаңғақ, түйе, өркеш. тасбақа, бөлшегі, шеті, қатырмақағаз. Желкенді қайық, жұқа, қалың қатырмақағаз.

67. 3 тоқсан.

68. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырып: Вазадағы гүл;

2) сөздік материал: жапырақ, гүл, ваза, ортасы, мал қорасы, сиыр, қой, ешкі, жылқы, шөп салғыш, жем салғыш. Қайыру, таңдау, дәл келеді. Ең алдымен ең үлкен.... содан кейін... желімде. Түрлі-түсті қағазды екіге (үшке) бүкте 4.

69. Үлгілеу және құрастыру:

1) қағазбен жұмыс. Тақырыптар: 1. Шырша. 2. Күнтізбе. Сөздік материал: Күнтізбе, беті, жыл, ай, апта, күндер, жазғы, күзгі, көктемгі, қысқы (айлар, күндер), мереке күні, жұмыс күні, шырша. Бөлу (екіге, үшке) қою, санау, толтыру, таңдау, өлшеу;

2) құрылыс материалдарымен жұмыс. Тақырып: «Қала көшесі». Сөздік материал: қала, көше, жол торабы, өтетін жер, басы, аяғы (көшенің), көпір, көше аттары, үй нөмері, дүкен, кинотеатр, емхана, мектеп, көлік, трамвай, автобус, троллейбус, машина.

Тақ, жұп, оң, сол (жағы), биік, аласа.... оң жағында,... сол жағында, қатарында, алдында, артында, алыс, жақын, дұрыс, қою, жылжыту, шашу;

3) конструктормен жұмыс. Тақырып: «Ұшақ». Сөздік материал: ұшақ, ұшақтың корпусы, қанаты, құйрығы, дөңгелегі, ұзын, қысқа, ұзынырақ, қысқарак. ойланыңдар,... қалай жасаймыз? Ұшаққа неше... керек? Не үшін? Сұра, кімде артық... бар.

70. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: «Қысқы орман» макеті. Оқыған әңгіме бойынша макет жасау;

2) сөздік материал: орман, аңдар, аю, қасқыр, тоқылдақ, шымшық, үңгір, бұталар, қуыс, заттар, кейіпкерлер. Алдыңғы, артқы, жуан, жіңішке, қысқы орман аңдары, зат,
о қ ы ғ а н (ө н г і м е) .

71 . 4 т о қ с а н .

72. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырып: «Көктем»;

2) сөздік материал: көктем, өзен, бұлт, бүршік, шөп, бәйшешек. Ағаштың жанын
ж е л і м д е .

73. Үлгілеу және құрастыру:

1) қағаз және қатырмақағазбен жұмыс. Тақырыптар: 1. Құстар лотосы. 2. Сағат тілін жасау. 3. Ғажайып кітапша. Сөздік материал: қатырмақағаз, лото, карточка, құстар, қарға, қарлығаш, аққу, көкек, тырна, қараторғай сағат, сағат тілі, тәулік, күн, кеш, түн,
с а ғ а т , м и н у т , ц и р к у л ь ;

2) конструктормен жұмыс. Тақырыптар: 1. Кеме. 2. Таразы. Сөздік материал: кеме, кемеңіз бөлшектері палубасы, салмағы, грамм, гирлер. жалғау, бекіту, қозғау, өлшеп көру; Ауыр, жеңіл, қозғалады, қозғалмайды. Кеме неден жасалған?.

74 . М а т а м е н ж ұ м ы с :

1) тақырып: «Кесте тігу»;

2) сөздік материал: кесте, өрнек, тігу, ине, жіп, өңі, тысы. Кесте тігу, тігісті жатқызып тігу, жіп (таңдау), жіптің ұшын түйю, сөгу, жинау. Қисық, түзу, қатты, бос. Өңі,
т ы с ы , ж і б е к (ж і п) ә д е м і .

75. Ауыл шаруашылық еңбегі. Көктем:

1) тәжірибе үлескісіндегі жерді гүл отырғызуға дайындау, жер аудару, тырмалау, атыздар жасау, қатарларды белгілеу;

2) тұқым түрлерімен (сәбіз, қызылша, қияр, т.с.с), гүл тұқымдарымен таныстыру, о л а р д ы с е б у г е д а й ы н д а у ;

3) тұқым себу, оны күту, топырағын босату, суару, арам шөптерді өсімдіктерден ажырата білу.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

77. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырыптар: 1.«Күзгі дала мен орман», 2. Ашық хат (мерекеге арналған) даярлау;
 2) сөздік материал:табиғат, жер, ағаш, нөсер, ауа райы, құттықтау, ашық хат, күз белгілері. Сұр (бұлт), ашық, бұлтты (аспан), жер ағаш, алтын, қоңыр күз. Тауып алды, ойлап жапты, тұрғызды, талдады.

78. Үлгілеу құрастыру:

1) қағаз және қатырмақағазбен жұмыс. Тақырып: 1. Қорап жасау. Сөздік материал: Қорап, қораптың түбі, кабырғасы, ортасы, (тікбұрыштың) беті;
 2) конструктормен жұмыс. Тақырып: «Жүк көтеретін кран». Сөздік материал: жүк көтеретін кран, кранның негізгі бөліктері, бұрама, ілгек, темір арқан, үлкен бұранда, кілт, бекіту.Көтеру, бір жерден екінші жерге ауыстыру.

79. Әртүрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: 1. «Ауыл» макеті;
 2) сөздік материал: ауыл, көше, ағаштар, бақ, ферма, мал, құс, фермасы; жинақтама, жапырақ, тұқым, қайық, терек, жеке, емен. үшін қандай заттар дайындау керек?.

80. Металлмен жұмыс:

1) тақырып: тілшік жасау;
 2) сөздік материал: тілшік, үлгісі, желбіршек, түйрегіш. Шыт, жібек, мата, көз мөлшермен. Аудару, белгілеу, көшіріп алу.

81. Ауыл шаруашылық еңбегі. Күз: тәжірибе үлескісіндегі шыққан өнімдерді жинау . Мектеп көрмесіне өнімдерді іріктеп алу. Күзгі жерді дайындау, тазалау, тырмалау, ж е р а у д а р у .

82 . 2 т о қ с а н .

83. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырып: «Қала» макеті;
 2) сөздік материал: қала, көше, алаң, үйлер, дүкен, емхана, дөріхана, театр, цирк, қонақ үй, асхана, көлік, бағдаршам, машина, трамвай, троллейбус, автобус, (қала) орталығы, (қала) шеті, саябақ.

84. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырып: оқыған ертегілер бойынша жапсырмақұрақ жасау;
 2) сөздік материал: (Заттарды) суреттеу. Оқыған (әңгіме, ертегі) кейіпкерлер, жағымды, жағымсыз. Ойлану, айту, шешу.

85. Үлгілеу және құрастыру:

1) конструктормен жұмыс. Тақырып: Қала көліктері: трамвай, троллейбус, автобус. (Өз қалауынша). Сөздік материал: трамвай, автобус, троллейбус, көлік;

2) қағазбен, қатырмақағазбен жұмыс. Тақырыптар: «Жаңа жыл мерекесіне арналған заттар» (ойыншықтар, костюмдер, бетперделер). Сөздік материал: сыныптың ұзындығы, ені қандай? Сынып жоспарын сызып, мөлшерін өлшеп жаз. Біздің көше

калай аталады? Көшеде қандай үйлер бар? Көше жоспарынсыз.

86. 3 тоқсан.

87. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырып: 1. «Қыс»;

2) сөздік материал: боран, аяз, қыс, орман, аң, қарлы, қалың, қысқы. Қандай тақырыпқа жапсырмақұрақ жасаймыз?.

88. Үлгілеу және құрастыру:

1) конструктормен жұмыс. Тақырып: Бағдаршам;

2) сөздік материал: бағдаршам, төбесі, дөңгелегі. Сана, ретімен сана, шеш. Есептеп, керекті заттарды таңдап ал. Мынадан не істеуге болады?.

89. Матамен жұмыс:

1) тақырып: киімдерді жөндеу, жамау;

2) сөздік материал: жамау, киім, жыртық, тігу, ине, жіп. Жамайтын жіп; тігу, сөгу, жамау салу.

90. Әртүрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырыптар: 1. «8-наурызға сыйлық». 2. «Теміржол» макеті;

2) сөздік материал: сыйлық, вокзал, платформа, пойыз, шпалдар, бағдаршам, рельстер, вагон, шлагбаум, өтетін жер. Мереке, әдемі, қызық сыйлық.

91. 4 тоқсан.

92. Жапсырма құрақ құрастыру:

1) тақырып: «1- мамыр - халықтар достығы күні»;

2) сөздік материал: сапқа тұру, мереке, 1 мамыр, әшекейлеу. Мамыр мерекесі. Алдында, артында, бәрі бірге. Сапқа тұрды, көңілді. «1 мамыр — халықтар достығы күніне» жапсырмақұрақ жасау үшін қандай заттар керек?.

93. Үлгілеу және құрастыру:

1) қағазбен жұмыс. Тақырып: «Қазақстан туын жасау». Сөздік материал: қазақстан туы, көк, ою. Тудың көлемі, түсі, түрлі-түсті қағаз. Ою, әшекейлеу, қыранқұс суретін салу. Қазақстан туы, түсі көк, ою-өрнегі, қыранқұс бейнеленген. Ортасында күн, қыранқұс бейнеленген. Оюды желімдеп жапсырамын. Қыран құстың суретін салып, киып алып жапсырамын;

2) конструктормен жұмыс. Тақырып: «Зымыран». Сөздік материал: ғарышкер, ғарыш, зымыран бөлшектері. Ұқсайды, ұқсамайды, қиын, жеңіл. Зымыранды қандай материалдан жасауға болады?.

94. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

1) тақырыптар: Көлік түрлері;

2) сөздік материал: кеме; көлік, автобус, трамвай, метро, троллейбус, машина, қайық, ұшақ, тікұшақ. Кең, тар, көліктер жүретін жол, жаяулар жүретін жол.

95. Ауыл шаруашылық еңбегі. Көктем:

1) бөлме өсімдіктерін отырғызуға әзірлеу. Отырғызылған өсімдіктерді күту, суғару,

- түбін босату, ауыстырып отырғызу;
- 2) тәжірибе үлескісін дайындау: аудару, тырмалау, қатарларды белгілеу;
 - 3) көшеттерді өсіру, күтіп баптау;
 - 4) біржылдық гүл тұқымдарын себу;
 - 5) жеміс ағаштарының түбін босату, жылыжайға (наурызда) серуенге бару жылыжайдағы өсімдіктермен танысу, күтіп баптауды үйрену.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

96. 1 тоқсан.

97. Жапсырма құрақ құрастыру:

- 1) тақырып: 1. «Нан үстелге қалай келді?»;
- 2) сөздік материал: бидай, дән, комбайн, элеватор, астық, ұн, нан зауыты; жұмысшылар; мереке, ту, отшашу, би, балалар. Алтын дән, піскен нан, орды, жинады, әкелді. Мереке, көңілді. Үлкен, кіші. Өсірді, орды, жинады, тасыды, жер жыртты, нан п і с і р д і .

98. Үлгілеу және құрастыру:

- 1) қағазбен, қатырмақағазбен жұмыс. Тақырып: 1. Жайлауда. Жайлау, жайлау көріністері, тау, өзен, гүл, шөп, шырша, мал: сиыр, жылқы, түйе, ешкі, кой, ит. Жақында, алыста. «Термометр» үлгісі. Сөздік материал: термометр, өлшеу. Үстелге қоятын, сыртқа ілетін термометр. Қозғалмайды. Көтеріледі, түседі. Артқы жағы қатырмақағаздан тұратын жайлау көріністерін жасаймыз. Үстелді айнала тұрып, мына с у р е т т е р г е к а р а ң д а р ;

- 2) сымтемірмен жұмыс. Тақырып: Геометриялық денелер. Сөздік материал: сымтемір, үлгі, геометриялық денелер. Қатты, жұмсақ, мыс, болат, алюминий, темір. Майыстыру, қайыру. Мына сымтемір қандай металдан жасалды? Мына сымтемір тез м а й ы с а д ы .

99. Ауыл шаруашылық еңбегі. Күз:

- 1) өсімдік түбірін қазып алып, қыста сақтау;
- 2) оқу-тәжірибе үлескісіндегі тұқымды жинау.

100. 2 тоқсан.

101. Үлгілеу және құрастыру:

- 1) қағазбен жұмыс. Тақырып: Жаңа жыл мерекесіне ойыншықтар дайындау;
- 2) сөздік материал: қағаз, циркуль, ойыншық, әшекей. Қағаз, шаршы (түрі). Біркелкі, бірдей. Екіден бір, төрттен бір, сегізден бір бөлігі.

102. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

- 1) тақырып: «Тау мен дала» макеті;
- 2) сөздік материал: Дала, тауық, тау, тастар, мал жайылымы. Қарлы шың, биік (аласа), тау. Үлкен, кіші тастар. Малды бағу, қой бағу, күзету.

103. Жапсырмақұрақ құрастыру:

- 1) тақырып: «Орман мен қала» альбомын дайындау;
- 2) сөздік материал: орман өсімдіктері, мүк, жидек, саңырауқұлақ, орман жануарлары, құмырсқа, астық, бидай, арпа, сұлы, комбайн, қызылша.

104. Матамен жұмыс:

- 1) тақырып: Алжапқыш;
- 2) сөздік материал: Алжалқыш, белгі, бауы, алжапқыштың ұзындығы (ені), түйрегіш, үлгі пішу, жіппен тігу, алжапқыштың үлгісіне карап, оның ұзындығын және енін анықтау. Алжапқыштың бауының ұзындығын анықта.

105. 3 тоқсан.

106. Үлгілеу және құрастыру:

- 1) қағазбен жұмыс. Тақырып: Мерекелік күнтізбе. Сөздік материал: күнтізбе, күнтізбе, беттері. Мұғалімдер күні (ғарышкерлер, ұландар, жеңіс күні, т.с.с). Мереке күндері. Халықаралық әйелдер күні. Тәуелсіздік күні, халықаралық балалар күні;

- 2) қатырма қағазбен жұмыс сыйлық. Тақырып: Себет. Сөздік материал: себет, тоқу, дайындау, диаметрі, әдемі. Негізгі, қорапша, әдемі. Шетіне желім жақ, оны орналастыр. Жұмыс істегенде қолыңды күйдіріп алма.

107. Әр түрлі материалдармен жұмыс:

- 1) тақырып: 1. Оқыған әңгіме бойынша макет жасау. 2. «Әуежай» макеті 3. «Құрлықтар» альбомын жасау (географиялық картамен жұмыс);

- 2) сөздік материал: әңгіме, жоспар, кейіпкерлер, табиғат, аңдардың тұратын жері, адамдар еңбегі, (затарды) суреттеу, әуежай, ұшқыш, жолаушылар, ұшу, парашютпен секіру, ұшактың аттары, жүк қоймасы. физикалық карта, контур картасы, жер шары картасы, әлемшар, құрлық, су, Еуропа, Азия, Африка, Америка, Антарктида, Австралия, мұхит, хайуанаттары, өсімдіктер, жер беті. Салыстыру, бөлу, бояу, түсіндіру.

108. Матамен жұмыс:

- 1) тақырып: Қолға байлайтын (санитарларға, кезекшілерге, табиғат қорғаушыларға) арналған белгілер;

- 2) сөздік материал: Оймақ, түйреуіш, ине, түрлі-түсті жіп, үлгісі, беті, астары. Тігу, шетін бастыру. Мен сызбаны түсінбедім.

109. 4 тоқсан.

110. Үлгілеу және құрастыру:

- 1) қағазбен, қатырмақағазбен жұмыс. Тақырыптар: 1. «Халық шаруашылығы» альбомы. 2. «Менің Қазақстаным» альбомы (географиялық картасымен). Сөздік материал: өндіріс, станок, машиналар, зауыт (трактор жасайтын, металлургиялық, машина жасайтын, т.с.с), фабрикалар (жеміс-жидек комбинаты, кілем таситын, сіріңке шығаратын, т.с.с) халық шаруашылығы. Отан, Қазақстан, шекара, республика, қала аттары, қазақ, орыс, ұйғыр, кәріс (т.б. халықтар), ту, елтаңба, шекарашы. Бақытты, достық. Менің ойымша, бірінші бетке Қазақстан картасын жапсырамыз;

2) элетрлі конструктормен жұмыс. Тақырып: Электр тізбегі; Сөздік материал: Өткізгішті электр тоғынан үз, қос. Өткізгіш тізбекті сызба бойынша жаса. Тәжірибе жасаймыз. Шам жанды, себебі тоқ өткізді. Қаңылтыр тоқ өткізді. Қаңылтыр — тоқ өткізгіш. Фанера, пластмасса тоқ өткізбейді, сондықтан шам жанған жоқ.

1 1 1 . М а т а м е н ж ұ м ы с :

1) тақырып: Қайықтелпек (әскери бас киім);

2) сөздік материал: Қайықтелпек, рәміз, үлгісі, көлемі, тігісі. Үлгісін пішу, көшіріп алу, бекіту, көктеу, тігу. Қайықтелпектің үлгісіне карап, оның ұзындығы мен енін анықта. Қайықтелпекті пішіп алу үшін матаға койып бекіт.

112. Ауыл шаруашылық еңбегі. Көктемдегі еңбек:

1) тұқымдарды сұрыптап, отырғызуға дайындау;

2) көкөністердің, гүлдердің тұқымын отырғызып, көшеттер даярлау, оларды күту;

3) көктемде көшеттерді ретімен көшіріп отырғызу. Жүзім, қарақат бұтақтарын отырғызу, суару.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

113. Пәндік нәтиже бойынша дайындық сыныптың соңында оқушылар:

1) тапсырманы орындағаны туралы ауызша және жазбаша есеп бере;

2) көмек сұрау арқылы қарым қатынас жасай;

3) жұмысқа керек құрал жабдықтарды таңдай, мұғалімге өтініш білдіре;

4) өз жұмыс орнын тазалықта ұстай;

5) дайындалатын бұйымның атын;

6) түсініктер мен заттың атын білдіретін сөздерді білуі тиіс.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

114. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында оқушылар:

1) жұмысты дайындауда тапсырмаларды өз бетімен орындай;

2) нақтылайтын сұрақтар қоя;

3) бұйымды жасау жоспарын құра;

4) материалдар мен құрал жабдықтарды алуға өтініш жаза;

5) материалдарды үнемдей;

6) ауылшаруашылық еңбек құралдарымен жұмыс істей;

7) еңбек құралдарымен материалдардың атауын білуі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

115. Пәндік нәтиже бойынша 2-сыныптың соңында оқушылар:

1) ұжымдық жұмыс кезінде сыныптастарымен ауызша сөйлесе;

- 2) жасаған жұмысы туралы ауызша және жазбаша есеп бере;
- 3) жасалатын бұйымның жоспарын құра;
- 4) материалдар мен құрал жабдықтарға тапсырыс бере;
- 5) үлгіге, жоспарға, сипаттауы бойынша, суретке, ауызша және жазбаша нұсқауларға қарап бұйымды жасай;
- 6) топ болып жұмыс істей (өзара жұмысты бөлісу);
- 7) құрал жабдықтармен өз беттерімен жұмыс істей;
- 8) өз жұмыс орнын таза, ұқыпты ұстай білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

116. Пәндік нәтиже бойынша 3-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) қарым қатынас құрал ретінде сөйлеу тілін қолдана;
 - 2) ұжымда жұмыс істей ала;
 - 3) өз жұмысы, сыныптастарының жұмысы туралы есеп бере;
 - 4) бұйымды жасаудың күрделі жоспарын құра;
 - 5) ұжымдық және жеке тапсырыс бере;
 - 6) үлгі, сурет, дайын сызба, елестету бойынша бұйымдарды дайындай;
 - 7) қауіпсіздік ержелерін сақтай;
 - 8) тұқым себу дағдыларын;
 - 9) топырақты даярлай білуі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

117. Пәндік нәтиже бойынша 4-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) ауызша және жазбаша түрде сөйлеу тілін қолдана;
 - 2) жасалатын бұйым туралы айтып бере;
 - 3) жасалатын бұйымның кезеңдерін жоспарлай;
 - 4) үлгі, сипаттау, экиз бойынша, елестету арқылы бұйымды жасай;
 - 5) қажетті материалдар мен құрал жабдықтырға ауызша тапсырыс бере;
 - 6) осы сабақ кезінде меңгерген сөздік материалдарын басқа сабақтарда қолдана;
 - 7) жаңа материалдармен жұмыс істей;
 - 8) материалдар мен құралдардың аттарын білуі тиіс.
118. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:
- 1) түрлі ойыншықтар, құрамақтар және аппликация жасау кезінде қауіпсіздік ережесі мен санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау білімінен;
 - 2) еңбек сабағында қарым-қатынас жасай білу дағдысынан;
 - 3) еңбекке деген ынта-ықылас білігінен;
 - 4) қазақ халқының ою-өрнегі, ұлттық зергерлік бұйымдар, ұлттық киімдер мен салт-дәстүрге құрметпен қарау білімінен;

5) түрлі тақырыптағы композиция, мозаика құрастыру, бұйымдар жасау дағдысын;

6) қазақтың ұлттық үй жиһазы, музыка аспаптары, ат әбзелдері туралы білімінен көрініс табады.

119. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

1) көркем және техникалық қабілеттілігі бойынша жеткен жетістігі мен түрлі әдістерді қолдану білігімен;

2) бұйымдарды құрастыруда қарапайым дағдыларды пайдаланумен;

3) еңбекке қажетті құралдар мен материалдарды дұрыс қолдану дағдысымен;

4) әртүрлі материалдардан бұйымдар, фигуралар құрастыру және модельдеу білігімен;

5) бұйымдарды бірізділікпен орындау дағдыларымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 18-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына 123-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің бастауыш мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Естімейтін балаларда оқу мен іс-әрекеттің қалыптасуы, өзін-өзі реттеуі жоғары психикалық қызметтердің: есте сақтауы, зейіні, ойлауы, елестетуі мен сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуы аясында жүзеге асады. Сондықтан есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептер мен сыныптарда оқу жоспарына «Түзету ырғағы» пәнін кіріктірудің қажеттілігін көрсетеді.

3. Естімейтін балаларға арналған «Түзету ырғағы» пәнінің мақсаты – ішкі және сыртқы жағдайларға бейімдей отырып, негізгі бұзылыстардың орнын толтыруға бағытталған керекті негізгі қимылдарды үйрету, музыкаға деген құштарлығын арттыру, музыканың әртүрлі жанрларын түсініп, есту қабілетін дамыту, сол арқылы эстетикалық

сезімдерін тәрбиелеу. Сонымен қатар оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастырып, көркемөнер мен шығармашылық қабілеттерін дамытады.

4. «Түзету ырғағы» сабағын жүргізу - музыка тыңдау, ән айту, музыкалық қимыл жасау, би билеу, музыка аспаптарында ойнау және т.б. іс-әрекет түрлерінен құралады. Ән айту барысында балалардың дауыс ерекшеліктері ескеріледі. Сондықтан хормен орындауға үйретудің алғашқы кезеңінде балалардың ән айту тәртібінің сақталуы жіті қадағаланып, ән айту барысында тынысты үнемді пайдалану тәсілі мен есту қабілетін дамытатын

вокалдық тапсырмалар

беріледі.

5. «Түзету ырғағы» пәнінің негізгі міндеттері:

- 1) пән арқылы естімейтін балалардың қоғамдық мәдениетін дамыту;
- 2) музыкалық білімдеріне сүйене отырып, естімейтін оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін, эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу;
- 3) естімейтін балалардың шығармалық білімі, ақыл-ойы мен дене дамуына ықпал ж а с а у ;
- 4) есту қабілетін дамыта отырып, өз бетінше сөйлеуін қалыптастыру.

6. Бағдарлама бірнеше бөлімдерді қамтыған:

- 1) музыка арқылы негізгі қимылдарды үйрету;
- 2) музыканы тыңдап, қабылдауға үйрету;
- 3) өлеңді, әнді мәнерлеп айту;
- 4) фонетикалық ырғақты пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру;
- 5) с ө з д і к м а т е р и а л ;
- 6) сөйлеу тіліне қойылатын талаптар.

7. «Түзету ырғағы» пәнінің оқу жүктемесі типтік оқу жоспарына сәйкес төмендегідей б ө л і н г е н :

- 1) дайындық сыныбы – аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат;
- 2) 1 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат;
- 3) 2 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат;
- 4) 3 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат;
- 5) 4 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат.

8. «Түзету ырғағы» пәні келесі оқу пәндерімен байланысты:

1) «Қазақ тілі», «Орыс тілі»: қазақ және орыс тілдерінде әндерді үйрену арқылы сөздік қорлары толығады; қазақ әндерін орындау арқылы қазақ тіліне тән дыбыстармен ж ұ м ы с ж а с а л а д ы ;

2) «Бейнелеу өнері»: ән айту мен билеу кезінде бейнелік туындыларды қолданады;

3) «Дүние тану»: өмірлік тәжірибені қолдану, музыкалық туындылармен жұмыс барысында экскурсия материалдары; музыкада кездесетін қоршаған әлемдегі жануарлар мен тұрғылықты жерлерді аталуы, табиғат үлгілерінің қатынасы;

4) «Математика»: қарапайым математикалық түсініктер, қозғалыстарды талдаудағы білімдер мен ұғымдар (жоғары-төмен секіру, кең және тар адымдау...), музыкалық

туындылардағы ырғақтық суреттерді құрастыру (метр, ырғақ, әдеп, буындар саны, ш у м а қ т а р с а н ы ж ә н е т . б .) ;

5) «Дене шынықтыру»: негізгі қозғалыстың (иілу, бүгілу, тербелу...) дене шынықтыру бағдарламасына сәйкес музыкамен өткізілуі.

9. Музыкалық ырғақты тыңдау мен қабылдау аталған пәндерді жете түсінуге мүмкіндік туғызады. Басқа сабақтармен қатар түзету ырғағы сабақтарында да есту арқылы, көріп-есту арқылы қабылдау, дыбыстарды қадағалап дұрыс айтуды талап ету жұмыстары іске асыруы аса қажет.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Музыка арқылы негізгі қимылдар үйрету:

1) гимнастикалық және би қимылдарын музыка ырғағымен эмоциональды көңіл-күйді білдіріп, мұғалімнің көрсетуімен орындау;

2) жай гимнастикалық қимылдарды (еңкею, басты, денені бұру, қолды әр түрлі жағдайда сезу, бүгу, т.с.с); жай сапқа тұру (қатар-қатар, дөңгелене);

3) би элементтерін үйрену. Музыка ырғағына сай ойындар ойнау. Музыканы тыңдап, қимылдарды музыкаға сай өзгерте білу; музыканың (қатты, жай, баяу) а й т ы л у ы н а ж ы р а т а бі л у .

11. Музыканы тыңдап, қабылдауға үйрету:

1) есту арқылы музыканың басталуын және аяқталуын ажырата білу;

2) есту арқылы қатты, тез музыкаларды ажырата білу;

3) есту арқылы (көңілді, көңілсіз) музыканы ажырату;

4) шағын музыкалық қойылымдарды тыңдап (көңілді, қайғылы) түрлерін, динамикасын, темпін ажырата білу.

12. Өлеңді, әнді мәнерлеп айту:

1) өлеңді тыңдауға үйрету;

2) 2-3 буынды өлеңдерді музыка ырғағымен айта білуге үйрету;

3) өлеңді жай, асықпай қарапайым дауыспен айтуға үйрету.

13. Фонетикалық ырғақты пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру:

1) 4-5 буынды сөздерді, 4-5 буынды қысқа сөйлемді, сөз тіркестерін дұрыс тыныстан бөлмей айта білу;

2) дауыс күшін, биіктігін және тембрін қайталап айта білу;

3) есту арқылы, ырғақтық-интонациялық сөйлеу қалпын сақтап, қайталау;

4) оқушының сөздік тіліндегі бар дыбыстарды, дыбыс тіркестерін сөздік м а т е р и а л д а р д а б е к і т у ;

5) дауыспен айтылатын дауыссыз дыбыстарды (м, н, в, л, р) естіп қабылдау.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

14. Музыка арқылы негізгі қимылдарды үйрету:

1) гимнастикалық және би қимылдарын музыка ырғағымен эмоциональды көңіл-күйді білдіріп, дұрыс орындау;

2) мұғалімнің бұйрығына сәйкес адымдарын соза, қысқарта алып, тез, жиі басып жүру, жүгіру, орындықтардан, доптардан, үйілген төсеніштен аттап жүру, жүгіру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, бірін-бірі қуалай жүгіру. Доппен, шеңбермен әртүрлі қимылдар жасау; бір аяғымен тұра білу;

3) музыка ырғағына сай аяқ, қол, дене иықтарымен әртүрлі қимылдар жасау, өз беттерімен билей білу; музыканың басталу және аяқталу ырғағына сәйкес, берілген қимылдарды өзгерту;

4) екі қолды желкеге ұстап жоғары созылу, екі қолды иыққа қойып, шынтақты айналдыру; қолды кеуде алдына ұстап тік тұрып, кеудені оңға, солға бұрып артқа серпу; қолды екі жаққа көтеріп, алға, артқа бірдей айналдыру; басты оңға, солға жай айналдырып бұру;

5) кеудені оңға-солға бұру, еңкейіп, шалқайып оңға, солға бұру; аяқты тік ұстап алға, жанға, артқа көтеру; қолды жерге тіреп, кеудені көтеру, аяқтың ұшымен бірнеше рет қатарынан көтерілу, аяқты кезек алға көтеріп, кезек айналдыру; аяқты алға-артқа созып, отырып, тұра білу. Жалауша, шеңбер, таяқшамен отырып, тұрып жаттығулар жасай білу;

6) музыка ырғағымен қол шапалақтап, әр түрлі қимылдар жасай білу;

7) би элементтерімен таныстыру, үйрету;

8) жай жүру. Оңға адымдау (жай, тез). Бір аяғымен кезек-кезек жер тебу және кезекпен оң және сол аяғымен қимылды қайталау. Оң жағымен айналу (екі қолын көтеріп);

9) қыздар орамалды қолдарына ұстап, көтеріп қимылдар жасау. Орамалды оңға, солға жоғары, төмен түсіру;

10) екі-екіден айналу;

11) би көрсету арқылы өз бетінше, айналып билеу, қуыршақпен билеу, екі-екіден билеу;

12) музыка ырғағымен ұлттық ойындар ойнау.

15. Музыканы тыңдап, қабылдауға үйрету:

1) есту арқылы қатты дауыспен берілген музыканы тез, жай, баяу, музыка темпін қабылдап, ажырата білу;

2) домбыра, даңғара, фортепиано, бубеннің, тағы басқа музыкалық аспаптардың дыбыстарын қабылдай білу;

3) музыка ырғағымен ойындар ойнау;

4) музыканың жеңіл, көңілді, қайғылы характерлерін түсініп, айта білуі керек.

16. Фонетикалық ырғақты пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру:

1) буын, сөз, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дауыс ырғағына, екпініне келтіріп, дұрыс

т ы н ы с т а п

а й т а

б і л у ;

2) дауыс биіктігін, күшін, тембрін дамыту;

3) дауыс күшіне (жоғары, төмен, баяу) және дауыс биіктігіне байланысты (биік, төмен, дұрыс) дауысты өзгертіп, көңіл-күйін білдіріп айту;

4) есту арқылы ырғақты-интонациялық сөйлеу қалпын қабылдап, қайталау;

5) сұраулы, хабарлы, лепті сөйлемдерді дауыс ырғағына, екпініне келтіріп айту және орфоэпиялық ережелері қолдана білу;

6) оқушының сөздік тіліндегі бар дыбыстарды, дыбыс тіркестерін сөздік материалда бекіту.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

17. Музыка арқылы негізгі қимылдар үйрету:

1) би қимылдарын музыка ырғағымен эмоциялық көңіл-күймен дұрыс орындау;

2) тік тұрып, жүресінен, аяқты созып, малдасын құрып отырып, тізерлеп тұрып, құрсау, доп, таяқша, серіппе, жіптермен қол, иық, дене, аяққа арналған жаттығулар ж а с а у ;

3) қолды жоғары-төмен сермеу; аяқтың ұшына көтеріліп, созылу; қолды иыққа қойып, аға, артқа айналдыру; қолды екі жаққа созып, кеудені оң-солға иілу; аяқты кезек сермеп, тізені бүгіп, солға көтеріп, отыру, тұру, қолды сермеп көмектесіп, бір аяқпен, екі аяқпен секіру, қолды кеуде астына ұстап етпетінен жатып, қолдың күшімен денені тік ұстап, көтерілу; оңға-солға аунау; екіден тұрып, жіп ұстап, шеңбер жасап тұрып, жаттығу жасау; қолды шапалақтап бірнеше отырып, тұру;

4) би элементтерімен танысу, үйрету;

5) секіріп аттау. Оңға, солға (тез, жай) секіріп аттау; жай аттау, кезекпен аттау; бір аяқпен, кезек екі аяқпен жерді тебу;

6) қазақ халқының билерінің қарапайым қимыл түрлерін жасау; жұппен әсем жүру ә д і с і н б і л у ;

7) музыка ырғағымен ойындар ойнау. «Қара жорға», «Шөжелерім»; доппен, шеңберлеумен эстафеталық ойындар ойнау (музыка ырғағына сай).

18. Музыканы тыңдап, қабылдауға үйрету:

1) есту арқылы 2-3-4 бөлімді музыкалық шығармаларды, жай, тез музыканы қабылдау (полька, марш, вальс);

2) музыканың жеңіл, көңілді, қайғылы түрлерін және ән, би, марш түрлерін қ а б ы л д а у ;

3) қысқа музыкалық ертегілердің мазмұнын есту арқылы танысу;

4) музыканы тыңдап жай, тез, жайлап, алдымен қол шапалақтап, содан кейін жүріп, жүгіріп, секіріп музыка ырғағына сай қимылдар жасау, музыка ырғағына сай жүгіру, с е к і р у , ш а п а л а қ т а у ;

5) қимылды музыка ырғағына сай өзгертіп отыру;

6) би элементтерімен танысу, үйрету.

19. Фонетикалық ырғақты пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру:

1) сөз тіркестерін бөлмей, буындарды біртіндеп өсіріп 8-10 буынға дейін жеткізу;

2) сөйлемдерді мұғалімге еліктеу арқылы және өз бетінше паузаға, синтагмге бөліп айт у ;

3) дауыс биіктігін, күшін, тембірін дамыту;

4) есту арқылы ырғақты-интонациялық сөйлеу қалпын: 2-3-4 буынды сөздерді, синтагмдерге бөлінген сөз тіркестерін қабылдау;

5) сөздік материалдарды есту ара қашықтығына және бөлме көлеміне байланысты сыбырлап сөйлеу арқылы қабылдау.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

20. Музыка арқылы негізгі қимылдар үйрету: негізгі қимылдарды жасау техникасының негізін дұрыс қалап, балалардың жалпы икемділігін арттыру керек.

21. Мұғалімнің тапсырмасымен әртүрлі дене қимылдарын жасау:

1) сол аяқтан бастап адымдау: жүру, отырып-тұру, аяқ ұшымен жеңіл жүгіру;

2) екі-екіден тұру, өз жұбын таба білу, шеңберге тұру, сапқа тұру т.с.с.;

3) екі қолды желкеге, иыққа, белге, артқа ұстап тұрып, қолды әр түрлі қолда ұстау: бір қолды алға, екіншісін жоғары, бір қолды желкеге, екіншісін жаңға ұстау сияқты екі қолмен кезек алдынан шеңбер айналдыру; екі қолды жоғары көтеріп, бірдей оңға-солға иілт у ;

4) кеудені оңға, солға иілткен кезде сол, оң аяқты, тізесін бүгу; алға еңкейген кезде арқаны тік немесе иілтп ұстау, аяқты алшақ қойып, сол жаққа бұрылғанда кеудені бұрып, қолды жоғары, артқа сермеу;

5) аяқтарды әртүрлі қалыптарда ұстап, тұрып алға, артқа, оң жаққа сермеу: арқаны тік ұстап отырып-тұру, аяқты бірге ұстап, тізені бүкпей еңкейіп, қолдың ұшын аяқтың басына, тобыққа, өкшеге тигізу;

6) бір қолды жоғарыдан, екінші қолды төменнен әкеліп, арқадан саусақтарын ұстап, жүру; иекті көтеріп, екі жауырынға тигізе жүру;

7) аяқты айқастырып, малдас құрып отыру, қолдың көмегінсіз тұрып кету.

22. Музыканы тыңдап, қабылдауға үйрету:

1) әннің графикалық жазуына сүйене отырып, ән фрагменттерін (қайырмасын) есту арқылы ажырата білу ;

2) музыканы тыңдап, қимылдарды музыкаға сәйкес өзгертіп жүру. Қимыл арқылы жай, тез, жайлап, еппен қозғалу; жай жүріспен тез жүріске және керісінше қимылдарды өзгерту ;

3) би элементтерімен танысу. 1-2 сыныптағы бағдарламаға сәйкес би элементтерін

қ а й т а л а п , е с к е т ү с і р у ;

4) балалардың отырып-тұру қимылдары, қазақ билерінің қимыл түрлерін жасату. Мынандай билерді үйрету: «Қамажай», «Бипыл-бипыл», «Балбырауын», «Ата толғау»;

5) оқушыларды әр түрлі жанрлармен таныстыру;

6) ерлер мен әйел дауысын ажырата білуге үйрету; фортепиано, баян, домбыра, кобыз үндерін ажырата білу.

23. Өлеңді, әнді мәнерлеп айту:

1) асықпай, бір қалыпты, созып айтуға дағдыландыру;

2) дауыссыз дыбыстардың анық айтылуын қадағалап, өлең мәтінін дұрыс орындату;

3) сыныптағы оқушылар барлығы бір жаймен, бір тыныста, сөздерді бөлмей, дыбыстарды дұрыс айтып, мәтінді дұрыс оқып, айту.

24. Фонетикалық ырғақты пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру:

1) сөз тіркестерін бөлмей, буындарды біртіндеп өсіріп 8-10 буынға дейін жеткізу;

2) сөйлемдерді мұғалімге еліктеу арқылы және өз бетінше паузаға, синтагмге бөліп айту ;

3) дауыс биіктігін, күшін, тембірін дамыту;

4) есту арқылы ырғақты-интонациялық сөйлеу қалпын қабылдап, қайталап айту;

5) сөйлеу темпін өзгерту (біртіндеп, жайлап, тездетіп) 2-3-4-5 буынды сөздерді, синтагмдерге бөлінген сөз тіркестерін, логикалық және синтагматикалық екпінді; сөйлемде хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер интонациясын қабылдау;

6) сөздік материалдардағы дыбыстарды және дыбыс тіркестерін дұрыс бекіту.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

25. Музыка арқылы негізгі қимылдарды үйрету:

1) музыка ырғағымен би композицияларын, дұрыс көңіл-күйді білдіріп орындау. Өткен сыныптарда өтілген негізгі қимылдарды қайталап, еске түсіру. Оқушыларды өз бетінше топты бастап билеуге, қимылдар жасауға үйрету;

2) бір орында тұрып екі аяғымен секіріп түсу, кезектесіп секіру, оң және сол аяқтарымен кезектесіп оңға, солға алға, артқа қимылдар жасап, секіру;

3) қолды әр түрлі қалыпта ұстап тұрып созылып, аяқтың ұшымен көтеріліп отырып, тізені құшақтап отыру, қолды алға созып ұстап тұрып, аяқты сермеп тигізу; қолды екі жаққа созып, шалқайып, ездесін қажыра құшақтау; бір аяқты артқа созып, тізені бүгіп отырып, қолды екі жаққа созып, қайта тік жүру, екі қолды тіреп, жүресінен отырып, аяқты артқа созып, етпесінен денені тік ұстап, қайта жүресінен отырып-тұру;

4) екі аяқты кезек жоғары, екі жанға созып, қайта отыру: тізерлеп тұрып, шалқайып, қайта тұру; бір аяқты оң (сол) жаққа созып, тізені бүгіп, қайта тік жүру, саусақтарды айқастыра ұстап тұрып, бір аяқпен алға, артқа аттап өту; аяқтың ұшымен, өкшені кезек көтеру; аяқтың басын кезек алға, артқа созып, айналдыру, башпайлармен әр түрлі

қимылдар жасап, таяқты, допты домалатып ұстап көтеру; доппен, таспамен, шеңбермен әр түрлі қимылды жаттығулар жасау.

26. Музыканы тыңдап, қабылдауға үйрету:

1) музыкалық шығармаларды тақырыптар бойынша тыңдау: мысалы: «Халық музыкасы», «Табиғат көріністерін суреттейтін әндер мен күйлер», «Балаларға арналып жазылған музыкалар». Тыңдаған қойылымның (көңілді, көңілсіз, салтанатты, қайғылы) түрлерін ажырата білу;

2) домбыра, фортепиано, скрипка, симфониялық, халық аспаптар оркестрін және ерлер мен әйел дауысын ажырата білу, балалар хорын тыңдау;

3) музыканың авторларымен, орындаушылармен таныстыру;

4) оқушыларды қазақ халық музыкаларын, шет ел, орыс, ұйғыр, өзбек, кәріс музыкаларымен таныстырып, тыңдау.

27. Өлеңді, әнді мәнерлеп айту:

1) хор айтқызу. Созып, әндетіп, бір қалыпты айтқызу;

2) тынысты дұрыс пайдалануды үйрену;

3) барлығы бірігіп айта алуға, дыбыстарды қадағалап, өлең мәтінін дұрыс айтуға үйрету.

28. Фонетикалық ырғақты пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру:

1) дауыстың бірқалыпты биіктігін, күшін тынысты дұрыс алуды дамыта отырып, дауыс биіктігін, күшін, модуляциясын қайталап айта білуге үйрету;

2) сөйлеу тілінің ырғақты-интонациялық қалпын есту арқылы қабылдап, тыныс алуды, ұзын сөйлемді айтуды дұрыс дауыс екпініне, ырғағына бөліп айта білуге үйрету ;

3) логикалық және синтагмдік екпінді сөз тіркестерінде анық айтып, ән негізін дұрыс сақтай білуге үйрету ;

4) сөздік материалдарда оқушыларға қойылған дыбыстарды қадағалап, бекітіп отыру керек.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

29. Пәндік нәтижелер оқушылардың музыкалық шығармашылық қызметіндегі тәжірибесін :

1) ұлттық билер туралы түсініктерінің бола;

2) музыкалық аспаптардың атауын;

3) аяқ пен қолдың негізгі қимылдарын игере;

4) сахнада өзін өзі ұстау ережесін сақтай;

5) негізгі музыкалық жанрларды түсіне білу тиіс.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

30. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) әр түрлі бағыттағы әуендерге эмоционалды және түсінікпен қарай;
- 2) саусақтардың аттарын атау. Саусақтармен бір- екі жаттығу орындай;
- 3) әр түрлі бағыттағы әуендерге, фольклорға, халық мұрасына, классикалық және қазіргі заманғы музыканы;
- 4) әр түрлі жанрлар мен стильдегі шығармалардың мағынасын түсіне;
- 5) музыкалық әуендер және театрландырылған қойылым кезіндегі музыкалық бейнелерді сезіне ала;
- 6) музыканы тыңдап, авторларын ажырата білуі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

31. Пәндік нәтижелер. 2-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) адам өміріндегі әуеннің рөлі туралы түсініктердің қалыптастыра;
- 2) музыка мәдениетінің негізін, соның ішінде туған өлкесінің музыкалық мәдениетін қалыптастыру, музыкалық өнерге деген қызығушылығы мен көркемөнерлік талғамның дамыта;
- 3) жеке бұлшықеттерді босансыту жаттығуларын жасауды;
- 4) лепті және сұраулы интонацияларды бере отырып, дауыстың күші мен биіктігін өз бетінше ауыстыруды;
- 5) марш пен вальс ырғақтарын ажырата алуды білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. Пәндік нәтижелер. 3-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) қозғалысын берілген ырғаққа сәйкес бағындыруды;
- 2) мәтін мен музыканың бөлшектерін түрлі би қозғалыстары мен ойынға айналдыруды;
- 3) ән мен биді орындау барысында дұрыс тыныс алуды;
- 4) ұжымдық ойындарда топ басшысы болу, нақты бұйрық беру, ойын ережелерін түсінуі, барлық ойыншылардың оны сақтауын қадағалауды;
- 5) музыкалық әуендер және театрландырылған қойылым кезіндегі музыкалық бейнелерді сезіне алуды білуі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

33. Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) ҚР мекендеген ұлттар мен ұлыстардың ұлттық билері орындауы және ажырата алуы;
- 2) сабақ барысында көңіл-күйді тұрақтандыратын тәсілдерді, барлық қолжетімді

әдіс-тәсілдерді меңгеруі;

3) барлық дыбыстардың артикуляциясын дұрыс айтуы, жаттығуларда оны сақтауы;

4) әр түрлі бағыттағы әуендерге, фольклорға, халық мұрасына, классикалық және қазіргі заманғы музыканы білуі;

5) әр түрлі жанрлар мен стильдегі шығармалардың мағынасын түсінуі;

6) музыкалық әуендер және теартрландырылған қойылым кезіндегі музыкалық бейнелерді сезіне алуы тиіс.

34. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) Отанға деген патриоттық сезімінің артуы, қазақ халқы мен Қазақстан тарихын, этникалық және ұлттық құндылықтарды білуінен;

2) тұлға қалыптасуына қажетті ұлттық және жалпыадами құндылықтар туралы алғашқы түсініктерге ие болуынан;

3) ұжымда жағымды мінез-құлықтарды қалыптастыра отырып, құрдастарымен достық қарым-қатынас орнатуынан;

4) қозғалыс режимдерін сақтай отырып, дене шынықтыру негіздерін, жеке санитарлық гигиенаны сақтауға дағдылануынан;

5) шығармашылық біліктілігі мен дағдыларын өз бетінше дамытуға ұмтылуынан;

6) қазіргі заманға сай түрлі бағыттағы музыкалар, қазақ композиторларының шұрайлы музыкалық мұраларын, фольклордың үздік үлгілері негізінде ұлттық және этникалық мұраларды ұғынуы және бағалауынан көрініс табады.

35. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) әуен орындалып жатқан кезде нақты негізгі гимнастикалық, би қимылдарын анық және ырғақпен орындауымен, темпті сақтауымен;

2) үйренген билерді орындауымен;

3) ырғақты гимнастикада үйренген жаттығуларды өз бетімен орындауымен;

4) есту қабілетіне сүйеніп темп пен ырғағын, музыканың сипатын анықтауымен;

5) музыкалық ырғақ сабағының мазмұнына байланысты сөйлеу тілінің материалын есту қабілеттеріне сүйеніп қабылдауымен;

6) нақты музыкалық тақырыптарды импровизациялауымен (мысалы, ормандағы жазғы күн, қар жауады және т.б.) айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і н

2 0 1 5 ж ы л ғы 1 8 м а у с ы м д а ғы

№ 393 бұйрығына 19–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і н

2 0 1 3 ж ы л ғы 3 с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 124–қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-2 сыныптары үшін «Қоршаған ортамен таныстыру» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Естімейтін балаларға арналған бастауыш сыныптарға арналған «Қоршаған ортамен таныстыру» пәні «Түзету компоненті» білім саласының негізгі пәндерінің бірі.

3. Пәнінің мақсаты – естімейтін балалардың қоршаған орта туралы толыққанды түсініктерін қалыптастыру.

4. Негізгі міндеттері:

1) естімейтін баланы қоршаған ортамен және адамдардың тұрмыс тіршілігімен таныстыру;

2) қоршаған ортаға деген оқушылардың қызығушылығын артыру;

3) табиғат құбылыстары және нысандарымен таныстыру;

4) қоршаған ортамен таныстыру арқылы естімейтін балалардың сөздік қорын кеңейту;

5) қоршаған ортаны сақтау мен қорғауға тәрбиелеу.

5. Пәннің мазмұнын меңгеру үшін дайындық сыныптарға аптасына 3 рет 99 сағатты; 1 - сынып 3 рет 99 сағатты, 2 – сыныптарда аптасына 2 рет 68 сағатты құрайды.

6. Пәнді оқыту процесінде пәнаралық байланыс ескеріледі:

1) тіл дамытумен. Қоршаған ортамен таныстыру пәнінде берілетін тақырыптар тіл дамытумен тікелей байланысты;

2) заттық тәжірибелік оқытумен. Экскурсия барысында алған білімдерін түрлі бұйымдарын қолданады;

3) математикамен. Тәжірибелік жұмыстарда түрлі өлшеу құралдарын қолдану, өлшем бірліктері туралы түсініктерін кеңейту;

4) бейнелеу өнерімен. Табиғат, табиғат құбылыстары, жыл мезгілдеріне арналған суреттер салу;

5) бейімделген дене шынықтырумен. Денсаулық сақтау, күн тәртібі, адам өміріне зиянды әрекеттер, адам ағзасын шынықтыру туралы білімдерін толықтыру.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

7. Біздің үй (20 сағат):

1) өзім туралы мәліметтер. (оқушының аты-жөні, жасы т.с.с);

2) менің туыстарым. Отбасы мүшелері: әке, ана, ата, апа, әпке, аға, іні, қарындас.

О л а р д ы ң е с і м д е р і ;

3) отбасы мүшелерінің өзара ілтипаты және қамқоршыл;

4) қ а р ы м - қ а т ы н а с ы ;

5) дене мүшелері. Жеке бас тазалығын сақтау. Тістерді, шашты күту;

6) киімдер мен аяқ киімдер. Жыл мезгіліне сәйкес киімдер мен аяқ киімдер;

7) үй, бөлмелер: ас бөлмесі, жатын бөлмесі, балалар бөлмесі. Жиһаздар.

8. Біздің мектеп (30 сағат):

1) мектеп. Сыныптардың және басқа оқу бөлмелерінің орналасуы (жатақхана, кітапхана, асхана, дәрігер бөлмесі, спорт залы, акт залы, шеберханалар). Олардың а т т а р ы н б і л у ;

2) біздің сынып. Оқу құралдары. Ойыншықтар. Сыныптағы, жатақханадағы жиһаздар, ойыншықтар, оларды күтіп ұстай білу. Үлкендердің ұйымдастырған ойынына қатысу, 2-3 оқиға желісіндегі рөлдік ойынды білу. Мұғалімнің, тәрбиешінің, оқушылардың аты-жөнін колданып, өзіне қарата білу. Мұғалім, тәрбиеші және басқа мектеп қызметкерлерімен амандаса білу;

3) күн тәртібі. Ертеңгі жаттығу. Жеке бас гигиенасының ережелері. Дене, шаш, киім , а я қ к и і м к ү т і м д е р і ;

4) асхана. Тағамдар атаулары. Ыдыстардың атаулары. Асханада орындайтын тәртіп ережелері: үстел басында дұрыс отыру, ыдыс-аяқты дұрыс пайдалана білу; тағамдарды, н а н д ы ү н е м д і п а й д а л а н а б і л у ;

5) бөлме өсімдіктері, олардың аталуы және күтімі.

9. Туған жер табиғаты (10 сағат). Жыл мезгілдері:

1) табиғат құбылыстары (жылы, суық, жаңбыр, қар, жел, т.с.с.);

2) үй хайуанаттары мен үй құстары, олардың аталуы және күтімі;

3) мектеп жанындағы үлескіде өсетін өсімдіктер, олардың аталуы, күтімі, бірнеше а ғ а ш т а р д ы ң а т а л у ы ;

4) табиғатты қорғау. Құстар, олардың аталуы және күтімі; жемсалғыш жасау;

5) бау бақша дақылдары және жемістер.

10. Біздің қала (30 сағат):

1) б і з д і ң қ а л а ;

2) мектепке жақын көшелер: жол жиегі, жүргіншілер жүретін, машина жүретін жолдар, көше қиылыстары. Балалардың көшеде жүру тәртібі. Көшеден өту ережесі ж ә н е т ә р т і б і ;

3) қаладағы көлік: автобус, троллейбус, трамвай, метро. Балалардың қала көліктеріне отыру тәртібін және ережелерін сақтауы: аялдамада күту, артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу және т.б.;

4) кинотеатрдағы, театрдағы балалардың тәртібі;

5) қоршаған табиғат; балалардың табиғат мезгілдеріне сай іс-әрекеттері, қылықтары

;

б) өзен, көлдер. Олардың аталуы;

7) жасыл желектер: саябақ, бақ, көше. Құстар, үй хайуанаттары (2-3 атау).

11. Туған ел (9 сағат):

1) біздің Отанымыз — Қазақстан. Астанамыз — Астана қаласы;

2) біздің елдің туы;

3) мерекелер: оқушылардың мерекеге қатысуы;

4) тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, 8-наурыз, 22-наурыз, 1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні, 7 – мамыр - Ұландар күні, 9 мамыр — Жеңіс күні.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

12. Біздің үй және туған жер табиғаты (10 сағат): біздің үй. Мекен-жайы: қаланың (ауылдың) және ата-аналары тұратын көшенің аты, үй нөмірі, пәтері. Үлкендердің еңбегін сыйлау. Отбасына көмектесу.

13. Туған жер табиғаты (22 сағат):

1) үй өсімдіктері, олардың аталуы, белгілері және күтімі (каникул кезінде). Үйдің айналасындағы өсімдіктерді күту, олардың аталуы және күтімі;

2) үй хайуанаттары. Олардың аталуы, мінез-қылығындағы ерекшеліктері. Үй хайуанаттарын күту, шаруашылықта пайдалану (каникул кезінде).

14. Біздің мектеп және туған жер табиғаты (20 сағат). Мектеп:

1) сынып, жатақхана және басқа мектеп бөлмелері;

2) мектеп қызметкерлерінің мамандығы: директор, оқу-ісінің меңгерушісі, дәрігер, оқу-ісінің және тәрбие жұмысының меңгерушісі, аспаз, үй сыпырушы және т.б. Олардың аты-жөнін білу. Мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалау, көмек көрсету;

3) мектеп ережелері: үлкендерді құрметтеу, сыпайы сөйлесе білу. Әдептілік түрлері: сәлемдесу, өтініш білдіру, кешірім сұрау, алғыс айта білу. Өзара достық қатынас. Мұғалім мен тәрбиешінің берген тапсырмасын орындау. Сабақ кезіндегі оқушының сабаққа жауапкершілігі;

4) сыныптағы тірі табиғат бұрышы (өсімдіктер, жануарлар). Ондағы өсімдіктер, жануарларды күту;

5) мектептің тәжірибе алаңы. Спорт ойындарына арналған алаң. Балалар ойнайтын алаң. Мектеп үлескісінде өсетін ағаштардың, бұталардың, шөптердің аттары.

15. Біздің қала және туған жер табиғаты (30 сағат). Біздің қала:

1) біздің көшедегі үйлер, олардың маңызы (тұрғын үй, дүкен, мектеп, почта және т.б.);

2) біздің қаладағы тарихи орындар, ескерткіштер, қаладағы көрікті орындар және басқа да қала мекемелері (театр, байланыс бөлімшесі, клуб, кинотеатр, стадион, саябақ);

;

- 3) қала көліктері (автобус, троллейбус, трамвай, такси). Көшеден өту тәртібі;
4) балалардың көшеде жүру, қоғамдық орындарда (мұражай, кинотеатр, театр) жүру тәртібі.

16. Туған өлке (7 сағат):

1) қала табиғаты. Қала табиғатының ерекшеліктері: саябақ, су қоймалар. Орталық алаңдағы өсімдіктер;

2) өсімдіктерді отырғызу реті мен уақыты. Әр жыл мезгіліндегі өсімдіктері ағаштар, бұталар, шөптер. Олардың көп тараған түрлерін атау;

3) әр жыл мезгіліндегі ауа райы. Ауа райын бақылау күнделігі;

4) көкөністер мен жемістер, олардың әр түрлілігі. Бақшадағы көктемгі және күзгі жумыстар;

5) үй хайуанаттары мен жабайы аңдар. Жануарлардың сыртқы түрімен, мінез-қылықтарымен танысу. Үй хайуанаттарының рөлдері;

6) құстар. Құстардың сыртқы түрімен, табиғаттағы өмірімен танысу. Жыл құстарының жылы жаққа ұшуын, қыстайтын құстардың мінез-қылықтарын және құстардың ұшып келуі мен ұя салуын қадағалау. Құстарға көмек көрсет (жемшашар жасау, үйшіктер ілу);

7) балықтар. Балықтың түрлері. Аквариумдағы балықтарды күту және бақылау;

8) құрт-құмырсқалар. Көктемгі және күз мезгіліндегі құрт-құмырсқалар тіршілігін бақылау;

9) адамның дене мүшелері және күтімі. Бас, бет: көз, мұрын, ауыз, маңдай, қас, иек;

10) денсаулық күтімі: денені шынықтыру, сумен жуыну. Дене, шаш, тіс күтіміне қажетті заттар, оларды дұрыс қолдану. Оқығанда және жазғанда денені дұрыс ұстау;

11) жылдың әр мезгілдеріндегі адам еңбегі. Балалардың үлкендерге көмек көрсетуі.

17. Туған жер (10 сағат): Қазақстанның тұңғыш президенті — Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы. Біздің Отанымыз — Қазақстан. Астанасы — Астана қаласы. Қазақстандағы мереке күндері мен мәнді оқиғалар. Оқушылардың мерекелерге қатысуы.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Біздің үй (9 сағат):

1) мен тұратын үй. Үй ішіндегі өзіме тиісті заттар мен ортақ, мүлік. Лифті пайдалану ережесі. Баспалдақтағы, кіреберістегі, ауладағы тәртіп ережелері. Үйді таза ұстап, әр нәрсені өз орнына қою. Үй мүліктеріне, ауладағы ойын алаңдарына, үй айналасына отырғызылған түрлі өсімдіктерге ұқыпты қарап, оларды күту;

2) күн тәртібі. Күн тәртібін орындау. Таңертеңгілік дене-шынықтырудың адам денсаулығына қажеттілігі. Жеке бас гигиенасының ережелері. Балалардың денсаулығын қорғау туралы алғашқы ұғымдар;

3) үй айналасындағы өсімдіктерді бақылау. Оларды кім отырғызды, кім күтеді? Үй

хайуанаттары және оларды күту.

19. Біздің мектеп (15 сағат): мектептің нөмірі, аты, жалпы көрінісі. Мектептің жаңа оқу жылына әзірлігі. Оқу құралдарын күтіп ұстау. Оқушылардың мектептегі міндеттері. Сабақ кестесі. Сағат, минут. Аптадағы күн аттары. Мектептің тәжірибе үлескісі. Қыс, күз, көктем, жаз мезгілдерінде екінші сынып оқушыларының мектептегі оқу-тәжірибе үлескісіндегі еңбегі. Мектеп үлескісінде өсетін ағаштардың, бұталардың, шөптердің аттары. Мектептегі тірі табиғат бұрышы. Тірі табиғат мүйісінде кезекші болу және қолынан келетін тапсырмаларды орындау.

20. Біздің қала (11 сағат):

- 1) қаланың басты көшесі мен алаңы;
- 2) қаланың көрікті орындары: ескерткіштер, саябақтар және т.б.;
- 3) қаланың басты кәсіпорындары. Мәдени-ағарту орындары (кітапхана, кинотеатр, театр, мұражай);
- 4) қаладағы жаңа құрылыстар;
- 5) қаладағы көлік;
- 6) мамандықтар: мұғалім, дәрігер, жұмысшы;
- 7) көше: жол жиегі, жүргіншілер жүретін жол, көше қиылыстары, бағдаршам жол белгілері: «Өтетін жер», «Байқа, балалар», «Өтуге болмайды»;
- 8) көшеде жүріп тұру ережелері.

21. Туған жер табиғаты (22 сағат):

- 1) жыл мезгілдеріндегі табиғаттағы өзгерістерді: ауа қызуын, аспан бұлтты, жауын-шашынды, аяз, судың қатуы, күннің жылынуын, мұздың еруін, жердің ери бастауын бақылау;
- 2) өсімдіктер. Жапырақтар түсі. Көктемде өсімдіктердің оянуы (бүршік жаруы, жапырақ жаюы, гүлдеуі);
- 3) бөлме өсімдіктерін күту (суару, құрғақ жапырақтарды кесіп алып тастау, дәрі шашу, түбін босату, көшіріп отырғызу). Бірнеше бөлме өсімдіктерінің атын білу;
- 4) хайуанаттар. Аңдардың қысқа дайындығы, құстардың мінез-қылықтары, үй маңайындағы құстарды бақылау, жемшашар жасау; көктемдегі аңдардың мінез-қылығы; қыстайтын құстардың, құрт-құмырсқалардың мекендейтін орындары (қой қора, сиыр қора, ін, ұя, омарта, құмырсқа илеуі, т.с.с). Аңдардың төлдері;
- 5) адамдардың еңбегі: бақта, бақшада, егістікте, көше тазалағанда, саябақтарда. Балалардың үлкендерге көмегі;
- 6) табиғаттағы өзгерістерді тіркеу бұрышына жазып, белгілі бір уақыт ішінде бақылау нәтижесін жазып отыру;
- 7) өсімдіктер мен аңдарды қорғау және күту.

22. Туған ел (11 сағат):

- 1) біздің Отанымыз — Қазақстан. Қазақстанның туы мен елтаңбасы. Астана қаласы — Қазақстан Республикасының астанасы;

2) Назарбаев Н.Ә. — Қазақстанның бірінші президенті. Қазақстандағы аталып өтетін мерекелер мен мәнді оқиғалар: Жаңа жыл, 8 наурыз, 22 Наурыз, 1 мамыр, Ұландар күні, Жеңіс күні, 30 тамыз — Конституция күні, 1-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні, Тәуелсіздік күні т.с.с. Адамдардың мерекеге дайындалуын бақылау.

5. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

23. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) өзі туралы мәліметтерді;
- 2) отбасы мүшелері: әке, ана, ата, апа, әпке, аға, іні, қарындас. Олардың есімдерін;
- 3) дене мүшелерін;
- 4) киімдер мен аяқ киімдерді;
- 5) адамның сезім мүшелері және оны күте;
- 6) үй, бөлмелерді;
- 7) сыныптағы, жатақханадағы жиһаздар, ойыншықтарды;
- 8) асхана. Тағамдардың атауларын. Ыдыстардың атауларын;
- 9) үй хайуанаттары мен үй құстары, олардың аталуы және күтімін;
- 10) қаладағы көлік маңызын;
- 11) жеке бас гигиена ережелерін;
- 12) мерекелер туралы білуі тиіс.

24. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) отбасы мүшелері және олардың есімдерін;
- 2) қала көліктеріне отыру тәртібін және ережелерін сақтауды;
- 3) үстел басында дұрыс отыруды;
- 4) жеке бас гигиенасының ережелерін меңгеруі қажет.

6. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

25. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) сынып, жатақхана және басқа мектеп бөлмелерін;
- 2) қала көліктерін;
- 3) үй хайуанаттары мен жабайы аңдарды;
- 4) көкөністер мен жемістерді;
- 5) адамның дене мүшелері және күтімін;
- 6) сыныптардың және басқа оқу бөлмелерінің орналасуын;
- 7) сыныптағы, жатақханадағы жиһаздар, ойыншықтарды;
- 8) балықтар. Балықтың түрлерін;
- 9) адамның дене мүшелері және күтімін білуі тиіс.

26. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) оқығанда және жазғанда денені дұрыс ұстауды;
- 2) әдептілік түрлері: сәлемдесуді, өтініш білдіруді, кешірім сұрауды, алғыс айта білуді;
- 3) өз денсаулығын сақтау шараларын меңгеруі қажет.

7. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

27. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) күн тәртібін;
- 2) мамандықтарды;
- 3) жыл мезгілдеріндегі табиғаттағы өзгерістерді;
- 4) өсімдіктер. Жапырақтар түсін;
- 5) хайуанаттарды;
- 6) адамдардың еңбегін;
- 7) Қазақстандағы аталып өтетін мерекелер мен мәнді оқиғаларды;
- 8) жыл мезгілдеріне байланысты адам еңбегін;
- 9) жеке бас гигиена ережелерін білуі тиіс.

28. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) көшеде жүріп тұру ережелері;
- 2) күн тәртібін орындау;
- 3) жануарларға қамқорлық жасауды меңгеруі қажет.

29. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

- 1) қоршаған ортаны сақтауға және оны қорғауға, оған қамқорлық жасауға ұмтылысынан;
- 2) адамдардың еңбегі және олардың мамандығына құрметпен қарауынан;
- 3) өз-өзіне қызмет етуінен, өз ағзасын күтуінен, салауатты өмір салтын сақтауынан көрініс табады.

30. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

- 1) қоршаған ортаны бақылау дағдысымен;
- 2) табиғи құбылыстарды бақылау және талдау, өзіндік қорытынды шығару білігімен;
- 3) табиғатты зерттеу әдістерін қолдана білу дағдысымен;
- 4) қосымша ақпаратты жинақтау және олардың қажеттісін іріктеп алу білігін қолдана білуімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 20-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәні естімейтін балаларға арналған арнайы пән болып табылады. Естімейтін оқушылардың есту қабілетін дамытумен ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру бір-бірімен өте тығыз байланыста жүргізіледі. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру есту, көріп есту арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу тілін есту арқылы қабылдау ауызша сөйлеу тілін жетілдірумен тікелей байланысты.

3. Бағдарлама екі бөлімнен тұрады:
1) есту қабілетін дамыту;
2) дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

4. «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәнінің мақсаты–сөйлеу тілін көріп-естіп қабылдау және ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту.

5. «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәнінің міндеттері:

1) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ашық таңдауда және жабық таңдауда ажырату есту-көру арқылы қабылдау;

2) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, балаларға таныс мәтіндерді қабылдауға үйрету;

3) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату;

4) диалог жүргізуге үйрету;

5) сөйлемдерді ажырату, кескін сөздерді пайдалана отырып фразаларды құрастыру;

6) мәтіндерді есту-көру және есту арқылы қабылдауға, мағынасын түсінуге үйрету;

7) оқушылардың нақты, анық және мәнерлеп сөйлеуге үйрету;

8) сөйлеу кезінде логикалық екпінді сақтап сөйлеуге үйрету;

9) орфоэпиялық ережелерді сақтай отырып сөйлеуге үйрету.

6. Пәннің мазмұнын меңгеру үшін аптасына 18 сағаттан оқытылады (барлығы – 3024 сағат). Жалпы сағат саны кезеңдер бойынша төмендегіше бөлінеді:

- | | | | | |
|----|--------------------|---|-----|--------|
| 1) | дайындық сыныбында | – | 594 | сағат; |
| 2) | 1 - сыныпта | – | 594 | сағат; |
| 3) | 2 - сыныпта | – | 612 | сағат; |
| 4) | 3 - сыныпта | – | 612 | сағат; |
| 5) | 4 - сыныпта | - | 612 | сағат. |

7. Пәнді оқыту процесінде пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) тіл дамыту пәнімен: «адам-табиғат-қоғам» туралы білімдерін толықтыру, табиғат құбылыстарымен адам, өсімдік, жан-жануарлар арасындағы байланыс пен тәуелділікті таныстыра отырып, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, топсеруен кезінде, табиғатты бақылау барысында алған білімдерін, бақылағандарын оқушылардың сөздік қорын байыту, ауызша жазбаша тілін дамыту мақсатында п а й д а л а н у ;

2) түзету ритмикасы пәнімен: түзету ырғағы кезінде ритмикалық қозғалыстар жасау , музыканы қабылдау нашар еститін балалардың естіп қабылдауын дамытуға, ауызша сөйлеу тілін қалыптастыруға ықпал етеді;

3) заттық-тәжірибелік оқыту пәнімен: еңбек тақырыбына байланысты шығармалар оқу барысында оқушыларды еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, ермексазбен, табиғи материалдармен жұмыс жасау, қағаздарды қию, өрнектер салу, безендіру арқылы қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту;

4) қоршаған ортамен таныстыру пәнімен: «адам-табиғат-қоғам» туралы білімдерін толықтыру, табиғат құбылыстарымен адам, өсімдік, жан-жануарлар арасындағы байланыс пен тәуелділікті таныстыра отырып, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, топсеруен кезінде, табиғатты бақылау барысында алған білімдерін, бақылағандарын оқушылардың сөздік қорын байыту, ауызша жазбаша тілін дамыту мақсатында п а й д а л а н у .

8. «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәнін оқыту кезінде қарапайымнан күрделіге көшу қағидасына сүйенеді. Дайындық сыныбында оқитын балалармен естіп қабылдауын дамыту жұмысы дыбысқа шартты қозғалыс реакциясын қалыптастырудан басталады. Берілетін сөздік материалдың көлемі жыл сайын ұлғайып отырады.

9. «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәні фронтальды және жеке сабақта ұйымдастырылады:

1) фронтальды сабақтарда әртүрлі дыбыстарды қабылдауға үйретеді, қоршаған ортаның түрлі дыбыстарымен, сөйлеу тілінің қалыптасуы үшін қажетті болып табылатын дыбысталулардың сипаттамасын (дыбысталудың ұзақтығын қаттылығын, биіктігін ажырату, дыбысталудың бағытын анықтау) ажыратуға үйретеді. Фронтальды сабақтарда дыбыстарды қою және кемістіктерін түзету жұмысы жүргізілмейді. Фронтальды сабақтың негізгі міндеті: дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекітеді;

2) жеке сабақтарда балалар есту арқылы сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды,

мәтіндерді жабық (шектеулі) және ашық (шексіз) таңдауда ажыратуға, тануға, және
д ұ р ы с с ө й л е у г е ү й р е т е д і .

10. «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәнінің міндетті кезеңдерінің бірі сөздік материалдарды есту-көру және есту арқылы қабылдау болып табылады. Дыбыс айтуын қалыптастырудың алғашқы кезеңінде фонетикалық ритмика элементтерін пайдаланады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

11. Есту қабілетін дамыту.

12. 1 тоқсан:

- 1) дыбысқа шартты қозғалыс реакциясын қалыптастыру;
- 2) дыбыстың бар жоғын анықтау;
- 3) қоршаған орта дыбыстарымен таныстыру, ажырату (жабық таңдауда), тану (ашық таңдауда);
- 4) есту арқылы тілдік емес және тілдік дыбыстармен таныстыру, ажырату (жабық таңдауда), тану (ашық таңдауда);
- 5) сөздік материалды (былдыр сөздерді, толық сөздерді) есту арқылы қабылдауға, ажыратуға (жабық таңдауда), тануға (ашық таңдауда) үйрету.

13. 2 тоқсан:

- 1) күнделікті пайдаланатын қарапайым сөздерді ажырату. (естіп-көруі және естіп қабылдауы арқылы): отыр, тұр, кел, көрсет;
- 2) жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: Ойыншықтар. Жемістер. Көкөністер. Оқу құралдары. Қыс. Жаңа жыл (аяз ата, ақшақар, шырша);
- 3) сөздерді танып ажырату: Екеуінің біреуін таңдап: доп-машина, тас-бала, алма-қалам, балапан-қуыршақ. Үшеуінен біреуін таңдау: доп-сағат-дәптер; тас-бала-қуыршақ; бала-шана-алма; терезе-балапан-қуыршақ. Төртеуінен біреуін таңдау: доп-машина-қуыршақ-апа; сағат-алма-терезе-бала. Бестен біреуін таңдау: доп-терезе-қуыршақ-тас-бала;

4) бала деңгейіне қарай ырғақтық-интонациялық қалыпты сақтай отырып сөздерді айту, суреттерге сәйкес кестелерді көрсету.

14. Тілдік емес дыбыстарды естіп қабылдауы:

- 1) қоршаған орта дыбыстары мен тұрмыстық дыбыстарды ажырату;
- 2) музыкалық ойыншықтарды есту арқылы ажырату;
- 3) жануарлардың дыбыстық еліктеулерін ажырату (ит, мысық, сиыр, жылқы және т. б.) .

15. 3 тоқсан:

1) күнделікті пайдаланатын қарапайым сөздерді ажырату. (естіп-көруі және естіп қабылдауы арқылы): отыр, тұр, кел, көрсет. Сабақты ұйымдастыруға байланысты

сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды танып ажырату: Құлаққапты ки. Дыбыс бар ма?

С ә л е м . Қ а л а м д ы а л ;

2) жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: Үй жануарлары. Азық-түлік. Асхана. Киімдер. Қыс қызықтары. Көктем. Наурыз;

3) диалог жүргізу: –Кітапты бер. –Ал. –Рахмет;

4) математикалық материалды ажырату - сандарды атау: бірден беске дейін, есептер : 2 - 1 : Н е ш е д о п (а ю) ? ;

5) сөздерді ажырату: оқу құралдары, математикалық терминдер, тапсырмалар (ал, б е р , қ о й , ж а п , а ш) .

16. Тілдік емес дыбыстарды естіп қабылдауы:

1) қоршаған орта дыбыстарын жарыту;

2) дыбысталудың санын анықтау (біреу-көп, біреу-екеу-үшеу);

3) дыбысталудың бағытын анықтау.

1 7 . 4 т о қ с а н :

1) сабақты ұйымдастыруға байланысты сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды танып ажырату: Сен не істейсін? Сен не істедің? Кітапты аш (жап). Сенде қалам бар ма?

М е н д е қ а л а м б а р ;

2) жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: Аңдар. Ыдыстар. Құстар. Жиһаздар. Жыл мезгілдері;

3) диалог жүргізу: - Сенде доп бар ма? - Менде доп бар. Ал менде жоқ;

4) буындық құрамы әртүрлі сөздерді ажырату (жабық таңдауда), тану (ашық т а ң д а у д а) ;

5) математикалық материалды ажырату - сандарды атау: бірден беске дейін, есептер : 2-1: Неше? Алу. Қосу термин сөздер.

18. Тілдік емес дыбыстарды естіп қабылдауы:

1) жануарлардың дыбыстық еліктеулерін ажырату;

2) тұрмыстық дыбыстар мен қаладағы дыбыстарды ажырату;

3) дыбысталудың ұзақтығын ажырату.

19. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

20. Сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс:

1) ұзақ тыныс шығаруды қалыптастыру. Мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы бір тыныста бірнеше буындарды бірге айтқызу (аз буыннан бастап көп буынға к ө ш е м і з) ;

2) буындық құрамы әртүрлі сөздерді айтқызу;

3) қарапайым қысқа фразаларды бір тыныс шығарғанда айтқызу.

21. Дауыспен жұмыс: биіктігі, күші, тембрі қалыпты дауысты қалыптастыру. Дауысты дыбыстарды айтқанда дауыстың бірқалыптылығын сақтап айтуға үйрету.

2 2 . Д ы б ы с т а р м е н ж ұ м ы с :

1) негізгі концентрдің [а, о, у, э, и, ә, ө, ү, ы, п, т, к, с, ш, м, н, л] дыбыстарын

буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтқызу. Қосымша [б, к] дыбыстарын буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтқызу. Дифтонгтарды [йә]-е, [йа]-я ашық, жабық және тұйық буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтқызу. Дыбыстарды қосымша

д ы б ы с с ы з а й т у ғ а ү й р е т у ;

2) алғашқы концентрге кірмеген дыбыстарды айтылуы жақын дыбыстармен алмастырылады, мысалы: «топ» (доп), «алпа» (арба), «касык» (қасық), «пил» (піл), «ан» (аң), «күл» (гүл), «шастык» (жастық), «уста» (ұста), «ақаш» (ағаш), «аспас» (аспаз);

3) берілген концентрдегі айтылуы жақын дыбыстарды буында, сөзде, фразаларда бір-бірінен ажырату: а-о, а-ә, о-у, у-ү, ә-и, м-п, н-т, л-н, т-л.

23. Сөздермен жұмыс. Мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы екі-үш буыннан тұратын сөздерді бірге, қалыпты дауыспен, буындық құрамын толық айтқызу.

Ж ұ м ы с т ы ж ү р г і з у к е з е к т і л і г і :

1) е л і к т е у а р қ ы л ы а й т қ ы з у ;

2) екі дауыссыз дыбыс қатар келгенде қуыстан шығатын дыбысты соза отырып бөліп айтқызу (мысалы: а с _ _ п а з);

3) б ө л м е й а й т қ ы з у ;

4) с у р е т т е р д і а т а у .

24. Ф р а з а л а р м е н ж ұ м ы с :

1) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы 2-3 буыннан тұратын фразарды біртұтасын шығарғанда айтқызу;

2) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы хабарлы сұраулы сөйлемдерді екпінмен айтқызу. Сөйлеу кезінде қарым қатынастың вербальды емес құралдарын (мимика, бет әлпеттің қозғалысын) қолдану.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

25. Е с т у қ а б і л е т і н д а м ы т у .

26. 1 т о қ с а н :

1) қарапайым сөздерді (баяндауыш, толықтауыш сөздер), сөз тіркестері (зат есім, есімдік, сан есімдер) қысқа фразаларды, балаларға таныс мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: сәлем. Апппаратты тақ. Дыбыс бар ма? Сен не істейсің? Сен не істедің? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Оқу құралдары», жыл мезгілдері - «Күз» (Күз айларын ата? Жапырақтар жерге түседі. Күн салқын. Жаңбыр жауып тұр.) «Көкөністер», «Жемістер». Азық-түліктер;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : (- Сенің атын кім? – Жанат. - Қалам бар ма? – Менде қалам жоқ. - Қаламды ал. -

Р а х м е т) ;

4) сөздерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Оқу құралдары, ойыншықтар, жіктеу және сілтеу есімдіктерін пайдалану (сенікі, менікі, оныкі); тапсырмалар: ал, бер, қой, жап, оқы, аш, тарат, жаз, жина, неше болады, неше болды;

5) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану Мысалы: бірден... онға дейінгі сандарды атау, 10 сан көлеміндегі қосу алу амалдарын орындау. Қарапайым мәселе есептерді орындау. 4 алма болды. Арман 2 жеді. Неше алма қалды?;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты балаға таныс қайталанып отыратын қысқаша 5-6 сөйлемдерді пайдалану. Арманда қарындаш бар. Айгүлде альбом бар. Жанарда кітап бар. Біз сурет саламыз.

27. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) дыбысталудың санын анықтау;
- 2) сөйлеудің темпін (тез, жай), қаттылығын (қатты, ақырын);
- 3) музыкалық аспаптарды қабылдау және ажырату.

28. 2 т о қ с а н :

1) қарапайым сөздерді (баяндауыш, толықтауыш сөздер), сөз тіркестері (зат есім, есімдік, сан есімдер) қысқа фразаларды, балаларға таныс мәтіндерді қабылдау. (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: салем. Аппаратты тақ. Дыбыс бар ма? Сен не істейсің? Сен не істедің? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Отбасы», «Асхана», «Азық түлік» (азық-түлік түрлері, олармен іс-әрекет жасау) «Қыс», «Жаңа жыл» т.с.с.;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : - Кітапты бер. – Кітапты ал. –Рахмет. (- Менде кітап бар. –Ал менде, кітап жоқ.- Менікін ал. – Рахмет.) ;

4) сөздерді, сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Оқу құралдары, ойыншықтар, жіктеу және сілтеу есімдіктерін пайдалану (сенікі, менікі, оныкі); тапсырмалар: ал, бер, қой, жап, оқы, аш, тарат, жаз, жина, неше болады, неше болды;

5) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану Мысалы: бірден... онға дейінгі сандарды атау, 3+3, 5-2 амалдарын орындау. Үш алманы, бір қаламды ал, тағы 4 қалам ал. Неше? Неше болады? Мәселе есеп: 1 алманы ал. Тағы 3 алма ал. Неше алма болды;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 5-6 дейінгі балаға таныс қайталанып отыратын қысқаша сөйлемдерді пайдалану. Арманда қарындаш бар. Айгүлде альбом бар. Жанарда кітап бар. Біз сурет саламыз.

29. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) дыбыс шығаратын ойыншықтарды ажырату;
- 2) жануарлар мен құстардың дауыстарын ажырату;
- 3) дыбыстық еліктеулерді ажырату.

3 0 . 3 т о қ с а н :

1) қарапайым сөздерді (баяндауыш, толықтауыш сөздер), сөз тіркестері (зат есім, есімдік, сан есімдер) қысқа фразаларды, балаларға таныс мәтіндерді қабылдау. (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: салем. Аппаратты тақ. Дыбыс бар ма? Амандас. Қоштас. Бүгін аптаның қай күні? Бүгін нешесі? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Қысқы демалыс», (есеп, қосу, алу, санау); «Көктем»; «Аналар мерекесі» «Наурыз»;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : - Салем. – Қайырлы күн. – Сенің атын кім? – Жанат. –Сенің атын кім? – Асем.- Сен не ш е д е с і ң ? - М е н ж е т і д е м і н ;

4) сөздерді, сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Отбасы ана, әке, апа; мекенжай, жеті жас, менің атым, анамның аты;

5) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану Мысалы: бірден... онға дейінгі сандарды атау, 2 дәптер сал, 1 шаршы сал, 4 шеңберді боя. Неше? Неше болады?; алма көп, қалам аз;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 5-6 дейінгі балаға таныс қайталанып отыратын есімдік және зат есім сөздерді қысқаша с ө й л е м д е р д е п а й д а л а н у .

31. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) дыбысталудың ұзақтығын ажырату (ұзын, қысқа);
- 2) дыбысталудың жиілігін ажырату (жоғары, төмен);
- 3) дыбыстың шыққан бағытын анықтау (оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен).

3 2 . 4 т о қ с а н :

1) қарапайым сөздерді (баяндауыш, толықтауыш сөздер), сөз тіркестері (зат есім, есімдік, сан есімдер) қысқа фразаларды, балаларға таныс мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: салем. Аппаратты тақ. Дыбыс бар ма? Амандас. Қоштас. Сыныпта кім кезекші? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Асхана», «Сынып», «Ұйықтайтын бөлме» тақырыптары бойынша тапсырмаларды орындау. (қасықты апар, кітаптарды жина, жейдені іл, төсегінді жина, дәптерді сөмкеге сал). Жалпылама түсініктерді ажырату: жемістер, көкөністер, ойыншықтар, киімдер, жиһаздар;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : Өткен материал бойынша диалог құру. Отбасы. Сынып, асханада т.с.с. Сөздерді, сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Қарапайым сөйлемдерді ажырату. Асан күн салды. Жанат доп салды;

4) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Мысалы: бірден... онға дейінгі сандарды атау, қосу, алу, қалды, болды, азайды, көбейді, аз, көп. 1 шаршы, 2 шеңберді боя. Неше? Неше болады?;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 5-7 дейінгі балаға таныс қайталанып отыратын есімдік және зат есім сөздерді қысқаша сөйлемдерде пайдалану.

33. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) тұрмыстық және қоршаған орта дыбыстарын ажырату;

2) дыбысталудың қаттылығын ажырату (қатты, ақырын, тыныш);

3) музыкалық ритмдерді ажырату.

34. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

35. Сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс:

1) ұзақ тыныс шығаруды қалыптастыру;

2) қабысып жарып шығатын дыбыстардан құрылған буындырды бөлмей бірге айтқызып үйрету (папапапа және тататата). Буындық құрамы әртүрлі сөздерді айтқызу;

3) қарапайым қысқа фразаларды бір тыныс шығарғанда айтқызу.

36. Дауыспен жұмыс: биіктігі, күші, тембрі қалыпты дауысты қалыптастыру. Дауыстың күшіне қарай (қатты, ақырын) өзгертуге үйрету.

37. Дыбыстармен жұмыс:

1) негізгі концентрдің [а, о, у, э, и, ә, ө, ү, ы, п, т, к, с, ш, м, н, л] және қосымша берілген [б, қ] дыбыстарын буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтылуын бекіту. Дифтонгтарды [йә]-е, [йа]-я ашық, жабық және тұйық буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтылуын бекіту;

2) қазақ тіліндегі [і, ұ, д, й, г, ғ, ж, з, ң, в, р, х, ф, щ, ц, һ, ч] дыбыстарды ашық, жабық және тұйық буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтқызу;

3) дифтонгтарды [йә]-е, [йа]-я, [йу]-ю, [йо]-Ұ ашық, жабық және тұйық буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтылуын бекіту;

4) айтылуы жақын дыбыстарды буында, сөзде, фразаларда бір-бірінен ажырату: а-о, а-ә, а-э, о-у, о-ө, у-ү, ұ-у, ұ-ү, ө-ү, ы-і, і-и, и-е, ә-е, м-п, н-т, л-н, р-л, т-л, п-б, п-ф, с-з, ш-ж, д-т, к-қ, г-ғ, қ-х;

5) дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту барысында артикуляциясы жақын дыбыстарды ажыратуға береді

б) дұрыс айта алмайтын дыбыстарды түзету.

38. Сөздермен жұмыс:

1) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы екі-үш буыннан тұратын сөздерді бірге, қалыпты дауыспен, буындық құрамын толық айтқызу;

2) жұмысты жүргізу кезектілігі: еліктеу арқылы айтқызу;

екі дауыссыз дыбыс қатар келгенде қуыстан шығатын дыбысты соза отырып бөліп айтқызу (мысалы: ас__паз);

бөлмей айтқызу;

суреттерді атау;

3) орфоэпиялық ережелерін сақтап айтуға үйрету.

39. Фразалармен жұмыс:

1) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы 4-6 буыннан тұратын фразарды біртаныс шығарғанда айтқызу;

2) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы хабарлы, сұраулы сөйлемдерді екіпінмен айтқызу;

3) эмоциямен сөйлеуге үйрету (қуану, таң қалу, қорқу, және т.б.).

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

40. Есту қабілетін дамыту.

41. 1 тоқсан:

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау. (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: Қай сабақ? Жеке сабақ. Сен сабақта не істейсің? Сен сабақта не істедің? Біз қандай дыбыстарды жақсы айтамыз? Сыныпта қай сабақ? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Күз», «Отбасы», «Оқу іс-әрекеті. Тапсырмаларды орындау», «Оқу құралдары», Диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі: ал, сал, бер, қой, не үшін керек, керек пе, мен алдым, не істейміз сөздерін пайдалана отырып диалог құру);

3) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Қарапайым сөйлемдерді ажырату. Құрамында бірнеше зат есім сөздері бар сөйлемдерді ажырату: мысалы: Асанда қарындаш, желім, қағаз бар. Айдоста қайшы, дәптер, өшіргіш бар. Біртіндеп кескін сөйлемдерге көшу;

4) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Мысалы: бірден... 20 сандарды атау. Қарапайым мәселе есептерде

артық, кем терминдерін пайдалану. Неше? Неше болады?;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану.

42. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану;
- 2) жануарлардың дауыстарын ажырату және тану;
- 3) қоршаған орта дыбыстарын ажырату және тану.

4 3 . 2 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: Қай сабақ? Жеке сабақ. Сен сабақта не істейсін? Сен сабақта не істедің? Біз қандай дыбыстарды жақсы айтамыз? Сыныпта қай сабақ? Сыныпта кім кезекші? Кезекші не істейді? Реті бойынша нешінші сабақ? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Күзгі демалыс», «Жыл мезгілдері», «Біздің сынып», «Асхана», «Қыс», « Ж а ң а ж ы л » ;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : өз өтінішін білдіру, тапсырмалар мен педагог өтінішін түсініп қабылдау, өз ойын білдіру. Өз бетінше немесе мұғалім сұрауы бойынша басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсінуге үйрету: Менде бар, жоқ; керек, ал, сал: сенде барма, жоқпа. Б а с қ а л а р ғ а с ұ р а қ қ о ю ;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді ажырату. Құрамында бірнеше зат есім сөздері бар сөйлемдерді ажырату. Күрделі сөйлемдерді ажырату.сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш сөздерді пайдалану;

5) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Мысалы: ондықтарды атау. Қосынды, қосылғыш, азайғыш, азайтқыш терминдерін ажырату.барлығы қанша? Нешеге көп? нешеге аз? Мәселе е с е п т е р ш ы ғ а р у ;

6) мәтінмен жұмыс барысында баланың – қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану.

44. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану;
- 2) жануарлардың дауыстарын ажырату және тану;
- 3) қоршаған орта дыбыстарын ажырату және тану.

4 5 . 3 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау. (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Анаң қайда жұмыс істейді? Сен қайда тұрасың? Сенің досың бар ма? Досыңның аты кім? Түскі асқа не жедің? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Қысқы демалыс», «Аңдар», «Үй жануарлары», «Көктем»;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : өз өтінішін білдіру, тапсырмалар мен педагог өтінішін түсініп қабылдау, өз ойын білдіру. Өз бетінше немесе мұғалім сұрауы бойынша басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсінуге үйрету. - Сен не істейсін? Не істедің? Не жедің? Қайда бардың? Не істегін келеді? т.с.с. сұрақ жауап алмасу;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді ажырату. Құрамында бірнеше зат есім сөздері бар сөйлемдерді ажырату. Күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. Геометриялық фигураларды ажырату; Мысалы: шеңберді көрсет, үшбұрышты сал, екі шаршы ал, 2 сопақшаны боя. Сен неше қалам алдың? 2 артық қалам ал? Сенде неше а л м а б а р ? ;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану.

46. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану;

2) жануарлардың дауыстарын ажырату және тану;

3) қоршаған орта дыбыстарын ажырату және тану.

4 7 . 4 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Сен не істегенді ұнатасың? Саған қандай сабақ ұнайды? Еңбек сабағында сен не істейсін? Қыста ауа райы қандай? Жыл мезгілдерін ата? Саған қай жыл мезгілі ұнайды? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Көктемгі демалыс», «Көктем», «Оқу іс-әрекеті», «Жаз», «Жазғы демалыс». Диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы

арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі: Есімдіктер мен зат есімдерді пайдалана отырып диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. «Дүкенде», «Кітапханада»: мысалы; «Дүкенде» ойыны. – Сәлеметсізбе. – Сәлем. – Сізде нан бар ма? – Маған сүт, кант беріңізші? – Неше теңге тұрады? т.с.с.;

3) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді ажырату. Құрамында бірнеше зат есім сөздері бар сөйлемдерді ажырату. Күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу.
2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау;

4) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. Геометриялық фигураларды ажырату: Мысалы: шеңберді көрсет, үшбұрышты сал, екі шаршы ал, 2 сопақшаны боя. Сен неше қалам алдың? 2 артық қалам ал? сенде неше алма бар? Өлшем бірлік терминдерін ажырату: мысалы: сантиметр, метр, грамм, килограмм т.с.с. 2 см кесінді сыз. Асанда 10 дәптер. Анельде 5 дәптерге артық. Анельде неше дәптер? ;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану.

48. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) дыбысталатын ойыншықтар мен саз аспаптарын ажырату және тану;

2) былдыр сөздер мен жануарлардың дауыстарын ажырату және тану;

3) тұрмыстық дыбыстарды ажырату.

49. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

50. Сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс:

1) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы бір тыныста бірнеше буындарды бірге айтқызу (папапапа немесе тататата);

2) 8-10 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тынысты шығарғанда айтқызу. Мысалы: Балалар далада ойнады.

51. Дауыспен жұмыс. Сөйлесіп отырған адаммен ара қашықтыққа байланысты дауыстың күшін өзгертуге үйрету (қатты айту, ақырын айту, сыбырлап айту). Мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы сөйлемдерді хабарлы және сұраулы екіпінмен айтуға үйрету.

52. Дыбыстармен жұмыс:

1) дұрыс айта алмайтын дыбыстарды түзету және бекіту. Алмастырып айтатын дыбыстардың орнына керек дыбыстарды айтқызу;

2) сөздердегі дыбыстарды ажырату: дауысты дыбыстар: а-ә, о-ө, ұ-ү, ә-е, у-ұ;

дауыссыз дыбыстар: қуыстан шығатын дыбыстар: с-з, ш-ж, с-ш, з-ж, ф-в; мұрындық дыбыстар: м-б, н-д, б-п, м-п, н-л; қабысып жарып шығатын дыбыстар: т-д, б-п, г-к, г-ғ, к-қ.

53. Сөздермен жұмыс:

- 1) өз бетімен 4-5 буыннан тұратын таныс сөздерді буындық құрамын сақтай отырып, орфоэпия ережесіне сай айтқызу;
- 2) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы 4-5 буыннан тұратын таныс емес сөздерді буындық құрамын толық сақтай отырып, орфоэпия ережесіне сай айтқызу;
- 3) құрамында екі дауыссыз дыбыс қатар келген сөздерді бірге айтқызу. Мысалы: д а п т е р , қ а н т ;
- 4) «Буын», «екпін» ұғымы. Екі, үш, төрт, бес буынды сөздердегі буынның санын анықтау;
- 5) орфоэпия ережесін білу және сөйлеу кезінде өз бетімен қолдану: төсек-төсек, мектепке барады-мектепке барат, көмектес-көмектес, аспаз-аспас.

54. Фразалармен жұмыс:

- 1) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдану;
- 2) мұғаліммен қосарланып және өз бетімен қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтқызу.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

55. Есту қабілетін дамыту. 1 тоқсан:

- 1) дыбысталуы бойынша таныс сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);
- 2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Оқу ісі әрекетіне байланысты сөйлеу тілі материалы: Қаламды ал да үстелге қой. Кітапты ашып сөздерді оқы. Қандай сабақ болды? Математикадан қандай тапсырма берілді? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Жазғы демалыс», «Күз келді», «Ауа райы», «Мамандықтар», «Оқу іс-әрекеті. Тапсырмалар»;
- 3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі: Есімдіктер мен зат есімдерді пайдалана отырып диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. диалог барысында демонстрациялау. Мысалы: «Шеберханада» Еңбек мұғалімі мен оқушыны дайындап диалогты шеберханада өткізу;
- 4) «Сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді ажырату. Құрамында бірнеше зат есім сөздері бар сөйлемдерді ажырату. Күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде

бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2, 3, 4 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Геометриялық фигураларды ажырату: Мысалы: шеңберді көрсет, үшбұрышты сал, екі шаршы ал, 2 сопақшаны боя. Сен неше қалам алдың? 2 артық қалам ал? Сенде неше алма бар? Өлшем бірлік терминдерін ажырату: мысалы: сантиметр, метр, грамм, килограмм т.с.с. ж а л ғ а с т ы р у ;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану.

56. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) әртүрлі музыкалық ритмдерді ажырату;

2) тұрмыстық дыбыстарды ажырату және тану;

3) түрлі саз аспаптарын ажырату.

5 7 . 2 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Оқу ісі әрекетіне байланысты сөйлеу тілі материалдары: Қаламды ал да үстелге қой. Кітапты ашып сөздерді оқы. Қандай сабақ болды? Математикадан қандай тапсырма берілді? Сен кеше кешке не істедің? Сен таңғы асқа не жедің? Кеше ауа райы қандай болды? Ертең неше сабақ болады? Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Асхана», «Көлік түрлері», «Желтоқсан мерекелері» (Тәуелсіздік күні. Ж а ң а ж ы л) ;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : Есімдіктер мен зат есімдерді пайдалана отырып диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшелерінен: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Мысалы: «Шеберханада» Еңбек мұғалімі мен оқушыны дайындап диалогты шеберханада өткізу. Сурет бойынша д и а л о г қ ұ р а с т ы р у ;

4) «Сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді ажырату. Құрамында бірнеше зат есім сөздері бар сөйлемдерді ажырату. Күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш,

толықтауыш, анықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2, 3, 4, 5 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Геометриялық фигураларды ажырату. Өлшем бірлік терминдерін ажыратуды жалғастыру. Мәселе есеп: алма 4, ал алмұрт 2 есе көп. Алмұрт нешеу?;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйрену.

58. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) дыбысталудың санын анықтау;
- 2) әртүрлі жиіліктегі дауыстарды ажырату (ересектер, балалардың дауысы);
- 3) дыбысталулардың бағытын анықтау.

5 9 . 3 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Оқу ісі әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындау. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Туған күн», «Дәрігерде», «Көктем», «8 наурыз», «Наурыз»;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : Диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшелерінен: бастауыш , баяндауыш, анықтауыш, толықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құру;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрлымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату (пен, мен, ж ә н е , н е м е с е , ө й т к е н і) ;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-7 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру;

б) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйренуді жалғастыру.

60. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) тұрмыстық шуылдарды ажырату (шаңсорғыш, есіктің қоңырау және т.б.);
- 2) көшедегі дыбыстарды ажырату (көліктің даусы, құрылыстың дауысы);
- 3) адам шығаратын тілдік емес дыбыстар (жылау, күлу, түшкіру, жөтелу және т.б.).

61. 4 тоқсан:

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: оқу ісі әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындау. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Көктем келді», «Мен және менің отбасым», «Дәріхана», «Жаз», «Жазғы демалыс»;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі: Диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшеоерінен: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату. (пен, мен, және, немесе, өйткені);

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру;

б) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты жеті, сегіз сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйренуді жалғастыру. Жоспар бойынша мазмұндама жасауды үйрену.

62. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) табиғатта шығатын дыбыстар (желдің соққаны, күннің күркірегені және т.б.);
- 2) адам шығаратын тілдік емес дыбыстар (жылау, күлу, түшкіру, жөтелу және т.б.);
- 3) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану.

63. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

64. Сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс:

1) мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы бір тыныста бірнеше буындарды бірге айтқызу (папапапа немесе тататата);

2) 10-12 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды қажетті синтагм үзілістерін графикалық белгісіне қарап таныс емес сөздерде еліктеу арқылы, таныс сөздерде өз беттерімен айту. Мысалы: Біз ертең демалысқа шығамыз.

65. Дауыспен жұмыс:

1) мұғалімге еліктеу арқылы және өз бетімен сұрақ қойған кезде дауысты қаттырақ шығарып логикалық екпін түсіріп айту. Мысалы, Кім сабақта жоқ? Сен қайда барасың?

2) сөйлемдерді хабарлы, лепті, сұраулы екпінмен айтқызу. Мысалы: Көктем келді. Алақай! Көктем келді! Көктем келді ме?.

66. Дыбыстармен жұмыс:

1) дұрыс айта алмайтын дыбыстарды түзету және бекіту;

2) сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажырату:

дауысты дыбыстар: а-ә, о-ө, ұ-ү, ә-е, у-ұ;

дауыссыз дыбыстар: қуыстан шығатын дыбыстар: с-з, ш-ж, с-ш, з-ж, ф-в;

мұрындық дыбыстар: м-б, н-д, б-п, м-п, н-л;

қабысып жарып шығатын дыбыстар: т-д, б-п, г-к, г-ғ, к-қ;

аффрикаттар: ч, ц, щ.

67. Сөздермен жұмыс:

1) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айтқызу;

2) жеке дыбыстардың дыбысталуы;

3) ерін үндестігі: құлын-құлұн, төсек-төсөк, көңүлді-көңілді;

4) дифтонгтардың дыбысталуы: тақия-тақыйа, Әлия-Әлійә, иық-ыйық, қию-қыйуу;

5) дауысты дыбыстардың дыбысталуы: шай-шәй, жай-жәй, лақ-ылақ;

6) сөз ішінде дыбысталуы: абжылан-апжылан, сенген-сеңген, басшы-башшы, кесші-кешші;

7) екі сөз жігінде: ақ жауын-ағжауұн, ақ ала-ағала, тақ сан-тахсан, алып ұшу-алыб ұш ұу.

68. Фразалармен жұмыс:

1) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдану;

2) мұғаліммен қосарланып және өз бетімен қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтқызу.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

69. Есту қабілетін дамыту. 1 тоқсан:

1) дыбысталуы бойынша таныс сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне сүйеніп қабылдау);

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату: оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындау. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Оқу іс-әрекеті бойынша тапсырмаларды орындау», «Табиғаттын маусымдық өзгеруі», «Алтын күз»;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшеерінен: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру. Жүргізілген экскурсия б о й ы н ш а д и а л о г к ұ р у ;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату (пен, мен, және, немесе, өйткені). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Мысалы: Мұғалім оқушыға бала кітап оқып отырған суретті ұсынып – қыз кітап оқып отыр деп айтады. Оқушы міндеті дұрысын таңдау. Біртіндеп ойын түрін күрделендіруге болады. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет б о й ы н ш а е с е п т е р к ұ р а с т ы р у ;

6) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10-12 сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйренуді жалғастыру. Жоспар бойынша мазмұндама жасауды үйрену.

70. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) табиғатта шығатын дыбыстар (желдің соққаны, күннің күркірегені және т.б.);

2) адам шығаратын тілдік емес дыбыстар (жылау, күлу, түшкіру, жөтелу және т.б.);

3) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану.

7 1 . 2 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді, мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Бүгін қанша сабақ? Сен сабақта не үйрендің? Ертең неше сабақ? Саған қай жыл мезгілі ұнайды? Неге? Не үшін? Оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материалы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындауды жалғастыру. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Менің үйім», «Біздің пәтер», «Менің д о с ы м », « Қ ы с », « Ж а ң а ж ыл » ;

3) диалог жүргізу - (тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшелерінен: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру. Жүргізілген экскурсия бойынша диалог құру. Театр, кинотеатр, музейде өткен экскурсия бойынша диалог құру. Досының туған күні, мен кім болғым келеді, досын сипаттау тақырыптарына д и а л о г ж ү р г і з у ;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату (пен, мен, және, немесе, өйткені). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Мысалы: Мұғалім оқушыға бала кітап оқып отырған суретті ұсынып. – қыз кітап оқып отыр деп айтады. Оқушы міндеті дұрысын таңдау. Біртіндеп ойын түрін күрделендіруге болады. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс ;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет бойынша есептер құрастыру ды жалғастыру ;

б) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10 сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйренуді

жалғастыру. Жоспар бойынша мазмұндама жасу.

72. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) табиғатта шығатын дыбыстар (желдің соққаны, күннің күркірегені және т.б.);
- 2) жануарлар мен құстардың дауыстарын ажырату және тану;
- 3) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану.

7 3 . 3 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Табиғат құбылыстары; оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материалы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындауды жалғастыру. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Қыс», «Қыс қызықтары» «Мамандықтар», «Біздің мектеп», «Күн тәртібі», «Көктем мерекелері»;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшелерінен: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру. Жүргізілген экскурсия бойынша диалог құру. Театр, кинотеатр, музейде өткен экскурсия бойынша диалог құру. Досының туған күні, мен кім болғым келеді, досын сипаттау тақырыптарына диалог жүргізу ді жалғастыру;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату. (пен, мен, және, немесе, өйткені.). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Мысалы: Мұғалім оқушыға бала кітап оқып отырған суретті ұсынып – қыз кітап оқып отыр деп айтады. Оқушы міндеті дұрысын таңдау. Біртіндеп ойын түрін күрделендіруге болады. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс жасау;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет бойынша есептер құрастыруды жалғастыру;

б) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10

сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйренуді жалғастыру. Жоспар бойынша мазмұндама жасу.

74. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) табиғатта шығатын дыбыстар (желдің соққаны, күннің күркірегені және т.б.);
- 2) дыбысталудың ұзақтығын, қаттылығын, санын анықтау;
- 3) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану.

7 5 . 4 т о қ с а н :

1) дыбысталуы бойынша таныс және таныс емес сөздерді, қысқа фразаларды, қарапайым және күрделі сөйлемдерді мәтіндерді қабылдау (естіп-көруіне және естуіне с ү й е н і п қ а б ы л д а у) ;

2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату. Табиғат құбылыстары; оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындауды жалғастыру. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Көктем келді», «Құстар біздің досымыз», «Адамдардың көктемдегі еңбегі», «Бау-бақша», «Мамыр мерекелері»;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшеоерінен: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру. Жүргізілген экскурсия бойынша диалог құру. Театр, кинотеатр, музейде өткен экскурсия бойынша диалог құру. Досының туған күні, мен кім болғым келеді, досын сипаттау тақырыптарына диалог жүргізуді жалғастыру;

4) сөйлемдерді ажырату – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату. (пен, мен, және, немесе, өйткені). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Мысалы: Мұғалім оқушыға бала кітап оқып отырған суретті ұсынып. – қыз кітап оқып отыр деп айтады. Оқушы міндеті дұрысын таңдау. Біртіндеп ойын түрін күрделендіруге болады. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс жасау;

5) математикалық материалды ажырату – 11-100 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет

бойынша есептер құрастыру ды жалғастыру;

б) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10-12 сөйлемге дейінгі қарапайым және күрделі сөйлемдері бар мәтіндерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді пайдалану. Мәтін бойынша жоспар құрып үйренуді жалғастыру. Жоспар бойынша мазмұндама жасу.

76. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) табиғатта шығатын дыбыстарды ажырату және тану (желдің соққаны, күннің күркірегені және т.б.);

2) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату және тану.

77. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

78. Сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс: жаттап алған мәтінді синтагмдік үзілістерін сақтай отырып дұрыс тыныс шығарып айтқызу.

79. Дауыспен жұмыс:

1) мәтінді оқыған кезде хабарлы, сұраулы, лепті екпіндерді дұрыс айтқызу;

2) сөйлемдерді хабарлы, лепті, сұраулы екпінмен айтқызу.

80. Дыбыстармен жұмыс:

1) дұрыс айта алмайтын дыбыстарды түзету және бекіту;

2) сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажырату:

дауысты дыбыстар: а-ә, о-ө, ұ-ү, ә-е, у-ұ;

дауыссыз дыбыстар: қуыстан шығатын дыбыстар: с-з, ш-ж, с-ш, з-ж, ф-в;

мұрындық дыбыстар: м-б, н-д, б-п, м-п, н-л;

қабысып жарып шығатын дыбыстар: т-д, б-п, г-к, г-ғ, к-қ;

аффрикаттар: ч-ц, ц-с, ч-ш.

81. Сөздермен жұмыс:

1) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айтқызу;

2) ы және й дыбыстарының тіркесі: ми-мый, жина-жыйна;

3) і және й дыбыстарының тіркесі: иіс-ійіс, киіз-кійіс;

4) жеке ы дыбысы: мия-мыйа, қию-қыйуу, сия-сыйа;

5) жеке ұ дыбысы: су-сұу, ту-тұу, буын-бұуын.

82. Фразалармен жұмыс:

1) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдану;

2) мұғаліммен қосарланып және өз бетімен қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтқызу;

3) диалог кезінде логикалық екпіндерді қолдануға үйрету.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

83. Пәндік нәтижелер. Дайындық сыныптың соңында оқушылар:

1) тілдік және тілдік емес дыбыстарды көру-есту арқылы, есту арқылы қабылдау

ж ә н е

а ж ы р а т а ;

- 2) берілген сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды есту арқылы қабылдай және айта;
- 3) оқу іс әрекетін ұйымдастыруға байланысты сөздік материалдарды;
- 4) тақырыптарға байланысты сөздік материалдарды;
- 5) 3-5 қысқа сөйлемнен тұратын мәтіндерді есту арқылы қабылдай және айта;
- 6) дыбысталатын ойыншықтарды ажырата;
- 7) дыбыстың шыққан бағытын анықтай;
- 8) дыбысталудың қарқындылығы, ұзақтығын, санын ажырата білуі керек.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

84. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) берілген сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды есту арқылы қабылдау және айта;
- 2) оқу іс әрекетін ұйымдастыруға байланысты сөздік материалдарды;
- 3) тақырыптарға байланысты сөздік материалдарды;
- 4) 5-7 қысқа сөйлемнен тұратын мәтіндерді есту арқылы қабылдау және айта;
- 5) тілдік емес дыбыстарды, әуенді, жануарлардың, құстардың дауыстарын аппаратпен және аппаратсыз есту арқылы қабылдай;
- 6) есту арқылы жиілігі әртүрлі дауыстарды қабылдау және әртүрлі жиілікте сөйлей а л а ;
- 7) дыбыстың шыққан бағытын анықтай;
- 8) ересек адаммен баланың дауысын ажырата ала;
- 9) 5-8 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тынысты ш ы ғ а р ғ а н д а а й т а а л а :
- 10) өз бетімен 4-5 буыннан тұратын таныс сөздерді буындық құрамын сақтай отырып, орфоэпия ережесіне сай айта;
- 11) қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айта;
- 12) 7-8 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тыныс ш ы ғ а р ғ а н д а а й т а ;
- 13) хабарлы және сұраулы сөйлемдерге байланысты дауыстың мәнерін өзгерте біла;
- 14) қазақ тіліндегі дыбыстарды ашық, жабық және тұйық буында, сөзде, сөз тіркестерінде д ұ р ы с а й т а ;
- 15) екі дауыссыз қатар келген сөздерді дұрыс айта білуі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

85. Пәндік нәтижелер. 2-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді ажырата;
- 2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырата;
- 3) д и а л о г жү р г і з е ;

- 4) сөйлемдерді ажырата;
- 5) математикалық материалды ажырату және тани;
- 6) 8-10 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді ажырата;
- 7) таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдана;
- 8) 9-10 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тынысты шығарғанда айта;
- 9) сөйлесіп отырған адаммен ара қашықтыққа байланысты дауыстың күшін өзгерте;
- 10) сөздердегі дыбыстарды ажырата;
- 11) өз бетімен 4-5 буыннан тұратын таныс сөздерді буындық құрамын сақтай отырып, орфоэпия ережесіне сай айта;
- 12) «Буын», «Екпін» ұғымын;
- 13) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдана;
- 14) қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айта білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

86. Пәндік нәтижелер. 3-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді ажырату және тани;
 - 2) таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдана;
 - 3) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату және тани;
 - 4) диалог жүргізе;
 - 5) ұқсас бірнеше сөйлемдер арасынан керекті сөйлемдерді тани;
 - 6) математикалық материалды ажырата және тани;
 - 7) деформацияланған мәтіндерді қабылдай және ажырата;
 - 8) 10-12 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді ажырата;
 - 9) 13-15 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды қажетті синтагм үзілістерін графикалық белгісіне қарап таныс емес сөздерде еліктеу арқылы, таныс сөздерде өз беттерімен айта;
 - 10) сөйлемдерді хабарлы, лепті, сұраулы екпінмен айта;
 - 11) сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажырата;
 - 12) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айта білуі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

87. Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді ажырата және тани;
 - 2) таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдана;
 - 3) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырата және тани;

- 4) диалог жүргізе;
- 5) сұрақ жауап алмаса;
- 6) жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндай;
- 7) мәтінді оқыған кезде хабарлы, сұраулы, лепті екпіндерді дұрыс айта;
- 8) сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажырата;
- 9) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айта;
- 10) қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айта білуі тиіс.

88. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясы туралы түсінігі болуы және оны құрметтеуінен;
- 2) өз Отанына деген мақтаныш сезімінен;
- 3) өз ана тілін білуі және құрметтеуінен, өз халқының және Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа ұлттардың салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;
- 4) өз елінің, туған өлкесінің табиғатын аялауға және қорғауға ұмтылуынан;
- 5) үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілділігінен көрініс табады.

89. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

- 1) сөйлеу тілін қарым қатынас құралы ретінде қолдана білуімен;
- 2) қарым қатынас кезінде сөздік материалдарды естіп қабылдауымен;
- 3) ауызша сөйлеу тілін меңгеруімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Білім және ғылым министрінің
 2015 жылғы 18 маусымдағы
 № 393 бұйрығына 21-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Білім және ғылым министрінің
 2013 жылғы 3 сәуірдегі
 № 115 бұйрығына 126-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің дайындық сыныбы үшін «Сауат ашу (оқу, жазу)» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Сауат ашу кезеңі қазақ тілінің грамматикасына және әдебиет туралы білім жүйесіне кіріспе болып табылады. Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, қарапайым грамматикалық ұғымдармен таныстыру, айтатын ойын толық, түсінікті, жүйелі жеткізе білуге, байланыстыра сөйлеуге үйрету, ауызша, жазбаша тілін дамыту, сөздік қорын байыту және белсендіру мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады. Суреттерге қарап жеке әріптерден сөз құрауды керекті орнына қоя білуді үйренеді. Жазуға үйрету алдында қолдың, саусақтың, саусақ ұштарының қозғалысын дамытып жаттықтырады, қағазды бүктеп, белгіленген жерден қайшымен кесуді (көлденең, тік бағытта) үйретеді. Мұғалім көрсеткен үлгі бойынша, оюлардың суретін салады, құрастырады, сызықтар сызады, сурет салады, ирек сызықтар жүргізеді.

3. Сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу дағдыларының негізін қалау, тыңдауға, айтуға, жазуға үйрету, балалардың сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінігін қалыптастыру, әріп таныту, буындап, тұтас сөзді, сөйлемді, мәтінді оқуға үйрету, сауатты жазудың негізін қалыптастыру, ауызекі тілін дамыту.

4. Сауат ашуға үйретудің негізгі міндеттері:

1) тілдік жүйенің дыбыстық-әріптік құрамын меңгерту, баспа әріптермен таныстыру ;

2) балаларды сөздер жазылған кестелерді қолдану арқылы оқуға, жазуға үйрету;

3) қима әріптерді қолдану арқылы сөзді дыбыстық-әріптік талдауға үйрете отырып, д ұ р ы с с ө й л е у г е ү й р е т у .

5. Сауат ашу төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1) са у а т а ш у ғ а д е й і н г і к е з е ң ;

2) с а у а т а ш у к е з е ң і ;

3) с а у а т а ш у д а н к е й і н г і к е з е ң .

6. Сауат ашуға дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) дайындық сынып оқушылары қима әріптерден үлгі және зейіні бойынша сөз құ р а с т ы р а б і л у д і ;

2) сөздегі дыбыс санын, олардың орналасу реттіліктері, алғашқы оқу, жазу да ғ д ы л а р ы н қ а л ы п т а с т ы р у .

7. Сауат ашу кезеңі 1 тоқсаннан басталады.

8. Сауат ашу кезеңінің алдына қойған мақсаты: оқу және жазу әдеттерін, сонымен қатар байланыстырып сөйлеу тілін меңгерту. Сауат ашу кезеңінің алдына қойған мақсаты оқу дағдысына, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Бұл кезеңде дыбыстардың дыбыстық құрылымының құрамдарын талдау жағына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл тек қана оқу және жазу дағдысын ғана қалыптастырып қоймай, сөйлеу дағдысына

қалыптастырады. Соған байланысты, әліппе кезеңінде берілген тапсырмалар дыбыстық құрылымдарын талдауды, сөздерді оқуды, жазуды талап етеді. Сауат ашудан кейінгі кезеңде, оқу мен жазуды толығымен игерту жатады.

9. Пәннің мазмұнын меңгеру үшін аптасына 9 сағаттан оқытылады (барлығы – 297 сағат). Жалпы сағат саны кезеңдер бойынша төмендегіше бөлінеді:

кесте 1.

Сауат ашу	
Оқу	3 сағат
Жазу	2 сағат
Тіл дамыту	4 сағат

10. Пәнді оқыту процесінде пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) «Дыбыстарды айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» пәнімен: дыбыстардың, сөздердің дұрыс айтылуын және есту арқылы қабылдауын дамытады.

Айтылуы ұқсас дыбыстарды ажыратуға үйретеді;

2) музыка пәнімен: оқушылардың тілін жаттықтыру, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету мақсатында балалар әндерін тыңдату;

3) бейнелеу өнері пәнімен: сурет салғызу, бояту жұмыстары арқылы қаламды, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, эстетикалық тәрбиелеу беру;

4) еңбекке баулу пәнімен: еңбек тақырыбына байланысты шығармалар оқу барысында оқушыларды еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, ермексазбен, табиғи материалдармен жұмыс жасау, қағаздарды қию, өрнектер салу, безендіру арқылы қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту;

5) дене шынықтыру пәнімен: партада дұрыс отыру; дене бітімінің дұрыс дамуы үшін жаттығулар жасау; сабақта сергіту сәтін өткізу.

11. Есту қабілеті зақымдалған балаларға сауат ашу пәнін оқыту кезінде тілдік жүйенің дыбыстық-әріптік құрамымен таныстыру жұмысы жүргізеді. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекшеліктерін есекре отырып, сауат ашу пәні аясында тіл дамыту міндеттері де шешіледі. Осыған байланысты тіл дамыту пәні балалардың сөздік қорын кеңейту және сөйлеу кезінде байланыстырып сөйлеудің алғышарттарын дамыту болып табылады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

12. Сауат ашуға дейінгі кезең.

13. Кеспе әріптерден үлгі сөз, сөз тіркестерін құрастыру.

14. Жазу дағдыларын қалыптастыру:

- 1) жол және торкөз дәптерге қарындашпен сопақ, дөңгелек заттардың (алма, алмұрт, шие, шар) суреттерін салу;
- 2) қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты заттарды (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф) суретін салу;
- 3) қарындашпен торкөздер санына сай тік сызықты, сопақша түрде заттардың (кесе, машина, кружка т.с.с.) суретін салу.

15. Заттық суреттерге, берілген сөздік кестелерді тауып орнына қойып оқу. Оқушының сөз қорын дамыту үшін, сюжетті суреттермен жұмыс жүргізу қажет.

16. Сюжетті суреттер жеке тақырыптар бойынша берілуі керек. Ол тақырыптар төмендегідей:

- 1) «Мектеп»: кітапхана, асхана, дәрігер, спорт зал, жатақхана;
- 2) «Сынып»: сынып, тақта, орындық, үстел, шкаф, құлаққап, аппарат;
- 3) «Оқу құралдары»: кітап, дәптер, қалам, қарындаш, сөмке, өшіргіш, бояу, сурет дәптері;
- 4) «Отбасы»: апа, ата, әке, шеше, бала, қыз;
- 5) «Үй жануарлары»: сиыр, қой, ешкі, ат, түйе;
- 6) «Жабайы аңдар»: аю, түлкі, қасқыр, қоян, тиін, кірпі;
- 7) «Жемістер»: алма, алмұрт, шие, жүзім, өрік;
- 8) «Көкөністер»: картоп, орамжапырақ, қияр, қызан, сәбіз, пияз, қызылша;
- 9) «Ойыншықтар»: қонжық, қуыршақ, машина, доп, пирамида, зырылдауық, шаршы.

17. Сауат ашу кезеңі:

- 1) сөздердегі дыбыстар мен әріптерді талдау;
- 2) сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды аңықтау;
- 3) сөздердегі дыбыс санын аңықтау;
- 4) дыбыстардың сәйкестілік реттерін аңықтау;
- 5) берілген дыбыстар мен әріптерден өзбетінше таңдап алып сөз құрауды үйрету;
- 6) әріптерді өздеріне тән белгілеріне байланысты ажырата білуге (жеке және сөз ішінде) үйрету;
- 7) кеспе әріптерден сөз, сөз тіркестерін құрауды үйрету;
- 8) кеспе әріптерден құрастырылған, сөз, сөз тіркестерін оқып білуді үйрету (тік таяқшалар).

18. Сауат ашу кезеңінде төмендегідей әріптер өтіледі: п, а, м, т, о, л, у, н, ш, й, ү, с, р, қ, ғ.

19. Сауат ашудан кейінгі кезең: 20. Оқу:

- 1) алфавиттегі барлық әріптер бойынша, сөздерді буындап оқу мен тұтас оқуға машықтандыру;
- 2) 2-4 буынды сөздерді дұрыс оқып дағдыландыру;

- 3) 2-4 жолды қысқа өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету;
- 4) суреттерге қарап, қысқа сұрақтарға жауап беру.

21. Байланыстырып сөйлеу:

- 1) ауызша сөйлеу ерекшеліктерімен таныстыру;
- 2) дауыс ырғағын, екпінін дұрыс сақтап айтуда үйрету;
- 3) сұрақтарға жауап беру;
- 4) сурет бойынша ауызша баяндау.

22. Жазуға үйрету:

- 1) партада дұрыс отыруды, үйрету;
- 2) дәптерді партаға жазуға ыңғайлап орналастыруды дұрыс ұстауды үйрету;
- 3) қалам мен қарындашты дұрыс ұстауды үйрету;
- 4) көз мөлшерін қол мен саусақтарын жазуға жаттықтыру;
- 5) контур бойынша сызу, сызықпен бейнелерді жалғастыру, өрнектер салу, оларды б о я у ;
- 6) сызықтарды қаламды үзбей аяғына дейін сызу.

23. Сөйлеу тілін іс- жүзінде дамыту.

24. Оқу іс -әрекетінің ұйымдастырылуына байланысты қолданылатын сөздік материалды түсініп, қолдана білу.

25. Сұрақтарға жауап беру: бүгін / ертең, кеше / қай күн? Бүгін / кеше, ертең / кім кезекші? Бүгін / кеше, ертең / ауа- райы қандай болды?.

26. Жолдасына өз өтінішін білдіру, заттың атын атауды, көрсетуді, іс – жүзінде көрсетуін талап ете білу: кітапты көрсет. Оның атын ата. Кітапты маған бер. Кітапты аш. Кітапты үстелге қой. т.с.с.

27. Сұраулы сөйлемдерді әңгімелесу / диалог / кезінде қолдану: мынау кім? Мынау не? Не істейді? Қайда?.

28. Затты, заттың іс-әрекетін білдіретін сөздерді әңгімелесу /диалог/ кезінде қ о л д а н у :

- 1) С а м а т не і с т е д і ? ;
- 2) ж а з д ы ;
- 3) не ж а т ы р ? ;
- 4) м ы с ы қ ;
- 5) к і м т ұ р ? ;
6) ведении здорового образа жизни.

36. Системно-деятельностные результаты отражаются в:

1) умениях и навыках владения всеми видами речевой деятельности, а также в овладении общеучебными умениями, полученными на уроках родного языка;

2) умении выделять основную мысль текста, структурные элементы текста (зачин, основная часть, концовка), восстанавливать деформированный текст, пересказ прочитанного по плану; составление рассказов по серии картин, устное сочинение по картинке ;

3) умении вести диалогическую речь, постепенно увеличивая количество реплик; выразительно читать небольшие стихотворения; петь детские песни на русском языке.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ц

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 8

м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 27–қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ц

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3

с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 132-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Математикаға оқытудың алғашқы кезеңіне натуралды сандар мен нөл, бүтін сандармен арифметикалық амалдар туралы түсініктері және ауызша және жазбаша есеп шығару тәсілдерін меңгеру жатады. Математика пәнін игеруде 1000-ға дейінгі натурал сандар және нөл санының арифметикасы, негізгі шамалар, геометрия элементтерін негізгі орта мектепте білімді жалғастыру үшін құрылған.

3. Оқыту мақсаты – есту қабілеті зақымдалған балаларды өмірге қажетті білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету, математикалық түсініктерді нақты өмірде кездесетін материалдар арқылы меңгерту, қоршаған ортамен байланыстыру арқылы математиканың базистік негізін сапалы игеруді қамтамасыз ету; көрнекі-бейнелі, сөздік - логикалық ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасау.

4. Оқытудың міндеттеріне:

1) нашар еститін баланың ойлауын, есте сақтауын, зейінін, шығармашылық қиялын, байқампаздығын, ауызша сөйлеу тілін дамыту;

2) нашар еститін балаларға математиканы меңгеруге қажетті сөздік материалдарды, математика терминін өз беттерміне қолдануға үйрету, математика пәні барысында меңгерген сөздік материалдарды күнделікті өмірде қолдануға ынталандыру;

3) заттармен әрекет ету, дидактикалық ойындар арқылы және жемістер, көкөністер және ойыншықтардың формаларымен геометриялық фигураларды сәйкестендіру арқылы геометриялық түсініктерін қалыптастыру;

4) заттарды салыстыру, олардың санын анықтау (біреу-көп, көп-аз, тең, бірдей-әртүрлі), натуралды сандармен «1-ден 10-ға дейін, 1-ден 100-ге дейін, 1-ден 1000-ға дейін» және олардың құрамымен таныстыру және олармен арифметикалық амалдар дағдыларын қалыптастыру;

5) кеңістіктік және уақыттық түсініктерін (кеңістікте бағдарлау, заттардың формасы, көлемі және кеңістікте орналасуы туралы түсініктері, уақытты бағдарлау: үстінде-астында, оң-сол, алдымен - кейін, таңертең, түскі уақыт, кешкі уақыт), сұйық және ұнтақ заттардың көлемі туралы түсініктерін дамыту (мысалы, суды банкіге салып өлшеу және т.б.);

6) математикалық амалдары тәжірибемен, күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, нашар еститін балалардың оқуға деген ынтасын, математикаға деген оң көзқарасы мен қызығушылығын, танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару дағдысын қалыптастыру;

7) нашар еститін баланың тұлғалық қасиеттерін, яғни жауапкершілік, белсенділік,

қарым-қатынас мәдениетін, үлкендерге құрмет көрсету мен кішілерге қамқор болу, патриоттық сезім, жауапкершілік тәрізді қасиеттерін тәрбиелеу.

5. «Математика» пәні бойынша 0-4-сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі: дайындық сыныбында: аптасына 4 сағат, барлығы 132 сағат, 1-сыныпта: аптасына 4 сағ, барлығы 132 сағат, 2-сыныпта: аптасына 4 сағ, барлығы 136 сағат, 3-сыныпта: аптасына 5 сағат, барлығы 170 сағат, 4-сыныпта: аптасына 5 сағат, барлығы 170 сағат.

6. Математиканы оқыту процесінде пәнаралық байланыс:

1) қазақ тілі және тіл дамытумен. Математика сабағында сөздік материалдарды тіл дамыту сабақтарында да қолданады. Математикалық мазмұны бар сөйлемдерді, қорытындылар мен шарттарды құру кезінде тіл дамыту сабақтарында меңгерген сөздік материалдарына сүйену, оқулықпен, дидактикалық материалдармен және т.б. жұмыс жасау кезінде оқушының оқу дағдысы мен сөйлеу тілінің қалыптасқан деңгейін ескеру;

2) дүниетану пәнімен. Математикалық мазмұны бар тапсырмаларды орындау барысында қоршаған ортадағы құбылыстар туралы білімдерін қолдану және күнделікті өмірде кездесетін жағдайлармен байланыстыру;

3) еңбекке баулу пәнімен. Математикада меңгерген заттардың көлемі, пішіні туралы түсініктерін еңбекке баулу сабақтарында заттармен әрекет етуде пайдалану;

4) бейнелеу өнері пәнімен. Қағаз бетінде бейнелеу біліктігін қолдану, қағаз бетінде (жазықтықта) және кеңістікте заттардың орналасуын қабылдай білу біліктігін қолдану;

5) дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту пәнімен. Математика пәнінде берілген сөздік материалдарды, жеке дыбыстарды ауызша айту деңгейі және оларды есту арқылы қабылдау жағдайын (әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып) ескеріледі.

7. Математиканы оқыту ерекшеліктері:

1) математика сабағында нашар еститін балалар сөз қорын, сөздік тілін байытады. Сандардың атауын, таңбаларды оқып үйренеді. Бір таңбалы сандардың және ондықтардың өзіндік ерекше атаулары бар. Ондықтың ауызша аталуынан санның неше ондықтан құралғанын аңғару мүмкін емес. Сондықтан әр санның жеке атауын игеруге е р е к ш е к ө н і л б ө л і н у і т и і с ;

2) нашар еститін балаларға есеп шығаруды үйрету барысында оңайдан қиынға, оқушылардың ақыл-ойының дәрежесін ескеріп, әр сыныпта балалардың шамасы келетін е с е п т е р д і ш ы ғ а р у к е р е к ;

3) нашар еститін балалар мектебінде математиканы оқыту, оқушыларды тәрбиелеу және оларды жан-жақты жетілдіру (есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту) істерімен тығыз байланысты болуы керек. Сондықтан оқушының тыңдап естіп қабылдауын, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, еңбек етуге дағдылануын, жауапкершілік сезімін, табандылығын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үшін бағдарламада мол мүмкіндіктері қарастырылған.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

8. Жекеленген заттарды және олардың топтарын салыстыру:

1) заттарды салыстыру, дәлме-дәлдігін анықтап, салыстыру: бірдей - әр түрлі заттарды салыстыру; заттың бір белгісіне қарай (Заттың түсі бойынша салыстыру және айырмашылығын анықтау; Мысалы: заттың түсі бірдей, пішіні әр түрлі);

2) заттарды топтастыру: берілген заттарды екі топқа бөлу: заттардың бір ортақ белгісі бойынша, ал екінші топқа қалған заттарды бөлу;

3) заттарды белгісіне қарай (түсі бойынша) топтастыру.

9. Топтасқан заттарды салыстырумен таныстыру:

1) берілген зат топтарының бір белгісіне қарай ажырата білу. (Мысалы: Әр түрлі пішіндегі заттарды түріне, түсіне, көлеміне қарай геометриялық денелер ішінен барлық үшбұрыштарды ажыратып алу). Ажыратып алынған заттар тобынан белгісіне қарай топтастырып ажырату. (Мысалы: ажыратып алынған үшбұрыштарды үлкен-кішілігіне қ а р а й б ө л у) ;

2) заттар тобын жұптастырып салыстыру (артық, кем, сонша, сонша артық кем);

3) оқушыларға мынандай түсініктерді меңгерту: «көп», «аз», «үлкен», «кіші», «көп»
« б і р е у » .

10. 1 ден 3-ке дейінгі сандар:

1) 1-ден 3-ке дейінгі сандардың атауы, реті және белгіленуі;

2) саны көп заттан бір-бірлеп санау;

3) 2, 3 сандардың құрамы;

4) таңбалармен таныстыру: (+ «қосу», - «азайту», = «тең»);

5) көрнекілік пайдаланып, қосу және азайту амалдарын орындау.

11. Кеңістік және уақыт туралы түсініктер:

1) кеңістік туралы түсініктерді қалыптастыру: «оң жақ», «сол жақ», «үстінде», «астында», «ортасында», «біріші», «соңғы», «арасында», «жоғары», «төмен»;

2) уақыт туралы түсініктерді қалыптастыру: «алдымен», «содан кейін».

12. 1- ден 5-ке дейінгі сандар:

1) 1-ден 5-ке дейінгі сандардың атауы, реті және белгіленуі;

2) саны көп заттан бір-бірлеп санау;

3) Сандары бірдей топтарды санау;

4) 2 және 5 сандардың құрамы;

5) тура және кері санау.

13. Қарапайым фигуралар. Көлемдер (қарапайым өлшемдер):

1) заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу; шартты өлшеу арқылы сұйық және май жа заттардың көлемін анықтау;

2) ақша бірліктерімен таныстыру;

3) геометриялық формалар: «төртбұрыш», «үшбұрыш», «шеңбер», «сопақ», «

дөңгелек», «шаршы» түсініктерімен таныстыру геометриялық денелердің түрін өзгерте білуге үйрету.

14. Уақытты бағдарлау: уақытты бағдарлау «таңертең», «күндіз», «кеш», «түн» түсініктерін меңгерту; апта күндерінің атауын ретімен айтуды меңгерту; жыл мезгілдерін ретімен айтуды меңгерту.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

15. Заттарды және заттар топтарын салыстыру:

1) заттарды көлеміне қарай салыстыру (үлкен, кішірек, кіші) геометриялық фигуралар негізінде (шеңбер, квадрат, үшбұрыш);

2) уақыт туралы түсініктер:

алдымен, содан кейін, соңына, дейін, кейін, тез, баяу;

бүгін, ертең, кеше, таңертең, түсте, бесін, кеш, күндіз, түн, тәулік;

3) заттарды санына қарай салыстыру: көп – аз. Көбірек, азырақ. Бірдей;

4) берілген материалды қайталау.

16. 1-ден 10 дейінгі сандар (алғашқы ондық):

1) сандардың аталуы, жазылуы: санды атау, таңбамен /цифрмен/ белгілеу; сан мен таңба туралы түсінікті анықтау. Сан қатарындағы санның орнын анықтау; есептік және реттік сандар туралы түсінік беру;

2) заттарды кеңістікте өзара орналасуына қарай салыстыру: оң жақта, сол жақта. Алдында, жанында. Артында, арасында. Жоғары – төмен. Жоғарырақ – төменірек. Бетінде, төбесінде. Астында, ішінде. Нешінші? Бірінші, екінші... Алдыңғысы, соңғысы, шеткісі, кейінгісі, бұрынғысы, үстінде;

3) 0 саны және таңбасы. 7-7, 0+8 сияқты мысалдарды қосу және алу;

4) сандарды салыстыру;

5) берілген саннан бірнеше бірлік артық немесе кем санды табуға арналған есептер;

6) 2-5 және 6-10 сандардың құрамы;

7) теңге белгілері: 1, 2, 5, 10 тиын теңгелер. 10 тиын көлеміндегі теңге тиындықтарды алмастыру;

8) күн аттары, оның реттілік саны, аталуы: апта ішіндегі күн атаулары. Бүгін, ертең, кеше деген атауларды айта білуге үйрету;

9) берілген материалдарды қайталау.

17. Қосу және азайту:

1) +, - белгілерінің көлемімен қосу мен азайту дағдыларын айта алу;

2) амалдарды орындау тәсілдері: қосу және азайту амалдарының компоненттерінің атаулары; санды қосу және санды азайту тәсілдері;

3) 10 көлемінде қосу кестесі;

4) азайту амалдарын орындау;

- 5) қосу және азайту арқылы қарапайым амалдарды орындау (қосындысын табу, қ а л ғ а н ы н т а б у) ;
6) берілген материалдар қайталау.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Қосу мен азайту (жалғасы):

- 1) 10 аралығындағы қосу мен азайту амалдарына есептер шығару. Қарапайым амалдарды орындау ;
2) бір-екі амалдан тұратын санды өрнектерді оқу, жазу, мәнін табу. Сәйкес мәтінді есептер шығару. Амалдардың орындалу реті;
3) бірнеше бірлікке көп және аз сандарды табу;
4) қосындысын табуға арналған қарапайым амалдары шешу және құрастыру;
5) берілген материалдарды қайталау.

19. 11-ден 20-ға дейінгі сандар:

- 1) ондық туралы ұғым ;
2) 11-ден 20-ға дейінгі сандардың реті және аталуы. Сандарды салыстыру. Ондық санның құрамы; 11-ден 20-ға дейінгі сандардың оқылуы және жазылуы;
3) 1 санын қосу арқылы қосу амалын және 1 санын алу арқылы азайту амалын о р ы н д а у ;
4) ұзындықтың өлшемі: Сантиметр. Сантиметрді «см» деген әріпімен белгілеу;
5) 5, 10, 20 күміс теңгелер. Олардың құны және майдалануы;
6) бір жыл ішіндегі ай саны. Өткен, қазіргі және болашақ айларды атау;
7) 10 көлеміндегі қосу және азайту амалдарын орындау;
8) бірнеше бірліктерге көбейте отырып және азайта отырып амалдар орындау, с а л ы с т ы р у ;

9) берілген материалдарды қайталау.

20. 21-ден 100-ге дейінгі сандар:

- 1) 21-ден 100-ге дейінгі сандардың реті және аталуы;
2) 21-ден 100-ге дейінгі сандардың оқылуы және жазылуы;
3) 20, 50, 100 күміс теңгелер. Олардың құны және майдалануы;
4) дециметр. Дециметрдің белгіленуі – дм;
5) сантиметр мен дециметрді салыстыру;
6) метр. Метрді «м» деген әріпімен белгілеу; метр мен сантиметрдің байланысы; іс-жүзінде ұзындықты метрмен өлшеу жұмысы;
7) заттарды салыстыру: ұзын-қысқа, биік-аласа, жуан-жіңішке, ұзынырақ, қысқарақ, (бірнеше метрге), биігірек-аласарақ, жуанырақ-жіңішкерек;
8) килограмм туралы түсінік. Килограммның «кг» деп белгіленуі;
9) литр туралы түсінік. Литрдің «л» деп белгіленуі;

10) ай ішіндегі күн саны: апта, ай аттарын: «кеше», «бүгін», «ертеңгі» күндерді атай б і л у ;

11) сағат ішіндегі минут саны. 1 сағатта – 60 минут; сағат бойынша 5 минутқа дәлдікпен у а қ ы т т ы а н ы қ т а у ;

12) 20-ға дейінгі сандар бойынша қосу және азайту амалдарына мәтінді есептер шығару (1 - 2 а м а л) ;

13) берілген материалдарды қайталау.

21. Бір таңбалы және екі таңбалы сандарды қосу және азайту:

1) ауызша және жазбаша 20-ға дейінгі сандарды қосу және азайту;

2) қосу және азайту амалына шығарылған есептерді тексеру;

3) уақыт өлшемі: минут. Минутты «мин»таңбасымен белгілеу. Уақытты сағатқа қарап әр минутын дәлдікпен анықтау;

4) 100-ге дейінгі сандармен қосу мен азайту амалдарына есептер шығару;

5) берілген материалдарды орындау.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

22. Бір таңбалы және екі таңбалы сандарды қосу және азайту (жалғасы):

1) ауызша және жазбаша 100-ге дейінгі сандарды қосу және азайту; қосу және азайту амалына шығарылған есептерді тексеру;

2) 1-2 амалдан тұратын жақшасыз және жақшалы өрнектердің мәнін табу, мәтінді е с е п т е р ш ы ғ а р у ;

3) белгісіз азайғышты табу;

4) бірдей бірнеше қосындыны және сандардың жиынтығы, бірдей қосындыларын т а б у ;

5) уақыт өлшемі: тәулік (таңертең, күндіз, кеш, түн). Тәулік пен сағаттың б а й л а н ы с ы ;

6) ұзындық өлшемі. Миллиметр. Миллиметрді «мм» деп белгілеу;

7) сантиметр мен миллиметрді пайдаланып, кесінділерді өлшеу, сызу;

8) бұрыш. Тікбұрыш. Көпбұрыш. Көпбұрыштың периметрін табу. Шартты белгілерді қолданып, екі амалдан тұратын мәтінді есептерді шығару;

9) қ а й т а л а у .

23. Көбейту және бөлу:

1) көбейту: көбейту амалы туралы түсінік; көбейту таңбасы: х;

2) көбейтуге берілген мысалдарды оқу және жазу;

3) 2 және 3 сандарын бір санға көбейту амалымен есеп шығару;

4) көбейткіштердің орнын ауыстыру әдісі және оны есептеулерде пайдалану; көбейту амалдарының компоненттерін атау (1-ші көбейткіш, 2-ші көбейткіш, к ө б е й т і н д і) ;

- 5) бір таңбалы сандарды 2-3 сандарына көбейту;
 6) бөлу: амалдың аталуы және белгіленуі;
 7) бөлу таңбасы. Бөлуге берілген мысалдарды оқу және жазу. Бөлу амалының құрамдас бөліктерін атау (бөлінгіш, бөлгіш, бөлінді);
 8) бөлу амалымен шығарылатын есептер. 2-ге және 3-ке бөлу. 2 және 3-ке тең б ө л і н д і ;
 9) көбейту мен бөлуге берілген жай есептерді шығару.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

24. 1 - 100 сандар .
 25. Көбейту және бөлу (жалғасы):
 1) 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандарын көбейту және бөлуге берілген кесте;
 3) жұа және тақ сандар;
 4) тең және тең емес сандар;
 5) 2-3 амалдан тұратын (жақшалы және жақшасыз) өрнектердегі амалдарды о р ы н д а у д ы ң т ә р т і б і ;

- 6) бір таңбалы сандарды көбейту кестесі және бөлудің сәйкес жағдайлары;
 7) белгісіз көбейткішті, бөлінгішті, бөлгішті табу.
 26. Кестеден тыс көбейту мен бөлудің ауызша әдістері:
 1) ондықтарды сандарға көбейту және бөлу;
 2) ондықтарды ондықтарға көбейту және бөлу;
 3) қосындыны санға көбейту, көбейту әдістері;
 4) $a+3$, $a-b$, $a*4$, $b: 2$, $a*b$, $a:b$ түріндегі өрнектердің мәндерін, олардың құрамына енетін, әріптердің берілген сан мәндері бойынша есеп шығару.

27. Қалдықпен бөлу:
 1) қалдықпен бөлу: қалдық бөлгіштен аз болады;
 2) қалдықпен шығатын амалдар орындау.
 28. 1-ден 1000-ға дейінгі сандар.
 29. 1ден 1000-ға дейінгі сандарды ретімен санау:
 1) 1000-ға дейінгі сандардың ауызша және жазбаша белгіленуі;
 2) үш таңбалы санның жазылуында цифр мәнінің тұрған орнына байланыстылығы; үш таңбалы санның жүздіктердің, ондықтардың және бірліктердің қосындысы түрінде к ө р с е т у ;

- 3) сандарды салыстыру;
 4) ұзындық өлшемі: километр, миллиметр;
 5) берілген саннан бірнеше есе артық немесе кем санды табу;
 6) көпбұрыштың қабырғалары ұзындықтарының қосындысын табу.

30. Арифметикалық амалдар:

- 1) ауызшы амалдар орындау тәсілдері: ауызша қосу, алу, көбейту және азайту. Көлем бірлігі: грамм (г). Көлем бірліктері арасындағы сәйкестіктер: $1 \text{ кг} = 1000\text{г}$;
- 2) жазбаша амалдарды орындау тәсілдері: жазбаша қосу және алу амалдары;
- 3) санды қосындыға көбейту;
- 4) 100 көлеміндегі сандармен орындалатын амалдарға келтіретін жағдайларда ауызша қосу, азайту, көбейту және бөлу;
- 5) 2 және 3 таңбалы сандарды көбейту;
- 6) сандардың үлесін (бөлігін) табу, бөліктері бойынша санды табу;
- 7) амалдарды орындау кезектілігі;
- 8) қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдарын тексеру;
- 9) өткен материалдарды қайталау.

31. Бірліктер класы және мыңдықтар класы:

- 1) бірліктер класы және мыңдықтар класының 1, 2, 3 разрядтары;
- 2) санды оның разрядтық қосылғыштарының қосындысы түрінде көрсету;
- 3) сандарды салыстыру;
- 4) 1000-ға дейінгі сандардың ауызша және жазбаша қосу және азайту, көбейту және бөлу; қосудан, азайтудан, көбейтуден және бөлуден тұратын 1-2 амалды жай және құрама есептерді шығару; уақытты сағатпен минутпен анықтауды үйрету.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. Пәндік нәтижелер. Дайындық сыныптың соңында оқушылар:

- 1) заттарды (түсі, көлемі, пішіні бойынша) және олардың топтарын салыстыра;
- 2) кеңістік және уақыт түсініктерін;
- 3) 1 мен 5 аралығында тура және кері санай;
- 4) 5 аралығында қосу және алу амалдарын орындай білуі тиіс.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

33. Пәндік нәтижелер. Дайындық сыныптың соңында оқушылар:

- 1) 0-ден - 10-ға дейінгі сандарды ретімен санай;
- 2) 10-ға дейінгі сатылы қосу мен азайту кестесін жатқа;
- 3) 10-ға дейінгі сандарды санау, есепшотқа салу, «+», «-», «=» пайдалана;
- 4) 0-20-ға дейінгі сандарды оқу және жаза;
- 5) қосу мен азайтуды қажет ететін, бір амалдан тұратын мәтінді есептерді шығаруды білуі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

34. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) 0-ден 100-ге дейінгі сандардың ретін;
- 2) бір таңбалы сандарды қосу кестесін және азайтудың сәйкес жағдайларын (дағдыландырылған машық деңгейінде);
- 3) 0-ден 100-ге дейінгі сандарды оқуды, жазуды және салыстыруды;
- 4) 100 көлеміндегі сандардың қосындысы мен айырмасын жеңілдеу жағдайларда ауызша, жазбаша табуды үйрене;
- 5) қосу мен азайтуға берілген 1-2 амалдан тұратын есептерді шығаруды үйрене;
- 6) уақытты сағатпен анықтауды үйрене;
- 7) теңге құнын, 100 теңгені майдалауды үйрене білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

35. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) 0-ден 100-ге дейінгі сандарды оқуды, жазуды және салыстыруды;
- 2) нөлден 100-ге дейінгі сандардың ретін, осы сандарды оқуды, жазуды;
- 3) бір таңбалы сандарды көбейту кестесін және бөлудің сәйкес жағдайларын (дағдыландырылған машық деңгейінде);
- 4) нөлден жүзге дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыра;
- 5) жүз көлеміндегі сандар мен арифметикалық үш амалды ауызша дұрыс орындауды, есептеулерді тексеруді;
- 6) 1-2 амалды есептерді шығаруды (амалдар бойынша және өрнек құрып);
- 7) 100 көлеміндегі сандардың қосындысы мен айырмасын жеңілдеу жағдайларда ауызша, күрделірек жағдайларда жазбаша табуды үйрену; қосу мен азайтуға берілген 1-2 амалдан тұратын есептерді шығаруды үйрене;
- 9) уақытты сағатпен анықтауды үйрене;
- 10) кесіндінің ұзындығын сызғышпен өлшеп үйрене білуі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) нөлден мыңға дейінгі сандардың ретін, осы сандарды оқуды, жазуды;
- 2) бір таңбалы сандарды көбейту кестесін және бөлудің сәйкес жағдайларын (дағдыландырылған машық деңгейінде);
- 3) нөлден мыңға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыра;
- 4) мың көлеміндегі сандар мен арифметикалық төрт амалды ауызша дұрыс орындауды, есептеулерді тексере;
- 5) 1-2 амалды есептерді шығара (амалдар бойынша және өрнек құрып) және амалдарды орындау тәртібінің ережесін қолдана білуі тиіс.

37. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) берілген тапсырмаларды өздігінен орындай алуға үйренуінен;
- 2) математика барысында меңгерген білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуінен;
- 3) меңгерген сөздік материалдарын ауызша айтып үйренуінен;
- 4) бір біріне көмектесу, қамқорлық таныта білуінен көрініс табады.

38. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалану аясы мен ғылым негіздері бойынша жүйелі білімін меңгеруімен;
- 2) ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуімен;
- 3) таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін меңгеруімен;
- 4) заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Б і л і м және ғылым министрінің
2 0 1 5 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 28–қосымша

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Б і л і м және ғылым министрінің
2 0 1 3 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 133-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Дүниетану пәні мазмұны бойынша «Жаратылыстану» саласына жатады, сол себепті аталған пәнді оқыту барысында осы ғылымға тән әдістерді қолдану қажет: табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылау, табиғаты объектілерінің суреттерін салу, қарапайым оқу тәжірибесін жасау, топсеруендерге шығу, тәжірибелер ө т к і з у және т . б .

3. Пәннің мақсаты – қоршаған әлем туралы білім мен адамның табиғатпен байланысы, жалпы адамның табиғаттағы орны туралы білімдерін қалыптастыру және нашар еститін оқушыларға эстетикалық, экологиялық және патриоттық тәрбие беру б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалғандар) балаларға арналған мектепте «Дүниетану» бастапқы білім берудің алдына мынандай міндеттер қ о й ы л а д ы :

1) оқушыларға өз облыстары (аудандары, өлкелері) тірі және өлі табиғат туралы, сондай-ақ жылдың әр түрлі мезгіліндердегі табиғат өзгерістері мен адамдардың еңбегі туралы қарапайым мағлұматтар беру;

2) өлі және тірі табиғат құбылыстарын үнемі бақылау жолымен оқушылардың тәжірибелерін байыту;

3) оқушыларға табиғат құбылыстары мен заттардың өзара байланысын, табиғаттағы болатын өзгерістердің адам еңбегіне әсерін айқын көрсету;

4) жергілікті жердегі (республикадағы, облыстағы, аудандағы, қаладағы, ауылдағы) табиғатты қорғау шараларымен таныстыру;

5) алғашқы гигиеналық білім беру.

5. «Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесі:

1) 3 сынып – аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

2) 4 сынып – аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат.

6. Пәнді оқыту процесінде пәнаралық байланыс ескеріледі:

1) қазақ тілімен. Байланыстыра сөйлеу, сипаттау, салыстыру, баяндау арқылы сөздік қ о р ы н байыту;

2) әдебиеттік оқумен: табиғат, жер байлығы туралы әңгімелерді оқу, өлеңдер мен мақал-мәтелдерді жаттау;

3) математикамен: тәжірибелік жұмыстарда түрлі өлшеу құралдарын қолдану, масштаб туралы түсініктерін кеңейту;

4) музыкамен: адамның, табиғаттың көңіл-күйін бейнелейтін музыка, күйлер мен ә н д е р тыңдау;

5) бейнелеу өнерімен: суретшілердің табиғат, табиғат құбылыстары, жыл мезгілдеріне арналған шығармаларын пайдалану;

6) еңбекке баулумен: түрлі бұйымдар жасау барысында табиғи материалдар туралы білімдерін пайдалану;

7) дене шынықтырумен: денсаулық сақтау, күн тәртібі, адам өміріне зиянды әрекеттер, адам ағзасын шынықтыру туралы білімдерін толықтыру.

7. «Дүниетану» пәні - нашар еститін оқушылардың сөйлеу тілін, сөз байлығын қалыптастырып, логикалық ойлау және еңбек етуге талаптану, ұқыптылық, тәртіптілік, өзара көмек, өз жұмысын ұйымдастыра білу, оны соңына дейін аяқтау тәрізді бірқатар икемділіктері мен дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік береді.

8. «Дүниетану» сабағында да басқа сабақтарда сияқты есту қабілеті дамытылады, дыбыстардың дұрыс айтылуы қадағаланады, кемшіліктері түзетіліп отырылады.

9. «Дүниетану» пәнінің бағдарламасы сұранысына сай пәнаралық байланыс мүмкіншіліктері еңбек сабағында және де басқа да сабақтарда жүргізіледі. Бұл

мүмкіншіліктерді мұғалім дұрыс пайдаланып, іске асырып отыруы қажет. «Дүниетану» пәні нашар еститін оқушылардың ойлау және сөйлеу тілінің дамуына, еңбек етуге талаптану, ұқыптылық, тәртіптілік, табандылық, өзара көмек, өз жұмысын ұйымдастыра білу және оны соңына дейін аяқтау тәрізді бірқатар дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік береді.

2. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Кіріспе: табиғат дегеніміз не? Тірі және өлі табиғат. Табиғат құбылысын б а қ ы л а у .

11. Табиғаттағы жазғы және күзгі өзгерістер:

1) жазғы өлі табиғат: ауа температурасы, бұлттардың түзілуі, жазғы жаңбыр және найзағайлы жаңбыр, топырақ және су қоймаларының күйі;

2) күзгі өлі табиғат: күннің суыта бастауы, бұлттың түзілуі, күзгі жаңбырлар және басқа жауын-шашын түрлері, күзгі тұман, алғашқы үсік, топырақтың және су қ о й м а л а р ы н ы ң к ү й і .

12. Термометр. Ауа температурасын өлшеу.

13. Өсімдіктер қыста және жазда:

1) өсімдіктердің бөліктері;

2) ағаштар, бұталар, шөптесін бұталар;

3) өсімдіктердің гүлдеуі;

4) жемістер мен тұқымдардың пісіп-жетілуі;

5) жалпақ жапырақты және қылқанды ағаштар;

6) өсімдіктердің жазғы көрінісі.

14. Күзгі өсімдіктер тіршілігіндегі өзгерістер:

1) жапырақ реңінің өзгеруі;

2) жапырақтың түсуі;

3) шөптесін өсімдіктердің қурауы;

4) күзгі жемістер мен тұқымдар;

5) өсімдіктерді жазда және күзде қорғау.

15. Жаздағы жабайы және үй хайуанаттары:

1) қоректену жағдайы;

2) күздегі жабайы және үй хайуанаттарының тіршілігіндегі өзгерістер;

3) қоректену жағдайларының өзгеруі;

4) бунақденелердің жоғалып кетуі;

5) жыл құстары және олардың жылы жаққа ұшып кетуі.

16. Жазда және күзде жабайы жануарларды қорғау:

1) жабайы және үй хайуанаттарының айырмашылықтары;

2) қоректену жағдайларының өзгеруі;

- 3) қыстайтын құстар және олардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістер;
- 4) жабайы және жергілікті жерде мекендейтін жануарларды қысқа дайындау;
- 5) жабайы хайуанаттарды күзде қорғау.

17. Адамдардың жазғы және күзгі еңбегі:

1) егінді күтіп баптау;

2) астықты жиып алу;

3) келесі жылға дайындық;

4) ағаштар мен бұталарды күзде отырғызу;

5) топсеруен: жергілікті ағаштары, бұтақтары, шөптесін өсімдіктері және жануарлар тіршілігіндегі күзгі өзгерістермен танысу мақсатында орманға, баққа немесе тыным баққа серуенге бару;

6) күздегі ересектердің жұмысына балалардың қатысуы.

18. Іс-тәжірибе жұмысы:

1) термометрдің құрылысы және ауа температурасын өлшеу: өсімдік бөліктері;

2) көкжиек. Көкжиек сызығы. Күн және түсбағдармен жергілікті жерді бағдарлай білу. Түсбағдардың құрылысы. Түсбағдарды пайдалана білу. Табиғи белгілер бойынша көкжиек тұстарын таба білу.

19. Табиғаттағы күзгі өзгерістер.

20. Қысқы өлі табиғат:

1) ауа температурасы, бұлттың түзілуі, жауын-шашын;

2) қардың жаууы, қарлы боран: қар жамылғысының тұрақтылығын анықтау; қар және мұз;

3) суқоймалар мен топырақтың күйі.

21. Адам денсаулығын сақтау:

1) суық тиюі аурудан алдын-ала сақтандыру;

2) мектеп оқушыларының күн ережесі.

22. Қыстағы өсімдіктер:

1) қыстағы қылқанды және жалпақ жапырақты ағаштар мен бұталар;

2) қар астындағы қыстайтын өсімдіктердің ерекшеліктері;

3) өсімдіктерді қорғаудағы қар жамылғысының маңызы;

4) табиғаттағы өсімдіктерді қыста қорғау;

5) бөлме өсімдіктері және оларды күтіп-баптау.

23. Қыстағы жануарлар:

1) қыстайтын құстар және қыстағы қоректену жағдайлары;

2) қыстағы жабайы және үй хайуанаттары;

3) қыстағы жабайы жануарларды қорғау.

24. Адамдардың қыстағы еңбегі:

1) егістікке қар тоқтату;

2) техниканы көктемге дайындау;

- 3) астық және көкөніс қоймаларындағы жұмыс;
- 4) қала және ауыл көшелеріндегі қарды тазарту;
- 5) қыстағы табиғатты қорғаумен байланысты адамдардың еңбегі;
- 6) балалардың қысқы ересектер еңбегіне араласуы.

25. Адам денсаулығын қыста қорғау: үсікке шалдыққанда көрсетілетін алғашқы к ө м е к .

26. Қысқы ағаштар мен бұталардың күйін бақылау мақсатымен орманға, баққа немесе тынымбаққа топсеруенге бару.

27. Қар және мұзбен жасалатын тәжірибе.

28. Табиғаттағы көктемгі өзгерістер:

- 1) көктемгі өлі табиғат: жылулық, қардың еруі, бұлттың түзілуі, жауын-шашын;
- 2) су қоймаларының күйі: мұз көшкіні, су тасқыны, топырақтың еруі, топырақта ы л ғ а л д ы ң к ө б е ю і .

29. Жоспар және карта. Тәжірибе жұмыстары: күнге қарап көкжиек тұстарын түсбағдармен анықтау, жоспармен жұмыс істеу.

30. Көктемгі өсімдіктер.

31. Ерте гүлдейтін өсімдіктер:

- 1) ағаштар мен бұталар бүршіктерінің бөртуі;
- 2) өсімдіктердің гүлдеуі;
- 3) жапырақтардың жаюы.

32. Өсімдіктерді көбейту:

- 1) қалемшелек, сұлатпа сабақтары, мүртшалары, пиязшалардың тамыр түйнектері, тамырлары арқылы көбейту;
- 2) өсімдіктерді көктемде қорғау.

33. Көктемгі жануарлар:

- 1) жануарлардың қоректену жағдайлардың өзгеруі;
- 2) бунақденелердің пайда бола бастауы;
- 3) жыл құстарының ұшып келуі, ұя салуы;
- 4) жануарлар тіршілігіндегі өзгеріс;
- 5) жануарлардың балалауы;
- 6) жабайы жануарларды көктемде қорғау;
- 7) көктемдегі үй жануарлары.

34. Көктемдегі адам еңбегі: егістіктегі, бақтағы, тынымбақтағы, қалалар мен ауылдағы көктемгі жұмыстар.

3. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

35. К і р і с п е :

- 1) жергілікті жерді бағдарлау;

- 2) күнге қарап көкжиек тұстарын анықтау, көкжиек тұстарын тұсбағдармен анықтау ;
- 3) жоспармен жұмыс істеу ;
- 4) жоспар және карта ;
- 5) судың, жергілікті жердің топырағының физикалық қасиеттерін тәжірибе арқылы анықтау ;
- 6) картадан Қазақстан және көршілес республикалардың астаналарымен танысу ;
- 7) тапсырмалар бойынша табиғаттағы өзгерістер туралы бақылау жұмыстары ;
- 8) бұта, ағаштар отырғызу, оларды бұтау, күту ;
- 9) табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережелері.
36. Біздің өлке табиғаты.
37. Жер бедері :
- 1) жазық, төбе, жыра, тау ;
- 2) өлкеміздің, облыстық картадағы жер бедері шартты белгілері ;
- 3) өлкеміздің ауа райы ;
- 4) маңызды қазба-байлықтар (3-5), олардың қасиеті, өндіруі, пайдалануы.
38. Суқоймалар :
- 1) суқоймалар типтері, суқоймалар аты (2-3) ;
- 2) суқоймаларын пайдалану және қорғау ;
- 3) су және оның қасиеті (түсі, мөлдірлігі, ағымы, исі, дәмі, судың күйі, су-еріткіш, суды сүзгімен тазарту) ;
- 4) табиғаттағы су айналымы.
39. Топырақ :
- 1) топырақ, оның құрамы ;
- 2) топырақтың түрлері ;
- 3) топырақтың маңызы және оны қорғау.
40. Топсеруен :
- 1) жер бедерімен және қазба байлықтармен танысу ;
- 2) жергілікті су-қоймаларының ерекшеліктерімен танысу.
41. Адам ағзасы мен оның денсаулығын сақтау. Адамның дене құрылысы (жалпы шолу) :
- 1) тері, тері гигиенасы ;
- 2) қаңқа және дене сымбаты ;
- 3) дұрыс отырудың маңызы ;
- 4) оқығанда және жазғанда дұрыс отыру ;
- 5) бұлшық ет, оны шынықтыру ;
- 6) бұлшық етті шынықтырудағы еңбектің және дене шынықтырудың маңызы.
42. Ас қорыту мүшелері :
- 1) тамақтанудың гигиенасы ;

- 2) т і с ж әне о ны к ү т у ;
- 3) ж ү й к е ж ү й е с і ;
- 4) с е з і м м ү ш е л е р і ;
- 5) ж ү й к е ж ү й е л е р і н і ң ж әне с е з і м м ү ш е л е р і н і ң г и г и е н а с ы ;
- 6) е ң б е к ж әне д е м а л ы с е р е ж е л е р і ;
- 7) б а л а л а р д ы ң қ о ғ а м д ы қ п а й д а л ы е ң б е к к е а р а л а с у ы .

43. Қ а н а й н а л ы м м ү ш е л е р і :

- 1) ж ү р е к , о ны ш ы н ы қ т ы р у ;
- 2) т ы н ы с а л у м ү ш е л е р і ;
- 3) т ы н ы с а л у д ы ң г и г и е н а с ы ;
- 4) с у ы қ т и і п а у р у д а н с а қ т а н д ы р у .

44. Іс-тәжірибе жұмыстары: тыныш күйдегі, бір орында жүгіргеннен кейін немесе он рет отырып тұрған соң, әлсіз және денсаулығы жақсы балалардың жағдайларын салыстыру: кейбір қан кеткенде көрсетілген алғашқы көмектің тәсілдері, мектеп дәрігерінің басшылығымен сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

45. Қ о р ы т ы н д ы л а у :

- 1) ө т к е н т а қ ы р ы п т а р д ы қ а й т а л а у ;
- 2) ж и н а қ т а п қ о р ғ а у ж әне б і л і м д і ж ү й е л е у .

4. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

46. Пәндік нәтижелер. 3-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) өзі тұрған жердегі жаз, күз, қыс, көктемнің негізгі белгілерін, сондай-ақ өлі және тірі табиғаттағы кейбір өзара байланыстарды;
- 2) өз жерлеріндегі адамдардың табиғат өзгерістеріне байланысты атқаратын маусымдық жұмыстар ерекшеліктерін;
- 3) термометрдің құрылысы мен қолданылатын жерлерін;
- 4) қардың және мұздың қарапайым физикалық қасиетін;
- 5) мәдени-шөптекті өсімдіктердің (кем дегенде 5-6) аты мен айырмашылығын;
- 6) өздері тұрған жерлердегі өсімдіктердің атын және айырмашылығын (кем дегенде 3-4 ағаштың, 2-3 бұталардың, 3-4 шөптекті өсімдіктер);
- 7) ағаштардың, бұталардың, шөптекті өсімдіктердің, жалпақ жапырақты және қылқаланды өсімдіктердің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын;
- 8) өсімдіктердің көбеюінің кейбір жолдары (оқулық көлемінде) өсімдіктердің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын;
- 9) бес-алты бөлме өсімдіктерінің аты және айырмашылығы;
- 10) бөлме өсімдіктерін күтудің қарапайым ережелерін;
- 11) қыстайтын және жыл құстарының ерекшеліктерін;
- 12) көбейетін жергілікті жердің үй хайуанаттарының аты және айырмашылығын;

- 13) он шақты жабайы жануарлардың аты және айырмашылықтарын (кұрттар, бунақденелер, қосмекенділер, жорғалаушылар, құстар, аңдар);
- 14) көкжиекті. Көкжиек сызығын;
- 15) түсбағдардың құрылысын. Түсбағдарды пайдалана;
- 16) Қазақстан бас қаласы – Астана қаласын білуі тиіс.

5. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

47. Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) өз жерлеріндегі кейбір табиғат ерекшеліктерін (жер бедері, ауа райы және жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі өзгерістер; топырағы, қазбай байлықтары, су қоймалары, жануарлары);
- 2) өз жеріндегі адамдардың еңбегінің ерекшеліктерін;
- 3) көкжиек, көкжиек сызығын, көкжиек тұстарын;
- 4) түсбағдардың құрылысын және қолданылатын жерлерін;
- 5) ең маңызды (3-4) жергілікті жердің қазба-байлықтарының кейбір физикалық қасиеттерін;
- 6) судың физикалық қасиетін (түсі, иісі, дәмі, мөлдірлігі, ағымы, судың үш күйі, су еріткіші);
- 7) жергілікті жердің топырағының құрамын және қасиетін (топырақтағы, ауадағы, балықтағы, құмдағы, минералды тұздардағы су, қарашірік), 3-4 орман, шалғын, суқойма өсімдіктерінің атын; 5-6 жергілікті жердің жануарларының атын;
- 8) өзі тұрған жердің табиғатты қорғау шараларын;
- 9) Қазақстан республикасының бас қаласы – Астананы, көршілес республика астаналарын, өз жеріндегі әкімшілік орталықтарды;
- 10) жеке басының және қоғамдық гигиенасының қарапайым ережелерін;
- 11) адам ағзасының маңызды мүшелерінің аттарын;
- 12) егудің пайдасын (рөлі), ауруды анықтаудағы медициналық байқауларды білуі тиіс.

48. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) берілген тапсырмаларды өздігінен орындай алуынан;
- 2) табиғатты қорғай білуді, қамқорлық таныта білуінен;
- 3) тірі табиғатқа деген мейірімділік сезімінің пайда болуынан;
- 4) табиғат құбылыстарын, айналадағы әдемілікті сезіне білуінен;
- 5) меңгерген сөздік материалдарын ауызша айтып үйренгенінен көрініс табады.

49. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) күн және түсбағдармен бағдарлауымен;
- 2) судың, жергілікті жердің топырағының физикалық қасиеттерін тәжірибе арқылы анықтауымен;

- 3) картадан Қазақстан республикасының астанасын, көршілес республикалардың астаналарын көрсетуімен;
- 4) тапсырмалар бойынша табиғатта бақылаулар жүргізуді, оларды «Бақылау күнделігіне» жазып алуымен;
- 5) метрологиялық құралдарды термометр және желбаққыш, қарапайым және жолсеруендік құрал-жабдықтарды пайдалана білуімен;
- 6) тәжірибе жасағанда және ауылшаруашылық жұмыстарында қауіпсіздік ережелерін сақтауымен, бағдарламада қарастырған жеке бас гигиенасын сақтауымен;
- 7) өсімдіктер мен жануарларды сақтауымен;
- 8) гүл, бұта, ағаштар отырғызуымен;
- 9) табиғатта өзін-өзі ұстай білуімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Білім және ғылым министрінің
 2015 жылғы 18 маусымдағы
 № 393 бұйрығына 29–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Білім және ғылым министрінің
 2013 жылғы 3 сәуірдегі
 № 115 бұйрығына 134–қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Еңбекке баулу» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Бастауыш сынаптардағы еңбекке баулуда оқушылардың жалпы еңбекке дайындығының негізі салынады. Пәннің негізгі ерекшелігі – адам және қоршаған әлем арасындағы өзара байланысы, қоғам дамуындағы адам қызметінің рөлі туралы түсініктерін, алғашқы технологиялық біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Еңбек оқушы дамуының (адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық) ең бір басты факторы болып табылады. Осы сатыда қалыптасатын дағды оқушының одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім және білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Бастауыш сыныптарда еңбекке баулу нашар еститін оқушыларды оқыту, тәрбелеу және дамыту жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Негізгі мақсаттар :

- 1) бастапқы технологиялық білім, еңбек білігі мен дағдысын, іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту;
- 2) сенсорика, қол саусақтарының кіші моторикасын, кеңістік қиялын, ақпарат түрлерінде бағдарлау қабілеттерін дамыту;
- 3) қоршаған әлем өзгерісіндегі адам еңбегінің рөлі туралы білімді меңгерту;
- 4) адам және адам еңбегіне құрметпен қарауға, еңбексүйгіштігін тәрбиелеу.

4. Міндеттер :

- 1) бастауыш сыныптағы нашар еститін балалардың еңбексүйгіштігін, ересектердің еңбегіне құрметпен қарау, материалдар мен құрал-жабдықтарды үнемдеуге үйрету;
- 2) еңбек мәдениетін, бастапқы білім, біліктерін қалыптастыру;
- 3) практикалық іс-әрекетте және күнделікті өмірде алған білім мен білігін п а й д а л а н у ;
- 4) жеке гигиена ережесін сақтау, материалдар және құралдармен қауіпсіздік жұмыс тәсілін қолдану дағдысын дамыту;
- 5) өздігінен қажетті материалдардан түрлі бұйымдар құрастыру;
- 6) оқушылардың шығармашылық қабілетін, көркем сезімін, шығармашылық қиялын, кеңістік ой-өрісін, эстетикалық талғамы мен құрастырушылық қабілеттерін д а м ы т у ;
- 7) ұжымдық жұмыс істеуді ұйымдастыру.

5. Типтік оқу жоспары бойынша «Еңбекке баулу» пәніне дайындық сыныбында аптасына 2 сағат, бағдарламалық материалды меңгеру үшін жылына:– 66 сағат, 1-сыныпта аптасына 2 рет, жылына – 66 сағат, 2–сыныпта аптасына 3 рет, жылына 102 сағат, 3 сыныпта аптасына 2 рет, жылына 68 сағат, 4-сыныптарға аптасына 2 рет, жылына 68 сағат қарастырылған.

6. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру кезінде оқушылар басқа пәндерден алған біліктіліктері мен дағдыларын еңбекке баулу сабағында пайдалана алады:

- 1) қазақ тілі, әдебиеттік оқу. Өз еңбегінің нәтижесін ауызекі тілде толық, нақты, ж ү й е л і ж е т к і з е білу ;
- 2) математика. Бұйымдарды жасауда өлшем бірліктерін қолдану;
- 3) дүниетану. Табиғатқа саяхат барысында табиғи материалдармен танысу, оларды жинау, табиғи құбылыстар туралы мағлұматтар алу;
- 4) бейнелеу өнері. Бұйымдар мен заттардың пішінін, түсін салыстыру, сызу, бояу, сурет салу, мүсіндеу жұмыстарын орындау, үйлесім туралы түсінігін тереңдету, оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, бұйымдардың шығу тарихымен танысу;
- 5) дене шынықтыру. Қол саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамыту, бұлшық еттерді шынықтыру, жұмыс істеу барысында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау ережесімен танысу және оны орындау арқылы пәнаралық байланыс жүзеге асырылады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

7. Іс-әрекет түрлері (66 сағат):

1) илеу (23 сағат). Ермексазды жұмсарту. Материалды керекті пішінге келтіру (дөңгелек, сопақша, шұжық, шар). Ермексаздың бір бөлігін жұлып алып, ермексазды зат көлеміне сай бөлшектерге бөлу. Әртүрлі пішінді заттарға қарап, илеп, жасау;

2) жапсырмақұрақ (23 сағат). Қалыпты үлгі бойынша пішілген дайындаманы айналдыра сызу. Сұлбамен пішілген үлгі бойынша кесіп алу. Әртүрлі пішілген пішіндегі заттарды қию. Түрлі-түсті қағаз түрлерін таңдау. Қағаз бетіне желімдеу;

3) сурет салу (20 сағат). Затты сұлба пішініне қарап, еске түсіріп жасау. Бір бағытта желі бойынша бояу және штрихтау. Әртүрлі бағытта штрихтау. Берілген тақырып бойынша сюжетті суреттер қарап, сурет салу.

8. Іс-әрекетке берілген тақырыптар: жемістер, көкөністер, ойыншықтар, жиһаздар, ыдыстар. Қыс қызықтары, көктем, көктемгі саяжай. Гүлдер, құмырадағы гүлдер.

9. Шамамен алынған сөздік материал:

1) енжар сөздік: илеу, жұмсарту, кесу, сызу, сурет салу, желімдеу, бояу, айналдыра сызу, сұра, үлестір, сана; Үлкен, кіші, ұзын, қысқа, әртүрлі; қара, көк, қызыл, сұр, қоңыр, жасыл; оң жақта, сол жақта, жоғарыда, жанында, ортасында; Ермексазды ал, қолыңды сула, ермексазды жұмсарт, ермексаз қатты, жұмсақ, ермексаздың бір бөлігін ал, шұжық сияқты иле, былай жаса; Ненің, Сен не істейсің? Сен не істедің? Кімде бар? (жоқ) Кім жасады? Мен илеп жасадың? Дөңгелекті қи. Дөңгелекті айналдыра, қиып ал. Төртбұрышты қиып ал. Екі шаршыны қи. (Ақ, сары) қағазды ал. Кім үй жасайды? Маған беріңізші. Кішкене дөңгелекті қағазға желімде. Қарындашпен (боя). Алмастан қ а р ы н д а ш с ұ р а ж әне с у р е т с а л ;

2) белсенді сөздік: бұйымның аты және бөлшектері; құрал-жабдықтар: қайшы, желім, қарындаш; геометриялық денелер: шаршы, тікбұрыш, төртбұрыш; Заттардың сынын білдіретін: ақ, көк, қызыл, сары, қоңыр, үлкен, кіші, бірдей, қалың, жұқа, бірдей, жақсы, жаман, қатты, жұмсақ, ұзын, қысқа, әдемі, оң жақта, сол жақта, жанында, төменде, ортасында, көп, аз, тең, теңдей; Ал, секір, жүгір, желімде, қиып ал, боя; Қандай, кімдікі, менікі, сенікі. Мен ермексазды (қағазды) алдым. Айдынның суреті. Айман дұрыс жасады? Мынау не? Қанат не істеді? Сен не істедің? Кімде бар? Кім жасады? Мен кестім. Маған... беріңізші. Мен... суретін салдым. Мен болдым. Маған көмектесіңізші.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Техникалық еңбек. Қағазбен жұмыс істеу (24 сағат):

1) техникалық мағлұматтар. Қағаз түрлерімен таныстыру (жазуға арналған қағаз, сурет салуға, газет шығаруға, орауға, қаптауға арналған қағаздар). Қағаздың қасиеті:

иілуі, бүктелуі, қапталуы, суға жібуі, жібіген қағаздың тез мыжылатыны, қиылуы, кесілуі. Қағаздың түрлері мен іріктемелері туралы түсініктеме. Түсті қағаздар: қызыл, ақ, сары, көк т.б. Қағазбен жұмыс істеуге керекті құралдар: ысқылауық, қайшы, қ а р ы н д а ш , ж о б а , ө л ш е г і ш ;

2) жұмыста қолданылатын әдістер. Үлгіні талдау, іс-әрекет жұмысына сай жоспар құру; материалдар мен инструменттерді таңдап алу; жұмыс орнын дайындау; материалды үнемді пайдалану. Қағазды сызғышпен өлшеп, белгілеп тура қисық, дөңгелек сызықтар арқылы қию. Қағазды қиыстырып желімдеу. Үлгі бойынша, қағаздан қиып заттар жасау;

3) үлгілік жұмыстар. Кітап сыртын қаптау, дәптерді қаптау, тұқым салатын конверттер, пакеттер жасау, кітаптардың арасына қыстыратын жолақ жасау, қайық, қ а л п а қ о й ы н ш ы қ .

11. Тұрмыстық еңбек.

12. Матамен жұмыс істеу (8 сағат):

1) өткір, үшкір заттармен (инемен, қайшымен) жұмыс істегенде, қауіпсіздік техникасы мен тазалық-гигиеналық ережені сақтау;

2) техникалық мағлұматтар. Мата түрлерімен таныстыру. Матамен жұмыс істейтін құралдармен (ине, жіп, оймақ т.б.) таныстыру. Тігіс түрлерімен таныстыру. Инемен т і г у д і ү й р е т у ;

3) үлгілік жұмыстар. Кесте тігуге ине жіптерді дайындау. Жіптің түрлерін, ұзындығын таңдай білу, инені сабақтай білу, жіптің ұшын түйе білу.

13. Киім күтімі (4 сағат):

1) киімдерге түйме қадауды үйрету;

2) мата түріне сай түйме түрлерін, жіп түрлерін таңдай білу.

14. Әр түрлі материалдармен жұмыс істеу.

15. Ермексазбен және сазбалшықпен жұмыс істеу (10 сағат):

1) үлгі бойынша көкөніс, жемістерді мүсіндеу;

2) техникалық мағлұматтар. Сазбалшық пен ермексазды қолдана білу. Сазбалшықты жұмысқа дайындау, құрғақ топыраққа су құйып, араластыру және илеу, иленген сазбалшықты жұмысқа әзірлеу. Ермексазды жұмысқа дайындау және илеп жұмсарту. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыра білу, материалды дұрыс қолданып, мүсіндеу жұмыстарында тазалық-гигиеналық ережелерді сақтау.

16. Табиғи және әртүрлі материалдармен жұмыс (10 сағат):

1) үлгі бойынша ағаш жапырақтарынан құрастырып құс жасау. Ағаш жапырақтарынан желімдеп қоян жасау;

2) табиғи материалдармен жұмыс істеуді жоспарлау, ұйымдастыру, жұмысқа дайындалу, әр түрлі бұйымдар жасау;

3) қағаздан әр түрлі шыршаға арналған ойыншықтар даярлау, табиғи материалдардан, ермексаздан, көкөністер, жемістер, ыдыстар жасау.

17. Ауыл шаруашылық еңбегі.

18. Күзгі жұмыстар (3 сағат):

1) тырмамен жұмыс істегенде еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Мектеп тәжірибе үлескесіндегі жұмыс істегенде тазалық-гигиеналық ережелерді сақтау. Мектеп тәжірибе үлескесіндегі күзгі жұмыстар түрімен таныстыру. Бақта, бақшада жұмыс істеуге арналған құрал-саймандармен таныстыру (тесе, тырма, орақ, күрек т.с.с);

2) іс-тәжірибе жұмыстары: қоқыстарды жинау, ағаш жапырақтарын құраған бұтақтарды жинау, табиғи материалдарды жинау (гүлдер, жапырақтар, дәндер, б ұ т а қ т а р) .

19. Көктемгі жұмыстар (3 сағат):

1) тырма, күрек, сукұйғышпен жұмыс істегенде еңбек қауіпсіздігі ережесін сақтау. Тазалық-гигиеналық ережелерді сақтау;

2) мектеп тәжірибе үлескесіндегі көктемгі жұмыс түрлерімен таныстыру. Көшет отырғызу, дән себу, оларды күтімдеу (суғару, қопсыту, тазалау т.с.с.);

3) іс-тәжірибе жұмысы: Тұқым себетін үлескіні дайындау және өсімдік отырғызу, тұқым себу. Өсімдіктерді күту және оларды зиянкестерден қорғау.

20. Сыныптағы жұмыс (4 сағат):

1) бөлме өсімдіктермен таныстыру. Бөлме өсімдіктерін отырғызу. Бөлме өсімдіктерін күту. Тұқымды себуге дайындау;

2) іс-тәжірибе жұмыстары. Өсімдік күтімі: шаңын сүрту, суғару, кепкен жапырақтарын тазалау;

3) сабақтан тыс жұмыс: табиғи материалдарды жинау, Жұмыс істеуге дайындау. Еңбек мерекелерін өткізу.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

21. Техникалық еңбек.

22. Қағазбен жұмыс істеу (14 сағат):

1) инемен, бізбен, қайшымен жұмыс істегенде, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау ;

2) қағазбен, қатырмақ қағазбен жұмыс істегенде тазалық-гигиеналық талаптарды сақтау; техникалық мәліметтер. Қағазбен қатырмаққағаздың айырмашылығы, қалыңдығы, сынуы, иілуі, қаттылығы, жұмсақтығы. Жұмысқа керекті құралдар туралы мәлімет беру. Жұмыс орнын сабаққа дайындау. Қағазбен қатырмаққағаздарды желіммен , жіппен, сымтемірмен жалғастыру. Қауіпсіздік техникасы мен тазалық-гигиеналық талаптарды сақтау ;

3) әңгімелесу: «Қағаздан не жасайды?», «Дәптерді қалай жасайды?»;

4) іс-тәжірибе бақылау: Қағаз түрлерін салыстыру. Қағаз бен қатырмаққағаздың төзімділігін, ылғалды қалай қабылдайтынын бақылау;

5) тәжірибе жұмыстары. Жұмысты ұжымды түрде жоспарлау. Қағаз және қатырмақағаздарды өлшеу, белгілеу, қию, қаттау;

6) үлгілік тапсырмалар: «Бағдаршам», «Автобус аялдамасы» т.с.с.; көшеде жүру тәртібі ережелеріне берілген тақырыптар: қағаздан және қатырмақағаздан «Бағдаршам» жасау. Қағаздан және қатырмақағаздан жасалған сувенирлер, дидактикалық материалдар. Тұқым сақтайтын конверт, пакеттер дайындау.

23. Техникалық модельдеу жұмыстары (16 сағат):

1) техникалық-технологиялық мәліметтер: Конструктормен жұмыс жүргізу, әр бөлшектерімен таныстыру, құрастыруға қатысты құрал-саймандармен таныстыру. Әртүрлі ауыл шаруашылық техникаларын, көліктері, олардың бөлшектерімен таныстыру. Оларды ажырата және құрастыра білу;

2) әңгімелесу: «Ауылшаруашылық көлік түрлері» т.с.с.;

3) тәжірибе жұмыстары: Конструкторларды пайдаланып әр түрлі ауылшаруашылық техникаларын құрастыру. Үлгілік тапсырмалар: «Трактор», «Комбайн» т.с.с.

24. Тұрмыстық еңбек.

25. Матамен жұмыс істеу (6 сағат):

1) техника-технологиялық мәліметтер: Мата түрлерімен (мақта, жібек, капрон, нейлон, бөз) таныстыру. Жіп түрлерімен (тігуге, кесте тігуге жамауға, тоқуға арналған жіптер) таныстыру. Мата тігуге арналған (тігін машина инелері, тігуге арналған ине, қайшы, оймақ, түйреуіш) құралдармен таныстыру. Оларды күте және сақтай білу ережелерімен таныстыру;

2) әңгімелесу: «Қандай мата түрлерін білеміз», «Қандай жіп түрлерін білеміз, олар қайда пайдаланылады», «Мата қайдан шығады» т.с.с.;

3) іс-тәжірибе жұмыстары: Маталарды пішіп, өлшеп тігуге, өлшемдерді жасауға үйрету;

4) үлгілік тапсырмалар: орамалдар мен түрлі бұйымдарды тігу, кестелеу, әдемі ою-өрнектер салып тігуді үйрету. Түрлі матаны шаршы, төртбұрыш, дөңгелек пішінде дайын жоба арқылы пішіп қою. Қиылған материалдан жинақтама (құрақ көрпе) құрастыру. Ине шаншитын жастықша жасау. Матаны жұмысқа үнемдеп қолдану. Матаны өлшеу, белгілеу, қию әдістерін дұрыс пайдалану.

26. Киім күтімі (2 сағат): ілмектерді, ілгішті белгілеп киімдерге тіге білуді үйрету. Киімді ілгекке дұрыс ілу, тазалау, үтіктеу жұмыстарын үйрету.

27. Әртүрлі материалдармен жұмыс істеу.

28. Ермексазбен және сазбалшықпен жұмыс істеу (6 сағат):

1) үлгі бойынша немесе затқа қарап мүсіндеу, жүк көлігі, жеңіл машина;

2) затқа қарап мүсіндеу. Өз еріктерімен қиыстырма (композиция) құрастыру, «Жануарлар мен құстардың мүсіндерін илеп жасау», «Жиһаздар жасау»: (орындық, төсек, шкаф, кресло).

29. Табиғи және әртүрлі материалдармен жұмыс (10 сағат):

1) әртүрлі табиғи материалдарды жинау мақсатымен топсеруен ұйымдастыру. Үлгі бойынша өзбеттерімен қошақанның, күшіктің бейнелерін жасау. Көлемді табиғи материалдардан жасалынған бұымдардан қиыстырма құрастыру. «Жаңа жылдағы шырша», «Шырша ойыншықтары» т.с.с.;

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Күзгі демалыс», «Орман», «Аңдар қысқа қалай дайындалады?», «Асханада», «Мектеп шеберханасы», «Қыс. Қыс қызықтары»;

2) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : ойын; диалог барысында демонстрациялау; суреттерді пайдалана отырып диалог құру;

3) сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдегі сөз құрамын бала деңгейіне қарай ұлғайту. Сәйкес суреттерді таңдау. Сөйлемдерді суреттердің көмегімен және көмегінсіз толықтыру. Ұқсас бірнеше сөйлемдер арасынан керектісін таңдау;

4) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану, есепті құрастырып, шешу, жеңіл мәселе есептерді орындауға керекті сөздер. Термин сөздер сыныпқа байланысты өзгертіліп, толықтырылып о т ы р а д ы ;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10-12 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнеіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

76. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) әр-түрлі халық әндері;
 - 2) х о р ә н д е р і ;
 - 3) ө л е ñ ә у е н д е р і ;
 - 4) радио және теле бағдарламалар дыбысталулары.
- 7 7 . 3 т о қ с а н .

78. Дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді қабылдау. Сонымен қатар таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдану (баланың естіп қабылдау деңгейіне байланысты аппаратпен және аппаратсыз):

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Мен, қысқы демалысты қалай өткіздім?», «Оқушының күн тәртібі», «Мектеп кітапханасы», «Менің досым»(сипаттау), «Жануарлардың адамға пайдасы», «Хайуанаттар бағы», «Көктем. Көктем мерекелері», «Аналар мерекесі»;

2) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана

отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : ойын; диалог барысында демонстрациялау; суреттерді пайдалана отырып диалог құру;

3) сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдегі сөз құрамын бала деңгейіне қарай ұлғайту. Сәйкес суреттерді таңдау. Сөйлемдерді суреттердің көмегімен және көмегінсіз толықтыру. Ұқсас бірнеше сөйлемдер арасынан керектісін таңдау;

4) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану, есепті құрастырып, шешу, жеңіл мәселе есептерді орындау кезіндегі сөздер. Термин сөздер сыныпқа байланысты өзгертіліп, толықтырылып отырады ;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 8-12 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнекіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

79. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) әр-түрлі халық әндері;

2) х о р ;

3) фортепиано әндері;

4) өлең әуендері .

8 0 . 4 т о қ с а н .

81. Дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді қабылдау. Сонымен қатар таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдану (баланың естіп қабылдау деңгейіне байланысты аппаратпен және аппаратсыз):

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Адамдардың көктемгі еңбегі», «Үй және жыл құстары», «Дүкенде», « Біздің әскер », « Ж а з » ;

2) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : ойын; диалог барысында демонстрациялау; суреттерді пайдалана отырып диалог құру;

3) сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдегі сөз құрамын бала деңгейіне қарай ұлғайту. Сәйкес суреттерді таңдау. Сөйлемдерді суреттердің көмегімен және көмегінсіз толықтыру. Ұқсас бірнеше сөйлемдер арасынан керектісін таңдау;

4) математикалық материалды ажырату – балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану, есепті құрастырып, шешу, жеңіл мәселе есептерді орындау. Термин сөздер сыныпқа байланысты өзгертіліп, толықтырылып отырады;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10-12 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнекіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндеді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

82. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) атақты әншілердің дауыстары;

2) өлең әуендері.

83. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру:

1) сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс: мұғаліммен қосарланып және еліктеу арқылы бір тыныста бірнеше буындарды бірге айтқызу (папапапа немесе тататата);

2) 13-15 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды қажетті синтагм үзілістерін графикалық белгісіне қарап таныс емес сөздерде еліктеу арқылы, таныс сөздерде өз беттерімен айту. Мысалы: Ертең кешке/біз теледидар көреміз.

84. Дауыспен жұмыс:

1) мұғалімге еліктеу арқылы және өз бетімен сұрақ қойған кезде дауысты қаттырақ шығарып логикалық екпін түсіріп айту. Мысалы, Кім сабақ айтады? Қандай көйлек киесің?;

2) сөйлемдерді хабарлы, лепті, сұраулы екпінмен айтқызу. Мысалы: Көктем келді. Алақай! Көктем келді! Көктем келді ме?.

85. Дыбыстармен жұмыс.

86. Дұрыс айта алмайтын дыбыстарды түзету және бекіту. Сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажырату:

1) дауысты дыбыстар: а-ә, о-ө, ұ-ү, ә-е, у-ұ;

2) дауыссыз дыбыстар:

қуыстан шығатын дыбыстар: с-з, ш-ж, с-ш, з-ж, ф-в;

мұрындық дыбыстар: м-б, н-д, б-п, м-п, н-л;

қабысып жарып шығатын дыбыстар: т-д, б-п, г-к, г-ғ, к-қ;

аффрикаттар: ч-ц, ц-с, ч-ш.

87. Сөздермен жұмыс:

1) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айтқызу;

2) жеке дыбыстардың дыбысталуы:

ерін үндестігі: құлын-құлүн, төсек-төсөк, көңілді-көңүлді;

дифтонгтардың дыбысталуы: тақия-тақыйа, Әлия-Әлійә, иық-ыйық, қию-қыйуу;

дауысты дыбыстардың дыбысталуы: шай-шәй, жай-жәй, лақ-ылақ;

сөз ішінде дыбысталуы: абжылан-апжылан, сенген-сеңген, басшы-башшы

к е с ш і - к е ш ш і ;

екі сөз жігінде: ақ жауын-ағжауұн, ақ ала-ағала, тақ сан-тахсан, алып ұшу-алыб

ұ ш ұ у .

88. Фразалармен жұмыс:

1) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдану;

2) мұғаліммен қосарланып және өз бетімен қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтқызу.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

89. Есту қабілетін дамыту.
90. 1 тоқсан.

91. Дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді қабылдау. Сонымен қатар таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдану (баланың естіп қабылдау деңгейіне байланысты аппаратпен және аппаратсыз):

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда) - (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Қазір сағат неше? Күзде ауа райы қандай? Бірінші сабақ нешеде басталады. оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындау. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Жазғы демалыс», «Менің Отаным», «Қаланың көрікті жерлері», «Менің отбасым», «Күз», «Нан. Екіншінің еңбегі», «Не жақсы? Не жаман?»;

2) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : ойын; диалог барысында демонстрациялау; суреттерді пайдалана отырып диалог құру; жүргізілген экскурсия, демалыс күндерінен кейінгі диалог құру;

3) сөйлемдерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материал) – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрылымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сөйлемдегі сөз құрамын бала деңгейіне қарай ұлғайту. Сәйкес суреттерді таңдау. Сөйлемдерді суреттердің көмегімен және көмегінсіз толықтыру. Ұқсас бірнеше сөйлемдер арасынан керектісін таңдау. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс;

4) математикалық материалды ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материял) – 100-1000 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет бойынша есептер құрастыру;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10 сөйлемнен артық таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнекіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

92. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) би музыкасы; өлең әуендері;
- 2) тігін машинкасының, электропила шуылдары;
- 3) инструменталды аспаптар;

4) өлең әуендері; атақты әншілер дауыстары.
9 3 . 2 т о қ с а н .

94. Дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді қабылдау. Сонымен қатар таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдану (баланың естіп қабылдау деңгейіне байланысты аппаратпен және аппаратсыз):

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда) - (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Бүгін неше сабақ? Сен сабақта не үйрендің? Ертең неше сабақ? Саған қай жыл мезгілі ұнайды? Неге? Не үшін? Оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материалы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындауды жалғастыру. Қазір сағат неше? Күзде ауа райы қандай? Бірінші сабақ нешеде басталады. оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материалы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындау;

2) жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Мамандықтар», «Біздің пәтер», «Алақай, қыс келді», «Қысқы спорт ойындары», «Құстар мен аңдардың қыстағы өмірі», «Оқушылардың мектептегі еңбегі»;

3) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі: ойын; диалог барысында демонстрациялау; суреттерді пайдалана отырып диалог құру; жүргізілген экскурсия, демалыс күндерінен кейінгі диалог құру;

4) сөйлемдерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материал) – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрлымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату (пен, мен, және, немесе, өйткені). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Мысалы: Мұғалім оқушыға, бала кітап оқып отырған суретті ұсынып. Қыз кітап оқып отыр деп айтады. Оқушының міндеті дұрысын таңдау. Біртіндеп ойын түрін күрделендіруге болады. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс;

5) математикалық материалды ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материал) – 100-1000 жүздіктерді ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен және жүздіктермен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет бойынша есептер құрастыру;

б) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10

сөйлемнен артық таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнекіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

95. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

- 1) би музыкасы; өлең әуендері;
- 2) тігін машинасының, электропила шуылдары; инструменталды аспаптар;
- 3) өлең әуендері; атақты әншілер дауыстары.

9 6 . 3 т о қ с а н .

97. Дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді қабылдау. Сонымен қатар таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдану (баланың естіп қабылдау деңгейіне байланысты аппаратпен және аппаратсыз):

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда) - (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Табиғат құбылыстары; оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындауды жалғастыру. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Қысқы демалыс», «Қыс қызықтары», «Табиғат құбылыстары», «Қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау», «Көктем», «Әдептілік», «Менің бөлmem», «Халықаралық әйелдер күні», «Ұлыстың Ұлы күні»;

2) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : Диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшеоерінен: бастауыш , баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру. Жүргізілген экскурсия бойынша диалог құру. Театр, кинотеатр, музейде өткен экскурсия бойынша диалог құру. Досының туған күні, мен кім болғым келеді, досын сипаттау тақырыптарына диалог жүргізуді жалғастыру;

3) сөйлемдерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материал) – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрлымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату (пен, мен, және, немесе, өйткені). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс ж а с а у ;

4) математикалық материалды ажырату – 100-1000 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2 -9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе

есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет бойынша есептер құрастыру ды жалғастыру;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10 сөйлемнен артық таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнекіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

98. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау:

1) өлең әуендері; атақты әншілер дауыстары;
2) симфониялық әндер.

99. 4 тоқсан.

100. Дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді қабылдау. Сонымен қатар таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдану (баланың естіп қабылдау деңгейіне байланысты аппаратпен және аппаратсыз):

1) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда) - (бала деңгейіне қарай күрделендіру). Табиғат құбылыстары; оқу іс-әрекетіне байланысты; ауа райы; жыл мезгілдері; отбасы; күн тәртібі; асхана бойынша пайдаланылатын сөйлеу тілі материялы бойынша сұрақтарды ажырату, тапсырмаларды түсініп орындауды жалғастыру. Жалпы білім беру пәндеріне сәйкес сөйлеу тілі материалы: «Кұстар біздің досымыз», «Ғарышкерлер күні», «Отан қорғаушылар», «Жаз», «Жаз қызықтары»;

2) диалог жүргізу - тіл дамыту сабақтарындағы сөйлеу тілі материалын пайдалана отырып мұғалім және оқушы арасындағы сұрақ жауап алмасу. Жүргізілетін жұмыс түрі : Диалогты ойын түрінде ұйымдастыру. Диалог кезінде сөйлем мүшеоерінен: бастауыш , баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты қосу. Диалог барысында демонстрациялау. Суреттерді пайдалана отырып диалог құруды жалғастыру. Жүргізілген экскурсия бойынша диалог құру. Театр, кинотеатр, музейде өткен экскурсия бойынша диалог құру. Досының туған күні, мен кім болғым келеді, досын сипаттау тақырыптарына диалог жүргізу ді жалғастыру;

3) сөйлемдерді ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материял) – бұл бөлім материалдары грамматикалық сөйлеу тілі құрлымын қалыптастырумен тығыз байланысты. Сюжеті бойынша ұқсас суретке сәйкес сөйлемді табу. Өткен тақырыптар бойынша сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөйлемдерді ажырату. Сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш сөздерді пайдалану. Суретке сәйкес сөйлемді табу. 2-3 ұқсас сөйлемнен керектісін таңдау жалғастыру. Жалғаулық сөздері бар күрделі сөйлемдерді ажырату (пен, мен, және, немесе, өйткені). Дұрыс-дұрыс емес ойыны. Деформацияланған сөйлеммен жұмыс жасау;

4) математикалық материалды ажырату (ашық таңдауда), тану (жабық таңдауда), танып-білу (таныс емес материял) – 100-1000 дейінгі сандарды ажырату. Балаға таныс

математикалық термин сөздерді пайдалану. Ондықтармен қосып азайту. 2-9 көлеміндегі көбейту кестесі, есе артық, есе кем терминдерін ажырату. Мәселе есептерде артық, кем, есе артық, есе кем терминдерін пайдалануды жалғастыру. Сурет бойынша есептер құрастыруды жалғастыру;

5) мәтінмен жұмыс – барысында баланың қабылдау деңгейіне байланысты 10 сөйлемнен артық таныс және таныс емес мәтіндерді пайдалану. Мәтінмен жұмыс барысында көрнекіліктерді, конструктивті суреттерді пайдалану. Деформацияланған мәтіндерді қосу. Жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау.

101. Тілдік емес дыбысталуларды естіп қабылдау: өлең әуендері; атақты әншілер дауыстары; симфониялық әндер.

102. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру: сөйлеу кезіндегі тыныспен жұмыс. Жаттап алған мәтінді синтагмдік үзілістерін сақтай отырып дұрыс тыныс шығарып айтқызу.

103. Дауыспен жұмыс:

1) мәтінді оқыған кезде хабарлы, сұраулы, лепті екпіндерді дұрыс айтқызу;

2) сөйлемдерді хабарлы, лепті, сұраулы екпінмен айтқызу.

104. Дыбыстармен жұмыс.

105. Дұрыс айта алмайтын дыбыстарды түзету және бекіту. Сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажырату:

1) дауысты дыбыстар: а-ә, о-ө, ұ-ү, ә-е, у-ұ;

2) дауыссыз дыбыстар:

қуыстан шығатын дыбыстар: с-з, ш-ж, с-ш, з-ж, ф-в;

мұрындық дыбыстар: м-б, н-д, б-п, м-п, н-л;

қабысып жарып шығатын дыбыстар: т-д, б-п, г-к, г-ғ, к-қ;

аффрикаттар: ч-ц, ц-с, ч-ш.

106. Сөздермен жұмыс:

1) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айтқызу;

2) ы және й дыбыстарының тіркесі: ми-мый, жина-жыйна;

3) і және й дыбыстарының тіркесі: иіс-ійіс, киіз-кійіс;

4) жеке ы дыбысы: мия-мыйа, қию-қыйу, сия-сыйа;

5) жеке ұ дыбысы: су-сұу, ту-тұу, буын-бұуын.

107. Фразалармен жұмыс:

1) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдану;

2) мұғаліммен қосарланып және өз бетімен қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтқызу;

3) диалог кезінде логикалық екпіндерді қолдануға үйрету.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

108. Пәндік нәтижелер. Дайындық сыныптың соңында оқушылар:

- 1) есту аппаратымен және есту аппаратынсыз берілген сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды есту арқылы қабылдауды және айтуды: оқу іс әрекетін ұйымдастыруға байланысты сөздік материалдарды; тақырыптарға байланысты сөздік материалдарды;
- 2) берілген материалдарды аппаратсыз 0,9 м-1м қашықтықтан (1 деңгейдегі нашар естушілік), 0,2 м-0,3м қашықтықта (2 деңгейдегі нашар естушілік), құлақ түбінен (3 деңгейдегі нашар естушілік) қабылдауды;
- 3) жеке есту аппараттарымен 1м-1,3м қашықтықта (1 деңгейдегі нашар естушілік), 1м қашықтықта (2 деңгейдегі нашар естушілік), 0,5 м қашықтықта (3 деңгейдегі нашар естушілік) қабылдауды;
- 4) 3-5 қысқа сөйлемнен тұратын мәтіндерді есту арқылы қабылдауды және айтуды;
- 5) дыбысталатын ойыншықтарды ажыратуды;
- 6) дыбыстың шыққан бағытын анықтауды;
- 7) дыбысталудың қарқындылығы, ұзақтығын, санын ажыратуды білуі тиіс.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

109. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) есту аппаратымен және есту аппаратынсыз берілген сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды есту арқылы қабылдауды және айтуды: оқу іс әрекетін ұйымдастыруға байланысты сөздік материалдарды; тақырыптарға байланысты сөздік материалдарды;
- 2) берілген материалдарды аппаратсыз 1м-1,3 м қашықтықтан (1 деңгейдегі нашар естушілік), 0,3м-0,4м қашықтықта (2 деңгейдегі нашар естушілік), 5-7 см қашықтықта (3 деңгейдегі нашар естушілік) қабылдауды;
- 3) сөздік материалды жеке есту аппараттарымен 1,5 м -1,7 м қашықтықта (1 деңгейдегі нашар естушілік), 1м -1,2 м қашықтықта (2 деңгейдегі нашар естушілік), 0,5 м -0,7м қашықтықта (3 деңгейдегі нашар естушілік) қабылдауды;
- 4) 5-7 қысқа сөйлемнен тұратын мәтіндерді есту арқылы қабылдау және айтуды;
- 5) тілдік емес дыбыстарды, әуенді, жануарлардың, құстардың дауыстарын аппаратпен және аппаратсыз есту арқылы қабылдауды;
- 6) есту арқылы жиілігі әртүрлі дауыстарды қабылдау және әртүрлі жиілікте сөйлей алуы ;
- 7) дыбыстың шыққан бағытын анықтауды;
- 8) ересек адаммен баланың дауысын ажырата алуды;
- 9) 5-8 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тынысты шығарғанда айта алуды ;
- 10) өз бетімен 4-5 буыннан тұратын таныс сөздерді буындық құрамын сақтай отырып, орфоэпия ережесіне сай айтуды;
- 11) қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтуды;

- 12) 7-8 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тыныс шығарғанда айтуды ;
- 13) хабарлы және сұраулы сөйлемдерге байланысты дауыстың мәнерін өзгертуді;
- 14) қазақ тіліндегі дыбыстарды ашық, жабық және тұйық буында, сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтуды ;
- 15) екі дауыссыз қатар келген сөздерді дұрыс айтуды білуі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

110. Пәндік нәтижелер. 2-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді ажыратуды;
 - 2) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілін, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажыратуды ;
 - 3) диалог жүргізуді ;
 - 4) сөйлемдерді ажыратуды ;
 - 5) математикалық материалды ажыратуды және тануды;
 - 6) 8-10 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді ажыратуды;
 - 7) таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдануды;
 - 8) 9-10 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды бір тынысты шығарғанда айтуды ;
 - 9) сөйлесіп отырған адаммен ара қашықтыққа байланысты дауыстың күшін өзгертуді ;
 - 10) сөздердегі дыбыстарды ажыратуды;
 - 11) өз бетімен 4-5 буыннан тұратын таныс сөздерді буындық құрамын сақтай отырып, орфоэпия ережесіне сай айтуды;
 - 12) «Буын», «екпін» ұғымын;
 - 13) мәтінді оқу кезінде хабарлы және сұраулы екпіндерді қолдануды;
 - 14) қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтуды білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

111. Пәндік нәтижелер. 3-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді ажыратуды және тануды ;
 - 2) таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдануды;
 - 3) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажыратуды және тануды ;
 - 4) диалог жүргізе білуді ;
 - 5) ұқсас бірнеше сөйлемдер арасынан керекті сөйлемдерді тануды;
 - 6) математикалық материалды ажыратуды және тануды;
 - 7) деформацияланған мәтіндерді қабылдауды және ажыратуды;
 - 8) 10-12 сөйлемге дейінгі таныс және таныс емес мәтіндерді ажыратуды;
 - 9) 13-15 буыннан тұратын сөздер, сөз тіркестері және фразаларды қажетті синтагм

үзілістерін графикалық белгісіне қарап таныс емес сөздерде еліктеу арқылы, таныс сөздерде өз беттерімен айтуды;

10) сөйлемдерді хабарлы, лепті, сұраулы екпінмен айтуды;

11) сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажыратуды;

12) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айтуды білуі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

112. Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:

1) дыбысталуы таныс сөздерді, қысқа фразаларды, мәтіндерді ажыратуды және т а н у д ы ;

2) таныс емес сөздер, фразалар, мәтіндерді қолдануды;

3) күнделікті пайдаланатын сөйлеу тілі, сұрақ, өтініш, тапсырма сөздерді ажыратуды және т а н у д ы ;

4) диалог жүргізуді;

5) сұрақ жауап алмасуды;

6) жоспар құрып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндауды;

7) мәтінді оқыған кезде хабарлы, сұраулы, лепті екпіндерді дұрыс айтуды;

8) сөздердегі айтылуы жақын дыбыстарды ажыратуды;

9) мәтіндерді, тақпақтарды орфоэпиялық ережесін сақтай отырып айтуды;

10) қалыпты сөйлеу тіліне тән темппен айтуды білуі тиіс.

113. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы туралы түсінігі болуы және оны құрметтеуінен;

2) өз Отанына деген мақтаныш сезімінен;

3) өз ана тілін білуі және құрметтеуінен, өз халқының және Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа ұлттардың салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қ а р а у ы н а н ;

4) өз елінің, туған өлкесінің табиғатын аялауға және қорғауға ұмтылуынан;

5) үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілділігінен көрініс табады.

114. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

1) сөйлеу тілін қарым қатынас құралы ретінде қолдана білуімен;

2) қарым қатынас кезінде сөздік материалдарды естіп қабылдауымен;

3) ауызша сөйлеу тілін меңгеруімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ым м и н и с т р і н і н

2 0 1 5 ж ыл ғы 1 8 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 31-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Түзету ырғағы түзету компонентіндегі маңызды пәндердің бірі болып табылады. Түзету ырғағы музыка мен қозғалыстың және ауызша сөйлеу тілінің өзара байланысына негізделген.

3. «Түзету ырғағы» пәнін оқытудың мақсаты нашар еститін оқушылардың жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға, эстетикалық, адамгершілік тәрбиелеуге, естіп қабылдауын және ауызша сөйлеу тілін дамытуға бағытталған.

4. «Түзету ырғағы» пәнінің міндеттері:

- 1) музыкалық-ритмикалық қозғалыстарға, биге үйрету;
- 2) өлеңдерді қабылдауға және айтуға үйрету;
- 3) музыканы тыңдау дағдыларын дамыту;
- 4) ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдауын дамыту;
- 5) музыканы қабылдаудың сенсорлы негіздерін қалыптастыру;

6) музыкалық дыбыстардың сипаттамаларын: күші, биіктігі, ұзақтығы және тембрін есту арқылы қабылдау, ажырату, тану және танып білу.

5. Оқу жылындағы барлық сағат саны:

- 1) дайындық сыныбы – аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат
- 2) 1 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат;
- 3) 2 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат;
- 4) 3 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат;
- 5) 4 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат.

6. Түзету ырғағын оқыту барысында мынандай пәнаралық байланыс жүзеге асырылады:

1) «Қазақ тілі»: сөздің және музыкалық интонацияның байланысы; тілдік және музыкалық есту қабілетін дамыту; ойдың толық, түсінікті болуына, сөйлеу тілін қарым қатынас құралы ретінде қолдануға жоғары болуына мән беру;

2) «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту»: муызканы естіп қабылдауын, музыкалық дыбысталулардың сипаттамаларын естіп қабылдауын, ауызша сөйлеу тілін дамытуға қажетті компоненттерін қалыптастыру;

3) «Бейнелеу өнері»: музыкадағы табиғат құбылыстарын бейнелеу (су ағысы, аттың шабысы, құстардың ұшуы, жайлау көрінісі); музыка тыңдауға көркем сурет туындыларын пайдалану; тыңдаған шығармаларына сурет салып келу;

4) «Дүниетану»: табиғат бейнесін музыка тілімен сабақтастыру; музыка шығармаларында кездесетін жан-жануарлар атаулары мен жер атаулары;

5) «Математика»: қарапайым математикалық ұғымдарды, музыка шығармаларын талдауда қолдану (ырғақ, өлшем, екі-төрт буынды, т.с.с.);

6) «Еңбекке баулу»: оқушылардың қолдан жасалған бұйымдарын көрнекілік ретінде п а й д а л а н у ;

7) «Дене шынықтыру»: ритмикалық қозғалыстарға музыка сүйемелін пайдалану; м у з ы к а л ы қ о й ы н д а р .

7. «Түзету ырғағы» бағдарламасы әр түрлі коррекциялық жұмыс түрлерін қамтиды: муызканы тыңдап-ажыратып айту, музыка арқылы негізгі қимылдарды үйрену, өлеңді, әнді мәнерлеп айтуды үйрену, фонетикалық ырғақ жаттығуларын пайдаланып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру, сөздік материалдарды қабылдау, сөйлеу тіліне қойылатын талаптарды орындау.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

8. Ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдау және айту:

1) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау: сөйлеу тілі тынысын дұрыс қолдану;

2) сөйлеу тілінің қарапайым ырғақтық, екпіндік элементтерін естіп қабылдау және айту. Қазір қай сабақ? Сендер сабақта не істейсіңдер? Бір сапқа тұрындар. Мына әуенге жүреміз (адымдаймыз, жүгіреміз). Мына әуенге не істейсіңдер? Мен қалай ойнаймын? (қаты, жай). Сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңда? (жоғары, төмен);

3) жеңіл мәтінді өлеңдерді естіп қабылдау;

4) балалар менгерген дыбыстар мен дыбыс байланыстарын сөйлеу тілі материалында дұрыс қолдануды бекіту;

5) қолданылатын сөздер мен сөйлемдерді біртіндеп ұлғайту;

6) дауыс күшін қаттыдан жайға дейін өзгерту.

9. Музыкалық пьессаларды қабылдау және айту (жаңғырту):

1) «ДО, СОЛЬ» диапазонында ән салу. Вокалды жаттығуларды пайдалану (бір тыныс шығарғанда 3-4 дыбыс немесе буын), мысалы: а-о-у- и; ма- ма-ма; па-па-па; та-та-та; д о н - д о н - д о н т . с . с . ;

2) мазмұны бойынша жеңіл әндерді естіп қабылдау. Әндерді тану. Дұрыс тынысты

с а к т а у ;

3) шуыл аспаптарда ойнау. Жеңіл ырғақтарды (мұғалім сүйемелдеуімен) жаңғырту:
д а ң ғ ы р а , м а р а к а с ;

4) музыканы тыңдау. Жеңіл фортепиано шығармаларын естіп қабылдау; шығарма мазмұнын және сипатын ажырату (күс, қуыршақ, қошақан туралы; көңілді, көңілсіз ә у е н т . с . с .) .

10. Музыкалы-ырғақты қимыл-қозғалыс:

1) музыка ырғағымен қимылдарды орындату: қолды еркін ұстап кең адымдап жүру; бір-бірлеп бірінің артынан бірі жүру; бөлме ішінде шашырап, ирелендеп жүру; екі қолды желкеге ұстап жоғары созылу; екі қолды иыққа қойып, шынтақты айналдыру; қолды кеуде алдына ұстап тік тұрып, кеудені оңға, солға бұрып артқа серпу; қолды екі жаққа көтеріп, алға, артқа бірдей айналдыру; басты оңға, солға жай айналдырып бұру; кеудені оңға-солға бұру; еңкейіп, шалқайып оңға, солға бұру. Қатарға, колонаға тұру, ш е ң б е р к ұ р у ;

2) би элементтерімен таныстыру, үйрету: жай жүріс, еденді бір аяқпен тебу, сол және оң жақ иықпен айналу, жұпен айналу. Көрсету арқылы билеу (би педагог таңдауына қарай). Музыкалық ойындар.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

11. Ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдау және айту:

1) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау: Сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дұрыс пайдалану. Дұрыс тембрді сақтай отырып дауыс жоғарлығын, күшін дұрыс дамыту;

2) сөйлеу тілі материалы: Қазір қай сабақ? Сендер сабақта не істейсіңдер? Бір сапқа тұрындар. Мына әуенге жүреміз (адымдаймыз, жүгіреміз). Мына әуенге не істейсіңдер? Мен қалай ойнаймын? (қаты, жай). Сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңда? (жоғары, төмен) ;

3) жеңіл мәтінді өлеңдерді естіп қабылдау;

4) қолданылатын сөздер мен сөйлемдерді біртіндеп ұлғайту;

5) дауыс күшін қаттыдан жайға дейін өзгерту.

12. Музыкалық пьесаларды қабылдау және айту (жаңғырту):

1) дауыстап, бәсең музыканы естіп қабылдау. Үш түрлі әуенді естіп қабылдауы арқылы ажырату. «ДО, ЛЯ» диапазонында ән салу. Қатты дауыспен берілген музыканы тез, жай, баяу, музыка темпін қабылдап, ажырату. Вокалды жаттығуларды пайдалану. Мазмұны бойынша жеңіл әндерді естіп қабылдау. Әндерді тану. Дұрыс тынысты сақтау ;

2) шуыл аспаптарда ойнау:

аккордеон, даңғыра, маракас, сылдырмақта ойнау; шулы оркестр құрастырып ойнай

а л у ;

музыканың екпінін қол соғумен көрсетіп, қайталау;

3) музыканы тыңдау:

әртүрлі музыкалық шығармалармен танысу;
оларды педагог орындауында және үн таспадан тыңдау;
шығарма мазмұнын және сипатын ажырату.

13. Музыкалы-ырғақты қимыл-қозғалыс:

1) музыка ырғағымен қимылдарды орындату: педагогтың музыкалық сүйемелдеуімен гимнастикалық және би қимылдарын сезіну және дұрыс орындау;

2) қарапайым гимнастикалық қимыл қозғалыстарды игеру (еңкею, басты әр-түрлі бағытта бұру). Қолды еркін ұстап кең адымдап жүру; бір-бірлеп бірінің артынан бірі жүру; бөлме ішінде шашырап, ирелендеп жүру;

3) екі қолды желкеге ұстап жоғары созылу; екі қолды иыққа қойып, шынтакты айналдыру; қолды кеуде алдына ұстап тік тұрып, кеудені оңға, солға бұрып артқа серпу; қолды екі жаққа көтеріп, алға, артқа бірдей айналдыру; басты оңға, солға жай айналдырып бұру; кеудені оңға-солға бұру; еңкейіп, шалқайып оңға, солға бұру
ж а т т ы ғ у л а р ы н о р ы н д а у ;

4) музыкалық ойындар.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

14. Ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдау және айту:

1) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау: Сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дұрыс пайдалану. Дұрыс тембрді сақтай отырып дауыс жоғарлығын, күшін дұрыс дамыту;

2) сөйлеу тілі материалын (сөз, сөз тіркестері, фразалар, өлең сөздері) дұрыс дауыс жоғарылығы, күші, тембрінде бірге айту. Дауыс күші (жай-қатты, жай-қаттырақ-қатты); дауыс жоғарылығы (жоғары, орташа, және төменгі регистрде); сөйлеу тілі темпі (тез-баяу, баяу-тезірек-тез); әр-түрлі ырғақтарды, сөз тіркестерін, сөздерді, ән мәтіндерін тақылдату арқылы жаңғырту;

3) оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған шағын әндердің мәтінін, сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау. Мысалы: ирелектеп жүріндер, адымдап, қазақ халық билері, жылдамдатылған темп; мен төменгі (орташа, жоғарғы) регистрдегі дыбыстарды естіп тұрмын. Вальс, қамажай, марш әуені естіледі.

15. Музыкалық пьесаларды қабылдау және айту (жаңғырту):

1) музыкалық ертегілерді тыңдау, шығарманың қысқаша мазмұнымен таныстыру. Өтілген шығармалардың үш немесе бес фрагментінен таңдап ажырату. Олардың с и п а т ы н а н ы қ т а у ;

2) нота ретімен және атауларымен таныстыру. Әр-түрлі буындарды әндету:

ма-мо-му-мэ-ми. Қысқаша ән шумақтарын айту;

3) шуыл аспаптарын және жатталған әндердің ырғақтарын естіп қабылдау және жаңғырту. Қазақ ұлттық аспаптарымен танысу: домбыра, кепшік, жетіген, қобыз т.б.;

4) басқа ұлттардың әндерін естіп қабылдау. Музыканың негізгі салаларымен танысу (ән, би, марш). Әнші, ән салушы, тыңдарман, композитор түсініктерімен таныстыру.

16. Музыкалы-ырғақты қимыл-қозғалыс:

1) музыка ырғағымен қимылдарды орындату: үлкен және кішкене адымдармен жүру. Қолды еркін ұстап кең адымдап жүру; бір-бірлеп бірінің артынан бірі жүру; бөлме ішінде шашырап, ирелеңдеп жүру; екі қолды желкеге ұстап жоғары созылу; екі қолды иыққа қойып, шынтақты айналдыру; қолды кеуде алдына ұстап тік тұрып, кеудені оңға, солға бұрып артқа серпу; қолды екі жаққа көтеріп, алға, артқа бірдей айналдыру; басты оңға, солға жай айналдырып бұру; кеудені оңға-солға бұру; еңкейіп, шалқайып оңға, солға бұру жаттығуларын орындау;

2) музыкалық ойындар;

3) дене сымбаттылығын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар;

4) аяқ бұлшық еттеріне бағытталған жаттығулар;

5) би қимылдары; би элементтерін жаттау.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

17. Ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдау және айту:

1) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау: Мұғалімнің сөйлеу тіліндегі интонациямен айтылған сөздерді (қуанышты, көңілді, көңілсіз, сұрау және талап ету т.с.с.) естіп қабылдау және айту (жеке және мұғаліммен бірге);

2) оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған шағын әндердің мәтінін, сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау;

3) сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дұрыс пайдалану. Дұрыс тембрді сақтай отырып дауыс жоғарлығын, күшін дұрыс қалыптастыру;

4) сөйлеу тілі материалы: Қандай аспапты естіп тұрсыңдар? Саған Арманның ойнағаны ұнады ма? Өте ұнады!.

18. Музыкалық пьесаларды қабылдау және айту (жаңғырту):

1) шынайы, созыңқы, қалыпты дауыспен ән салу. Вокалды материалдарды пайдалану;

2) тыңдалған әндердің ырғағын естіп қабылдау және музыкалық ойыншықтарда ойнау. Шуыл аспаптарда ойнау;

3) мұғалім орындауындағы және үн таспалардағы музыкалық шығармалармен танысу. Олардың сипатын анықтау және т.б.

19. Музыкалы-ырғақты қимыл-қозғалыс:

1) музыка ырғағымен қимылдарды орындату: сол аяқтан бастап жүру; жүруді отырп тұрумен алмастыру; тізені бүгіп отырып үлкен ара-қашықтықта сырғанақтап жүру. Музыка пейілін (байсалды, жеңіл, әсем) қимыл-қозғалыста көрсету сипатын үлкен және кішкене адымдармен жүру. Қолды еркін ұстап кең адымдап жүру; бір-бірлеп бірінің артынан бірі жүру; бөлме ішінде шашырап, ирелендеп жүру; екі қолды желкеге ұстап жоғары созылу; екі қолды иыққа қойып, шынтақты айналдыру; қолды кеуде алдына ұстап тік тұрып, кеудені оңға, солға бұрып артқа серпу; қолды екі жаққа көтеріп, алға, артқа бірдей айналдыру; басты оңға, солға жай айналдырып бұру; кеудені оңға-солға бұру; еңкейіп, шалқайып оңға, солға бұру жаттығуларын орындау;

2) м у з ы к а л ы қ о й ы н д а р ;

3) ырғақтық гимнастика бойынша кәзіргі ырғақтағы музыка сүйемелдеуімен жаттығуларды орындау.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

20. Ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдау және айту:

1) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау: Мұғалімнің (сыныптастарының) сөйлеу тіліндегі өзгерістерді (қатты-жай, жай-қаттырақ-қатты, тез-баяу) естіп қабылдау және айту (жеке және мұғаліммен бірге);

2) оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған шағын әндердің мәтінін, сөйлеу тілі материалын естіп қабылдау;

3) сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дұрыс пайдалану;

4) берілген сөйлеу тілі материалын (тақпақ, өлең сөздерін) мәнерлеп айту.

21. Музыкалық пьесаларды қабылдау және айту (жаңғырту):

1) бір тыныста шығару арқылы ДО-ДО диапазонында ән салу, шуыл аспаптардың сүйемелдеуімен қарапайым әуендерді орындау;

2) сипаты бойынша әр-түрлі музыкалық шығармалармен таныстыру. Қазақ композиторларының шығармаларымен таныстыру;

3) ырғақтық гимнастика бойынша кәзіргі ырғақтағы музыка сүйемелдеуімен ж а т т ы ғ у л а р д ы о р ы н д а у .

22. Музыкалы-ырғақты қимыл-қозғалыс: музыка ырғағымен қимылдарды орындату. Музыкалық ойындар. Ырғақтық гимнастика бойынша кәзіргі ырғақтағы музыка сүйемелдеуімен жаттығуларды орындау. Музыкалық сүйемелдеумен қимыл-қозғалыстарды еркін орындау. Денеге арналған жаттығулар? бұлшық еттерге бағытталған жаттығуларды орындау. Музыкалы-ырғақты қимыл-қозғалыстарды, жүрістерге байланысты (өкшемен жүру, секіріп жүру, отырып тұру, аяқ ұшында жүру) би қимылдарын орындау.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

23. Пәндік нәтижелері. 0-сыныпты аяқтаған кезде оқушылар:

- 1) музыка сүйемелдеуімен жүріс және жүгіріс түрлерін орындай;
- 2) өз қимыл- қозғалыстарын музыкамен үйлестіре;
- 3) музыка сүйемелдеуімен қарапайым би қимылдарын орындай;
- 4) қарапайым әуендердің сипатын анықтай (көңілді, көңілсіз әуен), шуыл аспаптарда қарапайым ырғақты әуендерді жаңғырта;
- 5) қарапайым әуендерді орындай білуі тиіс.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

24. Пәндік нәтижелері. 1-сыныпты аяқтаған кезде оқушылар:

- 1) музыка сүйемелдеуімен негізгі қимыл – қозғалыстарды орындай;
- 2) вокалды жаттығуларды үнді айта (қысылмай әндету);
- 3) дұрыс тыныс алуды сақтай отырып музыкалық фразаларды айта;
- 4) әндетуді бір уақытта бастап аяқтай;
- 5) фортепианоның сүйемелдеуімен жеңіл ырғақтарды дирижирлей;
- 6) сөйлеу тілі материалын, жатталған әндердің сөздерін естіп қабылдай және а ж ы р а т а ;
- 7) барлық сөйлеу тілі материалын анық айту білуі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

25. Пәндік нәтижелері. 2- сыныпты аяқтаған кезде оқушылар:

- 1) музыка сүйемелдеуімен негізгі жүріс, жүгіріс және басқа да би, гимнастикалық қ и м ы л тү р л е р і н о р ы н д а й ;
- 2) біркелкі және баяулатылған темпті сақтай; музыка тоқтатылғаннан кейін де берілген темппен қимыл-қозғалысты жалғастыра;
- 3) әр-түрлі аспаптарды және әннің ұлттық сипатын естіп қабылдай және ажырата;
- 4) шуыл және музыкалық аспаптарда ойнай;
- 5) бірінші актавадығы ноталарды жоғары және төмен салып әндете білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

26. Пәндік нәтижелері. 3-сыныпты аяқтаған кезде оқушылар:

- 1) музыка сүйемелдеуімен гимнастикалық жаттығуларды орындай;
- 2) жаттығуларды еркін орындай;
- 3) музыкалық үзінділерді естіп қабылдап оларды ажырата;
- 4) шуыл және музыкалық аспаптарда ойнай; бірінші актавадығы ноталарды жоғары және төмен салып әндете ;
- 5) би қимылдарын еркін орындай;

б) сөйлеу тілі материалын мәнерлеп айту және естіп қабылдауы арқылы ажырата білуі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

27. Пәндік нәтижелері. 4-сыныпты аяқтаған кезде оқушылар:

1) емін-еркін жүру, жүгіру, қозғалу, музыкалық үзіндінің ырғақтық суретін қимыл-қозғалыс арқылы көрсете;

2) хормен ән айту, сөйлеу тілі материалын бірге айту, сөйлеу тілі мәнерін сақтай;

3) шуыл және музыкалық аспаптарда ойнай; бірінші актавадығы ноталарды жоғары және төмен салып әндете;

4) би қимылдарын еркін орындай білу керек.

28. Тұлғалық нәтижелер:

1) қоршаған ортадағы сұлулықты сезінгенінен;

2) Қазақстан музыка өнерінің жетістіктеріне мақтаныш сезімінің қалыптасқанынан;

3) музыка өнері мен адам өмірінің байланысын түсіне білетінінен;

4) сапалы мәдени талғамының дамығанынан;

5) өз көңіл күйімен сезімін білдіру үшін музыканы пайдалануынан көрініс табады.

29. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) естіген шығармасына өзінің көңіл күйі мен әсерін білдіре алуымен;

2) мектеп, сынып өміріндегі қоғамдық мәдени жұмыстарда белсенділік танытуымен ;

3) қосымша деректермен өз бетімен жұмыс жасай алуымен;

4) музыка өнері жайлы әңгіме жүргізе алуымен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 32–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 137–қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-2 сыныптары үшін «Қоршаған ортамен таныстыру» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Бастауыш сыныптарға арналған «Қоршаған ортамен таныстыру» пәні «Түзету компонентінің» негізгі пәндерінің бірі болып табылады. «Қоршаған ортамен таныстыру» пәнін оқыту екі бағытта жүреді.

3. «Қоршаған ортамен таныстыру» бағдарламасының бірінші бағытында: балаларды қоршаған ортадағы қоғамдық өмірде пайдалы істерді атқару, адам еңбектерімен танысу, мәдени ортада өзін-өзі ұстай білу талаптары іске асырылады.

4. Бағдарламаның екінші бағытында: айналадағы табиғат құбылыстарын тани білу, табиғат құбылыстары жөнінде түсініктер беру, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, табиғат аясында өзін-өзі ұстай білу, табиғатты қорғауға қолдан келетін барлық шараларды жасай білу жақтары үйретілуі керек. Осы бағыттың алдына қойған мақсаты - тікелей және түсінікті материалдарды пайдаланып, балаларды және тірі табиғатпен таныстыру табиғаттың өзіне тән қасиеттерін жете түсінуге тәрбиелеу.

5. Қоршаған ортамен таныстыру сабағының алдына қойған басты мақсаты - балалардың табиғат туралы түсінігін жүйелі түрде қалыптастыру және қоршаған ортаның құбылыстарымен таныстыра отырып, нашар еститін балалардың сөйлеу тілін дамыту.

6. «Қоршаған ортамен таныстыру» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) балаларды нақты материалдары қолдана отырып тірі және өлі табиғатпен таныстыру;

2) табиғат құбылыстарымен адам еңбектерінің арасындағы өзара байланысты түсіндіру;

3) қоршаған орта туралы қалыптасқан білімдеріне сүйене отырып, нашар еститін оқушылардың өмірге, қоғамға деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін, отан сүйгіштігін, эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу;

4) қоршаған ортамен таныстыру барысында кеңістіктік және уақыттық ұғымдарын қалыптастыру;

5) қоршаған орта туралы сөздік қорын кеңейтіп, өз бетімен сөйлеуге ынталандандыру.

7. Пәннің мазмұнын меңгеру үшін дайындық сыныбында аптасына 3-рет, жылына 99 сағат, 1 аптасына 3-рет, 99 сағат, 2 сыныпта аптасына 2-рет, 68 сағат.

8. «Қоршаған ортамен таныстыру» пәні математика, тіл дамыту, ана тілі пәндерімен тығыз байланыста жүргізіледі. Табиғат құбылыстарын бақылау, қоғамдық ортаны, адам еңбегін бағалау осының бәрі қазақ тілі, еңбекке баулу сабақтарында жете түсінуге мүмкіндік туғызады.

9. Басқа сабақтармен қатар қоршаған ортамен таныстыру сабақтарында да есту арқылы, көріп-есту арқылы қабылдау, дыбыстарды қадағалап дұрыс айтуды талап ету жұмыстары іске асыруы аса қажет.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Біздің мектеп:

1) оқушының аты-жөні;

2) отбасы мүшелері: ата, апа, әке, шеше, бала, қыз;

3) мектеп. Мектеп бөлмелері (мұғалімдер бөлмесі, оқу бөлмелері, кітапхана, салтанат залы, жатақхана, асхана).

11. Біздің сынып:

1) мектеп қызметкерлерінің мамандығы: директор, мұғалім, тәрбиеші, дәрігер, кітапханашы, үй сыпырушы, аспаз;

2) мұғалім, тәрбиеші, мектеп директоры, оқу ісінің меңгерушісі, дәрігер, кітапханашының аты жөні;

3) мектеп мүлкі, оларды күтіп ұстау;

4) оқушылардың мектептегі міндеттері: (мұғалім, тәрбиешілердің тапсырмаларын бұлжытпай орындау, сыныпты, жатақхананы жинау, сабақ кезінде мұғалімді мұқият тыңдау, жолдастарына кедергі жасамау, сабаққа, тапсырмаға, өтініштерге жауапкершілікпен қарау. Ойын ойнағанда ережені сақтай білу;

5) оқушының асханадағы тәртібі: асхана құралдарын дұрыс пайдалана білу, тағамдарды үнемі пайдалану, нанға ұқыптылықпен қарау;

6) қоршаған ортадағы заттарға ұқыптылықпен қарау (киімдер, оқулықтар, жатақхана жабдықтары).

12. Киімдер мен аяқ киімдер. Киімдер мен аяқ киімдер күтімі. Тұрмыстық құралдарды пайдаланудағы сақтандыру ережесі. Өрттен сақтандыру ережесі.

13. Денсаулықты сақтау. Денсаулықты сақтау дағдыларын қалыптастыру. Жұқпалы аурулардан сақтану жолдары.

14. Адамның дене мүшелері:

1) жеке бас гигиеналық ережелері: қол жуу, дене күтімі, шаш, тіс күтімі;

2) жеке бас гигиенасына керекті заттар;

3) денсаулық күтімі: ертеңгі жағтығу сумен жуыну, күн тәртібі. Сабақ кезінде орындықта дұрыс отыру, денені тік ұстау;

4) бөлмедегі тазалықты сақтау. Бөлменің ауасын тазарту;

5) сыныптағы өсімдіктер және оларды күту;

6) өсімдіктердің түрлері және олардың аталуы;

7) өсімдіктерді күту (суғару, топырағын қопсыту, тыңайтқышпен қоректендіру, ыдыстардың тазалығын сақтау, өсімдік жапырақтарын сүрту, жуу);

8) мектеп айналасындағы өсімдіктер: бұталардың, 2-3 ағаштардың аталуы, гүлдердің атаулары. Мектеп бау-бақшасында өсетін жемістер мен көкөністер. Жемістер мен көкөністердің қолданылуы, пайдасы;

9) мектеп жанындағы үлескіде жүргізілетін жұмыстар: қураған жапырақтарды жинау, көктемгі, күзгі бұтақтарды, өсімдік тұқымдарын жинау.

15. Біздің қала (ауыл):

1) біздің қала (ауыл) және туған жер табиғаты;

2) туған қаланың (ауылдың) аты;

3) қаламен таныстыру (алаң, көше, көліктер). Қаланың бас көшесі, алаңы;

4) көше (жол): жол жиегі, өтетін жер, бағдаршам, көше қиылысы, жол белгілері, «Сақ бол, балалар»;

5) жүргіншілер жүретін жол, машина жүретін жол;

6) көшеде жүріп-тұру ережелері;

7) балалардың көшеде және қала көліктерімен жүру ережелерін сақтауы, аялдамада күту, артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу, автобустың арт жағынан айналып өту;

8) қала (ауыл) табиғаты;

9) қалада өсімдіктер отырғызу (ағаш, гүлдер) саяжайда, көшелерде. Қоршаған ортадағы өсімдіктерді қамқорлықпен күту. Өсімдіктерді күту шараларына қатысу.

16. Туған өлке:

1) біздің еліміз - Қазақстан;

2) Астана - республикадағы бас қала;

3) біздің елдің барлық халқы бірлесіп еңбек етеді. Олардың еңбектері бағаланады. Қазақстан үкіметі балаларға көп көңіл бөледі. Елімізде өтетін атаулы күндер мен мерекелер. Мерекелік ертеңгіліктерді дайындау және оны сыныпта өткізу;

4) ауа-райын бақылау: жауын-шашын, күн, жел, қар, ауаның жағдайы (жылы, суық), аспан (ашық, бұлтты).

17. Жыл мезгілдеріне байланысты өсімдіктерде болатын өзгерістер: күзде жапырақтардың сарғаюы, түсуі. Қыстағы ауа-райының өзгешіліктері. Көктемде ағаштардың бүршік жаруы, шөптің жығуы. Жазда жеміс-жидектердің гүлдеп, пісуі. Қыстағы күйі, өзгешіліктері. Көктемде ағаштардың бүршікті жаруы, шөптің шығуы. Жазда жеміс-жидектердің гүлдеп, пісуі. Мектеп жанындағы құстарды бақылау. Құстарды күту (дән, нантүйіршіктерін беру). Көктемде жыл құстарын қарсы алу, үйшік жасап, ағаш басына ілу т.с.с.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Біздің үй:

1) біздің отбасы: ата, әже, әке, шеше, бала, қыз, іні, қарындас, аға, әпке;

2) отбасындағы қарттар мен балаларға қамқорлық. Отбасы мүшелерінің өзара

ілтпаты және қамқоршыл қарым-қатынасы. Әр адамның отбасына қосар үлесі. Отбасындағы ересектер немен айналысады. Балалардың үлкенге көмегі. Үй ішінде өзін-өзі ұстау. Қонақ күту ережелері. Отбасы мүшелеріне ортақ орындалатын іс-тәртібі.

19. Менің үйім (Менің бөлмем):

1) үйді, бөлмелерді жабдықтау. Үй жиһаздары. Үлкендердің еңбегін сыйлау. Мекен жайы: қаланың (ауылдың) және өзі тұратын көшенің аты, үй нөмірі, пәтері;

2) оқушының жеке бас гигиенасының ережелері: ұйықтау және оның ұзақтығы. Ұйықтау гигиенасымен таныстыру. Оқушының күн тәртібі.

20. Бөлме өсімдіктері және оларды күту. Үйдің айналасын көгалдандыру. Өсімдіктерді қорғау.

21. Біздің мектеп және туған жер табиғаты:

1) біздің мектеп. Мектеп ішіндегі сыныптар, бөлмелер, кабинеттер. Біздің сынып, көрші сыныптар, кабинеттер. Мұғалімдер бөлмесі, директордың кабинеті, асхана, салтанат залы, дене шынықтыру залы, кітапхана, жатақхана, шеберхана, дәрігер бөлмесі. Директор, мұғалім, тәрбиешілердің аты-жөні;

2) мұғалімдердің, тәрбиешілердің, дәрігердің, үй сыпырушылардың, аспаздардың мектепте атқаратын жұмыстары.

22. Мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалау, көмектесу:

1) мектеп ережелері: үлкендерді құрметтеу, сыпайы сөйлесе білу. Әдептілікті сақтау, сәлемдесу, өз өтінішін білдіру, кешірім сұрау, алғыс айта білу. Өзара достық қатынас;

2) асхана құралдарын дұрыс пайдалана білу, нанды тағамдарды үнемі пайдалану;
3) киімге, оқулықтарға, ойыншықтарға, сынып жабдықтарына, жатақхана жабдықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

23. Киімдер мен аяқ киімдер күтімі. Киімді, аяқ киімді тазалау. Тұрмыстық құралдарды пайдаланудағы сақтандыру ережесі. Өрттен, судан сақтандыру ережелері.

24. Өсімдіктерді бақылау:

1) түр-түсін анықтау, өсімдіктің құрылысымен танысу: тамыры, діңі, сабағы, жапырағы, гүлі. Өсімдіктің тұқымы. Мектеп үлескісінде өсетін гүлдердің аталуы, күтімі;

2) гүлдерден гүлшоқтарын жасау. Серуенге шығып әр түрлі гүлдерді жинау. Гербарий жасау. Ол гербарийді сабақта пайдалану. Табиғаттағы өсімдіктерді бақылау: түр-түсін, аталуын, өзгеруін.

25. Біздің қала (ауыл) және туған жер табиғаты:

1) қаланың (ауылдың) аты;
2) қаламен (ауылмен) танысу, көшелер, көлік түрлері, алаңдар. Қаланың бас көшесі (алаңы). Тұрғын үйлер, дүкендер, мектептер, балабақшалар және т.б.;

3) қаланың көрнекті жерлері, мәдени орталықтары, ескерткіштер, кинотеатрлар, мұражай, спорт кешені т.с.с.

26. Құрылыста, көліктерде жұмыс істейтін адамдардың мамандығы:

1) адам жұмысын жеңілдететін машиналар (трактор, комбайн, көтергіш кран, қартазалайтын машина);

2) қала (жолы): көше, көшеден өтетін жер, бағдаршам, көше қиылысы, көше жүрісін реттейтін белгілер. Көшеден өту ережесі;

3) балалардың қала көлігіне отыру тәртібін және ережелерін сақтауы; аялдамада күту, артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу және т.б.;

4) қала табиғаты: саяжайдағы көшелердегі өсімдіктер. Қоршаған ортадағы өсімдіктерді қорғау, күту.

27. Бау-бақша. Бақтағы жеміс ағаштары: алма, алмұрт, шие, өрік, шабдалы, алхоры. Бақшадағы көкөністер: сәбіз, қызылша, қызанақ, қырыққабат, қияр, пияз. Жемістер мен көкөністердің айырмашылығы, өсу жағдайы, оны адамдардың қолдануы және оның пайдасы.

28. Туған өлке:

1) біздің Отанымыз. Отанымыздың ең басты қаласы. Біздің еліміз -Қазақстан Республикасы. Астанамыз - Астана қаласы. Алаңдар. Ескерткіштер. «Медеу» мұз айдыны. Біздің қаламыз (ауылымыз) туған өлкенің бір бөлігі;

2) мерекелік ертеңгіліктерді дайындауға, өткізуге балалардың қатысуы;

3) біздің еліміздің табиғаты, оны қорғау. Далада өсетін өсімдіктер: бидай, арпа, сұлы, жүгері, картоп. Осы өсімдіктерді өсіру, күту, адамдардың пайдалануы;

4) гербариймен жұмыс: өсімдіктердің құрылымымен танысу. Дала өсімдіктерінен алынатын заттармен таныстыру: ұн, жарма, тары, қант, нан;

5) бейнетаспаларды көрсету;

6) үйде өсетін өсімдіктер: бөлмедегі гүлдер, оның аталуы, күтімі;

7) үй өсімдіктерінің құрылысымен таныстыру. Бөлмеде өсетін гүлдермен іс-тәжірибие жұмыстарын жүргізу.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

29. Біздің үй және туған жер табиғаты:

1) ата-аналар мамандығы. Отбасындағы еңбек және демалыс түрлері. Отбасындағы үлкендерге үй шаруасына көмектесу. Отбасы мүшелерінің өзара ілтипаты және қамқоршыл қарым-қатынасы. Үлкендердің, көршілердің достарының еңбегін сыйлау, көмектесу;

2) сыпайы түрде амандасу, өтінішін білдіру, кешірім сұрай білу, алғысын айту;

3) күн тәртібі, күн тәртібіне кіретін еңбек түрлері: үйдегі өз-өзіне қызмет көрсету, оның міндеті және маңызы. Күн тәртібіне кіретін демалыс түрі және оның міндеті, маңызы;

4) үй мүліктеріне, өз киімдеріне және отбасы мүшелерінің киімдеріне бөлме өсімдіктеріне, үй жануарларына ұқыптылықпен қарау;

5) өрттен сақтандыру ережесін сақтай білу;
6) жеке бас гигиенасының ережелері. Балалардың денсаулығын қорғау туралы
а л ғ а ш қ ы ұ ғ ы м д а р :

бөлмедегі тазалықты сақтай білу;
көз гигиенасы. Жұмыс орнына жарықтың (шамның) дұрыс түсуі. Әр жыл
мезгілдеріне сәйкес денсаулықты сақтау;

7) үй айналасын көгалдандыру (ағаш отырғызу, гүлдер, бұталар). Олардың күтімі
ж ә н е о л а д ы қ о р ғ а у ;

8) ауа-райын бақылау (күн ашық, бұлтты, жаңбырлы, суық, жел). Жеке күнделікке
күнделікті ауа-райындағы өзгерістерді белгілеп отыру. Сонымен қатар күннің шығуын,
б а т у ы н б е л г і л е у ;

9) уақыт түсінігі: таңертең, күндіз, түс, кеш, түн;

10) жыл мезгілі: қыс, көктем, жаз, күз;

11) жыл мезгілдерінің ауысуы;

12) табиғатта болып жатқан күнделікті өзгерістерді бақылау: бақылау және
серуендеу арқылы оқушылар табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды білу керек: күз
айларын атау, әр айдағы ауа-райындағы өзгерістерді айту (күн бұлтты, жаңбырлы,
суыта бастады, құстар жылы жаққа ұшып кетті, ағаштарың жапырақтары сарғайды,
жерге түсті т.с.с.). Күздегі адам еңбегі;

13) қыс айларын атай білу. Ай ішіндегі өзгерістерді (суық, боран, қар қалың, су
қатты, өсімдіктер және аңдар жайлы);

14) көктем айларын атай білу. Табиғаттағы өзгерістерді айту (қар ереді, күн
жылынды, ағаштар бүршік жарды, құстар жылы жақтан ұшып келді, бәйшешек шықты)
;

15) көктем айындағы адам еңбегі;

16) жаз айларын атай білу. Табиғаттағы өзгерістерді айту (күн ыстық, өсімдіктер
гүлдеп тұр, жазғы жаңбыр, күннің күркіреуі, аңдардың, құстардың жазғы өмірі). Жаз
а й ы н д а ғ ы а д а м е ң б е г і .

3 0 . Б і з д і ң м е к т е п :

1) адамның дене мүшелері және оның күтімі. Мектептегі күн тәртібі, күн тәртібінде
істелетін жұмыс түрлері, оқушылардың өзіне-өзі қызмет жасауы, оның мақсаты және
мәні. Күн тәртібіндегі демалыс уақыттары, оның мақсаты мен мәні, бөлме ішіндегі
тазалықты сақтау (бөлменің ауасын тазарту, жинау, жуу, сүрту, оқитын және ойнайтын
бөлмелердің тазалығын сақтау). Мектеп жабдықтарына оқушылар ойнайтын және
спорт алаңдарына сыныптағы жиһаздарға, оқулықтарға, оқу құралдарына
ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарау;

2) сабақ кестесі. Кесте бойынша белінген уақыттар сағаты, минуты, жыл
уақыттарын белгілеу (жыл, ай, апта, тәулік, сағат, минөт). Апта аттары.
Күнтізбе-табель. Оқушы ережелері. Мектептің қоғамдық жұмысына қатысу;

3) адамның дене мүшелері (бас, мойын, дене, қол (оң, сол), қас, кірпік, ауыз (тіс және тіл), жақ, иек) :

дене: арқа, кеуде, іш, бүйір (оң, сол), иық, мықын;
қолдағы және аяқтағы саусақ аттары; (шынтақ, алақан, тізе, табан, тобық);

4) оқушының жеке бас гигиенасы: партада, орындықта дұрыс отыру, денесін тік ұстау ;

5) іс-тәжірибе жұмыстары :

адамның дене мүшелерін ажырата білу (көрсетіп, атын атау);
жеке бас гигиенасын сақтай білу: көз, тіс гигиенасы, тамақтану, ұйқы гигиенасы.

Осы тақырыптарға сай кинофильм, бейнефильмдер көрсетіп талдау жасау.

31. Біздің қала (ауыл) :

1) қаланың басты алаңы мен көшелері;

2) алаңның көрнекті жерлері, саяжайлар, ескерткіштер, мұражайлар т.с.с.;

3) қаладағы басты өндіріс орындары. Қаланың мәдени орталықтары: кітапхана, мұражай, театр т.с.с. Қаладағы жаңа үй құрылыстары. Құрылыстарда, зауытта, фабрикада істейтін адамдардың мамандықтары;

4) адам еңбегін жеңілдететін машиналар. Әр адамның еңбегінің, қоғамдық еңбектің маңызы мен мәні ;

5) қаладағы (ауылдағы) көлік түрлері: Әуеде, жерде, суда. Көлік түрлерінде жұмыс істейтін адамдар олардың мамандығы. Көшеде жүру, жолдан өту тәртібі. Бағдаршам және оның маңызы. Жол белгілері: «Кіруге болмайды», «Жаяу жүргіншілер өтуге болмайды» т.с.с. Қоғамдық көліктермен жүру, кіру, шығу ережелері;

6) шамамен, шаңғымен сырғанайтын, ойын ойнайтын орындар. Қоғамдық көліктер тоқтайтын аялдамалар. Сулы және тайғанақ жолдармен жүру ерекшеліктері. Темір жолдан өту ережесі ;

7) қоғамдық орындардағы оқушы тәртібі (көшеде, көлік ішінде, дүкенде, кітапханада т.с.с.) ;

8) оқушылардың мектептегі ертеңгіліктерге қатысуы.

32. Жануарлар әлемі :

1) үй жануарлары: мысық, ит, қоян, сиыр, шошқа, қой, жылқы. Олардың сыртқы ерекшеліктері (дене мүшелері, терісі т.с.с.). Олардың күтімі, қоректенуі, пайдасы. Үй жануарларының төлдері. Олардың адамға берер пайдасы, маңызы;

2) жабайы аңдар: ақ тиін, қасқыр, түлкі, аю, қоян, кірпі, көртышқан, арыстан, жолбарыс. Олардың сыртқы ерекшеліктері (дене мүшелері, терісі т.с.с.). Олардың қоректенуі, күтімі, пайдасы ;

3) жабайы аңдардың үй жануарларынан айырмашылығы, салыстыру, сипаттау;

4) жыл мезгілдеріне байланысты аңдардың өмір сүру жағдайлары (қысқы ұйқы, үнгірде, інде ұйықтауы). Жабайы аңдардың пайдасы мен зияны;

5) жабайы аңдарды қорғау ;

6) іс-тәжірибе жұмыстары:
серуенде үй жануарларын бақылау;
диафильмдер, бейнефильмдер көру, суреттермен жұмыс істеу;
тақырыптарға сай макеттер, көрнекі құралдар дайындау (сабақтан тыс кезде).

3 3 . Т у ғ а н е л :

1) біздің отанымыз- тәуелсіз Қазақстан республикасы. Бас қаласы - Астана. Ең ірі, мәдениет орталығы - Алматы қаласы. Қазақстан туы, елтаңбасы, әнұраны. Біздің республика көп ұлтты;

2) Қазақстанның бірінші президенті – Н. Ә. Назарбаев;

3) Қазақстандағы аталып өтетін мәнді оқиғалар мен мерекелер: 8 наурыз - аналар мерекесі, Наурыз - жыл басы, 1 мамыр - халықтар достығы мерекесі, 7 мамыр - ұландар күні, 9 мамыр - Жеңіс күні, 1 маусым -дүниежүзілік балаларды қорғау күні, 30 тамыз - Конституция күні, 25 қазан - Республика күні, 1 қыркүйек - білім күні, 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні, 31 желтоқсан - жаңа жыл мерекесі;

4) мерекелік ертеңгіліктерді бақылау және оны өткізе білу.

34. Үй құстары және жабайы құстар:

1) үй құстары (үйрек, қаз, тауық):
олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, ұқсастығы, күтімі, пайдасы;

үй құстарының өсуі, көбеюі;

үй шаруашылығындағы құстардың пайдасы;

2) жабайы құстар (қараторғай, ұзақ, қарлығаш, торғай, қарға, суық торғай, сауысқан, көкек, үкі):

олардың сыртқы ерекшеліктері, күтімі, пайдасы, зияны. Олардың өмір сүру ортасы, қоректенуі;

қыстайтын және жылы жаққа қайтатын құстар. Оларды күту және қорғау;

3) іс тәжірибе жұмыстары:

құс фермаларына серуенге шығу, бақылау;

жабайы құстарды бақылау, олардың өмір сүру ортасымен танысу;

құстардың жылы жаққа ұшуын, көктемде келуін бақылау. Құстардың қысқы күтімі.

Дифильмдер, бейнефильмдерді көрсету;

тақырып бойынша «Үй құстары», «Жабайы аңдар» көрнекі құралдарын жасау (сабақтан тыс кезде).

5. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

35. Пәндік нәтижелер. Дайындық сыныптың соңында оқушылар:

1) оқушылар өзінің аты-жөнін;

2) отбасы мүшелерін, мұғалім, тәрбиешілердің аты-жөнін;

3) жеке бас гигиена ережесін;

- 4) амандасу түрлерін;
- 5) мектептегі тәртіп ережелерін (сабақта, жатақханада, асханада т.б.);
- 6) көшеден өту, көлікте жүру ережелерін, бағдаршам түстерінің мәнін;
- 7) мектептің айналасында өсіп тұрған ағаштардың атауын, бұталарды, гүлдерді айыруды;
- 8) елімізде өтетін атаулы күндер мен мерекелерді;
- 9) жыл мезгілдеріне байланысты өсімдіктерде болатын өзгерістерді: күзде жапырақтардың сарғаюын, түсуін білуі тиіс.

6. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) көшеде жүру тәртібін, жол айырма белгілерін, көшеден өтуді, үлкендермен көшеде бірге өтуді. Бағдаршамға қарап өтуді;
 - 2) амандасу түрлерін;
 - 3) мектеп ережесін сақтап, тәртіпті болуды (жатақханада, қоғамдық орындарда, көшеде);
 - 4) өсімдіктерді, оладың құрылысын, пайдасын білу. Өсімдіктерді (дала өсімдіктері мен үй өсімдіктерін) ажырата;
 - 5) киімдер мен аяқ киімдер күтімі жайында;
 - 6) гербариймен жұмыс: өсімдіктердің құрылымын танып;
 - 7) мұғалімдердің, тәрбиешілердің, дәрігердің, үй сыпырушылардың, аспаздардың мектепте атқаратын жұмыстары туралы;
 - 8) сөз, сөз тіркестерін, сөйлемді дыбыстарды қадағалап, дұрыс айта білуі тиіс.

7. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

37. Пәндік нәтижелер. 2-сыныптың соңында оқушылар:
- 1) өзі тұратын елінің (қала ауылының) аталуын білу. Өз республикасының астанасын;
 - 2) жеке бас гигиенасын сақтап, күн тәртібін орындай;
 - 3) амандасу, өз өтінішін білдіру, алғысын айта білу, кешірім сұрай;
 - 4) көшеде жүру тәртібін білу, көшеден өту, көлікпен жүру, көше белгілерін білу «Байқаңыз балалар», «Жүруге болмайды», «Өтуге болмайды», «Темір жолдан өту» тәртібін;
 - 5) тұрмыстық жабдықтарды пайдалана (Үтік, шаш кептіргіш, микроволновка, т.с.с.);
 - 6) өртке қарсы ережені колдана;
 - 7) қоршаған ортадағы өсімдіктер мен аңдарды қорғай;
 - 8) өсімдіктердің (бөлмедегі гүлдердің) күтімі, суғаруы, түбін қопсытуды;
 - 9) үлкендермен, өз қатарларымен мәдениетті түрде сөйлесе;

10) өз тілегін, өтінішін білдіруді;
11) бақылау күнделігіне, жыл мезгілдері ішіндегі өзгерістерді мұғалімнің көмегімен бақылап, жазып отыруын;

12) күн тәртібін бұлжытпай орындау, қоғамдық орындарда тәртіп сақтай білу, үлкендерге және езінен кішілерге кемектесуді орындай;

13) сабақта, серуенде көргендерін, қызықты оқиғаны айтып беруді білуі тиіс.

38. Тұлғалық нәтижелер:

1) берілген тапсырмаларды өздігінен орындай алуынан;

2) табиғатты қорғай білуінен;

3) отбасындағы қарттар мен балаларға қамқорлық жасауынан;

4) әдептілікті сақтау, сәлемдесу, өз өтінішін білдіру, кешірім сұрау, алғыс айта білуінен;

5) өзара достық қатынас туралы түсінуінен;

6) табиғат құбылыстарын, айналадағы әдемілікті сезіне білуінен;

7) меңгерген сөздік материалдарын ауызша айтып үйренуінен көрініс табады.

39. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) тапсырманы түсініп, орындай білуімен;

2) сұраққа жауап беріп, әңгімелесе білуімен;

3) оқу-тәжірибе үлескісінде далада, саябақта, кітапханада, тікелей табиғат аясында бақылау жүргізе алуымен;

4) тақырыптық серуендер, топсеруендер, әңгімелеу, музыка тындау, диафильмдер көру арқылы алған ақпараттарын шынайы өмірмен байланыстыра білуімен;

5) адамзат қоғамының өркендеуі үшін адам еңбектерінің маңыздылығы туралы түсінігімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 33-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына 138-қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Бейімделген дене шынықтыру» көру қабілеті зақымдалған балаларды (көзі көрмейтін және нашар көретін) арнайы оқыту және тәрбиелеудің жалпы білім беру компонентіне кіретін негізгі пәндердің бірі болып табылады.

3. Бейімделген дене шынықтыру – бұл көру қабілетінің бұзылуына шалдыққан адамдарды оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, олардың толыққанды өмірді сезінуіне кедергі болатын психологиялық тосқауылдарды жоюға бағытталған спорттық - сауықтыру іс-шаралар кешені.

4. Бұл бағдарлама көру қабілеті зақымдалған 0-4 сынып оқушыларына арналған.

5. Бейімделген дене шынықтырудың сабақтары санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға сай келетін спорттық объектілерде жүргізіледі (спорттық залдар, стадиондар, бассейндер; ашық спорттық алаңдар және т.б.). Осы объектілер тиісті мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына қажетті спорттық бұйым мен құрал-саймандармен жабдықтардырылуы керек.

6. Көрмейтін және нашар көретін оқушыларға арналған «Бейімделген дене шынықтыру» пәннің негізгі мақсаты: қозғалыс белсенділігінің максималды еркінділігін, тиімділігін, үнемділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның кеңістікте еркін бағдарлау іс-әрекетін дамыту.

7. Қозғалыс икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсаттардың шешілуі коррекциялық-компенсаторлық бағыттылыққа ие:

- 1) тұрақтылықты, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті дамыту;
- 2) бағдарлау дағдыларын дамыту (есту және сипап сезу қабылдауын пайдалану арқылы);
- 3) коррекциялық-компенсаторлық даму және бұлшық ет-буын сезімдерін арттыру;
- 4) қозғалыстардың бөгеліп қалушылығы мен шектелгенділігін жою;
- 5) қозғалыс әрекеттерді орындау сапасын жетілдіру (соның ішінде қолдың күрделі қимыл-қозғалыс іс-әрекетін сапасын);
- 6) қозғалыс икемділіктер мен дағдылардың ауқымын арттыру;
- 7) дене тәрбиенің кемшіліктерін түзету.

8. Бейімделген дене шынықтырудың сабақтарында пәнаралық байланыстары бар құралдар қолданылады: балалардың ойлауын, сөйлеуін, зейінін, есін, математикалық қабілеттерін белсендіретін жаттығулар, ертегі және ойын терапиясында, тақырыптық ойын композицияларында орындалатын рөлдік қозғалыс функцияларына байланысты музыкалық-әдеби, хореографиялық, би жаттығулары.

9. «Бейімделген дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында балалардың жас ерекшеліктері мен көру кемістігінің сипаты есепке алынады. Оларды мүмкіндіктерін

жете зертегеннен кейін, медициналық тексерулердің, педагогикалық бақылаулардың және қорытынды бақылау сынақтардың нәтижелерін есепке ала отырып, оқушыларды екі топқа бөледі:

1) біріншісі – арнайы топ. Бұл топқа бағдарламалық материалды менгеруде көптеген шектеулер қойылған;

2) екіншісі - негізгі топ.

10. Дене шынықтыру сабақтардың нәтижелілігін бақылау мақсатында әр сыныпта жылына екі рет балалардың дене дайындылық тексерісі жүргізіледі. Тексеріс қорытындылары талданады, дене дайындылығының анықталған кемшіліктерін жоюға әрекеттер жасалынады және барлық мәліметтер оқушыларға, ата-аналарға және педагогикалық ұжымға баяндалады.

11. Дене шынықтыру пәні бойынша баға қоюды қолданудың өзі балалардың өзіндік жетілуіне талаптандыруы қажет, олардың өз көрсеткіштерін жақсартуға талпынуын ынталандырып, дене жаттықтырудан қуанышты сезінуіне себепші болу керек. Жетістіктерді бағалау кезде балалардың оқу орта нормативтерін орындау сапасынан гөрі, олардың өзіндік жеке дамуындағы қозғалыс қабілетінің даму қарқындығына көбірек көңіл бөлу керек.

12. Дене шынықтыру сабақтарынан уақытша босануды мектеп дәрігері ғана бере алады. Сабақтан уақытша босатылған оқушылар дене шынықтырудың кемшіліктерін түзетуге бағытталған жеке немесе топтық тапсырмаларды бөлек орындайды.

13. Көру қабілеті зақымдалған оқушаларға дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары басқа да сабақтарда, үзіліс кезінде жүргізіледі, оған сергіту сәттер, жалпы жаттықтыру, қол моторикаға жаттығу жасау және т.б. жатады.

14. Көзі көрмейтін және нашар көретін балалардың дене шынықтыру бойынша сабақтан тыс жұмыс түрлеріне (көпшілікке арналған дене шынықтыру-спорт мерекелік іс шаралар, қолайлы бағдарлама бойынша құрастырылған сынып арасындағы сайыстар және т.с.с.) қатысуын қадағалап, соған үлкен назар аудару қажет.

15. Пәннің оқу жүктемесі:

кесте 1

№	Оқу пәні	Сыныптар бойынша сағаттар саны (1 аптада)				
		0	1	2	3	4
1.	Бейімделген дене шынықтыру	3	3	3	3	3

16. Спорттық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар:

1) көрмейтіндер үшін көзбен көретін ақпаратты дыбыстық ақпаратпен үйлестіру міндетті. Акустикалық бағдарлағыштарды қолдану ұсынылады – бұл секіруды, лақтыруды орындау үшін «дыбыстық бағдар беру» болады. Көзі көрмейтін оқушылар үшін спорттық залдың периметрі бойынша 100см биіктік бойымен жүруде, жүгіруде бағдар болатын тұтқаны орналастырады;

2) көрмейтіндер үшін дыбыс – басты бағдар беруші болғандықтан, залды арнайы

дыбыстық құрал - жабдықтырмен қамтамасыз ету маңызды (зал қабырғаларды қорғаныш төсенішпен жабдықтау, еденге жұмсақ төсемді жабу);

3) залдар көлемі кем дегенде технологиялық талаптардың ең төмен мөлшерлеріне сай болуы тиіс. Зал төбесінің кейбір жақтарын, мүмкіндігіне қарай, перфорацияланған (тесілген) немесе қатпарлы акустикалық етіп жасау жөн болып саналады;

4) сонымен қатар, спорттық залда көзбен көретінге жатпайтын басқа да бағдар беруші кілттер болу керек, оларға еден фактурасының өзгеруі, дөңес әріптермен жазылған жазулар, ойын зоналарды белгілейтін хабарлама жолақтар және т.б. жатады;

5) жарық түсудің сапасы да маңызды. Жарық беретін арматураның жарығы шамадан тыс жарқын және жылтыр болуына жол бермеу қажет және терезелердің тым үлкен болмауын, жарықты қатты шағылыстыратын аймақтардың болмауын қадағалау керек. Жарақаттанудың немесе тікендердің кіріп кетудің мүмкіндіктерін толық жою үшін, еден беті мінсіз тегіс болуы міндетті;

6) залда құрал-жабдықтарға қол жеткізудің оңайлығын және оларды тасымалдау мүмкіндіктің болуын қамтамасыз ету тиіс.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

17. Негізгі гимнастика.

18. Гимнастикалық жаттығулар. Сап құру және сапқа қайта тұру. Бір қатар лекке сапқа тұру. Қатарда «бірінші-екінші» тәртібі бойынша санасу. Орнында тұрып адымдау. Адымдап жүру. Адымдап жүруді тоқтату. Бір қатар сапқа тұру. Шеңбер сапқа тұру.

19. Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз):

1) бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты алшақ қою (иіктің енімен). Қолдардың негізгі қалыптары: алға қарай созу, екі жаққа созу, белге қою, бүгіп кеуде алдында ұстау, басқа, бастың артына қою;

2) тік қолдардың қозғаластары: алға, екі жаққа, жоғары, кері қарай. Иық және шынтак буындардың қозғалыстары. Тізеден бүгілген аяқты көтеру. Тік аяқпен қозғалыстар жасау (оң және сол аяқпен): алға, бір жаққа, кері қарай;

3) денені бір жаққа қарай еңкейту. Қолмен тізеге таянып, гимнастикалық орындыққа таянып, денені алға қарай еңкейту (басты төмен түсіруге болмайды);

4) гимнастикалық орындық үстінде жаттығулар жасау. Гимнастикалық қабырғасының таяғынан ұстап, отырып, тұру. Гимнастикалық қабырғаға қырынан тұрып, бел деңгейіндегі таяқшаны ұстап алу. Аяқты алға қарай көтеру, кері қайтару, бір жаққа қарай көтеріңкіреу. Гимнастикалық қабырғасына алдымен тұрып, алға қарай еңкею, тізе деңгейдегі таяқшаны ұстап алу;

5) аяқ ұштарын қосу және ажырату. Аяқ ұшымен тұрып, көтерілу, жартылай отыру және осы күйден тіземен тұру қалыпқа ауысу. Аяқтарды біріктіру (алшақтау), алға қарай еңкею (басты түсіруге болмайды). Аяқтарды кезек-кезек көтеру, «Қарлығаш»

қалыпқа еліктеп, тіземен тұрып, таяну;

б) шалқасынан жату қалыптан - жинақталу. Шалқасынан жатып жинақталу қалыпты ұстап алға - артқа аунау.

20. Үлкен доппен орындалатын жаттығулар:

1) доппен жасалатын негізгі қалыптар: допты қолында ұстап төмен, алға қарай, жоғары көтеру;

2) допты ары-бері домалату. Зал қабырғасының бойымен, одан 100-130 см қашықтықта бірнеше гимнастикалық орындықтарын бірінен кейін бірін қырынан қояды. Осылайша қалыптасқан коридорға екі бала бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқтарын кең алшайтып қояды. Олар допты көтермей, оны бір-біріне домалатады. Алғашқыда балалар арасындағы қашықтық 1-1,5 м құрайды, кейіннен бұл ара қашықтықты біртіндеп ұлғайтады;

3) допты қалқанға, қақпаға лақтыру. Секірген допты тауып алу және ұстап алу. Шеңберге аяқты айқастырып, отырып немесе аяқтарды алшақ қойып, тұрып, денені бұру арқылы допты шеңбер ішінде оңға-солға қарай өткізу.

21. Мүсінді қалыптастыратын жаттығулар. Аяқтың ұшымен жүру, қол буындары бастың артында ұстасқан, шынтақтары жан жақта, арқасы тіке, жауырындар жақындасқан. Бастапқы қалып – қабырғаға жақындап, желке, жауырын, жамбас, шынтақ және өкшені тигізіп тұру. Сол тұрған күйде алға қарай кету және қайта келу. Желке, жауырын, жамбас, шынтақ және өкшені қабырғаға тигізіп, тіке тұрып, қолдарды екі жаққа көтеру, қабырғаға желке мен жауырынды тигізіп, отыру.

22. Бағдарлауға бағытталған жаттығулар. Дыбыс белгісі бойынша жүру (10-15 м дейін). Дыбыс белгісінің артынан түрлі бағыт бойынша жүру. Зал қабырғасынан жарты қадам қашықтықты ұстап, залды айналып жүру. Қадам ұзындығын өзгерту арқылы жүру. Ұзындықтық түрлі бөліктерін жаңғырту (5, 10, 15 м). Орыннан түрлі қашықтыққа секіру. Тапсырыс бойынша допты түрлі қашықтыққа лақтыру:

1) өрмелеу және асып түсу. Гимнастикалық қабырғада еркін өрмелеу (жоғары, төмен). Гимнастикалық қабырғада төрт аяқтап өрмелеу. Шағын кедергіден асып түсу. Ұзындығы 50 см-ден кем емес кедергінің астынан өрмелеп немесе еңбектеп өту. Ойындар кезіндегі өрмелеу, еңбектеу және асып түсу;

2) жүру. Барлығымен бірге бір бағытта, жалпы қарқынды ұстаным, еркін жүру. Қарқынды жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Бір-бірінің артынан жүру.

23. Жеңіл атлетика:

1) жүгіру. Баяу жүгіру. Мұғалімнің белгісі бойынша бағытты өзгертіп жүгіру. 2-3 реттен 10-20 м қашықтыққа жүгіру. Бір орында тұрып жай жүгіру – 30 сек. 2 рет. Ойын кезіндегі еркін жүгіру;

2) лақтыру. Үлкен допты екі қолмен ұстап, жерге, қабырғаға, жоғары лақтыру, сонынан қағып алу. Шағын доптарды, тастарды, қар кесектерін алыстық пен дәлдікке лақтыру. Дыбыс белгісімен бейнеленген сырыққа шағын шығыршықтарды лақтыру.

Ойын кезінде допты лақтыру;

3) секіру. Гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, оның таяқшасынан ұстап, екі аяқпен секіру. Бір аяқпен кезек-кезен секіру (3-4 секіруден). Қолдар белде, аяқты бірге қойып, секіру және аяқты алшақ қойып, секіру. Секіру жібін бастан жоғары алға-артқа сермеу. Қозғалмай асулы тұрған және теңселіп жатқан ұзын секіру жібінен екі аяқпен секіру;

4) қолшанамен сырғанау.

24. Шанамен сырғанау жеріне қойылатын талаптар: ұзындығы 15-20 м тегіс еңіс жол, еңіс бұрышы - 5-10. Қолшаналарды ұстап, сапқа тұру.

25. Шана үстінде жасалатын жаттығулар. Отыру: шананы екі қолмен ұстап алу, аяқтарға тірену. Отыру: шананы екі қолмен ұстап алу, оң аяқты алға, сол аяқты артқа ұстау. Отыру: шананы екі қолмен ұстап алу, аяқтарды алға. Шанаға екіден отырып, сырғанау; отыру: шананы екі қолмен ұстап алу, аяқтарды алға. Отыру: шананы екі қолмен ұстап алу, аяқтарды алға қою. «Шананың үстіне дұрыс отыру» атты практикалық сабақты жүргізу. Еркін сырғанау, еңіске сырғанау.

26. Ойындар:

1) «Допты көршіңе бер». Жүруді аяқтанған соң, мұғалім балаларды бір-бір қатар екі қарама-қарсы сапқа тұрғызады, допты бір-біріне беру шарттарын түсіндіреді. Екі қатар саптардың ара қашықтығы – 50-60см. Сап ішіндегі балалардың ара қашықтығы - 30-40см. Балаларға допты тек қолға беру керектілігін алдын ала айту қажет, қолды алға қарай созу арқылы. Допты лақтыруға тыйым салынады. Допты лақтырған адам, ойыннан шығады;

2) «Жақындаған кім». Балалар қол ұстасып, шеңберге тұрады, олар жүргізушіні тандайды. Жүргізуші шеңбер ортасына тұрады, ал балалар бір-бірден оған жақындап келіп кетеді, әр бала жақындағанда жүргізушінің иығынан ұстап, «а», «о», «у», «е», «и», «ю» және т.б. дыбыстарды айтады. Жүргізушінің мақсаты: жақындаған баланы дауысынан танып айту. Үш-төрт баланы танып қойған жүргізушіге сыйлық беріледі;

3) «Орынға тез тұру». Мұғалімнің «Тараңдар!» командасы бойынша балалар залдың жан-жағына жүгіріп кетеді (волейбол аланның тек бір жағында ған). «Сапқа тұр» командасы бойынша балалар сапқа тұрады және «Теңел!», «Тік тұр!» командаларын орындауды үйренеді. Мұғалім әр балаға командаларды орындауда дұрыс қалыпты ұстануға көмектеседі.

27. Дайындық сынып оқушысының даярлық деңгейіне қойылатын талаптар. Нормативті талаптар:

1) дененің алға қарай еңкею деңгейі – 10см ден кем емес;

2) тепе-теңдік функциясы – 4-6 сек;

3) жылдамдылық – 12-14 рет;

4) қол буынның күші – 7-8 кг;

5) жалпы төзімділік – 25-30 сек;

б) орнынан алға қарай секірудің ұзындығы - 100-106 см.

7) оқушылар білуі тиіс: сабақтардың жүру орнын (зал, алаң); дене шынықтыру залында, спорт алаңында жүріс-тұрыс ережелерін; күн тәртібі мен жеке тазалық туралы мәліметтерін; қатар, лек, сап, бағана туралы түсініктерін; саптағы өз орнын; негізгі тұру қалыптарын; қолдардың негізгі қалыптарын;

8) оқушылар жасай алу тиіс: залға ұйымдасқан түрде кіру; колоннамен (саппен) жүру; сапқа тұру.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

28. Негізгі гимнастика.

29. Гимнастикалық жаттығулар. Сап құру және сапқа қайта тұру. Бір қатар лекке (сапқа) тұру. «Бірінші-екінші» тәртібі бойынша санасу. Орнында тұрып адымдау. Адымдап жүру. Адымдап жүруді тоқтату. Бір бағанаға тұру. «Сапқа тұр!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Тараңдар!» командаларын орындау. Шеңберге тұру.

30. Жалпы дамыту жаттығулары (затсыз). Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты алшақ қою (иықтың енімен). Қолдардың негізгі қалыптары: алға қарай созу, екі жаққа созу, белге қою, бүгіп кеуде алдында ұстау, басқа, бастың артына қою. Тік қолдардың қозғаластары: алға, екі жаққа, жоғары, кері қарай. Иық және шынтақ буындардың қозғалыстары. Тізден бүгілген аяқты көтеру. Тік аяқпен қозғалыстар жасау (оң және сол аяқпен): алға, бір жаққа, кері қарай. Денені бір жаққа қарай еңкейту. Қолмен тизеге таянып, гимнастикалық орындыққа таянып, денені алға қарай еңкейту (басты төмен түсіруге тыйым салынады).

31. Гимнастикалық орындық жанында жаттығулар жасау. Гимнастикалық қабырғасының таяғынан ұстап, отырып, тұру. Гимнастикалық қабырғаға қырынан тұрып, бел деңгейіндегі таяқшаны ұстап алу. Аяқты алға қарай көтеру, кері қайтару, бір жаққа қарай көтеріңкіреу. Гимнастикалық қабырғасына алдымен тұрып, алға қарай еңкею, тізе деңгейіндегі таяқшаны ұстап алу. Аяқ ұштарын қосу және ажырату. Аяқ ұшымен тұрып, көтерілу, жартылай отыру және осы күйден тіземен тұру қалыпқа ауысу. Аяқтарды біріктіру (алшақтау), алға қарай еңкею (басты түсіруге болмайды). Аяқтарды кезек-кезек көтеру, «Қарлығаш» қалыпқа еліктеп, тіземен тұрып, таяну. Шалқасынан жату қалыптан - жинақталу. Шалқасынан жатып жинақталу қалыпты ұстап алға - артқа аунау.

32. Үлкен доппен орындалатын жаттығулар:

1) допты домалату. Зал қабырғасының бойымен, одан 100-130 см қашықтықта бірнеше гимнастикалық орындықтарын бірінен кейін бірін қырынан қояды. Осылайша қалыптасқан дәлізге балалар екеуден бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқтарын кең алшайтып қояды және допты көтермей, оны бір-біріне домалатады. Алғашқыда балалар арасындағы қашықтық 1-1,5 м құрайды, кейіннен бұл ара қашықтықты біртіндеп

Ұ л ғ а й т а д ы ;

2) лекте (сапта), бағанада тұрып, допты бастан асырып, артта тұрған балаға беру. Допты қалқанға, қақпаға лақтыру. Секірген допты тауып алу және ұстап алу. Аяқты айкастырып, шеңберге отырып немесе аяқтарды алшақ қойып тұрып, денені бұру арқылы допты шеңбер ішінде оңға-солға қарай өткізу.

33. Мүсінді қалыптастыратын жаттығулар. Аяқтың ұшымен жүру, қол буындары бастың артында ұстасқан, шынтактары жан жақта, арқасы тіке, жауырындар жақындасқан. Залдың әр түрлі жақтарында орналасқан дыбыстық белгілерге бағдарлап, жартылай отыру қалпында жүру (арқаны түзу ұстау). Қабырғаға жақындап, желке, жауырын, жамбас, шынтак және өкшені тигізіп тұру қалпынан алға қарай кету және қайта келу. Желке, жауырын, жамбас, шынтак және өкшені қабырғаға тигізіп, тіке тұрып, қолдарды екі жаққа көтеру, қабырғаға желке мен жауырынды тигізіп, отырып-тұру. Желке, жауырын, жамбас, шынтак және өкшені қабырғаға тигізіп, тіке тұру, осы қалыптан денені оңға, солға еңкейту.

34. Бағдарлауға бағытталған жаттығулар. Дыбыс белгісі бойынша жүру (10-15м дейін). Дыбыс белгісінің артынан түрлі бағыт бойынша жүру. Зал қабырғасынан жарты қадам қашықтықты ұстап, залды айналып жүру. Қадам ұзындығын өзгерту арқылы жүру. Ұзындықтық түрлі бөліктерін жаңғырту (5, 10, 15м). Орыннан түрлі қашықтыққа секіру. Тапсырыс бойынша допты түрлі қашықтыққа лақтыру:

1) өрмелеу және асып түсу. Гимнастикалық қабырғада еркін өрмелеу (жоғары, төмен). Гимнастикалық қабырғада төрт аяқтап өрмелеу. Шағын кедергіден асып түсу. Ұзындығы 50 см-ден кем емес кедергінің астынан өрмелеп немесе еңбектеп өту. Ойындар кезіндегі өрмелеу, еңбектеу және асып түсу.

3 5 . Ж е ң і л а т л е т и к а :

1) жүру. Мұғалімнің артынан бір қалыпты орташа қарқынды ұстанып, бір қатар құрып, залды айналып жүру. Бір қатар құрып, қол ұстасып, жүру. Шеңберге тұрып, қол ұстасып, айналып жүру. Зал қабырғасынан бір қадам алшақ жүріп, залды айналып жүру . Залдың әр жерінде жатқан спорттық төсеніштерді айналып, залдың бір жағынан қ а р а м а - қ а р с ы ж а ғ ы н а ө т у ;

2) жүгіру. Баяу жүгіру. Мұғалімнің белгісі бойынша бағытты өзгертіп жүгіру. 2-3 реттен 10-20 м қашықтыққа жүгіру. Бір орында тұрып жай жүгіру – 30 сек 2 рет. Ойын к е з і н д е г і е р к і н ж ү г і р у ;

3) лақтыру. Бір және екі қолмен лақтыруды орындау үшін түрлі заттарды дұрыс ұстап тұру. Үлкен допты екі қолмен ұстап, жерге, қабырғаға, жоғары лақтыру, соңынан қағып алу. Бір орында тұрып, шағын допты қабырғаға оң және сол қолмен лақтыру. Дыбыс белгісімен бейнеленген сырыққа шағын шығыршықтарды лақтыру. Ойын кезінде үлкен және шағын доптарды лақтыру;

4) секіру. Гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, оның таяқшасынан ұстап, екі аяқпен секіру. Бір аяқпен кезек-кезен секіру (3-4 секіруден). Қолдар белде, аяқты

бірге қойы секіру және аяқты алшақ қойып секіру. Секіру жібін бастан асып жоғары алға-артқа сермеу. Қозғалмай асулы тұрған және теңселіп жатқан ұзын секіру жібінен екі аяқпен секіру. Бір орынан секіру.

36. Ойындар:

1) «Аюлар мен аралар». Балалар тобының жартысы - «аюлар», қалғандары – «аралар». «Аюлар» ара балын жеу үшін «ағаштар» үстіне өрмелеп шығады (орындықтардың үстіне шығып тұрады). Сол кезде «аралар» ұшып келеді де, «аюларды» шағады (қолдарын тигізеді). «Аюлар» өз «апандарына» (жерге сызып қойылған) жүріріп кетеді. «Апанда» аюды аралар шақпайды. «Аюлар» балды жеуге 2-3 рет барады. «Шағылған аюлары» аз командасы ойын жеңімпазы болып атанады;

2) «Аяғынды сулап алма» Аланда немесе залда еден бетіне «бұлақ» саламыз. «Бұлақтың» ені бір жерде 2 қадам болса, басқа жерде – 3 қадам, ал ең енді жерінде - 4 қадам. Балалар «бұлақтан» секіру керек. Бұлақтың ең енді жерінен секіріп, «аяғынды сулап алмаған» бала ойын жеңімпазы болып шығады.

37. 1-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Нормативті талаптар:

1) дененің алға қарай еңкею деңгейі – 10 см-ден кем емес;

2) тепе-теңдік функциясы – 4-6 сек;

3) жылдамдылық – 12-14 рет;

4) қол буынның күші – 7-8 кг;

5) жалпы төзімділік – 25-30 сек;

6) орнынан алға қарай секірудің ұзындығы - 106-110 см.;

7) оқушылар оқушылар білуі тиіс: күн тәртібі мен жеке тазалық тұралы мәліметтерін; қатар, лек, сап, бағана тұралы ұғымдарын; негізгі тұру қалыптарын; «Сапқа тұр!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Тараңдар!» командалардың орындалуын; жүру, жүгіру, секіру, лақтыру дегенді; жеңіл атлетика сабақтарында және жалпы дене шынықтыру сабағында жүріс-тұрыс ережелерін; шаңғы тебу сабағына қалай дайындалу керектілігін; ойын ережелерін және оларды сақтау қажеттілігін;

8) оқушылар жасай алу тиіс: күн тәртібін орындауды және жеке тазалық ережелерін сақтап жүруді; ұйымдасқан түрде кіруді; бір қатар колоннамен (саппен) жүруді; сапқа тұруды; мұғалімнің ауызша нұсқасы бойынша қарапайым негізгі қалыптарды орындауды; негізгі қалыпты орындауда және жүруде мүсінді түзу ұстауды; гимнастикалық орындықтың үстінде жүргенде тепе-теңдікті ұстауды; жүруді жүгірумен кезектестіруді; бір және қос аяқпен секіруді; бір орнында тұрып, допты бір қолмен лақтыру; белсенді қозғалыс ойын барысында мұғалімнің басшылығымен мақсатты әрекет жасай алуы тиіс.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

39. Гимнастикалық жаттығулар. Сап құру және сапқа қайта тұру. Бір қатар сапқа (лекке) бойына сәйкес тұру. Оңға, солға бұрылу. Шеңберге тұру. «Сапқа тұр!» командасы бойынша сапқа тез тұру. Қол ұстасып тұрып, бір лектен шеңберге тұру. Лекті (сапты) қайта құру. «Сапқа тұр!» «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Тараңдар!» командаларын орындау.

40. Жалпы дамыту жаттығулары (затсыз):

1) қолдардың негізгі қалыптары: алға қарай созу, екі жаққа созу, белге қою, бүгіп кеуде алдында ұстау, басқа, бастың артына қою. Қол қозғаластары: алға, екі жаққа, жоғары, кері қарай;

2) иықты көтеру және төмен түсіру. Иықты алға, артқа қарай жылжыту. Иық және шынтақ буындардың қозғалыстары;

3) басты алға, артқа еңкейту, оңға-солға бұру. Денені алға, оңға-солға еңкейту. Түрлі бастапқы қалыптан денені оңға, солға бұру;

4) тік аяқты алға, бір жаққа қарай көтеру, қайта қою. Тізеден бүгілген оң (сол) аяқты алға қарай көтеру. Аяқ ұшымен көтерілу және одан өкшемен тұруға ауысу. Жартылай отыру. Отырып тұру. Отырып таяну. Жартылай отырып, жинақталу; отырып, жинақталу;

5) шалқасынан жату қалыптан - жинақталу. Шалқасынан жатып жинақталу қалыпта алға-артқа аунау. Отырып, жинақталу қалыптан алға-артқа аунау. Отырып, таяну қалыптан алға-артқа аунау (басты жерге тигізбеу қажет). Отырып, таяну қалыптан артқа аунау және қайта алға аунап, отырып, жинақталу қалпына келу. Үйренген қозғалыстарды бір-бірімен қарапайым түрде үйлестіру.

41. Үлкен доппен орындалатын жаттығулар. Допты қолмен ұстап тұрып, түрлі бастапқы қалыптарға тұру. Лекте (сапта), бағанада тұрып, допты бастан асырып, артта тұрған балаға беру. Допты жерге соғу, жоғары лақтыру, қабырғаға лақтыру. Допты бір-біріне домалату: шеңбер ішінде, ара қашықтығы 3-4 қадам екі қатар арасында.

42. Мүсінді қалыптастыратын жаттығулар:

1) аяқтың ұшымен жүру (арқаны түзу ұстау), қолдары белде. Табанның сыртқы жағымен шеңбер айналып жүру, жауырындарды қосу. Тік қолдармен артқа айналма қозғалыстар жасап, шеңбер айналып жүру (басты тік ұстау, дистанцияны сақтау);

2) желке, жауырын, жамбас, және өкшені қабырғаға тигізіп, тіке тұрып, денені оңға, солға еңкейту. Баспен жүк (100-150г.) ұстап, желке, жауырын, жамбас, өкшені қабырғаға тигізіп, қабырғаға арқа беріп тұру, осы қалыпта аяқты кезек-кезек көтеру;

3) гимнастикалық қабырғада асылу. Қол қозғалыстары: белге, екі жаққа қарай, арқа артына. Ені 20 см. жолмен жүру. Орындыққа тұру және одан түсу;

4) жерде жатқан тақтай үстінде жүру. Жерде жатқан арқан үстінде жүру. Гимнастикалық таяқ үстінде табан ортасымен тұрып, аяқтың ұшынан өкшеге ауысу.

43. Бағдарлауға бағытталған жаттығулар. Дыбыс белгісі бойынша жүру (10-15м

дейін). Жүру жылдамдылығын өзгертіп, дыбыс белгісінің артынан түрлі бағыт бойынша жүру. Зал қабырғасынан жарты қадам қашықтықты ұстап, түрлі қарқынмен залды айналып жүру. Қадам ұзындығын өзгерту арқылы жүру. Мұғалім дауысына бұрылу. Мұғалімнің есептеуі бойынша қолдарды дұрыс қою:

1) өрмелеу және асып түсу. Гимнастикалық қабырғада еркін өрмелеу (жоғары, төмен). Гимнастикалық қабырғада төрт аяқтап өрмелеу. Шағын кедергіден асып түсу. Ұзындығы 50 см-ден кем емес кедергінің астынан өрмелеп немесе еңбектеп өту. Ойындар кезіндегі өрмелеу, еңбектеу және асып түсу.

4 4 . Ж е ң і л а т л е т и к а :

1) жүру. Жылдамдылықты өзгертіп жүру. Қолдарды түрлі қалыпқа қойып жүру: белге, иыққа, кеуде алдына, бастың артына. Мұғалімнің командалары бойынша жүру б а ғ ы т ы н ө з г е р т і п ж ү р у ;

2) жүгіру. Жүгіру кезіндегі қолдардың дұрыс қозғалыстарын үйрену. Бір орнында баяу жүгіру 10-20 м. 2-3 реттен. 2-3 реттен 15-20 м. қашықтыққа жүгіру. Мұғалімнің белгісі бойынша бағытты өзгертіп жүгіру. Баяу жүгіру – 1 минуттан 2 рет;

3) лақтыру. Үлкен допты бастың артынан алға қарай лақтыру және төменнен жоғары қабырғаға лақтыру. Үлкен допты екі қолмен ұстап, жерге, қабырғаға, жоғары лақтыру, соңынан қағып алу. Шағын доптарды, тастарды, кар кесектерін алыстық пен дәлдікке лақтыру. Дыбыс белгісімен бейнеленген сырыққа шағын шығыршықтарды лақтыру. Ойын кезінде допты лақтыру;

4) секіру. Бір орнында тұрып, екі аяқпен секіру және алға қарай секіріп жүру, қолдары белде. Орыннан ұзындыққа секіру және жұмсақ қону. Секірмек қысқа жіп арқылы екі аяқпен бір орында секіру, 10-15секіруден 2 серия, сериялар арасы 1,5 минут . 90 айналып, екі аяқпен бір орында секіру (5-6 рет). 2-4 қадам жасап, секіру. Орындық үстінен секіру. Ойын кезінде секіру.

45. Шаңғы тебуге дайындық: шаңғыны иыққа қойып, жүру. Бір бірінің артынан жаттықпа шаңғы жолымен шаңғымен сырғанап, жүру (бір сабақта 05-08км). Шаңғымен жайлап басып жүру техникасы. Шаңғының ұштарын айнала «аттау» арқылы бір орнында тұрып, бұрылу. Негізгі тұрыс қалыпта тұрып, жаттықпа жолмен түсу.

4 6 . О й ы н д а р :

1) «Тыйым салынған қозғалыс». Оқушылар бір орнында тұрып немесе жүріп, мұғалім көрсеткен қозғалыстардың барлығын қайталап орындайды, бір қозғалыстан басқасын, мысалы, қолдарды белге қоюдан басқасын – бұл тыйым салынған қозғалыс. Қателескен бала бағананың соңына тұрады, ал ойын ары қарай жалғасады;

2) «Дауыстан тану». Балалар шеңберге тұрады. Біреуі шеңбер ортасына тұрады. Балаларға үй және жабайы жануарларды атауды ұсынады. Ойыншылардың әрқайсысы қандайда бір жануарды атайды. Сол айтылған сөзден (дыбыс белгісі) ортадағы жүргізуші сөзді айтқан баланың атын атайды. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады, сол кезде дыбыс белгілерін басқа сөз топтардан алады, сондай-ақ спорттық

терминологиясын да пайдалануға болады. Ең көп дауысты таныған жүргізуші жеңеді.

47. 2-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Нормативті талаптар :

- 1) дененің алға қарай еңкею деңгейі – 8см ден кем емес;
- 2) тепе-теңдік функциясы – 6-8 сек;
- 3) жылдамдылық – 14-16 рет;
- 4) қол буынның күші – 8-10 кг;
- 5) жалпы төзімділік – 30-35 сек;
- 6) орнынан алға қарай секірудің ұзындығы - 110-112 см;
- 7) ыршып, секіру - 21-23 см

48 . Оқушылар :

- 1) қатардағы өз орнын; саптық командаларын; саптағы «бағыттаушы» және «соңында жүруші» туралы түсініктерді;
- 2) дұрыс мүсін туралы түсінікті;
- 3) лек дегеніміз не;
- 4) жүру және жүгіру кезінде, шаңғы тебуда дұрыс тыныс алуды;
- 5) жеңіл атлетика, шаңғы тебу сабақтарында жүріс-тұрыс ережелерін білуі тиіс.

49 . Оқушылар :

- 1) мұғалімнің ауызша нұсқасы бойынша қарапайым негізгі қалыптарды орындауды;
- 2) саптық командаларын орындауды: оңға, солға қарай бұрылуды; негізгі қалыпты орындауда және жүруде мүсінді түзу ұстауды; бір қатар колоннамен (саппен) жүруді; лек құрып, сапқа тұруды;
- 3) жаттығуларды орындауда тыныс алуды үзбеуді; шаңғыны аяқ киімге бекітуді және шешіп алуды;
- 4) шаңғының ұштарын айнала «аттау» арқылы бір орнында тұрып, оңға бұрылуды жасай алу тиіс.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

50 . Негізгі гимнастика .

51. Гимнастикалық жаттығулар. Сап құру және сапқа қайта тұру. Оң және сол фалангалар туралы түсінік. Қатарда тұрып, оңға, солға, ортаға теңелу. Рапорт (баянат) беру. «Теңел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!» командаларын орындау. «Бірінші-екінші» тәртібі бойынша санасу. Орында тұрып, бір аяқтың өкшесімен, ал екінші аяқтың ұшымен оңға, солға бұрылу. Аяқтарды тақап жүру арқылы адымдап, қатардағы аралықты алшақтату және жақындату. Бір орнында адымдау және «бір-екіге» тоқтау.

90 - ға бұрылу .

52. Жалпы дамыту жаттығулары (затсыз):

- 1) бас, қол, дене және аяқтардың негізгі қалыптары мен қозғалыстары. Қол

қозғалыстары: қолдарды біріктіріп, 4-ке дейін санауға алға қарай созу, жоғары көтеру, түсіру. Қолдарды алдыңғы және бүйір жақта айналдыру. Қолдарды арқанын артына тік ұстап, денені оңға-солға бұру. Денені бұрып, оң-сол аяққа қарай еңкею;

2) гимнастикалық орындықтың жанында жаттығулар жасау. Гимнастикалық қабырғасының таяғынан ұстап, отырып, тұру. Гимнастикалық қабырғаға қырынан тұрып, бел деңгейіндегі таяқшаны ұстап алу. Аяқты алға қарай көтеру, кері қайтару, бір жаққа қарай көтеріңкіреу. Гимнастикалық қабырғасына алдымен тұрып, алға қарай еңкею, тизе деңгейдегі таяқшаны ұстап алу;

3) аяқ ұштарын қосу және ажырату. Аяқ ұшымен тұрып, көтерілу, жартылай отыру және осы күйден тіземен тұру қалыпқа ауысу. Аяқтарды біріктіру (алшақтау), алға қарай еңкею (басты түсіруге болмайды). Аяқтарды кезек-кезек көтеру, «Қарлығаш» қалыпқа еліктеп, тіземен тұрып таяну;

4) шалқасынан жату қалпынан - жинақталу. Шалқасынан жатып жинақталу қалыпты ұстап алға-артқа аунау.

53. Акробатикалық жаттығулар:

1) отырып, жинақталу. Бастапқы қалып – аяқты созып, отыру, қолдар екі жақта. Аяқ табандарын алшақтату, аяқтарды тізеден бұғу, қолмен аяқты сирақ жағынан ұстап, құшақтап алу, тізелерді кеудеге қарай көтеру, басты алға қарай еңкейту (тізе арасына);

2) жатып, жинақталу. Бастапқы қалып – шалқасынан жату, қолдар жерде дене бойымен созылған. Аяқтарды бұғу және қолмен аяқты сирақ жағынан ұстап, құшақтап алу, тізелерді кеудеге қарай көтеру, басты алға қарай еңкейту (тізе арасына);

3) жартылай отырып, жинақталу. Бастапқы қалып – аяқтарды алшақтату, қатар қою. Бар табанмен отыру, аяқты тізеден төмен құшақтау, тізелерді кеудеге қысу, басты төмен түсіру (тізелер арасына), иекті кеудеге қысу;

4) алға, артқа қарай аунау. Жаттығулар бір қатар төселінген үш төсеніш (мат) үстінде орындалады. Жаттығулар қатаң түрде жеке орындалады. Отырып, жинақталу қалпынан артқа аунап, алға қарай аунап, отырып, таяну қалпысына ауысу. Тіземен тұру қалпынан оңға-солға қарай ауысу. Бір жаққа қарай аунау.

54. Үлкен доппен орындалатын жаттығулар:

1) доппен негізгі қалыптарды жасау: допты екі қолмен төмен, алдында, жоғары ұстау;

2) допты домалату. Зал қабырғасының бойымен, одан 100-130 см қашықтықта бірнеше гимнастикалық орындықтарын бірінен кейін бірін қырынан қояды. Осылайша қалыптасқан коридорға балалар екеуден бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқтарын кең алшайтып қояды. Олар допты көтермей, оны бір-біріне домалатады. Алғашқыда балалар арасындағы қашықтық 1-1,5 м құрайды, кейіннен бұл ара қашықтықты біртіндеп ұлғайтады;

2) допты қалқанға, қақпаға лақтыру. Секірген допты тауып алу және ұстап алу. Аяқты айқастырып, шеңберге отырып немесе аяқтарды алшақ қойып, тұрып, денені

бұру арқылы допты шеңбер ішінде оңға-солға қарай өткізу.

55. Мүсінді қалыптастыратын жаттығулар. Қолдармен түрлі қозғалыстарды жасап тұрып, аяқтың ұшымен көтерілу. Аяқтың екі өкшесімен, бір өкшесімен тұру. Гимнастикалық орындық үстінде жүру: алға қарап, арқамен алдыға қарай, қырындап, ауыспалы адым арқылы, аяқтың ұшымен. Баспен 300-400г салмағы бар жүкті ұстап тұру. Басына жүк қойып, жүру. Гимнастикалық орындықта еш таянбай отыру, бір аяқ тіке, екіншісі – бүгілген. Аяқтың ұшымен алға қарай жүру, 180 бұрылып, артқа қарай жүру.

56. Бағдарлауға бағытталған жаттығулар. Дыбыс белгісі бойынша жүру (10-15м дейін). Дыбыс белгісінің артынан түрлі бағыт бойынша жүру. Зал қабырғасынан жарты қадам қашықтықты ұстап, залды айналып жүру. Қадам ұзындығын өзгерту арқылы жүру. Ұзындықтық түрлі бөліктерін жаңғырту (5, 10, 15м). Орыннан түрлі қашықтыққа секіру. Тапсырыс бойынша допты түрлі қашықтыққа лақтыру:

1) өрмелеу және асып түсу. Гимнастикалық қабырғада еркін өрмелеу (жоғары, төмен). Гимнастикалық қабырғаға еңіс бұрышы 20-25 бойынша тақап қойылған гимнастикалық орындықтан өрмелеу, гимнастикалық қабырғасына ауысу (басты түзу ұстау). Шағын кедергіден асып түсу. Ұзындығы 50 см-ден кем емес кедергінің астынан өрмелеп немесе еңбектеп өту. Ойындар кезіндегі өрмелеу, еңбектеу және асып түсу. Арқанда асылу – арқан түйінінен қолмен, аяқпен ұстау арқылы асылу. Арқанмен 2 м. дейін өз еркінше өрмелеу. Кедергіледен өрмелеп өту. Ойындар кезіндегі өрмелеу, еңбектеп кіру және асып түсу.

5 7 . Ж е ñ і л а т л е т и к а .

1) жүру. Қол-аяқты дұрыс қозғалтып, жүру. Аяқ санын жоғары көтеріп, жүру. Қалыпты жүруді аяқтың ұшымен кезектестіріп, жүру. Аяқты айқас басып, адымдау. Жүру мен жүгіруді кезектестіру (100 метрге дейін). Залдың әр жерінде жатқан спорттық төсеніштерді, түрлі заттарды айналып, түрлі бағытта ары-бері жүру;

2) жүгіру. Бір орнында тез жүгіру: 4-6 секундтан 2-3 рет. Бір орында жай жүгіру: 30-40 секунд 2-3 рет. Биік старт. Секіріп, жүгіру (әр бес қадам сайын). Үдеу қосып, жүгіру. Бір қалыпты қарқынмен жүгіру: 30секунд 2-3 рет. Баяу жүгіру: 2 минуттан 2-3 рет. Қалыпты өзгертіп жай жүгіру: алдымен, артымен, қырыннан;

3) секіру. Гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, оның таяқшасынан ұстап, екі аяқпен секіру. Бір аяқпен кезек-кезен секіру (3-4 секіруден). Қолдар белде, аяқты бірге қойып секіру және аяқты алшақ қойып секіру. Секіру жібін бастан асып жоғары алға-артқа сермеу. Қозғалмай асулы тұрған және теңселіп жатқан ұзын секіру жібінен екі аяқпен секіру. Бір орынан секіру. Жүгіріп барып ұзындыққа екпінмен секіру. Секірмек жіп арқылы 3-4 рет аттап, жоғарыға секіру, аяқты бүгіп, төсенішке қону;

4) лақтыру. Лақтыру бағытына қырыннан тұрып, допты бір орнынан лақтыру. 3-5 метр қашықтықтан допты қалқанға лақтыру. Шағын допты алысқа лақтыру.

58. Шаңғы дайындығы: шаңғыны иыққа қойып, жүру. Шаңғымен адымдап басу,

сырғанай басып жүру. Екі адымды кезекпе-кезек басу әдісін үйрену (таяқтарсыз). Шаңғының ұштарын айнала «аттау» арқылы бір орнында тұрып, оңға-солға бұрылуды жаттықтыру. Еңіс бұрышы 10-12 көлбеу жазықтыққа түзу және қиғаш басып, көтерілу. Негізгі тұрыс қалыпты ұстанып, тіктігі 8 дейін беткейден жаттықпа жолмен түсу. Асықпай баяу жүру – бір сабақта 1 км. 5 9 . О й ы н д а р .

1) «Аңшылар мен үйректер». Екі команда: «аңшылар» және «үйректер». «Аңшылар» шеңбер құрып, тұрады, олардың аяқ ұштарының алдынан сызық жүргізілген. «Үйректер» шеңбер ішінде өз қалаулары бойынша жүреді. Олардың мойындарында кішкентай қоңыраулар асылған. «Аңшылардың» біреуінде волейбол добы бар. Мұғалімнің белгісі бойынша «аңшылар» доп лақтырып, «үйректерге» тигізуге тырысады. «Аңшы» «үйрекке» доп тигізсе, сол үйректің орнына тұрады. «Үйрек» ролінде ұзағырақ уақыт болған балалар жеңеді;

2) «Пішіндер». Ойыншылар қол ұстасып, шеңберге тұрады. Жүргізуші шеңбер ортасына тұрады. Мұғалімнің бірінші белгісін берген кезде балалар шеңбер бойы оңға қарай айналып жүреді. Олар қарқынын өзгертіп жүреді. Мұғалім тағы да белгі береді – балалардың барлығы тоқтап, қандайда бір кейіпте, «пішінде» тұрып қалады. Тоқтаған кезде мұғалімнің (жүргізушінің) қасында тұрып қалған бала оның орнына жүргізуші болып аталады. Ойын жалғасады, енді балалар шеңбер бойымен басқа жаққа қарай а й н а л ы п жү р е д і .

60. 3-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Нормативті т а л а п т а р :

- 1) еденге жету кездегі иілгіштік – 2 см ден кем емес;
- 2) тепе-теңдік функциясы – 12-14 сек;
- 3) жылдамдылық – 15-16 рет;
- 4) қол буынның күші – 16-18 кг (ұлдар), 13-15 кг (қыздар);
- 5) жалпы төзімділік – 40-50 сек. (ұлдар), 30-40 сек. (қыздар);
- 6) орнынан алға қарай секірудің ұзындығы – 124-126 см. (ұлдар), 116-118см (қыздар)
- 7) ыршып, секіру -25-26 см. (ұлдар), 21-22 см.(қыздар).

6 1 . О қ у ш ы л а р :

- 1) саптық командаларын;
- 2) жүру, жүгіру, секіру кезіндегі дене мүшелер қалыптарын;
- 3) шаңғы құрал-жабдықтарын; шаңғыны, шаңғы таяқтарын өз бойына сай қалай таңдау керек, шаңғы тебуші қалай киіну керек екенін;
- 4) 2-3 үйреніп алған ойындардың мазмұны мен ережесін білуі тиіс.

6 2 . О қ у ш ы л а р :

- 1) аттап басу арқылы оңға-солға бұрылыс жасауды;
- 2) биік стартты жасауды, 2 мин. баяу жүгіруді. 30 м. тез жүгіруді; бір аяқпен

- итерілу арқылы алға және жоғары жаққа секіріп, екі аяққа конуды;
- 3) бір орнында тұрып, шағын допты оң, сол қолмен лақтыруды;
 - 4) шаңғы мен таяқтарды дұрыс таңдауды;
 - 5) аяқтың өкшесімен айналып, оңға-солға қарай бұрылуды;
 - 6) шаңғымен 0,5-1км дейін жүруді және негізгі қалыпқа тұрып, төмен түсуді;
 - 7) мұғалімнің бақылауымен қарапайым ойындарды ойнауды жасай алуы тиіс.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

63. Негізгі гимнастика.

64. Гимнастикалық жаттығулар. Сап құру және сапқа қайта тұру. Рапорт беру. 3 жыл бойы үйренген сап құруды және сапқа қайта тұруды жетілдіру. Бір қатарда (лекте) 3 - к е , 4 - к е с а н а с у .

65. Сапта (қатарда) «6 – 4 – 2 - орында», «9 – 6 – 4 - орында» тәртібі бойынша санасу және санасу бойынша шығу. Айналып бұрылу. Бір шеңберден екі шеңберге тұру . Жүру (жүгіру) кезінде лекке жиналу, бір бағанадан тұратын қатарға тұру, шеңбер құру . Қарама-қарсы және қиғашынан жүру. Педагогтың белгісі бойынша оң, сол жағынан қатар тұрған адаммен орын алмастыру.

66. Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары:

- 1) аласа бөрене үстінде шағын кедергілерден аттап, жүру. Аяқты айқас басып оңға, с о л ғ а қ а р а й ж ү р у ;
- 2) бір аяқпен тұрып, жартылай отыруды орындау, қолдар екі жақта (бос аяқты алға с о з у) ;

3) о р ы н д а тұ р ы п , с е к і р у ;

4) бір аяқпен тұру кезде тепе-теңдікті сақтап, бос аяқты алға созу, бір жаққа қарай көтеру, артқа апару, қолдарды алға, екі жаққа созу, жоғары көтеру;

5) аяқтың ұшымен жылдам адымдау: өрмелеу және асып түсу;

6) бастапқы қалып – арқан алдында орындықта отырып, арқанды бастан жоғарырақ жерінен тік қолмен ұстап алу, бүгілген аяқтармен де арқанды ұстап отыру. Аяқтармен арқанға таянып, аяқтарды созу және қолдарды бұғу, бастапқы қалыпқа оралу. Екі рет қ а й т а л а у ;

7) арқанды айқастырған аяқтар мен аяқ алқымдар арасында қысып, арқанда асылу. Арқанда асылып, алға-артқа бір рет шайқалу (орындауды қатан түрде жекелеу);

8) арқанмен өз еркінше өрмелеу. Гимнастикалық қабырғада еркін өрмелеу (барлық бағыттар бойынша). Көлбеу сатымен қол-аяқтар арқылы өз еркінше өрмелеу;

9) түрлі кедергіледен асылып түсу. Кедергілер алқабын өту;

10) өрмелеу және асып түсуді қамтитын ойындар мен эстафеталар.

67. Акробатикалық жаттығулар. Аяқтарды айқастыра отырып, артқа қарай аунау, алға қарай аунау. Алға тоңқалаң асып түсу (Мұғалім назарына: гидроцефалиясы бар

балаларды тоңқалаң асудан босату қажет, мұндай балалар бұл кезде аунау жаттығуларын жасаса болады; баланың тоңқалаң асудан кейінгі күйін қадағалау керек; тоңқалаң асуды орындауда баланың басы жерге (төсенішке) тимеуін қадағалау қажет; тоңқалаң асуды үйрену үшін балалар әр сабақта 6-7 рет тоңқалаң асуды жасап тұру керек) :

1) бір адым басып, тоңқалаң асып түсу. Екі рет тоңқалаң асу;

2) комбинациялар: отырып, таянудан артқа қарай аунау, алға аунау; аяқтарды айқастырып, артқа аунау, алға аунап, отырып, таяну қалпына ауысу, жоғары секіру.

68. Жеңіл атлетика :

1) жүру. Адым ұзындығы мен жиілігін өзгертіп жүру. Аяқ санын жоғары көтеріп, жүру. Тізелерді бүгпей аяқ ұшымен жүру. Артымен жүру. Жүру мен жеңіл секіруді кезектестіру ;

2) жүгіру. Қозқалмайтын тірекке таянып, жүгіру, 7-10 секунд: 2 рет. Ұзындығы 15-20м жол бөлігінде жүгіру жаттығуларын орындау (ұсақ-ұсақ басып жүгіру, аяқ санын жоғары көтеріп жүгіру, «жіліншікті артқа орап» жүгіру). Бір қалыпты баяу және орташа қарқынмен жүгіру: 60-80 м. Биік старттан 20-30м жүгіру. 1 км дейін баяу жүгіру. Қысқа дистанцияны ары-бері қайта-қайта жүгіріп өту;

3) секіру. Бір орнында тұрып, секіру және алға қарай секіріп жүру. Аяқтан аяққа ауысып секіру және 20 м бойымен алға қарай секіріп жүру. Аяқты біріктіріп қойып, орында секіріп бұрылу. Бір орында секіру: аяқтары біріктірілген, қолдары екі жақта, аяқтарды алшақтату, қолдарды төмен түсіру;

4) лақтыру. Лақтыру бағытына қырыннан тұрып, допты бір орныннан лақтыру. 3-5 метр қашықтықтан допты қалқанға лақтыру. Шағын допты алысқа лақтыру.

69. Шаңғы дайындығы: шаңғыны иыққа қойып, жүру. Екі адымды кезекпе-кезек басу әдісін үйренуді жалғастыру. «Шырша» әдісімен көтерілу. Негізгі тұрыс және биік тұрыс қалыпты ұстанып, тіктігі 6-7 дейін беткейден жаттықпа жолмен түсу. Түсуді аяқтаған соң «аттау» арқылы оңға, солға бұрылуды жаттықтыру. Тегіс жерде асықпай баяу жүру: – бір сабақта 1 км (қыздар), 1,5 км (ұлдар). Шаңғы теуіп, ойнау.

70. Қозғалыс ойындар :

1) «Күн мен түн». Командалар залда көлденеңінен (орта сызықтың бойымен) бір-біріне арқасымен қарап 2-3 м қашықтықта тұрады. Әр команданың алдынада 8-10 метр қашықтықта өз «үйі» орналасады. Бір команда – «Күн», екіншісі – «Түн». Мұғалімнің белгісі (команданы атын айқалап, шақыру) бойынша «Түн» командасы өз «үйіне» қашады, ал «Күн» командасы оларды қуалап, ұстауға тырысады. Кейін командалар өз орындарына қайта тұрады. Ұсталынғандар саны анықталады (олар қолдарын көтереді). Команданы шақырып, атаудың кезектілігі әр түрлі болуы керек. Қарсы команданың ойыншыларын көп ұстаған команда ойынның жеңімпазы болып аталады. Командалардың бастапқы тұрыс қалпын өзгертуге болады;

2) «Сынып, тік тұр!». Жүргізуші түрлі командалар береді, ал қалғандар сол

командалардың ішінен тек «сынып» деп басталатындарды ғана орындауы тиіс. Егер алдынала «сынып», деп айтылмаса, командасын орындауға болмайды;

3) «Шеңберге қарай тарт». 10-12 оқушы ойнайды. Олар алаңға шығып, шеңбер құрып, тұрады. Шеңбер ішіне (ойыншылардан 0,5м қашықтықта) қардан жасалынған кішігірім кесектердің бес-алтауын қойып шығады. Одан кейін балалар қол ұстасып, шеңбер бойымен оңға және солға айналып жүреді. Мұғалімнің белгісі (сықыру) бойынша әркім өзімен қол ұстасқандардың біреуін шеңбер ішіне тартады, ол оның қар кесегін басып кететіндей етіп тартады. Ойын 3-5 минут жалғасады. Айыптық ұпай алмаған ойыншылар жеңеді.

71. 4 сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Нормативті талаптар :

- 1) иілгіштік – алға еңкею кезінде қол саусақтармен еденге жету;
- 2) тепе-теңдік функциясы – 16-18 сек;
- 3) жылдамдылық – 17-18 рет;
- 4) қол буынның күші – 18-20 кг. (ұлдар), 14-16 кг. (қыздар);
- 5) жалпы төзімділік – 50-55 сек. (ұлдар), 40-45сек. (қыздар);
- 6) орнынан алға қарай секірудің ұзындығы – 132-138 см. (ұлдар), 128-130см (қыздар)
- 7) ыршып секіру -26-27 см. (ұлдар), 20-23 см.(қыздар);
- 8) таяну арқылы өз денесін түсіріп-көтеру - 2-4 рет.

7 2 . О қ у ш ы л а р :

- 1) кезекшінің рапорт мазмұнын, саптық командаларын;
- 2) дистанция түсінігін;
- 3) таңғы жаттығулардың 1-2 кешенін;
- 4) шаңғы және аяқ киімді сақтап, күту ережелерін білуі тиіс.

7 3 . О қ у ш ы л а р :

- 1) рапорт кезінде командаларды беруді;
- 2) таңғы жаттығулар кешенін орындауды;
- 3) сапты қайта құру кезінде дистанцияны сақтауды;
- 4) үйіріліп аттап айналууды;
- 5) тұзу мүсінді дұрыс ұстауды;
- 6) қолды түрлі бастапқы қалыпқа қойып түрлі қарқынмен жүруді;
- 7) кедергілерден асып түсу мен олардың астына биіктігіне байланысты түрлі әдіс қолдану арқылы өрмелеп кіруді;
- 8) бірнеше жеңіл допты ұстап жүруді;
- 9) тіземен тұру қалыптан гимнастикалық теке үстіне жалт секіруді;
- 10) гимнастикалық орындық үстінде өзі жалғыз немесе жұп ішінде түрлі заттармен жаттығулар жасаған кезде тепе-теңдікті сақтауды;
- 1 1) а р қ а н д а а с ы л у д ы ;

12) шаңғы тебуде кезекпе-кезек екі аттап жүру әдісін қолдануда (30-40 м.) қол-аяқтардың қозғалыстарын дұрыс үйлестіруді, берілген дистанция бойынша шаңғымен жүру: 1 км. (қыздар), 1,5 км. (ұлдар) жасай алу тиіс.

7. Оқыту нәтижелері

74. Пәндік нәтижелер:

- 1) қозғалыс әрекеттердің базалық түрлерінің негіздерін меңгеру, өз денесін басқару икемділігі, мүсінді түзу ұстау машықтанған дағдысын білу;
- 2) сіңір, бұлшық ет және буындардың қозғалыс пен иілгіштік сапасын арттыруға арналған жаттығулар кешендерін меңгеру;
- 3) қол манипуляциялық түрлі қозғалыстарды жасай білу;
- 4) тұрақтылықты, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті сақтауды дамытатын жеке кешендерін меңгеру;
- 5) денеге және эмоциялық жаққа түсетін күштің жүктемесін өз мүмкіндіктеріне сәйкестіріп бағалай білу және бөліп қабылдай алу керек.

75. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) тұлғаның эстетикалық және дене мәдениеті және өзін-өзі басқару мен өзіне-өзі талдау жасау тәсілдері туралы қалыптасқан түсініктерінен;
- 2) өз эмоциялырын басқара алу, құрдастарымен өзара қарым-қатынас дағдылары, қарым-қатынас мәдениетін игеру, белсенділік, жаупкершілік танытуынан;
- 3) Отанына махаббат сезімін, қазақ халқының рухани мұрасы мен музыкасына мақтаныш сезімін білдіруінен көрініс табады.

76. Жүйелі -әрекеттік нәтижелер:

- 1) пән бойынша білім жүйесін меңгерген, оны тәжірибелік іс-әрекетінде қолдана білу біліктілігімен;
- 2) танымдық, зияткерлік, шығармашылық қабілеттіліктерін белсенді қолданумен;
- 3) дамыған коммуникативтік қабілеттіліктерін меңгерумен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 34–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 139–қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Түзету ырғағы» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Түзету ырғағы» пәні бойынша оқу бағдарламасы көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеудің коррекциялық бағыттағы негізгі пәндердің бірі болып табылады.

3. Курс - оқушылардың әуенге, қозғалыс мәдениетіне эмоциялық-ерікті түрде көңіл бөлуін, ырғақты сезінуін, ынтасы мен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту мен жетілдіруге бағытталады. Көру қабілеті бұзылған балалар ритмика сабағында жаттығуларды аспаптардың дыбысы арқылы (асатаяқ, қылқобыз, домбыра, сылдырмақ т. б.) жасайды.

4. «Түзету ырғағы» музыканың көмегімен көру қабілеті бұзылған балалардың қозғалысын ұйымдастыру, олардың назарын, есте сақтау, қабылдау, елестету, мақсатты әрекет ету қабілеттерін қалыптастырады. Ырғақ жаттығулары арқылы балалардың денсаулығы нығайып, бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері, ой-өрістері дамиды. Дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақты би жаттығулары баланың барлық ішкі ағзаларына әсер етеді. Ырғақты би жаттығулары бала үшін қозғалыс арқылы өздерін көрсетудің бірден-бір тәсілі болып табылады.

5. Курстың мақсаты - музыкалық түрлі іс-әрекет арқылы көру қабілеті бұзылған балалардың қозғалыс кемшіліктерін түзетуге, кеңістікті бағдарлай білуге, қимыл икемділігін қалыптастыру мен ұлттық музыканы қабылдауға мүмкіндік туғызу.

6. Курстың артықшылығы көру қабілеті төмен баланың музыкалық ырғақты сезіну қабілетінің мүмкіндіктерін, қол-қимыл қозғалысындағы үйлесімділікті, дәлдікті, дене мен қолдың қозғалысқа түсуіндегі анықтықты қалыптастыра білуінде.

7. Ұсынған оқу бағдарламасы төмендегі коррекциялық міндеттерін іске асыруға бағытталған:

1) дамуында кемшілігі бар балалардың бұлшық ет тонусының қалыпты жағдайда болуы, түзу дене сымбатын қалыптастыру, бұлшық еттің белгілі жаттығуларды жасау мүмкіндігін қалыптастыру, дамыту;

2) дененің әр түрлі қозғалыстарды үйлестіре білуін қалыптастыру;

- 3) ұсақ моторикасын дамыту;
 4) дененің барлық бұлшықеттері мен буындарының қозғалысын дамыту;
 5) зейінді дамыту;
 6) көру арқылы есте сақтауын дамыту;
 7) дұрыс түсінік қалыптастыру.

8. Оқыту және түзету міндеттері баланың жас шамасын, оқу материалын қабылдау деңгейін, физикалық мүмкіндіктері деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады. Қойылған міндеттердің табысты іске асырылуы үшін оқытудың әртүрлі әдістері мен түрлері қолданылады.

9. Ритмика сабағында дене шынықтыру қимылдары (негізгі қимылдар, гимнастикалық жаттығулар, гимнастикалық заттармен жаттығулар, сапқа тұру, т.б.), би қимылдары (заманауи, қазақ халық билерінің элементтері), арнайы этюдті, сюжетті-кейіпкерлер қимылдары (аң, құс қимылдары мен адамдардың қозғалыстары) қолданылады. Ритмика сабағының барысында осы қимылдардың барлығы біртіндеп жетілдіріліп, үйлестіріліп, ерікті, ырғақты, жатық, айқын бола түседі. Ритмикамен айналысу негізгі музыкалық – теориялық түсініктерді игеруге, моториканы, қозғалыс координациясын, есте сақтауды, музыканы сезінуді, ұлттық музыканы қабылдауды жандандырады.

10. Негізгі түрлеріне өлең жолдарын айта жүріп қол, аяқ, дене қимылдарын жасау, жүгіру (әр түрлі темппен), жалпы дамыту жаттығулары (затпен және затсыз), би, әуенді-ырғақты және қозғалмалы ойындар.

11. Бағдарлама бойынша оқытудың нәтижесі үш деңгей бойынша анықталады: білмейді, меңгермеген; ересектер мен құрбыларының көмегімен игереді; жетекші компетенттілік бойынша өзбетінше игереді.

12. Пәнаралық байланыс:

1) музыка: оқушының музыка ырғағын сезіну, оның басым және әлсіз тұстарын көрсете алу, музыканың сипатын ажырата білу (жай-байсалды, жылдам-ырғақты) машығын қалыптастырады;

2) математика: өлшем бірліктерін ырғақты гимнастика жаттығуларын жасаған кезде қолдану баланың зейінін жақсартады;

3) әдебиеттік оқу: өлең жолдарын қозғалмалы ойындарды ұйымдастыруға қолдану баланың есте сақтау қабілетін дамытады;

4) бейімделген дене шынықтыру және сауықтыру: баланың шапшаңдығын, икемділігін, тепе-теңдікті сақтай алу қабілетін дамытып, дене, қол-аяқ қимылдарының икемділігі мен қозғалғыштық қабілетін үйлестіруге көмектеседі. Пластикалық тренинг ЕДТ-нің бір түрі ретінде релаксация әдісі іспеттес және шапшаң жаттықтыратын элементтердің орнына жалпы тренаж ретінде қолданылады.

5) мимика, пантомима (ымдау, қимыл ишаралау): көру қабілеті бұзылған балалардың өз эмоцияларын ымдау, қимыл ишаралау амалдары арқылы білдіру

ж о л д а р ы н

ү й р е т е д і ;

6) кеңістікті бағдарлау: үйлестіру қабілетін, өз денесін игере білу, дұрыс дене сымбатын қалыптастыру машығын дамытады.

13. Оқу курсының мазмұны. Көру қабілеті бұзылған 0-4 сынып оқушыларына арналған ритмика пәнінің бағдарламасы келесі бөлімнен тұрады:

- 1) теориялық ақпарат;
- 2) арнайы ырғақты жаттығулар;
- 3) әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар;
- 4) ырғақты гимнастикалық жаттығулар;
- 5) биге арналған дайындық жаттығулары;
- 6) би элементтері;
- 7) билер;
- 8) қозғалмалы, музыкалық-ырғақты ойындар.

14. Бөлім 1. Теориялық ақпарат: бес жылға арналған теориялық материалдар осы мерзімде игерілетін ақпараттардың ішкі сабақтастығына, оқытылатын теориялық материалдың дәйекті түрде күрделенуіне бағытталған. Бұл әдіс – оқушылардың материалды меңгеруін жақсартып, олардың музыкаға, ұлттық музыкаға деген қызығушылығын арттыра түседі.

15. Бөлім 2. Арнайы ырғақты жаттығулар:

1) арнайы ырғақты жаттығуларда нақты бір ырғақты жаттығудың басым, әлсіз жақтары сараланады. Қолданылып жүрген көптеген әдістердің ішіндегі ең қарапайы әрі түсініктілері: санау арқылы жүру, алақан соғу арқылы жүру, қол мен дене қозғалыс жаттығулары, таныс би қадамдарын (музыкасыз) санамақ немесе өлең жолдарын айту арқылы орындау (мысалы, «Айгөлек», «Жалқаубек», т.б.);

2) бұл жаттығулар баланың тек ырғақты сезінуін ғана емес дұрыс тыныс алуын, сөз мәнерін (дикциясын) қалыптастырады. Арнайы жаттығулар баланың жас ерекшелігіне қарай күрделеніп отырады.

16. Бөлім 3. Әуен мен қимылдың байланысына арналған жаттығулар:

1) бұл бөлімдегі жаттығулардың барлығы белгілі бір әуеннің сүйемелдеуі арқылы орындалуға есептелген. Оқушылар музыканың ырғағына сай үйлесімді қимылдар жасап, әуенмен бірге бастап, әуен аяқталғанда аяқтап үйренуі тиіс;

2) әуенмен бірге жасалатын жаттығулар көзі нашар көретін балардың тек қана дене сымбатын түзеп қана қоймай, сонымен бірге олардың ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау сияқты қабілеттерін де дамытуға ықпал етеді. Сабақта қазақ композиторларының әндері мен күйлерін қолдану баланың ұлттық музыкаға деген сүйіспеншілігін арттырады.

17. Бөлім 4. Ырғақты гимнастикалық жаттығулар: ырғақты гимнастикалық жаттығулармен айналысу бала ағзасының функционалдық мүмкіншілігіне байланысты. Бұл сабақ негізінен қимыл-қозғалысында ауытқуы бар балалардың қимылын түзетуге,

оны қалыптастыруға және функционалдық қабілетінің дамуына бағытталған.

18. Бөлім 5. Биге арналған дайындық жаттығулары:

1) дайындық жаттығуларының міндеті – балаларды биге қажет қозғалыс машықтарына үйрету. Баланың назарынсаналы түрде өз қимылдарына аудару. Балаға би қимылдарын үйретердің алдында оларға белгілі бір дайындық жаттығуларын жасау ұ с ы н ы л а д ы ;

2) заттармен жаттығу жасау (доп, жалауша, қамшы, тостаған, домбыра, т.б.) балалардың ептілігін, шапшаңдығын, қимыл дәлдігін дамытады;

3) затсыз жаттығу жасауға: еліктеу жаттығулары, яғни аң мен құстардың қимылдарын, сюжеттік қимылдарды көрсету жатады (ымдау, қимыл ишаралау).

19. Бөлім 6. Би элементтері: би элементтерін орындау қарапайым қозғалыс арқылы жүру, жүгіру басқа да қимылдарды меңгеруге көмектеседі.

20. Бөлім 7. Билер: ұлттық, заманауи, бал билерін үйрену. Ритмика сабағында билерді пайдалану. Баланың эстетикалық талғамының өсуіне, олардың әдемі, әсем қимылдарды. Үйренуіне, биге деген сүйіспеншілігінің артуына ықпал етеді.

21. Бөлім 8. Қозғалыс, музыкалық-ырғақты ойындар: музыкалы-ырғақты, қозғалыс ойындары баланың ырғақты сезініп, музыкалық шығармаларды қабылдауына, сөйлеу дағдылары мен ойлау қабілетін дамытуға, ерік-жігерін ұштауға бағытталған.

22. Материалдардың тақырыптарға бөлініп көрсетілуін міндетті түрде рет-ретімен орындалу керек деп түсінбеу керек. Ритмикада ұстаз жекелеме тақырыптарға қайта оралып, оны күрделендіре түседі.

23. Ритмика сабағында материалдар әр түрлі тақырыптардан алынып жинақталады. Осы тақырыптардың біреуі жұмыстың негізін құрап, басқалары көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Әр тақырып бойынша істелетін жұмыс келесі тақырыпқа алғышарт ретінде, ал өткен тақырып жаңа сабаққа тіреуіш ретінде қолданылады. Материалдарды тақырыпқа бөлу шартты сипатқа ие.

24. Демек, музыканы тұтастай қабылдау музыкалық айқындық тәсілдеріне сараланған ықпалды шығармайды. Оларды тақырыптарға бөлу оқыту мақсатында беріледі.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

25. Қарапайым пластикалық жаттығулардың жиынтығын игеру және бекіту. Қимыл-қозғалыс түрлерінің базалық негіздерін меңгеру.

26. Дайындық сыныптың оқыту тақырыптық жоспары:

кесте 1

Тақырыптың бөлімнің атауы	Сағат саны	Теориялық	Практикалық
1 бөлім	2	2	-
2 бөлім	5	-	5

3 бөлім	4	-	4
4 бөлім	3	-	3
5 бөлім	5	-	5
6 бөлім	5	-	5
7 бөлім	4	-	4
8 бөлім	5	-	5
Жыл бойғы сағат саны	33	2	31

27. Дайындық сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

28. Бағдарлама игеріліп болған соң балалар төмендегі құзыреттіліктер бойынша өз біліктіліктерін көрсете алады.

29. Біліктілік құзыреттілігі:

1) қимыл – қозғалысты музыкамен үйлестіре білу;

2) қимыл-қозғалысты музыкамен бірге бастап, бірге аяқтай білу.

30. Жалпы мәдени құзыреттілігі: оң және сол аяқпен адымдап жүру; оң және сол қолын көтеріп, түсіру; оң және сол қолға бұрылу және қозғалу, жеңіл әрі ырғақты жүру.

31. Оқу-танымдық құзыреттілігі: өзара әрекет ете білу, жұбымен ортада қозғалып, жүре білу.

32. Өзін-өзі жетілдіру: музыкалық шығармалардан ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін көрсете білу.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

33. Әр түрлі ойын кейіпкерлерін мәнерлі түрде көрсете білу, ойын кезінде бейнелі қимылдардың түрлерін ойдан шығара білу, сюжетті ойындарда ырғақты анықтай білу.

34. 1-сыныптың оқыту тақырыптық жоспары:

кесте 1

Тақырыптың бөлімнің атауы	Сағат саны	Теориялық	Практикалық	Баланың білім деңгейін бақылау
1 бөлім	2	2	-	-
2 бөлім	5	-	4	1
3 бөлім	4	-	4	-
4 бөлім	3	-	3	-
5 бөлім	5	-	5	-
6 бөлім	5	-	5	-
7 бөлім	4	-	4	-
8 бөлім	5	-	5	-
Жыл бойғы сағат саны	33	2	30	1

35. 1-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

36. Бағдарлама игеріліп болған соң балалар төмендегі құзыреттіліктер бойынша өз біліктіліктерін көрсете алады.

37. Біліктілік құзыреттілігі:

- 1) музыканың әр түрлі ырғағына сай қозғала білу;
- 2) қимыл-қозғалыста ырғақтың басым тұстарын көрсете білу, музыкалық шығарманың өзгеруіне қарай қимыл-қозғалысты өзгерте білу;
- 3) қимыл-қозғалысты өз бетінше музыкамен бірге бастап, бірге аяқтай білу.

38. Жалпы мәдени құзыреттілігі: мына жаттығуларды жасау: «секіру», «тура және қырынан жүру», «серпілу», «аяқтың ұшымен жүру», «адымдап жүгіру», «шапалақтау».

39. Оқу-танымдық құзыреттілігі: өзара әрекет ете білу, жұбымен ортада жүгіре, жүре білу, айнала білу, музыканың ырғағына сай жорғалай және жай жүріп, шашырап қозғала білу.

40. Өзін өзі жетілдіру құзыреттілігі: ырғақты музыкалық және ауызша ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін көрсете білу.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

41. 2/4, 4/4 – өлшемді ырғағымен негізгі қимылдарды жасауды (жүру, жүгіру) игеру. Музыкамен бірге бастап, аяқтай білу. Адымдау арқылы музыканың әр түрлі ырғағын жеткізе білу (тез – баяу), әр түрлі екпінді сап түзеп және жай жүріспен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүруді меңгеру. Бірден, бірінің артынан бірі шашырап, қайта жиналып сап түзеп, қатарға тұрып, шеңбер құрып жүріп, жүгіруді меңгеру. Музыка ырғағымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.

42. 2-сыныптың оқыту тақырыптық жоспары:

кесте 1

Тақырыптың бөлімнің атауы	Сағат саны	Теориялық	Практикалық	Баланың білім деңгейін бақылау
1 бөлім	2	2	-	-
2 бөлім	4	-	3	1
3 бөлім	3	-	3	-
4 бөлім	5	-	4	1
5 бөлім	5	-	5	-
6 бөлім	5	-	5	-
7 бөлім	5	-	4	1
8 бөлім	5	-	5	-
Жыл бойғы сағат саны	34	2	29	3

43. 2-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

44. Бағдарлама игеріліп болған соң балалар төмендегі құзыреттіліктер бойынша өз

біліктіліктерін көрсете алады.

45. Біліктілік құзыреттілігі:

- 1) өз бетімен музыканың сипатын бағдарлай білу;
- 2) шапалақтау арқылы қарапайым ырғақты жеткізе білу;
- 3) өз беттерінше шеңбер құрып, қолдарынан ұстап шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп айналып жүре алу;
- 4) шеңбер құрып жұбымен айналғанда ара-қашықтықты сақтай білу.

46. Жалпы мәдени құзыреттілігі:

- 1) заттармен жаттығулар жасау (домбыра, таяқ, жалауша, қамшы, т.б.);
- 2) мына жаттығуларды орындау: «секіру», «тура және қырынан шоқырақтап жүру», «серпілу», «би қадамы», «адымдап жүру», «шапалақтау», «сүйемелдеуші қадам».

47. Оқу танымдық құзыреттілігі: ырғақты гимнастикада шығармашылық қабілетін көрсете білу.

48. Өзін-өзі жетілдіру: ырғақты-музыкалық кейіпкерлердің бейнелерін көрсете білу.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

49. 2/4, 4/4 – өлшемді музыка ырғағымен негізгі қозғалыстарды (жүру, жүгіру, секіру) дұрыс орындай алу машығын жетілдіру. Музыкалық сүйемелдің екпінін тез өзгерту. Сапта жалғыз, жұбымен, төрт адамнан жүріп, жүгіруді меңгеру. Жалпы дамыту жаттығуларын анық, ырғақты жасау.

50. 3-сыныптың оқыту тақырыптық жоспары:

кесте 1

Тақырыптың бөлімнің атауы	Сағат саны	Теориялық	Практикалық	Баланың білім деңгейін бақылау
1 бөлім	2	2	-	-
2 бөлім	4	-	3	1
3 бөлім	2	-	2	-
4 бөлім	9	-	8	1
5 бөлім	3	-	3	-
6 бөлім	5	-	5	-
7 бөлім	5	-	4	1
8 бөлім	4	-	4	-
Жыл бойғы сағат саны	34	2	29	3

51. 3-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

52. Бағдарлама игеріліп болған соң балалар төмендегі құзыреттіліктер бойынша өз біліктіліктерін көрсете алады.

53. Біліктілік құзыреттілігі:

- 1) өз бетінше музыканың сипатын бағдарлай білу;

- 2) шапалақтау арқылы ырғақтық суреттемелерді жеткізу;
 3) өз бетінше үлкен және кіші шеңбер құру, қолдарынан ұстап шеңберді үлкейтіп, кішірейтіп айналу; жұбымен секіріп айналу;
 4) шеңберді айналғанда жұптардың ара-қашықтығын сақтау.

54. Жалпы мәдени құзыреттілігі:

- 1) шеңберде «Жанды күмбез» модулін пайдаланып жаттығу жасау;
 2) заттармен жаттығулар жасау (жалауша, домбыра, қамшы, таяқ т.б.);
 3) жаттығулар орындау: «секіру», «шоқырақтап жүгіру», «серпілу», «би қадамы», «адымдап жүру», «тізені бүгіп, жартылай бүгіп сүйемелдеуші қадам» «дүрсілдетіп адымдау», «жай қимылдап жүру», «шапалақтау», «аяқты айқастырып жүру».

55. Оқу танымдық құзыреттілігі: гимнастикалық жаттығуларда шығармашылық қабілетін көрсете білу.

56. Өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі: ойын кезінде өз бетінше әрекет ету; бір-біріне еліктемей мәнерлі қимылдарды іздеу; музыканың ырғағына сай қимылдар жасау.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

57. 3/4 – өлшемді екі бөлікті, төрт бөлікті қозғалыстарды меңгеру. Тактінің басым тұстарын шапалақтау немесе басқа қимылдармен баса көрсету. Музыка ырғағының өзгеруіне байланысты жүгіру мен секіруді, адымдау мен отыруды, жүрудің әр түрлі түрлерін меңгеру. Музыка ырғағымен: тепе-теңдікті сақтауға, сымбатты мүсін қалыптастыруға, ептілікті дамытуға арналған жалпы дамыту жаттығуларын жасау.

58. 4-сыныптың оқыту тақырыптық жоспары:

кесте 1

Тақырыптың бөлімнің атауы	Сағат саны	Теориялық	Практикалық	Баланың білім деңгейін бақылау
1 бөлім	2	2	-	-
2 бөлім	4	-	3	1
3 бөлім	2	-	2	-
4 бөлім	12	-	11	1
5 бөлім	4	-	4	-
6 бөлім	3	-	3	-
7 бөлім	3	-	2	1
8 бөлім	4	-	4	-
Жыл бойғы сағат саны	34	2	29	3

59. 4-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

60. Бағдарлама игеріліп болған соң балалар төмендегі құзыреттіліктер бойынша өз біліктіліктерін көрсете алады.

61. Біліктілік құзыреттілігі:

1) өз бетімен кеңістікті, сахнаны бағдарлай білу;
2) шапалақ арқылы күрделірек ырғақтық-суреттемелерді жеткізу;
3) өз бетінше үлкен және кіші шеңбер құрып, қолдарынан ұстап айналу, жұбымен
с е к і р і п а й н а л у ;

4) шеңберді айналғанда жұптардың ара-қашықтығын сақтау.

62. Жалпы мәдени құзыреттілігі:

1) заттармен жаттығулар жасау (жалауша, домбыра, қамшы, таяқ т.б.);

2) таныс би қимылдарын бекіту.

63. Оқу танымдық құзыреттілігі: таныс қимылдарды еркін би, ойын кезінде
ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ п е н п а й д а л а н у .

64. Өзін өзі жетілдіру құзыреттілігі: қозғалмалы және би ойындарында өз бетімен
әрекет ету; бір-біріне еліктемей мәнерлі қимылдар іздеу; музыкалық шығарманың
ырғағына орай қимылдар жасау.

7. Меңгеру нәтижелері

65. Пәндік нәтижелер:

1) қимыл-қозғалыстың негізгі базалық әрекеттерін игеру, өз денесін игере білу,
денені тік, сымбатты ұстау дағдысы қалыптасқан болуы;

2) буын, бұлшық ет, сіңірдің икемділігі мен қозғалысын дамытуға арналған
ж а т т ы ғ у л а р ж и ы н т ы ғ ы н игеру;

3) бидің қарапайым элементтерін игеру;

4) әртүрлі ойын кейіпкерлерін мәнерлі түрде көрсете білу, затпен жаттығуларды
орындай алу, ойын кезінде бейнелі қимыл түрлерін ойдан шығара алу;

5) емдеу және түзетуге арналған гимнастиканың жеке адамға арналған кешендік
ж а т т ы ғ у л а р ы н меңгеру;

6) өз қабілеттеріне қарай эмоциялық және денеге түсетін күшті дұрыс бөлуді
ү й р е н у к е р е к .

66. Тұлғалық нәтижелері:

1) көрермендер алдында өнер көрсету кезінде (концерттер, мерекелер) ерік-жігері
м е н а д а м ғ е р ш і л і к қ а с и е т т е р і ;

2) дене және эстетикалық мәдениет туралы түсінігі, өзін-өзі бақылау және саралай
а л у қ а б і л е т т е р і ;

3) өз эмоцияларын бақылай білу, құрбыластарымен өзара қатынас жасай алу
мәдениетінің дамуы, жауапкершілік пен бастамашыл қабілеттерінің көрінуі;

4) өз Отанына деген сүйіспеншілігін, қазақ халқының музыкасы мен рухани
мұрасына деген мақтаныш сезімін білдіруі.

67. Жүйелі-әрекеттік нәтижелері:

1) пән бойынша білімді жүйелі түрде меңгеру, алған білімін практикалық әрекетте

қ о л д а н а

а л у ;

2) танымдық, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін жандандыру;

3) тіл мәдениеті мен дамыған коммуникативті қабілеттерге ие болу.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 8

м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 35–қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3

с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 140-қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Қалдық көру қабілетін және көру арқылы қабылдауын сақтау және дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Қалдық көру қабілетін және көру арқылы қабылдауын сақтау және дамыту» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Көру қабілеті зақымдалған балаларды (көрмейтін және нашар көретін) арнайы оқыту мен тәрбиелеуде «Қалдық көру қабілетін және көру арқылы қабылдауын сақтау және дамыту» коррекциялық компоненттерінің негізгі пәндерінің бірі болып табылады.

3. Көру қабілеті қалыптан тыс ауытқыған балаларға көздің формалық (арнаулы), стереоскоптық (заттың көлемдік ауқымын көретін), затты көз алдында ұстай алатын қасиеттерінің бұзылуына тән сипат болғандықтан, олар заттардың пішінін, түсін дұрыс қабылдай алмайды, кеңістіктің тереңдігін бағалай алмайды. Осыған байланысты көзбен көру үдерісінде мынадай өзгерістер байқалады: үзінділік, зат көлемінің кішіреюі, дәлсіздік, қате пікірлер, бұл білім мен білікті меңгеруде қайшылыққа әкеледі. Сондықтан балалардың көру тәжірибесін қоршаған орта туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін арнайы жағдайлар жасау, заттар мен бейнелер түрінде сигналдық жабдықтар бөлу арқылы молайту керек. Тифлопедагогтар көздің көру қабілетінің дамуы жеке (бөлектенген) түрде емес, бүкіл танымдық іс-әрекет үдерісінде өтетінін

а т а п

а й т а д ы .

4. Көз арқылы қабылдауды дамыту сабақтарын ұйымдастыру сенсорлы –

перцептивті (сезімдік), мнемоникалық (бір нәрсені есте сақтау) және ойлау үдерістерін белсендіруге бағытталған психофизиологиялық және психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдануды ескереді. Психофизиологиялық әдістер көздің атқарымдық белсенділігін ынталандыру мен арттыру, көру қызметінің дамуы үшін қолданылады. Әр түрлі ортаға бейімделу және кеңістіктік оқшаулық жағдайында заттар мен бейнелердің негізгі қасиеттері – пішінін, көлемін, түсін қабылдауда кездесетін бұзушылықты түзетуге бағытталған. Психологиялық – педагогикалық әдістер сенсорлық ақпараттың, талдаудың және тиянақтылықтың талдауы мен жинақтауының дамуына бағытталған психологиялық-педагогикалық әдіс.

5. Көздің көру қалдығын сақтау мен дамыту және көзбен қабылдау бағдарламасының мақсаты - көзбен қабылдаудың операциялық механизмін қалыптастыру мен дамытуда оқушылардың қоршаған орта нысандары туралы түсініктерін байыту.

6. Міндеттері:

- 1) баланың бойында заттық орта туралы жүйелі түсініктерін қалыптастыру;
- 2) сыртқы орта заттарын қабылдауда көру мүмкіндіктерін және олармен әрекет жасау әдістерін дамыту;
- 3) бейнелердің белгілерін (нұсқа, ашықтық, түс, кеңістіктік бағдар) атап көрсете білуін дамыту және олардың ықпалдастығын жүзеге асыру;
- 4) есте сақтау және көрнекі-бейнелі ойлау қабілетін дамыту;
- 5) көру, есту, тактильді (дене арқылы сезіну) және басқа сенсорлық (сезімдік) функцияларға сүйене отырып, қозғалыстарды қабылдаудың әдіс-тәсілдерін қалыптастыру;
- 6) көру анализаторларын сақтау мен дамытудың гигиеналық дағдыларына баулу;
- 7) көз көру қалдығын тиімді пайдалану уәждемесін қалыптастыру.

7. «Көз көру қалдығын қорғау мен дамыту және көз арқылы қабылдау» пәнінің оқу жүктемесінің көлемі:

кесте 1

№	Оқу пәні	Сыныптар бойынша сағаттар саны (1 аптада)				
		0	1	2	3	4
1.	Қалдық көру қабілетін және көру арқылы қабылдауын сақтау және дамыту	2	2	2	2	2

8. Бағдарламаның мазмұны бұлжымайтын нақты, тоқсандарға бөлінетін бағыт ұстанбайды:

- 1) бағдарламаның мазмұны мұғалімге өзінің шығармашылық бастамасын көрсетуге, балалардың әлеуеттік мүмкіндіктері мен даму деңгейіне байланысты олардың көзбен қабылдау деңгейі дамуының дифференциалды (жеке тұрғыдан келетін) мазмұнын табуға мүмкіндік береді;
- 2) мұғалім өз бетімен көрнекіліктің белгілі түрлерін, дидактикалық материалдарды,

ойындық жағдайларды іске қосады, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен көз көруінің бұзылуы деңгейін есепке ала отырып, дене жаттығуларының мөлшері мен сипатын анықтайды. Сонымен қатар көз гимнастикасымен үйлестіре отырып, іс-әрекеттің әр алуан түрлерін алмастыру және қимыл ойындарын кіргізеді;

3) балаларға 2-3 міндетті бірдей атқаратын кешендік жаттығуларды беру орынды. Бұл уақытты үнемдейді және көзге түсетін жүктемені азайтады.

9. Пәнаралық байланыс «Көз көру қалдығын қорғау және көру арқылы қабылдау» коррекциялық (түзету) курсының мазмұны жалпы білім беретін пәндер: математика, дүние тану, орыс тілі, еңбекке баулу, кеңістікті бағдарлау пәндері бағдарламасы мазмұнымен тығыз байланысты.

2. Оқу пәннің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Көз көру қабілетін қорғау: көзге арналған жаттығулар. Түзету (көзілдірік)
қ ұ р а л д а р ы н к ү т у .

11. Форманы (түр, қалып) қабылдау:

1) заттарды зерттеу (қарау), көру тәсілдерін қалыптастыру, жазықтықтық геометриялық фигураларды ажырату және атау (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, сопақ, т і к б ұ р ы ш) ;

2) көлемді геометриялық денелер (шар, текше, пирамида, призма). Олардың пішіндерін нақты заттардың негізгі түрлерін талдау үшін қолдануға үйрету. Сызбаүлгіні, трафаретті заттарды бейнелеу және олардың суретін салып бітіру үшін қ о л д а н у ;

3) дидактикалық ойындар мен жаттығулар: Осы формадағы затты тап; Геометриялық фигураны ата; Зат және оның формасы. Зат қандай фигуралардан тұрады ? « Т а ң ғ а ж а й ы п қ а п » .

12. Түсті қабылдау:

1) түстердің негізгі реңкін және ахроматтық түс (ақ, сұр, қара), түстердің қоюлығын, қарама-қарсылығын, ашықтығын ажырата білуді қалыптастыру. Қоршаған ортадағы нақты заттардың түсін білу. Қозғалыстағы заттың түсін білуін қалыптастыру;

2) дидактикалық ойындар мен жаттығулар: «Түрлі-түсті автомобильдер», «Кемпіркөсақ», «Табакшаға тостағандар жиыстыру», «Әдемі гүлшоғы», «Сұлбаны т ү с і н е с ә й к е с б о я » .

13. Мөлшерін (көлемін) қабылдау:

1) заттардың көлемінің ара қатынасын білу. Ұғымдармен таныс болу: үлкен-кіші, биік-аласа, ұзын-қысқа, кең-тар, жуан-жіңішке;

2) дидактикалық ойындар мен жаттығулар: «Қашаны тәртіпке сәйкес сал», «Кім биік, кім аласа?», «Рет-ретімен қой», «Осындай ұзындықтағы жолдың суретін сал».

14. Қозғалысты қабылдау:

1) қозғалыстағы заттарды ажырата білу. Қозғалыстың жылдамдық сапасын (тез, ақырын) түсіну, сөзбен атау;

2) дидактикалық ойындар мен жаттығулар, «Шарды кім тез домалатады?» «Кім жылдам?», «Біздің көшедегі машинелер», «Ауа шары».

15. Кеңістікті бағдарлау (бейімделу):

1) мектеп ғимаратында кеңістікке бейімделе білуін қалыптастыру. Өз бетімен жатын бөлмеге, асханаға апаратын жолды табу. Иіс арқылы бөлмелерді көрсету. Бағыттарын анықтауды және сөзбен айтуды үйрету: алға-артқа, оңға-солға, жоғары - төмен;

2) дидактикалық ойындар мен жаттығулар: «Қайда барсаң, сол жерден табарсың», «Жиһазды орналастыр», «Шым шытырық», «Баспалдақпен өт».

16. Дайындық сынып оқушысының даярлық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) біртекті белгілері (пішіні, түсі, көлемі, кеңістікте орналасуы) бар заттар тобын көру арқылы айыра және атай білуді үйрену;

2) қоршаған ортадағы нақты заттардың түстерін білу;

3) геометриялық фигуралар пішінін нақты заттардың негізгі пішінін айыра білу өлшемі ретінде пайдалана білу;

4) өзінен бастап басқа нысандарға қатысты кеңістіктік бағдарлауға байланысты сөзбен айтылған нұсқауларды, тапсырмаларды түсіне білу;

5) заттарды анықтап қарау кезінде оптикалық құралдарды пайдалана білу.

3. Оқу пәннің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

17. Көруді сақтандыру: көзге арналған жаттығулармен танысу. Көзілдірікке ұқыпты қарау, көзілдірік күтімі. Коррекциялық (түзету) құралдары: лупалар, линзалар.

18. Формаларды (пішіндерді) қабылдау:

1) қарапайым геометриялық фигуралар, көлемді денелер(шар, цилиндр, текше) туралы білімдерін бекіту;

2) сызықтармен танысу (түзу, қисық, сынық сызықтар, кесінділер). Сызғыштың көмегімен түзу сызық, кесінділер сызу. Фигураларды пішініне қарап жіктеуге арналған жаттығулар, зат бейнесі (көрінісі) мен геометриялық фигураның ара қатынасын белгілеу, фигураларды бөліктерге бөлу. Мозаика. Конструктор – қарапайым және күрделі бейнелі суреттеулерді құрастыру. Жеке белгілеріне қарап топтау.

19. Түсті қабылдау: кемпірқосақ түстерімен танысу. Қоршаған ортадағы түстер мен олардың реңктерін атап көрсету. Жемістер, көкөністер тақырыбы бойынша көру түсініктерін қалыптастыру. Көру-қозғалу үйлестігін дамыту. Ақ, қара, қызыл, жасыл, көк және сары – алты түрлі форма қалыптастыратын түстерден құрастырылған мозаика

20. Заттың көлемін қабылдау (ұғыну): суреттегі және қоршаған ортадағы үлкен

және кішкене заттарды қабылдай білу (ұзындығы, ені, биіктігі). Жабайы және үй жануарлары тақырыбы бойынша көру түсінігін қалыптастыру.

21. Кеңістікке бейімделу: кеңістіктегі және жазықтықтағы бағытты қабылдау (түсіну) жаттығулары графикалық диктанттар орындау, көру диктанты. Жиһаз тақырыбы бойынша көру түсініктерін қалыптастыру. Нысандар арасындағы бағыттарды, қашықтықтарды түсіну. «Қасында, қарама-қарсы, бөлек, бірге, арасында, жақын, маңында» ұғымдарын меңгеру.

22. Тұтас затты қабылдау: нұсқалық және сұлбалық бейне бойынша заттарды тануға арналған жаттығулар. Суреттермен жұмыс істеу. Бөліктерден тұтас зат құрастыру. Құрастыруға арналған ойын. «Жиһаз» тақырыбы бойынша көру түсінігін қалыптастыру.

23. Күрделі суреттерді түсіну: суреттер, суреттер топтамасы, бір сюжетті суреттерді біріктіру. Суреттер бойынша әңгіме құру берілген жоспар бойынша заттарды суреттеу. Суреттегі нәрселердің орналасуын көре білу, жақын, алыс орналасқан заттарды атай білу.

24. 1-ші сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- 1) негізгі түстер мен олардың реңктерін білу, оларды қоршаған ортада айыра білу;
- 2) көзілдірікті пайдаланудың негізгі ережелерін білу. Оларды кию (тағу) қажеттілігі, көзге арналған қарапайым жаттығуларды орындау. Сызғыш қолдана білуі;
- 3) кеңістікте өзіне және басқа заттарға қатысты бағыттарды білу, жазықтыққа бейімделе білу;
- 4) жоспар бойынша затты суреттеу және сурет топтамасымен әңгіме құру;
- 5) қарапайым себеп-салдарлық байланыс орнату;
- 6) «Жыл мезгілдері», «Жеміс-жидектер мен көкөністер», «Жабайы және үй жануарлары» тақырыптары бойынша көру түсінігін қалыптастыру.

4. Оқу пәннің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

25. Көруді сақтандыру. Көзге арналған жаттығулар. Аккомодациялық (машықтану, көз үйрену) жаттығулары. Теледидар хабарларын көру гигиенасы.

26. Пішінді (форма) қабылдау (түйсіну): геометриялық фигуралар қиыстыруынан жасалған заттарды тану, текшелерден қарапайым үлгілер құрастыру. Геометриялық денелер жиынтығына берілген геометриялық фигураны табу. Фигураға ұқсас фигураны табу. Құрылыс конструкторы материалынан қарапайым үлгілер (үйшік, мұ нара, қақпа) жасау.

27. Түсті қабылдау:

- 1) түстік үйлесімділігі жақын (қызыл-сары-қызғылт-көк-күлгін) түстерді салыстыру және ара қатынасын білу. «Спектр» (шоғыр) мағынасы, жылы және суық түстер;
- 2) дайындалған үлгі бойынша бастырмалар (кемпірқосақ, жеті түсті гүл, жұлдызша,

жылы және суық түстерден жасалған гүл шоғын) жасау.

28. Заттың көлемін қабылдау (ұғыну): заттардың нақты көлемін ұғыну. Қарапайым суреттер арқылы анықтау. Түрлі ауқымда бейнеленген заттарды салыстыру. «Өсімдіктер» тақырыбы бойынша көру арқылы түсінігін қалыптастыру.

29. Қозғалысты қабылдау: айнада өз денесінің қимылына бақылау жүргізуін қалыптастыру, кеңістікте заттардың нақты орналасуы мен айнада орналасуын салыстыру. Қашықтықта зат қозғалысының бағытын анықтау. «Көлік» тақырыбы бойынша көру түсінігін қалыптастыру.

30. Кеңістікке бейімделу:

1) ғимарат ішін және төңіректі бағдарлау. Нысандардың орналасуын анықтау;
2) кабинетте, сыныпта, мектепте, көшеде нысандардың орналасу қатынасын анықтау. «Менің сыныбым», «Менің мектебім», «Менің қалам», «Менің үйім» және т.б. тақырыптары бойынша сюжеттік ойындар.

31. Өсімдік және хайуанаттар әлемі туралы көру түсініктерін қалыптастыру: жабайы және үй жануарларының бейнелерін тану, салыстыру және табу, ағаштарды, бұталарды, шөптерді айыра білу. (Сипаттама бойынша тап «Қай бұтақтың жемістері», «Егістікте, бақта, бақшада не өседі?»

32. Күрделі суреттерді қабылдау (түсіну): суреттегі заттардың орналасуын көру, жақын, алыс орналасқан заттарды атау. Бейнелеуде және шынайы жағдайда бір нысанның екінші нысанды көлегейлеуі.

33. 2-ші сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- 1) тор көзді және жіңішке сызықты қағаз парағын дұрыс және тез айыра білу;
- 2) күрделі геометриялық фигураларды талдау, құрамдас бөліктерінің пішін үйлесімділігін белгілеу;
- 3) қоршаған ортада түстердің реңкін анықтау;
- 4) қанықтығы бойынша түстердің үйлесімділігін жасау;
- 5) табиғат құбылыстарын уақытты бағдарлау үшін пайдалану;
- 6) маңызды белгілерге қарап салыстыру және жинақтап қорыту;
- 7) өздігінше тану мен атау деңгейінде сенсорлық (сезім арқылы) үлгіні меңгеру;
- 8) микро-(кішігірім) және макро (аса ірі) жазықтықтардағы кеңістіктік жағдайларды сөзбен жеткізу керек.

5. Оқу пәннің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

34. Көруді сақтандыру: көзге, қабаққа арналған жаттығулар, массаж. Көз көруін түзетудің заманауи құралдары Шыныға таңба (белгі) жасау жаттығулары (Аветисов-Мац). Теледидардан хабарлар қарау гигиенасы, компьютер, планшет, ұялы телефон пайдалану.

35. Пішінді қабылдау: затты пішіні бойынша табу, ұқсастыру. Конуспен, тризмамен

, эллипсоидпен танысу. Нұсқасын атап көрсету және тану, қоршаған ортада пішінін атап көрсету, геометриялық формалар мен денелерді тану және атау, әр түрлі пішіндегі фигураларды оқшаулау.

36. Түсті қабылдау: заттардың түстік қатарын олардың үдемелі және азаймалы қанықтығына сәйкес қатарлап қою (3-ші үдемеден 7-ге дейін). Құрама түстерді шығару. «Қарама-қарсы түстер» ұғымы. Санамақты жаттау (Әр аңшы қырғауылдың қайда отырғанын білгісі келеді) «Жыл құстары» тақырыбы бойынша көру арқылы қабылдауын қалыптастыру. Құстардың нұсқалық және толық бейнесін салыстыру.

37. Көлемді қабылдау: заттарды көлеміне, ұқсастығы мен айырмашылығына қарай топтастыру, 4-ші артық затты табу. «Ағаштар мен бұталар» тақырыбы бойынша көру қабылдауын қалыптастыру, жапырақтары мен жемістеріне қарап тану.

38. Кеңістікті қабылдау:

1) қашықтықтың кеңістіктік белгісін түсінуін және қабылдауын қалыптастыру. «Төменнен, жоғарыдан, бүйірінен, солдан-жақын, алыс, оң жақтан-алыс, жақын, оңға, солға». Заттардың орналасуын сөзбен түсіндіре білу;

2) «Менің пәтерім» тақырыбы бойынша көру арқылы қабылдау түсінігін қалыптастыру;

3) сынып, бөлме планын (сызба) құру. «Мектеп орналасқан көше» – экскурсия.

39. Күрделі сюжеттік суреттерді қабылдау: кеңістікте заттарды бейнелеу тәсілдері. Көрініс заңы бойынша (бейнелеу) ережелерімен танысу. Сюжеттің сырын ашатын бірнеше планының (сызба), сансыз көп бөлшектерінің, түсіндірмелік сипатының болуы, хабарландыратын белгісін атап көрсету.

40. Күрделі заттық суретте өсімдіктер мен жануарлар дүниесі нысандарын қабылдау: келесі тақырыптарды қолдану: өсімдіктер әлемі, аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер. Әр нысанды толық суреттеу мен талдау, нысандарды салыстыру, нақты жағдайлар мен байланыстарға енгізілген нысандарды тану.

41. Табиғи материалдарды қабылдау: табиғи материалдар (су, құм, дәнді дақылдар, жаңғақтар, тұқымдар). Қолдың ұсақ қимылдарын дамыту-сұрыптау, себу, араластыру.

42. 3-ші сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) көз көру қабілеті бұзылған жағдайда заттарды тани білу;

2) көз көру қалдығын қорғай білу;

3) тифлопедагогтық талаптарды білу және оларды мектепте және үйде сақтау;

4) әр түрлі ұсақ-түйек заттарды жасауда оюлардағы түстерді үйлестіре білу;

5) кеңістіктегі және жазықтықтағы заттарды берілген бағытта орналастыра білу;

6) заттарды пішіні мен мөлшеріне қарап топтай білу;

7) сақталған анализаторлар арқылы кеңістікке бейімделе білу (есту, көру, иіс сезімі, түйсіну).

6. Оқу пәннің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

43. Көруді сақтандыру: көзге арналған жаттығулар, қабақ, көз массажы. Оптикалық құралдар күтімі (көзілдірік, лупа, линза). Аккомодациялық (көздің әр түрлі қашықтықта көруге бейімделуі) жаттығулар, шыныдағы (әйнектегі) белгі көмегімен жаттығу жасау. «Пальминг» жаттығуы. Көздің тұрмыстық жарақаттануы. Көзге түсетін ж ү к т е м е т ә р т і б і .

44. Пішінді (форма) қабылдау: трафарет (үлгі), шаблондар (қалып) арқылы геометриялық фигуралардың суретін салу. Нұсқаның контурлық (сұлбалық) бейнесімен қосарлануы. Күнделікті жағдайда түсініксіз сұлба, үстіне салынған геометриялық фигуралар бейнесін қабылдау. Тану, есінде сақтау, еске түсіру мақсатында бір, екі, бірнеше геометриялық фигураларды уақытша (тез арада) көрсету.

45. Т ү с т і қ а б ы л д а у :

1) қабылданатын заттар санын арттыру, түс мөлшері (саны), түстер арасындағы айырмашылықтары (қызыл, қызғылт-сары заттар, бір түсті, бірақ реңкі әртүрлі заттар. Үлгі бойынша кездейсоқ ретте қойылған түстерді қатарлап қою;

2) бояу тақтайшасын немесе пробиркада (шыны ыдыс) бояуларды араластыру а р қ ы л ы қ ұ р а м а т ү с т е р а л у .

46. Зат мөлшерін қабылдау: көп нысандар ішінен тапсырылған көлемдегі нысанды атап өту (қабылданатын нысандар саны 10-ға дейін көбейеді, көлемдегі айырмашылықтар азаяды). Қабылданатын нысандарға дейінгі ара қашықтық ұлғайтылады. Өлшеу кезінде шартты өлшемдер қолданылады. Көлемдік заттардың ұ ш ұ з ы н д ы қ ө л ш е м і б а р ы н т ү с і н у .

47. Табиғи материалдарды қабылдау: табиғи материалдар – су, құм, дән, дақылдар, жаңғақтар туралы білімдерін қалыптастыру. Қолдың ұсақ қозғалысын дамыту – с ұ р ы п т а у , с е б у , а р а л а с т ы р у .

48. Қозғалыстағы нысандарды қабылдау: әр түрлі аймақтардағы жануарлар өмірі туралы видеофильмдерді пайдалану, документальды (деректі) фильмдер. Көлемі мен ракурсы өзгерген жағдайдағы қозғалыстағы нысандарды тануын дамыту.

49. Күрделі сюжеттік суреттер мен көріністерді қабылдау: сюжеттік көріністерді бір ізділікпен қабылдау (көз назарымен толық айналдырып қарау, негізгіні атап көрсету, бөлек нысандарды егжей-тегжейлі қарап шығу. Оқиғаның орны мен уақытын қатынасушы адамдарын анықтау. Үш құрылымдық жоспарды қарастыра білу.

50. Адамды қабылдау: дене мүшесіндегі пішінінің, көлемінің, өзара қарым-қатынасының динамикалық өзгерістерін қалыптастыру. Адам бейнесін өз фигурасымен салыстыру. Әр түрлі ракурстағы бейнеленген (бет алдынан, қырынан, суретте бір ғана қол мен бір ғана аяқ көрінген адамның жеке ерекшеліктерін бөліп айту (сырт келбеті, жас шамасы, жынысы).

51. Бейнелеу өнері шығармаларын қабылдау: бейнелеу өнерінің түрімен және

жанрын танысу және айыра білу. Күрделі бейнені бір ізділікпен қабылдау дағдыларын бекіту. Көркем шығарманы фотосуретпен және безендірілген бейнелерден айыра білу.

52. 4-ші сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) көздің көру қабілетіне қауіп төндіретін факторларды білу. Өз денсаулығына ұқыпты қарауды қалыптастыру;

2) метрлік, сонымен қатар шартты өлшеуіштерді пайдалана білу. Күрделі сюжеттік-бейнелерді бір ізділікпен қабылдай білу;

3) талқылап қарайтын нысандардың: адамның, жануарлардың жеке ерекшеліктерін атап айта білу;

4) үлгі бойынша өрнектер, сызбалар орындай білу;

5) бұрмаланған (бұзылған) бейнелердің немесе бір заттың не оның бөлігінің кеңістіктегі тұрған орнын таба білу керек.

7. Оқытудың нәтижелері

53. Пәндік нәтижелер:

1) сенсорлық (сезімдік) үлгінің зияткерлік әрекетке қосылуы;

2) түспен пішінді айыра білуді белсендіру;

3) микро (ықшам) және макро (өте ірі) кеңістікті бағдарлай білуді пайдалану;

4) қоршаған әлемде және шектес заттарда әр түрлі көру жағдайында кездесетін өлшемдік және графикалық дағдылары туралы алған білімін қолдану.

54. Тұлғалық нәтижелер:

1) Отанға деген сүйіспеншілігін, Қазақстанның рухани мұрасы мен табиғи байлықтарына деген мақтаныш сезімін ояту;

2) отбасылық құндылықтарға жасы үлкен адамдарға, қоршаған ортаға ұқыпты қарау;

3) өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау деңгейін түсіну, көзі сау адамдар ортасына бейімделу және шоғырлану (интеграция).

55. Жүйелілік – әрекеттік нәтижелер:

1) пәндік білімдер жүйесін меңгеру, оларды іс жүзінде қолдана алу;

2) танымдық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттіліктерінің белсенділігін ояту;

3) заманауи ақпараттық-қатынастық технологияларды меңгеру;

4) дамыған коммуникативті қабілеттілікті, тіл мәдениетін меңгеру.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 36–қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Көру қабілеті зақымдалған балаларды (көрмейтін және нашар көретін) арнайы оқыту мен тәрбиелеуде «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» коррекциялық компоненттерінің негізгі пәндерінің бірі болып табылады.

3. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау – көру мүмкіндігі шектеулі балалардың жас шамасы мен өзіндік ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін есепке ала отырып жүргізілетін арнайы (коррекциялық) сабағының курсы. Көрмейтін балаларға арналған бастауыш мектепте әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау (бұдан әрі ӘТБ) сабағы курсы нәтижелі меңгеру көруі шектелген жандардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мен көруі қалыпты адамдардың ортасына шоғырлануына мүмкіндік туғызады. Өз мінез-құлықтарын, жүріс-тұрысын ұйымдастыру және әр түрлі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларда айналасындағы адамдармен араласу көру мүмкіндігі шектеулі оқушының оқудан тыс кездегі өмірде болатын жағдайда өз бетімен бейімделуіне, өздігінен өмір сүру жағдайында кездесетін заттар мен құбылыстар туралы дұрыс түсінік алуларына, қоғамда өзін басқа адамдармен теңбе-тең ұстай білу дағдыларын меңгеруге және өзін қоғамның толыққанды, толыққұқықты мүшесіндей сезінуге мүмкіндік береді.

4. ӘТБ пәнінің мақсаты: көру қабілеті зақымдалған балалардың қоғамда өзін адамдармен теңбе-тең ұстай білуі туралы біртұтас білім, біліктілік, дағды жүйесін қалыптастыру және заманауи жағдайға әлеуметтік-психологиялық бейімделулерін қ а м т и д ы .

5. Әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу сабағының міндеттері:

1) күнделікті тұрмыста пайдаланылатын заттар туралы нақты түсініктер беру, олардың міндеттері және пайдалану ережелері;

2) күнделікті тұрмыста қолданылатын құралдар мен аспаптарды техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

3) тұрмыста, көзі сау адамдар ортасында, қоғамдық орындарда, әртүрлі жағдайда өзін мәдениетті ұстай білу дағдыларын қалыптастыру;

4) балалардың бойында өз мінез-құлқын, сырт келбетін бақылай білу тәсілдерін тудыру, әр түрлі жағдайларда адамдармен қарым-қатынас жасай білу, әңгіме жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру;

5) жүйке жүйесінің әр алуан түріне байланысты адамдардың өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктерімен танысу.

6. ӘТБ бағдарламасына келесі бөлімдер кіреді:

1) «Жеке бас тазалығы», «Киім және аяқ киім», «Тамақтану», «Пәтер-үй», «Отбасы», «Көлік», «Байланыс», «Өзін-өзі ұстау мәдениеті», «Медициналық көмек», «Сауда»;

2) «Жеке бас тазалығы» тақырыбы көрмейтін балалар үшін өте маңызды, өйткені олар жеке бас тазалығы туралы алғашқы бастапқы ережелерін, адам көп жиналатын орындарда өздерін ұстай білу ережелерін меңгереді. Көз көру қалдығын сақтау мен теріге күтім, өз денсаулығын сақтау және нығайту;

3) «Киім және аяқ киім», «Пәтер-үй» тақырыптарын өту барысында оқушылар киім мен аяқ киімді күтудің дағдыларына ие болады. Әр мезгілге байланысты киім таңдай білуге үйренеді;

4) «Тамақтану» тақырыбы бойынша сабақтар: тамақ өнімдерінің негізгі түрлерімен танысу, оларды сақтау ережелері, ас үй жабдықтарымен танысу, қарапайым тағамдарды әзірлеу дағдысы, тамақ ішу мәдениеті. Тамақ түрлерімен жақын таныс болу сақталған анализаторлар жұмысын белсендіреді, оның ішінде сипап сезу, дәм сезу;

5) «Отбасы», «Мінез-құлық мәдениеті» тақырыптарында отбасындағы, сыныптағы, топтағы, қоғамдық жерлердегі өзара қарым-қатынас орнатудың жолдары мен тәсілдері ашылады, үстел басында, театрға, киноға, мұражайларға, дүкендерге барған уақыттағы өзін ұстай білу ережелері бекітіледі;

6) «Көлік» тақырыптарын өтуінде көшеде жүру тәртібі дағдылары, жол жүру ережелері бекітіледі, балалар қала көліктерінің әр түрімен, метромен танысады;

7) ғаламтор мен ұялы телефонның біздің өмірімізге әкелген үлкен әсеріне байланысты балалардың байланыс құралдарын пайдалануын қалыптастыруға зор мән беріледі, сондықтан «Байланыс құралдар» тақырыбы 4 сыныпта ӘТБ-ның негізгі құрсы болады;

8) «Медициналық көмек», «Сауда» – бұл тақырыптар көрмейтін және нашар көретін балалар бойында алғашқы медициналық көмек көрсету, сауда жасай білу дағдыларын қалыптастырады; ең басты тағам түрлері мен киімнің бағасын білу, отбасы қаржысын үнемдеп жұмсауға үйретуге мүмкіндік жасайды.

7. ӘТБ-де білім, білік дағдыларын қалыптастыру үшін келесі әдістемелік тәсілдер пайдаланылады: әңгімелер, түсіндіру әдісі, табиғи заттарды көрсету, сюжеттік ойындар, экскурсиялар, практикалық сабақтар.

8. ӘТБ-де бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеудің басты әдісі - оқып

үйренетін затты көрсету, мұғалімнің түсіндіруімен қатар ол затты зерттеп қарау. Сезім түйсігі көмегімен оқушылар толық кешенді сезімге (түйсінуге) ие болады. Жылылық, суықтық, кедір-бұдырлық, сыңақтық, тегістік және т.б. Бұған қоса көрмейтін балалар бойына зат (нәрсе, бұйым) туралы түсінікті қалыптастыру қажет, түрлі пропорцияларын, физикалық қасиетін сипаттайтын элементтерді сақтау, түрлі жағдайда орындалатын үйреншікті қозғалыстардың амалдарын бекіту.

9. Әңгіме, әсіресе, үйретудің бастапқы кезеңінде көмекші құрал болады. Ол таныстыру, қорытынды сипатында, сонымен қатар әңгіме-пысықтау түрінде жүргізіледі.

10. Ойын әдісінің мынадай түрлері бар: айқын сюжетті ойын, еркін сюжеттік ойын, жатталып алынған рольдері бар сахнаға лайықталған ойындар, балалар және топтар арасындағы жарыс ойындар.

11. Экскурсиялар – таныстырмалық, күнделікті, қорытынды болады. Көрмейтін балалар тобы шағын (6-8 адам) болу керек, көз көру қалдығы сақталған балалар көрмейтін баламен жұптасып, кірерде және шығарда оларға сөзбен немесе қол қимылымен жолдағы кедергілер туралы ескертіп отырады. Есту түйсігіне көп көңіл бөлу керек, балаларды дыбыстың бағытын анықтауға үйрету керек, күнделікті, табиғи, қала дыбыстарын анықтау және білу, иіс түйсігін дамыту-иіс арқылы киімнің, төсек-орынның тазалығын, тағам, азық-түлік сапасын анықтай білу.

12. Бастауыш сыныптарда ӘТБ бағдарламасы көрмейтін баланы өзіне-өзі қызмет ету, жеке бас тазалығы, отбасындағы және қоғамдағы мінез-құлық, жүріс-тұрысы бастауыш сынып оқушылары-көз мүгедектерін олардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, сюжеттік-рольдік ойын түрінде өмірде болатын жағдайлардың үлгісін жасай отырып үйретуге бағыттайды.

13. ӘТБ-бағдарламасын құрастыруда қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі, қазақтың ұлттық педагогикасының негізгі пайымдаулары ескерілді.

14. Пәннің оқу жүктемесі:
кесте 1

№	Оқу пәні	Сыныптар бойынша сағаттар саны (1 аптада)				
		0	1	2	3	4
1	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау	1	1	1	1	1

15. Көзі көрмейтін оқушыларды оқытудағы нәтижелікті бағалау: көру қабілеті зақымдалған оқушыларға жеке ыңғайда қарау, жеке тұрғыдан келу жағдайында балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдысы мен көзі көрмейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік бейімделуін дамыту мен қалыптастыру нәтижелілігі мониторингке негізделген өз мүмкіндіктеріне дұрыс қарауын қалыптастыра отырып, олардың жетістіктері баллдық емес, сапалы-түсіндірмелі сипатта бағаланады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

16. Кіріспе: оқушыларды бір-бірімен таныстыру. «Бұл кім?» ойыны. Айналасындағыларды дауысына қарап тану.

17. Адамдармен қарым-қатынас жасау түрлері: амандасуды (сәлемдесу) үйренеміз. Өтініш (сұрау), алғыс айту, ыммен көрсету, дене қимылы.

18. Кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру:

1) жоғары-төмен, оңға-солға, алда-артта, үстінде-астында, аралығында, жанында;

2) осы түсініктерді іс жүзінде бекіту (ойын, практикалық іс-әрекет).

19. Қолдың ұсақ қозғалысын дамыту: қолдың білезігі мен саусақтарының үйлесімді қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар комплексі (кешені), заттарды: тарақты, щетканы т.б. тұрмыста қолдана білуін қалыптастыру. Қимылдарды көрсету, сюжеттік ойын.

20. Мектеп ғимаратындағы кеңістікті бағдарлауға үйрету: сынып бөлмесімен таныстыру: партаны, үстелді, жұмыс орнын табу, дәлізді бағдарлау, баспалдақпен көтерілу, түсу. Бірінші қабаттағы нысандар, екінші қабаттағы нысандар, жатын бөлмені бағдарлау: төсек, тумбочка, шкаф. Асхана, үстелдің орналасуы, үстел басындағы орналы.

21. Жеке бас тазалығы: «Жеке бас тазалығы» ұғымы. Күн тәртібі. Көздің көру қалдығын сақтау (қорғау) үшін жеке бас тазалығы мен күн тәртібінің маңызы. Таңертеңгі және кешкі уақыттағы баланың өзін-өзі тазалыққа келтіру дағдысының жүйелілігін қалыптастыру, сабынның түрлері, қолды кептіруге арналған электр құрғатқыш. Тісті тазалау дағдысын қалыптастыру, тіс пастасы мен тіс щеткасының түрлері. Шампуньмен бас жуу, аяқ жуу. Жеке бас тазалығына арналған заттарды қолданудың жеке ерекшеліктері және оларды интернат жағдайында сақтау ережелері.

22. Киім және аяқ киім: киім кию, шешу, оларды рет-ретімен жинап қою, өз шкафтарына салу дағдыларын қалыптастыру. Иіс түйсігі мен сезім түйсігі арқылы киімі мен аяқ киімдерінің тазалығын анықтау. «Іш киім», «сырт киім» ұғымдары. Тұрмыстағы тазалық пен ұқыптылық ұғымдарының мағынасы.

23. Тамақтану: үстел басында бойын тік ұстап дұрыс отыруды, ас үстелі басында дұрыс отыру дағдысын қалыптастыру. Ыдыс-шәйға арналған ыдыс, ас ішетін ыдыс. Ас ішетін сайман, оны қолдана білу. Үстел басындағы өзін ұстау мәдениеті.

24. Пәтер – үй: үйлердің түрлері. Бөлмелер, үй бөлмелерінің қызметі, жиһаз. Пәтер-үйде тазалық сақтау. Үйлердегі жарық пен жылыту. Бөлмелердің ішкі көрінісі.

25. Отбасы: отбасы ұғымы. Отбасы құрамы. Туыстық қатынас, отбасылық қарым-қатынас. Отбасындағы мінез-құлық ережелері. Күнделікті тұрмыста қолдан келгенше көрсетілетін көмек.

26. Дайындық сынып оқушысының даярлық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) сынып, жатын бөлмелерде, қызмет орнына бейімделе білу, өз жұмыс істейтін

орнын таба білу, кеңістіктік ұғымдарды іс жүзінде қолдана білу, заттарды және құралдарды қолдануда қимыл үйлесімділігін сақтау;

2) сезім түйсігі көмегімен (алақан, саусақтар, аяқтың табаны, тері) тұрмыстық нысандардың ерекшеліктері (сипаты) мен олардың пішіні, материалы, сыртқы бетінің ерекшеліктерін айыра білу;

3) сақталған анализаторлар (түйсіктер) арқылы: есту, иіс сезу, дәм, көздің көру қалдығы арқылы қоршаған (айналадағы) заттарды тани білу. Жеке бас тазалығын сақтау, өз бетімен күнделікті әрекеттерді бір жүйелілікте жасау;

4) дұрыстап тамақ іше білу, үстел басында өзін мәдениетті (дұрыс) ұстай білу ережелерін сақтау;

5) өз бетімен шешіну, киіну дағдылары. Заттары мен аяқ киімін арнайы бөлінген орындарда сақтау. Оларды күтіп ұстай білудің қарапайым ережелерін білу, жеке бас тазалығына керекті заттарды пайдалана білу.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

27. Кіріспе: сынып бөлмесіне бейімделу, дәлізде жүруді үйрену, таныс оңашаланған кеңістікте бағдарлану: жатын бөлме, ас үй орналасқаны туралы. Күнделікті әрекетте осы түсініктерін қолдана білу.

28. Жеке бас тазалығы:

1) күн тәртібі. Оның орындалуы. Жеке бас тазалығы ережелерін сақтау. Жеке бас тазалығына арналған заттар арқылы жұғатын көз аурулары. Тіс тазалау мерзімі аралығы. Шаш күтімі ережелері. Бас жуу аралық мерзімі, шампунь түрлері, шаш ерекшеліктеріне байланысты оларды таңдап алу. Қайызғаққа қарсы құрал. Жеке бас тазалығына арналған заттарды қолдану ерекшеліктері;

2) практикалық сабақ: шаштаразға бару, шаштараздық қызмет көрсету.

29. Киім және аяқ киім:

1) әр мезгілге байланысты киім және бас киім таңдау. Киім және бас киім түрлері;

2) киім мен аяқ киімді күнделікті күту. Сезу түйсігі және иіс түйсігі арқылы киімнің тазалығын бақылау;

3) су киім мен аяқ киімді күтуге арналған заманауи құралдар.

30. Тамақтану:

1) азық-түлік тағамдарының әр түрлілігі және олардың адам өміріндегі маңызы. Дәрумендер. Мектептегі тамақ дайындайтын жерге экскурсия: Ас үй жабдықтары. Аспазшы мамандығы. Түскі ас пен кешкі ас аралығындағы жеңіл асты даярлаудағы үстелдерді жабдықтауда балалардың көмегі;

2) практикалық сабақ: үстелді шай ішуге жабдықтау. Қарапайым бутербродтер.

31. Пәтер-үй:

1) үй түрлері, пәтер, бөлмелер қызметі, пәтер-үйді тазалықта ұстау. Үйді тәртіпке

келтіру түрлері: дымқыл және құрғақ;

2) практикалық сабақ: сынып бөлмесін жинастыру, шаң сүрту, шкафтар мен парталарды ретке келтіру;

3) жақын маңдағы құрылыс алаңына экскурсия: «Үйлер қалай салынады?».

3 2 . О т б а с ы :

1) өз отбасының құрамын, жақын туыстарының есімдері мен әкесінің атын, олардың жасын, немен айналысатынын білу, отбасындағы мінез-құлық ережелерін білу : үлкенді құрметтеу, оларға қолдан келгенше көмек көрсету, отбасы мүшелері арасындағы күнделікті шаруашылық-тұрмыстық міндеттерді бөліп атқару;

2) практикалық сабақ: отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы ойындар.

3 3 . К ө л і к :

1) көлік түрлері, қалалық көлік, көлікке міну және түсу ережелері. Қаладағы метро, метродағы жүріс-тұрыс ережелері, көз мүгедектеріне арналған дыбыстық бағдаршамдар. Жол жүру ережелері;

2) дыбыстық бағдаршамдары бар көшелерге экскурсия, олар арқылы жолдан өту.

3 4 . М і н е з - қ ұ л ы қ м ә д е н и е т і :

1) дұрыс келбетін (бойын тіктеп ұстай білуін) қалыптастыруда жүргізілетін жұмыс, әдемі жүре білу, қисынды және орынды ымдай білу;

2) құрбы-құрдастарымен, жасы кішілермен кездескенде және қоштасқанда мінез-құлық ережелері. Үлкендерге және құрбы-құрдастарына өтініш жасаудағы өздерін ұстай білуі. Әдептілік пен сыпайылық мәдениетті адамға тән қасиет;

3) практикалық сабақ: «Мектеп директорының кабинетінде», «Дәрігерде», «Доспен к е з д е с у » ;

4) ойын-драма «Әр түрлі жағдайдағы мінез-құлық».

3 5 . С а у д а :

1) дүкен түрлері: азық-түлік, шаруашылық, кітап дүкендері, супермаркеттер. Олардың атаулары. Базарлар;

2) дүкендерден тауар сатып алу, негізгі азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарлар бағасын білу.

36. 1-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) жеке бас тазалығы дағдыларын игеру, киімі мен аяқ киімін таза ұстау, негізгі азық-түліктерді білу, дәрумендердің денсаулыққа тигізетін маңызы, ас үйде, ас үстелін жабдықтауда қолдарынан келгенінше көмек көрсету;

2) отбасы құрамын білу, қарапайым міндеттерді орындау, отбасылық мерекелер мен дәстүрлі мейрамдарға қатысу;

3) әр түрлі жастағы адамдармен мәдени қарым-қатынасқа түсу дағдыларын игеру;

4) пәтер-үй түрлерін білу. Тұрғын үй ғимараттарының міндеті. Жол жүру ережелерін білу, қоғамдық көлікте өзін ұстай білу дағдыларын білу;

5) дүкен түрлерін білу, қарапайым затты сатып ала білу (мысалы: нан).

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

37. Кіріспе: көзі көрмейтін оқушының мектепте, аулада, қызмет бөлмелерінде өз бетімен еркін жүре алуы.

38. Жеке бас тазалығы:

1) күн тәртібі. Күн тәртібінің денсаулық үшін маңызы. Оқушылар бойында уақытша түсініктерді қалыптастыру, тырнақ және қол терісі күтімі ережелері (тырнақ алуға арналған тістеуік, онымен тырнақ алу), қолға сипап сезу түйсігін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде ұқыпты қарау. Денені жуудың аралық мерзімі. Душқа шомылудағы қауіпсіздік ережелері. Лас қолдан болатын аурулар;

2) практикалық сабақ: төсек-орынды ауыстыру (тәрбиешінің басшылығымен және бақылауымен).

39. Киім және аяқ киім:

1) әр мезгілге байланысты киім мен аяқ киімді алмастыру. Сырт киім күтімі. Су болған киімді кептіру әдісі (киім ілгіштер). Сырт киімді тазалау. Киім, аяқ киім щеткалары. Аяқ киім тазалайтын крем түрлері. Кір жуатын ұнтақ түрлері. Ұсақ заттарды жуу: орамалдар, жағалар, носкилер;

2) практикалық сабақ: аяқ киімді щеткамен және креммен тазалау.

40. Тамақтану:

1) тамақтанудың әр түрлілігі, дәрумендер, тамақтану гигиенасы. Ас үйде өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. Ыдыс-аяқ түрлері, ыдыс жуу (бақылау). Азық-түлік сақтау (тоңазытқыш). Үстел басында өзін ұстау мәдениеті;

2) практикалық сабақ: ас үстелін түскі асқа жабдықтау.

41. Пәтер - үй:

1) «Әр заттың өз орны бар» қағидасына сәйкес оқушының жұмыс орнын дұрыс тандау ережелері. Оқушының жұмыс орнын таза ұстауы, сынып бөлмесін, жатын бөлмені құрғақ және дымқыл тазалаудың бір ізділігі (реті). Гүлді күту. Ғимаратқа қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар (ауасын тазарту, қажетті температураны ұстау, жарықтылық). Сынып бөлмесі мен жатын бөлмені жинастырудың күнделікті міндеттерін бөлісу;

2) практикалық сабақ: сынып бөлмесін жинастыру (құрғақ).

42. Отбасы:

1) отбасы құрамы, ата-анасының аты-жөні, олардың жұмыс орны, туыстық қатынастарды білу (әке, шеше, аға, әкпе, іні, сіңлі және т.б.) жақын туыстары туралы мәліметтерді білу (апай, ағай, немере туыстар т.б.). Отбасындағы жеке қарым-қатынас. Шаруашылық-тұрмыстық міндеттерді бөлу;

2) практикалық сабақ: отбасындағы қатынасты қалыптастыратын сюжеттік ойын, отбасылық-тұрмыстық міндеттерді орындау.

1) қаладағы, ауылдағы, қала үлгісіндегі ауылдардағы көлік құралдары. Жер үстіндегі, ауадағы, судағы көлік түрлері. Авиация: азаматтық, әскери, жүк таситын. Авиацияның артықшылығы. Қалалық көлікте жол жүру ақысы түрлері: валидаторлар, о л а р д ы п а й д а л а н а б і л у ;

2) практикалық сабақ: қалалық электр көлігі мен валидатор арқылы жол ақысын т о л е п ж ү р у .

4 4 . М і н е з - қ ұ л ы қ м ә д е н и е т і :

1) үстел басында, асханада өзін ұстай білу ережелерін бекіту;

2) практикалық сабақ: тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру;

3) қоғамдық орындарда: театрға, кинотеатрға, мұражайларға, көрмелерге барғанда өзін ұстай білу ережелері. Театрдағы үзіліс кезінде тәртіп ережелері;

4) практикалық сабақ: қалалық театр спектакльдеріне бару (Жас өспірімдер театры).

4 5 . С а у д а :

1) арнайы фирмалық азық-түлік дүкендері: кондитерлік бұйымдар, теңіз тағамдары, супермаркеттер, көтерме сауда гипермаркеттері, құрылыс материалдары. Олардың қызметі, ассортименті (тауарлар жиынтығы), жұмысуақыты. Сауда түрі: өзіне-өзі қызмет ету. Сауда қызметкерлерінің мамандығы: сатушы-кеңесші, кассир, бақылаушы. Төлем түрлері: төлем карточкалары, чектер;

2) практикалық сабақ: жақын маңдағы супермаркетке бару, кеңесшінің көмегімен тауардың бір түрін сатып алу.

46. 2-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) өз денесін күте білу, душ қабылдау мерзімі аралығын білу, тырнақтарын тістеуікпен ала білу, тері күтімі ережелерін білу, қолға ұқыпты қараудың басты ережелерін іс жүзінде пайдалану. Қол-қоршаған ортаны сезім түйсігі арқылы танып б і л е т і н н е г і з г і қ ұ р а л ;

2) дұрыс тамақтана білуге қойылатын санитарлық-гигиеналық нормаларды және т а л а п т а р д ы б і л у ;

3) ас үй жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу: Отбасында және интернатта қарапайым күнделікті шаруашылық міндеттерін атқара б і л у ;

4) жұмыс орнын, ғимаратты, гүлді күтуде санитарлық -гигиеналық дағдыларын білу ж ә н е м е н г е р у ;

5) негізгі көлік құралдары, оларды пайдалана білу, жол жүру ережелерін сақтау, ж о л а қ ы с ы н т ө л е у ;

6) қоғамдық орындарда өзін ұстай білу ережелерін білу және оларды қолдану;

7) дүкендердің түрлерін білу, заманауи төлем түрлерін пайдалана отырып, дүкенде сауда жасау.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

47. Жеке бас тазалығы:

1) 2-ші сыныпта үйренген жеке бас тазалығы дағдыларын бекіту. Сабақтарды ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар. Күн тәртібінің, дұрыс тамақтанудың маңызы, салауатты өмір салтын сақтау, зиянды әдеттер: темекі тарту, ішімдік ішу, есірткі шегу. Дәрігердің темекі мен ішімдіктің зияны туралы әңгіме жүргізуі. Дәрігер-наркологтың: «Есірткі – ешқайда апармайтын жол»;

2) практикалық сабақ: мектептегі дәрігер кабинетіне экскурсия.

48. Киім және аяқ киім:

1) кір жуғыш машинасымен табиғи және жасанды маталардан жасалған бұйымдарды жуу ережелері. Кір жуғыш машинаның жұмыс істеу тәртібімен танысу. Ұсақ бұйымдарды кір жуғыш ұнтақтарды қолданып жуу: кір жуғыш ұнтақ түрлері. Кептіретін киімдерді ілу, киімдегі белгі. Су аяқ киімді кептіру;

2) практикалық сабақ: мектептегі кір жуатын орында заттардың жуылуын бақылау.

49. Тамақтану:

1) үстел басында өзін дұрыс ұстау ережелерін, ас үй, ас үстелін түскі және кешкі асқа жабдықтау, тамақ ішіп болған соң ыдыс жинау ережелерін бекіту. Азық-түлікті тоңазытқышта сақтау ережелері, тоңазытқыштағы азық-түліктің жеке түрлеріне белгі қоюды қадағалау. Қазақтың дәстүрлі ас үйі, ұлтқа тән азық-түліктер, қазақ қонақжайлылығы дәстүрі;

2) практикалық сабақ: қазақша дастархан жаю.

50. Пәтер - үй:

1) швабра көмегімен дымқыл жинастыру. Шаңсорғыш. Оны қолдану ережелері. Шаңсорғышпен жұмыс істеу. Жылтыр және ағаштан жасалған жиһаз күтімі. Тәртіпке келтіру (жинастыру) жағдайында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;

2) практикалық сабақ: кілемді шаңсорғышпен тазалау.

51. Отбасы:

1) үй шаруасында ата-анаға көмек көрсету: пәтер жинау, ыдыс жуу, үйдегі мерекелерге, салтанаттарға қатысу. Құттықтаулар. Отбасылық мерекелерде өзін-өзі ұстау білуі;

2) практикалық сабақ: құттықтау ашық хаттарын Брайль әріптерімен әдемілеп дайындау.

52. Көлік:

1) метромен танысу. Метрода өзін ұстау тәртібі, эскалаторлар, метромен жүру. Темір жол көлігі, вокзалдар және олардың қызметі, жолаушы вагондары түрлері (жалпы, плацкарт, купе, жұмсақ). Темір жол билеттерін алу тәртібі (кассадан алу, телефон арқылы тапсырыс беру);

2) практикалық сабақ: темір жол вокзалына экскурсия.

53. Мінез-құлық мәдениеті:

- 1) қонақта өзін ұстай білу, әңгіме жүргізе білу, айналасындағыларға көңіл бөлу, кездесу және қоштасу кезіндегі өзін ұстай білу мәдениеті. Сыйлықтарды беру және алу ережелері. Сыйлық таңдаудағы талаптар. Сыйлықты өз қолымен жасау;
- 2) практикалық сабақ: сыйлықтарды тапсыру, түрлі салтанаттарда құттықтаулар ұйымдастыру.

54. Сауда:

- 1) ақша белгілері, теңгелер, әр түрлі елдер валютасы (ақша белгілері). Айырбастау пункттері. Олардың шығу орындары-Алматы Теңге сарайы;
- 2) практикалық сабақ: жақын маңдағы супермаркетте ақшаға сауда жасау.

55. Медициналық көмек:

- 1) медициналық қызмет: ауруханалар, клиникалар, поликлиникалар, медициналық орталықтар, дәріханалар. Жедел жәрдем көмегі – 103. Үй аптечкасы, оның қызметі, қолданылуы. Өзін-өзі емдеудің зияндылығы. Дәрілік шөптер. Кесік жарада, жарақат алуда көрсетілетін алғашқы көмек ережелері.
- 2) практикалық сабақ: термометрді пайдалану, электрондық танометрмен танысу.

56. Байланыс құралдары:

- 1) байланыстың негізгі түрі: почта, телеграф, телефон, ұялы байланыс, спутниктік байланыс. Үй телефонын пайдалану ережелері, үй телефоны және ұялы телефонда абоненттердің номерлерін теру. Телефонмен сөйлесу мәдениеті;
- 2) практикалық сабақ: үйге, досына телефон соғу.

57. 3-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- 1) өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын меңгеру (игеру), жеке бас тазалығының барлық ережелерін сақтау, қоғамдық орындарда өзін ұстай білу ережелері, сауда, байланыс, медицина саласы қызметін білу;
- 2) қызмет көрсетушілермен диалог жүргізе білу. Қарапайым медициналық көмек көрсете білу. Кір жуғыш машинаны пайдалана білу. Үстел жабдықтауға және қарапайым тамақ әзірлеуге көмектесу;
- 3) қарапайым заттарды сатып алуды үйрену. Көліктің әр түрін пайдалана білу, қажет жағдайда көзі сау адамдардан көмек сұрау;
- 4) медициналық мекемелер қызметін пайдалану.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

58. Бас тазалығы:

- 1) дене мүшелерін күте білу дағдыларын бекіту. Ағзаны шынықтыру. Әр маусымға байланысты денсаулықты және көз көру қалдығын сақтау ережелерін білу. Денеге түсетін ауырлық мөлшерін анықтау үшін және денсаулығы мен көз көру қалдығына зиян келтіруді болдырмау үшін өз диагнозын, көз көру анализаторларының ауруларын

б і л у ;

2) практикалық сабақ: көз дәрігері кабинетіне бару.
59 . Тамақтану :

1) скороварка (тамақты тез пісіретін ыдыс), мультиварка (коп функционалды ыдыс). Оларды дұрыс пайдалана білу. Көзі сау адамның көмегімен қарапайым тағам даярлау. Мектеп асханасындағы аспаздың жұмысы. Ас үй электр жабдығы;

2) ұлттық тағамдар. Керек-жарақтар. Қазақтың көшпелі тұрмыс-салты жағдайында азық-түлікті сақтау. Қазақтың ұлттық тағамдары;

3) пәндік сабақ: Ауылдағы атамда қонақта.
60 . Пәтер - үй :

1) қазақтың ұлттық тұрғын-жайы - киіз үймен танысу, киіз үйдің ішкі жабдығы;

2) практикалық сабақ: этнографиялық мұражайға экскурсия, киіз үйді қарап шығу, киіз үйдегі тұрмыстық жағдаймен танысу.

61 . Отбасы :

1) отбасындағы психологиялық жағдай, ата-ана үлгісі мен беделі, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас. Отбасының әр мүшесінің міндеттері. Отбасында қазақтың ұлттық салт-дәстүрін сақтау;

2) практикалық сабақ: «Менің отбасым»-рольдік ойын.
62 . Көлік :

1) көлік түрлері туралы білімдерін бекіту. Оларды пайдалана білу. Жүріске төлей
б і л у ;

2) практикалық сабақ: метрода, маршруттық таксиде, қаладан тыс жерде көлікпен
ж ү р у .

63 . Сауда :

1) дүкендердің түрлерімен ары қарай танысу; практикалық сабақ: дүкенде өзін ұстай білу дағдысын тәжірибе жүзінде бекіту. Базардағы сауда жасау ерекшеліктерімен
т а н ы с у ;

2) практикалық сабақ: орталық базарға бару, жеміс-жидек пен көкөніскөктен (сатып
а л у) .

64 . Мінез - құлық мәдениеті .

1) сырт келбеті: адамның сырт келбетін сезім түйсігі (қол) арқылы бақылау. Кейбір жағдайларда көзі сау адамдардың көмегі. Адамның сыртқы және ішкі мәдениеті. Мінез-құлықта қазақ халқының салт-дәстүрін сақтау. Қарапайым, таза және әдемі киіне білу. Әр түрлі өмірлік жағдайларда өз тәртібін бақылай білу;

2) практикалық сабақ: «Әжемнің туған күні».

65 . Медициналық көмек :

1) дәрігерге уақытысында қаралу, емдік шараларды орындау. Өзін-өзі емдеудің зияны. Көз көруін түзететін құралдарды білу. Көздің жұқпалы аурулары;

2) практикалық сабақ: Көз жаттығулары.

66. Байланыс құралдары: төтенше жағдайларда телефон қолдану (пайдалану). Өрт қызметі. Полиция. Жедел жәрдем. Газ. Телефон, оны қолдану ережелері, қалааралық телефон байланысы, спутниктік байланыс.

67. 4-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) үстел жабдықтау. Ас үй саймандарын қолдана білу. Үй жұмыстарының түрін орындау, қоғамдық тәртіп ережелеріне бағыну;

2) көліктің әр түрін қолдану, денсаулық пен көз көру қалдығын сақтаудың негізгі принциптерін білу;

3) дұрыс сауда жасай білу, телефонды, таксофонды, ұялы байланысты қолдана білу. Заманауи спутниктік байланыстың мәні туралы түсініктері болу;

4) медициналық мекеме қызметін пайдалана білу керек.

7. Оқыту нәтижелері

68. Пәндік нәтижелер:

1) өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын меңгеру;

2) күнделікті үй тұрмысында қолданылатын заттарды, құрал-жабдықтарды, заманауи байланыс құралдарын пайдалана білу;

3) көзі көрмейтін адамның заманауи қоғамға бейімделуіндегі өзін-өзі ұстай білу мәдениеті;

4) қазақ халқының тұрмыстық салт-дәстүрін білу.

69. Тұлғалық нәтижелер:

1) Отанға деген сүйіспеншілігін, Қазақстанның рухани мұрасы мен табиғи байлықтарына деген мақтаныш сезімінің оянуы;

2) жоғары мәдени адамгершілік қатынасты оята отырып, әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін теңбе-тең бағалау;

3) өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау деңгейін түсіну, қоғам ортасына бейімделу және бірігу.

70. Жүйелілік-әрекеттік нәтижелер:

1) пән бойынша білім жүйесін меңгеру, оларды іс жүзінде қолдана алу;

2) танымдық, ой-өрістік және шығармашылық қабілеттіліктерінің белсендіру;

3) заманауи ақпараттық-қатынастық технологияларды меңгеру;

4) дамыған коммуникативті қабілеттілікті және тіл мәдениетін меңгеру.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 37-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Кеңістікте бағдарлау» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Кеңістікте бағдарлау» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Көру қабілеті зақымдалған балаларды (көрмейтін және нашар көретін) арнайы оқыту мен тәрбиелеуде «Кеңістікте бағдарлау» коррекциялық компоненттерінің негізгі пәндерінің бірі болып табылады.

3. Қазіргі кезеңде көрмейтін оқушыларды кеңістікте бағдарлауға үйрету басты міндеттердің бірі болып, зақымдалған функциялардың орнын басуға, өмірлік тәжірибе жинақтаудың әртүрлі салаларын меңгеруге икемделуге (кірігу) және әлеуметтік ортаға бейімделуге мүмкіндік туғызады.

4. Кеңістікте бағдарлауға оқыту курсы бағдарламаның мазмұнын анықтаудың кешенді тұғырларын (амал-тәсілдерін) жүзеге асыруды болжайды және келесі пәндермен байланысты: «Емдік дене шынықтыру», «Түзету ырғағы (ритмикасы)», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау», «Көру арқылы қабылдау мен қалдық көруін дамыту мен сақтау» және т.б., сонымен қатар педгог, тәрбиешілер мен ата-аналардың кеңістікте бағдарлай білу біліктілігі мен дағдыларын меңгеруді бірдей талап ету.

5. «Кеңістікте бағдарлау» пәнінің мақсаты бұл - көрмейтін және нашар көретін балалардың қоршаған орта туралы біркелкі (біртұтас) түсініктерін қалыптастыру, жеке тұлғаның одан әрі жақсы дамуына септігін тигізетін қоғамнан оңашалануды жеңу, кеңістікте бағдарланудың ортақ (жалпылама) амалдарын меңгеру болып табылады.

6. Бағдарлауға үйрету бағдарламасы концентрикалық негізге сүйеніп құрылған, демек, бір оқу материалдары сынып сайын қайталанады, бірақ берілген деректердің мазмұны күрделенген және кеңейтілген, оның әрбір элементтерінің мәнін толық ашып, нақты дәлел көрсетіледі.

7. Кеңістікте бағдарлауға оқытудың негізгі ұйымдастырушылық формасы түзету сабақтар болып табылады. Алайда, бағдарлама материалдарын жемісті (ойдағыдай) меңгеруі сабақтан тыс уақытта білік және дағдыларын бекітуді болжайды.

8. «КБ» оқыту үрдісінде оңды көзқарас (мотивация) қалыптастыру мақсатында көрнекі оқу құралдарын қолдану қажет, мысалы: дидактикалық және түзету ойындары,

тәжірибелік жаттығулар, сонымен қатар оқыту формасын түрлендіру үшін әртүрлі сабақ түрлерін жүргізу: экскурсия, саяхат сабағы, рөлдік ойын, эстафета, «зарница» жарысы, ертегі әлеміне саяхат сабағы, тосын сый сабағы және т.б.

9. Ішкі бағалау білім нәтижесінің негізіндегі жетістіктерінің деңгейін жүйелі басқарумен, оны уақытылы түзетуді қамтамасыз етеді. Бұл деңгейді анықтау үшін көруінде ауытқуы бар оқушыларды кеңістікте бағдарлауға үйрету бойынша әдістемелік нұсқауларды, баланың бастапқы, аралық, соңғы дамуын диагностикалауға мүмкіндік беретін стандартқа сәйкес емес тапсырмаларды, оқу бағдарламасының тараулары бойынша тиімді диагностикалық тесттерді қолдануға болады.

10. Оқытудың сапасын диагностикалау (ішкі бағалау) бар мәліметтерді толықтыру үшін оқушылардың қызметтерін жалпы білім беру сабақтарында, серуен уақытында, әртүрлі дербес қызметтер түрлерін орындау барысында бақылау жасауды болжайды. Тесттің нәтижесі бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейінің мониторингісін құру қажет, оны мынандай шартты белгілермен (таңбалармен) белгілейді: 1 сынып- «1+,1-» және т.б. Қандай да бір біліктілікті меңгере алмаған оқушыларға ағымдық кезең мен соңғы нәтижені шығару мен жүзеге асыру үшін түзету тапсырмалары көрсетілген жеке

к а р т а к ұ р ы л а д ы .

11. Көрмейтін және нашар көретін оқушыларды кеңістікте бағдарлау арнайы кабинеттің болуын және оқытуға қажетті құралдар, көрнекіліктер, дидактикалық және техникалық құралдармен қамтамасыз етілуін болжайды.

12. «Кеңістікте бағдарлау» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашада №500 бекіткен көру қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларын оқытуға арналған Типтік оқу жоспарына сәйкес, құрайды:

кесте 1

№	Оқу пәні	Сыныптар бойынша сағаттар саны (1 аптада)				
		0	1	2	3	4
1	Кеңістікте бағдарлау	1	4	4	4	4

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

13. Кіріспе: пәнді қабылдау үшін сақталған анализаторлардың дайындық деңгейін және психологиялық күйін, әрбір жеке тұлғаның психологиялық үрдісінің ерекшеліктерін т а л д а у .

14. Үйлесімді қозғалу дағдыларының дамуы:

- өзінің, қуыршақтың және басқа адамның дене бөліктерін (жүп және жүп емес мүшелерін, оң және сол дене мүшелерін және т.б.) анықтау;
- үстелдің үстінде, орындықта отыру барысында денесін тік және дұрыс ұстау

түсінігін

қалыптастыру;

3) шағын кеңістікте (жазықтықта) бағдарлана алу. Үстелдің ортасы, бүйір бұрыштары, шеткі бөліктері, асты-үсті, оң-сол ұғымын қалыптастыру;

4) оқу пәндері, асхана ыдыстары, ойыншықтар және олардың үстелде орналасу реті туралы түсініктерін қалыптастыру;

5) өзінің және заттардың атқаратын қызметтеріне сәйкес үстелдің үстінде орналасуы жөнінде мағлұматтың болуы;

6) құлап қалған затты алдыға қарай алақанын бетіне қарама-қарсы ұстап еңкейіп немесе отыру қалпында іздеу дағдысын дамыту;

7) қолдың ұсақ моторикасын дамыту: қимыл-қозғалысты ұстауға септігін тигізетін қол білезігі және алақанымен қағып алу.

15. Дұрыс жүру, денесін тік ұстауды қалыптастыруға үйретудің амалдары:

1) дұрыс жүру және денені тік ұстау туралы түсініктерін қалыптастыру. Жануарлардың мүсіндерімен, жануарлардың және әртүрлі категориядағы адамдардың (солдат, спортшы, қарт адамдардың және т.б.) жүру қалпымен танысу. Жүру кезінде тізе және табанды дұрыс басу. Жүру барысындағы зақымдалған дағдыларды түзету (сүйреп жүру, басу, басын төмен түсіріп аяғын жартылай бүгіп жүру). Жылдам жүру мен жүгіру кезіндегі аяқ пен қол қозғалысының үйлесімділігі;

2) ретпен, қатар және жұппен қозғалу; тік тұзу сызықпен және шеңбер бойымен қозғалу. Қимыл-қозғалыс ойындары мен түзету жаттығулары.

16. Қоршаған ортаны қабылдауға сақталған анализаторларды дайындау:

1) есту анализаторларын дамыту: дыбыс шығаратын заттарды анықтау; дыбыс шығаратын заттардың дәрежесін анықтау (қатты, ақырын, сыңғырлаған, қатаң және т.б.); адамның дауыстары (ән салу, шапалақтау, топырлату); тірі және өлі табиғаттың дыбыстары (жануарлардың дауыстарын салу, құс; желдің, өзеннің, жапырақтың дыбыстары және т.б.). Құлаған затты дыбысы бойынша дұрыс табу тәртібі;

2) дене түйсігі арқылы заттарды сезіну және қабылдау: көлем, пішіні, түсі және қасиеті бойынша (кұрғақ, дымқыл, мамық, қатты, жұмсақ және т.б.); заттарды көлем, құрылым және қасиеті бойынша салыстыру; геометриялық фигураларды анықтау: шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, тік төртбұрыш;

3) заттарды көру арқылы қабылдау: суреттер мен ойыншықтарды мұқият қарау. Түстерді анықтау;

4) тері сезім мүшелері арқылы қабылдау: температураны анықтау (жылы, суық, ыстық); сипап сезуін дамыту: иісін және оның қасиетін, иісін анықтау.

17. Оңашаланған кеңістікте (тұйық орта) бағдарлана алу дағдысы:

1) мектеп және оның ғимараттары туралы түсініктерін қалыптастыру. Әртүрлі ғимарат ішінің заттармен толыққандылығы: сынып, ұйықтайтын, ойын, асхана бөлмелері;

2) дайындалған заттардың материалдары (ағаш үстел, темір төсек және т.б.) туралы

мағлұматтарының

болуы;

3) заттардың бөлмелерде орналасу тәртібімен сәйкестендіру: (төсек – ұйықтау бөлмесі, диван - қонақ үй, ойыншықтар - ойнау бөлмесінде, ыдыстар - асхана);

4) ғимаратты тактильді және көру арқылы зерттеу (саралау); өзінің оқитын, ойнайтын және ұйықтайтын орындарын анықтау;

5) терезенің, есіктің, жиһаздардың орналасу тәртібін анықтау;

6) әртүрлі ғимарат ішінде бағдарлануға дағдылану.

18. Мектеп айналасында бағдарлана алу дағдысы:

1) мектеп айналасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Мектеп айналасында серуендеу; мектептің орналасқан орны мен кіру орталығына қарасты мектеп айналасындағы объектілердің орналасуы. Дене шынықтыру алаңы, мектеп бақшасы, ойын алаңына баратын жол. Мектеп саябағында бағдарлана алу;

2) дене шынықтыру және ойын алаңында спорттық ойындар ойнау; мектеп айналасында өсетін ағаштар (жапырақтарды, ағаштың діндерін мұқият зерттеу, емен жаңғақтарын жинау) туралы түсініктерін қалыптастыру. Мектеп аумағындағы топырақ жабындыларын аяқтың табанымен анықтау.

19. Дайындық сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) заттардың құрылымы, түсі, көлемі, қасиеті туралы мағлұматтарды игерген, сонымен қатар келесідей түсініктерді білуі қажет: ұзындық, ені, биіктігі, ортасы, бұрышы, оң-сол жағы; өзінің және қоршаған адамның дене бөліктерін анықтай алу;

2) өзіне таныс ғимараттардағы бөлмелердің түрлі заттармен жабдықталғаны туралы мағлұматтарды меңгеруі;

3) денені тік ұстау арқылы дұрыс жүру және қимыл-қозғалысының үйлесімді болуына басшылық жасай білу;

4) педагогтың көмегімен оңашаланған және бос, шағын жазықтықта бағдарлана алу;

5) дыбысты, дыбыстың дәрежесін, тірі және тірі емес табиғаттың әртүрлі дыбыстарын анықтай алу. Көру арқылы суреттерді, ойыншықтардың түсі, пішіні және құрылымы бойынша ажырата алу;

6) қарапайым түйсіну және тері сезімі арқылы қабылдау дағдыларын игеру; температураны, заттардың қандай материалдан жасалғанын анықтау;

7) қоршаған ортадағы адамдарымен, ата-аналармен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың қарапайым дағдыларын меңгеру.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

20. Кіріспе: «Кеңістікте бағдарлау» пәнінің негізгі ұғымы ашық және жабық кеңістік болып табылады. КБ кабинетімен танысу. КБ пәнін меңгеру үшін сақталған анализаторлардың дайындық деңгейін және психологиялық күйін, әрбір жеке тұлғаның психологиялық үрдісінің ерекшеліктерін талдау. Мектеп ғимараты мен аумағы

21. Бағдарлы-мобиляторлы іс-әрекеттің негізгі ұғымдары: кеңістік ұғымдарын вербальды белгілеу: «оңға - солға», «оңға – солға қарай», «биік - төмен», «алыс - жақын», «айналасында, жанында». Өзінің дене мүшелерін анықтау. Өзінің денесіне қатысты объектілер мен заттардың орналасу орнын анықтау.

22. Дұрыс жүру, денесін тік ұстауды қалыптастыруға үйретудің амалдары: жұппен жүру, ойын әрекетінде тұру қалпында дербес жүру кезінде денесін тік ұстауын қалыптастыру. Түзу және шеңбер бойымен айналу, қозғалу. Жұппен, қатармен жүру. Гимнастикалық таяқшада жүру. Ойын алаңында бағдарлану.

23. Сақталған анализаторларды қоршаған ортаны қабылдауға дайындау:

1) қолдың ұсақ моторикасын, қағып алу қимылын, заттарды қолымен, қол білезіктерімен және алақанымен заттарды алуын дамыту. Заттарды зерттеу амалдары. Заттарды кескін, түс, көлем, құрылым бойынша тану. Заттарды құрылымы және қасиеті (ж и ы н т ы ғ ы) б о й ы н ш а т а н у ;

2) кеңістікті есту арқылы қабылдау. Айналамыздағы дыбыстар. Табиғаттың дыбыстары. Адамдардың дауыстары. Қозғалмайтын дыбыстарға бағытталған қимыл-қозғалыстар. Ауысып отыратын дыбыстарға бағытталған қимыл-қозғалыстар;

3) оңашаланған (тұйық) кеңістіктегі заттарды көру арқылы қабылдау. Кең (ашық) кеңістіктегі объектілерді көру арқылы қабылдау;

4) айналамыздағы иіс түрлері. Иісі бойынша заттарды қабылдау. Жағымды және жағымсыз иістер. Кеңістікте бағдарлауда сақталған анализаторларды пайдалану.

24. Оңашаланған кеңістікте (тұйық орта) бағдарлана алу дағдысы:

1) мектеп аумағы туралы түсініктерін қалыптастыру. Сыныптың ішкі көрнісін зерттеу. Сынып бойынша бағдарлану. Өзінің оқу орнын анықтау. Парта үстінде бағдарлана алу. Мектеп ішіндегі өз сыныбының орналасқан орнына қарай бағыттала а л у ;

2) ұйықтайтын бөлменің ішкі бөлігін зерттеу. Ұйықтайтын бөлме кеңістігінен өзінің төсегін анықтау. Ұйықтайтын бөлмедегі жеке шкафының орналасқан орынын анықтау. Жеке киімдері мен заттарын тани білу;

3) мектеп қабаттарындағы дәретхананың орналасқан орындарын айқындау. Дәретхананы дұрыс пайдалана алу;

4) мектеп ғимаратындағы асхананың орналасқан жерін анықтау. Асхананың ішкі бөлігі. Асханада бағдарлана алу. Өзінің отыратын орнын анықтау;

5) мектеп қабаттарында бағдарлану. Бір қабаттан екінші қабатқа жүру, баспалдақтың не үшін қажет екенін бақылау және зерттеу. Мектеп ішінен шығу мен кірудің тәртібін білу. Сыртқы есіктің орналасуын анықтау және далаға шығудың е р е ж е с і н б і л у ;

6) дәрігерлік пунктың орналасқан орнын анықтау. Акт және дене шынықтыру залының орналасқан жерін анықтау. Кітапхананың орналасқан орны мен оның ішкі

бөлігінде бағдарлана алу. Кеңістікте бағдарлау кабинетінің орналасқан жерін анықтау. Кеңістікте бағдарлау кабинетінде бағдарлана алу;
7) мектеп туралы түсініктерінің болуы (жинақтау).

25. Мектеп айналасында бағдарлана алу дағдысы: мектеп аумағы туралы мағлұматтарының болуы. Оң және сол жаққа қозғалыс жасау арқылы мектеп айналасын жүріп өту. Спорт алаңына баратын жолында және онда бағдарлана алу. Алаңда жүру жолды анықтау және бағдарлана алу. Педагогтың бақылауымен мектеп айналасы бойынша жүру.

26. Кең (ашық) кеңістікте бағдарлана алу дағдысы: далада және даладағы объектілер туралы білу: ғимарат, қақпа, арықтар, көгал, бағаналар және т.б. Ғимарат элементтері: терезелер, подъезд және т.б. ғимараттың орналасқан орны. Жаяужол және жолаушы бөлік, жол жиегі туралы түсініктерінің болуы. Дүкен туралы мағлұматтарының болуы. Далада жүру ережесін білу.

27. 1-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) кеңістікте бағдарлану қажеттіліктерін саналы түрде түсіну. Негізгі кеңістік ұғымдарын меңгеру және кеңістікте бағдарлану барысында қолдану;

2) таныс оқшауланған кеңістікті толықтыратын заттар туралы түсініктерінің болуы. Тәжірибелік іс-әрекетінде білімдерін қолдану білігі;

3) шынайы заттарды үлгі және кескінімен сәйкестендіре білу;

4) мектеп аумағындағы объектілер мен заттар туралы мағлұматтарының болуы;

5) ойын қызметінде, заттарды зерттеу уақытында, өзбетінше қозғалу барысында, жұппен жүру, отыру, тұру қалпы дұрыс қалыптасқан және дұрыс жүру дағдысын меңгеру;

6) айналадғы кеңістіктегі дыбыстарды саралау білігі;

7) заттардың кеңістіктік белгілерін: көру және сипап сезу арқылы формасын, пішінін, көлемін, түсін салыстыру білігі;

8) өз денесі мен айналадағы заттарға қатысты педагогтың көмегімен ғимаратта және мектеп аумағында бағдарлана алу білігі;

9) Микро және макро кеңістіктерде бағдарлану барысындағы қорқыныш сезімін жеңу білігі. Үлгі бойынша манипулятивтік әрекеттерді өз бетінше меңгеруге талпынысы

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

28. К і р і с п е :

1) кеңістікте бағдарлауға үйренуге оңды көзқарас қалыптастыру. Жаңа оқу жылының міндеттерін анықтау және білім, білік, дағдыларын талдау. Көру қабілетінің деңгейі мен пәнді меңгеру сапасына қарай түзету топтарына топтастыру.

29. Бағдарлы-мобильторлы іс-әрекеттің негізгі ұғымдары: шағын кеңістікте кеңістік

бағыттарын ауызша анықтау: «оң жақ жоғары бұрышында, сол жақ жоғары бұрышында, төменнен жоғарыға қарай, жоғарыдан төменге қарай, ортасында т.б.».

30. Дұрыс жүру, денесін тік ұстауды қалыптастыруға үйретудің амалдары: қолмен ұстау арқылы жүру. Ернеу бойымен жүру. Өртүрлі заттардан, кедергілерден аттап өту. Көшбасшының артынан жүру. Бірғақты өзгерту арқылы жүру. Жүру бағытын өзгертіп жүру. Жіп бойынша жүру. Елестету арқылы түзу жолмен жүру. Дұрыс жүру дағдысын т ү з е т у .

31. Сақталған анализаторларды қоршаған ортаны қабылдауға дайындау:

1) қоршаған кеңістіктегі дыбыстарды қабылдау: өндірістік, көлік, тұрмыстық және т.б. Нақты дыбыс қорына қимыл-қозғалыстарын бейімдеу және дыбыстарды саралау. Сөздік емес есту қабілетін дамыту. Есту-сөйлеу қабылетін дамыту. Адамның дауысы арқылы эмоционалды күйін анықтау;

2) заттардың кескін және мүсін бейнесін қабылдау. Заттарды біртұтас қабылдау: пішін, көлем, түс. Суреттердегі заттардың бір түрін қайта-қайта қабылдамау. Қабылдаудан ойлауға және жалпылауға ауысу;

3) көрнекі-бейнелік және көрнекі-әрекеттік ойлауын дамыту. Топографиялық дағдыларын қалыптастыру;

4) сипап сезу арқылы зерттеудің амалдары: мектептің және басқа да ғимараттың сұлбасын зерттеу. Жоспарларын зерттеу: сынып, ұйықтайтын бөлме, асхана, кітапхана, акт залы, кеңістікті бағдарлау кабинеті. Сипап сезу арқылы қабылдауын дамыту;

5) қоршаған кеңістікте кездесетін иістерді иіс сезу мүшесі арқылы анықтау. Иісті шыққан өзегімен сәйкестендіру, кеңістікте шыққан иістерді саралай білу. Мектеп бөлмелеріндегі иістер және иісі арқылы бағдарлану;

6) тері сезім мүшелері арқылы қабылдау (ыстық, жылы, суық);

7) сақталған анализаторлардың рөлі (жинақтау).

32. Оқшауланған кеңістікте (тұйық орта) бағдарлана алу дағдысы:

1) мектеп ғимараттары (ауызша) туралы түсініктерінің болуы. Шағын кеңістіктерді (оң жақ, сол жақ, ортасы, бұрышы, айналу және т.б.) ауызша айтып беру;

2) ғимарат ішінде өмір қауіпсіздік ережесін сақтау. Коридор бойымен өмір қауіпсіздік ережесін сақтап қозғалу;

3) мектеп ішінде бағдарлану кезінде бағдарлану түрлерін таңдау. Педагогтың бақылауымен мектеп ғимараттарының аумағында жүру және бағдарлана алу: сынып – асхана, сынып – ұйықтайтын бөлме, сынып – акт залы, сынып – дене шынықтыру залы, сынып – кітапхана, сынып – дәрігер пункті, сынып – КБ кабинет, керісінше. Акт және дене шынықтыру залында бағдарлану;

4) жуыну бөлмесі және бөлме ішінде бағдарлана алу. Душты пайдалану кезінде өмір қауіпсіздік ережесін сақтау. «Бөлмені тап» тапсырмасы бойынша мектеп ішінде жүру. Мектеп ғимараттары бойынша бағдарлану (қорытынды сабақ).

33. Мектеп айналасында бағдарлана алу дағдысы:

1) мектеп аумағы туралы жалпы мағлұматтарының болуы (ауызша). Мектеп аумағы «Карта-жолы». Мектеп аумағының жоспарын зерттеу. Мектеп аумағындағы объектілер : көгал, дуал, ағаштар, жиегі. Объект арасындағы ара қашықтықты анықтау. Объектінің өзінің тұрған нүктесін ара қашықтығы мен бағытын анықтау. Мектеп айналасының « К а р т а - ж о л ы » ж о л д а р ы ;

2) педагогтың басқаруымен мектеп аумағында бағдарлану: стадион алаңына, сыпырынды жүксауыттарына барар жол; сыпырынды тастау ережесі; ойын алаңына, мектеп бақшасына барар жол; алаңда доппен қимыл ойындарын ойнау. Далада дұрыс жүру тәртібі. Мектеп аумағында бағдарлану дағдысын бекіту.

34. Кең (ашық) кеңістікте бағдарлана алу дағдысы:

1) мектептің орналасқан көшесі. Көлік және оның түрлері. Қоғамдық көліктердегі мінез-құлық ережесі. Аялдама кешені туралы мағлұматы бар. «Біз – жолаушылар» - сюжеттік-рөлдік ойындар. Бағдаршам, жолақша және қиылыстар туралы түсініктерін меңгерген. Біздің адал досымыз – бағдаршам;

2) тиім салынған және ойнауға арналған алаңдар. Егер сіздер адасып қалсаңыздар;

3) жолда жүру белгілері: «абайлаңыздар балалар» «абайлаңыздар тайғанак», «жаяу жүру жолы», «қараңғы көзілдірік».

35. 2-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) өзінің тәжірибелік бағдарлануында негізгі кеңістік ұғымдары туралы түсініктерінің болуы ;

2) жүру түрлерін ажырату, дұрыс жүріс пен әдемі келбет қажет екенін түсіну;

3) кеңістікте, мектептің басты бөліктерінде, ашық (кең) кеңістік объектілерінде бағдарланудың амалдары туралы білу;

4) орын ауыстыру өмір қауіпсіздік тәртібі мен далада, ғимараттарда өзін-өзі ұстау мен мінез-құлық ережесін білу;

5) көліктің негізгі түрлері, бағдаршам және жаяу жүру ережесі туралы білу;

6) сақталған анализаторлар арқылы қоршаған кеңістіктегі заттар туралы ақпарат ала білу ;

7) сызба бойынша бағдарлану, ұсынған сызбаны оқу, бір объектіден екінші объектіге қарай орын ауыстыру; өзінің тұрған жеріне қарай объектінің орналасуын және өзінің қозғалыс бағытын нақты ауызша айта алу.

8) қозғалмайтын және қозғалып бара жатып шығаратын дыбыс өзегінің орналасқан орнын анықтау; дыбыстың орналасқан орнын, кеңістіктегі иісті кеңістік терминіне сай а у ы з ш а а й т ы п б е р у ;

9) педагогтың басшылығымен мектеп аумағы мен мектептен тыс аумақтарда бағдарлана алу дағдысын, жолақша бойынша жаяу жолда жүру, көлікте өзін-өзі ұстай білу тәртібін меңгеру.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

36. Кіріспе: күнделікті өмірде кеңістікте бағдарланудың рөлі. Кеңістікте бағдарлауға үйренуге оңды көзқарас қалыптастыру. Жаңа оқу жылының міндеттерін анықтау және білім, білік, дағдыларын талдау. Психологиялық түзету жұмыстарының міндеттерін анықтау және оқушылардың психологиялық күйін, психологиялық үрдісін талдау. Көру қабілеті зақымдалған атақты саяхатшылармен танысу.

37. Бағдарлы-мобиляторлы іс-әрекеттің негізгі ұғымдары: кеңістік ұғымдары: «Көлденнен, тік» (мысалы, шахмат жолдары). Көлденнен және тік қалпындағы объектілер мен заттарды анықтау. Ұғымдары: «сол жақтан оңға қарай, оң жақтан солға қарай». Ұғымдар: «қатар, бағана, сап». Уақыт туралы ұғымдары: «ерте, кеш»).

38. Дұрыс жүру, денесін тік ұстауды қалыптастыруға үйретудің амалдары: қол мен аяқтың қозғалысының үйлесімділік дағдыларын түзету. Жүру арқылы денеге салмақ түсіретін жаттығулар: отырып тұру, секіріп жүру, кеудесін шеңбер бойымен айналдыру. Басына жүк қою арқылы жүру, вестибулярды аппаратты үйлестіру. Тар коридор бойымен жүру. Қисық жазықтықта жүру. 180 градусқа бұрылу арқылы жүру. Шұңқырлар мен арықтардан өту. Лабиринт бойынша жүру.

39. Сақталған анализаторларды қоршаған ортаны қабылдауға дайындау:

1) кеңістікті есте сақтау. Үлгі бойынша әрекет жасауға үйрену. Қоршаған кеңістік туралы ақпараттарды талдау және сараптау дағдылары. Ауысатын және қозғалмайтын дыбыс өзегіне қарай қозғалу. Заттар туралы түсініктерін дыбыстармен сәйкестендіру.

2) дыбыс шығарушы заттардың алшақтық деңгейін бағалау. Оңашаланған (тұйық орта) кеңістікте көру арқылы заттарды ажырату. Кеңістікті тұйық арқылы қабылдауды түзету. Қоршаған ортадағы заттардың ара қашықтығын анықтау. Топографиялық дағдыларды м е н г е р у ;

3) құралдың көмегімен ғимарат орындарын зерттеу: сынып, ұйықтайтын бөлме, асхана, кітапхана, акт залы, кеңістікті бағдарлау кабинеті. Кеңістікті бағдарлауда сипап сезудің рөлі: дәріханаға, дүкенге саяхат. Әртүрлі құрылымдарды аяқтың табанымен анықтау. Қар жолмен жүру. Кедергілерден (омбылар) өту. Қысқы ойындар. Сақталған анализаторларды пайдалану. Жалпылау.

40. Оңашаланған кеңістікте (тұйық орта) бағдарлана алу дағдысы: таныс кеңістікте (тұрған нүктесінен кеңістікте бағдарлау) бағдарлау жүйесін анықтау. Оңашаланған кеңістікте бағдарлану амалы: бір заттан екінші затқа «есік - объект - есік» ауысу. Ойлану арқылы кеңістікте бағдарлану: елестету арқылы түзу сызықпен бағдарлау. Сынып, ұйықтайтын бөлме, асхана, кітапхана, акт және дене шынықтыру залында өзбетінше бағдарлана алу. Сахнада бағдарлана алу. Ертегіні драмалау. Тұрақтысыз бағдарлану бойынша коридорда әрекет жасау. Мектеп бойынша бағдарлану дағдыларын қ о р т ы н д ы л а у .

41. Мектеп айналасында бағдарлана алу дағдысы:

1) мектеп аумағы туралы білімдерін бекіту. Мектеп аумағында бағдарлану жүйесі туралы түсініктерін қалыптастыру: шарбақ, дуал жол, бұрылыстар, жиек асфальтты;

2) мектеп аумағының сызбасын құру. Орталық кіру аймағының кеңістігін игеру. Қосымша шығатын есіктің кеңістігінде бағдарлану. Өзбетінше мектеп айналасын сағат тілімен айналып өту. Сағат тіліне керсінше қозғалу. Стадионда өзбетінше әрекет жасау. Сыпырынды жүксауыттарына ересектің көмегініңсіз әрекет жасау;

3) кеңістікте бағдарлану кезінде уақытты пайдалану. Өмірге қауіп төндірмейтін әрекеттер жасауға дағдылану. Аумақтағы кедергілерден өту (арық, құдық, бұталар арасынан өту және т.б.). Вербалды ақпараттар бойынша аумақта әрекет жасау (қ о р т ы н д ы с а б а қ) .

42. Кең (ашық) кеңістікте бағдарлана алу дағдысы:

1) көше, шағын көшелер білу, тұрғын үй және мәдени ғимараттардың көлемі, түсі, көп қабаттылығы бойынша анықтай білу. Жол мен көшенің элементтері. Жаяу жол, жаяу жолда жүру ережесін білу. Жер асты жолдан (жолақша) жүру ережесін білу. Көлік жүретін жолдарға экскурсия жасау, дауыстары бойынша көлік түрлерін ажырату (тану) : троллейбус, автобус, трамвай, жеңіл көлік;

2) жолда жүру ережесіне «Біз жол бойымен жүріп келеміз» байланысты практикалық сабақ: күн және басқа да бағдарды ескере отырып тұрған жерінен өзі білетін жерге дейін жүріп өту: жапырақтың дыбысы, жүріп бара жатқан және бір орында тұрған машина және т.б. объектілердің пішінін, көлемін, түсін және оның орналасқан орнын бақылап көше бойымен жүру.

43. Көмекшінің көмегімен жүру дағдысы және құрдастарымен қарым-қатынас жасау этикеті: ұжым және топ арасында іс-әрекет жасаудың негізгі дағдылары. Ұжымдық ойын әрекетінің негізі. Құрдастарымен саптың бойымен жүру ережесі. Ойындар мен жарыстар. Құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың этикеті: амандасу, к ө м е к с ұ р а у .

44. 3-сынып оқушысының дайындық денгейіне қойылатын талаптар:

1) қоғамдық орындарда, далада, мектепте өзін-өзі ұстау тәртібін меңгеру;

2) үлкен және шағын кеңістіктегі объектілердің орналасуын ауызша айту, қоршаған кеңістіктегі бағыты өзбетінше анықтау және көрсетілген бағытта заттарды орналастыру ж ә н е т а б а б і л у ;

3) бағдарланумен байланысты тәжірибелік іс-әрекеттерді орындау, әртүрлі анализаторлардың көмегімен алынған ақпараттарды өзбетінше ауызша айтып, анықтай б і л у ;

4) күн және басқа да бағдарды ескере отырып тұрған нүктесінен өзі білетін жерге дейін жүріп өту: жапырақтың дыбысы, жүріп бара жатқан және бір орында тұрған м а ш и н а ж ә н е т . б . ;

5) объектілердің пішінін, көлемін, түсін және оның орналасқан орнын бақылап к ө ш е б о й ы м е н ж ү р у ;

- 6) дауысы бойынша көліктің түрін және көліктің жақын орналасқанын анықтау. Ашық (кең) кеңістікте дыбыс шыққан жердің алыстығын бағалау;
- 7) мектеп ғимаратына дейінгі жолды сөзбен айтып беру. Қалдық (сақталған) көру қабілетімен ашық (кең) кеңістіктегі заттардың алыстығын бағалау. Жиі бағдары жоқ ашық (кең) және оңашаланған кеңістікте түзу жол бойымен жүру;
- 8) «Егер сен адасып кеткен» жағдайдағы өзін-өзі ұстауы, көмекшінің көмегімен жүру дағдысын меңгерту.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

45. Кіріспе: «Кеңістікте бағдарлау» пәні және оның маңызы. Оқушылардың кеңістікте бағдарлауға үйрету дайындығын зерттеу үшін диагностикалау. Атақты көру қабілеті зақымдалған адамдардың өмір баяны.

46. Бағдарлы-мобиляторлы іс-әрекеттің негізгі ұғымдары: «Көлденнен, тік, ұзындық, ені биіктік» ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Көк жиек бойында бағдарлану. Вербалды ақпараттар бойынша өз дене бөліктеріне қатысты кеңістікте бағдарлану.

47. Дұрыс жүру, денесін тік ұстауды қалыптастыруға үйретудің амалдары: әртүрлі кедергілерден және заттардан аттап өтіп жүру. Үлкен бөлменің кез келген жерінен шыққан дыбыс белгілеріне қарай жүру. Кедергілерден өтіп. Дыбыс сигналдарына сәйкес жүру. 90, 180 градусқа жүру бағытын өзгерту арқылы 10-20 метр арақашықтықтан өту. Көшбасшы және топтың жүрген бағытымен қозғалу. Затты ұстап қисық жазықтықта және баспалдақпен жүру. Дұрыс жүру дағдысы.

48. Сақталған анализаторларды қоршаған ортаны қабылдауға дайындау:

1) қаланың дыбыс шығарушы суреті. Дыбыс шыққан жерді анықтау. Дыбысқа сәйкес қозғалыс жасау. Дыбыстың шығуына қарай ара қашықтықты анықтау. Ашық (кең) кеңістікте көру арқылы бір объектіні бірнеше рет қабылдамау. Түзу бойынша қозғалу барысында түстерді пайдалану. Көру анализаторын ғимараттан кіру және шығу арқылы жаттықтыру. Көшеде және ғимараттағы әртүрлі жарық түрлеріне көру анализаторларының аккомодация амалдары. Қоршаған объектілерді сипап сезу арқылы зерттеу. Әртүрлі материалды тану дағдысын бекіту. Топографиялық дағдыларын жетілдіру: бірінші, екінші, үшінші қабаттың сызба жоспарымен жұмыс жасау (танысу);

2) сипап сезу сезімін пайдаланып кеңістікте бағдарлану: супермаркеттерде иісті тану. Ақ таяқтың мәні және қызметі, түрлері. Таяқты ұстау және дұрыс ұстау, таңдау. Таяқты дұрыс ұстауда өмір қауіпсіздік ережесін сақтау. Таяқпен жүру. Кеңістікте бағдарлауда сақталған анализаторларды пайдалану.

49. Оқшауланған кеңістікте (тұйық орта) бағдарлана алу дағдысы: мектеп ғимараты бейнеленген карта. Сыныптардың орналасқанын анықтау. Шеберхананың орналасқан орнын анықтау. Сақталған анализаторларды пайдалана отырып шеберханаға баратын жолдың сызбасын құру. Баспалдақтан өзбетінше көтерілу және түсу. Қандай да бір

бөлмеге баруын алдын ала ой санасынан өткізу.

50. Мектеп айналасында бағдарлана алу дағдысы: мектеп аумағы туралы білімдерін бекіту. Мектеп аумағында өзбетінше бағдарлану. Сөзбен баяндау арқылы мектеп аумағының жоспарын құру. Мектеп аумағының жеке бөлімдерінің жоспарын құру. Мектеп аумағы мен объектілер арасындағы қашықтықты анықтау. Өзінің денесінен басқа объектілердің орналасу алыстығын анықтау. Берілген бағыт бойынша мектеп аумағында жүру. Кедергілер және олардың түрлері: жиі, уақытша. Мектеп аумағындағы кедергілерден өту: жиі, уақытша, кездейсоқ. Мектеп аумағында бағдарлану дағдысын бекіту.

51. Кең (ашық) кеңістікте бағдарлана алу дағдысы:

1) «Біз, жолда жүру ережесін білеміз бе?» - викторина. Разметка. Жол белгілері;
2) қиылыстар түрлері. бағдаршамның дыбыстық сигналдары мен түстері. Бағдаршамнан өту ережесі. Жол таңбалары: нұсқаушы, алдын ала ескеретін, тыйым салынатын, сервис белгілері. Жол ернеуі мен қара жол бойынша қозғалу, жер асты және жер үсті жолдан өту. Жолда жүру ережесі бойынша жарыс ойындар.

52. Көмекшінің көмегімен жүру дағдысы және құрдастарымен қарым-қатынас жасау этикеті: көмекшінің көмегімен жүру ережесі. Көмекшінің көмегімен жүрудің амалдары. Түзу бағыты бойынша көмекшімен жүру. Ғимаратта көмекшінің көмегімен жүрудің амалдары. Көмекшінің көмегімен ғимаратқа кіру және шығу. Ересек адаммен қарым-қатынас жасау этикеті.

53. Туып өскен қаласы/ауылы туралы түсініктерін қалыптастыру: туып өскен қаласы/ауылы туралы мағлұматтары. Шағын аудан туралы түсініктері. Жақын аймақтағы саябақ пен бақтарға саяхат. Жақын көшелердің сызба картасын зерттеу. Жақын көшелерге саяхат жасау. «Егер сіз адасып қалсаңыз»-тренинг. Өтілген курс бойынша білім, білік, дағдылар, құзыреттілігін тексеруде тест жүргізу.

54. 4-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:
1) есте сақтау бойынша мектептің әртүрлі бөлмелеріндегі заттардың орналасуын а у ы з ш а а й т ы п б е р у ;
2) жақын көшелердің атауын және шағын аудандар туралы мағлұматтары бар, сонымен қатар жолда жүру ережесін білу;
3) таяқтың (қолға ұстайтын) қызметін, түрлерін және мәнін білу. Таяқты қолдану ережесін, ұстау мен қағып алу амалдарын меңгеру;
4) дыбыстарды саралап, бір дыбысты ерекшелей және бағдарлана алу;
5) сақталған анализаторларды қолдана отырып жақын көшелерде, мектеп аумағында ғимарат ішінде өзбетінше бағдарлана алу;
6) кез келген таныс кеңістіктің сызбасын құрастыра білу. Таныс көшелердің сызбасын зерттеу дағдыларын меңгеру; ересектің бақылауымен бағдаршамнан және ж а я у ж о л д а н ө т у .
7) жолда жүру ережесін білу және өз тәжірибесінде қолдана алу;

- 8) қоғамдық ортадағы мінез-құлық ережесін, ересек адаммен қарым-қатынас жасау
э т и к е т і н м ең г е р у ;
- 9) бейтаныс адамдардан көмек сұрау, қоршаған ортадағы адамдардың көмегін
кабылдай алу.

7. Оқытудың нәтижесі

55. Пәндік нәтижелер:

- 1) өзбетінше қозғалуға қызықушылық білдіру, дұрыс жүру дағдысын меңгерген,
денені тік ұстау дағдысы қалыптасқан;
- 2) қимыл үйлесімділігінің дағдысы дамыған;
- 3) сақталған анализаторларды шынайы ортадағы әрекет пен болмысты, заттарды
кабылдауда белсенді пайдалану;
- 4) қоршаған ортада бағдарлану үшін қалдық көру мен оның орнын толтыратын
мүшелердің мүмкіндіктерін қолдану;
- 5) ашық және оқшауланған кеңістікте еркін бағдарлана алу;
- 6) шағын және үлкен жазықтықтарда бағдарлану кезіндегі қорқыныш сезімін жеңе
білу ;
- 7) таныс емес орындарда әрекет жасау барысында қалыптасқан мәдени мінез-құлық
дағдыларын қолдану .

56. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) отанына махаббат сезімін, Қазақстанның табиғи байлықтарына және рухани
мұрасына мақтаныш сезімін білдіру;
- 2) әртүрлі өмірлік жағдаяттарда қалыптасқан қарым-қатынас дағдыларын қолдану;
- 3) мінез-құлқына басшылық жасауы мен адекватты бағалау әрекетін сыртқы келбет
бойынша қоршаған ортадағы адамдардың және өзінің іс-әрекетін талдауға бағыттау;
- 4) адамның жоғары мәдени қарым-қатынас жасауын, әлеуметтік ортаның
өзгешелігін адекватты түрде бағалай білу.

57. Жүйелі әрекеттік нәтижелер:

- 1) пән бойынша білім жүйесін меңгерген, оны өз қызметінде пайдалана білу;
- 2) танымдық, зияткерлік, шығармашылық қабілеттіліктерін белсенді қолдану;
- 3) тіл мәдениетінің дамыған коммуникативтік қабілеттіліктерін меңгерген.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е Ғ ы л ы м м и н и с т р і н ің
2 0 1 5 ж ы л ғы 1 8 м а у с ы м д а ғы
№ 393 бұйрығына 38–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е Ғ ы л ы м м и н и с т р і н ің

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Мимика және пантомимиканы дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Мимика және пантомимиканы дамыту» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Көру қабілеті зақымдалған балаларды (көрмейтін және нашар көретін) арнайы оқыту мен тәрбиелеуде «Мимика және пантомимиканы дамыту» коррекциялық компоненттерінің негізгі пәндерінің бірі болып табылады.

3. Қарым-қатынас – баланың қалыпты психикалық дамуының негізгі шарты және маңызды факторы болып табылады. Көру қабілеті терең бұзылған бала үшін қарым-қатынас қосымша маңызға ие, өйткені екіншілік ауытқуды түзету мен орын толтыруда нәтижелі құрал болып саналады.

4. Көруінде мүкістігі бар балалардың даму заңдылықтарының бір ерекшелігі - қоршаған орта туралы ақпараттың тапшылығы, болып жатқан өзгерістер мен көру қабілеті үдерісінің саябырлығында айқындықты, фрагменттікті, әлемнің бейнесінің схематизмын шарттайды. Бұл қарым-қатынас әрекетінің дамуына кері әсерін тигізеді (сөздік және сөздік емес құралдар және т.б.), сол себептен арнайы коррекциялық-дамыту сабақтарын талап етеді.

5. Тифлопедагогтар мен тифлопсихологтар қоршаған ортаны көріп қабылдау мүмкіндігінен айырылғандығы және орын толтыру тәсілі арқылы үйретілмеген балаларда эмоция, мимика, жесттер мен пантомимика туралы түсініктері айқын емес, бұл тұлғааралық қарым-қатынас жасау деңгейін қиындататындығын айтқан. Көруі бұзылған балалар түрлі қарым-қатынас жағдаяттарын дұрыс қабылдамайды, оларды дұрыс бағаламайды, ол балалар арасындағы қарым-қатынасты үзеді немесе аз араласуға алып келеді. Балалар қарым-қатынас жасауда енжар болады, қарым-қатынас жасауға қызығушылық танытпау сияқты қиыншылықтарды сезінеді.

6. Осының бәрі көру қабілеті бұзылған балалардың сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын танымдық процестерінің ерекшеліктерін ескере отырып дамыту үдерісін мақсатты түрде басқару керектігін көрсетеді.

7. Көру қабілетінің ауытқуы бар балаларды еліктеушілікке әкелетінін ескеретін болсақ, осыған байланысты педагогтың алдында адамгершілік және этикалық

түсініктерді, белгілі бір эмоция мен сезімдерді, қарым-қатынас ақпараттарын балаға жеткізу міндеті тұрады.

8. «Мимика және пантомимиканы дамыту» пәнінің мақсаты - көру қабілеті бұзылған балалардың ересек адамдармен, құрдастарымен өзіне деген эмоциональды-мотивациялық қатынасты орнату; адами өзара қарым-қатынас мәдениеті туралы, сонымен қатар тұлғаның тиімді дамуына әкелетін қоғамда қажетті адекватты мінез-құлық, тәжірибе мен біліктілік, қарым-қатынас дағдылары мен білім жүйесін қалыптастыруды қамтиды.

9. Міндеттері:

- 1) қоршаған адамдарды қабылдау алгоритімін қалыптастыру;
- 2) өз сезімдерін көрсете білуге және әңгімелесушінің эмоциялық күйін қабылдауға үйрету;
- 3) адамға қажетті айқын қалыптар мен жесттерді, мимикаларды, қимылдарды көрсету және қабылдау дағдысын қалыптастыру;
- 4) өзінің, әңгімелесушінің, әдеби шығармалардың кейіпкерлерінің эмоциялық күйін және сыртқы көріністерін сөзбен сипаттау дағдысын жетілдіру;
- 5) көңіл-күй жағдайын басқа адамдармен бөлісу, ортақтасу қажеттіліктерін қалыптастыру;
- 6) қарым-қатынас жасауға және қоршаған адамдарға қызығушылығын дамыту;
- 7) сыртқы көріністері бойынша қоршаған адамдардың әрекеттерін және өзінің мінез-құлқын талдауға бағытталған іс-әрекетті өзіндік бақылау және адекватты бағалау, мінез-құлықты өзіндік басқару негіздерін қалыптастыру;
- 8) қоршаған ортаға өзара сену және өзара құрметтеу сезімін дамыту;
- 9) сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын қолдану арқылы еркін тәжірибелік әрекетте қалыптасқан мәдени мінез-құлық дағдыларын қолдану;
- 10) өмірлік жағдаяттарда қалыптасқан қарым-қатынас дағдыларын қолдану.

10. Курстың мазмұны келесі бөлімдерде ұсынылған:

- 1) бет, мойын, иық және дене бұлшық етін дамыту және нығайту/психикалық-ымдық жаттығу;
- 2) дене және беттің кескінін қабылдау алгоритімін қалыптастыру: өз-өзіне, басқа адамда, тірі объектіде, қуыршақта;
- 3) эмоцияналдық күйін дұрыс қабылдауға үйрету, өзінің эмоцияларын мимикалық және пантомимикалық әрекет арқылы көрсету және сөйлеу интонациясымен байланыстыру;
- 4) сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын тәжірибеде қолдану және оларды іс-әрекет барысында дұрыс жаңғырту дағдысын қалыптастыру;
- 5) сөйлеу интонациясын дамыту;
- 6) мәдениетті іс-әрекет дағдысын қалыптастыру.

11. Курстың барлық бөлімдері өзара байланысты. Осы бөлімдер тәжірибелік

жұмыста біріктірілуі мүмкін және бір-бірін толықтырады. Сондықтан бір сабақта оқу әрекетінің түрлері де және бөлімдері де үйлесуі мүмкін. Мысалы «Сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарымен тәжірибеде қолдану және оларды іс-әрекет барысында дұрыс жаңғырту дағдысын қалыптастыру» бөлімінің мазмұнын «Сөйлеу интонациясын дамыту» бөлімінің элементтерімен үйлестіруге болады.

12. Сабақтың мазмұны келесідей құрылымдық компоненттерден тұруы мүмкін:

- 1) 1 кезең – бұлшықет тонусын жаттықтыру;
- 2) 2 кезең – мимикамен, жесттермен және дене қалыптарымен таныстыру;
- 3) 3 кезең – іс-әрекетті вербализациялау, бет және дене қимылдарын айқын о р ы н д а у ғ а ү й р е т у ;
- 4) 4 кезең – қойылымдарда, ойындарда, этюдтарда сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын пайдалану.

13. Оқу іс-әрекетінің негізгі тәсілдері:

- 1) оқу, әңгіме, талқылау, айтып беру, мәнерлеп әңгімелеу, талдау;
- 2) ойындар – импровизациялар, ережелі ойындар, сюжетті ойындар, дидактикалық және театрланған ойындар, драматизациялы қойылымдар;
- 3) жоғарғы психикалық функцияларды дамытуға арналған ойындар;
- 4) тифлографика, сурет салу (еркін, тақырыптық);
- 5) кинофильмдер, жаттығулар, этюдтерді көру және талдау;
- 6) сюжетті суреттерді және заттардың суреттерін, иллюстрацияларды қарап шығу және талдау (қалдық көру қабілеті болған жағдайда);
- 7) психогимнастикалық жаттығулар мен ойындар;
- 8) ертегітерапия, арттерапия элементтері бар ойындар;
- 9) дем алу гимнастикасы, көру гимнастикасы, саусақ гимнастикасы.

14. Мимика және пантомимиканы дамыту сабағы баланың даму деңгейін ескере отырып жинақталған топпен (3-5 адам) аптасына 1 рет жүргізіледі; ерекше күрделі жағдайда – жеке. Жеке жұмыс жүргізілетін оқушылар бұзылысының түзетілу деңгейіне қарай топтық сабақтарға қамтылады. Сабақтың ұзақтылығы – 45 минут.

15. Пәннің оқу жүктемесі:

кесте 1

№	Оқу пәні	Сыныптар бойынша сағаттар саны (1 аптада)				
		0	1	2	3	4
1	Мимика және пантомимиканы дамыту	-	1	1	1	1

16. Оқушылардың оқу нәтижелілігін бағалау: көру қабілеті терең бұзылған оқушылардың оқу жетістігін бағалау оқушыларға дифференциалды және жеке жол табуды жүзеге асыру негізінде балдық жүйе бойынша емес, сапалық-сипаттамалық, эмоциялық сипатта (өз мүмкіндіктеріне дұрыс қатынасты қалыптастыру), баланың

қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және дамуының нәтижелі мониторингіне негізделген болуы керек.

17. Бағдарламада «Мимика және пантомимиканы дамыту» курсы бойынша түзете оқытуға сапасын ішкі бағалауды жүргізу үшін оқушылардың қол жеткізетін жоспарланған нәтижелері анықталған.

2. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Бет, мойын, иық және дене бұлшық етін дамыту және нығайту:

1) көз және қас аймағы бұлшық етінің дамуына жаттығу: қасты көтеру-түсіру: қасты қозғалту; көзді ашып-жұму (ақырын-тез); бетті әңгімелесушінің жағына бағыттау;

2) ерін және тіл бұлшық етін жаттықтыру: ерінді алдыға дүрдиту, алдыңғы тістерді көрсету, ерінді керу (қатты-жай), үстелден ұсақталған қағаз бөлшектерін ұшырып түсіру, мақта бөлшектерін үстел үстінен ұшырып түсіру, түтікшеге үрлеу, ауызды ашу және жабу (кең - кең емес), ауызды жауып ерін арасына тілді сұғу, түрлі бағытта ерінді тілмен жалау, тісті қысқан қалыпта ерінді ашу және жабу, ерін арасында тілді қысу, жоғары, төменгі ерінді кезекпен-кезек тістеу, ерінді домалақтау, қуыршақты сүйіп жатқандай, шөлпідету, ерінді күліп керу, тілді сору (кең, тар), тілді бір жақтан екінші жаққа шайқау («маятник»), тілмен «быламық» ойнау, бет бұлшықетін дамыту (үрлеу, т а р ы л т у) ;

3) иық бұлшық етін дамыту: басты түрлі бағытқа қозғалту; басты алдыға-артқа, оң/сол иыққа, көкірекке еңкейту; бір мезетте және кезекпен-кезек иықты көтеру-түсіру, басты шалқайту. 3-5 минут аралығында отырып, дұрыс дене күйін сақтау жаттығуы. Түйреуішті, тігін инелерін, өзге де ұсақ заттарды қолдан-қолға беру жаттығуы;

4) вестибулярлы аппаратты дамыту: дене корпусын оңға-солға тез бұру (отырып, тұрып); адамдармен әңгімелесу кезінде бет бұру.

19. Дене және беттің кескінін қабылдау алгоритімін қалыптастыру: өз-өзіне, басқа адамда, тірі объектіде, қуыршақта:

1) баланың дүниетанымын кеңейту мақсатымен қоршаған ортадағы адамдармен және заттармен денелік қарым-қатынасты ұйымдастыру. Жағымды үйлескен іс-әрекет қолдану (құшақтау, қысу, сипау). Арнайы тәсілдерін қолданумен өз денесін зерттеу: көру-сезушілік анализаторларына сүйене отырып «Хандз әдісін» қолданумен баланың өз денесін зерттеу дағдысын қалыптастыру. (Педагог өзінің қолын баланың қолының үстіне қояды. Содан кейін олар бірлескен әрекетпен бала денесін басынан аяғына дейін з е р т т е й д і) ;

2) өзін айнада қарау (қалдық көру қабілеті бар жағдайында). Өз денесінің мүшелерін табу. Өз денесінің мүшелерін ересектердің денесінің мүшесімен сәйкестендіру (педагог өзінің қолын баланың қолының үстіне қояды, олар бірлескен әрекетпен бала денесінің мүшесін атап отырып зерттейді. Содан кейін осы тәсілмен

ересек адамның мүшесін қарастырады). Өзінің бет-әлпетін, зерттеу. Өзінің бет-әлпетінің басқа адамның бет-әлпетімен сәйкестендіру. (Баланың бет-әлпетін зерттеп және оны ересек адамның бет-әлпетімен салыстыру үшін «Хандз әдісі» қолданылады. Бақылағанын сөзбен жеткізу қажет. Мысалы: «Менің бетіме қарашы!» (баланың қолын өз бетімен жүргізу, оларды сипау). «Менің бетім үлкен. Ал сенің бетің қандай? «Қане көрейік!» («кішкентай, жұмсақ бет»). «Қане менің мұрнымды табайық. Міне ол – үлкен, бүкірейген. Сенің мұрның қандай? Міне ол кішкентай, түзу»);

3) айналадағылардың бетінің әртүрлі, оларды тек дауысынан емес, бет-әлпетінен де тануға болатындығын балаға ұғындыру. Айқын алгоритімдер бойынша қуыршақты зерттеу. Негізгі дене мүшелерін қуыршақта көрсету. Дене мүшесінің кеңістікте орналасқаны туралы түсінігін дамыту.

20. Эмоционалдық күйін дұрыс қабылдауға үйрету, өзінің эмоцияларын мимикалық және пантомимикалық әрекет арқылы көрсету және сөйлеу интонациясымен байланыстыру:

1) сезімдермен танысу (тынышталу, өкпелеу, қуану, жылау). Сезімдерді басқара алудың дамуы, қуанғанда, өкпелегенде т.б. өзінің эмоционалдық жай-күйін адекватты түрде көрсетуге үйрету. Ертегі оқығанда кейіпкерлердің эмоциялық жай-күйімен таныстыру (қуаныш, өкпелеу, жылау);

2) ермексаздан жасалған беттің барельефтімен танысу. (Педагог ермексазбен әртүрлі көңіл-күйдегі адамдардың беттерін жасай алады (тыныштық, қайғы, қуаныш, жылау), барлық мүшелерін көрсетеді (қас, көз, мұрын, ерін және т.б.);

3) барельефтегі беттермен танысу: баланың және қыздың; шаштардың әртүрлі үлгілері (таралған және шатасқан). Барельефті суреттерде тыныштық, қуаныш, қайғы, жылау эмоционалдық күйлерімен танысу. Тыныштық, қуаныш, жылау сияқты эмоционалдық күйлерге тән жесттерді, дене қалыптарды, әрекеттерді тану, атау, сипаттау. Тыныштық, қуаныш, қорқыныш, жылау сияқты эмоционалдық күйлерді беттің мимикалық қимылынан және оның белгілі бір әрекетпен көрсетуге үйрету. Эмоционалдарды ашық көрсете білуге әлеуметтік тәжірибеде бекіту.

21. Сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын тәжірибеде қолдану және оларды іс-әрекет барысында дұрыс жаңғырту дағдысын қалыптастыру:

1) күнделікті өмірде қолданатын жесттердің сөздермен байланысы: беріп жібер! (алақанды жоғары қаратып қолды созу); сау бол (қолмен бұлғау); сәлем (қолдың білегін қимылдату); сипау/жаны ашу (адамды сипау, қуыршақты шашынан, иығынан сипау); қуыршақты мәпелеу (қолмен тербету); қуыршақты арбамен серуендету; нәрсетенің жылағанын, күлгенін көрсету (нәрестенің күлгені мен жылағанын көрсету); шулама! болмайды, тыныш! (сұқ саусақты көрсету, саусақты ерінге қою);

2) күнделікті өмірде қолданатын жесттер, қалыптар, қимылдар имитациясы: тісімді қалай тазалаймын, қалай жуынатынымды, қолымды қалай сүртетінімді, қуыршақты қалай тербететінімді, шашымды қалай тарағанымды көрсету;

3) сезімді білдіре отырып қимылдар, қалыптар, жесттерді сәйкес мимикамен байланыстыра моделдеу: мен қалай ояндым; күнге қызыдырынып жатқанда; мен дәрігерден, екпеден қалай қорықтым; мерекеге/сыйлық бергенде менің қуануым; менің өзімнің ойыншығымды жоғалтып алғандағы көңіл-күйімнің түсуі;

4) жануарлардың қозғалысын имитациялау: қоян сияқты секіру; аю сияқты жүру;

5) әртүрлі жүрісті имитациялау: әскердің жүруі; асығып бара жатқан адам; жай к е т і п б а р а ж а т қ а н а д а м .

22. Сөйлеу интонациясын дамыту: сөздер мен сөйлемдерді анық айту дағдысын қалыптастыру. Дыбыстар мен сөздерді дауыстап-ақырын айтуға жаттығу: жануарлардың дыбысын салу; көліктің дыбыстарын салу; жел мен жаңбырдың дыбыстарын салу. Сөздерді интонациямен айтуға үйрету: өтіну; қарау; сұрау; талап ету ; а л ғ ы с б і л д і р у .

23. Мәдениетті іс-әрекет дағдысын қалыптастыру. Мәдениетті іс-әрекет дағдысын қалыптастыру: қарым-қатынас жасауда өзін дұрыс ұстау (әңгімелесушінің бетіне қарап тұру, көңілін аудару); еске салмай амандасу, қоштасу; жөтелгенде, түшкіргенде ауызды , мұрынды жабу; алғыс білдіру, тамаққа отырғанда үстел басында өзін мәдениетті ұстау ; көмекті мәдениетті сұрау; сөйлеп жатқан адамның сөзін бөлмеу; сөз сұрағанда белгі беруге үйрету (қолды көтеру); ойыншықты сұрау, ойынға шақыру, ойыншықты ұсыну, с ы п а й ы т ү р д е б а с т а р т у .

24. Қарым-қатынас қажеттілігін тудыру. Көретін адамдармен, ата-анамен қарым-қатынасқа түсудің адекватты тәсілдерін қалыптастыру. Сүйікті ойынмен, іс-әрекетпен баланы айналыстыру арқылы қарым-қатынасқа тарту, мысалы ойыншықты ұстап тұрған ересек адамға мән бермегенше балаға ойыншықты бермей т ұ р у к е р е к .

25. Көңіл-күйдің және мінездің жеке көріністерін мимика пантомимика құралдары арқылы түзету. Өзінің эмоцияларын басқара білуін қалыптастыру: қарым-қатынасқа түсушіге көңіл бөлу; бұлшықеттің жеке топтарын босаңсытуы. Ертегі кейіпкерлерінің тыныштық, қуаныш, қайғыру, жылау сияқты эмоциялық күйлерін ажыратуға, бөлісуге үйрету. Музыкалық терапия ермексазбен жұмыс кезінде (жұмсарту, дөңгелету, жасау) агрессивті-абыржыған күйлерді, көңіл-күйді басқару. Қалдық көру қабілеті болған кезде бейнелеу әрекетінің көмегімен көңіл-күйді басқару.

26. 1-сынып оқушысының дайындық денгейіне қойылатын талаптар:

1) педагогтың шағын көмегімен бет, мойын, иық бұлшықеттерін жаттықтыру;

2) ерікті түрде белгілі бір бұлшықет топтарына күш түсіру (қатайту) және б о с а ң с ы т у ;

3) педагогтың шағын көмегімен өзінің бетін, денесін зерттеу;

4) педагогтың көмегімен басқа адамының беті мен денесінде алгоритм бойынша б а ғ д а р л а й б і л у ;

5) сөзді сәйкес қозғалыстармен, жесттермен (әпер, сипа, сәлем, сау бол және т.б.)

к ө р с е т е

б і л у ;

6) тыныштық, қайғы, қуаныш, жылау, қорқыныш эмоциялық күйлерді ажырата білу ;

7) педагогтың көмегімен барельефті беттің тыныштық, қайғы, қуаныш, жылау, қорқыныш эмоциялық күйлерді ажырата білу;

8) тыныштық, қайғы, қуаныш, жылау эмоциялық күйлерді тану және атай білу;

9) қимылдарды, жесттерді, қалыптарды сәйкес мимика арқылы көрсете білу;

10) өзінің айқын қимылдары мен жесттерін сөз арқылы жеткізе білу;

11) педагогтың көмегімен күнделікті әрекетте қимылдарды, жесттерді, қалыптарды к ө р с е т е б і л у ;

12) педагогтың басшылығымен сипау арқылы тексеру жүргізе білу;

13) сипап сезу сезімі арқылы тану деңгейінде ажырата білу;

14) сөйлемді интонациямен, анық айта білу;

15) сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып амандық сұрау, алғыс білдіру, қоштасуды өздігімен орындай білу.

3. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

27. Бет, мойын, иық және дене бұлшық етін дамыту және нығайту:

1) бет бұлшықетін босаңсыту мен қатайтуға жаттығу. Мимикалық қимылдарды орындауға қажетті бұлшықет аппаратын жаттықтыруға арналған жаттығу: көз және қас аймағының бұлшықеттері; ерін аймағының және тілдің бұлшықеттері (еріннің шермиту , тілмен жалау, ерінді дөңгелету, шөпідету); бет бұлшықеттері (үрлеу, тарылту: бір мезгілде-кезек-кезек); мұрынға жаттығу: тыржиту;

2) иық бұлшықеттерін жаттықтыру (иықты көтеру-түсіру, иықпен алға-артқа бір мезгілде-кезек-кезек қозғалыс жасау). Статикалық қалыпты 3-5 минут ұстап тұруға арналған жаттығу. Вестибулярлық аппаратты дамыту: бас пен кеудені жылдам қозғалту , айналдыру, қимыл бағыттарын ауыстыру (көтеру-түсіру, қолды бұгу-жазу). Қозғалыс тапсырмаларының орындалу нақтылығын өзіндік бақылау. Жағымды қарым-қатынас ә р е к е т і н ұ й ы м д а с т ы р у .

28. Дене және беттің кескінін қабылдау алгоритмін қалыптастыру:

1) өз-өзіне, басқа адамда, тірі объектіде, қуыршақта: макро және микрокеңістікте бағдарлауын дамытумен үйлестіре отырып адамның бет және дене кескінін қабылдау алгоритмін қалыптастыру: өзінде; басқа адамда;

2) зерттеу алгоритмін қалыптастыру схемасы бойынша құбыжық, муляж, бет пен дененің барельефі; олардың шынайы объектілермен байланысы. Күнделікті өмірде қуыршақпен сюжетті ойынды көрсету (киіндірдім, шешіндірдім, қыдырттым, ш о м ы л д ы р д ы м , ш а ш ы н т а р а д ы м) .

29. Эмоционалдық күйін дұрыс қабылдауға үйрету, өзінің эмоцияларын мимикалық

және пантомимикалық әрекет арқылы көрсету және сөйлеу интонациясымен
б а й л а н ы с т ы р у :

- 1) бірінші оқу жылының материалын бекіту;
- 2) қорқыныш, ауру, күлкі, жылау эмоциялық күйлермен, сезімдермен танысу;
- 3) сюжеттік ертегілер мен әңгімелердегі кейіпкерлердің эмоциялық күйлерін ажыратуға үйрету. Сюжеттік ертегілер мен әңгімелердегі күлкі, ауыру, қорқыныш эмоциялық күйлерін анықтау. Сюжеттік суреттегі мимика, жест, қалыптардың қандай мағына беретінін айқындау дағдысын қалыптастыру (қалдық көру қабілеті болған жағдайда) ;
- 4) қорқыныш, ауыру, күлкі эмоциялық жағдайымен ермексаздан жасалған бет барельефінен таныстыру ;
- 5) күлкі, ауру, қорқыныш сезімдерін жеткізумен байланысты мимикалық, пантомимикалық дағдыларын дамыту ;
- 6) педагогтың нұсқауы бойынша ұсынылған эмоциялық күйлерді имитациялауға жаттықтыру ;
- 7) күліп жатқанда өзінің эмоциялық күйін адекватты түрде жеткізу.

30. Сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын тәжірибеде қолдану және оларды іс-әрекет барысында дұрыс жаңғырту дағдысын қалыптастыру:

- 1) күнделікті өмірдегі қалыптар мен жесттерді анық көрсетуге үйрету: тоқта! (алақанды вертикалды түрде ішкі жағын адамға қайыру); жүр, өтіп кет! (керекті бағытта қол қимылын жасау); азырақ, кішкене (үлкен және сұқ саусақпен көлемін көрсету); есікті қағу (саусақты жұдырыққа жинап есікті қағу); өтіп кет (шақырған түрде қолдың жесті); тұрыңыз (адамның қолын алып оны көтермелеп жатқан сияқты жасау);
- 2) жест пен қалыптарды, қимылдарды күнделікті өмірде қолдануды көрсету: қуыршақты ұйықтатып жатырмын, еден жуып жатырмын, жүргізушінің қалпы, серуендеп жүрмін, шашымды тарап отырмын;
- 3) қорқыныш, ауыру, күлкі сезімдерін сәйкес мимика арқылы жеткізуде жесттер мен қалыптарды, қимылдарды байланыстыру. Жануарлардың жүрісін имитациялау;
- 4) әртүрлі жүрісті имитациялауды үйрету: сенімсіз жүріс, серуендегі жүріс, «әдемі емес» жүріс .

31. Мәдениетті іс-әрекет дағдысын қалыптастыру. Жағадятқа байланысты модельдеу: түскі асқа шақыру, қонақтағы түскі ас; бейтаныс адамнан көмек сұрау; бірінші кездесуде өзін таныстыра білу. Қалыпты көретін құрдастарымен адекватты қарым-қатынас жасау қабілеттерін қалыптастыру.

32. Сөйлеу интонациясын дамыту: бір қалыпты дауысты сақтауға және дауыс күшін өлшеуге арналған жаттығу. Сөйлемнің соңын ырғақпен бөлуге үйрету. Сөйлемді түрлі ырғақты екпінмен айтуға арналған жаттығу. Сөйлемнің ырғақты екпінін өзгертіп айтуға үйрету. Өтініш, қалауды сөйлеу интонациясын жеткізе білу дағдысын қалыптастыру. Сұраулы, лепті сөйлеу ырғағын жеткізе білу. Әуенді, ән айтуды

ажырата білу. Музыкалық шығарманың көңіл-күйін ажырата білу (көңілді, албырт, қ а й ғ ы л ы , н а з д ы) .

33. Көңіл-күйдің және мінездің жеке көріністерін мимика пантомимика құралдары арқылы түзету: дене мен беттің бұлшықетін жаттықтыру. Автоматизм әрекеттерін қалыптастыру. Қорқыныш шақыратын суреттерден қорықпау үшін сол жағдаяттан жол табу. Адамға позитивті қарым-қатынасты қалыптастыру.

34. 2-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) өз бетінше жануардың, адамның беті мен денесінде алгоритм бойынша бағдарлай б і л у ;

2) заттың құрамын және белгілерін нұсқауға сәйкес саралай отырып, сипап-сезу т е к с е р у і н ж ү р г і з у ;

3) өз бетінше табиғи заттармен тұлып, нақпінші (муляж), барельеф сәйкестендіре б і л у ;

4) әртүрлі бұлшықет топтарымен жұмыс жасай білу;

5) педагогтың шағын көмегімен (жүр, өт, азырақ, тұр, отыр және т.б.) орындалатын әрекетті жесттер, қалыптар, қимылдар арқылы тану;

6) жесттерді, қалыптарды, қимылдарды анық (айқын) орындай білу;

7) ауру, қорқыныш, күлкі эмоциялық күйлерін бейнеленген барельефті бетте тану;

8) ауру, қорқыныш, күлкі эмоциялық күйлерін педагогтың нұсқаулығымен қайталау ;

9) сөздік және сөзік емес қатынас арқылы басқа адамнан қажетті затын сұрау, көмекке шақыру, өз бетімен таныса білу;

10) көркем шығармаларда кейіпкердің эмоциональдық күйін анықтай білу (қуаныш, қайғы, жылау, күлкі, ауыртпашылық, қорқыныш);

11) қалыптасқан дағдылар арқылы өзінің қимылдары мен әрекеттерін өздігімен сөзбен жеткізе білу.

4. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

35. Бет, мойын, иық және дене бұлшық етін дамыту және нығайту: ым-ишара (жесттік) және мимикалық қимылдарды орындауға қатысатын бұлшықет аппаратын жетілдіру. Жаңа, қиын қимылдарды кіргізе отырып тапсырманы күрделендіру және түрлі қимылдар санын көбейту. Бет және дене бұлшықеттерінің жаттығуларын қайталау. Өз бетінше және педагогтың нұсқаулығымен әртүрлі дене қимылдарын байланыстыруды үйрену, өзінің сезімдерінің вербалдануы.

36. Дене және беттің кескінін қабылдау алгоритімін қалыптастыру. Өз-өзіне, басқа адамда, тірі объектіде, қуыршақта: алгоритм бойынша бет және дене кескіндерін дұрыс қабылдай білуді бекіту (адам, жануар): нақпіншіде, барельефте, айқын көрінген суретте , б е й і м д е л г е н с у р е т т е .

37. Эмоционалдык күйін дұрыс қабылдауға үйрету, өзінің эмоцияларын мимикалық және пантомимикалық әрекет арқылы көрсету және сөйлеу интонациясымен б а й л а н ы с т ы р у :

1) бірінші және екінші оқу жылында анық қимылдарды, күйді, ым-ишараны бекіту. Таң қалу, өкіну, өкпелеу және зерігу сезімдерімен танысу. Желілі әңгімелерді оқу, кейіпкердің эмоционалды күйлерін бейнелейтін ертегілерді (таң қалу, өкіну, өкпелеу және зерігу). Берельефтерде таң қалу, өкіну, өкпелеу және зерігу сияқты эмоционалды күйлерді суреттермен танысу. Таң қалу, өкіну, өкпелеу және зерігу сияқты эмоционалды күйлерге сәйкес айқын қимылдар, күйлер, ым-ишаралармен т а н ы с у ;

2) айқын қимыл, күй, ым-ишараларды іс-әрекетте жандандыра отырып үйрену. Таң қалу, өкіну, өкпелеу және зерігу сезімдерімен мимикалық және пантомимикалық қ и м ы л д а р д ы ж а н д а н д ы р у ;

3) таң қалу кезінде өзінің эмоционалды күйлерін сәйкес көрсете білуді дамыту. Өзге адамның эмоционалды күйлерін түсінушілікті дамыту;

4) қоғамға таныс әрекеттермен эмоцияның анық көрінуіне мүмкіндік беру.

38. Сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын тәжірибеде қолдану және оларды іс-әрекет барысында дұрыс жаңғырту дағдысын қалыптастыру:

1) күнделікті өмірде орындайтын айқын әрекеттерді, күйлерді, ым-ишаралары үлгілеу: мен қалай аяқ-киім тазалаймын, мен қалай шаң сүртемін, мен қалай итпен қыдырамын, мен қалай гүл теремін, мен қалай қағаздың беттерін парақтаймын;

2) айқын қимылдарды, күйлерді, ым-ишараларды жеткізу сезімдерімен және оларды ымдармен сәйкестендіре жандандыру: мен зеріктім, мен жаурадым, мен қатты ыстықтадым; мен досымды ренжітіп алдым, мен анама ренжулімін; алақай, Аяз Ата к е л д і ! ;

3) жануарлардың қимылдарына еліктеу. Шаршаған, ауырған адамның жү р і с - т ұ р ы с ы н а е л і к т е у ;

4) өзінің кейіпін нақты бір сюжетте сахналауды жаңғырту.

39. Мәдениетті іс-әрекет дағдысын қалыптастыру. Мәдениетті тәртіптің дағдысының дамуы: телефонмен сөйлескенде; бір нәрсені сатып алғанда; қоғамдық көліктегі тәртіп. Жасаған қылықтарына, кешіккен жағдайда кешірім сұрай білу. Қалыпты көретін құрдастарымен адекватты қарым-қатынас жасау қабілеттерін қ а л ы п т а с т ы р у .

40. Сөйлеу интонациясын дамыту: дауыс күшін өзгертуге жаттығуы. Бір қалыпты дауыс биіктігін ұстап тұруға жаттығу. Таң қалу, зерігу, ренжу, кінәлі сезіну күй интонациясын көрсете білу. Мәтінді түсініп оқу және драматизациялау жолымен ж е т к і з у .

41. Көңіл-күйдің және мінездің жеке көріністерін мимика пантомимика құралдары а р қ ы л ы т ұ з е т у :

- 1) әлеуметтік орта туғызатын (қызғаншақтық, мейрімділік, адалдық) мінез көріністерін анық көрсете білу;
- 2) адамның жағымды және жағымсыз мінезін (қызғаншақ, мейрімділік, адалдық) бағалай білу;
- 3) кейіпкерлердің мінез-құлқын сол немесе басқа да мінез сипаттарын үлгілеу;
- 4) қозғалыстық жаттықтыруды жеңу тәсілдерін қалыптастыру;
- 5) зерігу, ренжу, кінәлі сезіну сезімдерін жеңе білуді дамыту.

42. 3-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- 1) бұлшықет аппаратын жаттықтыруға бағытталған жаттығуларды өздігімен жасай білуі ;
- 2) қалыптасқан бұлшықет жүйесі, жесттік және пантомимикалық, мимикалық қимылдарды толық көлемде жүзеге асыруға қабілетті болу;
- 3) педагогтың шағын көмегімен жесттік және мимикалық қозғалыстарды үйлестіре білу ;
- 4) адамның бет және дене, жануардың кескіндемесін күрделенген жағдайда (барельеф, рельеф, схема-символ) өздігімен дұрыс көрсете білу және қабылдай білу;
- 5) педагогтың көмегімен таң қалу, кінәлі сезіну, ренжу эмоцияларын дұрыс қабылдай білу ;
- 6) өмірлік жағдаяттарда таң қалу, кінәлі сезіну, ренжу эмоцияларын адекватты түрде көрсете білу ;
- 7) педагогтың көмегімен үйренішті жағымсыз қозғалыс автоматизмдерін жеңе білу;
- 8) өмірлік жағдайларды моделдейтін (телефонмен сөйлесу, дүкенде, кешірім жасау және т.б.), сюжеттік-рөлдік ойындарға сәйкес өзін ұстай білу.
- 9) жоспар бойынша тексеру жұмыстарын орындау, орындалып жатқан әрекеттерді сөзбен жеткізу ;
- 10) рельефті заттың бейнесін тану, рельефті бейнені шынайы затпен сәйкестендіру.

5. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

43. Бет, мойын, иық және дене бұлшық етін дамыту және нығайту: ым-ишара, мимикалық, пантомимикалық қимылдарды орындауға қатысатын бұлшықет аппаратын жетілдіруге арналған жаттығуларды жалғастыру. Өз бетінше және әртүрлі дене қимылдарын байланыстыруды үйрену, өзінің сезімдерін вербалдануы.

44. Дене және беттің кескінін қабылдау алгоритімін қалыптастыру: өз-өзіне, басқа адамда, тірі объектіде, қуыршақта:

- 1) алгоритм бойынша адам мен жануардың бет және дене кескіндерін дұрыс қабылдай білуді үйренуді жалғастыру: нақпіншіде, рельефте, барельефте, айқын көрінген суретте, бейімделген суретте;
- 2) желілі әңгімелерді оқу; кейіпкердің эмоциональды күйлерін бейнелейтін

ертегілердегі таң қалу, өкіну, ренжу және зерігу барельефтердегі түрлерді мүсіндеуді үйрену. Н.А.Семевскийдың сурет салуға арналған құралында эмоциональдық күйлерді бейнелеу.

45. Эмоциональдық күйін дұрыс қабылдауға үйрету, өзінің эмоцияларын мимикалық және пантомимикалық әрекет арқылы көрсету және сөйлеу интонациясымен байланыстыру:

1) өткен оқу жылдарындағы қалыптасқан мимикалық және пантомимикалық қимылдарды бекіту. Қайғы, жек көру, мақтаныш, қызығушылық сезімдерімен танысу;

2) кейіпкердің нақты эмоциональдық күйлерін бейнелейтін ертегілер мен сюжетті әңгімелер оқу;

3) барельефтерде өкпелеу, жиіркену, қызығушылық және мақтаныш сияқты эмоциональдық күйлерді мимикалық суреттермен танысу. Өкпелеу, жиіркену, қызығушылық және мақтаныш сияқты эмоциональдық күйлерге сәйкес айқын қимылдар, күйлер, ым-ишаралармен танысу;

4) қуаныш, қайғы, таң қалу, зерігу, ренжу, тыныштық сияқты эмоциональдық күйлерді айқын қимылдармен, күйлермен, ым-ишаралармен жаңғырта білу;

5) қайғы, жек көру, мақтаныш, қызығушылық сияқты сезімдерімен сәйкес келетін жаттығуларды орындау. Басқа адамның эмоциональдық күйлерін түсінуді дамытушылық жаттығуларын жасау. Қоғамға таныс әрекеттермен эмоцияның анық көрінуіне мүмкіндік беру.

46. Сөздік және сөздік емес қарым-қатынас құралдарын тәжірибеде қолдану және оларды іс-әрекет барысында дұрыс жаңғырту дағдысын қалыптастыру:

1) күнделікті өмірдегі айқын қимылдарды, қалыптарды, жесттерді үлгілеу (моделдеу): бер! көрсетпеймін!, кет! – қалың; жұқа тыңдау;

2) айқын қимылдар, жесттер мен қалыптарды сезіммен сәйкес мимикамен байланыстыра отырып қайталау: менің көңіл-күйім жоқ, мен саған риза емеспін, мен бәрінен мықтымын, маған жиіркенішті, мен саған жаным ашиды, мен сені жақсы көремін, мен сенсіз зерігіп кетемін;

3) тәжірибелік жағдайларда сөзсіз қатынас құралы арқылы көрсету (пантомимика): жесттер, қимылдар (шаңсорғышты пайдалану, күртені киемін, аяқ киімді киемін, құлақтарды сүртемін, доппен ойнаймын); сезімдер (мені мақтайды, жаңбыр жаууда, маған ұрсуда, маған екпе егейін деп жатыр); кәсіби әрекетті көрсету (мен балаларды оқытамын, мен адамдарды емдеймін, мен дүкеншімін);

4) жануарлар әрекетін көрсету. Асқақ адамның жүрісін салу (көрсету); аяқ киімі шақ емес адамның жүрісі, бірінші рет аяқ киім киген адамның жүрісі. Қарым-қатынасты орнату және қолдай білу дағдысын жетілдіру.

47. Сөйлеу интонациясын дамыту: сөздің таң қалу, зерігу, ренжу, кінәлі сезіну күй интонациясын бекіту. Рөл бойынша оқығанда кейіпкерлердің сезімін жеткізе отырып мәнерлеп оқу. Кейіпкерлердің сезімін сөздің дауыс ырғағымен және пантомимикалық

қозғалыстармен жеткізе отырып сюжетті көрсету.

48. Мәдениетті іс-әрекет дағдысын қалыптастыру:

1) мәдениетті тәртіптің дағдысының дамуы: көмекке шақыру туралы өтінішке (көтеру, апару, жылжыту);

2) баспалдақта, лифтте өзін ұстай білу;

3) өзге адамның затын рұқсатпен алу және қайтарып бергенде алғыс айту;

4) қонақта өзін ұстай білу,

5) басқа адамға көмек керек екенін байқау және көмек көрсету;

6) мектеп-интернатында өздігімен жүріп-тұрғанда өзін дұрыс ұстау;

7) мектепте ресми қонақтарды қабылдағанда өзін қалай ұстау керектігін білу.

Қалыпты көретін құрдастарымен, ата-аналармен, педагогтармен және т.б. адекватты қарым-қатынас жасау қабілеттерін қалыптастыру.

49. Көңіл-күйдің және мінездің жеке көріністерін мимика пантомимика құралдары арқылы түзету: әлеуметтік орта туғызатын мінездің сипатын анық бейнелей білу (шамшылдық, жиреншектік, өмірге құштарлық). Мінездің (ұждандылық, шамшылдық, өмірге құштарлық) сипатының моралдік сарапшылығы. Жиреншектік, шамшылдық, өмірге құштарлықты бейнелеу үшін ым-ишара мен жесттерді қолдану жаттығулары. Өзінің сезімдерін және оны сипаттауды талдау. Бас тарту мен қайғыру сезімдерін жеңе білу дағдыларын дамыту. Қозғалыс автоматизмін жеңе білуге жаттығулар.

50. 4-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) мимикалық және жесттік қозғалыстарды өздігімен үйлестіре білу;

2) адамның бет және денесін қабылдау алгоритімін өздігімен қолдану;

3) педагогтың көмегімен барельефтерде қуаныш, зар, күлкі, реніш, кінә, таң қалу эмоцияларын бейнелеу;

4) Семейскийдің аспабында беттің эмоциялық көріністерін бейнелеу;

5) ертегі және сюжетті әңгімелердегі кейіпкерлердің эмоциялық күйлерін анықтай білу;

6) намыс, жеркеніш, мұң, қызығушылық эмоциялық күйлерді мимикамен, жестпен, қалыптармен, айқын қимылдармен көрсету;

7) қуаныш, қайғы, ренжу, тыныштық, кінә, зерігу эмоциялық күйлерге сәйкес қуыршақтарда қалыптарды көрсету;

8) әлеуметте қолданылатын қабілеттерді эмоциялық көрсету;

9) кейіпкерлердің сезімдерін жеткізе отырып мәнерлеп оқу;

10) сөзсіз қарым-қатынасты қолдана отырып, күнделікті өмірде қолданатын қалыптасқан мәдени тәртіп дағдыларын пайдалана білу;

11) өзінің сезімін атай және сипаттай, ажырата отырып мақсатты түрде міндетті тексеруді орындау;

12) мұң, қайғы, қуаныш, таң қалу, зерігу эмоцияларын шынайы заттармен сәйкестендіру, рельефті бейнелерден тану.

6. Оқыту нәтижелері

51. Пәндік нәтижелер:

- 1) қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау дағдысын меңгеру және қызығушылық таныта;
- 2) еркін тәжірибелік жағдайда сөздік және сөздік емес қатынас құралын қолдана отырып мәдени тәртіпте қалыптасқан дағдыларды қолдана;
- 3) қарым-қатынас кезінде мимикалық және жест қимылдарын үйлестіре және дұрыс қолдана;
- 4) өзінің, әңгімелесушінің, әдеби шығарма кейіпкерлерінің сыртқы көріністерін және эмоциялық жағдайын сөзбен сипаттай білуі тиіс.

52. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) Отанға сүйіспеншілік таныту, Қазақстанның табиғи байлықтарына және рухани құндылықтарына мақтаныш сезімін көрсетуінен;
- 2) әртүрлі өмірлік жағдаяттар барысында қалыптасқан қарым-қатынас дағдыларын қолдануынан;
- 3) қоршаған адамдардың даусы, әрекеттерінің сыртқы көріністері бойынша және өзінің мінез-құлқын саралауға бағытталған өзіндік бақылау және адекватты бағалау әрекеті, мінез-құлықты өзіндік басқаруынан көрініс табады.

53. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) пән бойынша білімді жүйелі түрде меңгеру, оны өмірдегі әрекеттер барысында қолдана білуімен;
- 2) танымдық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін белсендіруімен;
- 3) дамыған коммуникативті қабілеттер мен тілдік мәдениетке ие болуымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 39-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 144-қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. «Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету» пәні бойынша оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету» пәні бойынша оқу бағдарламасы көру қабілетінің бұзылыстары бар (көрмейтін және нашар көретін) балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеудің коррекциялық бағытындағы негізгі пәндердің бірі болып табылады.

3. Сөйлеу тілінің барлық құрамдас бөліктерінің қалыптаспауы оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеруіне кедергі жасайды. Өйткені ауызша сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің дамымауы оқу мен жазу үдерістері барысында б а й қ а л а д ы .

4. Сөйлеу тілін дамыту дегеніміз – оқушылардың өз ойын ауызша және жазбаша түрде байланыстыра білу дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту мақсатында жүргізілетін кешенді жұмыс.

5. Көру қабілетінің бұзылыстары кезінде сөйлеу тілінің күрделі кемшіліктері болмағандықтан сөйлеу тілін және оның қызметтерін, құрылымын меңгеру дамуы қалыпты балалардағыдай болады. Дегенмен көру қабілетінің бұзылысы тілдік құралдарының дамуына, сөз бен бейненің арақатынасының ерекшелігіне, лексиканың мазмұнына, сөйлеу тілі дағдылары мен тілдік сезімталдығына кері әсер етеді.

6. Көру қабілеті бұзылған балалардағы қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес амалдарын көру арқылы бақылау мүмкіндіктері шектеулі. Сол себептен осы балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар дамуы қалыпты балаларға қарағанда екі есе жиі болады: сигматизм, ламбдацизм, ротацизм т.б.

7. Зағип және нашар көретін бастауыш мектеп оқушыларының арасында сөйлеу тілінің жалпы дамымауы жиі кездеседі. Көрмейтін және нашар көретін балалардың сөйлеу тілінің ерекшелігі ретінде вербализмді атап кетсек болады. Яғни сөздердің мағынасын жеткілікті емес түрде түсіну болып табылады. Вербализм өз кезегінде білімнің формалды, жаттанды болуына әкеліп соғады.

8. Ана тілінің сөздік қорының жинақталуы және грамматикалық құрылымның меңгерілуі байланыстыра сөйлеу тілінің дамуына әсер етеді. Көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін түсіну және меңгеру қалыпты даму заңдылығына бағынышты болады. Дер кезінде ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмысы сөйлеу тілінің дамуындағы тежелістерді жеңіп, қалыпты деңгейге жетуге мүмкіндік береді.

9. «Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету» пәнінің бағдарламасының мақсаты ретінде тілдік құралдарды қарым-қатынас үшін қолдану икемділіктерін қалыптастыру; қоршаған орта, адам, табиғат пен қоғам туралы түсініктерді толықтыру; аз уақытта әлеуметтенуге әсер ететін сөйлеу арқылы қарым-қатынас құру қажеттілігін туындату

1) тілдік нормаларға сәйкес дыбыс айтуды жетілдіру, айтылымдардың байланыстылығы мен реттілігін қалыптастыру;

2) фонематикалық қабылдау мен ауызша сөйлеу тілін есту арқылы талдау қабілетін дамыту ;

3) қоршаған орта туралы түсініктерді тереңдету арқылы балалардың сөйлеу әрекетін кеңейту мен белсенділендіру;

4) сөйлемдегі сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс қолдануға үйрету;

5) бейнелі сөздердің мағынасын жеткізу қабілетін дамыту;

6) ауызша сөйлеу тілін эмоционалды тұрғыдан қабылдауын дамыту;

7) балаларды ертегілер мен әңгімелерді, тақпақтарды тыңдауға, көркем шығарманың желісін қадағалауға үйрету;

8) сөздердің заттармен арақатынасын белгілеу. Жалпылама сөздердің қолдану дағдысын қалыптастыру ;

9) таным үдерістерін дамыту, шығармашылық белсенділігі мен өздігінен әрекеттену қызметін ояту ;

10) түрлі жағдаяттардағы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Курс мазмұны төмендегі тарауларға бөлінген:

фонематикалық есту қабілеті мен дыбыс айтуды дамыту;

сөздік қорды нақтылау және байыту;

сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;

байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

шығармашылық сөйлеу әрекеті.

11. Ұсынылатын лексикалық тақырыптар:

1) «Отбасы», «Адамның дене мүшелері», «Үй жануарлары және жабайы аңдар», «Көлік» (жерде, әуеде, суда жүретін), «Күз», «Жеміс-жидектер», «Бау-бақша», «Жыл құстары», «Мерекелік шырша», «Аналар күні», «Наурыз мейрамы», «Президент күні», «Жаңа жыл», «Менің қалам (ауылым)», «Менің Қазақстаным», «Апамның қымызы (құрты)», «Маған қыста не ұнайды?», «Көктем келді!», «Қазақстанның Елордасы–Астана қаласы», «Қазақстанның қалалары», «Табиғатты қорғайық!», «Қазақтың ұлттық ойыны: Асық ату», «Еңбек әрекеті», «Ғарыш», «Жол қозғалысы ережелері», «Менің досым», «Мен... ұқсағым келеді», «Менің өмірімдегі ең бақытты күн», «Жайлауда», «Бір жолы мен қатты ұялдым» және т. б.

12. Пәннің оқу жүктемесі:

кесте 1

	Сыныптар бойынша сағаттардың апталық саны	
--	---	--

№	Оқу пәні	0	1	2	3	4	Бір жылдағы шамалық жүктеме
1	Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету	2	2	2	2	2	68 сағат

13. Курстың барлық тараулары өзара байланысты. Түзету-педагогикалық жұмыста бұл тараулар өзара қиыстырылуы мүмкін. Соның нәтижесінде бір сабақта тараулар мен оқу әрекетінің үйлесуі болуы мүмкін. Мысалға, «Сөздік қорды нақтылау және байыту» тарауы «Қарым-қатынас дағдыларын дамыту» тарауының мазмұнымен байланысты болады.

14. Оқушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау:

1) бағдарламада «Сөйлеу тіліндегі жетіспеушіліктерді түзету» курсы бойынша оқытудың ішкі сапасын бағалау үшін оқушылардың жетістіктерінің жоспарлы нәтижелері анықталған;

2) пән бойынша бағалау балалардың сөйлеуін дамытуға ынталанатындай, нәтижелерін жақсартатындай, қарым-қатынастан қуаныш алатындай болып қолданылуы тиіс. Жетістікті бағалауда көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу қабілеттерінің дамуындағы жеке қарқынына сүйену қажет.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

15. Фонематикалық есту қабілеті мен дыбыс айтуды дамыту:

1) қарапайым дыбыстардың айтылуын нақтылау, оларды дұрыс айту дағдысын бекіту. [п], [т], [к], [ф], [в], [м] және т.б. сақталған дыбыстар күрделі буындық құрылымдарды фонематикалық қабылдау үшін тірек ретінде қолданылады. [с] дыбысының айтылуына ерекше көңіл аударылады. Себебі ол ысылдау дыбыстарының қалыптасуында базалық болып табылады. Оппозициялық дыбыстарды ([д] – [т], [в] – [ф], [б] – [п] т.б.) саралау;

2) қазақ тіліне тән [ғ], [қ], [ң], [ұ], [ү], [ө], [һ] дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру;

3) дыбыстарды ажырату дағдысын жетілдіру: тілдік және тілдік емес, дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке, ұяң және қатаң және т.б. Екі, үш, төрт дауыстылардан тұратын дыбыстар қатарын талдай білуге үйрету: кері буынды талдау мен жинақтау дағдысы: «ап»; сөздегі соңғы дауыссыз дыбысты ажырата алу, мысалы «қол»; дауыссыз дыбыстан кейінгі дауысты дыбысты белгілей алу; тура буындарды талдай және жинақтай алу, мысалы: «са», «па»; әртүрлі позициядағы дауыссыз дыбысты ажырата алу (қыз, адам, ыдыс); «бар, ара, қол» сияқты үш дыбыстан құралған сөздерді толықтай талдай алу дағдылары.

16. Сөздік қорды нақтылау мен байыту: кеңістікте орналасуды білдіретін көмекші сөздер мен септік жалғауларын меңгерту: үйлердің арасында мәшине келе жатыр. Орындықтың үстінде/орындықта бала отыр. Үстелдің астында мысық жатыр. Зат есімдер мен етістіктердің жекеше және көпше түрлерін қолдануды үйрету: гүл – гүлдер

, келе жатырмын – келе жатырмыз. Қарама-қарсы әрекеттердің мағынасын түсіндіру, оларды қолдануға үйрету: ашу – жабу, әкелу – апару. Кеңістіктегі қатынастарды білдіретін сөздерді түсінуін дамыту: алыс – жақын, адында – артында.

17. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) зат есімдерді кішірейту және еркелету жұрнақтарымен бірге қолдану. Жіктеу есімдіктерін ілік септікте қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, етістіктерді осы және өткен шақта қолдануға үйрету;

2) қарапайым жайылмалы сөйлемдерді құрастыру, негізгі түстер мен реңктерді атауда сын есімдерді пайдалану;

3) сын есімдерді зат есімдермен бірге қолдану. Зат есімдерді септік формаларында қолдану, сөйлемдерді бірыңғай мүшелерімен тарату, сөйлемдегі сөздер санын анықтау.

18. Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: әңгіме құрастыру: заттарды (жемістер, көкөністер, жан-жануарлар және т.б.) сипаттауға, желілі суреттер (суреттер топтамасы) бойынша әңгімелеуге, оқыған мәтіннің мазмұнын айтып беруге үйрету. Үлгі, жоспар, түсініктер, ұсынылған суреттер бойынша әңгімелеуге дағдыландыру.

19. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу. Жағдаяттарға байланысты әрекет етуді үйрену: дүкенде өзін ұстай білу; телефонмен сөйлесебілу; кешіккен жағдайда кешірім сұрай білу. Балаларды сұқбат барысында қарсы ой білдіруге, келісуге, басқа біреудің ойын теріске шығаруға немесе қолдауға үйрету. Оқу барысындағы қарым-қатынаста жаттығу: «Сабақ барысындағы әңгіме», «Үзіліс кезіндегі сұқбат», «Ұстазбен әңгіме», «Сыныптастармен сұқбат» және т.б. тақырыптар бойынша диалог құрастыру, «Мектеп» тақырыбында желілі-рөлдік ойын.

20. Дайындық сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) сөйлеу тілінің дыбыстық (фонетикалық) жағын дұрыс айта білу;

2) өзіндік сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолдана білу;

3) қарапайым сөзжасам дағдыларын меңгеру;

4) мәтіннің мазмұнын айту және заттарды сипаттай білу;

5) лексикалық тақырыптарды ашу үшін сөздік қорының жеткілікті болуы;

6) жай сөздердің фонемалық құрылымын ажырата білу, сөзге дыбыстық талдау жасай алу;

7) сөйлеу тілінде «Кім?», «Не?», «Қайда?» сұрақтарын қолдана алу;

8) қарым-қатынас барысында меңгерілген білімдерді қолдана білу.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

21. Фонематикалық есту қабілеті мен дыбыс айтуды дамыту:

1) [р], [л] ұяң дыбыстарын дұрыс айтуды автоматтандыру және бекіту;

2) [з-с], [ж-ш], [ч-щ], [д-т] акустикалық ұқсас дыбыстарды, ана тіліне тән [ғ], [қ], [ң]

, [ұ], [ү], [ө], [һ] дыбыстарын ажыратуды жетілдіру;

3) фонематикалық түсініктерді дамыту. Буындық құрамы әртүрлі сөздерді айтуға ж а т т ы қ т ы р у .

22. Сөздік қорды нақтылау мен байыту: сөзжасам дағдыларына үйрету: зат есімдерге кішірейту және еркелету жұрнақтарын жалғау (үй – үйшік, кітап – кітапша, Азат – Азатжан, Марал – Маралтай); сын есімдердің салыстырмалы шырайын жасау (дәмді – дәмдірек, әдемі – әдемілеу); етістіктерден зат есімді туындату (аялдау – аялдама, жазу – жазба); туынды сөздер құрау (құрылыс – құрылысшы, тұз – тұздау); а н т о н и м д е р д і м е н г е р т у .

23. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Етістіктерді әртүрлі шақта қолдануға үйрету. Зат есімді барлық септіктерде түрлендіру; зат есімге бірыңғай сын есімдер таңдау; заттардыңкеңістікте орналасуын белгілеу; сан есімдерді зат есім және сын есімдермен тіркестіру, септіктерде түрлендіру дағдыларын дамыту.

24. Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: әңгіме құрастыра білуге үйрету – мұғалімнің үлгісі, жоспары немесе өзінің түсінігі бойынша сипаттама беру. Сурет немесе желілі суреттер топтамасы негізінде әңгімелер құрастыруға үйрету. Әңгімелер мен ертегілерді мазмұндаудың амал-тәсілдерін үйрету. Әңгіме мазмұнын шығармашылық пен түрлендіру дағдысын дамыту (кейіпкерді алмастыру, басы мен аяғын өзгерту). Диалогты құру алгоритмімен таныстыру (әртүрлі интонацияда).

25. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу: мектеп ішінде өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру. Дау-дамай жағдайында тілдік және тілдік емес құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қарым-қатынаста бағдарлай алуын, жаңа жағдаятта сөйлеу стилін өздігінен табуға үйрету.

26. Шығармашылық сөйлеу әрекеті:

1) ертегілер мен әңгімелерді, өлеңдерді зейінімен тыңдау; санамақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтарды есте сақтау; көркем әдебиетке қызығушылығын ояту; көркем шығармаларды талдай білу;

2) туындылардың мазмұнына қатысты пікірін білдіру дағдысын қалыптастыру. Балалардың көркем сөйлеу тілін дамыту: тақпақтарды мәнерлеп оқуға үйрету;

3) қазақ халқының фольклорымен таныстыру; сөйлеуге ынталандыру.

27. 1-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) тілдік нормаларға сәйкес сөйлеу тілін фонетикалық және грамматикалық тұрғыдан дұрыс безендіре алу;

2) шығармашылықпен өз ойын білдіре алу;

3) әңгімелер құрастыру және оны мазмұндай алу;

4) көркем әдебиетке қызығушылықтың болуы;

5) өлеңдерді мәнерлеп оқи алу;

6) сөзжасам дағдыларын меңгеру;

7) сөйлеу тілінде лексикалық-грамматикалық категорияларды қолдану.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

28. Фонематикалық есту қабілеті мен дыбыс айтуды дамыту: дыбыстарды дұрыс айтуды бекіту, акустикалық ұқсас дыбыстарды ажыратуды жетілдіру, фонематикалық түсініктерді дамытуды жалғастыру. Буындық күрделілігі әртүрлі сөздерді айту дағдысын қ а л ы п т а с т ы р у .

29. Сөздік қорды нақтылау мен байыту:

1) қарата айтылған сөзді тыңдай білуін жетілдіру: заттар, әрекеттер мен сипаттарды а т а у ғ а ж а т т ы ғ у ;

2) сөздердің жалпылама мағынасын түсінуге үйрету;

3) сөзжасам дағдыларын қалыптастыру және бекіту: зат есімдерге кішірейту және еркелету жұрнақтарын жалғауға жаттықтыру;

4) сөздердің лексикалық мағынасын анықтау; мағынасы қарама-қарсы (антонимдер) және мағынасы бірдей (синонимдер) сөздерді қолдануға үйрету;

5) жұмбақтардағы бейнелік сипаттармаларды түсіне алуын қалыптастыру;

6) мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштардың мағынасын түсіндіру. Затты, әрекетті, сипатты білдіретін сөздерді қолдану;

7) өздігінен сөйлеу кезінде синоним, антоним, көп мағыналы сөздерді қолдануға ж а т т ы ғ у .

30. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру: әңгімелеуде жай және күрделі сөйлемдерді өздігінен қолдануды үйрету. Белгілі бір объектілерді атауда сөздерді түрлендіру дағдыларын қалыптастыру; зат есімдерге қатысты бірыңғай сын е с і м д е р д і т а ң д а у д ы ү й р е т у .

31. Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту:

1) бақылау мен зерттеулері және өзінің түсініктері бойынша әңгіме-сипаттамалар қ ұ р а с т ы р у д ы ү й р е т у ;

2) сурет немесе желілі суреттер топтамасы негізінде әңгіме құрастыра алуын ж е т і л д і р у ;

4) әңгімелер мен ертегілерді мазмұндаудың амал-тәсілдерін үйрету; шығармашылықпен әңгімелеп беру, өз тарапынан өзгерістер енгізу дағдыларын қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) әртүрлі интонациядағы диалогтық сөйлеу тілін дамыту;

6) ауызша сипаттауда сөз мағынасын түсіндіре білуге жаттықтыру;

7) сөйлемдерді тірек сөздердің (басында, содан кейін, себебі, сондықтан, сол себепті т.с.с.) көмегімен құрастыру біліктілігін дамыту; сөйлемдерді үлгі бойынша қ ұ р а с т ы р у ғ а ү й р е т у ;

8) мәтіндегі сөйлемдердің байланысын анықтау дағдысын қалыптастыру, мәтіннің тақырыбын өзара байланысты сөйлемдер арқылы анықтауға үйрету;

9) оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; мәтінді бастау

немесе аяқтау үлгісі бойынша қайта құрастыруға жаттықтыру. Мәтін бойынша
әңгімелесуге үйрету;

10) мәтінге қатысты берілген суреттерді сөзбен сипаттау; мәтіндердің мазмұнын
сұрақтардың көмегімен және онсыз айтып беру.

32. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу: кино, театр мен көлікте өзін ұстау
дағдыларын қалыптастыру. Дау-дамай жағдайында тілдік және тілдік емес құралдарды
қолдану дағдыларын дамыту. Қарым-қатынаста бағдарлай алуын, жаңа жағдаятта
сөйлеу стилін өздігінен таба алуын бекіту.

33. Шығармашылық сөйлеу әрекеті:

1) сұрақтар арқылы сөйлемдерді тарату, осы тәсілмен белгілі бір ойды жеткізуге
үйрету;

2) бірыңғай мүшелері бар (бастауыш, баяндауыш, анықтауыштар) сөйлемдерді
құрастыруға үйрету. Үлгі бойынша сипаттау - әңгімелерді құрастыруға үйрету;

3) мәтінді рөлдерге бөлу арқылы оқу дағдысын қалыптастыру; мәтінге қатысты
суреттерді ауызша сипаттау арқылы нақтылау. Мәтінді редакциялау, жұмбақтар мен
өтірік өлеңдерді ойдан шығару дағдыларын қалыптастыру. Оңай ұйқастар, санамақтар,
жұмбақтар, тақпақтар мен өлеңдерді жаттау.

34. 2-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) акустикалық тұрғыдан ұқсас дыбыстарды ажырата білу;

2) кішірейту және еркелету жұрнақтармен зат есімдерді тудыру;

3) сөздің құрамын өзгерте алу;

4) зат есіммен сын есімді және сан есімді тіркестіре алу;

5) бақылау негізінде сипаттау-әңгімелерді құрастыра алу;

6) сұқбат жүргізе алу;

7) сөйлеу әдебін қолдана алу;

8) сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді тарата білу;

9) мәтін бойынша сұрақтарға жауап бере алу;

10) мәнерлеп оқи алу;

11) санамақтар мен өлеңдерді жатқа айта білу.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

35. Фонематикалық есту қабілеті мен дыбыс айтуды дамыту: дыбыстардың дұрыс
айтылуын бекіту, акустикалық жағынан ұқсас дыбыстарды ажыратуды жетілдіру,
фонематикалық түсініктерді дамытуды жалғастыру. Буындық құрамы әртүрлі сөздерді
айту дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілінің интонациясы мен қарқынын ажырата алуын
дамыту.

36. Сөздік қорын нақтылау мен байыту:

1) сөзжасам құрылымына негізделе отырып, сөздердің мағынасын түсіндіруді

үйрету: футболдист – футбол ойнайтын спортсмен;

2) сөздердің лексикалық мағынасы туралы жалпы түсінікті қалыптастыру;

3) синоним сөздерді таңдау және оларды сөйлеу барысында қолдануға жаттығу:
сараң – қомағай, салақ – ұқыпсыз, лас адам;

4) сын есімдердің салыстырмалы шырайын жасай білу: жақсырақ, мейірімсіздеу, алыстау; күрделі және құрамдас сын есімдерді (қою қоңыр, аппақ, жап-жақсы, тым нашар) қолдануды үйрету;

5) тұрақты сөз тіркестерінің (жаны таза, басы алтын, ұяттан өлді) ауыспалы мағынасын түсіну, оларды түсіндіре білу дағдыларын дамыту;

6) жалпылама сөздердің мағынасын нақтылай білу;

7) грамматикалық категорияларды өзгертуге үйрету: би – биші – билеу – билету;

8) сөздердің мағынасын ашу мақсатында түсіндірмелі сөздікті қолдана алу;

9) жаңа сөздердің мағынасын өздігінен талдау дағдысын дамыту.

37. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) белсенді сөздік қорындағы барлық сөздердің грамматикасын дұрыс қолдана білуін жетілдіру;

2) әртүрлі нұсқада әңгімелеуде жай және құрмалас сөйлемдерді өздігінен қолдануға үйретуді жалғастыру. Зат есіммен сын есімнің және сан есімнің түрлі категорияларын тіркестіріп, қолдану дағдысын бекіту. Сөйлемдегі сөздердің арасындағы байланысты анықтауға үйрету. Етістіктерді бірнеше шақта қолдану дағдысын қалыптастыру;

3) заттардың кеңістікте орналасуын белгілеу мақсатында септіктер мен көмекші сөздерді қолдануға жаттығу; жіктеу есімдіктерін ілік септігінде қолдануға жаттығу;

4) сөйлеу тілін сын есімдермен толықтырып, түрлендіру;

5) сөйлеу барысында жалпылама сөздерді қолдана білуін бекіту.

38. Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту:

1) бақылау мен елестету бойынша әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру;

2) сурет немесе желілі суреттер топтамасы негізінде әңгімелерді құрастыра білуін дамыту; тірек сөздерді қолдана отырып, сипаттау-әңгіме құрастыру;

3) әңгіме мен сұқбат шарттарын қабылдай білуін қалыптастыру; мәтіндерді тыңдау, түсіну және қайталау дағдыларын бекіту; тілдің бейнелеу-мәнерлі тәсілдерін (салыстыру, эпитеттер) қолдануға үйрету;

4) оқығаны туралы қорытынды жасау, шығарманың кейіпкерлеріне мінездеме беру, олардың іс-әрекеттерін бағалау біліктілігін дамыту;

5) жауап беру кезінде байланыстыра сөйлеуін дамыту;

6) талқылаулар мен пікірталастарға қатысуын ынталандыру. Мәтінді бөліктерге бөлу, оларға тақырып қоюға үйрету.

39. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу:

1) сөйлеу этикеті бойынша сөздерді қолдануға жаттығу;

2) қарым-қатынас түріне сәйкес сөйлеу тілі дағдыларын дамыту. Жағдаятқа

байланысты қарым-қатынас құру біліктілігін дамыту: пікірталас, дау-дамай, кездесуге байланысты қуаныш, телефон арқылы сөйлесу, ресми кездесу. Қашықтықтан қарым-қатынас құруға үйрету: хат пен жеделхат жазу, ғаламтор арқылы қарым-қатынас о р н а т у ;

3) сөйлеу тілінің көмегімен басқа адамға әсер ету дағдысын дамыту.

40. Шығармашылық сөйлеу әрекеті:

1) мәнерлеп оқуға жаттығу;

2) интонацияны өзгерте алуын дамыту. Мәтінді талдау дағдысын қалыптастыру.

Сипаттау және баяндаумәтіндерін редакциялау бойынша жұмысты жалғастыру;

3) ертегілер мен қысқаша оқиғаларды ойдан шығаруға жаттығу. Сөйлеу тілінің стильдерімен (ауызекі сөйлеу мен кітап) таныстыру. Сұқбатты жүргізе алуын дамыту;

4) монологты сөйлеу біліктілігін қалыптастыру. Көру қабылдауы негізінде өз сезімдерін сөзбен жеткізе алуға үйрету. Тірек сөздер мен жоспар бойынша мәтін құрастыруға үйретуді жалғастыру;

5) желілі сурет пен желілі суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру. Өздігінен мәтінге тақырып қою біліктілігін дамыту;

6) басталған мәтінді жалғастыру, соңын аяқтау, шатасқан мәтіндерді түзете алуға үйрету. Мәтіннің жоспарын сұраулы сөйлем түрінде құрастырып үйрету. Оқылған мәтіннің мазмұнын ауызша айтып беру дағдысын жетілдіру;

7) өлеңдерді мәнерлеп оқу, жұмбақтар мен әңгімелерді ойдан шығаруды үйрету.

41. 3-сынып оқушысының білім деңгейіне қойылатын талаптар:

1) сөзжасам құрылымына негізделе отырып, мағыналарын түсіндіре алу;

2) сын есімдердің салыстырмалы шырайын жасай алу;

3) грамматикалық категорияларды өзгерте алу;

4) әңгімелеуде жай және құрмалас сөйлемдерді өздігінен қолдана білу;

5) етістіктерді әртүрлі шақтарда қолдана алу;

6) есімдіктердің барлық категорияларын қолдана білу;

7) тірек сөздерді қолдана отыра сипаттау-әңгімелерін құрастыра алу;

8) мәтінге тақырып қоя білу;

9) желілі сурет пен желілі суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыра білу;

10) сөйлеу тілінің ауызекі және кітап стильдерін ажырата алу.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

42. Фонематикалық есту қабілеті мен дыбыс айтуды дамыту: дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту, акустикалық жағынан ұқсас дыбыстарды ажыратуды жетілдіру, фонематикалық түсініктерді дамытуды жалғастыру. Буындық күрделігі әртүрлі сөздерді айту дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Сөйлеу тілінің интонациясы мен қарқынын ажырата білуді дамыту.

43. Сөздік қорды нақтылау мен байыту:

1) заттар, іс-әрекеттер және т.б. атауларды қосу арқылы сөздік қорды кеңейтуді, сөйлеу әрекетін белсенділендіруді жалғастыру. Жұмбақтар мен өтірік өлеңдер құрамындағы бейнелік ұғымдарды түсінуін әрі қарай дамыту;

2) жаңылтпаштар мен мақал-мәтілдердің мағынасын түсіндіре алу біліктілігін бекіту ;

3) сөздердің лексикалық, тура және ауыспалы мағыналарын анықтау мақсатында «Түсіндірмелі сөздікті» қолдануға үйретуді жалғастыру;

3) бір және көп мағыналы сөздерді, өзге тілден енген сөздерді (пальто, кино және т.б.) өздігінен қолдануға жаттығу;

4) шығармалардағы кейіпкерлерге мінездеме беру үшін сын есімдерді таңдай білуін дамыту: Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі (Асан мен Үсенді сипаттаңдар, олар қандай балалар екен?);

5) көне және жаңа сөздермен (архаизмдер мен неологизмдер) таныстыру, олардың лексикалық мағынасын түсіндіру.

44. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) қатесі бар мәтінмен жұмыс жасау, ондағы сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан жөндеуге үйретуді жалғастыру. Пікір білдіру, пайымдау, тезистер мен қорытынды мәтіндерді құрастыруды үйрету. Белсенді сөздік қорындағы барлық сөздердің грамматикасын дұрыс қолдана білуге үйретуді жалғастыру;

2) таныс сөздердің жаңа формаларын байқау: тігу – тігін – тігінші – тігілген; сөйлеу тілінде зат есімдерді әртүрлі тұлғаларда қолдану: жалпы немесе жалқы, жанды немесе жансыз және т.с.с. Кейбір қайталанатын сөздерді есімдіктермен және синонимдермен алмастыру дағдысын бекіту ;

3) етістіктерді осы, өткен және келер шақтарда қолдануға жаттықтыру.

4) сөйлеу мен қарым-қатынас барысында бірыңғай зат есімдер, сын есімдер мен етістіктерді қолдану дағдысын бекіту;

5) мәтіннің түрін (пайымдау, баяндау, сипаттау және т.б.) анықтауға жаттықтыру. Сөйлемдерді әртүрлі формаларда құрастыруға үйретуді жалғастыру: себеп, салдар, қалау, шарт мағыналарын білдіретін құрмалас сабақтас сөйлемдер. Сипаттауға қажет сөз таптарын таңдау дағдысын бекіту.

45. Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту:

1) ауызекі сөйлеу тілін анықтауды, сұқбатты ары қарай жалғастыра білуін дамыту;

2) мәнерлеп оқу, сөйлеу тілінің интонациясын өзгерту біліктілігін бекіту;

3) мәтінді шығармашылықпен өзгерту дағдыларын жалғастыру: толықтыру, аяқтау, тірек сөздердің көмегімен өзгерістер енгізу, берілген бастама бойынша жалғастыру;

4) ауызша және жазбаша шығармаларында тілдің бейнелеу-мәнерлі тәсілдерін (салыстыру, эпитеттер, метафоралар) қолдану дағдыларын дамыту;

5) мәтінді бөліктерге бөлу, оларға тақырып қоюға, оқығанын өздігінен бағалауға

ж а т т ы ғ у ;

б) суреттерді ауызша және жазбаша сипаттау біліктілігін бекіту. Бір-біріне сұрақтар қойып, оларға жауап беру дағдыларын дамыту.

46. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу:

1) достарымен қарым-қатынас құру ережелерін талқылау; қарым-қатынас этикасы туралы білімдерін толықтыру: тыңдаушы ретінде не істеу керек, әңгімелесушіні қалай тыңдау жөн? Қонақ күту дәстүріне сәйкес сөйлеу іс-әрекетін ұйымдастыру: амандық-саулық сұрастыру, сый-құрмет көрсету.

2) сөйлеу тілінің этикет дағдыларын дамытуды жалғастыру: күлімсіреу, кешірім сұрау, сыпайы түрде өтіну. Өзінің қарым-қатынас дағдыларын талдауды үйретуді жалғастыру, жаман әдеттерден арылу қажеттілігін талқылау; әртүрлі көзқарастар және әркімнің өз пікірі болуы мүмкін екендігін мойындау.

47. Шығармашылық сөйлеу әрекеті:

1) әңгімені аяқтау біліктілігін бекіту: халық ауыз әдебиетінің туындысы – «Ер Тарғын» ертегісінің аяғын ойлап шығару. Мәтіннің стилін анықтау және дәлелдеуге жаттығу: сипаттау мәтіні, ой пайымдау мәтіні. Тірек сөздер мен сұрақтар бойынша мәтінді ойлап шығаруға жаттығу: Басында не болды? Содан кейін не болды? Оқиға немен аяқталды? Қателері бар мәтінді редакциялау бойынша жаттығу;

2) шығарма үзінділерін драматизациялауға жаттығу. Ақпараттық жанрдағы (хабарлау, очерк, ақпараттық жазба, оқиға орнынан репортаж, спорт жаңалықтары, фельетон т.с.с.) мәтінмен танысу; ғылыми мәтінін ақпараттық мәтінінен ажырату; оқылған немесе тыңдалған мәтін бойынша тезис құрастыру.

48. 4-сынып оқушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) сөйлеу тілінің интонациясы мен қарқынын ажырата білу;

2) сөйлеу тіліндегі бейнелі сөйлемдерді түсіну;

3) жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдердің мағынасын өз сөзімен аша білу;

4) «Түсіндірмелі сөздікті» қолдана білу;

5) шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беруде сын есімдерді таңдай алу;

6) сөздердің жаңа формаларын дұрыс қолдана алу;

7) қайталанатын сөздерді есімдіктермен, синонимдермен алмастыру;

8) мәтіннің түрін анықтау: ой пайымдау, баяндау, сипаттау;

9) мәтінді шығармашылықпен өзгерту: толықтыру, аяқтау;

10) ақпараттық жанр туралы түсініктің болуы.

7. Оқытудың нәтижелері

49. Пәндік нәтижелер:

1) акустикалық жағынан ұқсас дыбыстарды ажыратуы, айтай;

2) ауызша сөйлеу тілін есту арқылы талдай;

- 3) ауызша сөйлеу тілін эмоционалды тұрғыдан қабыладай;
- 4) сөйлеу тілінде бейнелік-мәнерлі ұғымдарды қолдана;
- 5) сөйлемдерді грамматикалық жағынан дұрыс құрастыра;
- 6) сөйлеу тілін шығармашылықпен байыта;
- 7) қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын қолдана;
- 8) сөйлеу әрекетін белсендіру және қарым-қатынас аймағын кеңейте;
- 9) сөйлеу тілі дағдылары мен тілдік сезімталдық қасиеттерін меңгере;
- 10) қарым-қатынас этикеті ережелерін сақтай білуі тиіс.

50. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) әртүрлі өмірлік жағдаяттар барысында қалыптасқан қарым-қатынас дағдыларын қолдануынан;
- 2) әрекеттің барлық түрлерінде мүмкіндіктерді кеңейте отырып, дамудағы жетіспеушіліктердің орнын толтыруынан;
- 3) адами қарым-қатынастың көрінісі ретінде әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалауынан;
- 4) айналадағы адамдарға қызығушылық білдіріп, олармен қарым-қатынас орнату дағдыларын меңгеруінен;
- 5) қазақ халқының әдет-ғұрпымен, фольклорымен танысу арқылы рухани құндылықтарды бойына сіңіруінен;
- 6) қоғамға үйлесімді түрде әлеуметтенуінен көрініс табады.

51. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) пән бойынша білімді жүйелі түрде меңгеру, оны өмірдегі әрекеттер барысында қолдана білуімен;
- 2) танымдық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін белсендіруімен;
- 3) дамыған коммуникативті қабілеттер мен тілдік мәдениетке ие болуымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 40-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына 145-қосымша

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған мектептің негізгі құрамына - тұтықпа, ринолалия, дизартрия, алалия, жалпы сөйлеу тілі дамымуы кездесетін балалар ж а т а д ы .

3. Сөйлеу тіл бұзылыстары бар балаларға арналған мектептердің типтік оқу жоспарына «Түзету ырғағы» арнайы пәнін енгізу, қимыл-қозғалысты сөйлеу мен әнмен сәйкестендіру, қимыл аясын дамыту мен түзетуді, сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың интеллектуалды және сенсорлы мүмкіндіктерін түзете отырып, сөйлеу тіл бұзылыстарын жою және қорытындылай келе осы оқушылардың әлеуметтік ортаға е н г і з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. «Түзету ырғағы» пәнінің нысаны болып сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған мектептерде негізгі бұзылыстарды, ішкі және сыртқы ортаға бейімделу м е х а н и з м д е р і н қ а л ы п т а с т ы р у .

5. Түзету ырғағының салаларының негізгі міндеттері:
1) с а у ы қ т ы р у :
сүйек- бұлшықет аппаратын қатайту;
жүрек қантамырлары мен тыныс алуын дамыту;
дененің дұрыс мүсіні мен жүрісін, қозғалыстың дұрыстығын қалыптастыру;
балалардың психикалық жағдайын сақтай отырып, нығайту және екінші эмоциялық б ұ з ы л ы с т ы ң а л д ы н а л у ;

2) о қ ы т у :
қимыл-қозғалыс ритмика біліктерін қалыптастыру және қимылдың үйлесімділігін қ о с у ;
теориялық білім жүйесіне метроырғақ, музыкалық мәдениет, әуенді қабылдау мен ә с е р і н қ о с а қ а л ы п т а с т ы р у ;

3) т ә р б и е л е у :
жағымды жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;
ортаға бейімделуін дамыту;
ережелерге бағынуын қалыптастыру;
эстетикалық талғамын қалыптастыру;
іскерлік және шығармашылық коммуникацияларын және ұжым ортасын қ а л ы п т а с т ы р у ;

4) тү з е т у ж ә н е д а м ы т у :
сөзсіз функцияларын түзету және дамыту (кеңістікті және уақытты бағдарлау, жоғарғы п с и х и к а л ы қ ф у н к ц и я л а р) ;

сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамыту (дыбыс айту, грамматика, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу тілі);
просодикалық екпін мен мәнерлігін дамыту;
монологтық және диалогтық сөйлеу түрлерін дамыту және түзету.

6. Бағдарлама құрылымына екі негізгі жұмыс топтамалары кіреді:

1) жалпы ырғақты қозғалыстар (түрлі қадам түрлерін үйрену, айқастыру, түрлі қозғалыс түрлерін кезектестіру, гимнастикалық заттармен жұмыс, бағдарлау мен назар аударуды дамытуға арналған жаттығулар), жалпы дамытушы ырғақты-гимнастикалық жаттығулар (қозғалыс аппаратын нығайту, дамыту және түзету, дыбысталу сипаты, екпіні, күші және биіктігіне сәйкес ырғақ сезімін, қозғалыс екпінін жетілдіруге арналған жаттығулар), би және басқа музыка-ырғақ жаттығулары (ұлттық және заманауи би, билеу-өлеңдер қозғалыстарын үйрену, музыканы тыңдау мен талдау, ырғақтарды тықылдату мен шапалақтау, даңғырлатып ойнайтын оркестрде ойнау);

2) психогимнастика элементтері бар сөйлеу ырғағы, оральды праксисты дамытуға арналған жаттығулар (сөйлеу дыбыстарының бейнелерін айқындау, дыбыстау машықтарын бекіту), просодика (дыбыс биіктігі мен дауыс күшін, логикалық екпінді, дауыс ырғағын, сөйлеу демалуын дамытуға арналған жаттығулар), ұсақ моторика (саусақ гимнастикасы, массаж және өз өзіне массаж жасау, саусақ театры элементтері бар жаттығулар), психогимнастика (эмоцияларды, оларға сәйкес ым-ишара мен пантомимиканы дамытуға арналған жаттығулар, босаңсу жаттығулары, аутотренингтер)

7. Соматикалық жағдайының ерекшеліктерін, оқушылардың физикалық әлсіздігін ескере отырып, түзету ырғағы педагогы тәртіпті ауыстырып отырады: сабақта жұмыспен демалысты кезектестіреді.

8. «Түзету ырғағы» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі мектептегі бастапқы кезеңі типтік оқу жоспарымен сәйкес құрастырылады:

- 1) дайындық сыныбы - аптасына бір сағат, барлығы - 33 сағат;
- 2) бірінші сынып – аптасына бір сағат, барлығы - 33 сағат;
- 3) екінші сынып – аптасына бір сағат, барлығы - 34 сағат;
- 4) үшінші сынып – аптасына бір сағат, барлығы - 34 сағат;
- 5) төртінші сынып – аптасына бір сағат, барлығы - 34 сағат.

9. Түзету ырғағы пәні дене шынықтыру мен музыка сабақтарымен, басқа да оқу және түзету пәндердің мазмұнымен тығыз байланысты:

1) «Дене шынықтыру»: негізгі қимылдарды (сермеу, иілу, тербелу...) дене шынықтыру бағдарламасымен сәйкес музыка мен сөйлеу тіліне сәйкестендіру;

2) «Ән айту мен музыка»: тыныс алу-дыбыс айту және артикуляциялық аппаратының қолданылатын музыкалық материалына сәйкестендіру;

3) «Қазақ тілі», «Орыс тілі»: қазақ және орыс тілдерінде өлең сөздерін жаттау кезінде сөздік қорын молайту, қазақша өлеңдерді айту кезінде осы тілде бұзылған

дыбыстармен түзету жұмыстарын жасау;

4) «Қоршаған ортаны тану»: өмірлік тәжірибені, музыкалық туындымен жұмыс жасау кезінде саяхат материалдарын, табиғат бейнесімен сәйкестендіру, әнде кездесетін жерлердің және жануарлардың аттарын қоршаған ортамен байланыстыру;

5) «Математика»: қимыл кезіндегі математикадағы қарапайым түсініктерді, біліктерді қолдану (жоғары және төменірек секіру, кадам, кең және тар...), музыкалық туындының ритмикалық суретін құрастыру (метр, ырғақ, такт, буындардың саны, шум ақтардың саны және т.б.).

10. Жұмыс бағдарламасының жаңашылдығы мыналардан:

1) «Түзету ырғағы» пәнін инвариантты құрамадан мектеп-интернаттың түзету жұмысының бөлігіне қосылуынан (үлгілік оқу жоспары);

2) Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес оқушылар дайындығының деңгейін бағалаудың жаңа тәсілдемесінен құралады.

11. Сабақтарда оқушыларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу екі негізгі бағыт бойынша бір уақытта жүргізіледі:

1) сөйлеуге жатпайтын (бірақ сөйлеудің психологиялық базасын құрайтын) үдерістерді дамыту, тәрбиелеу және түзету, атап айтсақ: есту зейіні, есту жады, оптика-кеңістіктік көрініс, көру бағдары, қозғалыстар координациясы, қозғалыс екпіні мен ырғағын сезіну; тұлға мен мінезді қайта тәрбиелеу;

2) сөйлеу қабілетін дамыту және сөйлеу кемістіктерін түзету, атап айтсақ: екпінді, демалу мен дауыс, оральды праксис, просодика, фонематикалық есту қабілеті ырғағын тәрбиелеу.

12. Түзету ырғағы бағдарламасы екі бөлімнен тұрады:

1) жалпы қозғалыс ырғағы және оның бөліктері:
ырғақты жаттығу;

жалпы дамыту жаттығулары (ырғақты-гимнастикалық);
би және басқа әуенді ырғақты жаттығулар;

2) психогимнастикалық бөлшектері бар сөйлеу ырғағы және оның бөліктері:
оральді праксис және фонематикалық жаттығулар;

просодикалық жаттығулар;

ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар;

психогимнастиканың элементтері.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

13. Жалпы қозғалыстар ырғағы:

1) ырғақты жаттығу. Шеңбер, жартылай шеңбер жасау. Кеуде алдында қолды бұғу мен қайта түзету, кезектесіп және марштық жүріс пен жай жүріс кезінде бірге қолмен

айналмалы қозғалыстар жасау. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. «Паровоз» қозғалысы. Бытыраңқы, жұппен, бір бірден ритмикалық жүгіріс. Орнында тұрып және жүру кезінде 2 қатарға түзелу. Аяқ ұшымен, табанымен, сыртқы және ішкі табан беттерімен қ а д а м д а у ;

2) жалпы дамыту ырғақты-гимнастикалық жаттығулар. Заттарсыз және заттармен (жалауша, айналма шеңбер, таяқтар, доптар) алдыға-артқа-жоғары қолдарды қозғалту – тұрып, еденде отырып, орындықта отырып. Амплитуданы бірте бірте жоғарылатумен қол серпулері. Өз алдында және артында шапалақ ұру. Қолдармен айналмалы қозғалыстар, бір уақытта аяқ ұшына тұрып қолдарды көтеру мен түсіру. Орындық артынан қолмен ұстап отырып тұру. Дәл соны тірексіз. Жалаушамен, айналма шеңбермен, таяқпен отырып тұру. Аяқтың ұшын кезектесіп алдыға және сыртқа шығару. Тізе астынан шапалақ ұрып, бүгілген сол және оң аяқтарды кезектесіп көтеру, тізені қолмен, таяқпен, айналма шеңбермен құшақтау. Аяқ ұшына тұру. Оңға, солға бұрылулар – аяқ бірге, еденде отырып. Алдыға, артқа, бүйір жақтарға еңкею (аяқ ұшына қолмен жету). Заттарды өз алдына, бүйір жақтарына қою, сол заттарға жету. Жатқан жағдайдан тік аяқтарды өз алдынан кезектесіп көтеру және түсіру. Арқаны түзетуге арналған жаттығу. «Тізде жатқан» жағдайдан, қолмен еденге тіреліп, аяқты түзетіп, қолды жерден алмай тұру. Заттар арасында еденмен еркін еңбектеу;

3) би және басқа музыка-ырғақты жаттығулар. Музыкалық аспап дыбысталуын қабылдау (рояль, металлофон, дабыл, домбыра, керней, қобыз). Музыкалық туындының басталуы мен аяқталуын қабылдау: музыка басталысымен орындау қадам басу, аяқталумен – тоқтау және шапалақ ұру. Музыканың бірқалыпты және тез екпіндерін қозғалыспен жеткізу. Екі- және үш буынды әуезде екпінге (1 буын) шапалақ ұру. Күшті және әлсіз буындарды жеткізу үшін ырғақты көріністі жаңғырту үшін дабылды, дауылпазды, домбыраны пайдалану. Қозғалысты көріністен кейін бірден бастау. Еліктеу бойынша қозғалыстарды жеке және ұжымдық орындау. Би элементтерімен танысу. Жай жүріс. Жартылай аяқ ұштарымен жүгіру. Шоқырақ қадам (баяу, шапшаң). Жерді ақырын тебу. Иық арқылы айналу. Аяқтардың классикалық позициялары: № 1 және № 2. Қазақ ұлттық бидің элементтері: өкшеден және 1 позициядан сыртқа қадам басу, қолдар позициясы «Сәлем». Билеу.

14. С ө й л е у ы р ғ а ғ ы :

1) оральды праксисты дамыту. Артикуляция ағзаларын атау мен табу. Еріннің айналмалы бұлшық етінің, тіл, тіл асты бұлшық еттерінің ырғақтындырылған артикуляциялық тренингы. Қозғалыс қалыптарын кезектестіру (екі-төрт қозғалыс тізбегі) – есеп бойынша және музыкамен. Дауыстылар қатарын дыбыссыз және дыбыстап а й т у ;

2) просодиялық жаттығулар. Бірқалыпты ұзақ ауыз дем шығаруды үйрену. Буындар санын өсірумен, көрсету ым-ишараларымен, жер тебумен, шапалақ ұрумен және басқа жалпы қозғалыстармен бірге - бір дауыссызбен дауыстыларды кезектесумен, бір

дауыстымен дауыссыздарды кезектесумен тікелей ашық буындар тізбегін дыбыстау. Дыбысталатын дауыссыздар кезектілігі: с, з, сь, зь, м, н, мь, нь, ль, дифтонгтар (иотирленген дауыстылар). Орындалатын ырғақтар кезектілігі: белгіленген екпіні жоқ екі буынды ырғақ, екпін бірінші буынға, екінші буынға түсетін екі буынды ырғақтар, бір буынды ырғақтар, жабық буын. Буын ырғақты сұлбаға сөздер таңдау. Сөйлеу дыбысының көзін, күш пен жоғарылық бойынша сөйлеу дыбыстарының айырмашылықтарын анықтау. Дыбыс бағыты;

3) ұсақ моторикаға арналған жаттығулар. Қолдарды жұдырыққа жұму, жұдырықтарды ашу. Белгі бойынша санауға параллель тік сызықтар сызу. Саусақтарды ырғақты, үлкенмен кезектесіп, мәтін бойынша біріктіру. Саусақтарды жұдырықтан кезектесіп шығару, мәтін бойынша – өлеңдетіп. «Қуырмаш», «Сұр қоян» мазақтау-өлеңдері. Тағайындалу бойынша саусақтарды табу;

4) психогимнастика элементтері. Жалпы бұлшық еттің қалыптасу сезіміне этюдтер. Қуанышты, қайғыны бейнелеуге арналған этюдтер. Қуаныш пен қайғының мимикалық және пантомимикалық қалыптарын көрсету. Мимика мен патомимика бойынша эмоцияларды анықтау. Рахаттану эмоциясы. Балаларда босансу сезімін шиеленіс сезімімен бірге қалыптастыру (назарды демалу үдерісіне аударусыз). Шиеленіспен біріктірмей психологиялық бұлшық ет жаттығуы. Релаксациялық жаттығулар. Демалу үдерісіне назар аударып, шиеленіс пен босансу қалыптасуының этюдтары. Нұсқаулық бойынша босансу. Жануарлар кейпінде қозғалу. Күтпеген қуанышты бейнелеуге арналған этюдтар. Өнер бастамасын дамыту.

15. Сөздік материал:

1) негізгі: ырғақ сабағы, доп, дабыл, дауылпаз, қадам, жерді тебу, шапалақ, алдыға, артқа (артқы жақта), шапшаң, баяу, қатты, ақырын, оңға, солға, үстіге, төменге, бұрылыс, еңкею, айналу, үстіңгі ерің, төменгі ерің, тіл, тістер, қуаныш, қайғы сезімі;

2) қосымша: ырғақты, жай қадам, жартылай аяқ ұштарымен қадам басу, бірінші позиция, сап, қатар, саусақ, дене бөліктерінің аттары, мимика, пантомимика, пианино, домбыра, дабыл, дауылпаз.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

16. Жалпы қозғалыстар ырғағы:

1) ырғақты жаттығу. Бір қалыпты үлкен адымдап жүру. Берілген екпінде жеңіл ырғақты жүгіріс. Музыка өзгерісімен қозғалыс екпінін ауыстыру. «Жылан» жүріс пен жүгіріс (қолмен ұстамдай). Мұғалім тапсырмасы бойынша қозғалыс бағытын өзгерту. Сапта бір бірден жүру, ара қашықтықты сақтап 2, 3. Жүріс пен жүгірісті біріктіріп, нұсқаулық бойынша бір-екі тапсырманы орындау (айналып жүгіру, заттарды жинау, орын ауыстырып қою және т.б.). Шеңберге сап түзеу және денені бұрумен шеңбер бойымен жүру. Белме бұрыштарындағы айқын бұрылумен қабырға бойымен жүру.

Бөлменің орта сызығы бойымен жүру. Сапта орын табу (бой бойынша);

2) жалпы дамытушы ырғақ-гимнастикалық жаттығулар. Қолдарды көтеру мен сермеу. Қолдарды алдыға, арқа артына жинау. Еркін тербелістер, өзінің алдына, басының үстіне шапалақ ұру. Ленталармен қозғалыс. Тізені бүкпей, аяқ ұштарына жетіп еңкеюлер. Заттарды бір біріне берумен, қолдарды белге ауыстырумен бұрылу:

аяқтарды кезектесіп аяқ ұшын алдыға, шетке, артқа шығару. Жартылай отыру, тұру, тізде аяқты бұгу мен қайта түзету. Қабырғада оған табанмен, жамбаспен, жауырынмен, баспен тиіп тұру. Түзелеп отырып, еденге еңкею. Түзерлеп тұрып, еденге сүйеніп, қ о л м е н о ң ғ а , с о л ғ а а у ы с у .

3) би және басқа музыкалық-ырғақты жаттығулар. Қозғалыс екпіндерін музыка екпіндеріне сәйкестендіруге арналған жаттығулар. Ырғақты шапалақтау, тықылдату, қозғалысты музыка бітісімен аяқтау, музыка бойынша ырғақты секірістер, қозғалыс бағытын музыкалық тақпақ ауысуымен ауыстыру, музыкадағы түрлі сипаттар. Көңілсіз - көңілді, созылыңқы - үздік, тегіс-секірмелі. Музыка сипаты өзгеруімен ілеспе қозғалысты өзгерту (шапалақтар, жерді тебу, секіру). Сөз белгісі бойынша қозғалысты тоқтату. Бір затпен музыкаға үлгі бойынша жаттығулар тізбегін орындау. Музыка бойынша сөз белгісімен заттарды бір біріне беру, дөңгелету, лақтыру және ұстауға арналған жаттығулар. Көру зейінің дамытуға арналған жаттығулар (көру белгісі бойынша тоқтау). Алдын ала сөз нұсқаулығы бойынша әрекеттер қатарын орындау. Балаларға арналған музыкалық пьесаларды тыңдау мен ажырату.

17 . С ө й л е у ы р ғ а ғ ы :

1) оральды праксисты дамыту. Артикуляциялық тренинг (қол қозғалыстарымен бірге тілді үстіге көтеруге арналған жаттығулар (дыбыстарды дыбыстамай) жабысыңқы дауыссыз дыбыстар материалында – жарылысты және аффрикатты. Жабысыңқы дауыссыздарды тез қозғалыстармен үйлестіріп айту (алға қарай қозғалыстар, жер тебу, еңкеюлер). Ұяң-көмескі, қатты-жұмсақ дауыссыздарды кезектестіру;

2) просодиялық жаттығулар. Сөздердегі, екі буынды сөздерде екі буынды ырғақ. Орында марштық жүріспен үйлесімде екі буынды ырғаққа шапалақ ұру, жер тебу. Отырған жағдайдан түрлі еңкеюлермен бірге ызың дауыссызды ашық буындарды айту (екпін түсетін буынды көбірек дыбыстау). Екі буынды ырғақты өлеңде және музыкадағы екі бөлімді мөлшерге қатыстыру. Екпінді акцентты буын мен бөлімді ерекшелеу. Дауыс күшін өзгертуге арналған жаттығулар, сөйлеу төмен диафрагмалық демалуды үйрену бойынша жаттығулар (1 ырғақты дем алу, дем шығару – 2, 3, 4 ырғақ) . Үзілістер, дененің бір қалыпты қозғалысымен бірге бір дем шығаруда фраза бөлігін айту. Буын қатарларында, жаңылтпаштарда екпінді күшейту, акцентпен және акцентсіз. Ұсақ моторикаға арналған жаттығулар. Екпінді төмендету және күшейтумен жиектерді бірге жазу, бұралымдар, домалақтар, жіңішке сызықтар салу. Қол буындарын өздігінен ұқалау. Саусақтардың түрлі бірігулері мен ажыратулар. Саусақ атаулары және ұсақ қ о з ғ а л ы с т а р б а р с а н а м а қ т а р ;

3) психогимнастика элементтері. Тітіркенуді әлсіретуге арналған ойындар. Тыныштық жағдайға сену формулаларын, дұрыс сөйлеу формулаларын ендіру (сөйлеу ережелерін өңдеу). Босаңсуға арналған жаңа жаттығулар. Таңқалу эмоциялары (бейнені таңу), қуаныш, қайғы, қаңқалу эмоцияларын кезектестіру.

18. Сөздік материалы:

1) негізгі: аяқ ұшы*, табан*, тізе*, шынтак, кадам, шоқырақ, шеңбер бойымен жүру, еңкею, бұрылу, хоровод, алға қарай қозғалыс, қатты (жеңіл) кадам, ақырын*- жоғары*, демалу*, дем шығару*, кезекті кадам, шұқылау, акцент, төменгі-жоғары (ноталар, дауыстар), көңілді*, домбыра*, балалайка, Наурыз*;

2) қосымша: екпін (шапшаң, баяу), музыка сипаты, мүсін, айналдыру, жиек, дене, 2 позиция, марш ырғағы, вальс ырғағы, беріп жіберу, лақтыру, дөңгелету, ұстап алу + табыс септігінде заттың атауы, тынышталу (сабырлы), таңқалу*. Берілген материал күрделі құрылымды кемістігі бар балалар сыныптарында жүргізіледі.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

19. Жалпы қозғалыстар ырғағы:

1) ырғақты жаттығу. Сол аяқтан жүру, жүруді отырып тұрумен кезектестіру. Үлкен сырғанау қадамымен тізені бүгумен, ауыр затты көтеріп бара жатқанды елестетіп жүру. Үлкен қадамдармен аяқ ұштарымен жеңіл жүгіріс. Секіріп қозғалу, күшті жаққа қарай шапалақ ұру. Бой бойынша, шахматтық тәртіпте бір бірлеп ұйымдасып өз бетінше сапқа тұру. Бірнеше шеңберге бір шеңберден түзелу. Шектелген кеңістік ішінде еркін қозғалыстан кейін тез арада өз жұбын таба алу. Өз қозғалысын көру белгісі, сөз нұсқауы, музыкалық белгі бойынша тоқтата алу;

2) жалпы дамытушы (ырғақты-гимнастикалық) жаттығулар. Басты еңкейту, бұру, айналдыру қозғалыстары. Қолдарды лақтыру. Иықты құшақтаумен амплитуданы өсірумен қолдарды тербеу. Иық белдеуіндегі айналмалы қозғалыстар. Тік және бүгілген арқамен алдыға және артқа еңкею. «Аяқ екі жақта», «отырған» жағдайда жартылай отырудан бұрылу. Допты дене бітімін артқа созып отырған қалыптан бастың үстінен беру. Жартылай отырып тұрулар, аяқ ұштарына көтерілу, барлық табанға қайта түсу. Отырған қалыпта аяқ ұшын алдыға, шетке, үстіге шуғары, тізе бөлігінде айналмалы қозғалыс жасау. Аяқты жамбастан еркін тербелту. Топта арқамен дөңгелектену. Қолмен еденге сүйеніп, аяқ табанында отырып, арқаны бүгу және дөңгелектеу;

3) би және басқа музыка-ырғақты жаттығулар. Көрініс назарын аудару элементтерімен қозғалыс жаттығулары. Қозғалыспен музыка темпын жеткізу, бірқалыптыдан тезге немесе баяу қозғалысқа бірте бірте көшу. Музыканың контрасты сипатына сәйкес қозғалыстар. Ырғақты көріністі шапалақтармен жеткізу. Музыканың динамикалық реңктерін қозғалыстармен жеткізу (бірте бірте дыбысталуды күшейтіп

немесе әлсіретіп). Музыкада екі бөлікті және үш бөлікті бірқалыпты қайталанатын мөлшерді қабылдай және жаңғырту, оларды заттармен және заттарсыз қозғалыспен жеткізу (маршты қадам және вальс қадамы). Мұғалім беретін ырғақты суреттерді шапалақтармен жеткізу (музыкалық сүйемелдеусіз және көру қабілетіне сүйенбей). Қозғалыс тізбегін бір «рұқсат етілмеген» қозғалыспен орындау;

4) би элементтері. Отырып тұру (ұлдар үшін). «Матрешка» қыздар үшін. Секіру қозғалысы бар полька. Вальс қадамы. «Жіпше» қадамы. Шетке ілгері құлау қозғалысын жасаумен бүйір қадам. Ауыспалы қадам (классикалық және қазақ биі). Отырып тұрумен аяқ қасына тіреу қадамы (қазақ ұлттық биінің екінші, үшінші қозғалысы). Ырғақты (музыкаға) бір қолдан екінші қолға түрлі диаметрлі доптарды қайта қою, қ а й т а

л а қ т ы р у ,

д ө н г е л е т у .

2 0 .

С ө й л е у

ы р ғ а ғ ы :

1) оральды праксисты дамыту. Жалпы қозғалыстармен үйлесімділікте артикуляциялық сонорлы дыбыстарды үйрену (отырған қалыптан еңкею), ырғақты сақыл. Аяқ пен қол бұлшық еттерін сілкумен бірге «р» артикуляциясын үйрену. Ырғақталған артикуляциялық мимикалық гимнастика. Епкін арқылы артикуляциялық құрылыстарды ауыстыру (екі бөлімді размер, бірқалыпты екпін). Таныс әуендерде үйреніп жатқан дыбыс бар буынды ерекшелеумен жаңылтпаштарды әуендету. Стакатты бұрылыстар әдісімен жабық буындарда «к», «қ», «х», «г», «ғ», «д», «т» ды б ы с т а р ы

т ә р т і п т е р і н

б е к і т у ;

2) просодиялық жаттығулар. Жалпы қозғалыста диафрагмальды демалуды реттеу (бұрылыстар, айналымдар, шетке ілгері құлаулар). Буындарды, екі-үш буынды сөздерді айтумен бірге дем шығару. Бір мағынамен байланыспаған түрлі сөздердегі үш буынды ырғақтар. Ырғақты суретке фразаны таңдау. Өлеңдегі үш бөлікті ырғақ пен вальс әуенін сәйкестендіру. Дауыс екпінінің өзгеруін немесе сақталуын қарастыратын балалар санамақтары. Диалогтар. Дауыс екпіні мен күштілігі өзгертін балалар санамақтары мен тақпақтары. логикалық екпін (фраза бойынша акцент). Сұрау дыбыс екпінін жеткізумен сұрау сөзі бойынша сұрақты қалыптастыру;

3) ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар. Суреттегі сол және оң қол буындарының айырмашылығы. Білезік буынында қолды бұгу, айналдыру. Қол буыны бұлшық еттерінің түйіндерін созу. Бірінші-екінші, бірінші-үшінші, бірінші-төртінші саусақтармен шақылдату. (музыка немесе тақпақ ырғағын белгілеу). Саусақтарды құлыпқа жұму. «Кірпішешен»-қылшақпен қол буындарына өз бетімен массаж жасау – ырғақты сипалау мен басу. Саусақты бассейн;

4) психогимнастика элементтері. Логопед формулалары мен жеке белгілер бойынша жеке топтардың бұлшық еттерін босату мен қырыңқырауды еркін кезектестіру. Қатайтумен бірге артикуляциялық бұлшық еттерді босаңсыту. Оң және теріс эмоциялар туралы түсініктер. Сезімдер мен түйсік карталарымен жұмыс істеу. Жағдайларды талдау, бейнеленген мимикаға жағдайды таңдау – материалда қуану, қайғыру, таңқалу,

қорқу эмоциялары бейнеленген. Мимикалық бұлшық еттерге массаж жасау.

21. Сөздік материалы:

1) негізгі: ауыр қадам, сырғанау қадамы*, аяқ ұштарында жүгіру*, секіру*, бағана*, сап*, шеңбер*, айналу*, дауыссыз дыбыстар*, жақ*, қатты-жұмсақ* (дыбыстар), ұяң-қатаң* (дыбыстар), ілгері құлаумен шетке қадам жасау, отырып тұрумен аяқты аяққа алып келу қадамы, вальс қадамы, ауыспалы қадам*, полька*, вальс ырғағы, марш*, диалог, дауыс ырғағы, сұраулық сөз, қол саусақтарының атаулары*;

2) қосымша: ауыспалы акцент, серпу, жартылай отырып тұру, табан, құшақ, иық белдеуі, ырғақты сурет, босаңсу, қолдар қамшы сияқты салпылдады, тыныштық жағдайы, сенімді өткізу, теріс жән оң эмоция сезімі, бақыт, қорқыныш*. Күрделі құрылымды кемістігі бар балаларға арналған сыныптарында жүргізіледі.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

22. Жалпы қозғалыстар ырғағы:

1) ырғақты жаттығу. Бағанада сол аяқтан дұрыс қолдар координациясымен, тік мүсінмен, тездетілген және баяулатылған екпінде жүру. Еркін (белгі бойынша) қадам көлемі мен түрін өзгерту. Жануарлар қозғалысын келтіру: түлкі, аю, тырна, кірпікшешен, бақа. Қолдарды серпумен, аяқтарды көтерумен, жіліншіктерді артқа лақтырып, жеңіл серіппелі қадаммен жүгіру. Алдыға қарай жылжумен секіру және бір уақытта бірте бірте дөңгелекке бұрылу. Бағанаға, сапқа, дөңгелекке түзелу, орында, жүріп бара жатып түрлі бағаналарға қайта сап түзеу – барлығы мұғалум белгісі бойынша. Шахматты тәртіпте түзелу. Дөңгелекті сапқа айналдыру. Түрлі берілген бағыттарда жүру. Иіріліп тұрған жіп астынан жүгіріп өту;

2) дамыту (ырғақты-гимнастикалық) жаттығулары: жалпы қозғалыстармен бір уақытта басты бұру мен айналдыру, заттарды бір біріне беру, басқа да кезекті жаттығулар. Жауырынды біріктіру-ажырату (демалумен бірге). Қолдарды лақтыру. Еркін тербеліс. Түрлі амплитудамен түрлі ырғақта біріктіру-ажырату. Бірқалыпты, кенет, тез, баяу қозғалыстар; еңкеюлер. Түрлі қалыптардағы бұрылыстар. Жамбас буынын айналдыру. Еркін тербеліс («әткеншек»). Тізе буынын бұғу, серпу, қозғалту. Аяқ ұшын көтеріп қозғалу. Жіліншік табанда айналма қозғалыстар. Басты, қол мен денені қозғалтумен аяқ буындары қозғалыстарын үйлестіру. Аяқтарды айналдыру.

23. Сөйлеу ырғағы:

1) оральды праксисты дамыту. Ашық және жабық буындарды кезектестірумен ырғақталған есту жолдары. Асырып айтылған артикуляциямен дауыстыларды созып әуендету. Дыбыссыз артикуляция. Ішкі артикуляция;

2) просодиялық жаттығулар.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

24. Жалпы қозғалыстар ырғағы:

1) ырғақты жаттығу. Бір бірлеп тұрған саптан 2, 3, 4-тен бағанаға ауысу. Екпіннің күшті бөлігін акценттеумен, ырғақты суреттік жаңғыртумен жүру. Бірнеше бағаналардан бірнеше дөңгелектерге оларды кішірейту мен кеңейтумен сап түзету. Жүру мен жүгіру кезінде орындалатын заттармен жаттығулар жасау (допты басқа біреуге беру, лентаны айналдыру, айналмалы шеңберді лақтыру және ұстап алу). Фигуралық марш жүрісі (баланың әрқайсысы өзіне жүргізуші рөлін алады, топты жүргізеді). Қозғалыс кезінде дабылды, дауылпазды, сылдырмақты пайдалану;

2) жалпы жетілдіруші (ырғақты-гимнастикалық жаттығулар). Заттарды бір біріне беру кезінде жүріс пен жүгірістегі бұрылыстар мен айналулар. Жауырындарды біріктіру мен ажырату, ырғақты демалуды белгілеумен бицепспен басу. «Жүресінен отыру» қалпынан аяқты түзетіп, қолмен жіліншекті құшақтап, жіліншекті жібермей «бүгілген» қалыпқа дейін бару және бірқалыпты екпінде қайта қалпына келу (размері 2/4). Денені айналдырумен түрлі отырып тұрулар. Фронтальды және шетке серпулер (жамбас буынындағы қозғалыстар). Бір уақытта және кезекпен бас, қолдар және дене қозғалыстарын аяқ буындары қозғалыстарымен үйлестіру;

3) би және басқа музыка-ырғақыт жаттығулар. Жалаушалармен, айналма шеңберлер мен доптармен жаттығулар, алдыңғы сыныптарға қарағанда күрделірек. Қадам нұсқалары: орын ауыстыру және орнындағы қарапайым қадам. Қазақ биінің элементтері мен қозғалыстарын бекіту.

25. Сөйлеу ырғағы:

1) оральды праксис және фонопедиялық жаттығулар. Оппозициялық дыбыстарды кезектестіруге жаңылтпаштармен жұмыс («р» - «л»-«й», «п»-«т»-«к», «ч»-«ть»-«ц») және басқалары, екпінді күшейтумен «р», бекіту. Мимикалық және артикуляциялық жаттығуларды қиыстыру (екпінді күшейтумен). Екпіні, ырғағы белгіленген жаттығуларда барлық дыбыстардың айқын айтылуын белгілеу;

2) просодиялық жаттығулар. Дауыс биіктігін ажырату және өзгерту (тесситураларды кезектестіру). Шартты белгілерге сәйкес биіктік бойынша дауысты өздігінен өзгерту. Түрлі биіктіктер, ұзақтықтар және дыбыс пен есту күштері. Қозғалыстары мен ым-ишаралары бар санағыштар, лақап аттар, мазақтаулар және күлдіргі тақпақтар. Өлеңмен жазылған мәтінді өздік белгілеу (үзілістер, тесситура, даусы). Диалогтардағы логикалық екпін. Дауыс екпінінің барлық түрлерін үйрену;

3) ұсақ моторика жаттығулары. Саусақты гимнастика, саусақты көлеңкелі театр («марал», «балерина», «қасқыр»). Қазақстанды мекендейтін ұлттардың ұлттық оюлары элементтерінің түр сызықтары, ырғақты өңделуі. Ұлттық оюлардағы ырғақ;

4) психогимнастика элементтері. Эмоционалды шиеленіс пен логофобияны жою үшін өзін-өзі сендіру тәсілдерін үйрену. Жаттығуларды орындауды өзінді және өзара

дұрыс бағалауды қалыптастыруға арналған жаттығулар. Оң және теріс эмоциялар, ұят пен кінә сезімі (анықтау, бейнелеу, жағдайды талдау).

26. Сөздік материал:

1) негізгі: бұлшық ет (мойын, дене...), тік арқа – бүкірейген арқа, ритмикалық дем алу, сирақ*, тізе*, буын*, сермеу, айналдыру, табан*, тұмсық*, ішке*, сыртқа*, аяқты ажырататын секірулер*, кенет қозғалыстар – байсалды қозғалыстар. Екпін (жоғары, төмен), тездету*, баяулау*, жоғары дауыс* - төмен дауыс*, орташа биіктікті дауыс*, ұлттық* (би, әуен), бүйір қадам* (айқас, таптаумен, сылтып басу), қарапайым бөлшек, полька*. «шұқылау»*, шоқырақ, гопак, лезгинка, молдавандық, Қазақстан ұлттары, қазақ* билері, ою, костюм, шумақ, ән бастамасы, қайырма, фраза (музыкалық), әуезді, байсалды, екпінді белгілеу, сергек, көңілді, қайғылы, маршты, билеу әуезді (әуен). Жаңылтпаштар, санамақтар, екі-үш буынды ырғақ, дауыс күші, дауыс ырғағы*, логикалық екпін*, фраза (мәтіндік), мәтін белгілеуін жасау, дауыс көтеру*, дауысты төмендету*, екпінді (екпін астындағы), епкінсіз, балаларға арналған композиторлар – пьессалар авторларының аты-жөндері (5-тен кем емес), заманауи және классикалық балалар пьесаларының атаулары названия (5-тен кем емес). Оң – теріс (эмоциялар), ұят, кешіріңіз, мейірімді – мейірімсіз, шадыр – қарапайым;

2) қосымша: бұлшық ет топтары, иін, жамбас буыны, тазобедренный сустав, айналдыру, майыстыру. Қиыстыру, ырғақтарды кезектестіру, бірқалыпты екпін, ансамбль, ішекті, үрмелі, ысқымен ойнатылатын, шертпелі, соқпалы, дирижер, орындаушы, заманауи, классикалық, ұлттық би. Дауыссыздардың кезектесуі, екпінді-екпінсіз, күшті – әлсіз позициялар. Кінәні сезіну, кешірім сұрау, эмоциялар, аутотренинг, мимика, ыш-ишаралар.- берілген материал әдіс құрамы күрделі кемістікті балаларға арналған сыныптарда жүргізіледі.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

27. Дайындық сыныптың соңында оқушылар:

1) оқушылар сабаққа дайындала және ұйымдасып музыка бойынша сыныпқа кіре
а л у д ы ;

2) музыкалық сүйемелдеу сипаты, екпіні, динамикасына сәйкес қозғала алулары,
музыка немесе мәтіннің басы мен аяғын қабылдай алуды;*

3) қолдар мен аяқтар қозғалысын координациялап, жеңіл және ырғақты аяқ ұштары
мен табандарында жүре алуды (музыка бойынша 2/4, 4/4);

4) педагогтың белгісі бойынша бір аяқтан екіншісіне бірқалыпты өтумен бір аяқта
т ұ р а а л у д ы ;

5) күрделі емес ырғақты суретті жаңғырта алуды;*

6) үлгі бойынша затпен (таяқтар, доптар, орамалдар) қарапайым қозғалыстар
о р ы н д а у д ы ; *

- 7) кеңістікте бағдарлану, қажетті ара қашықтықты сақтап, орында тұрып және жүрі кезінде сапқа түру және қалпын өзгерте алуды;
- 8) бағдарламалық талаптарға сәйкес өлең, бидің ұжымдық ойнау және билеу қозғалыстарын орындай алуды;
- 9) орыс және қазақ ұлттық билерінің бірнеше негізгі қозғалыстарын, аяқтың 1,2,3 классикалық позицияларын білу және орындай алуды;*
- 10) барлық дауысты дыбыстар мен сонорлы дауыссыздарды дұрыс артикульдеуді («р» б а с қ а) ;
- 11) «көңілді - көңілсіз», «тез және баяу» аясында еститін және музыкалық материалдың сипатын анықтауды;*
- 12) дененің жеке бұлшық еттерін еркін қатайту мен босатуды;
- 13) есту бойынша музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратуды: рояль, дабыл, дауылпаз, металлофон, маракасс және т. б. білуі тиіс.
28. Ескерту: танымдық мүмкіндіктері төмен деңгейдегі оқушылар үшін міндетті пункттер жұлдызшамен «*» белгіленген.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

29. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) белгі бойынша біреуінен екіншісіне ауысып түрлі екпінді музыкамен қозғалысты үйлестірді; *
- 2) ара қашықтықты сақтап бір бірден, екі, үш адамдап бағанада жүру мен жүгіруді (жылан тәрізді, шеңбер бойымен бір қатармен);
- 2) мұғалім белгісі бойынша қозғалыс бағытын өзгерту және тез арада тоқтау, анық бұрылыстар жасауды; *
- 3) бір біріне жол беріп бытырап жүгіруді;*
- 4) түрлі екпіндерде музыкамен қозғалысты есте сақтау және жаңғырту, үйлестіру, кезекті артикуляциялық және жалпы қозғалыстар қатары*, алдын ала нұсқаулық және үлгі бойынша заттармен әрекеттер қатарын орындай алуды;*
- 5) музыкалық кесінді немесе фразаның екпіні мен күрделі емес ырғақты көрінісін қозғалыста жаңғыртуды және бере алуды;
- 6) музыкалық пьессалар мен туындылар кесінділерін тыңдай және тани;
- 7) қозғалыс кезінде оны кеңейтіп және кішірейтіп, хороводта қозғала алу;
- 8) ызың дауыссыздарды айқын артикуляциялау, дыбысталу мен артикуляциядағы негізгі ерекшеліктерді айта алу, дауыс күшін ерікті өзгерте - алу, сөйлеу демалу тәсілдерін игере;
- 9) саусақ аттары мен оларды атай алу,* өз бетінше сөйлеу сүйемелдеуімен саусақтық гимнастиканың 1-2 жаттығуын жаңғырта алуды;
- 10) музыка сипатын ажырата: көңілді, қайғылы, үздік үздік, созылық;

- 11) жүріспен музыканың түрлі сипатын бере: жеңіл қадам, ауыр қадам;
 12) жануарлар қозғаласы ерекшеліктерін көрсете: аю, түлкі, қоян;
 13) белгілі эмоцияларға сәйкес келетін қозғалыстарды еркін жаңғырта: қайғы,
 қуаныш, қобалжу білуі тиіс.
30. Ескерту: танымдық мүмкіндіктері төмен деңгейдегі оқушылар үшін міндетті пункттар жұлдызшамен «*» белгіленген.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

31. 2-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) сол аяқтан адымдауды*, жүрісті отырып тұрумен кезектендіруді, үлкен сырғанау қадамдарымен жүруді*, ауыр қадаммен жүруді, аяқ ұштарында жеңіл жүгіруді*, екпіннің күшті бөлігін ерекшелеп секіріп қозғалуды, бір бірден бағанаға тез түзелуді, бой бойынша сапқа тұруды, дөңгелекке тұруды*;
- 2) бір дөңгелектен 2*, 3, 4 жеке кішкентай дөңгелектерге қайта түзелу. Өз жұбын табалауды*;
- 3) лента мен айналма шеңбермен айналу, лақтырылған затты қайта лақтыра және ұстай алады*;
- 4) белгі бойынша өз қозғалысын тоқтату, Барлық ойын және билеу қозғалыстарын жеңіл, табиғи және еркін орындау. Дауыссыз дыбыстарды дұрыс және айқын айта білу;
- 5) вальс, марш ырғақтарын айыра;
- 6) екі бөлшекті және үш бөлшекті мөлшерде күшті және әлсіз бөліктерді кезектестіру қозғалыстарымен жеткізе;
- 7) сұрау және лепті дауыс ырғағын жеткізіп, дауыс күші мен жоғарылығын еркін ауыстыру;
- 8) жеке бұлшық ет топтарын өз бетінше босансу әдістерін орындау және сөйлеу ережелерін орындай;
- 9) ым-ишара мен пантомимика бойынша эмоционалды күйзелу сипатын анықтау, қуаныштың, қайғының, таңқалу мен қорқыныштың мимикалық түрлерін жаңғырта.*
- 10) күрделі құрылымды кемістігі бар балаларға арналған сыныптарда жүргізілуі міндетті машықтар мен икемдерді білуі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. 3-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) сол аяқтан бастап бір тізбекте бір-бірінің артынан жүруді, қол және аяқ қимылдарын үйлестіруді*;
- 2) жылдам және жай темппен жүруді*;
- 3) бір орыннан екі аяқпен алдыға немесе артқа секіруді;
- 4) мұғалім нұсқауы бойынша тізбекті тарылтуды немесе кеңейтуді;

- 5) берілген ырғаққа өз қимылын сәйкестендіруді;
- б) ойын әрекетінде музыкалық, тесктік ерекшеліктерді көрсете
- 7) би және ән айту кезінде тыныс алуды реттеуді;
- 8) қойылған дыбыстардың дұрыс артикуляциясы мен фонациясын ұстануды;
- 9) би мен марштың әртүрлі және дыбысталуына сәйкес ажырата;
- 10) дұрыс сөйлеу тілін меңгере;
- 11) топтық ойындарда басқара білу, нақты нұсқаулар бере алу, қалған ойыншылардың ойын шартын ұстануын бақылай;
- 12) педагогтың белгісі бойынша бір аяқтан екіншісіне бірқалыпты өтумен бір аяқта т ұ р а ;
- 13) күрделі емес ырғақты суретті жаңғырта алу;*үлгі бойынша затпен (таяқтар, доптар, орамалдар) қарапайым қозғалыстар орындауды;*
- 14) кеңістікте бағдарлану, қажетті ара қашықтықты сақтап, орында тұрып және жүру кезінде сапқа тұру және қалпын өзгерте;
- 15) бағдарламалық талаптарға сәйкес өлең, бидің ұжымдық ойнау және билеу қозғалыстарын орындай алуы, орыс және қазақ ұлттық билерінің бірнеше негізгі қозғалыстарын, аяқтың 1,2,3 классикалық позицияларын білу және оқушылар сабаққа дайындала және ұйымдасып музыка бойынша сыныпқа кіре;*
- 16) музыкалық сүйемелдеу сипаты, екпіні, динамикасына сәйкес қозғала алулары, музыка немесе мәтіннің басы мен аяғын қабылдай;*
- 17) қолдар мен аяқтар қозғалысын координациялап, жеңіл және ырғақты аяқ ұштары мен табандарында жүре білуі тиіс (музыка бойынша 2/4, 4/4).

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

33. 4-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) өздігінен, дұрыс және тез қажет екпін мен жүріс түрін, музыкалық шығарма қ ұ р ы л ы м ы н а н ы қ т а у д ы * ;
- 2) музыкадағы екі және үш бөлікті размерлерін, түрлерін ажыратуды, қоғалыста метроны белгілеуді, акценттер, ритмикалық суреттерді;
- 3) музыкалық фразалар мен бөліктерді ауыстыруға сәйкес қозғалысты есту және өз б е т і н ш е а у ы с т ы р у д ы * ;
- 4) ҚР тұратын ұлттар билерінің негізгі сипаттамалық қозғалыстарын ажырату мен о р ы н д а у д ы * ;
- 5) сүйемелдеусіз 1-2-3 қарапайым, жақсы таныс билеу өлеңдерін орындауды;
- 6) музыкалық-даңғырлатып ойнайтын аспаптарды пайдаланып естілетін әуен ырғағын белгілеуді (дабыл, дауылпаз);
- 7) әуендерді ажырата алу, заманауи және классикалық музыканы ажыратуды;
- 8) барлық дыбыстардың дұрыс артикуляциясын жаңғыртуды, оны барлық

логоритмды жаттығуларды орындау кезінде сақтауды;
9) өз өзіне массаж жасаудың қарапайым әдістерін;
10) мұғалім белгілері бойынша босаңсуды;
11) өз қызметін және басқа оқушылардың міндеттерді орындау сапасын дұрыс бағалау, білім нәтижесін өткізуді;*

12) күрделі құрылымды кемістіктігі бар балалар сыныптарында жүргізілетін міндетті икемдер мен машықтарды білуі тиіс.

34. Пәндік нәтижелер:

1) сөйлеу кемістіктерінің орнын толтыру жағынан сөйлеу қабілеті өте нашар дамыған оқушылардың коммуникативтік біліктіліктерін арттыру: сөйлеудің физиологиялық базасын дамыту;

п р о с о д и к а ;

қарқынды-ырғақты безендірулер;

2) психо-эмоционалды аяда кемшіліктерді толтыру жағынан сөйлеу қабілеті өте нашар дамыған оқушылардың коммуникативтік біліктілігін арттыру: топ пен ұжымда келісіп әрекет ете алуді жетілдіру;

диалогта ым мен мимиканы дұрыс қолдана алуды дамыту. Сөйлеу қабілеті өте нашар оқушылардың еңбекке қабілеттіліктерін арттыру, денсаулықты сақтау және н ы ғ а й т у ;

белсенді өнер қызметіне, салауатты өмір салтын таңдау мен қалыптастыру қ а б і л е т т і л і г і н а р т т ы р у ;

3) өз қызметінің мақсаттарын өз бетінше анықтай алу, танымдық қызмет пен дамуда өзі үшін жаңа міндеттер қою мен қалыптастыру ептілігін дамыту, өзіндік танымдық қызметінің себептері мен қызығушылықтарын жетілдіру.

35. Тұлғалық нәтижелер:

1) өздігінен жұмыс орнын дайындаудан, мұғалім нұсқауымен тапсырма орындауға к і р і с у д і ;

2) таныс жаттығуларды орындау кезінде нұсқауды қатаң ұстануды;

3) музыкалық-ырғақты әрекетті орындауға қажетті қорларын анықтауды (м у з ы к а л ы қ с ү й е м е л д е у) ;

4) берілген белгі және тәсіл бойынша өзінің әрекетін бағалауды;

5) өзінің ритмикалық қимылдардың жақсы және нашар жақтарын көрсетуді;

6) музыка және ырғақ тақырыптарына жоспар дайындауды;

7) сөйлеу тілі мен музыка-ырғақ шығармашылық әрекетінде көпшілік алдында өзін-өзі ұстау ережелерін, уақыт тәртібін сақтауды;

8) музыка, ырғақ тақырыптарына монологта, диалогта, пікір-таласта ақпаратты бағалай отырып, негізгі мазмұнды қабылдауды;

9) топтық музыкалық-ырғақ әрекеттік тапсырмаларға (қимылды орындау) сәйкес жауап беруін айқындауы керек.

36. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) музыка туындыларын талдау, ұлттық ойындарды үйрену және т.б. арқылы Отан сүйгіштікті, Отанға, оның дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметті, көп ұлтты Қазақстан ұлттарына құрмет пен толеранттылықты тәрбиелеуді;

2) балалар ұжымы мен ересектермен ортақ қызмет үдерісінде кіші оқушылардың коммуникативтік біліктіліктерін дамытуды;

3) сөйлеу қабілеті өте нашар дамыған оқушы тұлғасының эмоционалды-ерік аясын дамытуды ;

4) денсаулықты сақтау өмір салтына тәрбиелеуді;

5) оқуға деген жауапты көзқарасты, еңбекке деген құрметті қалыптастыруды айқындауы керек .

37. Пәнге арналған құрал-жабдықтар:

1) мұғалімге арналған музыкалық аспап;

2) аудиотаспалары жазылған музыкалық центр;

3) жаттығуларды орындауға арналған құралдар (әр оқушыға): түрлі түсті жалауша, шарлар, ленталар, орамалдар, доптар, шеңберлер, гимнастикалық таяқтар, секірмектер;

4) балаларға арналған музыкалық аспаптар: сылдырмақтар, дауылпаздар, пианино, үрмелі аспаптар, металлофон, маракас;

5) орындықтар (балалардың бойына сәйкес). Аспаптарды қоятын сөре. Гимнастикалық сөре. Тақта. Оқу кестелері, сюжетті және пәндік суреттер, музыка ғылымына үлес қосқан тұлғалардың суреттер;

б) қосымша материалдар: композиторлардың, балет әртістерінің, спортшылардың суреттері.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 41–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 146-қосымша

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің дайындық сыныбы үшін «Айналадағы әлеммен танысу» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Сөйлеу тілі дамуының кемістіктері, психоэмоционалдық, ерік және когнитивті дамуының ерекшеліктері сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға оқу материалдарының мазмұнын және қоршаған орта пәнінің материалдарын игеруге кедергі келтіреді. Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балалар арнайы түзету к о м е г і н е м ұ қ т а ж .

3. Бағдарламадағы материалдар мазмұны, балалардың танымдық, сөйлеу аймағының дамымауын түзету, қоршаған ортаға әлеуметтік бейімделуіне, танымдық мүддесінің, сөйлеу тілі қабілетінің қалыптасуына септігін тигізеді.

4. Пәннің мақсаты – қоршаған әлем тұтастығы туралы білім мен адамзаттың табиғатпен қарым-қатынас жүйесі негізінде жалпы адами құндылықтарын, алғашқы экологиялық түсініктерін, тірі және өлі табиғаттың нысандары мен құбылыстарына дұрыс және саналы көзқарасын қалыптастыру.

5. Негізгі міндеттері:

1) сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстар бар балалардың психикалық дамуының (зияткерлік, эмоциялық, әлеуметтік) деңгейін көтеру;

2) қоршаған ақиқат туралы білімдерін, когнитивті олқылықтарын, сөйлеу тілінің б ұ з ы л ы с ы н т о л ы қ т ы р у ;

3) балалардың қоршаған әлем туралы білімі мен түсініктерін анықтау, кеңейту және ж ү й е л е у ;

4) балалардың әлем туралы түсініктерінің біртұтастығын қалыптастыру, жан-жақтылы танымдық қызығушылығын дамыту;

5) баланың өзін-өзі сақтау уәжін қалыптастыру;

6) бақылау, салыстыру, негізгі белгілерін ажырату және жинақтауын дамытуға қажет ойлау әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру;

7) заттардың қасиеттері (түсі, пішіні, көлемі)мен олардың кеңістікте орналасуы туралы түсініктерін қалыптастыру;

8) баланың жақын қоршаған ортасындағы заттар мен құбылыстар туралы білімдерін т о л ы қ т ы р у ;

9) ақыл ой және сенсорлы дамуының деңгейін дамыту;

10) ауызша диалог және монолог сөзін дамыту, сөздік қорын молайту, жүйелеу.

6. Бұл бағдарламаның негізіне жалпы және түзету педагогикасының басты методологиялық қағидалары алынды:

1) ғылымилық және қолжетерлік;

2) тұтастық және бірізділік;

3) оқытудың дамытушылық қағидасы («дамудың жақын аймағын» қалыптастыру);

4) жетекші әрекетін анықтайтын әрекеттік қағидасы;

5) сөйлеу тілі бұзылған баланың психикалық және танымдық дамуын ынталандыру қ а ғ и д а с ы .

7. Даярлық сыныптың «Айналадағы әлеммен танысу» пәнінің жылдық жүктемесі толықтай типтік оқу жоспарымен сәйкес, аптасына 2 сағаттан, барлығы 66 сағатты к ұ р а й д ы .

8. Пәнді оқыту үдерісінде пәнаралық байланыс ескеріледі:

1) тіл дамытумен. Байланыстырып сөйлеу, сипаттау, салыстыру, баяндау арқылы сөздік қорын молайту. Табиғат, жер байлығы туралы өлеңдер мен мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жаттау. Табиғатты қорғауға, аялауға үйрену;

2) еңбекке баулумен. Түрлі бұйымдар жасау барысында табиғи материалдар туралы білімдерін пайдалану, кеңейту; адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, табиғи материалдармен жұмыс жасау арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

3) дене шынықтыру пәнімен. Партада дұрыс отыру; дене бітімінің дұрыс дамуы үшін жаттығулар жасау; сабақта сергіту сәтін өткізу;

4) бейнелеу өнерімен. Отандық және шетелдік суретшілердің табиғат, табиғат құбылыстары, жыл мезгілдеріне арналған шығармаларын пайдалану. Соның негізінде сөздік қорын молайту, сөз байлығын арттыру, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту; сурет бойынша өз сезімдерін, ой-пікірлерін білдіруге үйрету;

5) музыкамен. Адамның көңіл-күйін, табиғаттың құбылыстарын бейнелейтін әуендер, күйлер мен әндер тыңдау.

9. Пәнді оқу кезінде «Жаратылыстану» пәнінің келешекте оқуының негізі қаланады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Табиғат (28 сағат):

1) тірі және өлі табиғат (2 сағ.). Жер және ғарыш (2 сағ.). Күнтізбе, түн мен күннің ауысуы, жыл мезгілдері (5 сағ.). Жасыл көмекшілер (2 сағ.). Бөлме өсімдіктерін күту (2 сағ.). Біздің аймақтың құстары мен жануарлары (3 сағ.). Ыстық пен суық елдердің жануарлары (4 сағ.). Өзендер, көлдер, теңіздер (4 сағ.). Ауа мен су (4 сағ.).

11. Мен және қоғам (29 сағат):

1) менің атым (2 сағ.). Менің үйім, отбасым және көршілерім (3 сағ.). Жан-жағымыздағы заттар. Не неден? (4 сағ.). Тұрмыстық бұйымдар (3 сағ.). Сыпайы боламыз, қонақта өзін ұстау ережесі (3 сағ.). Жол жүру ережесі. Көшеде және көліктегі тәртіп (4 сағ.). Ас атасы – нан (3 сағ.). Пошта. Дүкен. Базар (4 сағ.). Мамандық (3 сағ.).

12. Отан (9 сағат):

1) біздің ел (2 сағ.). Біздің қала (ауыл) (2 сағ.). Мерекелер (5 сағ.).

3. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

13. Пәндік нәтижелер:

- 1) аты – жөнін, жасын;
- 2) тәулік, уақыттың ретін;
- 3) жыл мезгілін, жыл мезгілдерінің ретін;
- 4) адам өмір қауіпсіздігін, жолда жүру ережесін;
- 5) тірі және өлі нысандарын ажырата;
- 6) заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттай;
- 7) пішінін, түсін, көлемін анықтай;
- 8) әр заттың қасиетіне қарай жіктеп, салыстыра;
- 9) тұрмыста техникалық қауіпсіздікті сақтай;
- 10) мектепте және мектеп ауласында бағдарлай;
- 11) жыл мезгілінің өзгеруінде табиғи құбылыстардың өзгерістерінің байланысын бақылауды білу керек.

14. Түсінік қалыптасу керек:

- 1) өз отанын көп ұлтты мемлекет ретінде;
- 2) негізгі мемлекеттік мерекелер туралы;
- 3) туған қала (ауыл), оның көрікті орындары туралы;
- 4) қоршаған ортадағы заттар, олардың қолдану мақсаты, құрамының бөлшектері мен бөлімдері, жасалған материалы туралы;
- 5) мамандық, ересектердің еңбек іс-әрекеті туралы;
- 6) мектеп жұмысшылары туралы;
- 7) құрал-сайман, еңбек құралы, әртүрлі мамандыққа қажет құралдар, өсімдіктер мен жануарлар, ғарыш әлемі туралы.

15. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) өз Отанын символдарын құрметтеуге тәрбиелеуді;
- 2) туған жеріне деген сүйіспеншілік пен оны қорғау, табиғатын сақтауға тәрбиелеуді;
- 3) мәдени қарым-қатынас, этикалық нормаларды сақтауды;
- 4) мамандықтармен танысуға уәждеу, мамандықтарға қызығушылық артуын;
- 5) төтенше жағдайларда керекті әрекеттер жасай білуін айқындауы керек.

16. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) бақылау жасай алуды;
- 2) бақылау нәтижелерін қарапайым тілмен жеткізе алуды;
- 3) мұғалімнің түзету көмегімен табиғат құбылыстарын саралап, қортынды шығара алуды;
- 4) табиғатты зерттеудің әдістерін меңгеруді;
- 5) саралай алу, алған мәліметтерді жинақтап, қарапайым тәжірбие деңгейінде қортынды жасауды айқындауы керек.

17. Даярлық сыныпта білімі мен біліктігі жарты жылдықта сынақ ретінде

бағаланады.

18. Осы бағдарламада оқушылардың білімі мен дағдысы мұғалімнің көмегімен сабақ уақытында меңгерілуі тиіс. Дайындық сыныпта үй тапсырмасы берілмейді.

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2015

жылғы

18

маусымдағы

№ 393 бұйрығына 42-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2013

жылғы

3

сәуірдегі

№ 115 бұйрығына 147-қосымша

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған оқушыларда жалпы және сөйлеу тілінің дамуының тежелуіне байланысты оқуында көптеген қиыншылықтар кездеседі. Оқушылар арасында бірінші күннен бастап оқу бағдарламасын меңгере алмайтын, үлгермеушілігі бар балалардың санына кіретіндері де аз емес. Сөйлеу тілінің бұзылуы – мектептегі үлгермеушіліктің себептерінің бірі. Баланың сөйлеу тілі дамуының жағдайымен оқу бағдарламасын меңгеру мүмкіндігінің өзара байланысы бар екені сөзсіз. Сөйлеу тілінің дамымауы баланың қоршаған ортадағылармен толыққанды қатынас байланыстарын орнатуға кедергі болады.

3. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған балалардың дамуында көрсетілген бұл бұзылыстар өз бетімен жойылмайды. Олар мектеп мұғалімдерінен арнайы ұйымдастырылған түзету жұмыстарын талап етеді. Осыған байланысты сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған бастауыш мектептің оқу бағдарламасына арнайы пән енгізілген: «Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу». Бұл пән – сабақ кестесі мен оқу құжаттарында «Дыбыс айту» және «Тіл дамыту» деп аталатын екі дербес пәнді біріктіреді. Екі бағыт (оқу-түзету пәндері) өзара логикалық түрде байланысқан.

4. Дыбыс айту сабағында дыбыс айтуын және сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық жағын кезектілікпен кезең бойынша түзету жұмыстары жүргізіледі. Тіл дамыту сабағында оқушылар тәжірибелік тұрғыдан сөйлеу тілін

меңгеруге және бақылауға дайындалады, сөйлеу тілі әрекетінің әртүрлі процестерін талдау мен жинақтауға үйренеді; сөйлеу тілінің грамматикалық қатарының негізгі заңдылығын тәжірибелік тұрғыдан меңгеру және сөздік қорын байыту мен анықтау негізінде ауызша (диалогтық және монологтық) байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмыстары жүргізіледі. Осы сабақтарда дыбысты айтқызу барысында фонетикалық бұзылыстарды түзету мен сөздің дыбыстық-буындық құрамын қалыптастыру жүргізіледі.

5. «Тіл дамуының кемшіліктерін түзету» пәнінің мақсаты — сөйлеу тілі бұзылған балалардың қарым-қатынас құралдарын толыққанды қалыптастыру және жүйелі түрде ж ү з е г е а с ы р у .

6. Негізгі міндеттері:

1) фонематикалық қабылдауын, талдауын, жинақтауын толыққанды дамыту;
2) сөйлеу тілінің дыбыстарын дұрыс айтуды меңгеру және бұзып айтатын дыбыстарды түзету;

3) сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын қалыптастыру, дамыту, ж е т і л д і р у ;

4) әртүрлі күрделілігіне қарай, сөздің дыбыстық-буындық құрамын меңгерту негізінде сөйлеу тілінің анықтылығын және ырғақтылығын қалыптастыру;

5) айналадағы болмыс жайлы білімдерін арттыру, таным әрекеттерін, заттық-тәжірибелік, көрнекі-бейнелік және сөздік-логикалық ойлауын дамыту негізінде ауызша сөйлеу тілінің әр түрін (диалог, монолог) дамыту;

6) дыбыстық сөйлеу тіліне зейіні мен қызығушылығын қалыптастыру, сөйлеу тіліне байланысты жаңа білімдер мен ақыл-ой әрекеттерін қабылдауға ынталандыру.

7. Бағдарламада жалпы педагогикалық қағидалар іске асырылған: ғылымилық, жалпылық пен жүйелік, сонымен қатар арнайы педагогиканың қағидалары: сөйлеу тілі дамуының этиопатогенетикалық белгілерін, онтогенезінің есепке алынуы. Материал концентрлық қағидаларды сақтай отырып құрастырылған.

8. Жүктеменің көлемі пәндік бағыттар мен сыныптар бойынша келесідей түрде б ө л і н е д і :

кесте 1

№	Сынып	Бөлім: «Дыбыс айту»		Бөлім: «Тіл дамыту»	Аптасы-на жалпы сағат саны	Жылына
		Жеке-шағын топтық сабақтар	Топтық сабақтар			
1	0	13	2	3	18	594
2	1	16	-	2	18	594
3	2	11	2	3	16	544
4	3	11	1	2	14	476
5	4	9	-	3	12	408

9. Жұмысты ұйымдастыру түрлері.

10. «Дыбыс айту» бойынша бағдарлама жеке-шағын топтық және топтық логопедиялық сабақтар түрінде жүзеге асырылады.

11. Тілді дамыту бойынша бағдарлама «Тіл дамыту» сабақтарында іске асырылады.

12. Сөйлеу тілі күрделі бұзылған балалармен жұмыс істеу кезінде педагогикалық стиль мен талаптардың біркелкілігін сақтау мақсатында және оқушылардың сөйлеуіне бақылау жасауын қамтамасыз ету үшін, берілген сыныпта негізгі жалпы білім беру пәндерін өткізетін мұғалім-логопед топтық және жеке логопедиялық сабақтарды жүргізеді.

13. Пәнаралық байланыстар:

1) «Тіл дамуының кемшіліктерін түзету» курсы ғылым негіздерін меңгеруге жеткілікті жалпы білім беру дайындығының алғашқы негізін қалайды және ғылыми дүниетанымын қалыптастырады, сөйлеу тілінің ауызша, сөздік және жазбаша әдеби түрлерінің толық дағдыларын дамытады, оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Барлық жалпы білім беру пәндері мен сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету бойынша бағдарламамазмұнының өзара тығыз байланыстыталап етіледі;

2) «Сауат ашу»: сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық қатарын дамыту бойынша жұмыс сөйлеу тілі күрделі бұзылған оқушыларға сөйлеу тілінің дыбыстық және буындық құрамын толық меңгеруге, фонеманы графемамен дұрыс ауыстыруға мүмкіндік береді, оқу және жазу кезінде ерекшеленген қателердің пайда болуын алдына алады;

3) «Қазақ тілі және әдебиеті»: сөйлеу тілі бұзылысын мақсатты түзету жұмысы балаларға қазақ тілі және әдебиеті бойынша бағдарламаны ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік береді, оларды морфологиялық және синтаксистік категорияны тәжіриелік деңгейде игеруге дайындайды, оқу техникасын дамытады (жылдамдығын, тәсілін, түсінуін, интонациялық - мәнерлі оқу жағын);

4) «Айналамен таныстыру»: логопедиялық сабақтардың жүргізілуі кезінде оқушылар тәжірибелік сөздік дайындықты меңгереді және айналадағы болмыстардың әр түрлі үрдістерін бақылауға, талдау мен жинақтауға үйренеді;

5) «Математика» пәнін түсінуге оң әсер етеді: фраза, сөйлем, мәтінді құрастыруда жоспарлық жұмыс балалардың мәтіндік тапсырмалардың мазмұнын, дерексіз түсініктерді дұрыс түсінуін қалыптастырады;

6) «Ән айту және музыка»: арнайы ұйымдастырылған дауыс жаттығулары үрдісінде демалу-дауыс шығару және артикуляциялық аппараты нығаяды.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

14. Ескерту: «Дыбыс айту. Жеке-шағын топтық логопедиялық сабақтар» 15-ші бөлімдеріндегі оқу сағаттарының санын сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар

балалардың сөйлеу тілінің әртүрлі ерекшеліктеріне қарай логопед өзгертуі мүмкін.

15. «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақ» бөлімі -429 сағат:

1) оқушыларды тексеру (26 сағат). Беттің бұлшық етін дамытатын арнайы жаттығулар; дұрыс тыныс алу, жұмсақ таңдайдың қозғалмалылығы, және т.б. (26сағат); ұйқасы. Дауысты дыбыстарды ажырату. Дауыссыз дыбыстарды ажырату;

2) қойылған дыбыстардың алғашқы бекітілуі (буындардың, сөйлемдердің, мәтіндердің құрамында) (156 сағат). Дыбыстардың айтылуын анықтау (39 сағат): дауысты дыбыстар және олардың буындық құрамы (13 сағат) күрделі сөздер мен сөйлемдердің айтылуымен байланысты қиындықтар келесі материалдарда түзетіледі: қақ, бала, тқа, шаш, сыпр, апр, сқа сияқты буындар мен тіркестер (26 сағат);

3) оппозициялық дыбыстар (жаз); темпі жылдамдатылған және қатардағы дыбыстардың кезектілігін өзгертетін әртүрлі буын қатарлары, буындық қатарларды еске түсіріп айтып беру (26 сағат);

4) екі, үш буынды, дауыссыз дыбыстар бірге келетін және оппозициялық (балапан, жұмыртқа, құмырсқа) және жеке дыбыстары бар бітеу төрт буынды сөздерді дұрыс айту, сөйлем құрамындағы жаттанды сөздерді қолдану (26 сағат);

5) келесі буындық құрамдағы сөздерді меңгеру: бала, тас, сағат, қанат, шырақ, бірте-бірте үш буынды (орамал, қолшатыр, құлпынай, сырғанақ) және сөз басындағы дауыссыз дыбыстары бірге келетін сөздерді (стақан) қосу (26 сағат);

6) балалардың жеке қиындықтарына сәйкес бұзып айтылатын дыбыстарды түзету (13 сағат). Буындар мен тіркестерді анық айту: уа, уі, әуе, тө, өт, тағ, рға, сқа, жбү; темпі жылдамдататылған және буындардың кезектілігі немесе құрылымы өзгерген буындық қатарларды анық айту: и-а-у..., ә-у-е..., ү-ө-о..., у-а-и..., ү-і-ү..., ұ-ы-ұ..., та-та-қа..., қа-ға-қа..., па-та..., тра-трү-трө және т.б. (26 сағат). Сөздердің дыбыстық құрамын талдау және жинақтауда кездесетін қиындықтардың алдын алу (26 сағат).

16. «Дыбыс айту. Топтық логопедиялық сабақтар»:

1) дыбыс айту дағдыларын қалыптастыру және фонематикалық қабылдауын дамыту ;

2) артикуляциялық аппараттың моторикасын дамыту;

3) дыбыстарды дұрыс айтуды және ажыратуды бекіту: түзетуді қажет етпейтін дыбыстарға: [а], [ә], [о], [ө], [у], [і], [м], [п], [б], [к], [н], [т], [ғ] – 13 сағат;

4) түзетуді қажет ететін мынадай дыбыстарды:

[к], [л], [х], [ұ], [э], [в], [ф], [ү], [ң] буындардың басында, ортасында, соңында дұрыс айту және естіп ажырату: [к] — [х], [к] — [қ], [л] — [к'], [б] — [в], [в] — [ф], [е] — [э], [ү] — [ұ], [ң] — [н] – 20 сағат;

дауысты дыбыстарды: [а] — [ә], [о] — [ө], [у] — [ү], [у] — [ұ], [ү] — [ұ], [ы] — [і] ажыратуға – 12 сағат;

дауыссыз дыбыстарды: [с], [с']; [с] — [с'], [з], [з1]; [з] — [з'] [с] — [з]; [с'] — [з']; [б], [б1]; [б] — [б1], [п] — [б] ажыратуға – 12 сағат;

5) дыбыстарды дұрыс айтуын және ажыратуын бекіту: [т¹], [д], [д']; [д] — [д']; [т] — [д]; [г] — [г']; [к] — [г]; [л], [л] — [л']; [с] — [ш]; [ж], [ш] — [ж], [з] — [ж]; [р], [р']; [р] — [р'], [л] — [р] — 12 сағат.

17. «Тіл дамыту». Әңгімелесу тақырыптары мен мазмұны:

1) «Мен және менің мектебім» (7 сағат): мектептің мекен-жайы, мектеп бойынша экскурсия, тәртіп ережесі, оқу құралдары, күн тәртібі, мектеп жұмысының тәртібі;

2) «Өсімдіктер. Көкөністер мен жемістер» (12 сағат): бақша, бақ, егін, өнімдерді жинау, жемістер, көкөністер, өсімдіктер тобының және өсімдіктер түрлерінің атауы, мектеп ауласындағы ағаштардың атауы, жылдың әр мезгілдерінде өсімдіктердің өзгерістерін бақылау;

3) «Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер» (22 сағат): күз мезгілінің маңызды белгілері, ауа райын бақылау; қыстық киім және аяқ киім, қыстық ойындар, қыс мезгіліндегі еңбек, қыс туралы жұмбақ пен мақал-мәтелдерді жаттау, күнтізбе; ерте келген көктемнің белгілері, қардың еруі, алғаш шығатын өсімдіктер, құстардың ұшып келуі және ұя салуы, көктем мезгіліндегі еңбек, ауладағы жұмыстар, кеш келген көктемнің белгілері, құстың балапандары, пайдалы және зиян жәндіктер, ағаштардың гүлдеуі;

жаз мезгілінде табиғаттың өзгерістері, аңдардың төлдері, күннің күркіреуі, шөп шабу, жаз мезгіліндегі орман мен көгал, өзен-көлдер, өзен-көлдерде ұстанатын тәртіп ережелері;

4) «Дене мүшелері» (4 сағат): дене мүшелерінің және беттің атаулары; гигиена құралдары; төсек жабдықтар; күн тәртібі;

5) «Киім және аяқ киім» (7 сағат): киім және аяқ киімдердің атаулары; мезгілдік киімдер түрлері; киім және аяқ киімді күту;

6) «Менің отаным, қалам және көшем». «Қала көліктері» (16 сағат): менің Отаным, менің қалам, көше аттары, менің ауылым, астана; ҚР негізгі мемлекеттік мейрамдары; қалалық көліктер, көліктегі тәртіп ережелері, жолда жүру тәртібі;

7) «Үй жануарлары» (7 сағат): үй жануарлары мен төлдерінің атауы; үй жануарларды күтуіне қатысты кейбір мамандардың атауларымен әрекеттері;

8) «Жабайы аңдар мен құстар» (12 сағат):

жабайы аңдар мен құстардың атаулары, мекендері, мезгілдегі жүріс-тұрыстары,
ұшып кететін және қыстайтын құстар;
қыстайтын құстарға қамқорлық;
жабайы аңдардың төлдері, жәндіктер;
9) «Отбасы» (5 сағат):
отбасы мүшелері, туыстық байланыс;
отбасы мүшелерінің міндеттері;
отбасындағы кеш, демалыс күні, балалардың отбасына көмегі;
10) «Дүкен мен базар» (4 сағат):
дүкендердің түрлері;
азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары;
сауда-саттыққа қатысты мамандықтар. Тақырыпқа байланысты диалог құрастыру.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Ескерту: «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақтар» 18-ші бөлімдеріндегі оқу сағаттарының санын сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің әртүрлі ерекшеліктеріне қарай логопед өзгертуі мүмкін.

19. «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақ» - 528 сағат:

1) барлық оқушыларды тексеру (32 сағат). Артикуляциялық аппараттың қимылын және құрылым ерекшелігін анықтау;
2) оқушылардың сөйлеу тілінің жеке бұзылыстарын түзету (1 жыл ішінде) - 496 сағат:

өтілген дыбыстарды қайталау. С, з, ц, ж, ш, ч, щ, л, р, ң дыбыстарын дұрыс айту және ажырату;

дыбысты айту және ажырату;
буындық құрамы әр түрлі сөздердің және сөйлемдердің айтылуы;
сөйлеу тілінің анықтылығы, екпіндігі және жатықтығы;
оқуы мен жазуы; сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы, сөздігі;
дыбысты дұрыс және анық айту үшін, артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын дамыту;

артикуляциялық аппаратының құрылымы немесе қимылындағы бұзылыстары бар оқушылар мен жаңадан түскен оқушылардың дыбыс айтуының жетіспеушіліктерін түзету (жеке оқу және жалпы жоспарына сәйкес);

дыбыстық-буындық құрылымы қиын сөздерді және сөйлемдерді айтылуын игерудегі жеке қиыншылықтарды түзету (2-3 дауыссыздардың қатар келгеніндегі, буындық құрамы әр түрлі 3-4 буыннан тұратын және т.б.);

жеке қиыншылықтарын талдау мен жинақтауда, сөйлеу тілінің дыбыстық құрылымында, дисграфия мен дислексияның пайда болуының алғышартын түзету;

сөздік және тілдің грамматикалық қатарын игерудегі жеке қиыншылықтарды жеңу.

20. «Тіл дамыту». Әңгімелесу тақырыптары мен мазмұны:

1) «Біздің мектеп және сынып» (3 сағ): мектептегі мамандық иелері, сынып, сыныптың бөлімдері, мектеп ғимараты, оқушылардың тәртіп ережесі;

2) «Адам. оның киімі және аяқ киімі» (4 сағ): дене мүшелерінің, бастың бет бөліктерінің атауларымен сөздікті молайту, сезім мүшелерінің атауларын атау және олардың қызметін түсіну, гигиена құралдары және оларды пайдалану, киім мен аяқ киімнің атауларымен сөз қорын жетілдіру, тақырып бойынша жалпылау сөздермен сөздікті кеңейту: киім мен аяқ киімді күту;

3) «Өсімдіктер және олардың топтары» (6 сағ): «жемістер», «көкөністер», «жидектер» тақырыптары бойынша, өсімдіктердің негізгі топтары жайлы түсініктермен, өсімдіктердің көбею тәсілдері жайлы түсінікпен, тұқым түрлері, өсімдіктерді қорғау, өсіп-өну орындары жайлы білімдерінің практикалық деңгейлерін кеңейту және айқындау; сипаттау, салыстыру жаттығулары, мағыналық тақырыптар бойынша сөздікті толықтыру, адамдардың бақша мен бақтағы еңбегін білдіретін сөздермен с ө з д і к т і м о л а й т у ;

4) «Табиғаттағы маусымдық өзгерістер» (14 сағ): өлі және тірі табиғаттағы маусымдық өзгерістер, егін, көкөністер мен жемістер, дала жұмыстары, бақша мен бақтағы жұмыстар, қыстағы ойындар, көктемдегі алғашқы гүлдер, гүлдік өсімдіктер мен жеміс ағаштарының гүлдеуі, егіншінің еңбегі жайлы білімін кеңейту, егін өнімдері жайлы білімін қалыптастыру, ауыл шаруашылық машиналарымен жерді өңдеу, жаздағы ауа райы, балалар демалысы, жәндіктер жайлы көріністерін қалыптастыру, жануарлардың топтары жайлы да, жәндіктердің зияны мен пайдасы, жәндіктердің дене б ө л ш е к т е р і ;

5) «Біздің Отан» (8 сағ): ел, мемлекеттік рәміздер, астана, менің туған қалам (ауыл), біздің еліміздің қалалары, қала және ауыл, Қазақстанның табиғат аймақтары, мемлекеттік мейрамдар. Меншікті зат есімдерімен сөз қорын молайту;

6) «Үй жануарлары мен құстар» (4 сағ): оқушылардың білімдерін үй жануарлары мен құстардың атауларымен тереңдету, үй жануарларының мекені, адамға пайдасы, үй жануарларын күтуге байланысты мамандықтар жайлы білімдер тереңдету;

7) «Жабайы аңдар мен құстар» (8 сағ): жануарлардың топтары, жабайы аңдардың түрлері жайлы білімін кеңейту, жергілікті жануарлардың кейбір түрлерінің атауларын енгізу, әр түрлі жануарлардың сыртқы түріндегі ерекшеліктері, әр түрлі жыл маусымдарындағы тұрмыс қалпы және қоректенуі, жануарларды қорғау, қыстап қалатын құстардың аттары, мүшелері, жем салатын ыдыс;

8) «Көлік» (4 сағ): негізгі қала көліктерінің түрлері жайлы білім қалыптастыру, қала аралық көліктерінің түрлері және мамандықтары жайлы түсінігін енгізу, көліктермен б а й л а н ы с т ы , ж о л жү р у е р е ж е с і ;

9) «Менің үйім» (4 сағ): туған қаласы немесе ауылы жайлы білімін кеңейту, ауыл

және қала үйлерінің айырмашылығы, үйдегі бөлмелердің орналасуы және аттары, тұрмыстық құралдар жайлы білімін жетілдіру, «жиһаз», «үй мекен-жайы» тақырыбы бойынша сөздікті молайту;

10) «Мен және менің туыстарым» (6 сағ): отбасы мүшелерінің аты және тегі жайлы білімін нақтылау және кеңейту, ата-аналарының жұмыс орындары, отбасындағы еңбек және демалыс, кіші және үлкен жастағы отбасы мүшелеріндегі қарым-қатынасы, мектеп ұжымы, достық және өзара көмек жайлы түсінік қалыптастыру, әңгімелеп айтатын мәтіннің мазмұнын талдау;

11) «Еңбек және мамандық» (5 сағ): балалардың құрылыс және құрылыстағы мамандықтар жайлы білімін анықтау, толықтыру, құрылыс жұмыстарының түрлерінде машиналарды қолдану, өнер-кәсіптік мамандықтар жайлы алғаш білімдерін қалыптастыру, киім өндіру үрдісі жайлы түсініктерін қалыптастыру, лексикалық мағынасын анықтау және кеңейту, медициналық мекемелермен байланысты емдеу мамандықтары және мекемелері жайлы түсініктерін кеңейту, балалар жарақатынан сақтандыру жайлы әңгімелеу, бірінші медициналық көмек көрсету.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

21. Ескерту: «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақтар» 20-ші бөлімдеріндегі оқу сағаттарының санын сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің әртүрлі ерекшеліктеріне қарай логопед өзгертуі мүмкін.

22. «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақ»- 374 сағат:

1) оқушыларды тексеру (22 сағат);

2) оқушылардың сөйлеу тіліндегі жеке бұзылыстарды жеңу (1 жыл ішінде) – 352 сағат:

артикуляциялық аппараттың құрылысында немесе қимылында бұзылыстары бар оқушыларда дыбыс айту кемшіліктерін түзету (1 сыныпта және дайындық сыныптарында басталған жұмыстың жалғасы);

жаңадан түскен оқушылардың дыбыс айту кемшіліктерін түзету. Дыбысты дұрыс айтуын машықтандыру және дыбыстарды талдау;

буындық құрамы күрделі сөздерді айтуға байланысты қиындықтарды түзеу; жаңадан түскен сөйлеу тілі өте күрделі бұзылған балалардың жазу мен оқудағы жеке ауытқуларын түзету;

сөйлеу тілінің грамматикалық жағын және сөздікті игерудегі жеке қиыншылықтарды түзеу.

23. «Дыбыс айту. Топтық логопедиялық сабақтар».

1) дауысты дыбыстарды және жұп дауыссыз дыбыстарды дұрыс, нақты айтуын бекіту [п], [б], [т], [д], [к], [г], [ф], [в], [ң], [н], [с], [з] – 12 сағат;

2) қатаң және ұяң дыбыстарды саралау, қиындығы жағынан түсінікті сөздерден

қатаң және ұяң дыбыстарды белгілеу және естудегі айырмашылықтар – 6 сағат;

3) үндестік заңына сәйкес, дауыстылардан кейінгі дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту (б а р - б е р) ;

4) дыбыстарды қайталау [ж] – [ш]; [ч], [щ], [ц], [л], [р] – 21 сағат;

5) дыбыстарды ажырату:

[ш] – [ж] – [с] – [з] – 3 сағат;
[щ] – [ч] – [т'], [ц] – [щ] – [ч], [щ] – [ч] – [с'] – [с], [ц], [с'] – [с] – [ц], [р] – [л] – 18 сағат ;

б) ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту, ажырату, талдау – 8 сағат.

24. «Тіл дамыту». Әңгімелесу тақырыптары мен мазмұны:

1) «Табиғаттағы маусымдық өзгерістер» (18 сағат):

маусымдар жайлы білімін жетілдіру, табиғаттағы маусымдық өзгерістерді тәжірибелік бақылау ;

табиғат көріністерінің арасындағы өзара байланыс орналастыру жаттығулары, белгілерін салыстыру, өлі табиғат мүшелерінің және көріністерінің арасындағы байланыс орналастыру жаттығулары, табиғат денелері және құбылыстары жайлы білімі мен түсініктері, ұжымдық бейнелеуді құрастыру жаттығулары;

көктем мен жаздың белгілерін ажырату;

2) «Өсімдік және адам» (17 сағат):

негізгі өсімдік топтарына тән белгілері, өсімдік өмірінің жағдайы, өсімдіктердің көбею мүшелері және тәсілдері, тұқымның жетілуі, дәнді егістер жайлы түсініктер, дәнді егістерді жинау, дән және ұн сақтау;

мақташылық жайлы түсініктерін қалыптастыру, мақта иіретін өнеркәсіп жайлы түсініктер ;

диқаншының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, жеміс пен көкөніс жайлы білім, «жүзім шаруашылығы», «бағбаншылық» туралы түсініктер енгізу;

3) «Біздің Отан» (15 сағат):

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімі; туған жерінің бедері жайлы түсініктерін қалыптастыру, меншікті зат есімдер сөздігін кеңейту, географиялық картамен тәжірибелік танысу;

мемлекеттікті дамыту жайлы қарапайым тарихи мәлімет, Астана - елдің мәдени және әкімшілік орталығы, Алматы – республикамыздың ғылыми және мәдени ошағы ретінде түсініктерін қалыптастыру, Отанның табиғи байлықтары жайлы білімін кеңейту ;

4) «Жануарлар және адам» (16 сағат):

мал шаруашылығы жайлы түсініктерін қалыптастыру, мал шаруашылығына байланысты сөздігін кеңейту ;

жыл құстарының аттарын белсендіру, құстардың ұшып келуі, ұя салу, ұялардың түрлері ;

қоршаған орта жағдайларына бейімделген жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, тұратын ортасы жайлы түсініктер, маусымдық өзгерістерге бейімделген жануарлар жайлы түсініктерді толықтыру және нақтылау, жануарлар тобы жайлы түсінік, қыстайтын құстардың аттарымен сөздігін кеңейту, кейбір түрлердің өмір салтымен танысу, жануарлар, жануар тобының сыртқы көрінісі жайлы білімі;

Қазақстан Республикасының қорықтары жайлы түсінік енгізу, «Қызыл кітап», қоршаған ортаны қорғау жайлы әңгімелеу, балықтардың көбеюі, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар, балық аулаушылық жайлы түсінік, жануарлардың ұ р п а ғ ы н а қ а м қ о р ш ы л ы қ ;

5) «Мемлекеттік мейрамдары» (12 сағат):

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мейрамдары жайлы түсініктер қ а л ы п т а с т ы р у ;

өлеңмен жазылған мәтінді жаттау, әйелдің отбасындағы және өнер-кәсіптегі еңбегі, қ ұ т ы қ т а у д ы қ ұ р у ;

ғарышты игеру тарихы туралы қарапайым білім мен түсініктер беру;

Қазақстан Республикасының халқы, көп ұлттылық құрамы, Қазақстан халық достастығы жайлы түсініктер қалыптастыру;

әскер елдің қорғанышы ретінде қарапайым түсініктерін қалыптастыру;

6) «Мен және менің айналам» (10 сағат):

мектеппен байланысты мамандықтар, оның мекен-жайы, мектеп жайлы білімін толықтыру, мектеп жанында орналасқан мекемелердің аты, жердің жоспары жайлы т ү с і н і к ;

оқушының тәртіп сақтау ережелері, достық, ұжым және өзара көмек жайлы әңгіме, қоғам жайлы түсінік және тәртіп сақтау;

дене құрылысы жайлы білім, гигиена ережелері, салауатты өмір салты жайлы; кәсіптік бейімделу туралы алғашқы білім, іс қағаздарды құрастыру жаттығулары (а р ы з , х а б а р л а н д ы р у , ө т і н і ш);

7) «Еңбек бақыт әкеледі» (14 сағат):

оқудың пайдасы жайлы әңгіме, өнеркәсіп тауарларын өндіру процесі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;

үлкендердің еңбегін құрметтеу туралы әңгіме;

қалалық және қала аралық көліктердің айырмашылықтары, қимылдау тәсілдері бойынша көлік түрлері, көлікке байланысты мамандық сөздігін кеңейту.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

25. Ескерту: «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақтар» 23-ші бөлімдеріндегі оқу сағаттарының санын сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің әртүрлі ерекшеліктеріне қарай логопед өзгертуі мүмкін.

26. «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақтар»- 374 сағат:

1) оқушыларды тексеру – (22 сағат);

2) оқушылардың сөйлеу тіліндегі жеке бұзылыстардың алдын алу (1 жыл ішінде) -

3 5 2 с а ғ а т :

қимылдары немесе артикуляциялық аппаратының құрылымы (дизартрия, ринолалия) бұзылған оқушылардың сөйлеу моторикасын дамыту және дыбыс айту бұзылыстарын т ү з е т у ;

жаңадан келген оқушылардың дыбыс айту кемшіліктерін түзету. Буындық құрамы күрделі сөздерді айтуындағы қиындықтардың алдын алу;

сөйлеу тілі аса күрделі бұзылған оқушылардың жазу мен оқудағы жеке а у ы т қ у ш ы л ы қ т а р ы н ж о ю ;

сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын және сөздік қорын меңгерудегі жеке қ и ы н д ы қ т а р д ы ң а л д ы н а л у .

27. «Дыбыс айту. Топтық логопедиялық сабақтар»:

1) тіл дыбыстары (дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстар) – 2 сағат;

2) үнді дыбыстар (н), ң, (м), (л), оларды ажырату – 2 сағат;

3) түзетуді қажет етпейтін жұп дауыссыздар (п-б, д-т, қ-ғ, в-ф) – 2 сағат;

4) дауыссыз (қ-ғ-х) – 1 сағат;

5) түзетуді қажет ететін жұп дауыссыздар (с-з) – 2 сағат, (ж-ш) – 2 сағат;

6) дыбыстарды ажырату: ш] – [с], [ж] – [з], [с] – [з] – [ц], [щ] – [ч], [ш] – [щ] – [ч], [щ] – [ч] – [ж] – [з], [ц], [с'] – [с] – [ц], [р] – [л] – 19 сағат;

7) үндестік заңына байланысты дыбыстардың жуан және жіңішке айтылуы – 4 сағат

28. «Тіл дамыту». Әңгімелесу тақырыптары мен мазмұны:

1) «Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер» (15 сағат):

маусымдық өзгерістердің сипаттамасы, жазда гүлдейтін өсімдіктердің және с а ң ы р а у қ ұ л а қ т а р д ы ң а т а у ы ;

өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі өзгерістерді салыстыру, сипаттаманы жазу, жыл мезгілдері, мұз, су тасқыны туралы халық ырымдары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, сюжетті суреттердің бейнеленуін құрастыру немесе мазмұндау; ж а з д ы қ с у ғ а р у ж ұ м ы с т а р ы ;

2) «Менің Қазақстаным» (15 сағат):

елі, мемлекеттік рәміздері, астанасы туралы білімі, табиғат аймақтары, аудандар мен Республиканың аудан орталықтары туралы білімдерін қалыптастыру; сөздік қорын кеңейту (қалалардың, ҚР-ның ірі географиялық нысандары мен туған ө л к е с і н і ң а т а у л а р ы) ;

туған өлкесінің тарихы туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;

атақты тарихи тұлғалардың есімдерімен таныстыру;

қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа қалған мұралары, әдет-ғұрыптары мен

салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру;
3) «Еңбек және мамандық» (10 сағат):
өнеркәсіп түрлері туралы білімдері;
Қазақстан Республикасында белгіленген мамандықтарға арналған мерекелер туралы түсініктеріне кіріспе;
балалардың көлік түрлері туралы түсініктерін толықтыру және анықтау, көліктің маңызы;
оқушылардың ауыл-шаруашылық жұмыстары туралы білімдерін кеңейту, ауылдағы кәсіп атауларымен байланысты сөздік қорын молайту;
мал шаруашылығы және егін шаруашылығы туралы білімдерін қалыптастыру (анықтау және толықтыру);
ғылым мен шаруашылық арасындағы байланыстарды анықтау жаттығулары;
4) «Мемлекеттік мейрамдар» (11 сағат):
мерекелер туралы білімдері, халық және оның бірлігі туралы мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, құттықтау қағазына немесе мектеп ертеңгілігіне шақыруға арналған мәтіндерді құрастырудағы жаттығулар;
Қазақстан аумағында тұратын ұлыстардың атауларын оқушылардың сөйлеу тілінде белсендіру, республиканың көп ұлтты құрамы туралы түсініктерін қалыптастыру, ұлт аралық сыйластық жөнінде әңгімелер;
5) «Жануарлар, өсімдіктер және адам» (11 сағат):
жануарлар, атауы, сипаты, сырт әлпеті, өмір сүруі жөнінде білімдерін кеңейту; сөздік қорын келесі тақырыптар бойынша молайту: қорықтар, жануарларды қорғау, «өмір жағдайы», «тіршілік ортасы» түсініктеріне кіріспе, мәтіндерді құрастыру (Қазақстан қорықтарындағы сирек және жойылып бара жатқан жануарлардың тіршілік ортасын баяндау);
оқушылардың жыл құстары туралы білімдерін толықтыру, сирек және жоғалып бара жатқан құстардың атауларымен сөздік қорын молайту, қорықтар туралы әңгімелеу;
6) «Сенің мүмкіндіктерің» (6 сағат):
дене мүшелері мен ағзалар жүйесі, тазалық ережелері туралы білімдерін, салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру;
кәсіби бағдарлау жөнінде бастапқы білімдерін қалыптастыру.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

29. Ескерту: «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақтар» 26-ші бөлімдеріндегі оқу сағаттарының санын сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің әртүрлі ерекшеліктеріне қарай логопед өзгертуі мүмкін.

30. «Дыбыс айту. Жеке және шағын топтық логопедиялық сабақтар» - 306 сағат:

1) бұрын меңгерілген дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту және жетілдіру, сөздер, сөз тіркестерін айту дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Тілдік дағдыларын жетілдіру (36 сағат);

2) өз бетімен жазбаша әңгімелеудің материалында оппозициялық фонемаларды ажырату. Бір фонема ішінде (функционалды әлсіз және күшті қалыпты фонеманы анықтау) нақты дифференциацияны анықтау дағдысын жетілдіру (54 сағат);

3) сөздің құрамын дыбыстық талдау, жинақтау дағдыларын жетілдіру. Морфемді талдау дағдысын дамыту (63 сағат);

4) сөзжасам тәсілдері: жұрнақтардың көмегімен және оларды қолдану арқылы сөзжасам дағдыларын меңгеру. Сөзжасам дағдыларының дифференциациясы (63 сағат);

5) лингвистикалық үлгілер (морфемалар, сөздер, грамматикалық құрылымдар) және оларды түрлі көлемдегі мәтінде айқындай алуын қалыптастыру (54 сағат);

6) мәтінді мағыналық бөліктерге (сөйлемдер, абзацтар, шумақтар) бөлу дағдысын жетілдіру (36 сағат).

31. «Тіл дамыту». Әңгімелесу тақырыптары мен мазмұны:

1) «Мәдениет және өнер» (10 сағ):

халық ағартушылары, өндіріс пен қазіргі заман мектебінің байланысы туралы білімдерін қалыптастыру және оның пайдасы туралы сұхпаттасу;

оқушылардың жазудың дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру, қазіргі және бұрынғы кітап шығару әдісін салыстыру, кітап пен оның пайдасы туралы халық мақалдарын жаттау, еліміздің тарихи өткені туралы білімдерін кеңейту;

әлем архитектура, өнер және мәдениет ескерткіштері туралы түсініктерін қалыптастыру;

2) «Маусымдық өзгерістер» (20 сағ):

жыл мезгілдерінің ауысуы, күнтізбе, жаз бен күз белгілерін салыстыру;

өсімдіктер өміріндегі мезгілдік өзгерістер, табиғат суреттерін сипаттау, табиғаттың жеке құбылыстары, түрлі жыл мезгілдеріндегі адамдардың еңбегі, қозғалысты режим мен демалыс туралы сұхпаттасу;

3) «Жабайы жануарлар мен қоршаған ортаны қорғау» (22 сағ.):

қыстап қалатын және жылы жаққа ұшатын құстардың өмірін салыстыру, құстардың ұшуы туралы түсінігі;

жануарлардың жүріс-тұрысы туралы әңгіме құрастыру, жануарлардың түрі мен олардың мекен ететін ортасының арақатынасы, қорықтар, қоршаған орта туралы білім, адамның табиғатқа тигізетін әсері туралы түсінік;

Қазақстанның табиғи аймақтарының картасы, табиғи аймақтарының климаты, жануарлар мен құстардың орналасуы;

4) «Адам еңбегі» (12 сағ.): балалардың мал шаруашылық, егіншілік, ауылды жердегі және дербес басқарушылық құрылымының жаңа түрінің агрошаруашылық туралы

білімдері, тұлғаның қалыптасуындағы рөлі туралы білімі;
5) «Тәуелсіз және еркін ел» (16 сағ.):
Қазақстан Республикасының құрылу тарихы туралы білімі;
адамның құқығы туралы қарапайым түсініктері;
алыс және жақын шетел туралы түсінігі;
қосымша әдебиеттермен және географиялық картамен жұмыс істей алу дағдысын
қ а л ы п т а с т ы р у ;

6) «Біздің мейрамдарымыз» (12 сағ.):
Қазақстанның тәуелсіздігі туралы білімі; қазақ халқының тарихи өткені туралы
түсінігі және оның жоңғар басқыншыларымен соғысы, жыл санағы туралы түсінігі;
құттықтау мәтіндерін құрауға жаттығулар;
Отанымыздағы ғарышты зерттеу тарихы жөнінде түсінік беру, ғарыш пен
қазақстандық ғарышкерлер туралы әңгімені оқу, жер – ғарыштық дене туралы түсінік
б е р у ;

7) «Қоғам. Адам» (10 сағ.): адамның шығу тегі және өсімдіктер мен жануарлардың
жалпы эволюциясы туралы қарапайым түсініктерді, алғашқы қауымдық қоғаммен
қазіргі қоғам, археология, адамды қалыптастырудағы еңбектің рөлі отбасы қоғамның
бір бөлшегі ретінде, сыйласымды туыстық қатынастар мен отбасындағы ұлттық
салт-дәстүр туралы түсініктерді қалыптастыру.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. «Дыбыс айту» бөлімі бойынша оқушылар.

1) меңгерілген дыбыстар мен дыбыстар тіркестерін естіп ажыратады ([y] – дыбысын
[a], [o], [ы], [и], [ә] – дыбыстарынан); па буынын басқа буындардан (ма, мө, қа, ка; са от
за, ша, тя, ша және т.б.) ажырату. Сөз құрамындағы дыбысты ажыратады, сөздердегі
соңғы дауыссыз дыбысты атайды (доп), буын тудырушы дауысты дыбысты бас, мал,
мол, жол, сан, сән және т.б., сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты анықтайды, буынның
көлемі бойынша бір, екі, үш буынды сөздерді;

2) 2–3 нұсқаулық әрекеттерді есте сақтайды және орындайды. Ырғақты және
дыбыстық құрамы ұқсас және әр түрлі 3 – 4 сөздерді (сақа, тас, бақа, бәкі, шағала, қағаз
, лимон, берілген кезектілік бойынша (па-по; қа-жа; ұс-ас-үс; сқа; сты), екпінді
буындары бар буындар қатарын есте сақтайды және қайталайды;

3) 2 дауыссыз дыбыстар қатар келген: авт, фта ашық, тұйық, бітеу буындарды,
олардың бірлесуін: ту-та-ты; тұ-та-тү, ап-та; сто-ста-сты, дұрыс екпінді әртүрлі буын
құрамында бір, екі, үш буыны бар сөздерді нақты және қосып айтады;

4) тура және кері буындарға талдау жүргізу лақ, сан сөздеріне дыбыстық талдау,
маса, қала және т.б. дыбыстық – буындық талдау жасау. Сөздегі екпін орнын
анықтайды. 2-3 қатардағы дауысты дыбыстардың кезектілігін анықтайды: [ә], [ө]; [ү], [

ұ] , [у] , [ы] ;

5) сөздерді буындарға бөледі, бір буынды, екі буынды және үш буынды сөздердің
б у ы н д ы қ с ы з б а с ы н құ р а й д ы ;

6) «Дыбыс», «сөз», «дауысты дыбыс», «дауыссыз дыбыс», «жіңішке дыбыс», «жуан дыбыс», «буын» терминдерін меңгерген, дауысты дыбыстардың буын тудырушы рөлі
т у р а л ы б і л е д і .

33.«Тіл дамыту» бөлімі. Сөйлеу тілінің біліктері мен дағдылары:

1) қаратпа сөйлеу тілінің түрлі формаларын түсінеді (өтініш, бұйрық, нұсқау);

2) өз қалауы мен өтінішін, ересектермен жағымды амандасуды (амандасу, қоштасу)
д ұ р ы с ж е т к і з е а л а д ы ;

3) мұғалімнің, тәрбиешінің, сыныптастарының атын біледі, қоршаған ортада кездесетін әрекеттерді заттарды атайды, қолданылған сөздерді, заттардың бөліктері мен бөлшектерінің
мағынасын дұрыс түсінеді;

4) нақты белгілері бойынша ұқсас заттарды ажырата алады. әрекеттің уақытын білдіретін не істеді? не істеген? не істейді? Сұрақтарын дұрыс қолданады;

5) қарапайым жалаң сөйлемдерді құрайды, сұрақтар бойынша (кім? не? не істеді? қайтті?) сөйлемдегі заттар мен қимылдарды білдіретін сөздерді анықтай алады;

6) бекіту немесе қарсылық, керекті заттың болуы немесе болмауы өтініш, білу немесе білмеу, істей алу немесе істей алмауын білдіретін сөйлеудерді қолдану арқылы мұғалімнің сұрақтары бойынша қысқаша диалогтарға қатысады;

7) таныс сөздерден тұратын байланысқан әңгімелеуді түсінеді және оларды сұрақтарға сүйеніп өз бетімен құрайды;

8) бұл не? Қандай? Бұл затпен не істейміз? сұрақтарының көмегімен өзі жақсы танитын заттарды түсі, пішіні, көлемі бойынша сипаттайды;

9) суреттер сериясы (2-3 сурет) бойынша уақыттық кезектілікті анықтайды және мұғалімнің көмегімен олардың мазмұнын жеткізеді, өткен күндерде болған оқиғалар,
а у а - р а й ы т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

3 4 . С ө з б е н ж ұ м ы с :

1) кішірейткіш мағынадағы және кеңістікті қатынастағы сөздерді түсінеді және сөйлеу тілінде қолданады ;

2) заттың, іс-әрекеттің орнын, бағытын анықтайтын сөздерді түсіну, айту;

3) түсі, көлемі, пішіні, дәмі, қалпы (қызыл, үлкен, домалақ, тәтті, таза) және уақыттық қатынасы бойынша заттарды атайды;

4) жеке және нұсқаулық есімдіктерді дұрыс қолданады (мен, сен, ол, бұл, сол).

35. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы:

1) етістіктерді уақыттық түріне қарай және зат есімдерді жанды және жансыз түріне қарай ажырата алады, қолданады. Етістікті есімдікпен және зат есіммен тіркестіре
а л а д ы ;

2) қозғалыстың бағытын, заттың орналасуын білдіретін, қайда? Сұрағына жауап

беретін кеңістікті қатынасты айқындайды, әрекеттің белгілерін атайды;
3) қайда? Сұрағына жауап беретін заттың орнын анықтайды.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. «Дыбыс айту» бөлімі бойынша оқушылар:

1) дауысты дыбыстар қатарын, дыбыстар мен буындар тіркесін (уиу у..., уиуа у аиу), ашық, тұйық, бітеу буындар мен дауыссыз дыбыстармен топталған буындар қатарын (па-па-па-ап; пә-әп-пә, сас-сәс-сұс; прә-прұ-про; пра-кра-тра; са-се-сә; ле-лә-лі-ли; иле-пли-пло; стра-стры-стре; бра-бро-бру-бры; бра-бра-пра-пра), оппозициялы дыбыстары бар түрлі буындардың бірлесуін (са-са-за, бра-бра-пра> жа-ша-жа-ша; ча-ща-тя), екпінді және екпінсіз буындардың алмасуын (жаттығу жақсы меңгерілген тілдік материалды жоғары темпте айту арқылы жүзеге асады): дыбыстардың алмасуынсыз (тататататата..., тата-татата-тата-татата; та-татата-та-татата-та), дауысты және дауыссыз дыбыстардың алмасуымен (татотутатоту..., ту-татоту..., ша-саса-ша-саса..., таданатаданатадана), [J] (та-тя-ту, те-тұ-тә) дыбысымен бірлесуін дыбыстайды;

2) 3-4 буыннан тұратын буындар қатарын қабылдау кезектілігі бойынша қ а й т а л а й д ы ;

3) екі буынды, үш буынды сөздердің, берілген типтерден құралған (қасық, қант, орманшы, өшіргіш) жеке төртбуынды сөздерді екпінін сақтай отырып дұрыс анық ды б ы с т а й д ы (қ ұ р ы л ы с ш ы л а р) ;

4) сөздердің формасын өзгерткенде жалғауларды анық дыбыстайды;

5) үш дауыссыз дыбыстар қатарласқан буындарды біріктіріп, дұрыс дыбыстайды;

6) оппозициялық дыбыстары бар сөздерді дұрыс дыбыстайды;

7) екі буынды және үш буынды сөздердегі екпінді буынды дұрыс анықтайды;

8) екпінді буыны айқындалған сөздердің сызбасын дұрыс құрайды, үш дауыссыз дыбыстар қатар келеген сөздердің дыбыстарын дұрыс айқындайды (жұмыртқа);

9) дыбыстық-буындық күрделілігін меңгерген сөздерді қолданған сөйлемдерді құ р а й д ы және д ұ р ы с ды б ы с т а й д ы ;

10) ритмі сақталған сөздер мен меңгерген дыбыстары бар тақпақтарды жаттайды.

37. «Тіл дамыту» бөлімі. Сөйлеу тілінің біліктері мен дағдылары:

1) кім? Не? Не істеп жатыр? қайда? Кімге? Қанша? Сұрақтарын қоя алады, сабақ тақырыбы бойынша не? Қайда? Қалай? Сұрақтарын қолдану арқылы оқу диалогын құ р а й а л а д ы және о ғ а н қ а т ы с а д ы ;

2) сөйлеу тілінде хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады және ажыратады;

3) уақыты бейнеленген қарапайым және күрделі сөйлемдерді қолдану. Өзіндік сөйлеу тілінде жеке есімдіктерді қолданады (1, 2 және 3 жақ) және сұраулы сөйлемдерді құ р а й д ы, қ о л д а н а д ы :
өткен, осы, келер шақ етістерінің сұрақтарымен;

мәтіннің мазмұнына қойылатын сын есімнің сұрақтарымен;

4) 3–4 сериялы сурет бойынша оқиғаның уақыттық кезектілігін орната алады және оны 3-5 сөйлемнен тұратын хабарлы мәтіннің мазмұнына жеткізе алады;

5) сюжетті суретке сүйене отырып 2–3 сөйлемнен тұратын хабарлы мәтінді құрастыра алады;

6) оқу жұмысындағы өзінің жетістіктері мен кемшіліктері, киім мен оқу құралдарының қалпы туралы хабарлайды;

7) тірек сұрақтар арқылы 8–10 (15сөзге дейін) сөзден мағыналы мәтінді ауызша айтып береді.

38. Сөзбен жұмыс:

1) сөйлеу тілінде бұйрық беруді білдіретін сөздерді түсінеді және қолданады, балалар күнделікті өмірде, сабақта, қоршаған ортамен танысу кезіндегі қолданылатын сөздер – заттардың атауы, іс-әрекеті, заттың сыны, іс-әрекеттің уақыты болу керек;

2) сөздердің жалпылама мағыналарын, әр түрлі мағынада қолданылатын бір сөздерді түсінеді (тіс щеткесі, аяқ киім щеткесі, киім щеткесі; жинау — киімді, асықты, үйді);

3) кішірейткіш сөздерді түсінеді және дұрыс қолданады (зат есімдер –ше, -ша, -шік, -қай жұрнақтары арқылы); жұмыстың түріне байланысты тұлғаларды атау (зат есімдер –шы, -ші, -гер жалғаулары арқылы) қозғалыс, заттың түсі бойынша, көлемі бойынша, дәмі бойынша, салмағы бойынша, сапасы бойынша (қатты – жұмсақ); іс-әрекетін (тез, күлімсіреп); іс-әрекеттің уақытын (таңертең, кешке, бүгін); заттардың бөлшектерін атайды және анықтайды, сонымен қоса заттарды топтастырып айтады.

39. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) сұрақ арқылы сөйлемнің грамматикалық негізін айқындай алады. Өз бетімен зат есіммен етістіктің жеке түрімен көпше түрін құрастыру;

2) зат есіммен етістіктің жекеше және көпше түрінің формаларын, етістікті сөз тіркес + табыс септігіндегі зат есім (тірі және тірі емес), грамматикалық негіздегі сөйлемді ажырату мен келісумен сөйлем құрайды. Жайылма сөйлемдерді анықтауышпен (қандай? Қай?), толықтауышпен (кіммен? немен? не?), пысықтауышпен (қайда? қайдан? қалай?) анықтайды;

3) сөздік қорын молайту мақсатында жағдаяттан етістік пен үстеуді айқындайды;

4) не істейді? Қалай? деген сұрақтарға жауап бере алады, кім? не? деген сұрақты түсінеді, не істеп жатыр? Қалай? деген сұрақтарға жауап береді. Кімді? Нені? деген сұраққа жауап бере алады;

5) зат ісімнің (ілік, барыс, табыс) септіктерін меңгереді. Сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құрайды бастауыш+ толықтауыш+ баяндауыш;

6) зат есімдерді грамматикалық категориялар бойынша сан есіммен есімдікпен топтастырады;

7) өткен шақтағы етістікті зат есіммен сәйкестендіреді, етістік + табыс септігіндегі

з а т

е с і м ;

8) бастауыш рөліндегі есімдігі бар сөйлемді сәйкестендіру, зат есімдегі табыс септігінің түрін меңгереді;

9) жайылма сөйлемдерден зат есіммен сын есімдерді тауып, бөліп айтады;

10) осы, өткен және келер шақтағы көпше жіне жеке түрдегі жіктік жалғауының 2 түріндегі есімдікті дұрыс қолданады.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

40. «Дыбыс айту» бөлімі бойынша оқушылар:

1) дыбыстар мен буындардың түрлі тіркестерін дыбыстау: дауысты дыбыстар (аиуаиуаиу..., әууәмәніүкіс), дауыссыз дыбыстар (мә-ме-мі-ме, тіл-піл –ніл, мя-ня-вя-ря), жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстары бар буындар тіркесі (ста-стя-ста-стя, та-ат-тя-ать, кра-кря-кла-кля), құрамында [я] дыбысы бар буындар тіркесін айту: ин-пя-пья, пье-пье-пью, пья-вью-ляя. Құрамындағы оппозионды дыбыстары бар буындық тіркестерді айту: ша-са-за-жа, шва-жва-зва-сва, саш-шас, ча-ща-тя-ся, сяща-чаща-чача. Буындар қатарын екпінді және екпінсіз ауыстыру арқылы айту (жаттығу жылдам орындалады), дауыссыз және дауысты дыбыстарды алмастыру мен кезектілігін ауыстыру: сасошусасошу..., татянататяна..., әр түрлі екпін арқылы тата, т а т а т а , т а т а т а т а ;

2) сөз бен сөйлемді айтудың дағдыларын қалыптастыру: дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын нақты, қосарланған екпіні бар дыбыстарды айту (үш - бес күрделі дыбыстардан құралу керек); ашық және жабық буындар (қарлығаш, құмырсқа), буын құрамындағы екі-үш дауыссыздардың қатар келуі (қалампыр, балдырған, сылдырмақ);

3) төрт-бес буындардан құралатын сөздегі, екпінді буынды белгілеу;

4) сөздегі жалғау, жұрнақтарды дұрыс қолдану (оқушылардың, мектептердің). Заттың сынын білдіретін сөздерді нақты, анық айту (сүйкімді, әдемі, ақылды, ж а ң б ы р л ы к ү н) ;

5) математика, әдебиет, тіл және басқа да оқу пәндерімен байланысты күрделі терминдарды меңгереді;

6) дұрыс екпіні сақталған берілген күрделі және қарапайым сөздерден құралған жайылма сөйлемдерді анық және қосарлап айтады;

7) сөйлем соңындағы екпінді сақтайды және ажыратады.

41. «Тіл дамыту» бөлімі. Сөйлеу тілінің білік пен дағдылары:

1) өзінің тегін, атын, әкесінің атын, жасын, үй мен мектеп мекен жайын біледі;

2) кім? не? және т.б. деген сұрақтарды қоя алады, сұрақтарға толық және қысқа жауап бере алады, қысқа және жауаптың айырмашылығын түсінеді, географиялық объектіні, атақты адамдар мен тарихи тұлғаларды, білдіретін жалқы есімдерді

ажыратады және оны сөйлеу тілінде қолданады;

3) ауызша сөйлеу тілінде септік жалғаулардың мағынасын түсініп, қолдану;

4) заттарды сипаттамасы бойынша салыстыра алады, олардың белгелерін анықтай алады, іс-әрекеттің балауын білдіретін (қалай? жақсы, жаман), іс-әрекеттің уақытын (қашан? жазда, кешке), іс әрекеттің бағытталған орнын (қайда? қайдан?) мөлшер (қанша?) үстеу, зат есім, сан есімдерді қолдана алады;

5) сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді;

6) оқиғаның уақытын біледі, өткен және келер шақтағы жағдай мен күнтізбелік мерзім туралы хабарлай алады, сабақтың тақырыбы бойынша әңгімелесе алады, сюжетті суреттегі кейіпкердің диалогын құрай алады, сұхбаттың тақырыбы бойынша сұрақтық жоспары немесе мұғалімнің сұрақтары бойынша өз бетімен сөйлемдер құрай алады ;

7) бөлшектенген мәтінмен (мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу) жұмыс істей алады. Мәтін бөлігі түсінігін меңгерген. Мәтінге тақырып қоя алады, ауызша әңгімелеудің басы мен жалғасын ауызша қорғай алады, мәтін бөлігінің негізгі бөлігінің ойын көрсете алады ;

8) сурет, берілген жағдай бойынша диалог құрай алады, 3–5 сериялы сурет, көмекші сөздер, бөлшектенген мәтін бойынша және мұғалімнің басшылығымен ұжыммен бірге жоспар, мағыналы әңгіме құрастыра алады. Мәтінді ауызша және жазбаша мазмұндай алады ;

9) сөйлеу тілінде сын есімнің салыстырмалы түрін қолданады (ақ – ағырақ, қара - қаралау) ;

10) түрлі контекстте сөздердің қолданылуын түсінеді (бару (қайда?)), жүру (қайда?), жүру (немен?), әңгімелесудің тақырыбымен анықталған антоним мен синонимдер;

11) ұжыммен жұмыстың жоспарын құрастырған, хабарлы мәтінді ауызша және жазбаша түрде өз бетімен құрай алады, сонымен қатар өз өмірінен алған тақырыптарға әңгімелесе алады .

42 . Сөзбен жұмыс :

1) атау сөздердің түрлерін дұрыс қолданады. Зат есімнің тек жеке немесе көпше түрін білу (сүт, қаймақ, нан), мамандықты, сапаны білдіретін сөздерді қолдануы: (жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл) мерзімі бойынша (қыстық, жаздық, күздік); заттың түр-түсін салыстырады (көк-көгірек, үлкен-үлкенірек); кішірейтікіш мәнде айту: (көрпе - көрпеше, бала - балақай) ;

2) заттың іс-қимылын, бағытын, аяқталғанын білдіретін сөздерді пайдаланады (келді, келе жатыр, жақын келді, келіп қалды);

3) мамандықтарды немесе кәсіп иелерін білдіретін сөздерді жасайтын жұрнақтарды дұрыс қолданады (оқытушы, малшы, жүргізуші);

4) түрлі контекстерде сөздерді дұрыс қолдана алады (бару қайда? Немен? кіммен?);

5) түбірі, жұрнағы ортақ және мағынасы бойынша ұқсас сөздерді топтастырады

ж ә н е

р е т т е й д і ;

б) көп мағыналы сөздердің қарапайым жағдайын ажыратады;

7) заттың сипатын білдіретін сөздерді ауыз екі сөйлеу тілінде қолдана алады, керекті сөздерді, грамматикалық жағын дұрыс қалыптасқан мағынасын нақты түсіндіретін сөздерді жылдам таба алады.

43. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) сөйлемдегі зат есімнің септік жалғауын, етістіктің уақытын меңгерген. Сөз тіркесінің бағыныңқы және басыңқы бөлігін тәжірибе жүзінде ажырата алады;

2) сөзтіркесін және сөйлеммен байланыстырып сөйлеу тілінде қолданады: етістік + табыс септігіндегі зат есім, етістік + барыс септігіндегі зат есім және кім? Не? Кімді? Нені? Кіммен? Немен? сұрақтары бойынша сөйлем ішіндегі байланысын орнатады;

3) сөйлемде сөз тіркестерін құрайды және қолданады: кеңістікті қатынасты білдіретін зат есім + табыс септігіндегі зат есім, етістік + табыс септігіндегі зат есім;

4) бір уақытта тура және жанама толықтауышы бар сөйлемді құрайды, түсінеді және сөйлеу тілінде қолданады;

5) зат есімі мен сын есімі бар, баяндауышы бар грамматикалық негізделген сөйлем мен сөз тіркесі бар сөйлемдерді құрайды;

б) есімдіктердің түрлерін (саған, маған, мені) өзгерту, сөйлеу тілінде дұрыс қолдану

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

44. «Дыбыс айту» бөлімі бойынша оқушылар:

1) негізгі грамматикалық терминдер: сөйлеу тілі, сөйлем, сөз тіркесі, сөз, буын, екпін, дауысты және дауыссыз дыбыстар, ызың, ысқырық дауыссыз, дыбыстың сөздегі орны, дыбысты әріппен белгілейді;

2) сөйлеу тілі ағымында барлық дыбыстарды нақты айту (сөйлеу аппаратының күрделі органикалық зақымдалуы бар балалардан басқа);

3) дыбыстардың айырмашылығын айтады;

4) сөздердің дыбыстық талдау мен жинақтауды өткізеді;

5) жіңішке акустикалық – акустикалық айырмашылығы бар дыбыстарды дифференциациялау, оларды жазуды дұрыс белгілеу. Сөздегі екпінді дұрыс анықтайды;

б) сөздегі екпін орнын анықтайды;

7) акустикалық – артикуляциялық және оптикалық – кинетикалық ұқсастығы бар дыбыстарды жазуда дұрыс белгілейді.

45. «Тіл дамыту» бөлімі. Сөйлеу тілінің біліктері мен дағдылары:

1) әңгімелесу барысында белсенді түрде жүргізе алады: толық жауап беру, 3-5 сөйлемді сипаттамалық толықтырылған жауап беру, әңгімелесу барысында анықталған кезектілікпен сұрақтар қою: қайда? Неге? Қандай? Кімдігі? Қанша? Қалай?

қашан? сонымен қатар жолдасының әңгімелеуін толықтыру және бағалау. Дайын жоспар және сюжетті сурет бойынша ұжыммен бірге сипаттама мәтіндер құрастырады;

2) 3–5 сюжетті суреттер сериясы бойынша және ұжыммен құралған жоспар бойынша хабарлы сөйлемді ауызша және жазбаша құрай алады, мұғалім нұсқауымен бір сурет бойынша немесе жеке эпизодтың өзі құраған жоспарына сүйене отырып қысқаша әңгіме құрайды;

3) мағыналы мәтіндердің ерекшеліктері мен себептерін біледі (мәтіннің тақырыбы мен бөліктері), мәтін бөлігінің немесе толық мәтіннің негізгі ойын белгілейді, мәтін бөлігінің тақырыбын ойлап табады;

4) ұжыммен тірек сөздер және сөйлемдер арқылы әңгіме құрайды, оны ары қаратай жалғастыруымен қоса қате текстті қайта өңдейді, іс-әрекеттің уақытын немесе тұлғаларын өзгертіп мәтінді айтып береді;

5) өзінің жеке бақылауы, көзқарасы бойынша, қосымша әдебиеттердегі мәліметтерді қолдану арқылы әңгіме құрайды, өз бетінше мәтіннің қарапайым жоспарын құрайды;

6) мұғалімнің нұсқауымен өзінің іс-әрекеттері бойынша, қабырға газетіне ескерту жазу, іскерлік (түсініктеме, мәлімхат) қысқа жеке хат жаза алады.

46. Сөзбен жұмыс:

1) сын есімдердің қысқа формаларын жасайды, баяндауыш ретінде, сын есімдердің асыра және салыстырмалы сілтеуде қолданады, -ырақ, -ірек жұрнақтары арқылы күрделі сөздерді жасау (қызылырақ, жасылырақ, дәмдірек), іс-әрекеттің аяқталуын немесе қайталануын білдіретін етістіктерді қолдануы, толық емес әрекетті білдіретін әртүрлі мәтіндердегі етістіктер (есікті аш, жиналыс аш), жұрнақтар арқылы етістіктер жасайды;

2) табиғат құбылыстарын белгілеуге қатысты антоним және синонимдерді қолданады;

3) сөздердің астарлы және тікелей мағынасын түсінеді;

4) әртүрлі тәсілдер арқылы түбірі бір сөздерді жасау білігі (Кезекші тақтаны сұртті. Біздің сынып мектепте кезекші. Балалар кезек-кезек сабақ айтты).

47. Сөздің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) сөйлемдердегі сөздерді бөліп атау, сөйлемдер мен сөз тіркестерін ажыратады;

2) сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады және қолданады: толықтауыш ретінде зат есім + етістік, зат есім + пысықтауыш ретіндегі етістік, үстеу+етістік;

3) сөйлемнің грамматикалық негізін жасауды және қолдануды біледі;

4) айту мақсаты бойынша сөйлемдерді ажырата біледі (сұраулы, лепті, хабарлы);

5) ауызша сөйлеуінде бірыңғай мүшелерімен сөйлемдер құрастырады және қолданады: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш;

6) «Зат есім», «Сын есім», «Етістік» грамматикалық түсініктерін меңгерген;

- 7) үстеулермен құрмалас сөйлемдерді құрастырады және қолданады;
- 8) сөйлемдегі сөздер арасындағы байланыстарды сақтайды.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

48. «Дыбыс айту» бөлімі бойынша оқушылар:

- 1) жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды, қатаң және ұяң дауыссыздарды, артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажыратады;
- 2) дыбыстық талдау мен жинақтаудың күрделі түрін жасай алады;
- 3) сөзжасам мен сөз өзгертуді ажыратады;
- 4) сөз тасқынында барлық дыбыстарды айта алады (сөйлеу аппаратының ауыр органикалық зақымдануы бар балалардан басқа);
- 5) жайылма сөйлемдерді, сөз таптары бірдей сөйлемдерді анық және дұрыс айтады;
- 6) қарым-қатынастың паралингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарын қолданады (ым-ишара, жесттер).

49. «Тіл дамыту» бөлімі. Сөйлеу біліктері мен дағдылары:

- 1) мәтінді бөлімдерге бөледі және өз бетінше жоспар құрастырады;
- 2) сюжетті және сюжетті суреттер сериясы, берілген басы немесе соңы бойынша әрекеттердің кезектілігін сақтай отырып, шығармашылықпен, өз тарапынан пікірін айтып әңгіме құрастырады және айта біледі;
- 3) мектептегі өмір тақырыбында, берілген тақырыпқа сөз қоры мен грамматикалық формаларды қолданып әңгіме жүргізе біледі; жолдасының айтқанын толықтырады, болып жатқан жағдайларға, көрген, білгеніне өзінің пікірін білдіреді;
- 4) тікелей және қосымшаларды қолданып, диалогтар құрастырады;
- 5) түбірі ұқсас осы, өткен шақ түріндегі етістіктерді салыстырады (тер-теру), сөйлеу тілінде жақсыз берілген етістіктерді қолданады (аяздап тұр);
- 6) қарапайым және дайын жоспарды ажыратады, күрделі жоспардың бөлімдерін мәтіннің бөлімдерімен сәйкестендіреді;
- 7) төл сөзбен төлеу сөздерді қолданып сахналауға қатысады, басқа адамның сөйлеу тілін ажыратады.

50. Сөзбен жұмыс:

- 1) жұрнақтар арқылы зат есімді әр түрлі етіп өзгертуді (етікші, малшы, қойшы, оқушы), жұрнақтар арқылы сын есімдерді жасауды (қызылырақ, көкшіл), сөйлеу тілінде жалпылама зат есімдерді қолданады;
- 2) ауызша сөйлеу тілінде зат есімдерді (жастар), көпше түрде қолданатын зат есімдерді (су, ұн, дала, тары); атау зат есімдерді (алтын, оқдәрі) кішірейткіш, еркелету мағынасындағы сөздерді (қарағым, ботақан); мамандықты, кәсіп иелерінің атауын білдіретін жұрнақтарды қолданады;
- 3) сөздерді морфологиялық белгілері, сөз түбірі, бойынша іріктеп топтастырады.

51. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1) етістіктің жеке және көптік түрін құрады: оларға сұрақ қойып, сөйлемді дұрыс құрастырады;

2) табыс септігіндегі зат есім + етістік сөз тіркесін жасайды (жанды және жансыз), сын есім + зат есім (қиысу); заттың, іс-әрекеттің сынын, уақытын, себебін білдіретін антоним сөздерді (қандай?жақсы, жаман), көрнекілікке сүйене отырып сын есімдерге антоним сөздерді іріктейді;

3) қыстырма сөздер мен сөйлемдерді қолданады;

4) сөздің бірыңғай мүшелерімен синтаксистік құрылымдар қолданады;

5) жақсыз сөйлем туралы түсінігі бар.

52. Пәндік нәтижелер:

1) Фонематикалық түсініктерін (қабылдау, талдау, жинақтау) жетілдіру негізінде сөздің дыбыстық құрамы туралы толық түсініктерін қалыптастыра;

2) дыбыс айтуы мінсіз байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыра;

3) оқуға қатынас (коммуникативті) дайындығын дамыта, жетілдіре: мұғалім-логопедті зейін қойып тыңдай;

4) өз әрекеттерін оның нұсқауларына сәйкес орындай;

5) ауызша түрде қойылған оқу міндеттерін түсініп, қабылдай;

6) айтылған нұсқау бойынша оқу міндеттерін нақты қабылдау, есте сақтау және орындау мақсатында қатынастың ауызша құралдарын еркін қолдана;

7) берілген тапсырма, нұсқауға сәйкес оқу әрекеттерін мақсатты және дәйектілікпен орындай;

8) мұғалім-логопедтің бағалауына дұрыс орай білдіре;

9) серіктестігінің көзқарасын ескере;

10) айналасындағылармен қарым-қатынасқа түсе білуі тиіс.

53. Тұлғалық нәтижелер:

1) Отанына, халқына және тарихына деген сүйіспеншілігін арттыру, азаматтық көзқарасын, гуманистық және демократиялық құндылықтарын қалыптастыруынан;

2) эстетикалық сұраныстарын, құндылықтары мен сезімдерін қалыптастыруынан;

3) басқа елдің тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауынан;

4) басқа адамдардың сезімін түсініп, оларға жанашырлық пен ізгіниетшілік танытуынан;

5) сауатты, қауіпсіз өмір сүру ұстанымын қалыптастыруынан;

6) шығармашылық еңбекке ынталануынан;

7) рухтық және материалдық құндылықтарға ұқыпты қарауынан көрініс табады.

54. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) оқу мақсаты мен міндетін қабылдап, түсінуімен, есте сақтауымен;

2) оқу міндетін жүзеге асыруын жоспарлай білуімен;

3) өз әрекеттерін бақылап, бағалай білуімен, оларды іске асыру кезінде қажетті

өзгерістер енгізе білуімен (әр баланың психофизиологиялық дамуының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып);

4) танымдық және қатынас міндеттерін шешу үшін сөйлеу құралдарын қолдана білуімен;

5) баланың мүмкіндіктеріне қарай ақпаратты қарастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдана білуді үйренуімен;

6) баланың мүмкіндіктеріне сай деңгейде таңбалы-символикалық құралдарды, модельдеу әрекеттерін қолдана білуімен;

7) әр баланың психофизиологиялық дамуының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып логикалық әрекеттерді меңгеруімен;

8) талдау, жинақтау, салыстыру, ұқсастығы мен себеп-салдарын анықтай білумен, белгілі бір ұғым бойынша әңгімелеп берумен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғы 1 8 м а у с ы м д а ғы

№ 393 бұйрығына 43–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғы 3 с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 148-қосымша

**Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу (оқу, жазу)» пәнінен типтік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)**

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бағдарлама негізінде және психикалық дамуы тежелген балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Сауат ашу кезеңі қазақ тілінің грамматикасына және әдебиет туралы білім жүйесіне кіріспе болып табылады. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға дайындау, қарапайым грамматикалық ұғымдармен таныстыруға даярлау, айтатын ойын толық, түсінікті жеткізе білуге, байланыстыра сөйлеуге үйрету, ауызша, жазбаша тілін дамыту, сөздік қорын байыту

мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады. Бұл мақсат оқу және жазу сабақтарында ауызша және жазбаша сөйлеудің үйлесімділік ұстанымын ескере отырып оның екі кезеңінің (әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі) негізгі міндеттерін шешу арқылы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і :

1) әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері: психикалық дамуы тежелген балалардың өмірінде жаңа пайда болған жетекші әрекет – оқу әрекетіне бейімдеуге дайындау, тұрақты зейіні мен жадын, ойлау мен қызығушылығын тәрбиелеу, баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқуға және жазуға дайындау, сөздік қорын кеңейту, байланыстыра сөйлеуге дайындау;

2) әліппе кезеңінің міндеттері: психикалық дамуы тежелген балаларды қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру, әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын кеңейту және белсендіру, оқу дағдысы мен жазу икемділігін қалыптастыру.

3. Пәннің мазмұнын меңгеру үшін аптасына 7 сағаттан оқытылады (барлығы – 231 сағат). Жалпы сағат саны кезеңдер бойынша төмендегіше бөлінеді:

1) әліппеге дейінгі кезең – 56 сағат;

2) әліппе кезеңі – 175 сағат.

4. Пәнді оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) дүниетану пәнімен: психикалық дамуы тежелген балалардың «адам және табиғат» туралы білімдерін толықтыру, табиғат құбылыстарымен адам, өсімдік, жан-жануарлар арасындағы байланыс пен тәуелділікті таныстыра отырып, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, топсеруен кезінде, табиғатты бақылау барысында алған білімдерін, бақылағандарын оқушылардың сөздік қорын байыту, ауызша жазбаша тілін дамыту мақсатында пайдалану;

2) музыка пәнімен: психикалық дамуы тежелген балаларға әртегі, аңыздар оқу барысында мазмұнына сәйкес музыкалық шығармалар тыңдау, оқушылардың тілін жаттықтыру, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету мақсатында балалар әндер тыңдату;

3) бейнелеу өнері пәнімен: сурет бойынша психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сурет салғызу, бояу жұмыстары арқылы қаламды, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, эстетикалық тәрбие беру;

4) еңбекке баулу пәнімен: еңбек тақырыбына байланысты шығармалар оқу барысында психикалық дамуы тежелген оқушыларды еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, ермексазбен, табиғи материалдармен жұмыс жасау, қағаздарды қию, безендіру арқылы қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту;

5) дене шынықтыру пәнімен: психикалық дамуы тежелген оқушыларды партада дұрыс отыру; дене бітімінің дұрыс дамуы үшін жаттығулар жасау; сабақта сергіту сәтін өткізу.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

5. Әліппеге дейінгі кезең (56 сағат):

1) тыңдалым. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың ауызша сөйлеуде сөйлеушіні немесе мұғалімді (сыныптастарын) аяғына дейін тыңдай білуі. Тыңдау барысында ақпаратты дұрыс қабылдау, ондағы негізгі ойды түсіну, тиісті жауап қ а й т а р у ы ;

2) айтылым. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөйлеу кезінде сөздерді, дыбыстарды анық, дұрыс айтуы. Сөздердің мағынасын дұрыс түсініп, орынды қолдануы. Тілдік қарым-қатынасқа, диалогқа қатыса білу, сөйлеу барысында айтатын ойының мақсатына және жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды тиімді таңдауы. Оқу міндетіне (суреттеу, баяндау) сәйкес монологтік (ауызша) сөйлеуді меңгеру, өзі жайында, ата-анасы, үй-іші жайлы, достары туралы айтып бере алу. Мектептегі және күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарға сәйкес сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау) нормалары мен орфоэпиялық нормалар туралы түсінік қалыптастыру. Дауыс ырғағын дұрыс қою. Айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру: жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар ж а т т а т у ;

3) оқылым. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөйлеу, сөйлем және сөз туралы алғашқы түсініктері. Сөйлеудің сөйлемнен, сөйлемнің сөздерден, сөздің буындардан құралатындығын графикалық сызба арқылы ұғындыру және оқу. Графикалық сызбалар бойынша сөйлемдер құрастырып оқу;

4) буын туралы алғашқы түсінік. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөзді буынға бөлуі, сөздегі буын санын, буын түрлерін анықтауы. Графикалық сызбалар түріндегі буындардан сөз құрап оқу;

5) дыбыс және әріп туралы алғашқы түсінік. Психикалық дамуы тежелген оқушыларға буынның дыбыстардан (әріптерден) құралатындығын графикалық сызба арқылы ұғындыру. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз түрлері болатыны: ауыз қуысында ауаның кедергісіз, еркін шығуынан жасалатын дыбыстардың дауысты деп аталатыны немесе ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелерінің қатысуымен жасалатын дыбыстардың дауыссыз деп аталатыны туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Дыбыс шығаруда сөйлеу мүшелерінің әрекеті, дыбыстардың артикуляциясы: дыбыстау кезінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Дауысты дыбыстардың буын жасай алатыны (буындағы дауысты дыбысты ұзағырақ созу);

6) психикалық дамуы тежелген оқушыларға буындық-дыбыстық талдау: сөзді буынға бөлу, буын санын, буын түрін анықтау, сөздегі дыбыс санын, оның дауысты немесе дауыссыз екенін ажырату;

7) жазылым. Психикалық дамуы тежелген оқушыларды жазу жұмысына дайындық

жаттығулары: үзік сызықтарды бастыра отырып, түрлі фигуралар, өрнектер, сызықтар (көлбеу, тік, ирек, үзік) салу, үзбей, байланыстыра жазуға дағдыландыру. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау (дұрыс отыру, парта бетіне дәптерді дұрыс орналастыру, қаламды дұрыс ұстау ережесі);

8) тіл дамыту. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөздік қорын байыту: суреттер бойынша кім? не? кімдер? нелер? қандай? қай? не істеді? қайтті? не үшін қажет? т.б. сұрақтарға жауап ала отырып, заттардың атын атату, сапалық қасиеттерін, қимыл, іс-әрекетін, атқаратын қызметін, т.с.с. айтқызу, сөздердің мағынасын түсіндіру, сюжетті суреттер бойынша шағын әңгіме құрату, ертегі айтқызу. Тақпақтар, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар жаттату.

6. Әліппе кезеңі (175 сағат):

1) дыбыс. Әріп. Әріп – дыбыстың таңбасы. Бас әріп және кіші әріп. Қазақ әліпбиіндегі дыбыстармен және әріптермен жеке-жеке таныстыру;

2) дыбыстар мен олардың таңбалары төмендегідей ретпен өтіледі: 1-кезеңде а, р, о, л, ш, с, у, ы, д дыбыстары меңгертіледі. 2-кезеңде т, м, н, ң, ғ, ж, і, ә, ө, қ, к. 3-кезеңде е, б, и, й, г, з, ұ, ү, п дыбыстары оқытылады;

3) дыбыс пен әріпті ажырату. Дыбыстың айтылу ерекшелігі. Дыбыс шығаруда сөйлеу мүшелерінің әрекеті, дыбыстардың артикуляциясы. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз түрлері; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату: ауыз қуысында ауаның кедергісіз, еркін шығуынан жасалатын дыбыстардың дауысты деп аталатыны немесе ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелерінің қатысуымен жасалатын дыбыстардың дауыссыз деп аталатыны. Дауысты дыбыстардың буын жасай алатыны. Дыбыстық т а л д а у ;

4) буын. Дыбыстардан буын құрау. Буындардан сөз құрау. Сөзді буынға бөлу. Дыбыстық - буындық т а л д а у ;

5) сөз және сөйлем. Сөздің мағынасы (сөздік жұмысы). Сөздерден сөйлем құрау. Сөйлемдерден шағын әңгіме (мәтін) құрау. Сөйлемнің соңына тыныс белгісі (нүкте, леп, сұрақ белгілері) қойылатыны, тыныс белгісі сөйлемнің аяқталғанын білдіретіні, келесі сөйлемнің бас әріптен басталатыны туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

6) оқу. Дауыстап оқу. Буындап оқудан біртіндеп сөзді тұтас, үзбей оқуға көшу. Сөздердің мағынасын есте ұстай отырып сөйлемді дұрыс әрі түсініп оқуға дағдыландыру. Сөйлемдегі айтылатын ойдың сипатына қарай дауыс ырғағын келтіріп, мәнерлеп оқуға машықтандыру. Біртіндеп оқу жылдамдығын арттыру; іштей оқу (алғашқы «көзбен оқу» дағдысын қалыптастыру). Оқу барысында көру арқылы сөзді тұтас қабылдау қабілетін қалыптастырып, «көру аймағын» ұлғайту. Көлемі жағынан шағын мәтінді түсініп оқу және түсінгенін айта білу, сұраққа жауап беру, мәтіннен қажетті сөзді таба білуге дағдыландыру;

7) жазу. Жазуға қойылатын талаптарды меңгерту (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс орналастыру, қаламды дұрыс ұстау), саусақтардың ұсақ бұлшық еттерін

дамыту; дәптер бетін дұрыс бағдарлау: жұмыс жолы мен үлкен жолды ажырату, жоларалық кеңістікті сақтау, жолдың жоғарғы және төменгі сызығынан шықпау, әріптерді жұмыс жолына дұрыс орналастыру, т.с.с.; әріп элементтерін жазу. Жекелеген элементтерді жазып үйренуден біртіндеп оларды қосып, әріп жазуға, сөздердің ара жігін сақтауға машықтандыру; әріптердің баспа және жазба түрлерін ажырату. Бас әріптер мен кіші әріптердің жазылуын меңгерту; жазба және баспа түрде берілген сөздерді, сөйлемдерді, шағын мәтіндерді дұрыс көшіріп жазуға дағдыландыру. Жазу барысында сөздерді іштей буынға бөліп айтып отырып жазуға машықтандыру; есту арқылы, яғни мұғалімнің айтуымен жазу. Графикалық құралдардың қызметін түсіндіру: сөздердің арасына орын қалдыру, жаңа жолдан немесе азат жолдан (абзацтан) бастау, сөздің жолға сыймаған бөлігін сызықша белгісін қоя отырып буын жігімен жаңа жолға көшіру, т а с ы м а л д а у ;

8) тіл дамыту. Қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Оқушылардың сөздік қорын байыту. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, қимыл-әрекетін, орнын, т.с.с.) беретінін жаттығулар арқылы ұғындыра отырып, оларды орынды қолдануға үйрету. Сөйлеу барысында ойын нақты жеткізу үшін қажетті сөзді дұрыс табуға, қажет жағдайда мәндес сөздермен байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Суреттер бойынша сөйлемдер құрастырып, одан шағын әңгіме құрауға үйрету. Оқылған әңгіме, ертегі, т.б. мәтіндер бойынша түсінгенін айтып беруге дағдыландыру. Дайын үлгі бойынша өз көргенін, бақылағанын әңгімелеуге жаттықтыру. Сұраққа толық жауап беруге үйрету. Жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтар жаттату.

7. Жыл бойы өткенді қайталау.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

8. Әліппе кезеңі (120 сағат):

1) оқу. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың шағын көлемді тілі жеңіл көркем шығармалар (Отан, туған тіл, туған жер, табиғат, отбасы, еңбек, т.с.с. туралы) оқуы. Әдеби жанрлар (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер; жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мақал-мәтелдер, т.б.) туралы алғашқы түсініктер қалыптастыру. Оқылған шығармалардағы көркем, бейнелі сөздерді сезіну, түйсіну, мәтінді талдау (мұғалімнің көмегімен) біліктілігін қалыптастыру. Шығарманы толық қабылдау қабілетін дамыту; оқу түрлерін (дауыстап оқу, іштей оқу, түсініп оқу, дұрыс оқу, мәнерлеп оқу) меңгерту. Оқудың сөздерді тұтас оқу, бірнеше буынды сөздерді буындап оқу тәсілдерін меңгерту. Өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді дауыс ырғағын, нақышын келтіре отырып оқуға машықтандыру; оқуға ұсынылатын шығармалар (үлгі тақырыптар): «Жарқын жүзді ұстазым», «Әдептілік», «Менің атамекенім», «Әліппе – алғашқы кітабым», «Халық а у ы з ә д е б и е т і ү л г і л е р і » ;

2) жазу: психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөз ішіндегі әріптерді дұрыс байланыстырып әрі ырғақты жазу дағдысын жетілдіру. Шағын мәтіндерді көшіріп жазуға дағдыландыру; есту арқылы жазу, көргенін есте сақтап сөздерді, жай сөйлемдерді жатқа жазу: көркем, таза, қатесіз, сауатты жазуға дағдыландыру; сөзді т а с ы м а л д а п ж а з а б і л у ;

3) тіл дамыту. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту және ол сөздердің мағынасын түсініп, орынды қолдана білу, оларды қатыстырып сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыра білу дағдыларын жетілдіру; әңгімелесу барысында өз ой-пікірін білдіру, сұрақ қою біліктілігін қалыптастыру; сөйлеудің монологтік түрін практикалық тұрғыда меңгерту. Белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, түсінікті етіп ауызша жеткізе білуге дағдыландыру; суреттер топтамасы, тірек сөздер, дайын үлгі, жоспар (сұраққа жауап жазу) бойынша, сондай-ақ оқығаны, көргені, бақылағаны жайында шағын әңгімелер (мәтін) құрастыру (бастапқы кезде ауызша, бірте-бірте жазбаша); мәтінге ат қою; сөйлеу мәдениетін (сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту) меңгерту;

4) грамматика, емле: дыбыс және әріп. Сөйлеу тілінде сирек кездесетін дыбыстар: х, һ, щ, я. Орыс тілінен енген сөздерде кездесетін в, э, Ұ, ц, ф, ч дыбыстары, орыс тіліндегі ь (жіңішкелік белгісі) және ь (айыру белгісі) таныстыру. Қазақ әліпбиін: әріптердің дұрыс аталуын және олардың әліпбидегі орнын (ретін) білу. Дыбыс және әріпті ажырату; дауысты және дауыссыз дыбыстар мен әріптер туралы білімдерін пысықтау және дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырату, айтылу ерекшеліктерін білу; жуан және жіңішке дауысты дыбыстар мен әріптер, олардың емлесі: айтылу ерекшеліктерін салыстыру, оларды бір-бірінен ажырату, сөз ішіндегі орнын тапқызу; жуан дауыстылардың жуан буындарда, жіңішке дауыстылардың жіңішке буындарда жазылатыны туралы ұғым беру; а, ә дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі», «О, ө дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі . Ұ, Ү дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі, ұ, ү әріптері бар сөздерді дұрыс жазу. Ы, і дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі. Қосарлы дауыстылар. И, Ү, я, ю дыбыстары мен әріптері және емшелері. Қосарлы дауыстылар кездесетін сөздерді дұрыс ж а з у ғ а ж а т т ы қ т ы р у ; б у ы н .

9. Әліппеден кейінгі кезең (144 сағат):

1) оқу. Шағын көлемді тілі жеңіл көркем шығармалар (Отан, туған тіл, туған жер, табиғат, отбасы, еңбек, т.с.с. туралы) оқу. Әдеби жанрлар (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер; жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мақал-мәтелдер, т.б.) туралы алғашқы түсініктер қалыптастыру. Оқылған шығармалардағы көркем сөздерді сезіну, мәтінді талдау (мұғалімнің көмегімен) біліктілігін қалыптастыру. Шығарманы қабылдау қабілетін дамыту; оқу түрлерін (дауыстап оқу, іштей оқу, түсініп оқу, дұрыс оқу, мәнерлеп оқу) меңгерту. Оқудың сөздерді тұтас оқу, бірнеше буынды сөздерді буындап оқу тәсілдерін меңгерту. Өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді дауыс ырғағын,

нақышын келтіре отырып оқуға машықтандыру; оқуға ұсынылатын шығармалар (үлгі тақырыптар): «Қазақстан байрағы» «Өз Астанам – өз ордам», «Ата насихаты»;

2) жазу: сөз ішіндегі әріптерді дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу дағдысын жетілдіру. Шағын мәтіндерді дұрыс көшіріп жазуға дағдыландыру; есту арқылы жатқа жазу, көргенін есте сақтап сөздерді, сөйлемдерді жатқа жазу: дыбыстық және буындық құрылымы әркелкі сөздердегі дыбыстардың ретін анықтай алу; жазғанын өздігінен тексеру; көркем, таза, қатесіз, сауатты жазуға дағдыландыру; сөзді т а с ы м а л д а п ж а з а б і л у ;

3) тіл дамыту. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту және ол сөздердің мағынасын түсініп, грамматикалық тұлғада байланыстырып, орынды қолдана білу, оларды қатыстырып сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыра білу дағдыларын жетілдіру; сөйлеудің диалогтік түрін практикалық тұрғыда меңгерту, әңгімелесу барысында өз ой-пікірін білдіру, пікірін дәлелдеу, сұрақ қою біліктілігін қалыптастыру; сөйлеудің монологтік түрін практикалық тұрғыда меңгерту. Белгілі бір тақырыпқа байланысты (айтатын ойының мақсатына қарай) өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша жеткізе білуге дағдыландыру; суреттер топтамасы, тірек сөздер, дайын үлгі, жоспар (сұраққа жауап жазу) бойынша, сондай-ақ оқығаны, көргені, бақылағаны жайында шағын әңгімелер (мәтін) құрастыру (бастапқы кезде ауызша, бірте-бірте жазбаша); мәтінге ат қою; мазмұндаманың (дайын үлгі бойынша, сұрақтарға жауап жазу, еркін мазмұндау түріндегі) негізгі түрлерімен таныстыру; сөйлеу мәдениетін (сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту) меңгерту;

4) грамматика, емле: дыбыс және әріп. Қазақ тіліндегі және орыс тілінен енген дыбыстар мен әріптер туралы алған білімдерін жалпылау және пысықтау; қазақ әліпбиін: әріптердің дұрыс аталуын және олардың әліпбидегі орнын (ретін) білу;

5) дыбыс және әріпті ажырату; дауысты және дауыссыз дыбыстар мен әріптер туралы білімдерін пысықтау және дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырату, айтылу ерекшеліктерін білу; жуан және жіңішке дауысты дыбыстар мен әріптер, олардың емлесі: айтылу ерекшеліктерін салыстыру, оларды бір-бірінен ажырату, сөз ішіндегі орнын тапқызу; жуан дауыстылардың жуан буындарда, жіңішке дауыстылардың жіңішке буындарда жазылатыны туралы ұғым беру; а, ә дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі», «О, ө дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі. Ұ, Ү дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі, ұ, ү әріптері бар сөздерді дұрыс жазу. Ы, і дыбыстары мен әріптері және олардың емлесі. Қосарлы дауыстылар. И, Ұ, я, ю дыбыстары мен әріптері және емлелері. Қосарлы дауыстылар кездесетін сөздерді дұрыс жазуға жаттықтыру;

6) буын. Буын (анықтамасын білу);

7) тасымал (анықтамасын білу). Сөзді тасымалдауға болмайтын жағдайлар;

8) сөз. Сөз туралы білімдерін пысықтау, дамыту. Сөз және оның қызметі. Кім? не? сұрағына жауап беретін сөздер. Кім? кімдер? сұрақтары адамдарға қатысты сөздерге

қойылатыны. Не? нелер? сұрақтары заттарға, жан-жануарларға қатысты сөздерге қойылатыны. Кім? сұрағы бір адамға, кімдер? сұрағы бірнеше адамға қатысты қойылатыны. Не? сұрағы бір затқа, нелер? сұрағы көп затқа қойылатыны; бас әріппен жазылатын сөздер. Адамның аты-жөні, фамилиясының бас әріппен жазылатыны. Қаланың, ауылдың, көшенің аттарының бас әріппен жазылатыны. Жан-жануарларға арнайы қойылған аттардың бас әріппен жазылатыны. Қандай? қай? сұрақтарына жауап б е р е т і н с ө з д е р ;

9) сөз және сөйлем. Сөйлем және сөйлемнің сөздерден құралатыны туралы білімдерін пысықтау және дамыту. Сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатыны. Сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілер.

10. Жыл бойы өткенді қайталау.

4. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

11. Пәндік нәтиже бойынша психикалық дамуы тежелген оқушылар дайындық сыныптың соңында білуі қажет:

1) тілдің (ауызша және жазбаша сөйлеудің) негізгі бірліктері туралы қарапайым ұғымдарды: сөйлеу – сөйлем – сөз – буын – дыбыс – әріп туралы қарапайым түсінікті;

2) қазақ әліпбиіндегі меңгерілген дыбыстар мен әріптерді;

3) дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жуан дауысты, жіңішке дауысты) ажыратуды;

4) әріптерді (баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті) ажыратуды;

5) бас әріптен басталып жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, қала, ауыл а т т а р ы) ;

6) тасымалды және тасымалдауға болмайтын жағдайларды;

7) сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатынын;

8) сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілерді;

9) сөйлемнің, сөздің, буынның, дауысты, дауыссыз дыбыстардың графикалық б е л г і л е н у і н ;

10) а және ә; о және ө; ұ және ү; ы және і дыбыстары мен әріптерін және олардың емлесін; меңгерілген қосарлы дауыстылар кездесетін сөздерді дұрыс жазуды.

12. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша. Тыңдалым және айтылым бойынша м е ण г е р у і қ а ж е т :

1) сөзді, сөйлемді, мәтінді тыңдауды, сөздің мағынасын, сөйлем мен мәтіннің м а з м ұ н ы н т ү с і н у д і ;

2) сөздегі дыбысты дұрыс есту және айыруды, оларды дұрыс айтуды;

3) сұрақты мән беріп тыңдауды және оған тиісті жауап қайтаруды;

4) естігенін немесе оқығанын түсінуді және оны мазмұндап айтып беруді;

5) қарым-қатынас барысында сыпайы сөздерді (сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау) қ о л д а н у д ы ;

- 6) мәтін бойынша сұрақ қоюды және оларға жауап беруді;
- 7) әңгімелесуге, диалогқа, дидактикалық ойындарға қатысуды;
- 8) шағын өлеңді, жұмбақ, жаңылтпаштарды жатқа айтуды.

13. Оқылым бойынша:

- 1) дауыстап және іштей оқуды;
- 2) сөздерді буындап оқуды, жыл соңына қарай тұтас сөзбен оқуды;
- 3) сөздерді бір қалыпты және ұғына отырып оқуды (оқу жылының аяғында минутына 10-20 сөзден тұратын мәтінді);
- 4) дауыс кідірісін және оқу қарқынын сақтай отырып сөйлемдерді (мәтінді) м ә н е р л е п о қ у д ы ;
- 5) оқу жылдамдығын жыл соңына қарай арттырып әрі түсініп оқуды;
- 6) тақырып бойынша үш-бес сөйлемнен тұратын мәтін құрастыруды.

14. Жазылым бойынша:

- 1) дыбыстарды әріптермен дұрыс белгілеуді;
- 2) қазақ әліпбиінің меңгерілген әріптерін (баспа және жазба, бас әріптер мен кіші әріптер) каллиграфия нормасына сәйкес жазуды, оларды сөз ішінде бір-бірімен дұрыс б а й л а н ы с т ы р у д ы ;
- 3) жазба және баспа түрде берілген мәтіндерді (8-10 белгіден артық емес), сөйлемдерді (2-3 сөзден тұратын), сөздерді (10 сөзден артық емес) дұрыс көшіріп ж а з у д ы ;
- 4) жазу барысында сөйлемді дұрыс рәсімдеуді (сөйлемді бас әріппен жазу және соңында сәйкес тыныс белгісін қою);
- 5) сөздерді (3-4 сөз) және сөйлемдерді (1-2 сөйлем) есту арқылы жазуды;
- 6) жазу барысында кейбір орфография ережесін (сөздерді тасымалдау; адамның аты, тегі, қала, ауылатауларын бас әріппен жазу) қолдануды.

15. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін (елтаңба, ту, әнұран) құрметтеуінен және білуінен;
- 2) туған елге деген сүйіспеншілігінен, туған жердің табиғатын сақтауға және қорғауға деген ұмтылысынан;
- 3) өз ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуінен;
- 4) салауатты өмір салтын ұстануынан;
- 5) еңбек пен оқуға деген жауапкершілікті сезінуінен;
- 6) қарым-қатынас барысында мәдениет сақтауынан, үлкен адамдарды құрметтеп, кішілерге қамқорлық танытуынан көрінеді.

16. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

- 1) дыбыстық және әріптік жүйе, дыбыстың түрлері (дауысты: жуан, жіңішке, дауыссыз); буын, сөз, сөйлем; буыннан сөз, сөзден сөйлем құралатыны; сөздердің белгілі бір мағынасы болатыны және белгілі бір қызмет атқаратыны (заттың атын,

іс-қимылын, түр-түсін, дәмін, иісін т.б. сипаттарын білдіретіні);

2) сөйлемнің бас әріптен басталып, соңына тыныс белгісі (? !.) қойылатыны; бас әріппен жазылатын сөздер; тасымал, т.б. жайында алған қарапайым түсініктерін оқу және жазу барысында дұрыс пайдалана білуінен және сөздерге қарапайым дыбыстық-буындық талдау жасауынан, сөйлеуден тілдік бірліктерді айырып көрсете алуынан;

3) оқу үдерісінде алған түрлі ақпараттарды дұрыс қабылдауынан және дұрыс түсінуінен, қажетті жағдайда есіне түсіріп, орынды қолдана алуынан;

4) түсініп және мәнерлеп оқу дағдысынан;

5) дұрыс, қатесіз жаза алуынан;

б) ауызша және жазбаша тілінің дамуынан, ойын түсінікті жеткізе алуынан.

5. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

17. Пәндік нәтиже бойынша 1-сыныптың соңында психикалық дамуы тежелген оқушылар:

1) тілдің (ауызша және жазбаша сөйлеудің) негізгі бірліктері туралы қарапайым ұғымдарды: сөйлеу – сөйлем – сөз – буын – дыбыс – әріп туралы қарапайым түсінікті;

2) қазақ әліпбиіндегі барлық дыбыстар мен әріптерді;

3) орыс тілінен енген сөздерде кездесетін дыбыстар мен әріптерді;

4) дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жуан дауысты, жіңішке дауысты) ажыратуды;

5) әріптерді (баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті) ажыратуды;

6) бас әріптен басталып жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, қала, ауыл, өзен, көл, көше аттары, жан-жануарларға қойылатын атаулар);

7) тасымалды және тасымалдауға болмайтын жағдайларды;

8) сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатынын;

9) сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілерді;

10) сөйлемнің, сөздің, буынның, дауысты, дауыссыз дыбыстардың графикалық белгіленуін;

11) а және ә; о және ө; ұ және ү; ы және і дыбыстары мен әріптерін және олардың емлесін; қосарлы дауыстылар (и, Ы, я, ю) кездесетін сөздерді дұрыс жазуды білуі қажет.

18. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша. Тыңдалым және айтылым бойынша:

1) сөзді, сөйлемді, мәтінді тыңдауды, сөздің мағынасын, сөйлем мен мәтіннің мазмұнын түсінуді;

2) сөздегі дыбысты дұрыс есту және айыруды, оларды дұрыс айтуды;

3) сұрақты тыңдап, оған тиісті жауап қайтаруды;

4) естігенін немесе оқығанын түсінуді және оны мазмұнын айтып беруді;

5) қарым-қатынас барысында сыпайы сөздерді (сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау)

қ о л д а н у д ы ;

6) мәтін бойынша сұрақ қоюды және оларға жауап беруді;

7) оқылған мәтіннің мазмұнын айтып беруді;

8) әңгімелесуге, диалогқа, дидактикалық ойындарға қатысуды;

9) 1-2 шумақ (4 жолдан тұратын) шағын өлеңді, жұмбақ, жаңылтпаштарды жатқа айтуды меңгеруі қажет.

19. Оқылым бойынша:

1) дауыстап және іштей оқуды;

2) сөздерді буындап оқуды, жыл соңына қарай тұтас сөзбен оқуды;

3) сөздерді бір қалыпты және ұғына отырып оқуды (оқу жылының аяғында минутына 20-30 сөзден тұратын мәтінді);

4) дауыс кідірісін және оқу қарқынын сақтай отырып сөйлемдерді (мәтінді) мән ерлеп оқуды;

5) оқу жылдамдығын жыл соңына қарай арттырып, түсініп оқуды;

6) мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап табуды, мазмұнын айтуды; тақырып бойынша үш-бес сөйлемнен тұратын мәтін құрастыруды меңгеруі қажет.

20. Жазылым бойынша:

1) дыбыстарды әріптермен дұрыс белгілеуді;

2) қазақ әліпбиінің барлық әріптерін (баспа және жазба, бас әріптер мен кіші әріптер) каллиграфия нормасына сәйкес жазуды, оларды сөз ішінде бір-бірімен дұрыс байланыстыруды;

3) жазба және баспа түрде берілген мәтіндерді (10-15 белгіден артық емес), сөйлемдерді (3-4 сөзден тұратын), сөздерді (10 сөзден артық емес) дұрыс көшіріп жазуды;

4) жазу барысында сөйлемді дұрыс рәсімдеуді (сөйлемді бас әріппен жазу және соңында сәйкес тыныс белгісін қою);

5) сөздерді (5-6 сөз) және сөйлемдерді (2-3 сөйлем) есту арқылы жазуды;

6) жазу барысында кейбір орфография ережесін (сөздерді тасымалдау; адамның аты, фамилиясы, қала, ауыл, өзен, көл, көше аттары, жан-жануарларға қойылатын атауларды бас әріппен жазу) қолдануды меңгеруі қажет.

21. Тұлғалық нәтижелер оқушылардың:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін (елтаңба, ту, гимн) құрметтеуінен, мемлекеттік гимнді білуінен;

2) туған елге деген сүйіспеншілігінен, туған жердің табиғатын сақтауға және қорғауға деген ұмтылысынан;

3) өз ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуінен;

4) салауатты өмір салтын ұстануынан;

5) еңбек пен оқуға деген жауапкершілікті сезінуінен;

6) қарым-қатынас барысында мәдениет сақтауынан, үлкен адамдарды құрметтеп,

кішілерге қамқорлық танытуынан көрініс табады.

22. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер оқушылардың:

1) дыбыстық және әріптік жүйе, дыбыстың түрлері (дауысты: жуан, жіңішке, дауыссыз); буын, сөз, сөйлем;

2) буыннан сөз, сөзден сөйлем құралатыны; сөздердің белгілі бір мағынасы болатыны және белгілі бір қызмет атқаратыны (заттың атын, іс-қимылын, түр-түсін, дәмін, иісін т.б. сипаттарын білдіретіні); сөйлемнің бас әріптен басталып, соңына тыныс белгісі (? !.) қойылатыны; бас әріппен жазылатын сөздер;

3) тасымал, т.б. жайында алған қарапайым түсініктерін оқу және жазу барысында дұрыс пайдалана білуімен және сөздерге қарапайым дыбыстық-буындық талдау жасауымен, сөйлеуден тілдік бірліктерді айырып көрсете алуымен;

4) оқу үдерісінде алған түрлі ақпараттарды дұрыс қабылдауынан және дұрыс түсінуінен, қажетті жағдайда есіне түсіріп, орынды қолдана алуымен;

5) түсініп және мәнерлеп оқу дағдысымен;

6) дұрыс, қатесіз, сауатты әрі көркем жаза алуымен;

7) ауызша және жазбаша тілінің дамуымен, ойын нақты, түсінікті, толық, жүйелі жеткізе алуымен;

8) шығармашылық жұмыстарға қызығушылығымен, талдау, жалпылау әдістерін қолдана білуімен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 44–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 149–қосымша

Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу (оқу, жазу)» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

(оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

1. Пояснительная записка учебной программы по предмету «Грамота» для подготовительного класса

1. Учебная программа разработана в соответствии с программой дошкольной подготовки, утвержденной МОН Республики Казахстан от 21 сентября 2012 года № 439

2. Курс «Грамота» в 0 классе является интегрированным и включает начальное обучение учащихся с задержкой психического развития (ЗПР) основным видам речевой деятельности: устной (говорение и слушание) и письменной (чтение и письмо) и ориентирована на формирование понятий и умений, лежащих в основе содержания курса русской грамоты для 1 класса.

3. Целью обучения предмету «Грамота» в 0 классе является комплексное развитие познавательно - речевой активности детей, овладение старшими дошкольниками с ЗПР основами грамоты.

4. Задачи обучения предмету:

- 1) развитие умений говорения и слушания, формирование опыта чтения слогов;
- 2) развитие интереса и внимания к слову, собственной речи и речи окружающих;
- 3) обогащение активного и пассивного словаря, развитие грамматического строя речи, умений связной речи с опорой на речевой опыт ребенка;
- 4) развитие фонетического слуха, совершенствование звуковой культуры речи детей;
- 5) обучение звуко - слоговому анализу слов.

5. Основные разделы курса учебного предмета «Грамота»:

- 1) развитие речи – словарная работа, связная речь, грамматический строй речи, звуковая культура речи;
- 2) обучение грамоте – языковой анализ и синтез, чтение, письмо.

6. Объем учебной нагрузки по учебному предмету в неделю составляет 7 часов. Годовой объем учебной нагрузки: 231 час.

2. Базовое содержание учебного предмета «Грамота» для подготовительного класса

7. Воспитание звуковой культуры речи. совершенствование произносительной стороны речи (развитие артикуляционной моторики, уточнение правильного произношения звуков), развитие фонематического слуха, формирование навыков слога-звукового анализа (различение звуков на слух, дифференциация звуков по месту и способу образования, по твердости и мягкости, по звонкости и глухости), выделение звуков из состава слова, анализ и синтез слогов (обратных, прямых, закрытых, со стечением согласных), слов различного звуко-слогового состава.

8. С л о в а р н а я р а б о т а :

- 1) уточнение, обогащение, активизация словаря по тематическим лексическим группам (одежда, обувь, головные уборы, посуда, мебель, электрические приборы, инструменты, спортивные принадлежности, музыкальные инструменты, овощи, фрукты, ягоды, цветы, деревья, грибы, птицы, рыбы, животные, насекомые и т. д.).

Обогащение словаря различными грамматическими категориями существительными, глаголами, прилагательными, числительными, местоимениями, наречиями, предлогами, сочинительными и подчинительными союзами;

2) формирование грамматической стороны речи (образование существительных родительного падежа множественного числа, образование существительных предложного падежа единственного и множественного числа, образование существительного родительного падежа единственного и множественного числа с предлогом, согласование прилагательных с существительными в роде, числе, образование падежных форм существительных и прилагательных в форме множественного числа, согласование существительных с числительным, образование существительных при помощи суффиксов (-иц, -щик, -ищ).

9. Работа над предложением. Составление предложений по вопросам, по картинке, по опорным словам (составление простых распространенных предложений без предлога, с предлогами – к, с, со, за, из-за, без, под, из-под, над, между, перед, выделение слов в предложении, определение их количества, составление рассказа по серии картинок, по опорным словам, составление деформированных предложений, заучивание наизусть стихов, скороговорок, пословиц).

4) читать правильно, соблюдая орфоэпические и интонационные нормы при чтении; читать выразительно, соблюдая постановку логических ударений и пауз, выбирая темп и силу голоса в соответствии с содержанием читаемого; читать со скоростью 60-90 слов и знаков в минуту; понимать смысл прочитанного;

5) уметь находить в тексте ответы на поставленные вопросы, пересказывать содержание текста ;

6) передавать последовательность событий, устанавливать причинно-следственные связи в повествовании ;

7) уметь оценивать действия и поступки персонажей художественных произведений , выражать свое отношение к прочитанному, объяснять мотивы их поступков;

8) владеть нормами речевого этикета, культурой межнационального общения.

54. Личностные результаты. Учащиеся должны проявлять:

1) чувство любви и уважения к государственным символам Республики Казахстан, знать и исполнять гимн Республики; любить и беречь родную землю, знать и уважать традиции, культуру многонационального народа Казахстана, его национальные праздники ;

2) нравственные качества характера при оценке литературных героев: честность, правдивость, справедливость, отзывчивость, сострадание, внимательность, уважение к старшим, родителям, умение прийти на помощь слабому, быть добрым и заботливым, смелым ;

3) умение осознавать и определять (называть) свои эмоции и эмоции героев прочитанных произведений, сочувствовать другим людям, героям, сопереживать;

4) умение воспринимать красоту природы, бережно относиться ко всему живому; чувствовать красоту художественного слова, стремиться к совершенствованию собственной речи ;

5) свои чувства и оценку при написании сочинений о друзьях, близких и знакомых людях, сравнивать их с героями прочитанных книг.

55. Системно-деятельностные результаты. Учащиеся должны применять:

1) учебно-организационные умения: формулировать тему и цель урока, оценивать свою учебную деятельность в конце урока, принимать участие в поисковой беседе, в решении поставленных задач ;

2) учебно-информационные умения: получать информацию через слушание и чтение текста, его анализ; умение выделять главное в тексте, устанавливать причины действия героев, составлять план текста, владеть разными видами пересказа текста (подробный, сжатый, творческий);

3) учебно-логические умения: простейшие виды и приемы анализа и синтеза;

наблюдение за действиями героев, сравнение портретных характеристик; установление причинно-следственных связей в действиях героя;

4) учебно-коммуникативные умения: общение в группе, в парах при выполнении учебной задачи урока; совместное сотрудничество при анализе текста, при обсуждении характера героев произведения; различные способы поиска учебной информации в справочниках, словарях, Интернете в соответствии с коммуникативными и познавательными задачами, выражать собственную оценку прочитанному произведению.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 48–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 153–қосымша

Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Әдебиеттік оқу» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бағдарлама негізінде және психикалық дамуы тежелген балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. «Әдебиеттік оқу» пәні – психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

3. Пәнінің мақсаты – психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларына мәнерлеп оқуды меңгерту, оқушыны шығарманы түсінуге жетелеу және мәтінді

қабылдаушы оқырман ретінде тәрбиелеу, көркем-шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен рухани-адамгершілік тәрбие беру.

4. Пәнінің міндеттері:

- 1) оқу сапасын (дұрыс, түсініп, мәнерлеп) жетілдіру;
- 2) ауыз әдебиетінің жанрларымен, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің үлгілерімен таныстыру;
- 3) ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармаларының басты тақырыбын, басты кейіпкерлерін және негізгі мазмұнын айқындау;
- 4) талданып отырған мәтіннің сипатын анықтау;
- 5) әдеби-теориялық білім негіздерін қалыптастыру;
- 6) адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жүйесі негіздерін қалыптастыру;
- 7) оқылған шығарма ізімен немесе еркін тақырыпта әртүрлі әдеби шығармашылық жұмыс түрлерін (әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу және т.б.) орындауға машықтандыру;
- 8) сауаттылыққа баулу және әдеби тілде сөйлеуді меңгерту;
- 9) тұлғалық оқырмандық мәдениетін қалыптастыруда ана тілінде ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу, өз ойын анық (тіл байлығын арттыра отырып), баяндау дағдысын қалыптастыру;
- 10) кітапжәне сөздіктермен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

5. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 2 – 4-сыныптар барлығы 136 сағатты құрайды (аптасына 4 сағаттан).

6. Әдебиеттік оқу пәнінің басқа пәндермен пәнаралық байланысы психикалық дамуы тежелген оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, көркем-шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын арттыру, ұлттық сананы қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, рухани-мәдени, ұлттық-әлемдік құндылықтарды барынша бағалап, құрметпен қарауға үйрету мақсатында жүзеге асырылады.

7. «Әдебиеттік оқу» пәнінің сөздік қоры басқа пән терминдері арқылы байытылып, кеңейтіледі және ол пәндердің мазмұнын толық ұғынуға ықпалын тигізеді:

- 1) «Қазақ тілі»: жазба жұмыс түрлерін (мазмұндама, шығарма) орындау; сөздік қорын байыту, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан сөйлеуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; үлгі бойынша, көргені немесе оқығаны бойынша мәтін (сипаттау, баяндау) құрастыру, мәтінді талдау, мәтінге атау беру; жазба жұмыстарын сауатты жазу (қатесіз жазу);

жазба жұмыстарын жазу барысында грамматикалық ережелерді қолдану,
орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау;
2) « М а т е м а т и к а » :

сандарды ойын кезінде, ауыз әдебиет шығармаларында қолдану;
тілді математикалық терминдермен байыту;
3) « Д ү н и е т а н у » :

қоршаған дүниенің біртұтастығы, олардың арасындағы байланыс туралы білімдерін
қ о л д а н у ;

топсеруен кезінде, табиғат туралы алған білімдерін жазба жұмыстарда қолдану;
4) « М у з ы к а » :

қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа халықтардың музыка саласына
еңбек сіңірген қайраткерлердің музыкалық шығармаларын тыңдау;

музыка тіліне салынған ақындардың өлеңдерін жаттау;

ақын өлеңдерінің ырғағын анықтай алу;

өлеңдерге сай әуендер табу;

мәтіндердегі автордың көңіл-күйін байқау;

ана тіліміздің сазды, әуенді, әуезді сарынын, үнін тыңдау;

көркем шығармалардағы сипаттау, тенеулердің музыка тіліндегі үндестігін ұғыну;

5) « Б е й н е л е у ө н е р і » :

суретшілердің шығармалары арқылы оқушылардың сөз байлығын арттыру, тілін
д а м ы т у ;

сурет бойынша өз пікірлерін білдіру;

суретке қарап мәтіндегі оқиғаны әңгімелеуге, мәтіндегі оқиғаға сай сурет салғызуға
ж а т т ы қ т ы р у ;

эстетикалық тәрбие беру;

6) « Е н б е к к е б а у л у » :

еңбек тақырыбына байланысты шығармалар оқу барысында оқушыларды
еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу;

еңбекке баулу сабағында берілетін қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа
халықтардың ұлттық киім үлгілері, қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары мен
ою-өрнектерінің тарихы т.б. туралы мәліметтерді шығармалар оқу кезінде еске түсіру,
б а й л а н ы с о р н а т у ;

қазақтың сәндік-қолданбалы өнерін оқушылардың ауызекі және жазба тілдерін
дамыту, сөздік қорларын байыту арқылы жүзеге асырылады.

2. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

8. Оқу материалдары төмендегі тараулар бойынша топтастырылады:

1) білім керек бәріне (17 сағ.);

- 2) атадан қалған асыл мұра (19 сағ.);
- 3) неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем (12 сағ.);
- 4) қыста талай қызық бар (16 сағ.);
- 5) қадірлі әкелерім, мейірімді аналарым (18 сағ.);
- 6) адам болам десеңіз (19 сағ.);
- 7) бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге (19 сағ.);
- 8) туған өлке табиғатын қастерлейік (16 сағ.).

9. Әр тоқсан бойынша екі үлкен тараудан топтастырылған материалдарды оқыту көзделген. Әр бөлімге бөлінген сағаттар санында ауызша және жазбаша тіл дамыту, қайталау сабақтары қоса есептеледі.

10. Ауыз әдебиеті үлгілері:

- 1) балаларға арналған тақпақтар, ойын өлеңдер, төрт түлік жырлары, бесік жыры, өтірік өлеңдер (үзінділер), мақал-мәтелдер (әртүрлі тақырыптағы), жұмбақ-жаңылтпаштар (әртүрлі тақырыптағы);
- 2) ертегілер: хайуанаттар жайындағы, қиял-ғажайып оқиғалы, шыншыл ертегілер;
- 3) бата, айтыс үлгілері, аңыз-әңгімелер, мысалдар, күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер.

11. Жазба балалар әдебиеті үлгілері:

- 1) қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері (А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Жабаев, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, А.Тоқмағамбетов, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Қ.Мырза Әлі, Б.Ысқақов, Қ.Баянбай, С.Қалиев, Ж.Смақов, Т.Молдағалиев, С.Мәуленов, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ө.Ақыпбеков, Ғ.Қайырбеков, О.Әубәкіров, Ш.Смаханұлы, Е.Өтетілеу, Е.Елубаев, Н.Айтов және т.б.), қазақ жазушылары (Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Көбеев, С.Сарғасқаев, С.Мұқанов, Ш.Мұртаза, С.Бегалин, Б.Соқпақбаев және т.б.), орыс және әлем классиктері (Л.Толстой, И.Крылов және т.б.) мен орыс педагогі К.Д.Ушинскийдің шығармалары;
- 2) жазушылар өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша мәліметтер;
- 3) ғылыми-танымдық шығармалардан: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы шығармалар).

12. Әдеби-теориялық білім:

- 1) халық ауыз әдебиеті жанрлары жөнінде (ертегі, өтірік өлең, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, аңыз-әңгіме және т.б.) өлеңнің ұйқасқа құрылатыны, ақынның көңіл-күйі туралы түсінік (өлең түрлері: табиғат лирикасы, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, сықақ өлеңдер және т.б.), мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұмат;
- 2) диалог туралы балалардың түсінігіне сай анықтама.

13. Мәтінмен жұмыс:

- 1) мәтіндегі негізгі ойды, оның басталуын, жалғасуын, аяқталуын анықтау, мәтінді әңгімелеу, мәтін кейіпкерлерін атау;
 - 2) мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беру және сұрақ қоя білу;
 - 3) мәтінге берілген суреттермен жұмыс жасау, мәтін мазмұны бойынша сурет салу;
 - 4) сөздік жұмысын жүргізуге қатысу, түсіндірілетін сөздермен жұмыс;
 - 5) жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізу: шағын шығарма, хат, құттықтаулар
- ж а з у ж ә н е т . б .

14. Шығарма атауын, оның шығарма мазмұны және байланысын түсіну. Атау нұсқауларын ойластыру, неғұрлым сәйкес атауды таңдау. Тақырып атауы, иллюстрация және түйін сөздер негізінде мәтін мазмұнын болжау. Мәтіннен түйін сөздерді, сөз тіркестерін табу. Мәтін кейіпкерін ауызша сипаттау. Мәтінді бөлімдерге бөліп, оларға атау беру. Мәтіннің негізгі ойын анықтап, оны атауымен сәйкестендіру.

15. Оқу дағдысы. 2-сыныпта оқушылардың мәтіндерді дұрыс, түсініп оқуына баса көңіл бөлінеді. Мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырып, жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Оқу түрі: дауыстап оқу, іштей оқу.

3. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

16. Оқу материалдары төмендегі тараулар бойынша топтастырылады:

- 1) талаптан да, білім мен өнер үйрен (16 сағ.);
- 2) маужырап барқыт қоңыр күз (10 сағ.);
- 3) туған елім, туған жерім (15 сағ.);
- 4) ата-бабам тарихы – менің тарихым (15 сағ.);
- 5) туған жерге қыс келді (10 сағ.);
- 6) жақсыдан үйрен (15 сағ.);
- 7) масатыдай құлпырар жердің жүзі (10 сағ.);
- 8) табиғат – менің өз үйім (15 сағ.);
- 9) жаздыгүн шілде болғанда (12 сағ.);
- 10) сарқылмас қазына (18 сағ.).

17. Әр бөлімге бөлінген сағаттар санында ауызша және жазбаша тіл дамыту, қайталау сабақтары қоса есептеледі.

18. Ауыз әдебиеті үлгілері:

- 1) бесік жыры, төрт түлік туралы жырлар, жұмбақтар және жаңылтпаштар, түрлі тақырыптағы мақал-мәтелдер (өнер, білім, тәрбие, еңбек, ынтымақ, бірлік, батырлық, ерлік, жақсылық және жамандық, достық және т.б.);
- 2) қазақ және басқа да халықтар ертегілері;
- 3) аңыз әңгімелер, мысалдар, күлдіргі әңгімелер;
- 4) шешендік сөздер, нақыл сөздер;
- 5) б а т ы р л а р ж ы р ы ;

б) айттыс түрлері.

19. Жазба балалар әдебиеті үлгілері:

1) қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері (А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Жабаев, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Т.Жароков, А.Тоқмағамбетов, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Ж.Смақов, Т.Айбергенов, Қ.Мырза Әлі, С.Мәуленов, Ө.Тұрманжанов, Н.Айтов, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Б.Ысқақов, Ө.Ақыпбеков, Ғ.Қайырбеков, О.Әубәкіров, Ш.Смаханұлы және т.б.), қазақ жазушылары (Ы.Алтынсарин, С.Көбеев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ш.Мұртаза, С.Бегалин, М.Иманжанов, Б.Соқпақбаев, М.Төрежанов, С.Шаймерденов және т.б.), орыс және әлем классиктерінің (Л.Толстой, Ш.Айтматов, А.Гайдар және т.б.) шығармалары;

2) жазушылар өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша мәліметтер;

3) ғылыми-танымдық шығармалардан: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, адамзат сырлары, техника жетістіктері, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы шығармалар).

20. Әдеби-теориялық білім:

1) 3-сыныпта әдебиет теориясы элементтерінен алдыңғы сыныптарда өткен ертегі, жұмбақ, мақал – мәтелдер, өлең т.б. жөнінде білетін білімдерін одан әрі арттыра түседі;

2) халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары (ертегі, аңыз, наным–сенім өлеңдері, тұрмыс–салт жырлары, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал–мәтелдер, батырлар жыры, айтыс, шешендік сөздер) туралы ұғымдар дамытылып, олардың басты белгілері, мысал, әңгіме туралы ұғым, шығарманың тақырыбы, негізгі ойы туралы қарапайым түсініктер, теңеу қолданысы, олардың анықтамалары, кейіпкерге мінездеме, портрет, диалог, монолог туралы балалардың түсініктеріне сай анықтамалар.

21. Мәтінмен жұмыс:

1) мәтіннен немесе мәтін бөлімдерінен түйін сөздерді көрсету, түйін сөздер мен негізгі ой арасындағы байланысты орнату;

2) өздігінен мәтінді бөлімдерге бөлу және атау; әр бөлімнің және тұтас шығарманың (мұғалімнің көмегімен және өздігінен) басты ойын бөлу;

3) қарапайым жоспар құрастыру (қарапайым жоспар нұсқасы: жоспардың пункттері – хабарлы сөйлемдер; сұрақтардан тұратын, мәтіндегі сөйлемдер арқылы құрастырылған жоспар);

4) мұғалім немесе оқушылардың құрастырған жоспарын мәтін құрылымымен сәйкестендіру;

5) кейіпкер туралы жоспар құрастыру;

6) мәтін бойынша алдын-ала құрастырылған сұрақтарға, оқыған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап беру;

7) мәтінге сұрақтар құрастыру;

8) тақырып атауы, иллюстрация және түйін сөздер негізінде мәтін мазмұнын

- болжау; тақырып атауын ойластыру;
- 9) нақты тапсырма бойынша таңдап оқуды қолдану;
- 10) мәтінді сахналау;
- 11) авторлар жөнінде қосымша деректер жинау;
- 12) сөздіктермен жұмыс жасау;
- 13) шығармашылық жұмыстар: мәтін құрастыру және т.б.

22. Оқу дағдысы. Іштей және дауыстап сөздерді тұтас мәнерлеп, дұрыс, саналы, жылдам оқу. Сөйлем құрылымына сәйкес келетін, дауыс ырғағын, қарқын, үнін, екпінін таңдап оқу.

4. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

23. Білім мазмұнын құруда жанрлық – хронологиялық ұстанымы басшылыққа алынып, қазақ балалар әдебиетінің тұтас бітімінің қысқа нұсқасы ұсынылады.

24. Оқу материалдары төмендегі тараулар бойынша топтастырылады:

- 1) кәусар бұлақ (24 сағ.);
- 2) асыл арналар (12 сағ.);
- 3) жарық жұлдыздар (20 сағ.);
- 4) мәуелі бақ (70 сағ.);
- 5) әлем әдебиеті үлгілері (10 сағ.).

25. Халық ауыз әдебиеті үлгілері:

1) батырлар жырынан үзінділер («Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Тайбурылдың шабысы», «Алпамыс батыр», «Батыр бала Бөген мен Шұбар ат» және т.б.);

2) аңыз әңгімелер мен қиял-ғажайып оқиғалар;

3) халық арасында шешендігімен елге танылған билер мен батырлардың даналық шешендік сөздері;

4) ақындар айтысы. Жұмбақ айтыс;

5) ертегілер;

6) мысалдар.

26. Жазба балалар әдебиеті үлгілері:

1) қазақ ақын-жазушыларының шығармалары (әл-Фарабидің даналық ойлары, М.Қашғари, Ж.Баласұғын нақыл сөздері, М.Өтемісұлы, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Көбеев, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, С.Дөнентаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Тоқмағамбетов, Ж.Жабаев, М.Мақатаев, Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, И.Байзақов, М.Иманжанов, Ғ.Мүсірепов, Б.Соқпақбаев, С.Сарғасқаев, Т.Айбергенов, Б.Бұлқышев, Ө.Тұрманжанов Т.Молдағалиев, Ә.Тәжібаев, С.Жүнісов, С.Мұратбеков, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, А.Сейдімбек, Қ.Жұмағалиев, С.Жиенбаев, Б.Момышұлы, М.Шаханов, О.Сүлейменов, Ғ.Қайырбеков, О.Бөкей, А.Асылбеков,

Ж.Әбдірашев, Ф.Оңғарсынова т.б.);

2) әлем әдебиеті классиктері (Ш.Айтматов, Н. Хикмет, Э.Корр, Э.Хемингуэй, Г.Х.Андерсен, Л.Толстой, И.Крылов, т.б.) мен педагог В.Сухомлинскийдің балаларға арналған шығармалары. Жазушылар өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша мәліметтер. Ғылыми-танымдық шығармалардан: мақала, очерк, естелік, өмірбаян, күнделік.

27. Әдеби-теориялық білім:

1) көркем мәтіндердегі пейзаждың, портрет, мінездеудің, диалог, монологтың орны туралы қарапайым түсінік, жазушы қолданған көркем сөздерді (теңеу, кейіптеу, эпитет) табу, шығарманың тақырыбы мен идеясы, композициясы, сюжеті туралы практикалық тұрғыда түсіндіру;

2) эпикалық жырлар, аңыз, теңеу, айтыс, әдеби ертегі, мысал, диалог, монолог, сатира, кейіптеу, фантастикалық шығарма, портрет, лирика, мінездеме, қайталау, логикалық екпін, сюжет, естелік және т.б. туралы ұғымдар.

28. Мәтінмен жұмыс:

1) мәтін бойынша автордың көзқарасына өз пікірін білдіру;

2) мәтінді эстетикалық-сезімдік тұрғыда қабылдау, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беру (сөйлеген сөздеріне, іс-әрекетіне, автордың көзқарасына сүйеніп және бүгінгі күн талабына сай өз көзқарасын білдіре отырып);

3) мәтіндегі оқиғаның ретін, себебін, уақытпен, тарихи кезеңмен себеп-салдар байланысын көрсете алу;

4) өлеңдерге сай ырғақты тандай білу, сөздіктерге сүйене отырып сөздердің мағынасын түсіндіру, жазушы тіліне назар аудару, көркем сөздерді қолдану;

5) өздігінен шығарманың атауын түсіну;

6) мәтінді оқу үдерісінде (кезеңдері: мәтінді оқу барысында өздігінен сұрақтар құрастыру, мүмкін болатын жауаптарды болжау, өзін-өзі бақылау);

7) «Автормен диалог» жүргізу;

8) оқыған шығарманың басты ойын өздігінен тұжырымдау, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты орнату;

9) өздігінен әртүрлі нұсқада қарапайым жоспар құрастыру, мұғалімнің көмегімен және өздігінен күрделі жоспар құрастыру;

10) нақты тақырыпқа әңгіме құрастыру үшін мәтіннен қажетті мәліметтерді табу;

11) өздігінен мәтіннен түйін сөздерді айырып көрсету;

12) негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін аталуымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау;

13) шығарма кейіпкерлерінің образын сезіне отырып рөлге бөліп оқу;

14) оқу мәдениеті. Ауызша және жазбаша сөйлеу.

29. Оқу дағдысы. Ауызша сөйлеу мәнерлілігі тәсілін қолдана отырып, қажетті

нормаларды сақтай жылдам, саналы, дұрыс, мәнерлі оқу. Өздігінен мәнерлеп оқуға дайындалу. Көлемі мен жанры әртүрлі кез-келген мәтінді іштей саналы оқу.

5. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

30. Пәндік нәтиже бойынша 2-сыныптың соңында психикалық дамуы тежелген оқушылар білуі қажет:

- 1) мәтінді саналы оқуды;
- 2) шығармаларды өздігінен дауыстап, іштей оқуды;
- 3) мәтінді рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқуды;
- 4) мәтіндегі негізгі ойдың басталуын, жалғасуы мен аяқталуын табуды;
- 5) көлемі 80-100 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдау мен әңгімелеуді;
- 6) мәтіннің азат жолдарынан басталатын бөліктерін анықтау және оған атау қоюды;
- 7) мәтіннің мазмұнына қатысты тірек сөздерді табуды;
- 8) тыңдаған мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап беруді;
- 9) халық ауыз әдебиетінің шағын жанрларын (жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажыратуды;
- 10) өлеңнің басты ерекшеліктерін (ұйқасқа құралады, шумақтан тұрады және т.б.);
- 11) өлеңді мысалдан, әңгімеден ажыратуды;
- 12) оқулықпен жұмыс атқаруды (мәтін, сұрақ–тапсырмалар берілген беттерді көрсету және т.б.);
- 13) шығарманың авторы мен тақырыбын атауды.

31. 2-сыныптың соңында оқушылар меңгеруі қажет:

- 1) сурет бойынша диалог құруды;
- 2) тыңдаған ән-күйлерінің мәтінмен байланысын анықтауды;
- 3) ғылыми-танымдық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табу;
- 4) өзі байқаған және көрген іс-әрекеттер мен оқиғалар бойынша әңгіме жазуды;
- 5) мәтін кейіпкерлеріне, туысқандары мен достарына хатпен құттықтау жазуды;
- 6) халық ауыз әдебиет үлгілерін және 1-2 өтірік өлеңді, 8-10 мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпашты жатқа айтуды;
- 7) 2-3 өлеңді жатқа айтуды;
- 8) мазмұндама мен шағын әңгіме жазуды (15-20 сөзден тұратын);
- 9) 2-сыныптың бірінші жарты жылдығында минутына сөздер мен тыныс белгілерін қоса есептегенде 30-35 сөз оқуды; екінші жарты жылдықта – 40-45 сөз оқуды.

6. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. Пәндік нәтиже бойынша психикалық дамуы тежелген 3-сыныптың соңында оқушылар білуі қажет:

5) көлемі 200-250 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдап, әңгімелеуді;

6) басқа шығармалардан мысалдардың өзіндік (жағымсыз жәйт, кемшілік, ұнамсыз мінез-құлықты ашық, тура сынамай астарлап, яғни аллегориялап сынауы, белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбие айтылатын кіріспе немесе қорытынды шумақ болатыны, монологты – диалогты құрылымы дауысты құбылтып оқуға міндеттейтіні) ерекшеліктерін;

7) шығармадағы негізгі ойды анықтап, оның басталуы, жалғасуы, шарықтау шегі, аяқталуына байланысты өздігінен жоспар құруды;

8) мәтінді оқиға желісіне қарай шегін ажыратып, ат қоюды;

9) мәтіннің мамұнына қатысты тірек сөздерді табуды;

10) мәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын түсіндірмелі сөздіктерді қолдана отырып түсіндіруді;

11) мәтіндегі көркем сөздерді тауып, олардың шығармадағы рөлін, мәнін түсіндіруді;

12) әр түрлі жанрлы шығармалардағы көркем сөздерді салыстыруды.

35. Психикалық дамуы тежелгеноқушылар меңгеруі қажет:

1) шығармадағы оқиғаға өз көзқарасын білдіруді;

2) мәтінді талқылау кезінде автор сөзін дәлел ретінде келтіре алуды;

3) портреті арқылы және шығармалардағы іс-әрекетіне сәйкес кейіпкерлерге мінездеме беруді;

4) ғылыми-танымдық және публистикалық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табуды және оны берілген үлгіге (кестеге, сызбаға т.б.) сай өңдеп;

5) көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым қатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді;

6) мәтін туралы пікір білдіруді;

7) әдеби кейіпкерге, туысқандарына, достарына хат, құттықтау жазуды;

8) көркем шығармадан алған әсерін жазбаша түрде (8-10 сөйлем) орындауды;

9) ауызша, жазбаша сөйлеуде мақал-мәтелдерді орынды қолдануды;

10) сөйлегенде, жазғанда көркем сөз, шешендік сөз үлгілерін қолдануды;

11) тақырыбы бір-біріне үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыруды;

12) көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым-қатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді;

13) мазмұндама мен шығарма жазуды (30-35 сөзден тұратын);

14) 4-сыныптың бірінші жарты жылдығында минутына сөздер мен тыныс белгілерін қоса есептегенде 60-65 сөз оқуды, екінші жарты жылдықта – 65-70 сөз оқуды

36. Тұлғалық нәтижелер психикалық дамуы тежелген оқушылардың:

1) Қазақстан Республикасының әнұранын жатқа білуінен;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, рәміздерін құрметтеуінен;

3) ел ішінен шыққан құрметті азаматтардың, халыққа танылған билер мен батырлардың өмірі мен даналық сөздерін білуде, жатқа айтуда, жазба жұмыстарында, олардың өмірінен үлгі алуынан;

4) қазақ және әлем классиктерінің шығармалары арқылы тарихи тұлғаларға құрметпен қарауда, өз туған жері, қоршаған ортаны сақтауға үйренуінен;

5) мәтін кейіпкерлеріне деген өз көзқарасын білдіруден;

6) адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеттілігі мен этикалық нормаларды сақтауынан көрінеді.

37. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер психикалық дамуы тежелген оқушылардың:

1) бағдарлама көлемінде мәтінді мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп оқу дағдысынан;

2) мәтінмен жұмыс істеу (сұрақтарға жауап беру, суретпен жұмыс, шығарманың негізгі ойын түсіну, талдау, жоспар құру және т.б.) білігінен;

3) мәтін, сурет бойынша қысқаша әңгіме құрастыру білігінен;

4) көркем шығармаларды меңгеру, пайымдау, қарапайым талдау жасауынан;

5) шығарма авторлары туралы мәліметтер жинақтау білігінен;

6) шығармашылықпен мазмұндау, басты кейіпкерлерге сипаттама беру, әңгіме құрастыру білігінен;

7) ана тілінде ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу білуінен;

8) танымдық, шығармашылық жобаларды орындауынан көрінеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғы 1 8 м а у с ы м д а ғы
№ 393 бұйрығына 49–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 154-қосымша

Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және психикалық дамуы

тежелген оқушылардың оқытуда талап ететін ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрастырылды.

2. Бастауыш сыныптардағы (0, 1-4-сыныптар) математика пәні – «Математика» білім саласындағы кіріктірілген оқу пәні. Оны игеруде 1000000-ға дейінгі натурал сандар және нөл санының арифметикасы, негізгі шамалар, алгебра мен геометрия элементтерін негізгі орта мектепте білімді жалғастыру үшін құрылған.

3. Оқыту мақсаты – ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған математиканың базистік негізін сапалы игеруді қамтамасыз ету; көрнекі-бейнелі, логикалық және абстрактты ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасау.

4. Оқытудың міндеттеріне:

1) балалардың оқуға деген жалпы қабілетін қалыптастыру, мектепке дейінгі дамуы және оқуының жетіспеушілігін толықтыру;

2) тұлғаның зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, ауызша және жазбаша, сонымен қатар математика тілінде сөйлеу, психомоторика тәрізді функциональдық қасиеттерін дамыту; көрнекі-бейнелі және логикалық ойлауын дамыту;

3) бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық қызметін (жоспарлау, жоспар бойынша әртүрлі іс-әрекеттер жасау, оның ішінде ойлау қызметін (талдау, зерттеу, жалпылау, модельдеу және т.б.), өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауды жүргізу біліктігін қалыптастыру;

4) оқытуды білімнің келесі деңгейлерінде жалғастыру үшін оқушыға қажетті математикалық білім мен білікті, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыны қалыптастыру; алгебра мен геометрияны игеруге алдын-ала мақсатты дайындықты жүргізу;

5) оқуға деген ынтасын, математикаға деген оң көзқарасы мен қызығушылығын, танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару дағдысын қалыптастыру;

6) баланың тұлғалық қасиеттерін, яғни жауапкершілік, белсенділік, мақсатқа талпынушылық, жауапкершілік тәрізді қасиеттерін тәрбиелеу;

7) қарым-қатынас мәдениетін, үлкендерге құрмет көрсету мен кішілерге қамқор болуды, қоршаған ортаны қорғауда өзін белсенділігін көрсетуді, патриоттық сезімді тәрбиелеу, қазақ халқы мен елімізде өмір сүріп жатқан этностардың тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпына және басқа байлықтарына құрмет көрсетуді, математика ғылымының дамуы барысында жинақталған құндылықтарға қатыстыру кіреді.

5. «Математика» пәні бойынша ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бекітілген психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының Типтік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесінің көлемі: 0 сыныпта – аптасына 4 сағат, барлығы – 132 сағат, 1-сыныпта: аптасына 4 сағат, барлығы 132 сағат, 2-сыныпта: аптасына 4 сағ, барлығы 136 сағат, 3-сыныпта: аптасына 5 сағат, барлығы 170 сағат, 4-сыныпта:

аптасына 5 сағат, барлығы 170 сағат.

6. Математиканы оқыту процесінде пәнаралық байланыс:

1) ана тілі пәнімен. Математикалық мазмұны бар тұжырымдарды, сөйлемдерді, қорытындылар мен жалпылауларды құру кезінде тілінің ережелерін қолдану, оқулықпен, дидактикалық материалдармен және т.б. жұмыс жасау кезінде оқушының оқу дағдысы мен сапасының қалыптасқан деңгейін ескеру;

2) «Айналамен таныстыру және тіл дамыту» түзету курсымен. Сан және көлем туралы түсініктерді қалыптастырудың негізі ретінде қоршаған ортадағы заттардың қасиеті және сапасы туралы білімдерін қолдану;

3) дүниетану пәнімен. Математикалық мазмұны бар тапсырмаларды орындау барысында қоршаған ортадағы құбылыстар туралы білімдерін қолдану;

4) еңбекке баулу пәнімен. Математикадан жазбаша жұмыстарды орындау кезінде қол бармақтарының ұсақ бұлшық еттерінің даму деңгейін ескеру; 5) бейнелеу өнері пәнімен. Қағаз бетінде бейнелеу біліктігін қолдану, қағаз бетінде (жазықтықта) және кеңістікте заттардың орналасуын қабылдай білу біліктігін қолдану;

б) дене шынықтыру пәнімен. Кеңістікте бейімделу (солға, оңға және т.б сөздердің мағынасын түсіну) біліктігін қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

7. Санға дейінгі түсініктерді анықтау, нақтылау, қалыптастыру (36 сағат):

1) мөлшер түсінігі: ұзын – қысқа (ұзынырақ - қысқарак, ұзындығы бірдей), кең - тар (кеңірек – тарлау, кеңдігі бердей), биік - аласа (биігірек- аласа, биіктігі бірдей), жуан - жіңішке (жуанырақ – жіңішкерек, жуандығы бірдей), терең – таяз, тереңдігі бірдей), үлкен – кіші (үлкенірек – кішірек, көлемі бердей). Екі затты көлемі бойынша салыстыру тәсілдері: үстіне, қасына қойып, көру арқылы салыстыру;

2) көлемнің нақты белгісі бойынша бірнеше затты топтастыру (бөлу) және реттеу (жіктеу). Көлемі бойынша бір заттың басқа заттан қаншалықты айырмашылығы бар екенін анықтау (көрсету). Көлемдік сипатына қарай заттарды теңестіру. Сөздер: барлығы, әрқайсысы, қалғандары, қалдығы, басқалары, бірдейлері;

3) салмақ түсінігі: ауыр – жеңіл (ауырлау – жеңілдеу, салмағы бірдей). Екі заттың салмағын қолмен немесе таразының көмегімен салыстыру. Заттарды салмағы бойынша т о п т а с т ы р ы п және р е т т е у ;

4) сандық түсініктер: қанша? Көп, аз, бір, көп емес, бірнеше, бір де біреу емес, сондай (сонша, қанша), теңдей, бірдей. Екі топтағы заттардың бірдей өзара сәйкестігін орнату (жұптап салыстыру). Сөздер: артық, жетіспейді, аз – көп, бос. Көпті теңестірудің екі жолы. Сұйық және төгілетін заттардың санын салыстыру;

5) түрлі тәжірибелік әрекеттердің көмегімен заттардың және сұйықтықтың, төгілмелі заттардың санының (көбейтіп, азайту) өзгеруі (қайта төгу, қайта құю, қосу,

кесу және т.б) өзгеруі. Қосу және алудың нақты мағынасын ашатын сөздерді түсіну және пайдалану: қостық, алдық, алып тастадық, құйдық, төктік, құттықтадық және т.с., және келесі сөздер: болған, болады, болды, бірге, барлығы, қалды;

б) өз денесінің бөлшектерінде бағдарлау: жоғырыда – бас, мойын, төс; төменде – аяқтар; алдыда – бет, кеуде, іш; артта – желке, арқа; оң – сол қол, аяқ, көз, құлақ, бет. Баланың өзінен алғанда қоршаған ортада бағдарлау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, алыс – жақын, оң жақта – сол жақта, қасында, жанында, осында, анау жақта, а л д ы д а , а р т ы н д а ;

7) берілген бағытта баланың қозғалуы. Қозғалу бағытын анықтау: алға, артқа, жоғарыға, төмен, оңға, солға, шетке;

8) екі, үш заттың бір бірінен орналасуын анықтау: жоғары – төмен, қасында, жанында, үстінде, ішінде, артында, алдында, артында, астында, қарсыда, арасында, о р т а с ы н д а ;

9) қағаз бетінде бағдарлау: жоғарғы – төменгі шеті, оң – сол шеті, сол жақтағы жоғарғы (төменгі) бұрыш, сол жақтағы жоғарғы (төменгі) бұрыш, ортасында, дәл ортасында, үстінде, астында, оң жағында, сол жағында, арасында;

10) кезеңділік тәртіп қатынасы: шеткі, бірінші, соңғы, алдында, артында, кейін, артынан, артынан, келесі, алдыңғы, арасында. Заттарды қатарға орналастыру;

11) тәулік бөліктері: таң, күн, кеш, түн. Бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні, келесі күні; ерте – кеш, ертерек – кешірек, кешікті, бұрын, жақында; баяу – жылдам, кәрі – жас, үлкенірек – жасырақ. Апта күндері;

12) заттардың түрлері. Текше, шар, шеңбер, доғал, төртбұрыш, тіктөрбұрыш, ү ш б ұ р ы ш ;

13) сызылмаған қағазда сызба жұмыстарын орындау: сызба суретті бастыру, тірек нүктелері бойынша, дайын үлгілерді және трафареттерді бастыру, сызу арқылы бояу, бояу, басталған суретті салу және т.б.

8. 1 ден 10 дейінгі сандар және 0 саны (40 сағат):

1) 1 ден 10 дейінгі сандар сызу ұзындығын, сұйықтықты және төгілмелі заттарды өлшеу және есептеу нәтижесі ретінде;

2) бірінші ондық сандарының алдыңғы санға 1 қосу, санағанда арттағы саннан 1 алу а р қ ы л ы ж а с а л у ы ;

3) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 0 сандары. Саны, сан есімі және цифрдың сәйкестігі;

4) заттарды сандық және реттік санау (берілген саннан тік және кері санау).

Дыбыстарды, қимылдарды, заттарды сезу арқылы санау;

5) көпті өзара біркелкі сәйкестік орнату тәсілімен салыстыру (жүппен салыстыру), сандарды салыстыру. Артық, кем заттар, бірліктер;

б) сандар қатарындағы санның орны. Сандық қатардың негізгі қасиеті;

7) басқа екі аз саннан заттық-тәжірибелік әрекеттердегі 2-10 сандарының құрамы;

8) баға өлшемі: теңге. Тиындар: 1 тг., 5 тг., 10 тг. Тиындарды майдалау және

а у ы с т ы р у .

9. 10 көлемінде қосу және алу. 10 көлемінде қосу және алу. Есеп құрылымы (44 сағат) :

1) қосу және азайту әрекеттерінің аталуы және нақты мәні. + (қосу), - (алу), = (тең) белгілері ;

2) заттық-тәжірибелік әрекет ізімен мысалдарды құрастыру (цифрлар және белгілер кассасының көмегімен) және оқу ;

3) қосудың орын алмасу қасиетімен практикалық түрде танысу. Заттық әрекетте қосу және алудың арақатынасы ;

4) алу амалдары: қайталап санау; 1 ден қосу және алу; санның құрамын білуге негізделген тәсіл ;

5) ашық және жабық нәтижелі көрсетілетін-есептер, суреттеме-есептер;

6) қосындыны және қалдықты табуға арналған қарапайым мәтінді есептер. Есептің құрылымдық элементтері: шарты, сұрағы, сандары, есепті шығару, жауабы. Цифрлер және белгілерден есепті шығаруды көрсету;

7) нүкте, тік сызба, қисық сызу. Сызықты жіп, сымтемір, қағаз және т.б материалдардан жасау. Тік сызықтың қасиетін практикалық үйрену. Түзу сызықты сызғыштың көмегімен сызылмаған қағазда түрлі бағытта (тік, көлденең, қиғаш) құру;

8) шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, доғал. Сызбаны бастыру, бояу, сызба бояу, таяқшалардан, сымтемірден жасау.

10. Қайталау (12 сағат).

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

11. Дайындық кезеңі (14 сағат):

1) заттарды мөлшері бойынша салыстыру: көп, аз. Ұзындығы бойынша салыстыру: ұзын (ұзындығы бойынша артық). Қысқа (ұзындығы бойынша кем); кеңдігі бойынша. Кеңірек, тарлау; жуандығы бойынша. Жуанырақ, жіңішкерек; биіктігі бойынша. Биігірек, аласа; ауырлығы бойынша. Ауыр (массасы бойынша артық. Жеңіл (массасы бойынша кем); сыйымдылығы бойынша салыстыру. Көбірек (азырақ) сыйдырады; бағасы бойынша салыстыру. Қымбат (бағасы бойынша артық). Арзан (бағасы бойынша кем); ауданы бойынша салыстыру. ауданы бойынша артық (кем); бірнеше заттың мөлшерін салыстыру арқылы топтастыру және реттеу; бірден онға дейінгі сандар тізбегі. Кері тізбек (оннан бірге дейінгі тізбек);

2) заттарды саны бойынша салыстыру: көп, аз, сондай, теңдей, көп емес, бірнеше, бір де біреу емес; заттардың тобын теңестіру; заттардың санын өзгертуге алып келетін әрекеттер ;

3) сөздердің кезеңділігі –бірден онға дейінгі сандардың. Кері кезеңділік (оннан бірге дейін) ;

- 4) заттарды санау. Есептік санау. Реттік санау. Артық, кем, сонша. Тура және кері с а н а у ;
- 5) заттардың кеңістікте орналасуы (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында). Қозғалыс бағыты (бір-біріне қарама-қарсы, бір бағытта, қ а р а м а - қ а р с ы б а ғы т т а);
- 6) қозғалысты жылдамдық бойынша салыстыру. Жылдам (жылдамдық бойынша артық). Баяу (жылдамдық бойынша кем);
- 7) заттардың пішіні. Геометриялық фигуралар. Нүкте, сызық (түзу, қисық), доғал, сәуле, үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, текше, шар. Заттарды пішіні, түсі және ө л ш е м і б о й ы н ш а с а л ы с т ы р у ;
- 8) уақыт бойынша салыстыру (ерте, кеш). Үлкен (жасы бойынша үлкен). Кіші (ж а с ы б о й ы н ш а к і ш і) ;
- 9) уақытта бағдарлау: кеше, бүгін, ертең, таң, кеш, күн, түн, апта күндері.
12. 0-ден 10-ға дейінгі сандар. Нүкте, қисық, түзу, кесінді, сынған кесінді. 1 см дәлдікке дейінгі кесіндінің ұзындығын табу (29 сағат):
- 1) 1-ден 9-ға дейінгі атау. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандар қатары. Көп заттарды пайдалану арқылы, сандар қатарындағы орнына байланысты сандарды салыстыру;
- 2) алдыңғы санға 1-ді қосу, санау барысында келесі сан болатын саннан 1-ді азайту а р қ ы л ы с а н д ы а л у ;
- 3) қосу. «+» белгісі. $2 + 1$ түріндегі жазудың оқылуы: «екі қосу бір», «екіге 1-ді қосу», «екіні бірге арттыру», «екі мен бірдің қосындысы»;
- 4) азайту. «-» белгісі. $2 - 1$ түріндегі жазудың оқылуы: «екі минус бір», «екіден 1-ді азайту», «екіні бірге кеміту», «екі мен бірдің айырымы»;
- 5) қосу мен азайтудың тәсілдері: $h \pm 1, 2$ түрінде бір-бірден, екі-екіден қосу және азайту, с а н д ы қ қ а т а р д ы қ о л д а н у ;
- 6) санау нәтижесі мен сандарды салыстыру (соның ішінде есептеудің көмегімен есептің сұрағына жауап табу кезінде);
- 7) әртүрлі өлшеулер арқылы заттардың ұзындығын өлшеу. Заттың ұзындығы өлшеу нәтижесі м е н с а н ы н с а л ы с т ы р у ;
- 8) 0 саны. 0 санын алу және белгілеу. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды жазу;
- 9) теңдік. Тура және тура емес теңдіктер мен тексіздіктер;
- 10) кесінді. Кесіндінің ұзындығын өлшеу. Ұзындық бірлігі – сантиметр (1 см); Б ө л і к т е р і б а р с ы з ғы ш ;
- 11) кесіндіні салу. Үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш.
13. 10 –ға дейін қосу мен азайту. Есептің құрылымы. Теңдік. Теңсіздік (61 сағат):
- 1) қосу. Қосынды. Қосылғыш. Қосындының мәні;
- 2) с а н д ы қ ө р н е к ;
- 3) азайту. Айырма. Азайғыш. Азайтқыш. Айырманың мәні;
- 4) қосу мен азайтудың компоненттерінің арасындағы байланыс;

5) өзара кері амалдар;

6) қосу мен азайтудың тәсілдері: 1 қосу және алу; сандардың құрылымын білу негізінде қосу және алу; қосудың ауыстырымдылық қасиеті бойынша қосу; сәйкес қосу жағдайларын білу негізінде азайту;

7) 10 дейінгі қосу кестесі және азайтудың сәйкес жағдайлары;

8) 0 санымен қосу мен азайтуды орындау;

9) 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сандарының құрамы. 1 тг., 2 тг., 5 тг., 10 тг.;

10) сызғыштың көмегімен берілген нүктелер арқылы көпбұрыш құру;

11) есептің құрамы. Шарты және сұрағы. Есептің шешуі және жауабы. Қосындыны және қалдықты табуға, бірнеше бірлікке арттыруға (кемітуге) арналған есептер.

14. 10 нан 20 дейінгі сандар (24 сағат):

1) екінші ондықтың сандарын оқу және жазу;

2) бір таңбалы және екі таңбалы сандар;

3) екітаңбалы сандардың бірлік және ондық разрядтары;

4) екітаңбалы санды разрядты қосынды түрінде жазу;

5) екітаңбалы сандардың құрылымын және сандық ретті білу негізінде қосу және алу тәсілдері: $10+5$, $5+10$, $15-10$, $15-5$, $15+1$, $16-1$;

6) сағат бойынша уақытты 1 сағатқа дейін дәлдікпен айту;

7) жыл айлары тәртібін анықтау;

8) көпбұрышты тану, оның элементтерін атау: бұрыш, шыңы, жақтары;

9) ұзындық бірлігі – дециметр (1 дм). $1 \text{ дм} = 10 \text{ см}$.

15. Қайталау (4 сағат).

4. Оқу пәнінің 2–сыныптағы базалық білім мазмұны

16. Қайталау (8 сағат):

1) 1 ден 20 дейінгі сандарды ауызша және жазбаша белгілеу. Сандар қатарының негізгі қасиеті. Біртаңбалы сандардың құрамы. Екітаңбалы сандардың ондық құрамы.

Айырымдылық саны;

2) 10 көлемінде қосу және алу. 20 көлемінде қосу және алу түрі: $10+3$, $13-3$, $13-10$, $13+1$, $14-1$;

3) есептерді шығару.

17. Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу. Санды өрнек. Сынық сызық және оның ұзындығы (42 сағат):

1) біртаңбалы сандарды қосу, санды екі біртаңбалы сандардың қосындысы түріне келтіру білімдеріне негізделген;

2) $\square+2$, $\square+3$, $\square+4$, $\square+5$, $\square+6$, $\square+7$, $\square+8$, $\square+9$ түріндегі біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесі;

3) қосу мен азайту – өзара кері амалдар;

- 4) 11 – □, 12 – □, 13 – □, 14 – □, 15 – □, 16 – □, 17 – □, 18 – □ түріндегі азайту;
- 5) 20 көлеміндегі қосу мен азайту;
- 6) санды өрнек және оның мәні. Мәндері бойынша санды өрнектерді салыстыру;
- 7) жақша. Жақшасы бар және жақшасыз берілген санды өрнектерде қосу және азайту амалдарын орындау реті;
- 8) сантиметр және дециметр арасындағы қатынас;
- 9) ұзындығы 1 см дәлдікпен алынған кесіндіні салу. Сынық сызық;
- 10) сынық сызықтың ұзындығы; 1 1) к ө п б ұ р ы ш ;
- 12) белгісіз қосылғышты, азайғыш пен азайғышты табуға берілген есептер. Айырымдылық салыстыруға берілген есептер;
- 13) екі амалға берілген есептер – екі қосылғыштың қосындысын табуға берілген к ұ р а м а е с е п т е р ;
- 14) кері есептер. Өзара кері есептер.
18. Толық ондықтар. Жүз (10 сағат):
- 1) есептеудің жаңа бірлігі – ондық, оның құрылуы;
- 2) ондықтармен санау. Ондықтардың аталуы, олардың реті, оқылуы және жазылуы;
- 3) ондықтарды салыстыру;
- 4) ондықтарды және сәйкес мөлшерлерді (ұзындықты) қосу және алу;
- 5) 20 тг., 50 тг., 100 тг. тиындар (жиынтығы және айырбастау).
19. 20 дан 100 дейінгі сандар (40 сағат);
- 1) 100 көлеміндегі сандарды оқу, жазу және салыстыру;
- 2) сандағы цифрдың орны. Санның ондық құрамы. Сандарды салыстыру. Тура және кері санау, берілген саннан санға дейін санау, топпен санау;
- 3) санның ондық құрамы негізінде қосу және азайту. $14 + 3$, $17 - 3$ түріндегі қосу мен азайту. $20 + 18$, $38 - 20$ түріндегі қосу мен азайту. $36 + 21$, $57 - 21$ түріндегі қосу мен азайту. $37 + 3$, $40 - 3$ түріндегі қосу мен азайту. $36 + 24$, $60 - 36$ түріндегі қосу мен азайту. $27 + 8$, $35 - 8$ түріндегі қосу мен азайту;
- 4) қосудың терімділік қасиеті. Қосындыдан санды және саннан қосындыны азайту;
- 5) салмақ. Салмақ бірлігі – килограмм (1 кг);
- 6) ұзындық. Ұзындық бірлігі – метр (1 м). Сыйымдылық. Сыйымдылық бірлігі – л и т р (1 л) ;
- 7) уақыт аралығы. Уақыт бірліктері – минут (1 мин), секунд (1 с), тәулік (1 тәулік), апта, ай, жыл, ғасыр. Ұзындық бірліктері мен уақыт бірліктерінің арасындағы қ а т ы н а с т а р ;
- 8) шамалар. Баға, мөлшер, құн;
- 9) тікбұрыш. Сүйір және доғал бұрыштар. Тіктөртбұрыш. Тіктөртбұрыштың карама-қарсы қабырғалары және олардың қасиеттері;
- 10) шаршы. Торкөз қағазға тіктөртбұрыш пен шаршыны салу;

- 11) көпбұрыштың периметрі;
- 12) әріптік белгілеу. Бір әріптік таңба белгісі;
- 13) теңдеу. $12+x=12$, $25-x=25$, $x-2=8$ түріндегі теңдеулерді таңдау арқылы, қосу және азайтудың белгісіз компоненттерін табу ережесінің негізінде шешу;
- 14) қалдықты табуға берілген құрама есеп. Азайғышты (азайтқышты) табуға арналған құрама есептер;
- 15) ондықтан аттап жазбаша қосу және азайту. $26 + 42$, $68 - 42$ түріндегі жазбаша қосу мен азайту. $43 + 28$, $71 - 43$ түріндегі жазбаша қосу мен азайту. $26 + 34$, $60 - 26$ түріндегі жазбаша қосу мен азайту;
- 16) қосу және азайту амалдарын тексеру. Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін салыстыру;
- 17) теңдеудің көмегімен есептерді шығару.
20. Көбейту және бөлу. Тіктөртбұрыштың, шаршының периметрі (28 сағат):
- 1) көбейту және бөлу амалдарының нақты мәні. Амалдардың таңбалары;
 - 2) көбейту. Көбейткіштер. Көбейтінді. Көбейтіндінің мәні;
 - 3) көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті. Көбейтудің компоненттерінің арасындағы байланыс;
 - 4) бөлу. Бөлінгіш. Бөлгіш. Бөлінді. Бөліндінің мәні;
 - 5) көбейту мен бөлудің байланысы. Көбейту мен бөлу – өзара кері амалдар;
 - 6) 2, 3, 4 сандарына көбейту және бөлудің кестелік жағдайлары;
 - 7) тіктөртбұрыш және шаршының периметрі;
 - 8) қосу, азайту, көбейту және бөлуге бір-екі амал орындауға берілген есептер (бірдей бөліктерге және мағынасы жағынан бірдей есептер);
 - 9) есептердің шешулерін әртүрлі тәсілдермен (амалдармен арқылы жазу, өрнек құру және оның мәнін табу арқылы) жазу;
 - 10) екі-үш амалдан тұратын амалдарды шешу (жақшамен және жақшасыз);
 - 11) тіктөртбұрыштың (төртбұрыштың) периметрі.
21. Қайталау (8 сағат).

5. Оқу пәнінің 3–сыныптағы базалық білім мазмұны

22. Қайталау (12 сағат):
- 1) 20-ға дейін қосу және азайту кестесі;
 - 2) 100-ге дейін сандарды ондықтан аттап ауызша және жазбаша қосу мен азайту;
 - 3) 2, 3, 4 сандарына көбейту және бөлудің кестелік жағдайлары;
 - 4) шама (ұзындық, масса, уақыт, сыйымдылық). Шамалар бірліктері арасындағы қатынастар;
 - 5) теңдеу. Өрнек. Санды және әріпті өрнектер;
 - 6) теңдік. Теңсіздік;

- 7) құрама есептер және оларды шығару тәсілдері;
- 8) геометриялық фигуралар. Периметр.

23. Көбейту және бөлудің кестелік жағдайлары. Геометриялық фигураның ауданы.

Әріпті өрнек. Теңдеу (45 сағат):

- 1) 5, 6, 7, 8, 9 сандарының көбейту кестесі;
- 2) бөлудің сәйкес жағдайлары. Көбейту және бөлу амалдарын тексеру;
- 3) көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табу ережелері;
- 4) сандарды 0 санына және 1 санына көбейту;
- 5) нөл санын натурал санға бөлу. Сандарды 1 санына бөлу. Санды 0 санына бөлуге болмайтындығы;

6) тең бөліктерге бөлу. Санның және шаманың бөліктері. Санның үлесін (бөлігін) және үлесі (бөлігі) бойынша санды табу;

- 7) көбейту және бөлу амалдары бар теңдеулерді шығару;
- 8) сандық өрнектер. Әріпті өрнектер;
- 9) жақша бар және жақшасы болмайтын 2-3 амалдардан тұратын санды өрнектердегі арифметикалық амалдарды орындау реті;

10) белгісіз көбейткішті, бөлінді мен бөлгішті табуға, бірнеше рет ұлғайту мен кішірейтуге, еселік салыстыруға берілген есептер;

11) тіктөртбұрыштың (шаршының) периметрін табу тәсілдері. Геометриялық фигуралардың ауданын «көзбен» және беттестіру арқылы салыстыру;

12) ауданды өлшеу. Палетка. Аудан бірліктері: 1 м^2 , 1 дм^2 , 1 см^2 ;

13) тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы;

14) геометриялық фигураларды латын әріптерімен белгілеу;

15) уақыт өлшемдері: жыл, ай, тәулік. Олардың араларындағы сәйкестік. Шеңбер.

Ортасы, радиусы, диаметрі.

24. 100 саны көлемінде ауызша көбейту және бөлу амалдары (30 сағат):

1) көбейтудің ауыстырымдылық, терімділік және үлестірімділік қасиеттері.

Көбейтудің қасиеттерін қолдану;

2) қосынды мен көбейтіндіні санға бөлу;

3) екітаңбалы санды разрядты қосындыларға бөлу, ыңғайлы қосындыларға бөлу көмегімен біртаңбалы санға бөлу және көбейту;

4) екітаңбалы санды таңдау әдісімен екітаңбалы санға бөлу;

5) қалдықпен бөлу. Көбейтуді және бөлуді тексеру.

25. 1000-ға дейінгі сандар (14 сағат):

1) жүздік. Жүздіктермен санау;

2) үштаңбалы сан және оның ондық құрамы; 1000 көлеміндегі сандарды оқу және жазу; үштаңбалы сандарды салыстыру;

3) $600 + 300$, $900 - 300$ (6 жүзд. + 3 жүзд., 9 жүзд. - 3 жүзд.) түріндегі үштаңбалы

сандарды қосу және азайтудың ауызша тәсілдері;

4) $440 + 50$, $750 - 90$ (44 онд. + 5 онд., 75 онд. – 9 онд.) түріндегі ұштаңбалы

сандарды қосу және азайтудың ауызша тәсілдері;

5) $120 + 780$, $900 - 120$ (12 онд. + 78 онд., 90 онд. – 12 онд.) түріндегі ұштаңбалы

сандарды қосу және азайтудың ауызша тәсілдері;

6) санның ондық құрамы негізінде ұштаңбалы сандарды қосу және азайтудың ауызша тәсілдері;

7) санды бірнеше бірлікке арттыруға (кемітуге) арналған құрама есептер;

8) айырымдылық салыстыруға арналған есептер;

9) ұзындық бірлігі – километр (1 км). Масса бірліктері – грамм (1 г), центнер (1 ц), тонна (1 т);

10) салмақ бірлігі – грамм (1 г), центнер (1 ц), тонна (1 т). Салмақ бірліктері арасындағы сәйкестік: $1\text{ц} = 100\text{ кг}$; $1\text{т} = 1000\text{ кг}$.

26. 1000-ға дейінгі жазбаша қосу мен азайту. Шамалар арасындағы тәуелділік (21 сағат):

1) келесі түрлердегі ұштаңбалы сандарды қосу және азайтудың жазбаша тәсілдері: $246 + 342$, $588 - 246$; $362 + 456$, $818 - 362$; $236 + 687$, $923 - 236$; $286 + 617$, $903 - 286$;

2) қосу және азайту амалдарын тексеру;

3) шамалар. Бір заттың салмағы, заттардың саны, жалпы салмақ; бір затқа жіберілген шығын, заттардың саны (мөлшері), жалпы шығын;

4) шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығару: баға, саны, құны; бір заттың салмағы, заттардың саны, жалпы салмақ; бір затқа жіберілген шығын, заттардың саны (мөлшері), жалпы шығын;

5) шамалар арасындағы салыстыруға берілген есептерді шығару: мөлшерлер арасындағы байланыс, заттардың саны, жалпы салмақ; бір затқа жіберілген шығын, заттардың саны (мөлшері), жалпы шығын;

6) 2-3 қосу, алу, көбейту, бөлу амалдары бар есептерді шығару.

27. 100-ге дейінгі ауызша көбейту мен бөлуді, 20 көлеміндегі амалдарға келтіру (20 сағат).

28. 1000 көлеміндегі көбейту және бөлудің ауызша тәсілдері (20 сағат):

1) екітаңбалы және ұштаңбалы сандарды біртаңбалы санға бөлу;

2) үш амалмен шығарылатын есептер. $x + 4$ $Ч$ $2 = 24$ түріндегі теңдеуді шығару. Есепті теңдеу құру арқылы шығару;

3) үшбұрыш түрлері; әртүрлі жақты, тең төртбұрыш.

29. Қайталау (8 сағат).

6. Оқу пәнінің 4–сыныптағы базалық білім мазмұны

30. Қайталау (10 сағат):

- 1) 100 ге дейінгі және 1000-ға дейінгі сандар (оқу, жазу, салыстыру);
- 2) 1000-ға дейінгі сандармен арифметикалық амалдарды орындау;
- 3) шамалар;
- 4) тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы;
- 5) текшенің көлемі;
- 6) өрнек. Теңдеу;
- 7) есепті шығару;
- 8) геометриялық фигуралар; кесінділерді қосу және азайту.

31. 1000-нан 1 000 000-ға дейінгі сандар. Шамалар арасындағы тәуелділік. Шеңбер және дөңгелек (50 сағат):

- 1) разрядтар және кластар кестесі; миллионға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру; сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазу;
- 2) шамалар арасындағы тәуелділіктер: жылдамдық, арақашықтық (жүрілген жолдың ұзындығы), уақыт; өнімділік, жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; егіннің түсімділігі, ауданы және массасы;
- 3) қозғалысқа берілген есептер;
- 4) шеңбер және дөңгелек. Шеңбер мен дөңгелектің центрі, радиусы және диаметрі.

32. Миллионға дейінгі сандармен арифметикалық амалдарды орындау. Текше және тікбұрышты параллелепипед (70 сағат):

- 1) бөліндінің мәні көптаңбалы сан болғанда нөлге аяқталатын сандарға бөлу;
- 2) 10, 100, 1000 сандарына қалдықпен бөлу. Санды көбейтіндіге бөлу; бөліндінің мәні бір сан болғанда нөлге аяқталатын сандарға қалдықпен бөлу. Бөліндінің мәнінде нөлдер болғанда нөлге аяқталған сандарға бөлу. Нөлмен аяқталатын сандарға қалдықпен бөлу;
- 3) қосындыны санға және санды қосындыға көбейту. Санды қосындыға көбейту ережесін қолданып, екітаңбалы санға ауызша көбейту;
- 4) екітаңбалы санға жазбаша бөлу. Бөліндінің мәнінде бір цифр болғанда екітаңбалы санға жазбаша қалдықсыз бөлу;
- 6) бөліндінің мәнінде көптаңбалы сандар болғанда екітаңбалы санға жазбаша бөлу;
- 7) санды қосындыға көбейту ережесін қолданып, үштаңбалы санға ауызша көбейту;
- 8) үштаңбалы санға жазбаша көбейту;
- 9) бөліндінің мәнінде бір цифр болғанда үштаңбалы санға жазбаша қалдықсыз бөлу;
- 10) бөліндінің мәнінде бір цифр болғанда үштаңбалы санға жазбаша қалдықпен бөлу;
- 11) бөліндінің мәнінде көптаңбалы сандар болғанда үштаңбалы санға жазбаша бөлу;
- 12) бөліндінің мәнінде нөлдер болғанда үштаңбалы санға жазбаша бөлу;
- 13) бір-біріне жақындау қозғалыс. Жақындау жылдамдығы;

- 14) қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс. Қашықтық жылдамдығы;
 15) бір бағыттағы жылдамдық;
 16) белгісізді екі айырым бойынша табуға арналған есептер;
 17) әріпті теңдіктердің (формулалардың) көмегімен қосу мен көбейтудің қасиеттерін жазу. Екі әрпі бар өрнектің мәнін табу;
 18) аудан бірлігі – ар (1 а). Ауданның бірліктері арасындағы сәйкестік: $1 \text{ м}^2 = 100 \text{ дм}^2$, $1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$, $1 \text{ см}^2 = 100 \text{ мм}^2$, $1 \text{ а} = 100 \text{ м}^2$. ауданның бірлігі – гектар (1 га). Ауданның бірліктері арасындағы сәйкестік: $1 \text{ га} = 10\,000 \text{ м}^2$;
 19) тікбұрышты параллелепипед және оның өлшемдері (ұзындығы, ені, биіктігі). Тікбұрышты параллелепипедтің төбелері, қырлары және жақтары;
 20) көлем. Көлем бірліктері. Тікбұрышты параллелепипедтің (текшенің) көлемі.
33. Білімді жүйелеу және қайталау (40 сағат):
- 1) натурал сандар және нөл саны. Натурал сандар. Натурал сандарды қолдану;
 - 2) натурал сандар және нөл санымен арифметикалық амалдарды орындау;
 - 3) натурал сандар және нөл санымен орындалатын арифметикалық амалдардың қасиеттері;
 - 4) арифметикалық амалдардың компоненттерінің атаулары. Арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табудың ережелері;
 - 5) қосу мен азайтудың, көбейту мен бөлудің байланыстары;
 - 6) микрокалькулятордың көмегімен есептеу. Микрокалькулятор. Калькуляторда сандарды енгізу және өшіру;
 - 7) жақшалармен, жақшаларсыз берілген және 4-5 амалдан тұратын өрнектің мәнін табу;
 - 8) өрнектер мен теңдеулер. Санды және әріпті өрнектер. Өрнектің мәні. Санды өрнектің мәнін табу ережелері;
 - 9) теңдеу. Теңдеудің шешімі (түбірі);
 - 10) арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережелері; тура санды теңдіктердің қасиеттерін қолдана отырып таңдау тәсілімен теңдеулерді шығару;
 - 11) шамалар. Шамалар: ұзындық, аудан, көлем (сыйымдылық), масса, уақыт, баға, құн, жылдамдық, өнімділік, түсім;
 - 12) шамалар бірліктері. Шамаларды салыстыру;
 - 13) шамаларға арифметикалық амалдар қолдану: шамаларды қосу, азайту, бөлу, шаманы санға көбейту. Шамалар арасындағы тәуелділік;
 - 14) көпбұрыштың периметрі және тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы;
 - 15) тікбұрышты параллелепипедтің (текшенің) көлемі;
 - 16) есептер. Есептің құрылымы: шарты, сұрағы. Есептің шешуі. Есептің жауабы. 1-4 арифметикалық амалмен (есептің шешуін амалдар бойынша жазу; өрнек және оның мәнін табу) және теңдеудің көмегімен шығарылатын есептер;

17) геометриялық фигуралар. Нүкте, сызық (түзу, қисық, сынық), кесінді, бұрыш (тік, сүйір, доғал, жазыңқы), көпбұрыш (үшбұрыш, төртбұрыш және т.б.), тіктөртбұрыш (ш а р ш ы) ;

18) тікбұрышты параллелепипед (текше). Шеңбер, дөңгелек. Шеңбер мен дөңгелектің центрі, радиусы, диаметрі.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

34. Пәндік нәтижелер. 0-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) 1 ден 10 дейінгі сандардың атауларын және кезеңін;
- 2) қосу және азайту амалдардың компоненттерінің атауларын және белгілеуін;
- 3) 2-5 сандарының құрамын білуі қажет.

3 5 . О қ у ш ы л а р :

- 1) үстіне және қасына қою тәсілдерімен заттарды түрлі мөлшерлері бойынша с а л ы с т ы р у д ы ;
- 2) санап және жүйпен сәйкестендіру арқылы заттық топтардың санын салыстыруды ;
- 3) заттық әрекетте 2-10 аралығындағы сандардың құрамын көрсетуді;
- 4) заттардың, сұйықтықтың, төгілмелі заттардың санын өзгертетін әрекеттерді к ө р с е т і п , а т а у д ы ;
- 5) шоттың көмегімен 10 көлемінде заттардың санын анықтауды;
- 6) санның құрамын білуге негізделген сандар және белгілерден қосу және азайтуға арналған мысалдарды жасау мен оқу, қосындыны және қалдықты бір әдіспен шығаруды: қайта санау, қосып, азайтып санау арқылы;
- 7) шеңбер, доғал, төртбұрыш, тіктөртбұрышты тануды, ажыратуды, жасауды;
- 8) қосындыны және қалдықты табуға арналған мысалдарды шығаруды, мысалдың мазмұнын заттар арқылы көрсетуді меңгеруі тиіс.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. Пәндік нәтижелер. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) 0 ден 20 дейінгі сандардың ретін;
- 2) 10 көлемінде қосу және азайту кестесін;
- 3) арифметикалық амалдар компоненттерінің аталуын; қосудың ауыстырымдылық қ а с и е т і н ;
- 4) біртаңбалы сандардың құрамын, екінші ондықтағы сандардың ондық құрамын;
- 5) шамалар бірліктерінің белгілеулерін: 1 сағат, 1 см, 1 дм, 1 тг;
- 6) дециметр мен сантиметр арасындағы қатынастарды білуі қажет.

37. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) 20 көлемінде заттардың санын анықтау, 0 ден 20 дейінгі сандарды оқу, жазуды

ж ә н е

с а л ы с т ы р у д ы ;

2) оқулықпен жұмыс жасау, оқулықта берілген суреттер мен сызбалардың, жаттығулар мен талаптардың мағынасын түсіне білуді;

3) 20 көлемінде (жақшасыз) 1- 2 амалдан тұратын сандық мысалдың мағынасын т а б у д ы ;

4) қосу және алуға арналған бір амалдан тұратын есептерді шығаруды;

5) сызғыштың көмегімен кескінді өлшеп сызуды;

6) геометриялық пішіндерді тануды және табуды: түзу сызық, кесінді, сәуле, бұрыш, шеңбер, доғал, төртбұрыш, доғал, тіктөртбұрыш, үшбұрыш;

7) оқулықпен жұмыс істеу, суреттер және сызбалардың мағынасын түсінуді, жаттығулар және қойылған талаптарды түсінуді меңгеруі тиіс.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

38. Пәндік нәтижелер. 2-сыныптың соңында оқушылар:

1) 100 дейінгі сандардың аталуын және кезегін;

2) 20 көлемінде біртаңбалы сандардың қосу кестесін және соған сәйкес азайту к е с т е с і н ;

3) жақшамен немесе жақшасыз берілген санды өрнектердегі қосу және азайту амалдарын орындау ретінің ережелерін;

4) шамалардың өлшем бірліктерін (1 л, 1 кг, 1 м, 1 мин, 1 с, 1 тәул), ұзындық пен уақыт бірліктерінің арасындағы қатынастарды білуі қажет.

3 9 . О қ у ш ы л а р :

1) 0 ден 20 дейінгі сандарды оқуды, жазуды, салыстыруды;

2) 100 көлемінде сандардың қосындысын және қалдығын табуды, жеңіл жағдайда ауызша, қиын болған жағдайда жазбаша;

3) 1- 2 амалдан тұратын сандық мысалдың мағынасын табуды (жақшамен және ж а ш а с ы з) ;

4) қосу және азайту амалдары. 1-2 амалдардан тұратын есептерді шығаруды;

5) ұзындығы 1 см дәлдікпен берілген кесіндіні салуды;

6) торкөз қағазға тіктөртбұрыш, шаршы салуды, бұрыш түрлерін көрсетуді;

7) сынық сызықтың ұзындығын табуды;

8) үшбұрыштың, төртбұрыштың, тіктөртбұрыштың периметрін табуды меңгеруі тиіс.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

40. Пәндік нәтижелер. 3-сыныптың соңында оқушылар:

1) 1000 дейінгі сандардың айтылуын және кезегін;

2) біртаңбалы сандардың көбейту кестесін және соған сәйкес азайту кестесін жатқа;

- 3) сандардың еселік және айырымдылық ережелерін;
- 4) біртаңбалы санға ауызша көбейту және бөлу тәсілдерін;
- 5) жақшамен және жақшасыз берілген арифметикалық амалдарды орындау ретінің ережелерін қолдана;
- 6) ұзындық, баға, заттың массасы шамалар арасындағы тәуелділіктерді;
- 7) тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы мен периметрін есептеу ережелерін, текшенің көлемін білуі қажет.

41. Оқушылар:

- 1) 1000 көлемінде сандарды оқуды, жазуды және салыстыруды;
- 2) 100 және 1000 көлемінде ауызша төрт арифметикалық амалды орындауды, 100 көлемінде амалдарға теңестірілген жағдайда есепті тексеруді;
- 3) жазбаша есептеу әдістерін қолдануды;
- 4) жақшамен немесе жақшасыз берілген санды өрнектердегі қосу және азайтуды орындауда 2-3 амалдардың орындау ретінің ережелерін қолдануды;
- 5) белгісіз компонентті табу арифметикалық амалы негізінде теңдеулер шешуді;
- 6) 2-3 амалдан тұратын есеп шығаруды, оның ішінде сынық сызықтың ұзындығын табуды, көпбұрыштың ұзындығын табуды, тіктөртбұрыштың (төртбұрыштың) периметрі мен ауданын табуды меңгеруі тиіс.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

42. Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) мәтінді есептің құрылымын;
- 2) өрнектердегі арифметикалық амалдарды орындау ретінің ережелерін;
- 3) арифметикалық амалдар компоненттерінің атауларын;
- 4) қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін, қосу мен азайтуға байланысты көбейтудің үлестірімділік қасиетін;
- 5) сандарды еселік және айырымдылық салыстыру ережелерін;
- 6) арифметикалық амалдар белгісіз компоненттерін табу ережелерін;
- 7) шамалардың бірліктерінің белгілеулерін: 1 сағ, 1 см, 1 дм, 1 тг, 1 л, 1 кг, 1 м, 1 мин, 1 с, 1 тәул, 1 мм, 1 км, 1 мм², 1 см², 1 дм², 1 м², 1 мм³, 1 см³, 1 дм³, 1 м³, 1 г, 1 ц, 1 а, 1 км/сағ, 1 м/мин, 1 см/с және т.б.;
- 8) ұзындық, масса, уақыт, көлем бірліктерінің арасындағы байланыстарды;
- 9) тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы мен периметрін есептеу ережелерін, тіктөртбұрышты параллелепедтің (текшенің) көлемін;
- 10) шамалар: жылдамдық, арақашықтық (жүрілген жолдың ұзындығы), уақыт, өнімділік, жұмысқа жіберілген уақытты, атқарылған жұмысты; егіннің түсімділігін, ауданы және салмағы арасындағы тәуелділіктерді білуі қажет.

43. 4-сыныптың соңында оқушыларда:

- 1) оқулықпен жұмыс жасау, оқулықта берілген суреттер мен сызбалардың, жаттығулар мен талаптардың мағынасын түсіну;
- 2) жаттығулардың орындалуының, есептермен теңдеулердің шығарылуының дұрыстығын тексеру;
- 3) математикалық белгілерді дұрыс қолдану;
- 4) талдау, салыстыру, жалпылауды қолдану;
- 5) миллион деңгейінде сандарды оқу, жазу және салыстыру;
- 6) натурал сандармен және нөл санымен арифметикалық амалдарды орындау, санның квадраты мен кубын есептеу;
- 7) калькулятордың көмегімен есептеу;
- 8) мәтінді есептерді шығару, оның ішінде арифметикалық тәсілмен (амалдап немесе өрнекті құру және оның мәнін табу арқылы шығару) және теңдеулер арқылы шығарылатын қозғалысқа, бірігіп атқарылатын жұмысқа, шамалар арасындағы тәуелділіктерге берілген есептерді шығару;
- 9) теңдеу мен теңсіздікті, өрнек пен теңдеуді ажырату;
- 10) өрнектің мәнін табуда ауыстырымдылық, терімділік және үлестірімділік қасиеттерін қолдану;
- 11) сандарды еселік және айырымдылық салыстыру (бір санның екінші саннан қанша есе артық, қаншаға артық болатынын табу) ережелерін қолдану;
- 12) өрнектің мәнін табуда арифметикалық амалдардың орындау ретінің ережелерін қолдану;
- 13) арифметикалық амалдар белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде, таңдау тәсілімен, тура санды теңдіктердің қасиеттерін қолдану арқылы теңдеулерді шығару;
- 14) кесінді салу, кесінділер мен сынық сызықтарының ұзындықтарын өлшеу және салыстыру;
- 15) торкөз қағазға тіктөртбұрышты (шаршыны) салу;
- 16) шеңберді дөңгелектен ажырату, бұрыштарды (тік, сүйір, доғал, жазыңқы) атау;
- 17) геометриялық фигураларды латын әріптерімен белгілеу және ол әріптерді дұрыс оқу біліктігі болуы қажет.

44. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылар:

- 1) өз Отанына, қазақ халқы мен елімізде өмір сүріп жатқан этностардың тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпына және басқа байлықтарына құрмет көрсетуімен;
- 2) әлемдік дамуда өз елінің рөлін түсіну, жанұялық құндылыққа сыйластықпен қарауды; қоршаған ортаны сақтауға деген ұмтылысымен;
- 3) қоршаған ортаны сақтауда өз белсенділігімен;
- 4) жауапкершілік, ұқыптылық, зейінділігін және тәртіптілігімен;
- 5) салауатты өмір салтын сақтауға ұмтылуын; шығармашылық жұмысқа, жұмыстың нәтижесіне деген ынтасымен;

- б) үлкендермен және өз құрбыларымен қарым-қатынас жасау қабілетімен;
7) білім мен қызмет түрлерін игеру мен кеңейтуге қызығушылығын, тапсырманы орындауда шығармашылықпен қарауымен;
8) үлкендерге құрмет және кішілерге қамқорлық көрсете білуімен айқындалуы тиіс.

45. Жүйелі - әрекеттік нәтижелер. Оқушылар:

- 1) ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктігін;
2) пратикалық түрде есеп шығаруды;
3) қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын;
4) математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін;
5) жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау орындау білігін, өзін-өзі бақылау мен бағалауды іске асыруды;
6) өз іс әрекетін рефлексиялауды;
7) оқу қызметінің әртүрлі формаларында коммуникативтік қабілеттерін меңгеруі тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 50–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 155-қосымша

Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және психикалық дамуы тежелген оқушылардың оқытуда талап ететін ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрастырылды.

2. Психикалық процестердің, әсіресе моториканың жеткіліксіз қалыптасуы

психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды оқыту жағдайының ерекшелігін көрсетеді. Олардағы оқу және қозғалыс әрекеттерінің қалыптасуы, өзін-өзі ұстауының реттелуі жоғары психикалық қызметтердің: есте сақтауы, зейіні, ойлауы, елестетуі мен сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуы аясында жүзеге асады. Осылардың барлығы ПДТ балаларға арналған мектептер мен сыныптарда оқу жоспарына «Түзету ырғағы» пәнін кіріктірудің қажеттілігін көрсетеді.

3. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектептердегі (сыныптардағы) «Түзету ырғағы» пәнінің мақсаты негізгі бұзылыстың орнын оқушылардағы қимыл-қозғалыс аясының сөзбен және музыканың үйлесімділігімен, сонымен қатар түпкі нәтижесінде ішкі және сыртқы ортаның жағдайларына бейімделуін дамыту, тәрбиелеу мен түзету жолдарымен толықтыру болып табылады. Осылайша, ырғақты түзету сабақтарының негізгі мазмұны сөзбен және музыкамен байланысты қимыл-қозғалыс әрекетінен тұрады.

4. Негізгі міндеттері:

1) ырғақ пен әрекеттің кезектілігін ұйымдастыратын негізгі фактор ретінде түсініктерді қалыптастыру;

2) кеңістікті дұрыс бағдарлай отырып, үйлесімді, әдемі және ырғақпен қозғалуды (жүру, жүгіру, билеу) үйрету;

3) әуенді тыңдай білу, сезіну және оның ырғағын, екпінін, динамикасын, мазмұны мен сипатын көрсете білу қабілеттерін қалыптастыру;

4) кез келген қимылға өз еркімен қосылу және оны аяқтау шеберлігін дағдыландыру ;

5) барлық дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін, мәтіндерді анық айта білу; сөйлеу тілінің ырғағы мен екпінін өз бетінше өзгерте білу, екпіннің әр түрін орындай алуы, өзінің сөйлеу тілі мен қимыл қозғалысын ым-ишарамен жеткізе білу іскерліктерін қалыптастыру ;

6) психомоториканы жетілдіру процесінде психикалық қызмет пен оқу әрекет құрылымының құрамдас бөліктерін түзету мен дамыту;

7) тұлғаның жағымды сапаларына: тәртіптілікке, сыпайылыққа, төзімділікке тәрбиелеу .

5. Бағдарлама төрт бөлімнен тұрады:

1) кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар;

2) жалпыдамытушылық жаттығулар (ырғақты-гимнастикалық);

3) би және басқа да музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстары;

4) психогимнастикалық элементтер мен сөйлеу тілінің ырғағы.

6. Берілген бағдарламаның мазмұны негізгі ұйымдастырушылық қағидалары тұрақтылық принципіне негізделеді. Барлық материал дамыту мен қайталау, бірте-бірте күрделендіру арқылы таңдалып алынды.

7. «Түзету ырғағы» пәнінің оқу жүктемесі типтік оқу жоспарына сәйкес

төмендегідей өтеді: дайындық сыныбы – аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат; 1 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат; 2 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат; 3 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат; 4 сынып – аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат.

8. «Түзету ырғағы» пәнін зерделеу үдерісінде жалпы білім беретін оқу пәндерімен пәнаралық байланыс іске асырылады:

1) «Қазақ тілі», «Орыс тілі»: қазақ және орыс тілдерінде әндерді үйрену арқылы сөздік қорлары толығады; қазақ әндерін орындау арқылы қазақ тіліне тән дыбыстармен жұмыс жасалады;

2) «Әдебиеттік оқу»: музыкалық туындыларды тыңдаумен және әдеби мәтіндерді оқумен байланысты;

3) «Бейнелеу өнері»: ән айту мен билеу кезінде бейнелік туындыларды қолданады;

4) «Дүние тану»: өмірлік тәжірибені қолдану, музыкалық туындылармен жұмыс барысында экскурсия материалдары; музыкада кездесетін қоршаған әлемдегі жануарлар мен тұрғылықты жерлерді аталуы, табиғат үлгілерінің қатынасы;

5) «Математика»: қарапайым математикалық түсініктер, қозғалыстарды талдаудағы білімдер мен ұғымдар (жоғары-төмен секіру, кең және тар адымдау...), музыкалық туындылардағы суреттерді (метр, ырғақ, әдеп, буындар саны, шумақтар саны және т.б.) құрастырады;

6) «Дене шынықтыру»: негізгі қозғалыстар (иілу, бүгілу, тербелу...) дене шынықтыру бағдарламасына сәйкес музыкамен өткізіледі;

7) «Ән айту мен музыка»: ән айту барысында артикуляция аппараттары мен тыныс алуды жетілдіру үшін үйренген музыкалық материалдарды қолданады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

9. Кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. Қол мен аяқты табиғи қозғалыстарымен еркін түрде түрлі бағыттар қозғалысқа келтіру. Бүкіл зал бойынша бір-бірлеп, жұбымен, шашырап жеңіл түрде жүгіру.

10. Жалпыдамытушылық ырғақты-гимнастикалық жаттығулар:

1) қолымызды алға-артқа-жоғары көтеріп тұрып, еденге отырып, орындыққа отырып заттармен (жалау, шеңбер, таяқша, доп) немесе заттарсыз қозғалыстар жасау. Бірте-бірте амплитуданы ұлғайта отырып қолдарды сермеу. Алдыға және артымызға қол шапалақтау. Бір уақытта қолды көтеру және түсіру, аяқтың ұшына тұру, қолды айналдыра қозғалту;

2) орындықтың арқасын ұстап, отырып-тұру. Сондай-ақ ұстамай отырып-тұру. Жалаушамен, шеңбермен, таяқшамен отырып-тұру. Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Отыру, аяқты біріктіру, оңға-солға бұрылу. Оңға-солға, алдыға- артқа еңкею (аяқтың ұшына жету);

3) алдына созыла отырып заттарды қою, сол заттарды алу. Арқаға жатып, аяқты бүкпей көтеріп- түсіру. Бойды тік ұстауға арналған жаттығулар. Тізеге жатып еденге колмен сүйеніп тұру, тізені бұгу, еденнен қол үзбеу. Заттар арқылы еркін еңбектеу.

11. Би және басқа музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:

1) музыкалық аспаптың дыбыстарын қабылдау (домбыра, қобыз, сыбызғы, сырнай). Музыкалық әуеннің басталуын және соңын қабылдау; әуеннің басында бір орнында адымдау, әуен біткенде тоқтап, шапалақтау. Жай және жылдам темпті музыкадағы қимыл қозғалыстың ауысуын білу. Қимылдың басы әуеннен кейін жүретінін білу;

2) ұжыммен және жеке еліктеп қимыл жасау. Динамикалық қабылдауды жіберу:
ә у е н к а т т ы - а қ ы р ы н ;

3) би элементтерімен танысу. Би қозғалысы. Бос жүріс. Аяқ ұшымен жүгіру, өкшемен жүру (ақырын-тез). Адымдау. Иықпен айналу. Қазақтың ұлттық би элементтері: қарапайым адымдау, бірінші позициядан шетке қозғалу, қол позициясы «Амандасу», «Киіз басу», «Айнаға қарау», «Шашын өру»; «Қамажай» биі, қазақтың ұлттық әуені «Ортеке», «Қара жорға».

12. Психогимнастикалық элементтер мен сөйлеу тілі ырғағы:

1) қуаныш, реніш ым-ишара позалары. Осы сезімдерді ым-ишара арқылы анықтау;

2) дикциондық жаттығулар. Артикуляциялық мүшелерді анықтау және атау. Ерінге артикуляциялық ырғақтық тренинг жасау, тіл және тіл асты мускулаторы;

3) музыкамен бірге қимылдың кезектесуі (кезек-кезек екі-үш қимыл). Дауысты дыбысқа дауыссыз дыбысты кезек-кезек қосу. Бірқалыпты тыныс алуды үйрену.

13. Сөздік материал: ырғақ, ырғақ сабағы, жалауша, шеңбер, лента, доп, домбра, дауылпаз, сыбызғы, сырнай, бубен, жұдырық, адым, шапалақтау, алдыға, артқа, жылдам, баяу, қатты, ақырын, оңға, солға, жоғары, төмен, бұрылу, еңкею, бір орнында, жоғарғы ерін, төменгі ерін, тіл, тіс, қуаныш сезімі, реніш.

14. Дайындық тобында түзету ырғағы пәнінен музыкалық материалдар: «Әгугай», «Той бастар» (халық әндері), күйлер: «Ақсақ құлан», «Ерке сылқым», «Балбырауын», Жорықтық марш «Ана тілім» (сөзі Қ.Мырза Әлі, әні М.Керейбаев); «Бесік жыры» (халық әні); «Қошақан» әні.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

15. Кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар:

1) адымдап жүру. Берілген темпен жеңіл ырғақты жүріс. Музыка ауысуына байланысты қозғалыс темпін ауыстыру. «Иретіліп (жыланша)» жүгіру және жүру (қ о л д а р ы н ұ с т а м а й) ;

2) мұғалімнің тапсырмасы бойынша қозғалыс бағыттарын ауыстыру. Ара қашықтықты сақтай отырып бір-бірден, 2, 3 қатарда бағана болып жүру. Жүру мен жүгіруге байланысты (затты жинау, алып қою және т.б.) бір екі тапсырманы нұсқау

бойынша орындау. Дөнгеленіп жүру. Залдың бұрыштарымен бұрылып, бөлменің қабырғасымен жүру. Залдың ортасымен жүру. Өзінің орнын табу (бой бойынша).

16. Жалпыдамытушылық ырғақты- гимнастикалық жаттығулар:

1) иық бұлшық етіне арналған жаттығулар. Қолды көтеру және сермеу. Қолды алдыға және арқада қосу. Алдыға, артта шапалақтау, еркін жүру. Қимылды лентамен о р ы н д а у ;

2) дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Аяқты бүкпей, қолды аяқ ұшына жеткізу. Еңкейіп, затты әрлі-берлі қозғалту. Аяқ бұлшық етіне арналған жаттығулар. Аяқтың ұшын кезек-кезек, алдыға-артқа, екі шетке қозғалту;

3) отыру, жартылай отыру, аяқты бұгу. Бойды тік ұстауға арналған жаттығулар. Керегенің жанына тұрып өкшемен, жамбаспен, иықпен, баспен тию. Тіземен отырып, еденге еңкею. Тізде тұрып, еденге тіреліп, қолды кезек-кезек ауыстыру.

17. Би және басқа музыка-ырғақтық қимыл-қозғалыстар:

1) музыка темпіне сәйкес би қозғалысының темпін сәйкестендіру. Музыка бітісімен қозғалыстың тоқтатылуы. Музыкамен секіру. Музыка фразасының ауысуымен қозғалыс бағытының ауысуы. Музыканың сипатын ажырату: көңілді, көңілсіз, жылдам, баяу, секірмелі. Музыкамен затты ұстап алу немесе домалатуға арналған жаттығулар;

2) көруге арналған жаттығулар. Балаларға арналған қойылымды есту және тану. Музыканың акцентін доп ойнау немесе барабан арқылы көрсету. Би қозғалысы. Шетке қарай жүру. Аяқты ауыстырып жүру. Аяқтың ұшынан өкшеге ауыстырып жүру. «Қара жорға» биі, «Ортеке» биі, «Наурыз» (әні. Б.Аманжолов), Айгөлек (халық әні), «Кел, билейік» (Б. Байқадамов) және т.б.

18. Ескерту. Көңілді өлеңдердің мәтіндері мен әуендері алдын ала музыка сабақтарында жатталады, сосын қайталанатын, ырғақ сабақтарында өңделеді. Көңілді өлеңдердің мәтіні, ырғақтық бағыттылығы және элементтердің күрделілігі бойынша аналогиялыққа алмастырылуы мүмкін.

19. Психогимнастикалық элементтер мен сөйлеу тілінің ырғағы:

1) сабырлыққа шақыратын ойындар. Босаңсуға арналған жаңа жаттығулар. Таңданыс эмоциясы (көріністі тану), қуаныш пен реніш, таңданыс эмоциясының к е з е к т і л і г і ;

2) артикуляциялық тренинг. (тілдің жоғарғы көтерілісіне арналған жаттығулар «Кесе», «Сылақшы», «Саңырауқұлақ», «Желкен», қолды жоғары көтеріп түсіру (дыбыссыз). Дауыссыз дыбысты жылдам қозғалатын қимылмен орындау. Дауыссыз дыбысты алмастыра қолдану ;

3) ұсақ моторикаға жаттығулар. Саусақтарға массаж жасау. Саусақтарды түрліше қосу және ажырату. Саусақтар арқылы санамақ жасау.

20. Сөздік материал: аяқ, өкше, тізе, шынтақ, адым, шеңбермен жүріс, еңкею, бұрылу, ауыр (жеңіл) адым, ақырын-қатты, демді ішке алу, демді сыртқа шығару, ауыспалы қадам, биік-аласа (дыбыс, дауыс), көңілді, домбра, қобыз, Наурыз.

21. 1-сыныпқа арналған музыкалық материалдар: Қазақ вальсі (Л. Хамиди), Қара Жорға (халық биі), Қыз қуу (халық биі); «Айналада ақша қар» (әні М.Бестибаев, сөзі К.Ыдырысов), «Балдырғандар полькасы» (әні А.Менжанова), «Әже» (әні М.Аубакиров, сөзі С. Калиев), Айгөлек (халық әні), «Айналайын анашым» (әні А.Байдильдаев, сөзі Ш.Сариев).

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

22. Кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар:

- 1) сол аяқпен отырып жүру, жүрісті отырып-тұрумен алмастыру. Ауыр жүк көтергендей, тізені бүгіп, сырғанап жүру;
- 2) кең адымдап жеңіл жүгіру. Секіріп, шапалақтап жүгіру;
- 3) дөнгеленіп тұру, сонымен қатар бірнеше дөнгелек жасау. Шағын кеңістікте еркін жүріс арқылы өзінің жұбын тез табу;
- 4) музыкалық белгі мен ауызша нұсқау арқылы өз қозғалысын тоқтата алуы.

23. Жалпыдамытушылық ырғақты-гимнастикалық жаттығулар:

- 1) иық бұлшықетіне және мойынға арналған жаттығулар. Басты еңкейту, бұру, айналдыра қозғалту. Қолды сілкіу. Амлитуданы ұлғайта отырып, қолды сермеу және иықты құшақтау;
- 2) дене бұлшық етіне арналған жаттығулар. Арқаны бүгіп және түзу ұстап енкею. Допты отырып, тұрып бас арқылы, артқа еңкейіп беру;
- 3) бойды тік ұстауға арналған жаттығулар. Арқаға жатып топпен домалау. Өкшеге отырып қолды еденге тіреп, арқаны еңкейтіп жазу. Аяққа арналған жаттығулар. Жартылай отыру, аяқ ұшына тұру, отырып аяқ ұшын көтеру, оңға, солға, жоғары, төмен қозғату. Аяқты жанбастан бастап еркін қозғалту.

24. Би және басқа музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:

- 1) көріп қабылдауына арналған жаттығулар. Баяу музыкадан жылдамға өтуде қимылдың сай келуі. Музыканың ырғағына қимылдың сәйкес келуі. Ырғақтық суретті шапалақтау арқылы жеткізу. Музыканың динамикалық төмендеуін қимылмен жеткізу;
- 2) музыкада үш бөлікті немесе екібөлікті өлшемді біркалыпты қабылдап қосу, заттармен, заттарсыз қимыл арқылы көрсету (марштық жүріс, вальстік жүріс);
- 3) мұғалімнің шапалақтауы арқылы ырғақтық суретті көрсету (музыкасыз, көруге сүйене отырып). Қимылдың кезектілігін бір «рұқсат етілмейтін» қимылмен орындау;
- 4) би элементтері. «Қамажай» (қыздарға арналған). «Кел, билейік» (муз. Б.Байкадамов); «Ортеке» (ұлдарға арналған), «Қыз қуу», Аяқты кезек-кезек ауыстырып жүру (ұлттық билер); Аяқты екінші аяққа сүйреп жартылай тізені бұгу (қазақтың ұлттық биі). Әр түрлі көлемдегі доптарды бір қолдан екінші қолға лақтыру, домалату. Биге арналған әндер: «Кел, жаңа жыл», «Наурыз» (әні Б. Есдаулетов, сөзі М. Сарынов), «Той бастар» (халық әні), «Биші болам өскенде» (муз. Т.Тайбеков), «Марш» (муз.

Л.Хамиди), «Кел, билейік» (Б.Байқадамов), «Айгөлек» (халық әні).

25. Музыка сабағында алдын ала әуеннің сөздері жаттатылады. Ырғақ сабағында
о н ы д а й ы н д а й д ы .

26. Психогимнастика элементтері мен сөйлеу тілі ырғағы:

1) мұғалімнің нұсқауына сәйкес бұлшықеттерді кезекпен босаңсыту мен кернеулік жағдайға келтіру. Артикуляциялық бұлшықеттерді кернеуден босату;

2) жағымды және жағымсыз эмоциялар туралы түсініктер. Сезім мен түйсікке жұмыс. Мимикалық бұлшықеттерге массаж жасау;

3) ауыр басу, сырғыта қадам жасау, аяқтың ұшымен жүгіру, секіру, колонна, қатар, шеңбер жасау, айналдыру, жақ, қатаң-ұяң (дыбыстар), үнді (дыбыстар), вальстік адым, айнымалы адым, вальс ырғағы, марш, диалог, интонация, сұраулы сөз, саусақтардың
а т а л у ы .

27. 2-сынып бойынша музыкалық материалдар: «Сары-Арқа», «Балбырауын» (муз. Қурманғазы), Сарыжайлау (муз. Таттімбет), «Ерке сылқым» (Н.Тлендиев).

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

28. Кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар:

1) сапта сол аяқпен, жылдам және баяу жүру. Адым түрлері мен адым енін (белгі бойынша) өз бетінше алмастыру. Жануарлардың жүрісін салу: түлкі, аю, тырна, кірпі,
б а қ а ;

2) тізені көтеріп, қолды сермеп, жеңіл жүгіру. Қолды айналдырып секіріп алдыға
к а р а й с е к і р і п ж ү р у ;

3) мұғалімнің нұсқауы бойынша бір қатарда, екі қатарда тұру, бір саптан 2-3 сап түзеу. Екі сапқа тұру, бір саптан екі-үш сап түзеу. Шахмат бойынша тұру. Әртүрлі бағытта жүру. Айналып тұрған арқанның арасынан жүгіру.

29. Жалпыдамытушылық ырғақты - гимнастикалық жаттығулар:

1) иық бұлшықеттері мен мойынға арналған жаттығулар. Затты басқа адамға жіберу , жалпы қимылды баспен бірге айналдыру. Иықты қосу және ажырту (тыныс алумен сәйкес). Қолды сермеу. Еркін тербелу. Қолды әр түрлі темпте және амплитудада
м а й ы с т ы р у ж ә н е т ү з е т у ;

2) дене бұлшықетіне арналған жаттығулар. Енкею. Әр түрлі позада айналу. Жанбасты айналдыру. Еркін селкілдеу. Аяққа арналған жаттығулар. Тізені қимылдату. Майыстыру. Сермеу. Аяқтың басын жоғары көреріп қимылдау. Аяқты, басты, денені
қ о з ғ а л ы с қ а к е л т і р у .

30. Би және басқа музыкалы-ырғақтық қозғалыстар:

1) қимылдың темпін дұрыстау, әр оқушының темпі мен ырғақты қимылмен
с ә й к е с т е н д і р у ;

2) екі ырғақты байланыстыру (төртіншісі адым, сегізіншісі шапалақ). Жұппен

ырғақты орындау. Нақты ырғақта затпен жұмыс істеу, оны топпен ауыстыру. Ұсынылған ырғақты қосу. Ырғақты би жаттығуын орындауда канонды қолдану;

3) қазақ билерінің элементтері («шаңырақ», «тұмар», «қошқар мүйіз», аяқты сілкілеу, аяқты ауыстырып сүйреп жүру, «айна», «бүркіт» «киіз басу» қол позициялары). Биге арналған әндер: Туған жер (әні К.Дүйсекеев), Келіншек» (халық биі), «Балалар вальсі» (И.Нүсіпбаев). ҚР тұратын түрлі ұлттар мен ұлыстардың әуендері: «Жұп пляскасы» (чех халқының әуені), «Чеботуха» (орыс халқының әуені).

31. Психогимнастика элементтері мен сөйлеу тілі ырғағы:

1) бейнелі жестер этюды. Бұйрық бойынша барлық бұлшықеттерді босаңсыту этюды. Тақырыптық суреттер. Тиым салынған позадағы ойындар (жалпы және м - и ш а р а м е н) ;

2) қорқыныштың, ашудың, бақыттың, қапа болудың эмоциялық көрініс этюды. Дыбыссыз артикуляция. Ішкі артикуляция. Дауыс күшін өзгерту – логикалық екпінді қою тәсілі. Тақпақтағы үштік, төрттік ырғақты қолдану.

32. Сөздік материал: ырғақты сурет, сырғанақ адым, толқынды қимыл, тез қозғалыс, дауысты күшейту-азайту, тербелмелі, толқынды-үзінділі әуен, сергек-жабырқаулы әуен, канон, шахматтық тәртіппен солқылдақ адым, скрипка, рояль, оркестр, дирижер, н ә з і к т і к , да у ы с ы р ғ а ғ ы .

33. 3-сыныпқа арналған музыкалық материал: «Молдабай (халық әні), «Батырлар биі» (Б.Байқадамов), «Абай» операсы (Е.Брусиловский), «Гүлдер-айым» (халық әні), «Көктем» (Б.Байқадамов), «Келіншек» (халық биі), «Балалар вальсі» (И.Нүсіпбаев), ҚР тұратын түрлі ұлттар мен ұлыстардың әуендері: «Жұп пляскасы» (чех халқының әуені), «Чеботуха» (орыс халқының әуені).

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

34. Кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар: 1 қатардан 2, 3, 4 қатарға тұру. Бірнеше саптан бірнеше шеңбер құрастыру, оны тарылту-кеңейту. Жүру мен жүгіру кезінде затты қолдану (допты беру, лентаны айналдыру, шеңберді жоғары лақтырып ұстап алу). Фигуралық қадамдар (әр бала өзіне жеке жүргізушілік рөл алады, бұйрық береді, топты алып жүреді). Қимыл барысында бубн дауылпаз, сылдырмақ қолдану.

35. Жалпыдамытушылық ырғақты-гимнастикалық жаттығулар:

1) иық бұлшықетіне және мойынға арналған жаттығулар. Затты басқа адамға жіберу, жүру, жалпы қимылды баспен бірге айналдыру. Иықты қосу, ажырату. Ырғақты т ы н ы с т ы к а л ы п т а с т ы р у ;

2) аяққа арналған жаттығулар. Отырып аяқты созу, табанды қолмен ұстау, нормалық темпте (өлшем 2/4). Денені бұрып әртүрлі отырып-тұру. Фронтальді және шетке аяқты сермеу (жанбасты қимылдату);

3) дене бұлшықетіне арналған жаттығулар. Арқамен жату, қолмен мойынды ұсап

алдыға енкею. Арқамен жатып, иықты қозғалтпай аяқты көкірекке алып келу. Ішпен жатып бір уақытта иық пен тізені көтеру «алтыбақан»;

4) жұптық жаттығулар: бір-біріне арқамен сүйеніп тұрып, шынтақтарынан ұстап жұптарын кезек-кезек көтеру.

36. Би және басқа музыкалық-ырғақты қозғалыс:

1) төменгі сыныптарға карағанда заттармен жаттығуларды күрделендіріп жасату. Таныс ән мен биді жеке орындау. Естілген әуеннің мағынасын музыкалық әуенді аспаптармен білдіру. Жаттаған әуенді ырғақпен, мәнерлеп орындау (ансамбльді сақтау);

2) заманауи және классикалық музыканы ажырата алу. Балаларға (4-5 жас) арналған заманауи және классикалық қойылымдарды дыбыс арқылы ажырату. Шумақты, кайырмананы және сөз тіркесін музыкада анықтай алу. Әуеннің мазмұны мен жалпы сипатын анықтай алу. ҚР ұлттардың билерін ажырату.

37. Психогимнастика элементтері мен сөйлеу тілі ырғағы. Жағымды және жағымсыз эмоциялар, ұялу мен кінәлі сезіну (анықтама, бейнеленуі, жағдайды талдау). Мақал-мәтелдермен, жаңылтпаштармен жұмыс. Дауыс биіктігінің өзгерісі мен оны ажырату. Тақпақтың айтылуындағы: үзілісін, тесситураны, дауысын өз бетімен ажырату. Диалогтағы логикалық екпін. Интонацияның барлық түрлерінің жұмысы.

38. Сөздік материалдар: бұлшықет (мойын, дене...), тік арқа - дөңес арқа, ырғақты дем, тізе, буын, айналдыру, аяқ, ішкі, сыртқы, аяқты ажыратып секіру, тез қозғалу, баяу қозғалу, жылдамдату, ақырындату, жоғары дауыс-төменгі дауыс, орта деңгейдегі дауыс, халықтық (би, әуен), жай бөлшек, таяқ, Қазақстан халқы, қазақтың биі, ою-өрнегі, ұлттық киімі, шумақ, әндету, қайырмасы, фраза (музыкалық). Жағымды-жағымсыз (эмоция), ұят, кешірім, мейірімді-қаскөй, мылжың-қарапайым; кінәні сезіну, кешірім сұрау, эмоция, аутоотренинг, ым-ишара.

39. 4-сыныпқа арналған музыкалық материал: Той жыры (Д. Сулеев). Әлем ұлттарының әуендері. Шеңбер бойымен алға (ұлттық грек әуені).

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

40. Дайындық сыныбының соңында оқушылар:

- 1) сабаққа дайындалу, сыныпқа әуенмен ұйымдасқан түрде кіруді;
- 2) музыканың динамикасына және темпіне, сипатына қарай қимылдау. Музыканың басы мен соңын немесе ауызша мәтінді қабылдауды;
- 3) аяқ және қол қимылын біріктіре отырып, аяқ ұшымен және өкшемен жеңіл ырғақты жүруді;
- 4) бір аяқта тұру, педагог нұсқауымен екінші аяққа жаймен ауысуды;
- 5) затпен (таяқша, доп, орамал және т.б.) қарапайым қозғалыстарды үлгі бойынша орындауды;

- 6) талап етілген арақашықтықты сақтай отырып, жүру барысында орын алмастыруды, кеңістікті бағдарлауды;
- 7) бағдарлама талаптарына сәйкес ән мен биде ұжымдық ойындар мен би қимылдарын орындауды, қазақ және орыс халықтарының бірнеше ұлттық билерінің негізгі қозғалыстарын орындауды және білуді;
- 8) музыкалық материалдардың сипатын (көңілді-көңілсіз, жылдам-баяу) анықтауды;
- 9) берілген жағдайға сәйкес мимикалық позаны жариялауды: қуаныш пен реніш;
- 10) музыкалық аспаптардың дауысын ажыратуды: домбра, қобыз, дауылпаз, сырнай, сыбызғы меңгеруі керек.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

41. 1-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) музыканың темпіне, жылдамдығына, баяулығына қарай қозғалуға және бір қозғалыстан екінші қозғалысқа ауысуды;
- 2) ара қашықтықты сақтай отырып 1, 2, 3, адамнан сап құрып жүру және жүгіруді, қозғалыс бағытын ауыстыруды, мұғалімнің белгі беруімен сол мезетте тоқтауды, нақты бұрылыстар жасауды, шашырап жүгіруді, бір-біріне жол беруді;
- 3) музыкалық қойылымды, музыкалық фразаны, үзінділерді тануды;
- 4) сөйлеу тілінде төмен диафрагмалы тыныс алуды қолдана алуды;
- 5) саусақтардың аттарын атауды. Саусақтармен бір-екі жаттығу орындауды;
- 6) жеңіл және ауыр жүріс арқылы әуеннің ырғағын анықтау: түлкі, аю, қоянның жүріс ерекшеліктерін көрсете білуді меңгеруі керек.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

42. 2-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) сол аяқпен адымдауды, отыруды және жүрісті ауыстыруды, кең адымдап аяқты сүйреп жүруді, аяқты ауыр басуды, аяқ ұшымен тез жүгіруді, секіріп қозғалуды, бір сапқа тез тұруды, шеңбер құрып тұруды;
- 2) өзінің жұбын табуды;
- 3) лентамен шеңберді айналдыруды, затты лақтырып, оны ұстап алуды;
- 4) барлық дыбыстарды дұрыс және анық айтуды;
- 5) марш пен вальс ырғақтарын ажыра алуды;
- 6) лепті және сұраулы интонацияларды бере отырып, дауыстың күші мен биіктігін өз бетінше ауыстыруды;
- 7) жеке бұлшықеттерді босансыту жаттығуларын жасауды;
- 8) мимика және пантомимика бойынша эмоционалды мінезін анықтай алуды, қуаныш, реніш, қорқыныш, таң қалу мимикасын көрсете білуді меңгеруі керек.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

43. 3-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) қозғалыс барысында тізбектеліп тұру, мұғалімнің бұйрығы бойынша оны шеңберге алмастыруды;
- 2) қозғалысын берілген ырғаққа сәйкес бағындыруды;
- 3) мәтін мен музыканың бөлшектерін түрлі би қозғалыстары мен ойынға айналдыруды;
- 4) ән мен биді орындау барысында дұрыс тыныс алуды;
- 5) ән мен бидің сипаты бойынша ажырата алуды (өзге ұл өкілдерінің билері, қазақтың ұлттық билері және балаларға арналған билер);
- 6) ұжымдық ойындарда топ басшысы болуды, нақты бұйрық беруді, ойын ережелерін түсінуді, барлық ойыншылардың оны сақтауын қадағалауды меңгеруі керек.

11. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

44. 4-сыныптың соңында оқушылар:

- 1) музыканың бөлігіне, фразасына сәйкес өз бетімен кимылды ауыстыра алуды;
- 2) ҚР мекендеген ұлттар мен ұлыстардың ұлттық билері орындауы және ажырата алуды;
- 3) басқа оқушылардың орындаған тапсырмаларының сапасы мен өзінің іс-әрекетін бағалауы, сабаққа қорытынды жасауды;
- 4) сабақ барысында көңіл-күйді тұрақтандыратын тәсілдерді, барлық қолжетімді әдіс-тәсілдерді;
- 5) өз бетімен көмексіз екі-үш өлеңді орындай алуды;
- 6) аттаған әуенді орындауы, заманауи және классикалық әуендерді ажыратуды;
- 7) барлық дыбыстардың артикуляциясын дұрыс айтуы, жаттығуларда оны сақтауды;
- 8) жеңіл массаждарды өзі жасай алуды;
- 9) өзін бағалай білуді, тапсырманы сапалы орындауды, сабақты қорытындылай алуды меңгеруі керек.

45. Пәндік нәтижелер:

- 1) ырғақтық сезімге ие бола;
- 2) музыка ырғағына сәйкес көркем қозғалыстар жасау мүмкіндігін;
- 3) өзгеру қабілеттерін;
- 4) шығармашылық қабілеттерін өз бетінше көрсете;
- 5) жалпы және ұсақ бұлшықеттерін, бұлшықет тонустарын басқара;
- 6) берілген тапсырмаларды орындау әрекеттеріне ие бола;

7) шығармашылық және орындаушылық әрекеттерінде нәтижеге жетудің тиімді тәсілдерін анықтай білуі тиіс.

46. Тұлғалық нәтижелер:

1) тұлға қалыптасуына қажетті ұлттық және жалпыадами құндылықтар туралы алғашқы түсініктерге ие болуынан;

2) ұжымда жағымды мінез-құлықтарды қалыптастыра отырып, құрдастарымен достық қарым-қатынас орнатуынан;

3) Қазақстан Республикасында тұратын ұлттар мен ұлыстардың мәдени құндылықтарын білуі және оларға түсіністікпен қарауынан;

4) қозғалыс режимдерін сақтай отырып, дене шынықтыру негіздерін, жеке санитарлық гигиенаны сақтауға дағдылануынан;

5) шығармашылық біліктілігі пен дағдыларын өз бетінше дамытуға ұмтылуынан көрініс табады.

47. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) мұғалімнің бағыттауымен тапсырманы орындау барысында өз бетінше жұмыс орнын ұйымдастыруымен;

2) таныс жаттығуларды орындау барысында нұсқауларды қатаң сақтау арқылы орындауымен;

3) ырғақты-музыкалық іс-әрекеттерді орындауға арналған қажетті құралдарды (музыкалық қосалқы құралдар, атрибуттар) анықтауымен;

4) ырғақты іс-әрекеттердің басталуы мен аяқталуын өз бетінше бақылауымен;

5) ырғақты әрекеттердің күшті және әлсіз жақтарын өзінің ырғақтық әрекеттерде көрсетуін, берілген әдістер мен көрсеткіштер бойынша өзінің іс-әрекеттерінің нәтижесін бағалауымен;

6) музыка, ырғақ тақырыптары бойынша жоспар дайындауымен;

7) музыкалық-ырғақта, шығармашылық іс-әрекеттерде немесе баяндау барысында кесімді уақыттарды сақтауымен;

8) пікірталаста, диалог, монологта музыка, ырғақ тақырыптарына нақты, бағалау ақпараттарының негізгі мазмұнын қабылдауымен;

9) топтық музыкалық-ырғақтық іс-әрекеттерде тапсырмаларға сәйкес (әрекеттерді орындау) жауап беруімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығына 51-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына 156-қосымша

Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Айналамен таныстыру және тіл дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және психикалық дамуы тежелген оқушылардың оқытуда талап ететін ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрастырылды.

2. Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) мектеп жасындағы оқушылардың негізгі ерекшелігі олардың мектепте оқуға дайын болмауы. Балаларда танымдық және сөйлеу тілінің белсенділігі төмен деңгейде, зейін және есте сақтау қабілеттерінің жеткіліксіз дамуы, қоршаған орта туралы білімінің аздығы, қабылдау жылдамдығының төмендігі, көру-қимыл тепе-теңдігінің, кеңістік туралы түсініктерінің кемшілігі байқалады. Сонымен қатар сезімдік-еріктік аймағының жетілмеуі орын алады: өз әрекетін шартты ретке келтіру дамымаған, ойнау әрекеті басым.

3. «Айналамен таныстыру және тіл дамыту» курсы түзету циклының пәні болып табылады, оның мақсаты – психофизикалық жетіспеушілікті, мектепке оқуға келген психикалық дамуы тежелген оқушылардың сезімдік-тұлғалық аймағының жетілмеуін жеңу. Курс түзету ғана емес, сондай-ақ дайындық сипатына ие және 3-4 сыныптарда «Дүниетану» пәнін, 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», «Биология», «География» пәндерін оқуға қажет.

4. Түзету курсының міндеттері:

- 1) заттардың қасиеттері (түс, түр, мөлшер), кеңістікте заттардың орналасуы туралы оқушылардың жалпы түсініктерін қалыптастыру;
- 2) табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктері мен білімдерін жинақтау;
- 3) сөздікті байыту және жүйелеу, диалогтік және монологтік сөйлеу тілін дамыту;
- 4) оқушылардың (көру, есту, тактильді-қозғалыс, кеңістікті) қабылдауын, көрнекті-әрекетті және көрнекі-бейнелі ойлауды, түсінікті ойлаудың элементтері, ойлау операцияларын (сараптау, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау, абстрактілеу) түзету және дамыту.

5. «Айналамен таныстыру және тіл дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашада № 500 бекіткен психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларын оқытуға арналған Типтік оқу жоспарына сәйкес келесі: 0 сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағат; 1 сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағат.

6. Оқу материалының мазмұнын оқығанда пәнаралық байланыс ескеріледі:

1) орыс тілімен. Әңгімелеу, пікір айту, сипаттау құрастырғанда орыс тілінің ережелері қолданылады;

2) математикамен. Сан және мөлшер туралы түсініктерін қалыптастырушы негізі ретінде қоршаған ортадағы заттардың қасиеті және сапасы жайлы білімдерін қолдану;

3) еңбекке баулу сабағымен. Практикалық жұмыс орындағанда ұсақ моториканың дамуын ескеру;

4) бейнелеу өнерімен. Заттарды кеңістікте және қағаз бетінде орналастыра білу (жазықтықта);

5) дене шынықтырумен. Кеңістікте бағдарлай білу (оңға, солға және т.с. сөздерінің мағынасын түсіну).

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

7. Адам және оның қоршаған жақын ортасы (40 сағат):

1) бала (ұл, қыз): аты, тегі, жасы, баланың туылған күні. Адамның дене мүшелері. Денесінің, бетінің оң, сол жақтары. Денесінің жоғары, төмен жақтары. Адам денесінің алды, артқы жақтары. Жеке тазалық ережелері: дене, шаш, тіс, киім, аяқ киім күтімі;

2) үйінің мекен-жайы: көшенің аты, үй, пәтер, үйінің телефоны. Үй, пәтер, бөлме, үйге арналған жиһаз;

3) менің отбасым. Отбасының құрамы. Отбасы мүшелерінің аттары. Отбасы мүшелерінің үйдегі міндеттері. Үлкендердің міндеттері. Үлкендердің еңбектерін сыйлау. Отбасында қарттарға және балаларға қамқорлық жасау. Отбасындағы мерекелер. Үйде тәртіп сақтау. Күн тәртібі;

4) біздің мектеп. Мектеп ғимараты. Мектептегі бөлмелердің аттары және қызметтері: сынып, асхана, дәретхана, кіпатхана, дәрігер бөлмесі, денешынықтыру залы және т.б. Мектепте, сыныпта, асханада, дене шынықтыру залында тәртіп сақтау. Мектеп жұмысшыларының мамандықтары. Мектеп жұмысшыларына сыпайылық таныту (сәлемдесу, қоштасу, өтініш). Мектеп жиһазы. Мектепке, оқу құралдарына, дәліздеріне қамқорлықпен қарау. Сыныптағы өсімдіктер. Екі-үш бөлме өсімдігінің аталуы;

5) айналамыздағы заттар. Заттардың түстері. Негізгі және аралық түстерді және олардың реңдерін ажырату және атау: қызыл, сары, сарғылт, жасыл, көк, көгілдір, қою көк, ақ, қоңыр, қара. Заттарды түсі бойынша топтастыру;

6) заттардың түрі. Қоршаған ортада заттардың белгілі түрін табу (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, доғал). Заттарды түрі бойынша топтастыру;

7) біздің қала, біздің ел. Өз қаласының (ауылының) аты, елінің аты және Қазақстан астанасы. Мектепке жақын орналасқан көше. Осы көшеде орналасқан қоғамдық ғимараттар (дүкен, пошта, дәріхана), олардың қызметтері. Қоғамдық орындарда тәртіп

сақтау. Осы мекемелерде жұмыс жасайтын адамдардың мамандықтары;

8) көше: тротуар, жолдың желегі, көлік жүретін жол, жол қиылысы. Көшеде балалардың жүру ережелері. Жолдан өту тәртібі. Бағдаршам белгілері. «Жаяу жүргінші», «Жер асты өткелі» жол белгілері;

9) топсеруен: мектепте, мектептің қасында орналасқан қоғамдық мекемелерге;

10) практикалық жұмыс: оқушының отбасы мүшелерінің суреттерінен жеке альбом құрастыруы. Отбасының әр мүшесі жайлы әңгімелеу. Денесін, тістерін, шаштарын, киімін, аяқ киімін күтуді жаттықтыру (қолдарын жуу, тарақ, тіс щеткасын, киім және аяқ киім щеткасын пайдалануды жаттықтыру). Көшеде жүру тәртібін және жол жүруді бекітуге арналған дидактикалық қозғалысты ойындар. Сыныптағы өсімдіктерге қарау (сұғару, жапырақтарды сүрту).

8. Тірі табиғат (14 сағат):

1) өсімдіктер. Бау-бақшаның 2-3 өсімдігін тану және атау (көкөністер), бақтың 2-3 өсімдіктің атын айту (жеміс-жидек);

2) қоршаған ортадағы ағаштар, бұталар, шөптік өсімдіктер. Негізгі белгілері бойынша екі-үш ағаштың, бір-екі бұтаның, екі-үш гүлді өсімдіктің тану және айту (жапырақтары, гүлі, жемісінің түрі және мөлшері, қабыршығы бойынша);

3) өсімдіктерге қамқорлық жасау. Ағаштардың, бұталардың, гүлді өсімдіктердің бөлшектерінің аталуын қолданып сырт белгілері жайлы әңгіме құрастыру (дің, бұтақтары, сабағы, жапырақтары, гүлдері, желектері);

4) жануарлар. Жақын арадағы саябақтағы құстар. Екі-үш құстың және олардың балапандарының аттары;

5) құстардың дене мүшелерінің аталуы (бас, дене, қанаттары, тұмсығы, қауырсыны). Әртүрлі құстардың сыртқы айырмашылық белгілері. Қыста құстарға жем беру;

6) үй жануарлары. Жергілікті жерде тараған екі-үш үй жануарын және олардың төлдерін атау;

7) жануарлардың дене мүшелерін атау (бас, дене, аяқ, табаны, тұяғы, жалы, құйрығы);

8) үй құстары. Үш-төрт құстың түрін және олардың балапандарының тану және атау. Айырмашылық белгілері;

9) үй жануарлары және құстарына адамның қамқорлығы. Үй жануарларымен қатынас ережесі (бөтен иттерге жақындамау, бөтен мысықтарды қоға алып, сипаламау және т.с.);

10) топсеруендер. Мектептің жер теліміне, жақын арадағы саябаққа. Қыста құстарға жем салғанда бақылау;

11) практикалық жұмыс: ағаштардың жапырақтарын жинау және оларды келесі сабақтарда қолдану үшін кептіру. Табиғи материалдарды жинау (бүршіктер, емен жаңғақтары және т.б.). Ағаштар, бұталар, гүлді өсімдіктер бейнеленген суреттер салу немесе аппликациялар жасау. Құстарға қысқа жем дайындау (нанның қиқымдары, дән,

тары). Жемді құстарға салу.

9. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. (12 сағат):

- 1) күз. Күз белгілерін бақылау. Күз айларын аталуы. Күзге арналған киімдер;
- 2) қыс. Қыс белгілерін бақылау. Балалардың қысқы ойындары. Қыс айларының аталуы. Қысқа арналған киім;
- 3) көктем. Көктем белгілерін бақылау. Көктем айларының аталуы. Көктемге арналған киімдер;
- 4) жаз. Жаз белгілері. Балалардың жазғы ермектері. Жаз айларының аталуы. Жаздық киімдер;
- 5) практикалық жұмыстар. Жыл мезгілдеріне тиісті белгілерін бақылау. Табиғат күнтізбесінде шартты белгілермен белгілеу. Балалардың табиғат күнтізбесінде бағдарлануы.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

10. Адам және оны қоршаған жақын ортасы (40сағат):

- 1) баланың аты, тегі, туылған күні. Мекен-жайы: көше аты, үй, пәтер номері;
- 2) менің отбасым. Отбасының үлкен мүшелерінің аттары, әкелерінің аттары, олардың үйдегі және өндірістегі еңбектері. Үлкендердің еңбектерін сыйлау;
- 3) үй жиһаздары, олардың қызметі;
- 4) ыдыс және оған күтім жасау;
- 5) үй еңбегінде техниканы қолдану, баланың үй жұмысына араласуы, үйдегі міндеттері туралы айтуы. Ауылды жердегі үй. Қалалық пәтер. Үйде қауіпсіздік тәртібі;
- 6) отбасында қарттарға және балаларға қамқорлық жасау. Отбасындағы мерекелер. Үйдегі тәртіп ережесі;
- 7) күн тіртібі. Жеке тазалығы: денесін, шаштарын, тістерін, киімін, аяқ киіміне күтім жасау. Бөлме тазалығын сақтау (тәртіп, тазалық, таза ауа);
- 8) айналамыздағы заттар. Заттардың түстері. Негізгі және аралық түстерді және олардың реңдерін ажырату және атау: қызыл, сары, сарғылт, жасыл, көк, көгілдір, қою көк, ақ, қоңыр, қара;
- 2) читать «про себя»;
- 3) отвечать на вопросы по прочитанному;
- 4) выделять главные действующие лица;
- 5) пересказывать прочитанное полно и выборочно.

73. Учащиеся должны знать:

- 1) наизусть 6-8 стихотворений и 2 басни.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 55-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 160-қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)**

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Ана тілі арнайы мектепте барынша қарапайым түрғыда жүргізіледі.

3. Бұл мектепте ана тілін оқытудың негізгі мақсаты оқушыларды оқуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу) меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу. Бұл мақсатты орындау үшін мынадай міндеттер қойылады:

- 1) оқушылардың ұғымына сай мәтіндерді дұрыс, жылдам түсініп мәнерлеп оқу мағынасын түсініп, айтып беруге үйрету;
- 2) ауызекі сөйлеуге машықтандыру, өз ойын жүйелі түрде дұрыс жеткізе білуге

Ү й р е т у ;

3) диалогтік және монологтік сөйлеу (ауызекі) дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, өз сөзінің дұрыс айтылуын өзі бақылау машығын дамыту;

4) оқушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру;

5) шәкірттер бойында адамгершілік, әсемдік қасиетін қалыптастыру;

4. Ойлау мен сөйлеу кемістігін түзету-зияты зақымдалған балаларды ана тілін оқытудағы ерекше мақсат болып табылады. Сонымен қатар арнайы мектепте оқытылатын тіл сабағы аса маңызды дидактикалық міндеттерді де шешуге тиіс.

5. Осы пәннің негізгі мақсаты оқушыларды ішінен және дауыстап оқуға үйрету, оқығанын толық әңгімелеп беру, балаларға патриоттық тәрбие беру.

6. Бұл бағдарлама арнайы мектепте оқитын балалардың және олардың ата-аналарының қажетін қанағаттандыра алатын гуманистік қағидаларға негізделіп құрылды. Зияты зақымдалған балалардың өзіне тән екпіні мен өзіне тән қабілет мүмкіндіктері болады. Оқытылып жүрген бағдарламада көрсетілген материалдарды толық меңгермеген оқушылар да кездесіп отырады. Сондықтан арнайы мектепте балаларды оқытуда мұғалімдер өз бетімен оқыту материалдарын оқушыларға қабылдату үшін өзгертулер енгізіп отырады. Себебі, тоқсанға, жылға белгіленген тақырыптарды кейбір оқушылар қабылдап үлгере алмайды. Ескеретін жағдай: оқушы барлық бағдарламалық материалдарды толық меңгеруге және оқыту мақсаттарын іске асыруға міндетті емес. Сондықтан, арнайы мектептерге арналған жана бағдарлама құрастырылып отыр.

7. Әр сыныпқа тақырыптар беріледі. Балалардың деңгейлеріне сәйкес талаптар қойылған: дұрыс, жылдам, мәнерлеп, түсініп оқу дағдылары, шығарманы талдау және ауызша сөйлеу тілін дамыту.

8. 2 – 4 сыныптарда «Оқу және тілдамыту» сабақтарында қойынған негізгі міндеттері:

1) оқушыларды дұрыс, жылдам, мәнерлеп және түсініп оқуға үйрету;

2) оқушылардың ойлауын, есте сақтауын және зейінін дамыту;

3) ауызша сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету

4) өзінің ойын ауызша байланыстырып сөйлеуге үйрету.

9. Бағдарлама мазмұны қазақ және әлем әдебиеттерінен құрастырылған. Шығармалардың тәрбиелік құндылығы, қол жетерлігі оқушылардың жасына және мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.

	10.	Оқу	жүктемесінің	көлемі:
1)	0	сынып	аптасына	2 сағат;
2)	1	сынып	аптасына	3 сағат;
3)	2	сынып	аптасына	3 сағат;
4)	3	сынып	аптасына	3 сағат;
5)	4	сынып	аптасына	3 сағат.

11. Оқушылар мәтіндермен танысқанда мұғалімдер пән аралық байланысын ескере отыру керек: қазақ тілі, тіл дамыту, логопедия сабақтарымен, сурет салу, айналамен танысу, музыка пәндері.

12. Оқу сабақтарында оқушылардың адамгершілік, еңбек, эстетикалық, экологиялық тәрбие жұмыстарын мұғалім жүргізу қажет. Осы сабақтарда балалар туған табиғатын сүйюге және аялауға үйренеді. Балалардың және үлкендердің іс-әрекетіне баға беруге үйренеді. Ана тілі сабақтарында оқушылар қызық мәліметтермен танысады. Белгілі адамдардың және олардың еңбектерінен үлгі алады. Мәтінің ішінен жаңа сөздермен танысады, оларды қолдануға үйренеді, және оқушылардың ауызша байланыстырып сөйлеу тілі дамиды.

13. Сыныптан тыс оқу 3 сыныптан басталады, 15-20 минутқа дейін созылады, аптасына 2 рет жүргізіледі, ал 4 сыныпта 2 аптада 1 сағаттан өткізіледі. Сыныптан тыс оқу кезеінде оқушылар қарапайым және қызық шығармалармен танысады.

14. Балаларға арналған әңгімелер, өлеңдер, ертегілер, мақалаларды, газеттерден және журналдардан өз бетімен оқуға үйренеді.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

15. Сауат ашу және сөйлеу тілін дамыту (аптасына 2 сағат):

1) өткен дағдыларды, білімдерін, іскерліктерін қайталау.

16. Бірінші кезеңде:

1) а, о, д, т, м дыбыстары мен әріптерді үйрету;

2) а, о, л, т, м дыбыстарды жеке тұрғанда айтылатынын ажыратуды, айта білуді үйрету;

3) а, о, л, т, м дыбыстарды сөз басында келгенде қалай айтылатынын ажыратуды, айта білуді үйрету;

4) а, о, л, т, м дыбыстарды сөз ортасында келгенде қалай айтылатынын ажыратуды, айта білуді үйрету;

5) а, о, л, т, м дыбыстарды сөз аяғында келгенде қалай айтылатынын ажыратуды, айта білуді үйрету;

6) бұл дыбыстар мен әріптерден ауызша және жазбаша буын құрастырып, сол бойынша созылыңқы дауыспен оқу, буындарды салыстыру.

17. Екінші кезеңде өткен дыбыстарды (әріптерді) қайталау және н, р, ғ, у, с, й, б дыбыстарын (әріптерін) меңгерту:

1) бұл дыбыстардың сөздердегі орнын таба білу (сөз басында, ортасында, аяғында);

2) осы дыбыстардан тұратын тұйық, ашық буындар құрап, оларды созылыңқы дауыспен оқыту;

3) өтілген дыбыстардан (әріптерден) сөздер құрау (ана, тал, ат, бал), оларды оқыту;

4) өтілген әріптердің жазбаша түрдегі бас және кіші әріп таңбаларын меңгерту.

3. Оқу пәнінің 1 сыныптағы базалық білім мазмұны

18. Сауат ашу және сөйлеу тілін дамыту:

1) өткен білімдерін, дағдыларын, іскерліктерін қайталау.

19. Үшінші кезеңде:

1) өтілген дыбыстар мен әріптерді қайталау және қ, ш, ы, е, п, к, і, з, г, ү, ң, ж, и, ұ, ф, х, ө, ә, һ, я, ю дыбыстарын (әріптерін) меңгерту;

2) дыбыстардың орнын анықтау (сөздің басында, ортасында, аяғында);

3) осы дыбыстармен сөз құрау;

4) ашық, тұйық буындар құрастыру, оларды оқу, сондай буындардан тұратын сөздер құрастыру және оқу;

4) үш-төрт сөзден тұратын сөйлемді оқу.

20. Төртінші кезеңде:

1) өтілген дыбыстарды (әріптерді) қайталау және ж, е, в, ц, щ, э, ч, ь, ы дыбыстарын (әріптерін) меңгеру;

2) оқу кезінде дауыстылар мен дауыссыздарды, ұяң және қатаң дауыссыздарды тәжірибе жүзінде ажырата білу;

3) осы дыбыстарды бас және кіші әріп таңбаларын (Вв, Цц, Ээ, Ъь) меңгерту;

4) бұрын меңгерілген және бірінші кезеңде өтілетін дыбыстардан (әріптерден) буын құрау және оқу, қос дауыссыз қатар келетін буындар құрау және оқу.

4. Оқу пәнінің 2 сыныптағы базалық білім мазмұны

21. Оқу техникасы:

1) мұғалімнің көмегімен мәтінді дұрыс түсініп, сөзді буындап дауыстап оқу;

2) сөздің құрамында қиын буын кездесе, сөзді буындап баяу созып оқу;

3) оқу кезінде тыныс белгілері мен интонациянын бақылау, қадағалау;

4) қарапайым мәтіндерді дауыстап оқу.

22. Оқығанды түсіну:

1) оқыған мәтінде кім, не туралы сұраққа жауап беру;

2) сөздердің мазмұнын түсіндіру және ұғыну;

3) әр мәтіннің сөйлемін суреттермен сипаттау;

4) оқушылардың оқығандарын әңгімелеп беруге үйрету;

5) оқығандарын өздерінің тәжірибесімен және таныс мәтіннің мазмұнымен салыстыру.

23. Ауызша сөйлеу тілін дамыту:

1) оқылған әңгімені немесе ертегіні толық әңгімелеп беру.

24. Сыныптан тыс оқу:

1) мектеп оқушыларына арналған кітаптарды сыныптан тыс оқу;

2) оқыған кітаптардың мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру және суреттердің мазмұнын түсіндіру;

3) балаларға арналған кітапшаларды оқу, сұрақтарға мазмұны бойынша жауап беру, суреттер бойынша әңгіме құрастыру.

25. Тақырыптың үлгілері:

1) Отан, Астана туралы, адамдардың еңбекке, табиғатқа, бір-біріне деген қарым-қатынасын нығайту, табиғаттағы өзгерістер, жануарлардың өмірі, адамдардың іс-әрекеттері туралы әңгімелер құрастыру.

26. Оқытылатын негізгі тақырыптар:

1) «Менің сүйікті мектебім»;

2) «Күз»;

3) «Біз оқушы баламыз»;

4) «Еңбекпен ел көгерер»;

5) «Әдептілік – әдемілік»;

6) «Қыс»;

7) «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»;

8) «8 Наурыз – Аналар күні»;

9) «Көктем»;

10) «Табиғатты аялайық»;

11) «Жануарлар біздің досымыз»;

12) «Жаз».

5. Оқу пәнінің 3 сыныптағы базалық білім мазмұны

27. Оқу техникасы:

1) мұғалімнің көмегімен мәтінді дұрыс, түсініп, сөзді тұтас дауыстап оқу;

2) сөздің құрамында қиын буын кездесе, сөзді буындап және тұтас оқу;

3) оқу кезінде тыныс белгілері мен интонациянын бақылау, қадағалау, мәнерлеп оқу

;

4) карапайым мәтіндерді іштей оқу.

28. Оқығанды түсіну:

1) оқыған мәтінде кім, не туралы сұраққа жауап беру;

2) сөздердің мазмұнын түсіндіру және ұғыну;

3) әр мәтіннің абзацтарын суреттермен сипаттау;

4) оқушылардың оқығандарын қорытындылауға үйрету, оқығандарын өздерінің тәжірибесімен және таныс мәтіннің мазмұнымен салыстыру;

5) мұғалімнің көмегімен мәтінді бөлу, әр бөлімге ат қою; сурет жоспарын құрастыру, осы жоспар бойынша әңгімелеп беру.

29. Ауызша сөйлеу тілін дамыту:

- 1) оқылған әңгімені немесе ертегіні толық әңгімелеп беру;
- 2) диалогты рөлдеп оқу;
- 3) оқулықта берілген тапсырмалар мен сұрақтарға өзіндік жұмыс;
- 4) қысқа өлеңдерді сыныптың алдында жатқа оқып беру.

30. Сыныптан тыс оқу:

- 1) мектеп оқушыларына арналған кітаптарды сыныптан тыс оқу;
- 2) оқыған кітаптардың мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру және суреттердің мазмұнын түсіндіру;
- 3) балаларға арналған кітапшаларды оқу, сұрақтарға мазмұны бойынша жауап беру, суреттер бойынша әңгіме құрастыру.

31. Тақырыптың үлгілері:

- 1) Отан, Астана туралы, адамдардың еңбекке, табиғатқа, бір-біріне деген қарым-қатынасы туралы; қоғамға пайдалы істер туралы шығармалары; табиғаттағы өзгерістер, жануарлардың өмірі, адамдардың іс-әрекеттері туралы шығарма;
- 2) бейбітшілік пен достық тақырыбына сай әңгімелер, ертегілер, мақалалар, өлеңдер, рухани-эстетикалық тақырыптағы мақал-мәтелдер.

32. Оқытылатын негізгі тақырыптар:

- 1) «Мектепке қайта оралдық»;
- 2) «Күз»;
- 3) «Біз оқушы баламыз»;
- 4) «Отан ортақ үйіміз»;
- 5) «Еңбекпен ел көгерер»;
- 6) «Әдептілік – әдемілік»;
- 7) «Қыс»;
- 8) «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»;
- 9) «8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні»;
- 10) «Көктем»;
- 11) «Табиғатты аялайық»;
- 12) «Жануарлар біздің досымыз»;
- 13) «Әрқашан күн сөнбесін»;
- 14) «Жаз».

6. Оқу пәнінің 4 сыныптағы базалық білім мазмұны

33. Оқу техникасы:

- 1) тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу, іштен оқу;
- 2) мәнерлеп оқуға үйрету, сөйлем арасында кідіріс жасау, логикалық екпін қою, интонацияға мән беру.

34. Оқығанды түсіну:

- 1) негізгі ойын анықтау, мәтіннің жүйелілігін, себептерін, мәнін түсініп оқу;
- 2) мәтінді бөліп, әр бөлімге ат қою;
- 3) кейбір жана сөздерді және сөз тіркестерін түсіндіріп, әңгіме барысында қолдану;
- 4) оқушыларды шығарма бойынша қорытынды жасауға үйрету, өздерінің тәжірибесімен салыстыру;
- 5) басты кейіпкерлерді бейнелеу, іс-әрекеттеріне сипаттама беру, мәтіннің ішінен керек сөздерді, сөйлемдерді, абзацтарды, оқиғаларды оқып әңгімелеп беру.

35. Ауызша сөйлеу тілін дамыту:

- 1) мәтінді өз бетінше толық және ішінәра оқу және аналогия бойынша әңгімелеп беру;
- 2) мысалдар мен өлеңдерді жатқа білу.

36. Сыныптан тыс оқу:

- 1) мектеп кітапханасындағы балаларға арналған кітаптар, газеттер, журналдарды оқыту;
- 2) кітаптың атын және авторын атау;
- 3) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;
- 4) кейбір мәтіннің бөлімдерін әңгімелеп беру.

37. Тақырыптың үлгілері:

- 1) халық ауыз әдебиетінің шығармаларын оқу;
- 2) соғыс уақытындағы қазақ батырлары туралы әңгімелер мен өлеңдер;
- 3) оқушылардың қоғамға пайдалы істері;
- 4) еліміздегі атаулы мереке күндері туралы әңгімелер, өлеңдер т.б.;
- 5) табиғат, жануарлардың өмірі, үлкендердің және балалардың әр жыл мезгіліндегі іс-әрекеттері туралы қазақ және шет ел классиктерінің өлеңдері мен әңгімелерін оқу.

38. Оқылатын негізгі тақырыптар:

- 1) «Сағындым сені мектебім»;
- 2) «Көңілді күз»;
- 3) «Ер барда, ел қор болмас»;
- 4) «Менің отаным Қазақстан»;
- 5) «Мемлекеттік рәміздер»;
- 6) «Тәуелсіз Қазақстан»;
- 7) «Айналайын анашым»;
- 8) «Көктем келді алақай»;
- 9) «Кім болсам екен?»;
- 10) «Бейбітшілік, достық, мамыр мейрамы»;
- 11) «Жарқын жаз».

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

39. Пәндік нәтижелер:

- 1) дыбыстарды естігенде және айтқанда, оны басқа дыбыстардан ажырата білу;
- 2) сұраққа толық жауап қайтару;
- 3) қоршаған ортадағы әрекеттердің атау сөздерін түсіну;
- 4) дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту;
- 5) артикуляциялық маториканы жаттықтыру;
- 6) сөздерді дыбыстық құрамына қарай, кеспе әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрай білу;
- 7) қойылған тіл дыбыстарын дұрыс айту;
- 8) ұзақ баяу тыныс шығару.

8. 1 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

40. Пәндік нәтижелер:

- 1) дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту;
- 2) артикуляциялық маториканы жаттықтыру;
- 3) сөздерді дыбыстық құрамына қарай, кеспе әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрай білу;
- 4) қойылған тіл дыбыстарын дұрыс айту;
- 5) әртүрлі дыбыстарға еліктей алу;
- 6) қойылған сұрақтардың мағынасын түсініп, дұрыс, толық жауап беруге үйрету.

9. 2 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

41. Пәндік нәтижелер:

- 1) қысқа мәтіндерді буын жігімен дұрыс оқу;
- 2) шағын ертегілер мен әңгімелерді, тақпақтар мен жұмбақтарды тыңдай және түсіне білу;
- 3) тыңдаған шығармаларды мұғалімнің қойған сұрақтары бойынша және мәтінге сәйкес берілген суреттерді мазмұнына сәйкес әңгімелей білу;
- 4) көлемі шағын 3-5 тақпақты сынып алдында мәнерлеп дұрыс оқу.

42. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) зияты зақымдалған оқушылардың оқу сабақтарында таным процестерін дамытуға;
- 2) қарым-қатынас жасауға;
- 3) мәтінді талдау және қорытындылау барысында оқушыларға тәрбиелік жағын меңгерту;
- 4) тұлғалардың жақсы қасиеттерін бойына сіңіру.

43. Жүйелі әрекеттік нәтижелер:

- 1) зияты зақымдалған оқушыларды өздігінен кітап оқуға ынтасын, қызығушылығын

арттыру және ұйымдастыру;

2) арнайы (түзету) мектепте әдеби кітаптарды оқыту кезінде сүйіспеншілік, ұжым, тұрақтылық, адалдық, еңбек сүйгіштік сияқты адамгершілік қасиеттерін меңгерту.

10. 3 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

44. Пәндік нәтижелер:

- 1) қысқа мәтіндерді буын және тұтас дұрыс және түсініп оқу;
- 2) шағын ертегілер мен әңгімелерді тыңдай және түсіне білу;
- 3) қысқа өлеңдер мен жұмбақтарды жатқа білу;
- 4) тыңдаған шығармаларды мұғалімнің қойған сұрақтары бойынша және мәтінге сәйкес берілген суреттерді мазмұнына сәйкес әңгімелей білу;
- 5) көлемі шағын 3-5 тақпақты сынып алдында мәнерлеп дұрыс оқу.

45. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) зияты зақымдалған оқушылардың оқу сабақтарында таным процестерін дамытуға қарым-қатынас жасауға;
- 2) мәтінді талдау және қорытындылау барысында оқушыларға тәрбиелік жағын меңгерту;
- 3) тұлғалардың жақсы қасиеттерін бойына сіңіру;
- 4) елін ерлікпен қорғағандар және бейбітшілік жолындағы үлгі істерін;
- 5) шынайы жолдастық пен достық, ержүрек те адал ниетті адамдардың қасиеттеріне еліктету.

46. Жүйелі әрекеттік нәтижелер:

- 1) зияты зақымдалған оқушыларды өздігінен кітап оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру және ұйымдастыру;
- 2) арнайы (түзету) мектепте әдеби кітаптарды оқыту кезінде сүйіспеншілік, ұжым, тұрақтылық, адалдық, еңбексүйгіштік сияқты адамгершілік қасиеттерін меңгерту.

11. 4 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

47. Пәндік нәтижелер:

- 1) мазмұны жеңіл, көлемі шағын әңгімелерді, өлеңдерді, ертегілерді - дұрыс, жылдам, түсініп және мәнерлеп оқу;
- 2) тыңдаған шығармаларды мұғалімнің қойған сұрақтары бойынша және мәтінге сәйкес берілген суреттерді мазмұнына сәйкес әңгімелей білу;
- 3) сөздерді тұтас дауыстап және іштей мағынасын түсініп оқуға үйрету.

48. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) зияты зақымдалған оқушылардың оқу сабақтарында балалардың мектептегі өмірі, борышы мен міндеттері, халқымыздың ертедегі тұрмысы туралы мәліметтер, түрлі мерекелер, Ұлы отан соғыс жылдарында көрсеткен ерліктер, балалардың істері,

жолдастық, қайырымдылық, балалардың үлкендерге тигізер көмегі, халықтар арасындағы достық, ынтымақтастық, жыл мезгілдеріне қатысты табиғаттағы адамдардың еңбек әрекеттеріндегі өзгерістер, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіндегі өзгерістер туралы өлеңдер мен шығармаларды балалардың бойына сіңіру.

49. Жүйелі әрекеттік нәтижелер:

1) зиятында ауытқуы бар оқушыларды өздігінен кітап оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру;

2) жаңғырту және ұйымдастыру;

3) арнайы (түзету) мектепте әдеби кітаптарды оқыту кезінде сүйіспеншілік, қарым-қатынас, ұжым, тұрақтылық, адалдық, еңбексүйгіштік сияқты адамгершілік қасиеттерін меңгерту.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 56–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 161–қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілде емес мектептер үшін)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Бағдарлама өзге тілде білім алатын бастауыш сынып оқушыларының, қазақ тілде сөйлесу әрекеті арқылы мәдениетаралық қатынас құралы ретінде меңгерулерін көздейді.

3. Орыс тілінде жүретін көмекші мектептердегі қазақ тілі пәні бағдарламаға сәйкес екінші сыныптан басталады. Қазақ тілін бұл мектептерде оқытудың негізгі мақсаты – қарапайым түрде күнделікті тұрмысқа, оқуға қатысты тақырыптар мөлшерінде

оқушылардың ауызекі сөйлесу, түсіну, өз ойын қазақ тілінде жеткізе білу дағдыларын дамыту және әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қ а л ы п т а с т ы р у .

4. Қазақ тілі сабақтары нәтижелі болу үшін оқыту барысында төменде берілген негізгі міндеттерді түсініп, жүзеге асыру қажет.

5. Тәрбиелеу және баланың жалпы танымдық үрдістерін дамыту саласындағы м і н д е т т е р .

6. Оқушылардың интернационалдық, патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, дамыту. Сабақта жаңа сөздерді өту барысында негізгі ұғымдар мен құбылыстарды таныстыра отырып, балалардың жалпы ой-өрісін, танымдық қабілеттерін (зейінін, есте сақтауын), сөйлеу белсенділігін дамыту.

7. Қазақ тілі фонетикасын игеру саласындағы міндеттер: қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән үндестік заңын практикалық түрде игеру, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырата білу.

8. Сөз қорын дамыту саласындағы міндеттер: тақырыптар бойынша қазақша сөз қорын заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту. Жаңа сөздердің мағынасын түсіну, мағынасы бойынша топтастыру. Сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана білуге үйрету.

9. Қазақ тілі грамматикасын игеру саласындағы міндеттер: көптік жалғауларды пайдалану арқылы заттың көпше түрлерін анықтау, түсіну, қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есім қосымшаларының, септік жалғаулардың мағынасын түсіну: түбір + қосымша үлгілерін практикалық түрде меңгеру. Есімдіктің шағына, жағына қарай етістікті өзгерте білуге, мағынасын түсініп қолдана білуге үйрету. Сөз жасау және сөйлем құрау, мағынасын кеңейту дағдыларын қалыптастыру. Сабақта өтілген сөздерді, сөйлемді қарапайым орфографиялық, пунктуациялық ережелерді сақтай от ы р ы п , о қ у , ж а з а б і л у .

10. Байланыстырып сөйлеу: диалогтік және монологтік сөйлеу (ауызекі, жазба тіл) дағдыларын қалыптастыру. Беріліген сұраққа жауап бере білу, сұрақ қоя білу, бірнеше сөйлемдерден шағын мәтін құрастыру, қарапайым тақырып бойынша өз ойын жеткізе білуге үйрету. Қазақ тіліндегі жарнамаларды, іс-қағаздарын, мәтіндерді оқып, түсінуге машықтандыру. Қазақ тілі этикасына байланысты сөйлеу мәдениетін меңгеру.

11. Бұл бағдарлама төмендегі қағидаларды басшылыққа ала отырып құрастырылды:

1) көмекші мектеп оқушыларының танымдық үрдістерінің даму ерекшеліктерін е с к е р т у ;

2) қарым-қатынас жасауға белсендіретін тақырыптар алу;

3) сөйлеу мен таным әрекеттерін түзете отырып, дамыту, оқыту;

4) ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру;

5) сөздік материалдарды жүйелеу;

6) сөйлеу үлгілерін (модульді) кеңінен пайдалану арқылы қазақ тілінде сөйлеу

дағдыларын

менгеру;

7) қарым-қатынас жасау қызметінің барлық түрлерін (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) дамыту;

8) практикалық оқыту әдістерін кеңінен қолдану.

12. «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады:

1) «Оқу және тіл дамыту» пәнімен: оқулықта берілген мәтіндерді менгеру негізінде танымдық ерекшеліктеріне сай өз ойын жеткізуге дағдыланады; қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиеленеді;

2) «Қазақ тілі» пәнінің білімдік, тәрбиелік міндеттері келесі пәндермен тығыз байланыста іске асырылады;

3) «Бейнелеу өнері», «Музыка – ән- күй» пәндерін өту барысында эстетикалық талғамы дамиды, ойлау қабылдау, ауызша сөйлеу тілі дамиды;

4) «Математика» пәнімен: мәтіндерді қабылдау, түсіну, логикалық ойлау қабілеті дамиды;

5) «Айналамен таныстыру» пәнімен: мәтіндерді оқу арқылы қоршаған орта туралы мағлұматтар алады, табиғатты қорғауға, аялауға үйренеді;

6) «Әлеуметтік бейімдеу және еңбекке баулу» пәнімен: әлеуметтік ортаға бейімдеу, еңбектің өмірдегі маңыздылығын түсініп біледі.

13. Пәнді оқыту жүктемесінің көлемі:

1) 2 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;

2) 3 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат;

3) 4 сынып – 2 сағат, барлығы 68 сағат.

14. Орыс тіліндегі арнайы мектеп.

15. Қазақ тілін оқытудың білім мазмұны үш аяға бөлінеді:

1) әлеуметтік-тұрмыстық аясы;

2) әлеуметтік-мәдени аясы;

3) оқу еңбек аясы.

14. Әр бағытта барлық кезеңде шамамен:

1) әлеуметтік-тұрмыстық аяға - 33-34 сағат;

2) әлеуметтік-мәдени аясы - 15 сағат;

3) оқу-еңбек аясына - 18 сағат.

15. Орыс тілінде оқитын көмекші мектептің бастауыш сыныптарында қазақ тілін оқыту 4 кезеңге бөлінеді.

16. Ол кезеңдердің тақырыптық мазмұны бір-бірімен тығыз байланысып отырады.

17. Бірінші кезеңде қазақ тілі сабағының бүкіл мазмұны, жүйесі, мақсаты мен міндеті тек ауызекі, сөйлеу, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

18. Екінші-үшінші кезеңдерде сөйлеу түрлерін (қабылдау, тыңдау, ауызша сөйлеу,

оқу, жазу, сөйлеу мәдениетінің қарапайым түрлерін игеру) дамыту бағытында жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі дыбыстар мен әріптерді дұрыс айтуға, оқуға, ж а з у ғ а ү й р е т у .

19. Төртінші кезеңнен бастап қарапайым теориялық білімді ұғынып, оны сөйлеу қызметінде практикалық тұрғыда меңгеру басталады. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерімен танысады, тыныс белгілерін қоюға үйренеді.

20. Оқушы ұғымына сай жеңіл мысалдар, модульдер (үлгілер), әртүрлі ойын түрлерін (гүл, баспалдақжәне тағы да басқа) пайдалану арқылы түбір, қосымша туралы түсінік алады және меңгереді.

21. Оқу кезеңінің басталуынан бастап, оқушылар әралуан мәтін түрлерімен (әңгімелеу, сипаттау, талқылау) танысады. Оларды дұрыс құрастырып айтуға жаттығады. Жоғарғы сыныптарда жазба жұмыстарын кеңірек жүргізу көзделеді.

22. Қазақ тілінен жүргізілетін негізгі жұмыстардың (көшіріп жазу, көру, есту диктанты, мазмұндама, сипаттама) кейбір жеңіл түрлерін бастауыш сыныптарда бастауға болады. Мысалы, үлгі бойынша сипаттайды. Кейінгі сыныптарда жұмыс түрлері біртіндеп күрделенеді, тек ауызша айтумен қатар сол айтқанын жазады және т.б. Өтілген дыбыстарды дұрыс айту, сөздерді есте сақтау, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта ырғақтық жаттығуларды орындап, дыбысқа, тақырыпқа байланысты тақпақ, өлеңдер, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар айту, дидактикалық ойындар ойнау тиімді.

23 . К ө р н е к і қ ұ р а л д а р .

24. Көмекші мектептерде «Қазақ тілін» оқыту барысында көрнекіліктерге зор көңіл бөлінеді. Бастауыш сыныптарда көрнекіліктердің мәні зор. Ол жаңа тақырыпты тереңірек түсінуге көмегін тигізеді.

25. Оқушылар қолымен ұстап, көзімен көріп, қайталап айтып отырғандықтан олардың есте сақтау қабілеті дамып, білімі мен біліктілігі арта түседі.

26. Сабақта салыстырмалы мазмұнды кестелерді үнемі пайдалану тиімді.

27. Көрнекілік пен техникалық құралдарды ұтымды пайдалану оқушылардың материалды жеңіл меңгеруіне мүмкіндік туғызады, сабаққа ынтасын, қызығушылығын арттырады .

28. Көрнекілікпен түсіндірілген материалды оқушылар тез қабылдап, жеңіл меңгереді. Есінде ұзақ сақтайды.

2. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

29. Тыңдалым. Тақырыпқа байланысты мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, қарапайым нұсқауын түсіну. Қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсіну.

30 . А й т ы л ы м :

1) қазақ тіліндегі ә, ө, ғ,ү дыбыстарымен танысу, естіп қабылдау, дұрыс айту,

ажырату, есте сақтау, таңбалай білу. Өткен дыбыстарды буындарда, сөздерде, сөз тіркестерінде дұрыс қолдана білу;

2) А-Ә дыбыстарын ажырата білу, сурет бойынша сол дыбыстармен сөздер айту;

3) «А-Ә» дыбыстарын өзара салыстырып, естіп ажырата білу;

4) «А-Ә» дыбыстарына заттық суреттер арқылы сурет беру;

5) «А-Ә» дыбыстарына келтірілген мысалдарды жазып, оқып таба білу;

6) керекті дыбысы бар сөзді тауып оқи білу;

7) тақпақ, өлең, жұмбақ, ырғақты жаттығу арқылы керекті дыбысты есте сақтау;

8) «О-Ө» дыбыстарын ажырата білу, сурет бойынша сол дыбыстармен сөздер айту;

9) «О-Ө» дыбыстарын өзара салыстырып, естіп ажырата білу;

10) «О-Ө» дыбыстарына заттық суреттер арқылы сурет беру;

11) «О-Ө» дыбыстарына келтірілген мысалдарды жаза, оқып таба білу;

12) керекті дыбысы бар сөзді тауып оқи білу;

13) тақпақ, өлең, жұмбақ, ырғақты жаттығу арқылы керекті дыбысты есте сақтау;

14) «Г-Ғ» дыбыстарын ажырата білу, сурет бойынша сол дыбыстармен сөздер айту;

15) «Г-Ғ» дыбыстарын өзара салыстырып, естіп ажырата білу;

16) «Г-Ғ» дыбыстарына заттық суреттер арқылы сурет беру;

17) «Г-Ғ» дыбыстарына келтірілген мысалдарды жаза, оқып таба білу;

18) керекті дыбысы бар сөзді тауып оқи білу.

31. Төмендегідей тақырыптар бойынша қысқа диалогтік сөйлеуін дамытуда өтілген дыбыстарды дұрыс айту.

32. Оқылым. Жеке әріптерді, әртүрлі буындарды, қысқа сөздерді оқу, жазу.

33. Тілдесу. Берілген тақырып бойынша қарапайым диалогтық сөйлеу тілін дамыту: Кім? Не? Не істеді? сұрақтарына үлгі бойынша жауап беру (Мынау кім? Мынау ата. Мынау не? Мынау тақта.).

34. Танысу (Атын кім? Атым - Айсұлу. Мынау не? Мынау мысық. Сенің атың кім? Менің атым – Жасұлан. Жасың нешеде? Фамилияң кім? т.б.).

35. Отбасы (Апа, ата, әже, аға, әпке, шеше, іні, сіңлі, апай).

36. Адамның дене мүшелері (бас, бет, ерін, тіс, тіл, қол, аяқ, саусақ, құлақ, ауыз, көз, мұрын, құлақ).

37. Ойыншықтар (қуыршақ, доп, зырылдауық, аю).

38. Сабақ (мұғалім, оқушы, қазақ тілі, сурет сабағы).

39. Оқу құралдары (кітап, дәптер, қалам, сызғыш, қарындаш).

40. Сынып (тақта, бор, парта, кезекші).

41. Диалогтік сөйлеуде «бар», «жоқ» сөздерін қолдану.

42. Тақырып бойынша заттардың атауын атау, түсіну, көрсету. «Бар» «Жоқ» сөздерін қолдану. Амандасу, қоштасу.

43. Төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша сұраққа жауап беру білігін дамыту: мынау не? Мынау – бас. Кімнің басы?

- кәмпит, ет, ірімшік, қаймақ, сұйық, қою, жеймін, жемеймін);
- 4) ыдыстар (қасық, шанышқы, пышақ, кесе, шәйнек, кесемін);
 - 5) үй жануарлары (сиыр, ешкі, жылқы, қой);
 - 6) аңдар (қасқыр, түлкі, қоян, аю);
 - 7) жемістер (алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік);
 - 8) көкөністер (картоп, қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша).

49 . О қ ы л ы м :

1) өтілген әріптерден тұратын әр түрлі буындарды, сөздерді оқу, жазу, мағынасын түсініп аудару .

50 . Т і л д е с у :

1) сұрақтың құрамындағы сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беру:
 алма қандай? –Алма тәтті. Бұл не? –Бұл алма;
 бұлар нелер? –Бұлар алмалар;
 алма қайда өседі? –Алма бақта өседі;
 алма қандай? –Алма тәтті (қышқыл);
 сен алма сатып аласың ба? –Мен алма сатып алмаймын (аламын). Мен алманы бақтан жинаймын ;

сен қайдан келдің? –Мен мектептен келдім;

2) Кім? Кімдер? Не? Нелер? Не істеді? Не істейді? Қайда? сұрақтарына дұрыс жауап беріп, диалогтық сөйлеу тілін дамыту;

3) жана сөздермен танысу: сиыр, қой, ат, ит, мысық, ырылдайды, мияулайды сөздерінің мағынасын түсіну, дұрыс оқу, жазу;

4) жаңа сөздердің аудармасын білу. Суреттерден көрсету, жекеше, көпше түрде айта білу :

ит – иттер т.б. ;

5) үлгі бойынша сөйлесу :

мынау нелер? –Мынау- сиыр, қой, ат;

сиыр қалай дыбыстайды? – Сиыр мөңірейді. Қой маңырайды. Жылқы кісінейді. Ит үреді, ырылдайды. Мысық мияулайды;

б) мәтінді дұрыс оқу, сұрақтарын түсіну, жауап қайтара білу;

7) екі-үш сөйлем құрастыра білу;

8) үй жануарларына арналған тақпақ, өлең, жұмбақ, мақал жаттап айту;

9) әріп, сөздік, көру диктантын жаза білу (9-10 сөз). Екі-үш жай сөйлем жаза білу (8 - 9 с ө з) .

51. Төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту :

1) мынау не? (Мынау – парта). Мынау нелер? (Мынау –парталар.) Мынау не? (Мынау – мектеп.) Мынау не? (Мынау – тақта.) Мынау нелер? (Мынау –тақталар.);

2) Сәуле қайда бара жатыр? (Сәуле мектепке бара жатыр.) Мектепте не істедің? (Мектепте сабақ оқыдым.);

3) Мынау не? (Мынау – көйлек.) Көйлек қандай? (Көйлек әдемі.).

52. Отанға байланысты сөздермен танысу, оны дұрыс айта білу:

1) Қазақстан, Отан, туған жер, қала, ауыл сөздерінің аудармасын білу, есте сақтау;

2) тақырыпқа сай суреттерден Отанға байланысты сөздерді атай білу, олардың дұрыс айтылуына дағдылану: сенің Отаның қай ел? –Менің Отаным Қазақстан.

53. Отан, Қазақстан, туған ел туралы тақпақ жаттау, оны ауызша айта білу.

4. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

5 4 . Т ы н д а л ы м :

1) шағын мәтіндерді тындап, сұраққа жауап беру арқылы түсінгенін білдіру. Мәтінде не туралы айтылғанын суреттен көрсету. Тақпақты тындап, суретпен сәйкестендіру. Заттарды мағынасы бойынша топтастыру. Септік жалғауларының м а з м ұ н ы н т ү с і н у .

5 5 . А й т ы л ы м :

1) қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, дұрыс айту, ажырату;
2) «Үй жануарлары, төлдері», «Аңдар», «Киім», «Аяқ киім», «Жыл мезгілдері», «Отаным - Қазақстан», «Көкөністер» тақырыптары аясында сөздерді түсіну, айту, диалогтік және монологтік сөйлеуде қолдану, түстерді сәйкестендіру, атау, сурет, көрнекілікке сүйеніп септік жалғауларды қолдану.

56. Оқылым: Шағын мәтіндерді (2-3 жай сөйлемнен тұратын) оқу, жазу. Сұраққа ж а у а п б е р у .

5 7 . Т і л д е с у :

1) көрнекілік сурет, мәтін бойынша Кімге? Неге? Кіммен? Немен? Неше жастасың? деген сұрақтарға қарапайым үлгілерді пайдаланып сөйлесу. Затты сипаттау (үлкен, қызыл). Этикалық оралымдарды қолдану. Қарапайым мәтіннің мазмұны бойынша суреттерді орналастыру, сөйлеу;

2) тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну;

3) жаңа сөздердің аудармасын білу;

4) суреттерден көкөніс, жемістерді атау, оларды таза, әдемі көшіріп жаза білу;

5) төмендегідей сөйлеу үлгілері бойынша диалогтік және монологтік сөйлеуін

д а м ы т у :

мынау ат. Ат қара. Мынау – қара ат;

мынау қой. Қой ақ. Мынау - ақ қой;

андар қайда өмір сүреді? Аңдар орманда өмір сүреді;

сенің қандай киімдерің бар? Менің белдемшем, шалбарым бар;

қыста қандай киімдер киеміз? Қыста тон, шалбар киеміз;

жазда қандай киімдер киеміз? Жазда көйлек киеміз;

қазір қай мезгіл? – Қазір жаз;

жазда күн қандай болады? – Жазда күн жылы болады;
жазда нелер піседі? – Жазда жемістер піседі;
сен жазда қайда барасың? Мен жазда ауылға барамын;
мынау не? Мынау нелер? Сұрақтарды қоя білу және жауап бере білу;

6) сөздерді жекеше және көпше түрде айта білу: сәбіз–сәбіздер, алмұрт–алмұрттар;

7) көкөніске жататын сөздерді білу, жаза білу;

8) жемістерге жататын сөздерді білу, жаза білу, жалпылама сөзін есте сақтау;

9) үлгі бойынша сөйлей білу:

мынау не? Мынау нелер?;

бұл – қияр. Мынау – қиярлар;.

қияр қайда өседі? – Қияр бақшада өседі;

қияр қандай көкөніс? – Қияр пайдалы көкөніс;

мынау қияр қандай? – Бұл қияр үлкен (кіші);

сен қияр жейсің бе? – Мен қияр жеймін (жемеймін).

10) үлгі бойынша сөйлей білу:

бұл не? Бұлар нелер?;

бұл алма. Бұлар алмалар?;

алма қайда өседі? – Алма бақта өседі;

алма қандай? – Алма тәтті (қышқыл);

сен алма сатып аласың ба? – Мен алма сатып алмаймын (аламын). Мен алманы

б а қ т а н

ж и н а й м ы н .

11) сөйлеу үлгілерін түсінікті аударып білу; шағын жұмбақ, тақпақ жаттап айта білу.

5. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

58. Пәндік: қарапайым нұсқауларды көрнекілікке, сөзге сүйеніп түсіну; қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп, қабылдау, ажырату, айту. Бағдарламада қарастырылған тақырыптар бойынша заттарды атау, диалогтық сөйлеу тілінде үлгі бойынша қолдану; жеке әріптерді, әртүрлі буындарды, қысқа сөздерді оқу жазу.

6. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

59. Пәндік: Тақырып аясында сөз тіркестерін, жеңіл сөйлемдерді түсіну, заттың көпше түрін түсіну, ү, қ, ң, і, һ дыбыстарын айту ажырату, меңгерген сөздерді есте сақтап, диалогтік сөйлеуде қолдану. Өтілген әріптерден тұратын, буындарды, сөздерді оқу, жазу; мағынасын түсіну, аудару. Ауызша сөйлеуде жай сөйлемдерді қолдану.

7. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

60. Пәндік: Қарапайым шағын мәтіндердің мазмұнын көрнекілікке сүйеніп түсіну; етістіктердің шағына, жағына қарай түсіну. Жай сөйлемдерді құрау, септік жалғауларды суретке сүйеніп қолдану; монологтік, қарапайым сөйлеу тілін дамыту. Мәтінді, тақпақты тындап, мазмұнын түсіну, септік жалғаулардың мағынасын түсіну. Өтілген тақырыптар аясындағы сөздерді түсініп, монологты сөйлеуде қолдану. Шағын мәтіндерді оқу, жазу, сұрақтарға жауап беру. Көрнекілікке, сұраққа сүйеніп, заттарға с и п а т т а м а б е р у .

61. Қарапайым суреттер бойынша әңгімелесу.

62. Жүйелік-әрекеттік: Пәндік оқыту барысында алған білім, дағдыларын өз бетімен әр жағдайларда тәжірибе жүзінде пайдалану. Айналасындағылармен әдептілікті сақтай отырып, қарым-қатынас жасай білу, өзін - өзі бақылау, бағалау.

63. Тұлғалық: ұжыммен, өзбетінше, мұғалімнің басшылығымен нәтижелі жұмыс атқаруды үйрену. Сөйлеу, ойлау іс-әрекетін белсендіру, қарым-қатынас, танымдық функцияларын дамыту. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу, үлкендерді сыйлап, кішілерге жәрдем беру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н ің
2 0 1 5 ж ы л ғы 1 8 м а у с ы м д а ғы
№ 393 бұйрығына 57–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н ің
2 0 1 3 ж ы л ғы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 162–қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Орыс тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілде емес мектептер үшін)

1. Пояснительная записка

1. Учебная программа разработана в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 и с учетом необходимости удовлетворять особые образовательные потребности учащихся с легкой умственной о т с т а л о с т ь ю .

2. Изучение русского языка во вспомогательной школе с казахским языком

обучения имеет большое образовательное значение и является одним из важнейших средств воспитания интернационализма.

3. Целью обучения учащихся русскому языку в национальных вспомогательных школах является формирование у них навыков владения элементарной русской речью как средством коммуникации, подготовка учащихся вспомогательной школы к самостоятельному общению на русском языке.

4. Для того чтобы обучение русскому языку было эффективным, необходимо четко представлять весь комплекс задач:

1) задачи воспитания и общего развития детей. На занятиях русского языка воспитывать у детей интернациональные чувства. Расширять кругозор детей, знакомить их на занятиях с основными понятиями и явлениями по мере изучения новых слов. Развивать познавательные способности детей, их память, внимание, воображение, речевую реакцию, наблюдательность относительно языковых явлений, навыки речевого самоконтроля, речевую активность, умение слушать, понимать речь педагога и речь окружающих, говорить, читать и писать по-русски;

2) задачи, реализуемые при изучении основ фонетики русского языка. Сформировать у детей правильное произношение всех звуков русского языка как изолированно, так и в составе слова. Овладеть понятиями твердость-мягкость, глухость-звонкость согласных и учить различать их на слух. Добиваться правильного произношения звуков, отсутствующих в родном языке;

3) задачи, реализуемые при изучении основ лексики русского языка. Создать у детей запас русской лексики, предусмотренный словарном минимуме. Знакомить детей с новыми словами, объединяя их в группы по смысловому признаку (в соответствии с темой). Раскрывать значение новых слов, максимально используя средства наглядности. Добиваться правильного произношения всех слов;

4) задачи, реализуемые при изучении основ грамматики и правописания. Познакомить детей с грамматическими явлениями русского языка. Учить детей различать множественность предметов, правильно используя окончание существительных. Сформировать представление о грамматическом роде существительных. Учить ориентироваться на окончание существительного при определении рода;

5) научить учащихся согласовывать прилагательные с существительными в роде, числе, падеже. Учить детей изменять окончание глагола в зависимости от лица и времени. Правильное понимание и употребление предлогов в сочетании с соответствующими падежными формами существительных. Овладение некоторыми навыками словообразования и построения предложений различных конструкций;

6) задачи формирования связной речи. Развивать как диалогическую, так и монологическую речь на русском языке. Учить детей самостоятельно строить фразы различной сложности для описания разных ситуаций (просьба, описание и прочее).

Научить связно передавать свою мысль. Учить детей творчески использовать изучаемый языковой материал.

5. Весь учебный материал в начальных классах вспомогательных школ распределен в концентры, которые изучаются последовательно за 4 этапа. На каждом этапе формируются представления и понятия из различных разделов языка (фонетика, лексика и морфемика, грамматика и правописание, связная речь). Материал каждого этапа является законченным и систематизированным, логически связанным с материалом предыдущего и последующего модулей. Сложность и объем увеличиваются постепенно.

6. К изучению материала на новом этапе школьники переводятся по мере формирования навыков предыдущего. Учитель самостоятельно определит период времени, необходимый для формирования у учащихся его класса умений и навыков, определенных для каждого этапа. Возможности отдельных учащихся или класса в целом могут быть настолько ограничены, что за время обучения в школе ими будет усвоен материал только трех или четырех этапов. Учитель должен работать с детьми на материале доступного уровня сложности и объема. Это обеспечит результативность в обучении.

7. В программе сделан акцент на формирование у учащихся прежде всего практических речевых умений, которые могут быть реализованы в каждодневных делах, что обусловлено ограничениями умственной деятельности детей.

8. На начальном этапе обучения языку является формирование умений понимать устную русскую речь. Уточнение, расширение, активизация словарного запаса, что сопровождается систематической работой над развитием и коррекцией речевого слуха, формированием орфоэпических навыков. Для этого можно использовать беседы, заучивание небольших стихотворений, загадок, скороговорок, фраз, речевые игры. При этом учитель добивается орфоэпически правильного произношения слов, на примере своей речи учить отвечать на вопросы, задавать простейшие вопросы по-русски, читать слова, предложения, небольшие тексты (2-3 простых предложения).

9. Начиная с 3-го класса ученики практически упражняются в звуковом, а затем в звукобуквенном анализе слов. Этот вид работы имеет большое значение для развития речевого слуха, помогает увидеть место каждого звука и каждой буквы в русском слове, что, в свою очередь, будет способствовать правильному произношению, написанию, запоминанию новых слов.

10. Учитывая особенности фонетико-фонематической стороны речи учащихся вспомогательной школы, особое внимание следует обратить произношению и различению звуков. А специфические звуки русского языка целесообразно изучать в следующей последовательности: ч, щ, ц, ф.

11. На начальных этапах изучения языка необходимо использовать следующее оборудование: настенная классная касса для букв разрезной азбуки; разрезные буквы;

наборное полотно; касса слогов; слоговые таблицы: наборы предметных, ситуативных, сюжетных картинок; разноцветные фишки: полоски для слогового, звукобуквенного анализа (индивидуальные конверты); алфавит; таблицы.

12. Для формирования навыка правильного написания слов используются специальные упражнения: списывание слов, предложений с доски и учебников; списывание со вставкой пропущенных букв, слогов, слов; выборочное списывание; восстановление нарушенного порядка слов в предложениях под диктовку, по памяти, по следам анализа и другое.

13. В начальных классах слушание, говорение, чтение, сознательное списывание, которое сопровождается орфографическим проговариванием, являются основными видами работ по усвоению русской речи. В процессе чтения на уроках русского языка решаются ряд коррекционно-воспитательных задач: осуществляется эстетическое, нравственное, патриотическое воспитание детей, развивается речь, обогащается лексика, совершенствуются логическое мышление, память.

14. Успешное формирование навыков чтения в значительной мере зависит от понимания учащимися прочитанного. Поэтому в программе внимание учителя специально обращается на совершенствование навыка чтения-понимания одновременно с развитием устной речи учащихся.

15. При чтении необходимо выяснять, правильно ли воспринимают они факты (что? где? когда?), устанавливают ли причинно-следственные связи (почему? зачем?), как понимают смысл прочитанного и так далее.

16. При обучении детей русскому языку большое значение имеет словарная работа. Она способствует формированию осознанного чтения, обогащению словаря, практическому усвоению произношения и правописания отдельных слов. Содержанием словарной работы должны быть объяснение значения новых слов и введение их в активную (устную и письменную) речь учащихся. На уроках русского языка следует широко использовать игровые программы, которые способствуют выработке устойчивого интереса и эмоционального отношения к выполняемому речевому действию, повышению речевой активности учащихся. При изучении программных тем необходимо создание речевой реакции.

17. Можно мысленно создать ситуацию с помощью наглядного материала, естественных ситуаций, которые возникают постоянно: на занятиях в классе, экскурсиях, при рисовании предметов. Например, при изучении темы «игрушки» можно мысленно воссоздать на уроке ситуацию «мы обедаем». Учащиеся при этом участвуют в подготовке стола к обеду, обращаются друг к другу с просьбой дать ту или иную посуду и так далее.

18. Для эффективной организации словарной работы необходимо вести в 3-4 классах тематические словарики. В них записывают слова, которые должны войти в активный словарный запас учащихся, а также слова, которые должны запомнить

у ч е н и к и .

19. Толкование смысла новых слов желательно проводить по-русски. В отдельных случаях возможно использование казахского языка, перевод слов с одного языка на д р у г о й .

20. Одним из главных условий обучения детей русской речи в национальной школе служат речь и чтение учителя. Речь педагога является образцом для подражания. Русская речь взрослого должна быть четкой, ясной, без фонетических, лексических и грамматических ошибок. Особое значение во вспомогательной школе придается первому чтению текстов. Как свидетельствуют данные экспериментальных исследований (В.Г.Петрова и другие), первое воспроизведение текста играет большую роль в понимании его смысла. Если ученик что-то неправильно понял в первом чтении, то он в последующем воспроизведении долго будет повторять эту ошибку. Учитывая эти особенности, первое чтение текстов во вспомогательной школе не следует поручать даже лучшим ученикам. После первого чтения с помощью двух-трех вопросов учитель выясняет, правильно ли ученик понял и содержание прослушанного. Затем учитель повторно читает, а ученики следят по книге. Темп чтения при его повторении следует несколько замедлить, чтобы ученики не только успевали следить по книге, но и обратили внимание на правильное произношение слов, выразительность и и н т о н и р о в а н и е и д р .

21. Большие возможности для закрепления навыков русской речи представляют режимные моменты. Так, во время одевания на прогулку закрепить названия одежды, обуви. Понимание и употребление двуступенчатых, трехступенчатых инструкций (надень шапку, поставь обувь в шкаф и так далее).

22. Навыки русской разговорной речи в пределах усвоенного языкового материала можно активизировать на праздниках, утренниках, во время просмотра телепередач, фильмов, диафильмов, слушания радиопередач.

23. В процессе бытового труда (дежурство, уход за растениями или животными, уборка помещений) так же представляются большие возможности для закрепления и активизации словаря, грамматических конструкций, интонации, произношения.

24. В программе определены основные требования к умениям учащихся по русскому языку в каждом классе. Знания и умения учащихся проверяются в процессе беседы с ними, выполнения устных и письменных заданий. Контрольные работы по русскому языку не проводятся. Календарный план работы по русскому языку составляется по принятой во вспомогательной школе схеме с дополнительной графой « У с в о е н и е л е к с и к и » .

25. Во вспомогательной школе с казахским языком обучения проводится единый (интегрированный) урок русского языка. Уроки чтения и русского языка отдельно проводить не рекомендуется.

26. Уроки русского языка имеют тесную связь с другими предметами:

1) ознакомлением с окружающим миром – для грамматического анализа широко привлекаются тексты, посвященные явлениям природы, животному миру. Тем самым развиваются познавательные интересы учащихся об окружающем мире, природе;

2) математикой – в целях изучения и закрепления знаний при изучении имени числительного как части речи, количественный подсчет при звуко-буквенном анализе слов используются знания по математике.

3) чтением – в процессе усвоения текстов, данных в учебнике ученики в соответствии с особенностями познавательной деятельности закрепляют умения передавать свои мысли;

4) СБО – при изучении тем в рамках этой дисциплины у учащихся обогащается словарь, развиваются навыки речевого общения;

5) изобразительной деятельностью – в целях развития связной речи на уроках русского языка используются произведения живописи составление сочинений по картине. Развиваются эстетические чувства, мышление, восприятие, связная речь;

6) коррекцией нарушений речи – совершенствуется звуковая сторона речи, лексико-грамматический строй.

27. Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык» в соответствии с Типовым учебным планом начального образования школьников с легкой умственной отсталостью, утвержденным Приказом МОН РК от 8 ноября 2012 года № 500, составляет:

1) 2 класс – 2 часа в неделю, 68 часа в учебном году;

2) 3 класс – 2 часа в неделю, 68 часа в учебном году;

3) 4 класс – 2 часа в неделю, 68 часа в учебном году.

2. Базовое содержание учебного предмета для 2 класса

28. С л у ш а н и е :

5) бақ және бақша өсімдіктерін күту.
31. Жануарлар:

1) үй жануарлары және олардың төлдері: мысық–марғау, ит–күшік, ешкі–лақ, қой–қозы (таңдау бойынша). Сыртқы көрінісі, жүріс–тұрысы, дауысы, қорегі, мекені. Мысық және иттердің түрлі тұқымдастары. Олардың адамдарға пайдасы. Адамның үй жануарларына қамқорлығы. Жабайы аңдар – түлкі, кірпі, және т.б. (таңдау бойынша). Сыртқы түрі, төлдері, қоректі табу тәсілдері;

2) үй құстары: тауық, үйрек, олардың балапандары. Олардан адамға пайдасы. Адамның үй құстарына қамқорлығы. Жабайы құстар: торғай, қарға, қараторғай, суықторғай, сауысқан, сарышымшық. Сыртқы түрлері, көлемдері бойынша салыстыру. Қыстайтын құстар – қарлығаш, қарға, суықторғай, сауысқан, сарышымшық. Қыс мезгілінде құстарға қамқорлық көрсету. Жылы жаққа ұшып кететін құстар – қарлығаш, көкқұтан, қарлығаш, қараторғай. Құстарды бақылау. Өмір сүру жағдайларын салыстыру. Адамның жабайы құстарға қамқорлығы;

3) жәндіктер– шыбындар, масалар, қоңыздар. Таңдау бойынша 3-4 жәндіктерді атау және көрсету. Жануарлар және өсімдіктер әлеміндегі жәндіктердің маңыздылығы.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

32. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:

1) маусымдардың аталуы және олардың кезектілігі. Маусым айларының аталулары. «Ерте» және «Кеш» кезеңдер түсініктерін түсіндіру;

2) әр мезгілдің өзіне тән құбылыстары: өзендердің қатуы, себелеп жауатын жаңбыр, қырау, ала қар, тасқын, шық және т.б.;

3) адамдардың әр мерзімде атқаратын еңбектері, мерзімдік жағдайларға байланысты қызмет түрлерінің алмасып тұруы;

4) күз – өнім жинау, ағаштар мен бұталарға қамқорлық, жаңа өсімдіктерді отырғызу ;

5) қыс – жануарларлаға қамқорлық көрсету, қыстайтын құстарға көмек көрстеу, көктемдік егінге техника мен тұқымдарды дайындау;

6) көктем – бақ ағаштарын ақтау. Ағаштар, бұталар, бақша өсімдіктерін отырғызу;

7) жаз – бақ, бақша өсімдіктеріне күтім көрсету, жидек, көкөністердің ерте пісетін өнімін жинау, шөп шабу ;

8) мектеп ауласында түрлі жыл мезгілдеріне сай жұмыстар атқару, оларға балаларды атсалыстыру .

33. Менің Отаным – Қазақстан:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері – Конституция күні, Республика күні, Қазақстан республикасының тәуелсіздік күні, Қазақстан – көп ұлтты Р е с п у б л и к а ;

2) Қазақстанның тарихи жерлері. Өлке тану мұражайы. Тарихи мұражай. Танымал адамдардың мұражайы. Туған қаладағы (ауылдағы) тарихи ескерткіштер. Қазақстан қаһармандары. Туған өлке тарихы;

3) қазақтардың мәдениеті мен дәстүрлері.

34. Өлі табиғат:

1) топырақ. Топырақтың құрамы (күм, саз–балшық, тастар). Құнарлы қабаты. Топырақтың жәй қасиеттері. Өсімдіктерге олардың маңыздылығы. Топырақты өңдеу тәсілдері – қопсыту, суғару және т.б. Топырақтың құнарлы қабатын қорғау және қайта қ а л п ы н а к е л т і р у ;

2) жердің беткі қабатының көрінісі – жазық жерлер, құздар, бөктерлер, таулар.

35. Тірі табиғат.

36. Өсімдіктер:

1) орман өсімдіктері. Қылқанды және жапырақты ағаштар (қарағай, шырша, қайың, емен). Саңырауқұлақтар – улы және жеуге болатын. Орман жидектері – бүлдірген, қаражидек. Улы және жеуге қолдануға болатын жидектер. Пайдалы және қауіпті шөптер. Орманда жүру ережелері;

2) дала, өріс өсімдіктері. Бидай, жүгері, тары, сұлы. Адамның дала өсімдіктерін күтуі, олардың адам өміріндегі маңыздылығы. Дала өсімдіктерінің құрылымы – тамыр, сабақ–сабан, жапырақ, масақ. Мерзімдік өзгерістердің дала өсімдіктерінің өміріне т и г і з е т і н ә с е р і ;

3) емдік қасиеттері бар өсімдіктер – қырмызы, шайқурай және т.б. Таралуы аз өсімдіктер және оларды қорғау. Қызыл кітап. Сая бақ, бақ. Жасанды сая бақтар жасау.

37. Жануарлар:

1) жабайы жануарлар – қабан, бұлан, арқар, киік, қоян. Сыртқы көрінісі, жүріс-тұрысы, қоректенуі, өмір сүру салты, төлдері. Жабайы жануарлардың табиғат жағдайларына бейімделулері;

2) үй жануарлары – шошқа, сиыр, үй қояны. Сыртқы түрі, қоректенуі, өмір сүру салты, төлдері. Үй жануарларын күту;

3) жабайы және үй жануарларын салыстыру: қабан – шошқа, бұлан – сиыр, арқар – ешкі, қоян – үй қояны. Ұқсастықтары және ажыратылатын белгілері;

4) құстар: қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін (бозшымшық, тоқылдақ, шауқарға); жыртқыш құстар (қаршыға, бүркіт, кезқұйрық); ән салғыш құстар (бұлбұл, қ а р л ы ғ а ш) ;

5) жәндіктер. Пайдалы жәндіктер – ара, қызыл қоңыз, көбелектер. Сыртқы түрі, өмір сүру салты, қоректенуі. Адаммен араны қолдануы және өсіп өндіруі. Бал

арасының ұялары тұратын жер. Балдың пайдалы қасиеттері.

б) адамның жануарлар өміріндегі рөлі.

7. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

38. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) жыл мезгілдерін, жылдың маусымдық өзгерістерін;
2) мемлекеттің, туған қаланың, ауылдың атауларын; ағаштар, бұталарды, шөптерді,
г ү л д е р д і ;

3) жылдың әр мерзімінде өлі табиғаттың көрінісі; жылдың әр маусымында және күнінде өлі табиғатта болатын өзгерістерді білуі керек.

39. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) жыл мерзіміне сәйкес киіне білуінен;
2) Қазақстан Республикасында тұратындарын және олардың қаласы, ауылы
Қазақстанда орналасқанын білуінен;

3) күн тәртібін орындай білуінен көрініс табады.

40. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) табиғатта болып жатқан өзгерістерді бақылай білуімен;
2) Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғанда, оң қолын кеуденің жүрек
тұсына қойып, тігінен тыныш тұруымен;

3) көкөністерді түсі, пішіні, дәмі бойынша ажырата білуімен; суды үнемдеу, отты қолдануда қырағы болу; ашық су қоймаларында шомылу кезінде өзін дұрыс ұстай
б і л у і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

41. Табиғат құбылыстары мен заттарының атауларын дұрыс атай алуы; зат есімді анықтауышпен және етістікпен үйлестіруі; қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бере алуы.

8. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

42. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) жылдың түрлі мерзіміндегі күн мен түннің ұзақтығын; күннің жыл мерзімдерінің алмасуына тигізетін әсерін; жыл мерзімінің негізгі белгілерін; Қазақстан Республикасының бірінші Президентінің аты-жөнін;

2) Қазақстан Республикасының астанасы – Астананы; астананың негізгі көшелерінің, қиылыстардың, алаңдарының аттарын; қалалар мен ауылдың арасындағы
а й ы р м а ш ы л ы қ т а р ы н ;

3) «Жас ел» түсінігін; бағдаршам белгілерін және көшені өту орындарын; жол жүру
е р е ж е л е р і н ;

4) судың қасиетін: мөлдірлік, иісінің жоқтығы, сұйықтық, температурасын;

5) жылдың әр мезгіліндегі су қоймаларындағы судың қалпын;

б) судың өсімдіктер, жануарлар, адамдар өміріндегі маңыздылығын білуі керек.

43. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) ауа-райын бақылай алулары және ол бойынша қабырға күнтізбесінде керекті белгімен белгілей білуінен;

2) бөлме өсімдіктерін күте білуінен; тамаққа көкөніс пен жемістерді қолдануынан;

3) көкөністерді қысқа сақтауды дайындауға көмектесе білуінен; бақ және бақша өсімдіктерін күтуінен көрініс табады.

44. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) көшені дұрыс өтуімен;

2) қоғамдық көлікте және қоғамдық жерлерде өзін ұстай білуімен;

3) клумбадағы гүлдерді сыртқы көріністері бойынша ажырата білуімен;

4) үй және жабайы аңдарды салыстыра білуімен айқындалады.

45. Қойылған сұрақтарға берілген сұрақтың сөздерін қолданып, толық жауап бере алуы; жай сөйлемдерді құрастыра білуі; таныс сөздердің түрлерін дұрыс қолданып, сөйлемдерді сұрақтары бойынша бөле білуі.

9. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

46. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) ай атуларын;

2) жаз мезгілімен салыстырғанда күз мезгілінде болатын ауа-райының өзгеруін;

3) күз мезгілімен салыстырғанда қыс мезгілінде болатын ауа-райының өзгеруін;

4) қыс мезгілімен салыстырғанда көктем мезгілінде болатын ауа-райының өзгеруін;

5) көктеммен салыстырғанда жаз мезгілінде болатын ауа-райының өзгеруін;

мемлекеттік нышандардың мағыналарын – ту, ән ұран, ел таңба;

6) қыздарға, әйелдерге, балалар мен ер адамдарға арналған ұлттық киімдердің арасындағы айырмашылықты білу;

7) ұлттық тағам – көжеге кіретін жеті құрамының маңыздылығын; өсімдіктер, жануарлар, адам өміріндегі ауаның маңыздылығын; ағаштардың аттарын – ақ қайын, карағай, үйеңкі, емен, терек;

8) ағаштың құрылымын – тамыр, діңгек, бұталар, жапырақтар; гүлдің құрылымын; жануарлар және өсімдіктер әлеміндегі жәндіктердің маңыздылығын білуі керек.

47. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) мемлекеттік нышандарға құрметпен қарауынан;

2) ұлттық тағамды қолданып, мерекелік дастархан жая білуінен;

3) мектеп ауласында мерзімдік жұмыстарды атқара білуінен, өсімдіктерді күтуінен; жемістер мен шикі көкөністерді қолдануда гигиена ережелерін орындай алуынан;

4) бөлме өсімдіктерін күтуінен көрініс табады.

48. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) біздің мемлекетіміздің рәміздерін - ел таңбаны, туды көрсете білуімен;
- 2) Республиканың ән ұранын дұрыс айтуымен; ауа температурасын өлшей алуымен;
- 3) бөлменің ауасын тазарта білуімен; жергілікті жердің негізгі ағаштарын ажырата алуымен;

б) жемістерді белгілері - пішіні, түсі, иісі, дәмі бойынша ажырата алуымен айналысуды.

49. Әңгімеге қатысу, қойылған сұраққа толық және дұрыс жауап бере білуі; таныс сөздер түрлерін қолданып, жиі таралған жәй сөйлемдерді құрастыра білуі; кейбір үстеулерді қолдана білуі.

10. 4—сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

50. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) әр мезгілдің өзіне тән құбылыстарын; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мерекелерін – Конституция күнін, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күнін; Қазақстанда тұратын бірнеше ұлттарды атай;

2) туған қаланың, ауылдың тарихи ескерткіштерін; Қазақстанның тарихи жерлерін; топырақ құрамын білу (күм, саз балшық, тастар);

3) орман өсімдіктерін; жапырақты және инелі ағаштарды; саңырауқұлақ – улы және жеуге жарамды; орман жидектері – бүлдірген, қаражидек; жидектер; қауіпті және пайдалы шөптер; орманда жүру ережелері; дала өсімдіктерінің құрылымы – тамыр, сабақ, жапырақ, масақ;

4) өсімдіктердің адам өміріндегі маңыздылығын; сирек кездесетін өсімдіктер және оларды қорғау;

5) Қызыл кітап;

б) жабайы жануарлардың табиғат жағдайларына бейімделулері;

7) жануарлар өмірінде адамның рөлі туралы білуі тиіс.

51. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) тарихи жерлерге ұқыптылықпен қараудағы қажеттілікті және оны сақтауды түсінінен;

2) өздерінің отандастарының батырларының әрекеттерін есте ұстап бағалай білуінен;

3) тарихи және аймақтық және басқа да мұражайларға баруынан;

4) республиканың құрылыстарына қамқорлықпен қарауынан; Қазақстанда тұратын ұлттардың мәдениеті мен салт- дәстүрлерін сыйлауынан көрініс табады.

52. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) табиғаттың жыл мезгілдері кезеңдерінің «ерте» және «кеш» түсініктерін түсіндіруімен;

2) Қазақстан «көп ұлтты ел» деген не екенін түсіндіруімен; орманда жүрудің

ережелерін білуімен; өсімдіктерді күтуімен;

3) әңгімеге қатысуымен; сыныптастарының ойларын толықтырып, сұрақтарға жауап беруімен; көп таралған сөйлемдерді қолданып, таныс сөздер түрлерін дұрыс қолданып, жоспар бойынша байланысты сөйлем құрап ойын білдіре алуымен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 60–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 165-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Бейнелеу өнері сабақтары зиятында ауытқушылығы бар балалардың дамуындағы кемістіктерін түзетуге зор мүмкіндік береді. Сабақтың түзетушілік бағыты – оқыту процессінің міндетті шарты.

3. Оқытудың мақсаты:

1) жан-жақты және үйлесімді дамытуға жағдай жасау; жүйелі және мақсатты тәрбиелеу жолымен оқушылардың таным әрекеттеріндегі кемістіктерін түзету және олардың заттардың пішінін, құрылысын, көлемін, түсін, кеңістіктегі орнын дұрыс қабылдауын дамыту;

2) бейнеленген нәрседегі маңызды белгілерді таба білу, қозғалыс аясындағы кемшіліктерін түзету; көру-қимыл координациясының кемшіліктерін деңгейлестіру; балаларға қоршаған әлемді тануға көмектесу;

3) оқушыларға шынайы суреттің қарапайым негіздері туралы білім беру; бейнелеу өнеріндегі дағдылары мен икемдерін бойға сіңіру, жұмыстың негізгі техникалық тәсілдерімен таныстыру;

4) еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру, ұқыптылыққа, табандылыққа, өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу; балаларды эстетикалық тәрбиелеу, бейнелік түсінігін және қиялын дамыту;

5) кеңістіктік ойлауын, бейнелік түсінігін және қиялын дамыту; оқушыларды әлемдік бейнелеу өнерінің үздік шығармаларымен таныстару; көркемдік мәнерін дамыту.

4. Оқытудың міндеттері:

1) көркемөнер мен оны жасаушының аса көрнекті туындыларымен таныстыра отырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейту;

2) эстетикалық тәрбиесінің қалыптасуына көмектесу;

3) шығармашылық қабілеттерін дамыту, дүниетанымын қалыптастыру, яғни тұлғаны жан-жақты дамыту;

4) балалардың дамуындағы кемістіктерін түзету;

5) балаларға қоршаған болмысты тануға көмектесу, олардың байқампаздығын дамыту;

6) шынайы суреттің қарапайым негіздерін, сурет салу тәсілдері мен дағдыларын меңгерту;

7) ұйымдастырушылығын, жұмыстың кезектілігін ойлау, жоспар бойынша жұмыс істеуін дамыту;

8) табиғатқа, туған жеріне деген махабатын ояту.

5. Арнайы (түзету) жалпы білім беретін мектептерге (0-4 сыныпқа) арналған бейнелеу өнері бойынша оқу материалы сабақтың төрт түрін ұсынады: тікелей заттың өзіне қарап сурет салу, декоративті сурет салу, тақырыптық сурет салу, көркемөнер жайлы әңгімелесу.

6. Бейнелеу өнері сабағының мазмұны. Бейнелеу өнері сабағы 0-4 сынып аралығында жүргізіледі. Барлық оқыту курсы 168 сағатқа ажырады, оның 48 сағаты тікелей заттың өзіне қарап сурет салуға; 47 сағат - декоративті сурет салуға; 35 сағат - тақырыптық сурет салуға және 5 сағаты - көркемөнер жайлы әңгімелесуге беріледі (4 сынып). Дайындық сыныпта сабақтардың 33 сағаты балалардың графикалық дағдыларын меңгеруге, ұсақ моторикасын, кеңістіктік-көріп қабылдауын дамытуға бағытталған. 0-3 сыныптарда әңгімелесу бір тоқсанда 2 рет жүргізіледі. Оларға жеке сағаттар берілмейді, сабақтың басында немесе соңында 10-15 минут беріледі.

7. Оқыту процесінде пәндер арасында пәнаралық байланыстар іске асырылады: «Орыс тілі», «Оқу және тіл дамыту», «Музыка және ән айту», «Айналамен таныстыру», «Қол еңбегі», «Математика».

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

8. Д а й ы н д ы қ ж а т т ы ғ у л а р ы :

1) балалардың сенсорлы тәрбиесін жүзеге асыру, оларды көру, сезу және бастыру арқылы қол қимылдарының көмегімен заттардың көлемін ажырату, негізгі геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш) тану және көрсету;

2) форманың графикалық көріністерін қалыптастыру (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек пен сопақ). Қол моторикасын дамыту, қарындашпен әрекет ете алуға графикалық икемін қалыптастыру. Түстер жиынтығының реттілігі туралы түсінік беру. Түстерді ажыратуға үйрету: қызыл, сары, көк, жасыл. Суретті бояуға үйрету: үзік сызықтардың бағытын сақтау (жоғарыдан төмен қарай, солдан оңға қарай, қиғаш), ашық жер қалдырмау, кескіннің шегінен шықпау керек. Сурет салуға деген қ ы з ы ғ у ш ы л ы ғ ы н о я т у .

9. Үлгі түріндегі тапсырмалар. 1 тоқсан (9 сағат):

1) дайындық сыныбының деңгейін тексеру(қарындашты ұстай алуы, сызық жүргізу, нұсқауларды тыңдау). Графикалық жаттығулар;

2) түзу сызықтар: түзу және көлденең. Түспен танысу: қызыл;

3) таныс заттарды салу: баспалдақтар, әткеншек (үлгі бойынша). Түспен танысу: к ө к ;

4) шаршы пішіндес заттардың суретін салу;

5) тікбұрышты пішіндегі заттардың суретін салу;

6) штрихтеу: шаршы, тікбұрыш;

7) түспен танысу: жасыл;

8) үшбұрыш пішіндегі заттардың суретін салу;

9) штрихтеу: шаршы, тікбұрыш.

10. 2 тоқсан (7 сағат):

1) қисық және ирек сызықты салу. Ұлулар, домалақтар салу;

2) түспен танысу: сары. Күздің иллюстрацияларын қарау;

3) түстерді ажырату: қызыл – көк. Қыс жайлы иллюстрацияларды қарау;

4) дөңгелек пішіні бар заттардың суретін салу. Шыршаның ойыншықтарын шаблон б о й ы н ш а с а л у .

11. 3 тоқсан (9 сағат):

1) сопақша пішіндес заттардың суретін салу. Ауа шарын жіппен салу;

2) жолаққа қарапайым өрнек. «Мойынорағыш»;

3) геометриялық фигуралардан өрнек құрау (дөңгелек, шаршы). Үлкен және кіші заттар (шыршалар, үйшіктер);

4) «Қолғап». Үлгі бойынша өрнекті салып бітіру және бояу;

5) «Екі лента» жіңішке және жуан. Қызыл лента жуан, ал жасыл жіңішке;

6) саңырауқұлақты шаблон бойынша салу, контурдан шықпай бояу;

7) алманы шаблон бойынша салу, контурдан шықпай бояу;

8) «Кірпі алма апара жатыр» (шаблон бойынша).

12. 4 тоқсан (8 сағат):

- 1) жолаққа қарапайым өсімдік өрнегі (алма, саңырауқұлақ). Көктем жайлы суреттерді қарастыру;
- 2) «Ойыншықтар». Симметриялы заттардың контурларын аяқтап салу (пирамида);
- 3) «Балықтар». Қисық сызықтарды қолданып, үзік сызық бойынша сурет салу;
- 4) «Зымыран». Үлгі бойынша тірек нүктелері арқылы сурет салу;
- 5) «Құстар». Тік, дөңгелектерді, сопақ сызықтарды қолданып қарапайым құстардың суретін салу;
- 6) «Бағдаршам» (қозғалмалы жабыстырмалардың ізі арқылы сурет салу);
- 7) «Кемпірқосақ». Бояулардың шоғырлану кезектілігімен танысу;
- 8) «Азбука». Әріптер мен сандарды штрихтеу.

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

13. Декоративті сурет салу (14 сағат): оқушыларда тік түзу, көлденең және көлбеу сызықтарды еркін сызуды шынықтыру; балаларды суреттің пішінін сақтай отырып, орнамент элементтерін ұқыпты бояуға жатықтыру; трафарет-өлшеуіштермен қолдану икемділіктерін дамыту; түстерді ажыратып және атауға үйрету: қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, қызғылт-сары.

14. Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу (11 сағат): балаларды заттардың пішініне, үлкендігіне, түсіне қарай ажыратуға және олардың суретте негізгі ерекшеліктерін жеткізуге; парақта суретті дұрыс орналастыруға; контурларды сақтай отырып, суретті ұқыпты бояуға үйрету.

15. Тақырыптық сурет салу (8 сағат): балаларды заттарды пішінінің белгілеріне қарай біріктіруге үйрету; оқылған ертегіден суреттеуге ең жеңіл сәтті алып, соны сурет салу арқылы жеткізе алу икемділіктерін дамыту; қиын емес заттардың кеңістіктегі қатынасын жеткізе отырып, сурет элементтерін параққа орналастыру (жоғарыда, төменде, жанында, қасында; үлкен, кіші, ең кішкентай); өз суретін бір затпен ұқсастыруға үйрету.

16. Сурет бойынша әңгімелесу (тоқсанына 2 рет): балалардың жақын айналасындағы танитын өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың суреттерін иллюстрацияларында тануға және ажырата алуға үйрету; олардың заттарды пішініне, түсіне, үлкендігіне қарай салыстыру икемділіктерін дамыту.

17. Үлгі түріндегі тапсырмалар.

18. 1 тоқсан (9 сағат):

- 1) жолақтағы өрнек (үшбұрыштар, төртбұрыштар, сынық сызық);
- 2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Жұпаргүл, шие жапырағы, көкөніс-жемістер;
- 3) тақырыптық сурет салу. «Бау-бақшада ма, бақшадама». «Қаладағы күз» (қайың,

е м е н , ш ы р ш а) ;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Төртбұрыш, дөңгелек (бет орамал, тәрелке).
М о й ы н о р а ғ ы ш ж әне б а с к и і м .

19 . 2 т о қ с а н (7 с а ғ а т) :

1) жолақтағы өрнек (ирек сызықта). «Моншақ» суретін салу;
2) тақырыптық сурет салу: «Ертегі терезесі». «Ойыншықтары бар шыршаның
б ұ т а ғ ы » ;

3) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: дәптер, шырша ойыншықтары, шыршаның
ж әне қ а р а ғ а й д ы н б ұ т а ғ ы .

20 . 3 т о қ с а н (9 с а ғ а т) :

1) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Дөңгелек пішіндегі заттар (үлкен және
кіші доптар). Балық. Жалауша (тікбұрышты пішінді);

2) тақырыптық сурет салу. «Аққала». «Әңгімелесу». «Ормандағы қыстағы шырша»;

3) жолақтағы өрнек (шыршаның бұтағы және қар бүршігі).

21 . 4 т о қ с а н (8 с а ғ а т) :

1) тақырыптық сурет салу. «Мен зымыранның суретін саламын». «Судағы кеме». «
Үш аю» ертегісі (түрлі үлкендіктегі және бояудағы үш тостағанша);

2) қазақ оюының элементтерінен жолақтағы және шаршыдағы өрнек.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны (34 сағат)

22. Декоративті сурет салу (13 сағат):

1) оқушыларға қолдан түзу сызық салуға үйрету (жатық, түзу, көлбеу), кесіндіні
т е н д е й б ө л у ;

2) пішіні мен түсінің кезектілігін сақтай отырып, қолдан негізгі геометриялық
фигураларды салу және олардан жолақтағы өрнектер құрастыру икемділіктерін дамыту
; жолақта, төртбұрышта, дөңгелекте өсімдік элементтерінен өрнектер құрастыру; сурет
б о я у д а ғ д ы л а р ы н ж е т і л д і р у ;

3) бір бағытта артық қысымсыз біркелкі штрихтау; қызыл, көк, жасыл, сары, қоңыр,
сарғылт және күлгін түстерді өрнектерде қолдануға үйрету.

23. Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу (12 сағат):

1) балаларды суретті параққа дұрыс орналастыруға, төртбұрыш, тіктөртбұрыш,
дөңгелек және үшбұрыш заттардың атын атап және ажыратуға;

2) заттардың суретте кеңістіктік қатынасын сақтауға және бұл қарым-қатынастарды
сөзбен белгілеуге (ортасында, сол жағында, оң жағында); болмысына байланысты түсті
таңдап, суретті ұқыпты бояуға үйрету.

24. Тақырыптық сурет салу (9 сағат):

1) оқушылардың айналадағы шындық жайлы көз қарасын байыту және айқындау;

2) таныс заттардың негізгі пішінін сурет арқылы жеткізуге үйрету;

3) заттың бөлігін, оның үлкендігін дөңгелек пішінді көрінісі арқылы салу, сонымен қатар заттардың және олардың бөліктерінің кеңістіктік қарым-қатынасын жеткізуге (үстінен, астынан, жанында, қасында).

25. Сурет бойынша әңгімелесу (тоқсанына 2 рет): балалардың халық ертегілеріндегі кейіпкерлерді иллюстрацияда тану, суретте бейнеленген әрекет етуші тұлғаны атау, оларды өзара салыстыру дағдыларын дамыту; Түстерді атау және саралау. Кітаптағы халық ертегілерінің иллюстрацияларымен таныстыру.

26. Үлгі түріндегі тапсырмалар. 1 тоқсан (9 сағат):

- 1) сынық және ирек сызықтардың жолағында геометриялық және өсімдік өрнектері;
- 2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: алма, саңырауқұлақ, ағаш (жапырақсыз), ойыншық;
- 3) сюжеттік сурет. «Бауырсақ» ертегісі.

27. 2 тоқсан (7 сағат):

- 1) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: сызғыш, үшбұрыш, жалауша (үшбұрышты ойықпен), шырша ойыншықтары, шыршаның бұтағы;
- 2) үшбұрыштағы өрнек. Қазақ ұлттық оюлары;
- 3) тақырыптық сурет салу. «Жаңа жылдық шырша» (ойыншықтары бар шырша бұтағы).

28. 3 тоқсан (10 сағат):

- 1) төртбұрыштағы өрнек: геометриялық, өсімдік, жануар. Дөңгелектегі өрнек. Қазақтың «Гүл» оюының элементі;
- 2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Балық. Құрылыс жабдықтарының элементтеріне мұнара;
- 3) сюжеттік сурет. «Аққалалар». «Аквариумдағы балықтар»;
- 4) тақырыптық сурет салу. «Наурыз».

29. 4 тоқсан (8 сағат):

- 1) қазақ оюының элементі: «Түйенің ізі», «Бұлақ», «Бойтұмар», «Су», «Сүйек» (Балдақ);
- 2) сюжеттік сурет. «Зымыран ұшып барады»;
- 3) тақырыптық сурет салу. «Судағы кеме»;
- 4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Бақбақ гүлі.

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны (34 сағат)

30. Декоративтік сурет салу (13 сағат):

- 1) балаларға жолақ пен төртбұрышта геометриялық және өсімдік пішініндегі өрнектер салуға үйрету;
- 2) үлгіні талдау қасиеттерін дамыту;
- 3) өрнектің құрылымын (элементтердің қайталануы немесе алмасуы), құрамдас

бөліктің пішінін және түсін анықтау;

4) төртбұрышта өрнек салуда осьтік сызықтар қолдану. Өрнектерде қызыл, көк, жасыл, сары, қоңыр, қызғылт сары, қара, ақ және күлгін түстерді қолдануға үйрету.

31. Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу (12 сағат):

1) оқушыларды дөңгелектенген және сопақша пішіндегі заттардың суреттерін машықтандыру;

2) төртбұрыш, тікбұрыш, дөңгелек және үшбұрыш пішінді заттардың атын атап, ажыратуды үйрену және оларға тән ерекшеліктерін жеткізу;

3) симметриялы пішіндегі жазық заттарды бейнелеуде орташа (осьтік) сызықты қолдану; суретті салудың кезектілігін анықтау икемділігін дамыту;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салғанда ашық немесе қара түстердің реңктерін қолдану.

32. Тақырыптық сурет салу (9 сағат):

1) балаларды бір сюжеттік суретте бірнеше заттардың бейнесін біріктіруге үйрету;

2) суреттерді белгілі бір ретте орналастыру (жақын, алыс, барлық парақты қолданып және суреттің асты мен үстін сақтай отырып).

33. Сурет бойынша әңгімелесу (тоқсанына 2 рет): балаларды кітаптардың иллюстрацияларында және жыл мезгіл белгілері тән көркем сурет көшірмелерін тануға үйрету. Оларда түрлі жыл мезгіліндегі табиғат әсемдігін көру дағдысын дамыту.

34. Үлгі түріндегі тапсырмалар.

35. 1 тоқсан (9 сағат):

1) жолақтағы, төртбұрыштағы геометриялық өрнек. Жолақтағы, төртбұрыштағы өсімдік өрнегі;

2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: қарапайым пішіндегі жапырақ, алмалар (пішіні және түсі бойынша әр түрлі);

3) тақырыптық сурет салу. «Біздің қаламыздағы күз».

36. 2 тоқсан (7 сағат):

1) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Теннис қалағы, бөлетін тақтай, балалар күрегі, балға;

2) тақырыптық сурет салу: «Отшашу», «Жаңа жылдық шырша».

37. 3 тоқсан (10 сағат):

1) жолақтағы ұлттық оюдың элементтері. Қазақ оюының элементі;

2) тақырыптық сурет салу «Ормандағы қыстағы шырша», «Аквариумдағы балықтар балдырлардың арасында», «Наурыз»;

3) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Оятқыш, екі түсті доп, жалаушалар, ойыншық;

4) сюжеттік сурет. «Үш аю» ертегісі.

38. 4 тоқсан (8 сағат):

1) төртбұрыштағы өрнек. Дөңгелектегі өрнек. Сәндік сурет салу. «Балта», «Балдақ»

- 2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Көктемдік бұтақ (қызылтал, жұпаргүл);
- 3) тақырыптық сурет салу «Көктем гүлдері».

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны (34 сағат)

39. Тікелей заттың өзіне қарап сурет салу (12 сағат):

- 1) балаларды суреттің объектісін талдауға үйрету(құрамдық бөліктердің түрін, түсін, көлемін, анықтау);
- 2) тікбұрышты заттарды бейнелеу дағдыларын дамыту;
- 3) параққа байланысты, суреттің үлкендігін дұрыс анықтау;
- 4) заттың құрылымын суретте жеткізу;
- 5) сурет салу кезінде осьтік сызықтарды қолдануды үйрену; заттарды бейнелеуге сәйкес келетін түстерді таңдау.

40. Декоративтік сурет сату (8 сағат):

- 1) балаларды осьтік сызық қолданып, тікбұрышта және төртбұрышта орнаментті ретімен құрауды үйрету;
- 2) шетін, бұрыштарды, ортасын толтырып, өрнекті симметриялы орналастыру; дөңгелекте декоративті элементтерді орналастыру; бояуларды қолдану.

41. Тақырыптық сурет салу (9 сағат):

- 1) оқушылардың көру елестері мен икемділігін дамыту; парақта суретті дұрыс орналастыруға үйрету;
- 2) көлденең сызық, алыстағы және жақындағы заттар, алдыңғы, кейінгі жоспар туралы білімін бекіту.

42. Бейнелеу өнері жайлы әңгіме (5 сағат): оқушылардың бейнелеу өнеріндегі қарастырылып жатқан шығарманың мазмұны бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап беруін қалыптастыру; бейнелеу өнеріндегі жанрлар, олардың ерекшеліктері және белгілері жайлы қарапайым білім бекіту.

43. Үлгі түріндегі тапсырмалар.

44. 1 тоқсан (9 сағат):

- 1) жолақтағы өрнекті өздігінен құрау;
- 2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: еменнің жапырағы, шетен ағашының бұтағы, көкөніс пен жемістер, ойыншықтар. Тақырыптық сурет салу «Күздегі ағаштар»;

3) суреттер – пейзаж. Суреттер – натюрморттар;

4) сюжеттік сурет «Күздік күн».

45. 2 тоқсан (7 сағат):

- 1) төртбұрыштағы өрнек (суық немесе жұмсақ түсті). Қар бүршігі (үлгі бойынша);
- 2) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: ойыншық-кішкентай стакан;

- 3) сюжеттік сурет «Машина көшеде»;
- 4) тақырыптық сурет салу. «Қыстық орман». «Мерекелік салют».

46. 3 тоқсан (10 сағат):

1) кілемге, дөңгелекке, үшбұрышқа өрнектің суретін салу және құрау. Табиғи заттардың пішіндерінен қазақ халқының орнаменті;

2) сюжеттік сурет. «Бауырсақ» ертегісі;

3) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу: жиналмалы пирамида, ара, домбыра.

4) қазақ халқының декоративті-қолданбалы өнері.

47. 4 тоқсан (8 сағат):

1) матрешканың сәндік қолы;

2) сюжеттік сурет «Көктем күні»;

3) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Көбелек- ақ көбелек. Көктемгі гүл шоғы.

Тақырыптық сурет салу. «Наурыз»;

4) натюрморт. Гүл. Пейзаж. Жаз.

7. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

48. Оқушылардың дайындық деңгейі пәндік, тұлғалық, жүйелі-әрекеттік нәтижелерін ескере отырып бағаланады.

49. Пәндік нәтижелер екі көріністе бейнеленген: істей алуы керек және білуі керек.

50. Пәндік нәтижелері. Дайындық сынып оқушылары:

1) спектрда түстердің қойылу ретін; түстерді ажырату және атай (қызыл, жасыл, с а р ы , к ө к) ;

2) негізгі геометриялық фигураларды (шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақша, дөңгелек) көрсетіп, атай білуі керек.

51. Оқушылар:

1) партада (үстелде) дұрыс отыруды;

2) пішіні қиын емес үлгіні (трафарет) қарындашпен белдеулей алуды, паракқа мұғалімнің қойған нүктелерін қосуды, тік, көлденең, көлбеу, дөңгелектенген (тұйық және тұйық емес) сызықтарды қолдан жүргізуді;

3) суретті түрлі-түсті қарындаштармен бояуды;

4) мұғалімнің көмегімен суретте заттың негізгі пішінін жеткізуді меңгеруі керек.

8. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

52. Пәндік нәтижелері. Оқушылар:

1) түстерді ажыратып және атын атай: қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қ ы з ғ ы л т - с а р ы ;

2) негізгі геометриялық фигураларды және заттарды танып, көрсете: дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақша мен дөңгелекті ажырата білуі керек.

53. Оқушылар:

- 1) суретте заттың негізгі пішінін жеткізуді;
- 2) балаларға таныс заттардың, жануарлардың, өсімдіктердің суретін иллюстрацияда тану және ажырата алуды; оларды өзара пішініне, түсіне қарай салыстыруды меңгеруі керек.

9. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

54. Пәндік нәтижелері. Оқушылар:

- 1) түстердің спектрда орналасу ретін;
- 2) түстердің атауын: қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, сарғылт, күлгін, қара, ақ;
- 3) өрнектегі элементтердің қайталану немесе алмасу принципін түсіне (пішініне және түсіне байланысты);
- 4) қазақ халқының декоративтік-қолданбалы өнері жайлы қарапайым түсініктерді білуі керек.

55. Оқушылар:

- 1) мұғалімнің нұсқауы бойынша парақты бұрмай, керек бағытта еркін, еш қысымсыз сызық жүргізуді;
- 2) дөңгелектенген, тіктөртбұрышты және үшбұрышты пішіндегі заттарды саралауды және оларды атауды;
- 3) дөңгелектенген, тікбұрыш, төртбұрыш, үшбұрыш заттардың пішіндерін қолдан бейнелеуді;
- 4) формасы, түсі, пішіні бойынша екі затты салыстыруды;
- 5) төртбұрышта осьтік сызықтар жүргізу;
- 6) иллюстрацияда халық ертегілеріндегі кейіпкерлерді тануды меңгеруі керек.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

56. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

- 1) ашық және күңгірт түсті реңктерді ажырата: ашық жасыл, күңгірт жасыл, алқызыл, көгілдір және т.б.;
- 2) көркем өнердің жанры ретінде натюрморт жайлы қарапайым түсінікті;
- 3) қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері жайлы қарапайым түсініктерді білуі керек.

57. Оқушылар:

- 1) бейненің кеңістікте орналасуына байланысты парақты дұрыс орналастыруды;
- 2) кеңістіктегі жадайына, пішініне, түсіне, формасына байланысты бірнеше заттарды салыстыруды;
- 3) мұғалімнің басшылығымен суреттің құрылымының реттілігін белгілеуді;
- 4) мұғалімнің көмегімен өзінің суретін талдауды меңгеруі керек.

11. 4 сынап оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

58. Пәндік нәтижелері. Оқушылар:

- 1) сызықтық және ауа үмітінің заң жайлы қарапайым мағлұматты;
- 2) кітаптардың иллюстрацияларында және жыл мезгіл белгілері тән көркем сурет көшірмелерін тани;
- 3) қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері жайлы қарапайым түсініктерді білуі керек.

59. Оқушылар:

- 1) параққа байланысты суреттің үлкендігін анықтауды;
- 2) симметриялы пішінді сурет құрау алдында осьтік сызықты қолдануды;
- 3) суретте бейнеленген заттарға түстерді тандауды және жеткізуді;
- 4) орнаменттерді салған кезде гуашь бояуларымен қолдануды;
- 5) сөйлемде заттардың кеңістік белгілері мен кеңістіктегі қарым-қатынастарын білдіретін сөздер қолдануды меңгеруі керек.

60. Тұлғалық нәтижелер:

- 1) қазақ халқының және Қазақстанның территориясында тұрып жатқан басқа халықтардың мәдениеті мен салтына қызығушылық танытуынан;
- 2) халық ертегілерінің кейіпкерлеріне эмоционалды-эстетикалық қарым-қатынасты білдіруінен;
- 3) эстетикалық қажеттілікті, құндылықты, сезімді игере алуынан;
- 4) қоршаған ортадағы заттардың болмысын салғанда көркем және мақсатты сезімдерде пайдалана алуынан көрініс табады.

61. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) затты бейнелейтін неғұрлым қол жетімді әдістерді қолдануымен;
- 2) өзінің салған суретін мұғалімнің сұрақтары бойынша талдауымен;
- 3) кеңістіктің белгісін және заттардың кеңістіктік қарым-қатынасын білдіретін сөздерді сөйлеу тілінде қолдануымен;
- 4) алынған білімді суреттерді орындағанда пайдалануымен;
- 5) бейнелеу өнерінің қарастырылған шығарманың мазмұнын мұғалімнің көмегімен айтуымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 61–қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-3 сыныптары үшін «Қол еңбегі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Мүмкіндігі шектелген балаларды еңбекке оқыту көмекші мектепте оқу және түзету-тәрбие жұмысының жалпы жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

3. Оқытудың мақсаты:

1) бастапқы технологиялық білімдерді, еңбектік біліктілік және дағдыларды, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту;

2) сенсориканы, қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті елестетуін, әр түрдегі мәліметке бейімделу қабілеттілігін дамыту.

4. Еңбекке оқытудың міндеттері:

1) еңбек және экологиялық мәдениеттің жалпы еңбектік және арнайы біліктілік, дағдалардың негіздерін қалыптастыру;

2) күнделікті өмірде және іс-тәжірибелік әрекеттерде меңгерілген білім және біліктілікті, мәліметті іздеуге, орындауға, сақтауға және қолдануға пайдалану;

3) жеке гигиена ережелерін және еңбек қауіпсіздігі ережелерін орындау;

4) түрлі бұйымдарды өзбеттілі құрастыру;

5) сабақта ұжымдық еңбекті ұйымдастыру.

5. Типтік оқу бағдарламасына сәйкес «Қол еңбегі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 0-1 сынып – аптасына 2 сағаттан, барлығы әр сыныпта 66 сағатты; 2-3 сыныптар – аптасына 2 сағаттан, барлығы әр сыныпта 68 сағатты құрайды.

6. Пәнаралық байланыс басқа пәндерде: «Орыс тілі», «Оқу және тіл дамыту», «Музыка және ән», «Айналадағы әлем», «Бейнелеу өнері», «Математика» алынған біліктілік және дағдыларды қолдану арқылы іске асырылады.

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

7. Қол еңбегі пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады. Кіріспе сабақтары (1 с.): оқушыларды оқу жылының барысында орындау жоспарланған, бұйымдармен

таныстыру. Жасанды заттар жасауға арналған материалдарды атау (қағаз, ермексаз, сым.). Қол еңбегі сабағын өтуде ұстанатын ережелерді, жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айту.

8. Құрылыс материалдарымен құрастыру (3 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) мұғалім әрекеттеріне еліктеу арқылы жәй құрылымды құрастыру. Машина, қақпасы бар көлік тұратын орынды, гаражды құрастыру. Қуыршаққа арналған бөлмеге 3-4 заттан тұратын жиһазды орналастыру. Еліктеу және бейне, сөздік нұсқау бойынша жеке заттардың орнын ауыстыру;

2) жиынтықтың бір бөлшегін басқалардан (одан ұсақ) құрастыру немесе бір құрылыс материалдардың орнына басқа жиынтық элементтерін қолдану жаттығулары (кубиктерден, екі ермексаздан кесек құрастыру);

3) еліктеу бойынша құрастыру: үй, жиһаз. Ойынға қолдануға болатын конструкция құру. Өзінің түсінігі бойынша құрылыс материалдарының әр-түрлі түрдегі жиынтығынан өзара байланысқан бірнеше құрылымды құрастыру.

9. Саз және ермексазбен жұмыс (24 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) илеу материалына даярлық жаттығулары. Арнайы тапсырмасыз илеу – тұтас бөлікті екі қолмен жібітіп, ірі бөліктерге бөлу, қосу. Саз және ермексазды жаю жаттығулары. Жәй геометриялық денелерді орындау. Түсі бойынша ермексазды таңдау жаттығулары;

2) төсеме таяқшада және алақанда қалыңдығы және ұзындығы әр-түрлі бөренені жаю бойынша илеу. Ұлу дайындау. «Ұлудың отбасы» композицияны орындау. Түйіршікті, жаңғақты жабағылану бойынша илеу. Бірнеше бөліктен тұратын (дөңгелек пішіндегі) заттарды жабығалану бойынша илеу. Түрлі көлемдегі көлемдегі үлгі бойынша екі дөңгелек илеу: ақ- қала, жатпайтын-қонжық;

3) алдын ала дайындалған түрлі мөлшердегі шарлардан шынжыртабан орындау. «Парақта шынжыртабан» композициясын жасау. Жемістер және көкөністерді үлгі бойынша илеу. Табиғи материалдан (қарбыз, қауын дәндері, бұршақ), мұғалім ермексазбен қаптаған төс етегіне, нобайға ұлттық өрнекті орындау.

10. Табиғи материалдармен жұмыс (8 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар: Табиғи материалдарды жинау мақсатында табиғатқа саяхат. Түрлі-түсті қағаздан жасалған қағазға кептірілген жапырақтарды жабыстыру (жапырақ үлкен, жапырақ кішкентай). Емен, қайың, үйеңкі жапырақтарынан аппликация дайындау. Кептірілген жапырақтардан қабырға кілемін «түскиізді» дайындау. Әр-түрлі мөлшердегі жапырақтардан аппликация дайындау: балықтар, көбелектер. Балықтар, құстар, кірпіні таңдау бойынша жаңғақтың сыртынан, шышқа және ермексаздан орындау.

11. Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс (22 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар: Бүктеме сызығы бойынша қағазды бүктеу және жыртуды жаттықтыру. Дайын тік бұрышты пішіннен шаршы шығару. Шаршыдан бүктеу арқылы үш бұрыш шығару. Аппликация бейнесі бойынша үйшік, автобус дайындау. Жолақшадағы өрнек бейнесі бойынша,

фигураларды көлемі бойынша кезектестіру (үлкен – кіші). Қағазды бүктеу. Көлемді ойыншықтарды бейне бойынша дайындау: ұшақ, қайық. Мұғалімнің алдын - ала дайындалған, түрлі-түсті қағаздан жолақшалардан шынжыр дайындау.

12. Жіппен жұмыс (4 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар: Материалдың аталуы – жіптер - танысу. Жіптерді түсі, қалыңдығы, байламы бойынша іріктеу. Түрлі түсті жіптерді байлау, домалақтап орау, қатыр қағазға орау. Жіп коллекциясын құру –қалың қағаздың үстіне жабыстыру. Қалың түрлі-түсті жіптерден бау өру.

13. Сыммен жұмыс (4 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар: Сымды шеңбер, төрт бұрыш, бұрышы бойынша майыстыру жаттығулары. Сымды геометриялық фигуралардың графикалық бейнелерінің үстіне қою арқылы геометриялық фигуралардың сұлбасын алу (сым берілген ұзындықта).

3. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

14. Қол еңбегі пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады.

15. Кіріспе сабақтары (1 с.):

1) еңбек туралы әңгіме. Оқушылардың еңбек сабағының ерекшеліктерімен таныстыру;

2) оқушылардың еңбек сабағы барысында өзін ұстау талаптары. Дұрыс жұмыстық қалып және жұмыс орнында тәртіптілікті сақтау. Материалдар мен инструменттерге ұқыпты қарау. Қауіпсіздік техникасын және санитарлы-гигиеналық талаптарды орындау.

16. Түрлі материалдардан құрастыру және моделдеу (4 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар : Үлгі бойынша әр-түрлі ұзындықтағы, түрлі-түсті жолақшалардан көбелек, қоян дайындау (жолақтар ені 1 см), жабыстырманы қолданып тую.

17. Саз және ермексазбен жұмыс (23 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) жолақшалар мен бағаналардан шырша, баспалдақты дайындау. «Ұшақтар орманда» композициясын құрастыру;

2) әр-түрлі көлемдегі бірнеше бөліктен тұратын, ойыншық үлгісі бойынша илеу (пирамидалар, ақ-қала). Дайындалған матрешкалардан композиция құру «көңілді ақ-қалалар». Тақтада әріп және сан рельефтерінің үлгісі бойынша илеу;

3) «Бауырсақ», қазақтың әңгімесі «қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тақырыбы бойынша илеу.

18. Табиғи заттармен жұмыс (8 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) табиғатқа саяхат. Табиғи материалдарды жинау, олардың қасиеттерімен танысу (жапырақтар, гүлдер, дән – шаған и зығыр қанатшалары, бұтанақтар және т.б.);

2) түрлі-түсті қағаздан жасалған қатты қағазға кептірілген жапырақтарды жабыстыру (жапырақ үлкен, жапырақ кішкентай). Кептірілген жапырақтардан үлгі бойынша «гүл шоғыры», «жайлауға» сюжетті картина дайындау;

3) үлгі бойынша ермексаздан кірпіні дайындау (ине, шаған и зығыр қанатшалары, бұтанақтар). Үлгі бойынша ермексаздан және ұсақ жапырақтардан көбелекті құрау. Жаңғақ қабығынан, талшын, айғұлақ, қарағай қабыршығынан кеме, ағаш жапырақтарынан желкен дайындау. Жаңғақ қабығынан аюды, көздерін тұқымнан, мұрын мен ауызын емен жаңғағының басынан, аяқ-қолдарын үлкен емен жаңғағының дайындау.

19. Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс (22 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) қағаз жолақшаларын шаршы, тік бұрыш, үш бұрыштар жасап қию. Жолақшаларда өрнек жабыстыру. Шыршалы безендіру «Кішкене шам» дайындау. Қағаз жолақтарын бүктеме сызығы бойынша аяғына дейін жеткізбей кесу. Бүктеу және жеке композициялар жолы арқылы, бір бөлшектен орындалған, жалаулардан грильянда дайындау ;

2) аппликациялар. Шаршыда үлгі бойынша, өрнек элементтерін қолданып, қазақ нақышын орындау. Үлгі бойынша дөңгелекте өрнекті дайындау (3 -тен көп емес, шаршы, үш бұрыш, тік бұрыш) ;

3) үлгі бойынша, жолақта, дөңгелекте, шаршыда өсімдікті нақышты дайындау. Түсі, пішіні, бойынша кезектестірілген, қазақ нақышын құрастыру.

20. Жіппен жұмыс (8 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) әр-түрлі ұзындықтағы және қалыңдықтағы жіптерді кесуге жаттығулар. Түрлі – түсті жіптен шәпкіге бау дайындау. Жүнді тоқыма жіппен тоқу;

2) сыған инесіне жіпті өткізу жаттығуы. «Ине жоғары – төмен» тесік әдісі бойынша тігу. Геометриялық фигуралар тесігі бойынша тігу. Пішінді түрлі–түсті қарындаштармен бояу.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

21. Қол еңбегі пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады.

22. Саз және ермексазбен жұмыс (24 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) геометриялық денелерді тегіс қалыпқа құю (текше, дінгек). Төсенішті қолданумен дидактикалық материал дайындау: үлкен, кішкентай төртбұрыш және кесек биік, аласа ;

2) жабыстырылған бөлшектерден үй, башня құрастыру. Цилиндрлік пішіндегі заттарды илеу: гүл ыдысының шелекті. Үлгі бойынша стильденген құс, жануарлар фигураларын илеу ;

3) шынайы ойыншық үлгісінен қзбеттілі илеу. «Көктем» тақырыбы бойынша жіңішке бағанамен контур бойынша илеу (үй, күн, ағаштар жапырақтарымен, шөптер, гүлдер) .

23. Табиғи заттармен жұмыс (16 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) табиғи материалдарды жинау мақсатында табиғатқа саяхат. Үлгі бойынша емен

жаңғағынан, шаған қанаттарынан қоянды дайындау; өрік сүйегінен тасбақаны; қайың шыршасынан, жапырақтарынан, қабыршықтарынан үйрек пен балапандарын дайындау. «Көлдегі құстар» композициясын қосымша табиғи материалдарды– жапырақтар, шөптер, гүлдерді және т.б қолданып дайындау;

2) үлгі бойынша кептірілген жапырақтардан композицияны құру (макеттер); «Жыл басы» әңгімесіне ұжыммен макетті дайындау. Табиғи материалдардан онымен бірге қолда бар дайын материалды (таяқшалар, клей және т.б) қолданып жәй жануарлар фигураларын дайындау.

24. Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс (16 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) дәнек, тұқымды сақтауға қағаздан сөмке дайындау. Оны ұлттық өрнек «гулмен» аппликациялау бойынша безендіру. Үлгі бойынша жұқа қатырмақағаздан ажыратпа затын орындау. Қайшымен тік және қисық сызық бойынша кесу;

2) кітаптың арасына салғышты дайындау. Қатырмақағаздан шырша ойыншықтарын дайындау (көкөністер, жемістер, жануарлар фигураларын). Қатырмақағазды бір жағына түрлі –түсті қағазды жабыстыру;

3) аппликациялар дайындау және оны кітаптың арасына салғышқа жабыстыру; үш бұрыш пішініндегі «тумарша» дайындау, оның бір жағына түрлі –түсті қағазды жабыстыру. Тұмарды ұзын жіппен бекіту.

25. Тоқыма мата материалдарымен жұмыс (12 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) шоқ жіптен, қатты жіп, тесьмадан фигураларды (қыз баланы, ұл баланы) дайындау ;

2) дайын пішін бойынша шаршы немесе тік бұрышты матада пішу жаттығуы. Ішкі және сыртқы жағы нақты айқындалған маталар жиынтығын құрастыру;

3) «Бауды» шаншып тігуді орындау: шақпақ қаға сызындағы жаттығулар. Селдір матадан немесе ірі өрімді матадан белгі бау орындау. Белгі баудың аяғын безендіру.

5. Оқу пәнінің 3–сыныптағы базалық білім мазмұны

26. Қол еңбегі пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады.

27. Табиғи заттармен жұмыс (12 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) табиғи материалдарды жинау мақсатында табиғатқа саяхат;

2) өзбеттімен жүгерінің дәнінен, жаңғақтың сыртынан, сым, ермексаз, арша шышқалары, күнбағыс дәнегінен: үкі, өрмекші, керік, шегіртке дайындау;

3) түрлі материалдардан ойластыру бойынша көлемді бұйымдарды дайындау (экскурсиядан кейін, кітапты оқығаннан кейін, кинобейне көргеннен кейін). Ойластыру бойынша «Бәйге» қазақтың ұлттық ойыны тақырыбына композиция дайындау: жануарлар фигуралары – жылқыларды; адамдарды.

28. Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс (26 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) қатырмақағазды қағаз және парақ жолақтарымен рамалау. Тегіс табиға

материалдарды орнатуға арналған үлгі бойынша шаршы және тік бұрышты формадағы а с т ы н а қ о й ң ы ш т ы д а й ы н д а у ;

2) қатты түрлі-түсті қағаздан көлемді пішіндегі әсемдеуіш заттарды дайындау: екіге бөлінген, үш немесе төрт шеңберден тұратын қалта шамын; екі бөлшектен саңырауқұлықты, үш бөлшектен ракета. Жаңа-жыл кешіне маскалар мен жартылай маскалар дайындау. Күрделі конфигурациядан тұратын үлгі бойынша қатырмақағазды және қағазды ажырату. Күрделі конфигурациядағы қазақ өрнектердің жеке бөлшектерін қатырмақағаздан және қағаздан дайындау: «сынық мүйіз», «түйе-табан». Қалдықты материалдардан шырша ойыншықтарын дайындау. Жіңішке қатырмақағаздан ашық қобдиша дайындау;

3) шаблон және сызғыш бойынша қорабшаның қабын бөлу. Қорабшаны екі әдіспен жабыстыру: қағаз жолағымен жабыстыру және түйістіру. Жұмыс үлгі, мұғалім жұмысының жеке тәсілдерін көрсету бойынша орындалады.

29. Сыммен жұмыс (6 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар:

1) тізбекті жұмсақ түсті сымнан дайындау. Бұйымдарды мұғалімнің жұмыс тәсілдерін көрету арқылы орындау: өзекке жұмсақ сымды өру және бөлшектеп сақиналар кесу, сақиналардан моншақ теру;

2) үлгі және контурлы сурет бойынша балық, құстар, жануарлар фигураларын д а й ы н д а у .

30. Тоқыма мата материалдарымен жұмыс. Жіппен жұмыс (18 с.). Іс-тәжірибелік ж ұ м ы с т а р :

1) бірнеше жіппен тоқылған орама дайындау. Көкөністерді, жемістерді, гүлдерді алдын ала тесу бойынша тігу. Түрлі-түсті қарындаштармен бояу;

2) қисық шаншып тігумен таныстыру. Жұқа қатырмақағаз жолағында дайын тесіктер бойынша тігуді жаттығу;

3) қазақтың өрнектерін алдын ала тесу бойынша шаршы түріндегі қағазды тігу. («сынық мүйіз», «түйе-табан»). Түрлі-түсті қарындашпен бояу.

31. Саз және ермексазбен жұмыс (6 с.). Іс-тәжірибелік жұмыстар: ермексаздан қатырмақағаздан түрлі түсті шарлармен жануарлар контурын қою (көбелек, қоңыз, қолтырауын, керік).

6. Дайындық сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. Пәндік нәтижелер. Оқушылар білуі керек:

1) құрылыс материалдарымен құрастыру бөлімі бойынша техникалық білімдер: «Құрылысшы» жиынтығының әр-түрлі түрлерімен танысу; материалмен (ағаш) оның қасиеттермен, мөлшерімен, бөлшек конструкциясымен, түсімен таныстыру. Құрылыс жиынтығының әр-түрлі түрлері туралы мәліметті бекіту. Ағаштан құрылыс жиынтығының әр-түрлі түрлері туралы жәй мәліметтер;

2) техникалық білімдер. Материалдың аталуы – ермексаз. Ермексаз қасиеттерімен танысу. Ермексазбен жұмыс істеу ережелері. Ермексаз түсі: қызыл, көк. Ермексазды жұмысқа дайындау тәсілдері: жылыты және езу. Бөлшектерді жағу бойынша біріктіру. Жәй композицияларды орындау. Заттарды үйкекке белгілі бір кезектілік бойынша орналасу туралы түсінік. Заттарды жасауда ермексазды қолдану. Илеуді орындауға арналған жұмыс орнын ұйымдастыру. Илеу кезінде санитарлы –гигиеналық талаптарды орындау. Жасанды заттарды атау. Үлгі мөлшерімен ермексаз кесегінің көлемін сәйкестендіру. Өрнекті орындау кезінде қолданылған, материалдар түрлері. Илеу кезінде санитарлы –гигиеналық талаптарды орындау;

3) техникалық білімдер. Табиғи материалдар туралы жәй түсініктер. Табиғи материалдардың ерекшелігі: түсі, көлемі, пішіні, кептірілген гүлдер мен жапырақтардың нәзіктілігі. Аппликация түсінігі. Ермексаз және қатырғышты қолдану а я с ы ;

4) техникалық білімдер. Материалдарды атау: қағаз, қағаздың ерекшелігі: бүгіледі, қыртыстанады, жыртылады, дымқылды сіңіреді онымен қаттылығын жоғалтады. Қағаздың негізгі түстері. Қағаздың қасиеті- жабысады. Өрнек және орнамент түсініктері. Геометриялық және өсімдік әліптес бедерлер өрнегі. Өрнек, орнаменттерді құру ережелері, кезектестіру қағидасы;

5) жіппен жұмыс. Техникалық білімдер. Жіпті қолдану. Жіптің ерекшелігі мен қасиеті: жіңішке, қалың, қалың, шатасады, байланысады, жыртылады, әр-түрлі түстерге б о я л а д ы ;

6) сыммен жұмыс бөлімі бойынша техникалық білімдер. Материалдың аталуы, ерекшеліктері, түрлері. Сыммен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

33. Оқушылар жасай алу керек:

1) екі бөлшектен тұратын еліктеу арқылы кейбір жәй құрылымдарды орындауды; түстерді қабылдауды дамыту және құрылыс жиынтығының бөлшектерін ажырату, айқындау, пішіні, түсі бойынша сәкестендіру біліктілігін дамыту жаттығуларын о р ы н д а т у ;

2) үлгі бойынша жәй құрылысты орындау. Үлгілер бойынша құрылыс элементтерін іріктеу. Қажет болағанда бір элементтерді басқалардың орнына қолдана білу. Мұғалімнің әрекетінен кейін үлгі бойынша қуыршақ бөлмесінің жиһаздарын орналастыру. Қуыршақ бөлмесінде мұғалім көмегімен жоспарға сәйкес жиһаздардың орнын ауыстыру. Жиһаздың жеке заттардың мұғалімнің әрекетіне еліктеу және үлгі бойынша орнын ауыстыру. Екі бөлме жоспарын салыстыру (бөлмеде нені ауыстырды?, орындық өай жерде тұрды?, орындық енді қай жерде тұр?, Төсекті енді қай жерге қ о й д ы ?) ;

3) мұғалімге еліктеу бойынша ермексазды екі қолымен жібіту, жаю және илеу. Ермексазды алақанда және таяқшада жан-жаққа домалату. Бөлшектерді желімдеп жапсыру. Ермексаз бағаналарының майысуын орындау. Мұғалімнің көмегімен

композицияларды орындау. Бөлшектерді тұтасқа біріктіру. Илеуде заттардың негізгі қасиеттерін жеткізе білу және оларды атау (домалақ, үлкен- кіші, ең кіші, астында-үстінде). Дайын ермексаз кесектерін илеу. Илеудің негізгі тәсілдерін меңгеру. Бұйымның үлгісін жасандымен салыстыру. Дайындаманы ермексазбен біркелкі қаптау;

4) дайындаманы табиғи материалмен қаптау. табиғи материалдардың түрлерін ажырату, табиғи материалды сұрыптау. Жұмысқа қажетті, табиғи материалды іріктеу. Оқытушының көмегімен жұмысты орындай білу. Мұғалімнің көмегімен жұмысты орындай алу. Композиция бөлшектерін кезектілі жабыстыру. Бастыру бойыша кептіру. Оқытушы таңдауы бойынша табиғи материалдардан бұйымдарды жинау;

5) қағазды бүктеу, үтіктеуді қолдау. Бүктеме сызығы бойынша қағазды жырту. Қағаз жолақшаларын түстері бойынша іріктеу. Мұғалімнің көмегімен бөлшектерді біріктіруді орындау. Мұғалімнің басшылығымен жабыстыратын қарындаштың көмегімен қағаз жолақшаларын жинау. Қағазды түсіне қарай іріктей білу. Қағаздың тік бұрышын қайыру арқылы екіге бөліп, негізгісіне жабыстыр. Қағаз жолақшасында өрнекті орындау. Заттарды пішіні, түсі, көлемі бойынша кезектестіру. Мұғаліммен бірге кезектесіп жұмысты орындау;

6) жіп коллекциясын құрастыру. Бір жіптен бау тігу;

7) мұғалімнің көмегімен сымды бүгу. Геометриялық фигуралардың сылбаларын алу

7. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

34. Пәндік нәтижелер. Оқушылар білу керек:

1) техникалық білімдер. Қағаз жолағынан домалақ пішіндегі жасанды затты құру ережелерімен танысу;

2) техникалық білімдер. Бөлшектерді жағу мен қысу арқылы біріктіру. Ермексаздың ерекшелігін. Ермексаздың әр – түрлі түстерін. Ермексазды жұмысқа дайындауды. Жұмыс орнын ұйымдастыру және санитарлы-гигиеналық талаптарды орындауды. Илеудің түрлерін: тегіс (рельеф). Илеуде қолданылатын жабдықтар, олардың аталулары және атқаратын қызметін. Жұмыс орнында материалдар мен құрал – жабдықтардың орналасуын. Илеуді орындау кезінде санитарлы–гигиеналық талаптарды орындауды. Заттарды кезектілікпен бір заттың үстіне орналастыру туралы түсінік қалыптастыру;

3) техникалық білімдер. Табиғи материалдардың ерекшеліктері. Кептірілген жапырақтар мен гүлдердің нәзіктілігі. Жинау және сақтау. Жұмыс кезінде қолданылатын, табиғи материалдардың ерекшеліктері: түсі, пішіні, қаттылығы және жұмсақтығы, сыртының ерекшеліктері;

4) техникалық білімдер. Бүгу сызығы түсінігі. Қағаздың негізгі түстері мен түрлері (газетті, сурет салуға арналған қағаз, түрлі-түсті). Қайшымен қауіпсіздікті сақтау

ережелері. Қағазбен жұмыс кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру және санитарлы-гигиеналық талаптарды орындау. Мерекеге бөлме безендірулері. Кесетін құрал-жабдықтармен және клеймен жұмыстың қауіпсіздік ережелері. Қағаздан жасалған бөлшектерді клейдің көмегімен біріктіру. Қазақтың ою-өрнектерінің элементтерінің символикалық аталулары мен мәні. Ою-өрнек мәнерін құрастыру ережелері, кезектестіру қағидалары. Қалып бойынша белгілеуде қағазды үнемді қолдану. Түсініктер: қию, ажырату. Нышанда қағаз түстерінің сәйкестіктері;

5) техникалық білімдер. Бұйымдардың аталуын білу. Түс сәйкестіктері туралы жәй түсініктері. Жіпті қолдану және оның қызметі. Жіптің ерекшеліктері: қалыңдығы, жеңіл кесіледі, түсі. Жіппен жұмыс істеуге арналған құралдар және олардың атқаратын қызметі. Қайшы, ине. Пішінді бояуға арналған қарындаштың және жіптің түстерінің с ә й к е с к е л у і .

35. О қ у ш ы л а р ж а с а й а л у к е р е к :

1) түрлі –түсті қағаздан (1 см) тік сызық бойынша жолақты қия алу. Клей жағып, жеке бөлшектерді дөнгелек (көбелектер, қояндар) түріне жабыстыру. Ойыншықтарды нұсқау және мұғалімнің үлгісі бойынша құру;

2) ермексазды домалату және жаю. Заттарды илеу, композициялар құрастыру. 2-3 бөліктен пирамида бөлшектерін домалатып жасау, түрлі көлемдегі 3 шардан ақ-қаланы ж а с а у ;

3) тақтайшада рельефті бейнелерді илеу (сандар мен әріптер). Жануарлар бөліктерін домалатып жасау. Оларды майлап жағу бойынша біріктіру. Жануарларды тақтайшаға б е к і т у ;

4) мұғалімнің көмегімен жасанды заттың үлгісіне сүйене отырып өзінің жұмысын ұйымдастыру, мұғалімнің ауызша нұсқауына операцияларды орындау. Араластырып жағу бойынша ермексазбен табиғи материалды біріктіру. Табиғи материалдардың бөлшектерін ермексазға енгізу. Көлемді табиғи материалдардан бұйымдарды, ермексазды біріктіру және сылау, енгізуді қолдану арқылы орындау;

5) бүктеу сызығы бойынша қағазды қию. Қағаздың негізгі түрлерін ажырату. Екі қолдың синхронды жұмысы: оң қол қайшымен - кеседі, сол қол беріп тұрады, ыңғайлап . Түзу сызық бойынша қайшымен кесу. Қағаз жолақтарын бүктеме сызығы бойынша аяғына дейін жеткізбей кесу. Тік сызық бойынша кесу (жолақ). Үлгіге сүйену арқылы қ о с ы м ш а б ө л ш е к т е р д і б і р і к т і р у ;

6) шаршы және шеңберде нақышты құру кезінде үлгіні қолдану. Мұғалім үлгісіне сүйене отырып қию және жабыстыру. Қағаз тегістігі және бір- біріне қатысты аппликация бөлшектерін орналастыру. Өсімдік нақышына түсі бойынша қағаз таңдау. Мұғалімнің көмегімен орналастыру. Өсімдікті нақыштың жәй бөлшектерін өзбеттілі кесу. А п п л и к а ц и я б ө л і к т е р і н ж а б ы с т ы р у ;

7) жіпті қатырма қағазға кесу, орау және қыл қаламды жасағанда байлау. Жіпті

инеге өткізуді. «Ине жоғары – төмен» тесік әдісі бойынша тігуді, геометриялық фигураларды бояй алу керек.

8. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. Пәндік нәтижелер. Оқушылар білуі керек:

1) техникалық білімдер. Түсініктер - геометриялық денелер (текше, дiңгек). Тану және атау. Жұмыста қолданылатын құрал-жабдықтар: сызғыштар, төсемелер. Жұмыстың қауіпсіздікті сақтау техникасы. Оқушыларды керамикалық бұйымдармен, декорды ыдыс-аяқпен таныстыру. Қазақ елінің үйге қажетті керек-жарақтарымен таныстыру; құстар мен жануарлардың пропорциялары;

2) техникалық білімдер. Ермексаз көмегімен бөлшектерді біріктіру тәсілі. Операцияларды атау (біріктіру, ендіру). Бөлшектерді жабыстыруға, ендіруге қолданылатын, материал: ермексаз. Кептірілген жапырақтардың, гүлдердің, шөптердің ерекшеліктері; макетті құру ережесі. Қосымша материалдардың көмегімен бөлшектерді ендіру тәсілдерін бекіту;

3) техникалық білімдер. Қатырмақағазды қолдану және оның қызметі. Қатырмақағаздың қасиеттері мен ерекшеліктері. Қағаз және қатырмақағазбен жұмысқа арналған жабыстыратын құрамдар. Қатырмақағазбен жұмыс кезінде қолданылатын құралдар, олардың атқаратын қызметі: қайшы, үттіктеуіш, үлгі. Қатырмақағаздың түрлері туралы мәліметтер. Түстердің сәйкестіктері. Пропорцияларды ұстану. Материалдарды ұқыптылықпен қолдану; түрлі материалдарды (жіп – тесьманы) түрлі – түсті қағаз және қатырмақағазбен сәйкестікте қолдану;

4) техникалық білімдер. Жіптерді қолдану және олардың қыметін. Адамдардың өміріндегі маталарды қолданулары және олардың тағайындалуы. Қолмен орындалатын өңдемелі шаншып тігудің түрлері: сметалы және «бау». Маталармен жұмыс кезінде қолданылатын құрал-жабдықтарды. Қауіпсіз жұмыстың ережелерін.

37. Оқушылар жасай алу керек:

1) тік бұрышты түрдегі дидактикалық материалды илеуді. Заттарды қысу және копырсыту жолы арқылы илеу. Натураға қарап илеу кезінде пропорцияларды сақтау, материалды қолмен және төсеуіштің көмегімен өңдеу біліктілігін бекіту. Ермексаз арқылы бұйымдардың өзіндік ерекшеліктерін жеткізе алу. Макет бөлшектерінің бөлімдері мен мөлшеріндегі пропорцияны сақтау. Композицияның сырт көрінісін және т ү с і н а н ы қ т а у ;

2) ермексаздың көмегімен бөлшектерді жалғау. Үлгі және кептірілген өсімдіктер бойынша композицияларды құрастыру; композиция фигураларын дайындау, ендіру;

3) берілген сызық бойынша қағазды бүктеу. Бұйымдарды қазақтың өрнектерімен безендендіруді. Қатырмақағазбен жұмыс істеу алуды. Үлгіні жүргізуді. Қайшымен тік және қисық сызық бойынша кесуді, оларды жабыстыруды. Мтапсырманы орындауда

жоспарды ұстануды, қажетті бақылау әрекеттерін іске асыруды (теңістіру, сызғышпен өлшеу). Сызық бойымен, үлгі және тарфарет бойынша тұмардың бөлшектерін орналастыруды. Тұмарды дайындау;

4) қалың жіпті орау (ширатпа жіп, айылқияқ, синтетикалық жіптен), мұғалімнің басшылығымен жіпті түзету, қайшымен байлау. Дайын үлгі бойынша матаны пішуді. Материалды үнемдеп қолдануды. Сметалы шаншып тігуді орындауды. Белгі бауды ірі өрім, «бау» шаншып тігу бойынша матадан немесе селдір матадан тігу.

10. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

38. Пәндік нәтижелер. Оқушылар білуі керек:

1) техникалық білімдер. Жұмыста қолданылатын материалдардың ерекшеліктері: түс, пішін, көлем. Біріктіру түрлері. Құрал-жабдықтар: пышақ, шоқ. Жабыстырғыш құрамдар: клейдің түрлері;

2) техникалық білімдер. Материалдардың қызметі, қатырмақағаздан жасалатын бұйымдарды өңдеменің түрлерін. Қатырмақағаздың және түрлі-түсті қағаздың ерекшеліктері. Безендіру жұмысында қолданатын, қатырмақағаз түрлерін. Қатырмақағаздың ерекшеліктері мен атқаратын қызметтерін;

3) техникалық білімдер. Сымды қолдану және ерекшеліктері туралы жәй түсініктер;

4) техникалық білімдер. Адамдардың тұрмыстық бейнелеу әрекеттерінің тарихында өрудің маңыздылығы. Қисық шаншып тігудің қызметі. Тұрмыстық бұйымдарды безендіруде өрнектің маңыздылығы.

39. Оқушылар жасай алу керек:

1) ермексаз, клей, таяқшалар көмегімен бөлшектерді біріктіруді. Жасанды заттарды үлгі және сурет бойынша дайындай білу. Ойластырылғанға сүйене келе, заттар бейнесін шығаруды орындау;

2) мұғалімнің көмегімен және өзбеттілі жұмыстың жоспарына сүйене отырып, бұйымдарды орындау. Жұмыстарды алдын ала дайындама бойынша, үлгі және өлшеуіштер бойынша орындау. Жұмысты заттық – операциялау бойынша жоспарлау және оларды орындау;

3) мұғалімнің көмегімен өзекке сымды орау. Моншақ жинау. Үлгі бойынша жануарлардың фигураларын дайындау;

4) түсі бойынша жіптерді таңдау және олардан орау, браслет тоқу. Өзбеттілі тапсырмаларда, жіптердің түстерінде, қарындаштарда бағдарлану. Жұмысты орындау. Үлгі бойынша өрнектерді орындау және бояу;

5) жануарлар бөлшектерін бөліктер мен көлемдер пропорцияларын сақтау. Оларды паракта дұрыс орналастыру.

40. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) ойыншықтар, жасанды заттар және аппликациялар жасауда қауіпсіздік

техникасын және санитарлы-гигиеналық талаптарды білуінен;
2) сабақтарда өзара қарым-қатынасты құра білуінен;
3) еңбекке деген қызығушылығын көрсете білуінен;
4) қазақ елінің мәдениеті мен дәстүрлерін сыйлауынан;
5) ұлттық әуенді құрал-жабдықтарды және қазақ елінің тұрмыстық заттарын білуінен көрініс табады.

41. Жүйелі –әрекеттік нәтижелер:

- 1) бұйымдарды құрастырудың жәй тәсілдерін білуімен;
- 2) құрал-жабдықтармен материалдарды дұрыс қолдануымен;
- 3) бұйымдарды дайындауда әрекеттері кезектілікпен орындауымен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 393 бұйрығына 62–қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і
№ 115 бұйрығына 167-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Осы бағдарлама зияты зақымдалған оқушылардың жас ерекшелік және психофизикалық даму ерекшеліктерін олардың білім және біліктілік деңгейлерін ескеріп отырып құрастырылған.

3. Оқу пәнінің мақсаты кіші зияты зақымдалған оқушылардың жалпы дамуына жәрдемдесу, физикалық дамуының, жалпы және сөйлеу тіл моторикасының, ерікті-көңіл күй саласын түзетуге; тұлғалық жағымды сапасын (дисциплинарлық, ұжымдық, достыққа ықылас білдіру), эстетикалық тәрбиелеуге жәрдемдеседі.

4. Түзету ырғағы сабақтарының негізгі міндеттері:

- 1) қимыл-қозғалыс саласын дамыту: қимыл-қозғалыстардың ұйымдасқандығы,

мақсаттыбағытталғандығы, саздылығын және жатықтылығын;

2) ырғақ сабақтарына жағымды көз- қарасты қалыптастыру;

3) ырғақ сезімін қалыптастыру;

4) балаларда музыкамен сазды және ырғақты қимылдай алу, қимылды музыканың қарқынымен және ырғағымен сәйкестендіре алу қабілетін дамыту;

5) ептілікті, тепе тендікті сақтау сезімін, кеңістікте бағдарлай алуын, қимыл-қозғалыс координациясын қалыптастыру;

6) би қимылдарын үйрету;

7) қимылдың айқындылығы бойынша және бейнені жеткізе білуі бойынша жұмыс;

8) музыкаға деген көңіл-күйлікпен жауап беруін, жоғарлығы, күші, ұзақтығы, тембрі, сипаты бойынша ажыратуды үйрету;

9) қимылды есте сақтауын дамыту;

10) тәртіптілікті, достық сүйгіштікті, ұжымдық сезімін тәрбиелеу.

5. Музыка және ырғақ сабақтары жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған бастауыш сыныптардың типтік оқу жоспарына дайындық сыныбынан бастап 4 сыныпқа дейін – аптасына 1 сағаттан қарастырылған. Бір жылда дайындық және 1-ші сыныпта 33 сағатты, 2-4 сыныпта 34 сағатты құрайды.

6. Ырғақ бойынша бағдарлама бес бөліктен тұрады:

1) кеңістікте бағдарлай алуға бағытталған жаттығулар;

2) ырғақ-гимнастикалық жаттығулар;

3) балалардың музыкалық аспаптарымен орындалатын жаттығулар;

4) музыканың сүйемелдеуімен орындалатын ойындар;

5) би жаттығулары.

7. Оқыту процесінде пәндер арасында пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады: «Емдік дене тәрбиесі», «Дене тәрбиесіне бейімдеу», «Психомоториканы және сенсорлы үрдістерді дамыту».

2. Оқу пәнінің дайындық сыныптағы базалық білім мазмұны

8. Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар:

1) жүру мен жүгірудің дұрыс дағдыларын қалыптастыру: қолды бос жіберіп, аяқты кең басып жүру; бірінің артынан бірі, қосарланып, шашыраңқы, бөлменің барлық кеңістігін қолданып, бір-біріне кедергі келтірмей жеңіл, ырғақты жүгіру. Заттар арасымен сап бойынша жүру және жүгіру. Бір бірінің қолдарын ұстап, шеңбер құрып жүру және жүгіру; аяқтың ұшымен және өшкемен жүру;

2) жүру кезінде педагогтың белгі беруі бойынша бұрылуларды (оңға, солға, алдыға, артқа) орындау. Түрлі адым (жәй, тез, нақты, спортты, серпінді) бойынша шеңбер ж а с а п с а п б о й ы н ш а ж ү р у ;

3) музыкалық сүйемелдеудің сипатының ауысуына байланысты адым мен

қимыл-қозғалысты өзгерту. Басында педагог қимыл-қозғалыстың алмасуын қол соғу, сылдырмақ дыбысын қолданып айтып отырады;

4) жүріс кезінде қолмен әр-түрлі қимылды (заттармен және затсыз) орындау. Балалар шеңбер бойынан шығып кетпеулерін қадағалау керек. Оңға немесе солға бұрылу арқылы саптан, бір қатар құруға алмаса алуын үйрету;

5) кеңістікте бағдарлана алуын, оқытушымен берілген бағыт бойынша қимылдың бағытын және жылдамдығын орындай алуы біліктілігін жетілдіру. Жүру және жүгіру кезінде қатар тұру, сап құру, бағана құру, шеңбер құру, дұрыс бастапқы қалыпты ала білулері керек.

9. Ырғақты -гимнастикалық жаттығулар:

1) дайындық сыныпта ырғақты-гимнастикалық жаттығуларда–жалау, таяқша, бет орамал, сылдырмақ, жасанды гүлдер, шеңбер, және тағыда басқа түрлі заттарды жиі қолдану арқылы өткізген жөн;

2) қимыл координациясын дамыту. Қол қимылдарын аяқ және дене қимылдарымен үйлестіре білуін үйрету.

10. Бұлшық еттердің жеке бөліктерін дамытуға жәрдемдесетін, жаттығулар. Иық бөлігінің бұлшық етіне арналған жаттығулар: қолдың затпен және затсыз, алдыға, артқа, жоғарыға қарай қимылдары; тұрып, еденде отырып, орындықта отыру қалыпында жаттығуларды орындау; таяқшаларды жоғары көтеру, иыққа түсіру, қолды алдыға, артқа сермеу, өзінің алдына артына шапалақ соғу; қолды кеуде алдындағы қалыптан екі жаққа сермеу және қайта бұғу; қолмен кезектестіріп және бірге шеңберлі қимыл орындау; отырған орнынан тұру, бір уақытта қолды жоғары көтеріп, аяқтың өкшесіне тұру.

11. Аяқтың бұлшық етіне арналған жаттығулар. Кезектестіріп аяқты алдыға немесе жанына өкшелеп қою; тізеге қайрылған қалыптан оң және сол аяқты кезектестіріп көтеру, тізе астында шапалақ соғу; тізені қолмен, таяқшамен, шеңбермен қамту; аяқтың ұшына тұру; қолдың тіреуісіз, бір қолымен орындықтың арқасынан ұстап тұрып, отырып тұру қимылын орындау; заттарды қолданып, отырып тұру жаттығуын орындау.

12. Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Еденде отырып, аяқты бірге қойып, оңға және солға бұрылу. Аяқты иық енімен бірдей деңгейге қойып, дененің алдыға, төменге және екі жанға иілуі, қолмен аяқ ұшына тию; заттарды алдына және жанына қою, оларды алу; арқаға жатқан күйде аяқты кезектестіріп көтеру және төмен түсіру:

1) арқаны тік ұстауды (сымбаттылық) үйретуге арналған жаттығулар. Босансытатын жаттығулар;

2) ырғақты-гимнастикалық жаттығуларды орындау барысында қимылдардың музыканың дыбысталуымен бір уақытта басталуын және оның аяқталуымен парапар келуін қадағалауға ерекше көңіл бөлінеді. Егер музыкаға кіріспе болса, ол қимылды орындауға даярлық кезі болып қолданылады. Даярлық сыныптарда музыка кенетті кереғар болуы керек.

13. Балаларға арналған музыкалық аспаптармен орындалатын жаттығулар: кейбір музыкалық аспаптардың (дабыра, шылдырмақ) дыбысталуымен танысу өткізу. Дабыраны қолдануды үйрену. Музыкалық туындылардың жеңіл және қатты бөліктерін дабыра, шылдырмақтарды қолданып жеткізу. Дабыра және шылдырмақта ұынылған ырғақты бейнені қайталай алуды үйрету.

14. Музыканың орындалуымен бірге ойналатын ойындар:

1) зиятының бұзылыстары бар даярлық сыныптың балаларының қабылдай алу деңгейлеріне сай келетін, ырғақты әуенге еркін және табиғи түрде қимылдай алуын үйрету ;

2) түрлі қимылдарды әр-түрлі қарқындылықта, ырғақта орындау. Музыкалық сүйемелдеуді қолданып, музыканың орташа, тез қарқынын шапалақ ұру арқылы жеткізе білу ;

3) музыканың түрлі сипатына, динамикасына (дыбысты қатайту, азайту) сай қимылдау, қимылда екпіндерді, күрделі емес ырғақты бейнені белгілей алу. Музыка бойынша орындалатын ойындар. Заттарды қолданып ойналатын ойын-эстафеталары. Ән айту ойындары .

15. Би жаттығулары: бидің жәй элементтерімен және жәй би қимылдарымен танысу : жәй қадам – жұмсақ, домаланбалы, жамбасты жоғары көтеру, жартылай саусақта, толық табанмен топырлату, жарты саусақта жүгіру, бір аяқпен секіру шапалақ соғумен қатар; оң иық арқылы айналу, жұп бойынша айналу. Қыздарға- қолға орамал ұстап би қимылдарын орындау. Қайталанбалы қимылдардан тұратын жәй билерді үйрену.

16. Би және көңілді би :

1) «Кел, билейік» әуені Б.Байқадамовтікі;

2) «Қасқыр. Қақпан» әуені К.Қуатбаевтікі;

3) «Түлкі мен қаздар» әуені К.Қуатбаевтікі;

4) «Айгөлек» қазақтың халық әні. Өңдеме Б.Байқадамов;

5) «Жалаушалармен билеу». Қазақтың халық әуені. Өңдеме Е.Брусилковский;

6) «Гуляем и пляшем» әуені М. Раухвергердікі;

7) «Маленький танец» әуені Н. Александровтікі;

8) «По улице мостовой» орыстың ұлттық әуені;

9) «Танец с воздушными шарами» әуені М. Раухвергердікі;

10) «Пойду ль я, выйду ль я» орыстың ұлттық әуені.

3. Оқу пәнінің 1–сыныптағы базалық білім мазмұны

17. Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар: дұрыс бастапқы қалып. Жүру және жүгіру: тізені қатты жоғары көтеру, тік аяқты алдыға сілтеу және аяқтың ұшын тарту арқылы. Қатарланып тұру қалпынан шеңберленіп тұру қалпына өту. Қимылдардың бағыттылығына бейімделу- алдыға, артқа, оңға, солға, шеңберге, шеңберден. Жәй

заттарды қолданып жүру кезінде жәй қимылдарды орындау.

18. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар. Жалпыдамытушы жаттығулар: еңкею, басты тік ұстау және бұру, иықпен шеңберлі қимылдар (паровоз) орындау. Заттарды қолданумен және қолданбаумен (жалау, сылдырмақ, ленталар) қолдың түрлі бағытында қолдың қимылы. Дененің оңға, солға бұрылуы, еңкеюі (заттарды көтеру, алдына және жанына қою). Заттармен, тіреуішсіз және тіреумен (дөңгелек, таяқша, жалау) тырып тұру. Жоғарға көтеру қалыпында аяқты бұгу, табанды ішке, сыртқа келтіру, жартылай саусаққа тұру. Арқаны тік ұстауды үйретуге арналған жаттығулар.

19. Қимыл-қозғалыс координациясына арналған жаттығулар. Қолды кезектестіріп көтеру және төмен түсіру (оң қол жоғары – сол қол төмен). Оң қолды жоғары, сол қолды –жанғабір уақытта қимылдату; оң қолды алдыға, солды –жоғарға қарай бір уақытта қимылдату. Сол аяқты алдыға, оң қолды алдына қою; оң аяғын жанға, сол қолын жанға және т.б. Қол қалыптарын (позицияларын) үйрену; қол позицияларын жеке және екеі қолмен бір уақытта орындау; қол қимылын баспен, көз қараспен шығарып салу: ырғақтылық бейнелерді тарсылдату, шапалақ ұру, аяқпен топырлату.

20. Бұлшық етті босансытуға арналған жаттығулар. Кішкене алдыға еңкейе келе қолды екі жаққа көтеріп, оқытушының белгісі немесе музыканың ырғағына қарай қолды төмен түсіру; қолды сермеу қимылын үзбей орындау (суды саусақтардан қағу еліктеуі); иықты барынша жоғары көтеріп, оларға қайтадан қалпына жайлап оралуы. Қолдың еркін айналмалы қимылы. Өкшеден дененің ауырлығын аяқтың ұшына және қайта бастапқы қалыпқа (шамшырақ) ауыстыру.

21. Балаларға арналған музыкалық аспаптармен орындалатын жаттығулар:

1) түрлі бағыттағы қол білегінің қимылы. Музыканың жылдамдығының өзгеруімен қол саусақтарын кезектесіп және бір уақыттағы жұдырыққа бууы. Музыкадағы әр екпінге бірінші саусақтың басқаларына сәкестендіруі. Бір қолдың және екі қолдың саусақтарын ашып, жабу, бөлу. Қол саусақтарының ерекшеленуі. Балалар күйсандығында орындалатын қол саусақтарына арналған жаттығулар;

2) жеке орташа жылдамдықта оң немесе сол қолымен бір октаваның бес нотасы көлемінде жоғарлату және бәсеңдету гаммасын орындау. Дабылда екі таяқшамен бір уақытта және әр қайсысын жеке оқытушының санағы бойынша, тақпақты айтумен және айтпаусыз, жәй ырғақтық дыбысты шығару.

22. Музыканың орындалуымен бірге ойналатын ойындар:

1) музыканың сипатымен, динамикасына сәйкес (дауыстап, ақырын) ырғақтылық қимылдарды орындау. Регистрлер бойынша (жоғары, төмен). Музыкадағы өзгерістерге сай би қимылдарының, жүру, жүгіру, секірудің бағытының өзгеруі (жеңіл, билі жүгіру қарқынды спорттыққа ауысады; жеңіл айналмалы секіру-ауыр және т.б);

2) белгілі бір музыканың эмоциональды және динамикалық сипатына сәйкес, балаға жақсы таныс, нақты бейнелерге еліктеуге негізделген, еліктеушілік жатығулар және ойындарды орындау (жануарлардың, құстардың әрекеті, көліктің жүрісі, адамның

і с - ә р е к е т і) ;

3) музыкадағы кенеттік акценттерді шапалақ соғу, топырлату және т.б қимылмен жеткізу. Заттармен бірге орындалатын музыкалық ойындар. Ән айту немесе ауыз екі сөйлеу тілмен сүйемелденетін ойындар.

23. Би жаттығулары:

1) би қимылдарымен танысу. Сергек, биязы, топырлатушы кадам. Жүгіру жеңіл, жарты саусақта орындалатын. Екі аяқта секіру. Тік шоқырақ. Қолды серпу қимылдары. Көңілді орыс биінің элементтері: жәй хор айту адымы, жерге толық табанын тигізетін кадам (қыздарға орамалмен қимылдар орындау);

2) бір аяқпен және кезектесіп топырлату, аяқтың ұшына өкшесіне тұру. Қосарланған қимылдар: жүгіру, жүру, бір орында тұрып айналу. Шеңберде хор айту, топырлату, айналу, шапалақ соғу бойынша орыс көңілді биін орындау.

24. Би мен көңілді би:

1) «Қоян би». Қазақша би. Әуені Курмангазы. өңдеме. В.Питерцевтікі;

2) «Танец рыбок». Әуені Е.Брусилловскийдікі;

3) «Балдырғандар полькасы». Әуені А.Менжанованікі;

4) «Балдырған маршы». Әуені Б.Гизатовтікі;

5) «Маусымжан». Қазақтың ұлттық әні;

6) «Пальчики и ручки». Орыстың ұлттық әуені «Ой, на горе-то»;

7) «Стукалка». Украиндік ұлттық әуен;

8) «Подружились». Әуені Т.Вилькорейскаянікі;

9) «Пляска с султанчиками». Украиндік ұлттық әуен;

10) «Жұппен билеу». Литаның ұлттық әуені;

11) «Пляска с притопами». Гопак. Украиндік ұлттық әуені.

4. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

25. Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар:

1) жүру мен жүгіру дағдыларын жетілдіру. Бөлме бұрыштарында нақты бұрылуды орындаумен қабырғаның бойымен жүру;

2) қатарға тұру, сапқа тұру, тізбектеп тұру, шеңбер жасап тұру, қосарланып тұру. Сапқа екіден тұру, қосарланған қатардан бірден құралған сапқа тұру. Қатардан және шашыранқы қалыптан сапқа тұру;

3) жүру және жүгіру кезінде заттармен жәй қимылдарды орындау: оларды айналып жүгіру, теру, бір-біріне беру, бір орыннан екінші орынға ауыстырып қою.

26. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар:

1) жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды екі жаққа бағыттау, оны алдыға бағыттау, шеңберлі қимылдар, ленталармен орындалатын жаттығулар. Басты алдыға, артқа, жанына бұру, айналдыру. Денені тізені бүгіп, бүкпей иілуі. Дененің қолдың жоғары, екі

жаққа, белге қойылуы бойынша қимылына сәйкес дененің бұрылуы және иілуі. Дененің затты берубойынша(жалау, доп) бұрылу қимылдары;

2) өзінің алдында тұрған, жанындағы заттарды тізені бүкпей төмен түсіру және жоғары көтеру. Оң және сол аяқты кезектіріп алдыға, артқа, жанына, бастапқы қалыпқа қ о ю ;

3) бірден аяқты тізеге бұгу, марштау кезіндегідей. Тұрып немесе отырып табанды қимылдату. Арқаның тіктігіне арналған жаттығулар.

27. Қимыл координациясына арналған жаттығулар:

1) оң қолдың жоғары- төмен қимылдары бір уақытта сол қолдың кеудеге қарай бұгу қимылымен орындалуы (қолды ауыстыру). Оң аяқ пен сол қолдың, сол аяқ пен оң қолдың әртүрлі қиылысты қозғалыстары (оң аяқты жанына шығару және бір уақытта сол қолды иыққа бұгу мен босату қалпына келу);

2) оң аяғының және сол қолының, сол аяғының оң қолының қиылысып орындалуы. Жаттығулар ырғақты музыканың орындалуы бойынша орындалады. Қимылдардың тездетілуі мен бәсеңдетілуі музыкалы сүйемелдеудің өзгерісіне сәйкес орындалады. Берілген жылдамдықта немесе музыканы тоқтатқаннан кейін қимылдарды орындау.

28. Бұлшық етті босаңсытуға арналған жаттығулар. Қолдың бастапқы қалыптан жанына немесе алдына қарай еркін орындалуы. Қолды кезектестіріп және алдыға, артқа , жанына немесе кеуде тұсына серпу. Білекпен серпу (суды саусақтан сілкі, жел соққанда жапырақтардың қимылдарына еліктеуі). Бірде оң, бірде сол аяғын алдыға лақтыру (футбол ойыны кезіндегідей).

29. Балаларға арналған музыкалық аспаптармен орындалатын жаттығулар: білекпен айналмалы қимылдар (күш салу және еркін орындалатын). Біртіндеп жылдамдатылған, жәй қырқынмен бір уақытта бір қолдың саусақтарын жұдырыққа түю, ал басқасын жұдырық күйінен босату. Бірінші саусақтың басқаларымен сәйкестендіру және бір қол саусақтарын екінші қол саусақтарына қарама-қарсы қып сәкестендіру.

30. Балалар музыкалық аспаптарында орындалатын жаттығулар. Балалар күй сандығында орташа қарқынды, екі қолмен бір уақытта, бес нота деңгейінде жоғарғы және бәсеңдеуші гамманы орындау, баян аспабында бір актава деңгейінде гамманы үйрену. Екі таяқпен әр түрлі вариацияда бірдей және кезектесіп дабыл және сылдырмақпен жәй ритмикалық суреттерді орындау.

31. Музыканың орындалуымен бірге ойналатын ойындар:

1) қимылдарды музыканың түрлі сипатына, динамикасына (қатты, орташа, жәй), көресткішіне (жоғарғы, орташа, төмен) сәйкес орындау;

2) музыкада қарқындылық, динамикалық және әуенділік өзгерістерді өз бетімен ажырата алуға және олардың қимылдан бейнеленуін үйретуге арналған жаттығулар. Қимылда екі бөлімді музыканың айырмашылықтарын жеткізу. Еркін орыстың көңілді биінде таныс қимылдарды айқындылықпен орындау. Қимылдарда ойын бейнелерін және әннің мазмұнын эмоциялы түрде және айқын етіп жеткізу. Музыкалы-қимылды

бейнені өзбеттілі құрастыру;

3) заттарды пайдаланып орындалатын әуенді ойындар. Ән айтумен және сөйлеу тілімен сүйемелденетін ойындар. Қолжетімді әндерді сахналау. Дыбысталған әннің ырғақты көрінісін шапалақтау.

32. Би жаттығулары:

1) 1-сыныпқа арналған бағдарлама бойынша би элементтерін қайталау. Жәй жүріс, жоғарғы аттам. Жұмсақ секірмелі қадам. Асықтырылмаған билі жүгіру, қарқынды жүгіру. Бір аяқтан екінші аяққа секіру, жеңіл секіру. Ауыспалы топырлату. Аяқты алдыға лақтыру бойынша секіру;

2) көңілді би элементтері: бір қадам топырлатумен, бір қадам секірумен, ауыспалы қадам; қол дене бойымен еркін қалыпта, кеуде жаққа айқастырылған; бір қолымен жантайып, екіншісі орамалмен жанға жоғары қарай көтерілген, шамалы ілекке иіліккен (қыздарға арналған).

33. Билер мен көңілді билер:

1) «Сергек жүріс». Әуені А.Байдильдаевтікі;

2) «Көлеңке». Әуені К.Куатбаевтікі;

3) «Балықшы». Әуені А.Еспаевтікі;

4) «Ел, балалар, ойнайық». Әуені А.Еспаевтікі;

5) «Қаз қатар». Қазақтың ұлттық биі. Өңдеме. А.Зацепиндікі;

6) «Зеркало». Орыстың ұлттық әуені «Ой, хмель, мой хмелек»;

7) «Парная пляска». Чехтің ұлттық биі;

8) «Веселые дети». Литвалық ұлттық би;

9) «Хлопки». Польша. Әуені Ю.Слоновтікі;

10) «Русская хороводная пляска». Орыстың ұлттық әуені «Выйду ль я на реченьку».

5. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

34. Кеңістікте бағдарлануына арналған жаттығулар:

1) метрлік тамырдың соғуына сәйкес жүру; арқаны тік ұстаған қалыпта, отырып тұру, тізені бүгу, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың өкшесімен кең және қысқа адымдаумен кезектестіріп ауыстырып отырып жүруді орындау;

2) қатарға үштен тұру. Бір топ балаларының бір қадам алдыға шығуы, басқасы бір қадам артқа шығуы бойынша, бір шеңберден екеу құрау, үш жеке кішкентай шеңбер және шоғырласқан шеңберлер құру. Ортақ шеңберден екі немесе үш қадам шығып шеңбер жасау және қайтып ортақ шеңберге оралу;

3) алдыңғы сыныптарға қарағанда күрделірек заттармен қимылдарды орындау.

35. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар:

1) жалпыдамытушы жаттығулар: бастың еңкеюі, жанға бұрылуы, айналмалы қимылдары;

2) қолдың түрлі бағыттағы қимылдары: қолды екі жаққа бағыттау, иықты қамтып кеуде жаққа екі қолды айқастыру; күштеумен қалды екі жаққа созу (резинаны созу);

3) дененің еңкеюге сәйкес бұрылуы; қолдың қимылымен бірге дененің алдыға, ж а н ғ а б ұ р ы л у ы ;

4) күшейту арқылы тізені жанға бағыттап жәй отырып тұру, жәй бастапқы қалыпқа оралу. Аяқтың ұшына тұрып жартылай отырып тұру. Табанның шеңберлі қимылдары. Аяқты алдыға, жанға қою арқылы отырып тұру қимылын орындау;

5) таяқша арқылы өрілген қолдардың арасынан өту. Тік арқаны қалыптастыруға а р н а л ғ а н ж а т т ы ғ у л а р .

36. Қимыл координациясына арналған жаттығулар:

1) оң аяғын бірден жанға қарай бағыттау және қолды жанға жоғары қарай көтеру, шапалақ соғу, басты жанға бұру. Оң қолдың айналмалы қимылдарына сәйкестендіріп сол аяқтың айналмалы қимылдары;

2) заттарды қолдану (ту, доп, дөнгелек, скакалка) арқылы қимылдың күрделі координациясына арналған жаттығулар. Дабыл, сылдырмақ сияқты музыкалық сүйемелдеумен орташа және тездетілген жылдамдықта жәй ырғақты көріністерді бір уақытта шапалақтау және топырлату;

3) жәй ырғақты көріністерді өзбеттілі құрастыру. Оқытушы шапалақ соққанды топырлатын көрсету және керісінше.

37. Бұлшық етті босаңсытуға арналған жаттығулар. Буында қолды түзеу және иықтан саусақ ұшына дейін барлық бұлшық еттің қатаюы; қолды жібермей тұрып, иыққа, саусаққа пассивті бүгілуге мүмкіндік беріп, күштемді азайту (қолдар жұмсақ жастыққа жатқызылған қалыпта сияқты) Қолды жоғары көтеру, барлық денені тіктеу-жарты саусақта тұрып, тездетілген қимылмен бұратылып, тізерлеп отыру (үлкендер және кішкентайлар). Аяқтан аяққа, бір жанынан екінші жанға дене ауырлығын алмастыру .

38. Балалар музыкалық аспаптарымен орындалатын жаттығулар:

1) қол саусақтарын жұмылдыру, ашу, сілку, айналдыру, жұдырық тию және босату. Қол саусақтарына арналған дабылды таяқшалар жаттығуы;

2) балалар күй сандығында, баянда тездетілген жылдамдықта бір актава деңгейінде гамманы орындау. Жәй мелодияларды жаттау. Дабыл және сылдырмақтармен түрлі ы р ғ а қ т а л у д ы о р ы н д а у .

39. Музыканың орындалуымен бірге ойналатын ойындар:

1) қимылдарда музыкалық туындылар бөлімдерін жеткізе білу, музыкалық фразаларды алмастыру. Музыкадағы динамикалық көңілді, тактінің күшті бөлгін қимыл-қозғалыста көрсете білу;

2) түрлі қимылдардың өзбеттілі жылдамдатылуы және баяулатылуы;

3) бидің және қимылдардың таныс элементтерін қолданып, қимылдарды серпілмелі, ж ә й , к е ң а у қ ы м д а о р ы н д а у ;

4) әнді сахналау кезінде ойын кейіпкерлерін сомдау жаттығулары. Қимылмен музыкалы әңгіменің сюжетін жеткізу;

5) импровизацияда ролдермен алмасу. Ойын мен көңілді билерге варианттарды о й л а п ш ы ғ а р у ;

6) бейнелі заттармен іс-әрекеттеу. Ән айтумен бірге орындалатын қимылды о й ы н д а р .

40. Би жаттығулары: 2-сынып бағдарламасы бойынша би элементтерін қайталау. Аяқтың ұшымен қадам, полька қадамы. Қатты секірулер. Көңілді би элементтері; бір аяқты алдыға қойып отырып, тұру, өкшеде тұрып жартылай отырып, тұру. Жұп бойынша қимылдарды орындау: бір орында және жүру арқылы бүйірлі шоқырақ, жартылай отыру. Ұлттық билердің негізгі қимылдары.

41. Билер мен көңілді билер:

1) «Гүлдер-айым». Қазақтың ұлттық әні;

2) «Көктем». Әуені Б.Байкадамовтікі;

3) «Қазақ биі». Ұлттық күй «Келіншек». өңдеме. Л.Хамиди;

4) «Балалар вальсі». Әуені И.Нусупбаевтікі;

5) «Дружные тройки». Полька. Әуені И.Штраус;

6) «Украинская пляска», «Коло». Украиндікұлттық әуен;

7) «Жұп пляскасы». Чехтік ұлттық әуен;

8) «Пляска мальчиков», «Чеботуха».Орыстың ұлттық әуені;

9) «Шапалақ соғу бойынша би билеу». Карельдік ұлттық әуені.

6. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

42. Кеңістікте бағдарлануына арналған жаттығулар:

1) қатардан шахматты тәртіпке ауысу. Бірнеше қатардан бірнеше шеңбер құрып тұру, құрған шеңберді кішірейту және кеңейту. Жәй және шоғырласқан шеңбер құрудан « ж ұ л д ы з ш а », « ә т к е н ш е к » құру;

2) бөлме ортасымен жүру, бір бұрыштан екінші бұрышқа диагональды сызықты белгілей алуды үйрету. Сапта тұрудың барлық түрлерінде, бау, шеңбер, секірмекті қолдану арқылы, дұрыс ара-қашықтықты сақтау;

3) алдыңғы сыныптарға қарағанда, анағұрлым күрделірек заттармен орындалатын ж а т т ы ғ у л а р .

43. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар:

1) жалпы дамытушы жаттығулар. Басты әр бағытта алдыға, артқа қимылдату, айналдыру. Қолдан иыққа қалыптан, қолды алдыға, жанға, жоғары қарай лақтыру. Білектің байсалды, жылдам, кенеттен орындалатын қимылдары. Заттарды беру бойынша, тұрып, отырып орындалатын дененің айналмалы қимылдары. Дененің қолды екі жаққа соумен, басына қоюмен, беліне қоюмен орындалатын шеңберлі қимылдар;

2) аяқ қимылының мүмкін болатын сәйкестіктері: аяқты алдыға, артқа, жанға шығару, тізе бүгу, айналмалы қимылдар, табанның ішкі жағымен жүру;

3) денені тік ұстауды қалыптастыруға арналған жаттығулар.

44. Қимыл-қозғалыс координациясына арналған жаттығулар. Бір уақытта орындалатын қол, аяқ, дене, білек қимылдарының түрлі сәйкестіктері. Біртіндеп жылдамдатылатын, бірден ауысатын қимыл темпіндегі, музыкамен орындалатын жаттығуларды орындау. Бастың үстінен, кеудеде, өзінің алдында, оң жақта, сол жақта, тізде кезектесіп шапалақ соғу. Заттармен (сылдырмақ, дабыл, дағыра), шапалақ соғу және топырлатумен сәйкес келетін, жәй ырғақты суретті өз бетінше құру.

45. Бұлшық етті босансытуға арналған жаттығулар. Қолың салбырап тұрғандағы және бастың төмен қарағандағы қалыппен, бір уақытта жұмсақ босансыған тізе мен денемен бірге орындалатын екі аяқта тұрып секіру («петрушка»). Бас иілулі, аяқтың ұшымен тізе бүгіп отырып-тұру қалпынан біртіндеп басты, денені, қолды жан-жаққа көтеру (ашылып жатқан гүл). Сол қимыл керісінше бағытта (солып жатқан гүл и м и т а ц и я с ы) .

46. Балалар музыкалық аспаптарымен орындалатын жаттығулар:

1) білекпен айналмалы қимылдар (саусақтар жұдырыққа түйілген күйде). Бір саусақты қалғандарына қарама-қайшы қою. Түрлі қарқындылықтағы: баяу, орташа, жылдам, біртіндеп жылдамдату, шапшандылықтың немесе баптылықтың бірден өзгеруі бойынша білек және қол саусақтарының қимыл-қозғалысы;

2) балалар күй сандығында, баян, аккардионда ойнаумен қатар жәй жаттығуларды, әндерді орындау. Таныс әннің музыкалы аспаптарда негізгі ырғағын жеткізу және берілген ырғақ бойынша таныс әндер әуенін анықтау жаттығулары.

47. Музыканың орындалуымен бірге ойналатын ойындар:

1) қимылда метр, ритмикалық суретті, акцентті, музыкадағы қарқындылық және динамикалық өзгерістерді өзбетімен жеткізе білуге арналған жаттығулар. Бөлімдер, музыкалы сөйлемнің ауысуына сәйкес қимылды өзбетінше ауыстыру;

2) кіріспе әуеннен кейін қимыл-қозғалысты бастай білу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар. Ойынның, би қимылдарының элементтерінің жаңа нұсқасын ойлап шығаруды, оларды үйлестіруді, жәй би композицияларын құруды үйрену. Ән айту, ауыз екі сөйлеу тілді сүйемелдеумен орындалатын ойындар. Музыкалы әңгіме, ә н д е р д і с а х н а л а у .

48. Би жаттығулары:

1) 3-сыныпта үйретілген би және көңілді би элементтерін орындау. Қыздарға арналған «Қамажай» қазақ биінің элементтері;

2) ұл балаларға арналған «Қара жорға» қазақ биінің элементтері. Түрлі халықтың билерінің элементтерін ажырата білуді үйретуге арналған жаттығулар;

3) жұптасып биленетін би: үш жәй қадам және бір сырғанамалы қадам, аяқтың ұшы созылған. Серпілі жүгіру. Артқа (арқамен) секірмелі жүру. Толық табанда және

жартылай саусақта жылдамдатылған ұсақ қадамдар. Ұлттық билерді орындауды үйрену

49. Билер мен көңілді билер:

1) «Көктем». Әуені Б.Ерзаковичтікі;

2) «Қамажай». Қазақ биі;

3) «Қара жорға». Қазақтың ұлттық күйі. өңдеме. Л.Хамиди;

4) «Ұйғыр биі». Өңдеме. К.Шилдебаевтікі;

5) «Круговой галоп». Венгер ұлттық әуені;

6) «Кадриль». Орыстың ұлттық әуені;

7) «Бульба». Белорустік ұлттық әуені;

8) «Веселый танец». Украиндік ұлттық әуені;

9) «Өзбек биі». Әуені Р.Глиэрдтікі.

10) «Лезгинка» Грузияның ұлттық биі.

7. 1–сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

50. Пәндік нәтижелер. Оқушылар сапқа тұру және қайта сапты түзудің негізгі қимыл-әрекеттерін; гимнастикалық жаттығулар, салтанатты марштың, билердің негізгі қимылдарын білу керек.

51. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың түзету ритмика бағыттарында өзін ұстау ережелерін орындауынан, сабақтарға дайындалуынан, сапқа бір-бірлеп тұруынан, қатардан өзінің орнын таба білу және сахнаға әуен бойынша ұйымдасқан түрде шыға білуінен, оқытушымен сәлемдесуінен көрініс табады.

52. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) дұрыс бастапқы қалыпымен;

2) еркін шынайы қадаммен жүру, бөлмеде түрлі бағыт бойынша қозғалу, бір-біріне кедергі келтірмеуімен;

3) дұрыс ара-қашықтықты сақтай отырып шеңбер бойынша жүре және жүгіре алуын; қол және аяқпен күрделі емес қимылдарды ырғақты орындай алуымен;

4) қимыл темпін музыкалық туынды темпімен сәйкестендіре алуымен;

5) ойынды және көңілді билер қимылдарын орындауымен;

6) тапсырмаларды оқытушының сөздік нұсқасы және көрсетуі бойынша орындауымен;

7) музыканың дыбысталуына сәйкес қимылдарды бастау және аяқтай білуімен айқындалады.

8. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

53. Пәндік нәтижелер. Оқушылар сапқа тұруды және жұп бойынша қатарға тұру ережесін; би қимылдарын білулері және оларды нақты орындай білуі керек.

54. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың оқытушы талаптарын орындауларынан; би жұбына зейінді және жақсы қатынаста болуынан көрініс табады.

55. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) музыка және қимыл ерекшеліктеріне және мазмұнына сай дұрыс бастапқы қалыпты ұстануды; ұйымдасқан түрде қатарға тұруымен (тез және нақты);

2) жұп бойынша сапта дұрыс ара-қашықтықты сақтай алуымен;

3) оқытушының сөздік нұсқауын, дыбыстық және музыкалық белгісі бойынша керекті қимылдың бағытын өзбетімен анықтай алуымен;

4) музыкаға көңіл бөліп, қимыл темпін орындап, барлық ойындық және көңілді би қимылдарын орындай алумен;

5) контрастілі құрылған екі бөлімді түрде музыкалық туындының бөлімдерінің ауысуын сезінуімен айқындалады.

9. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

56. Пәндік нәтижелер. Оқушылар үштен сапқа тұру, қайта тұру ережелерін білу керек; музыканың негізгі ойнамалы, қарқынды, бапты ерекшеліктерін білу және ажырата алу керек; би, көңілді би қимылдарын білу керек.

57. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) оқытушы талабын орындауынан;

2) сабақта дисциплинаны сақтауынан;

3) би бойынша жұбына зейінмен көңіл бөлуінен;

4) ұжымдық іс-әрекеттері нақты орындай, музыкалы сүйемелдеудің сипатын эмоционалды жеткізуінен көрініс табады.

58. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) оқушылар үш қатарға, сапқа тұра алу үшін бірінші, екінші, үшінші деп саналана алуын; шоғырланған шеңберде үш қатарда дұрыс ара-қашықтықты дұрыс орындай білуімен;

2) музыканы басшылыққа алып, қимылдардың талап етілген қарқын мен бағытының ауысуын өзбеттілі орындай білуімен;

3) азконтрастілі құрылымды екі бөлімді түрде музыкалық туындының бөлімдерінің ауысуын сезіне білуімен;

4) ойын және көңілді би қимылдарында музыканың түрлі қырларын-баптылығын, қарқынын, ойыншылдығын және т.б жеткізе білу; шапалақ соғумен ырғақты суретті жеткізе білуімен;

5) оқытушымен ұсынылған, кез-келген ырғақты қайталай алуымен;

6) өзі сыныптастарына ырғақты ұсына алуын және оның орындалуының дұрыстығын тексеруімен (шапалақтау немесе аяқпен тарсылдату) айқындалады.

10. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

59. Пәндік нәтижелер. Оқушылар музыкада екібөлікті және үш бөлікті түрлерді білулері; кейбір ұлттық билердің негізгі өзіндік қимылдарын білулері керек.

60. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) ұлттық бидің музыкалық көңіл-күйін эмоциональды түрде көрсете алуынан;
- 2) түзету ырғақ сабақтарында алынған біліктілік пен дағдыларды күнделікті өмірде қолдан алуынан;

3) ашық сабақтарда дұрыс және әдемі билей алуын, сынып және мектептің өзбетімен шығармашылық шараларына белсенді қатысуларынан көрініс табады.

61. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) музыкалық үзінді сипаты және құрылуы сипатына қарай жүру және жүгірудің керекті темпін дұрыс және тез таба алуымен;

2) музыкадағы екі бөлімді және үш бөлімді түрлерді ажырата білуімен;

3) қимыл-қозғалыста метр, ырғақты сурет, акцентті белгілей алуынан, музыкалық фразалардың ауысуына сәйкес өзбеттілі қимылдарды ауыстыра алуынан;

4) нақты, ұйымдасқанды түрде бейімделу, көңілді би болса да әуеннің «бұйрығына» бірден жауап беруімен;

5) кейбір ұлттық билердің қимылдарын ажыратуымен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 8

м а у с ы м д а ғ ы

№ 393 бұйрығына 63–қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3

с ә у і р д е г і

№ 115 бұйрығына 168–қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі, оқу және тіл дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру

мақсатымен

құрастырылды.

2. Бағдарлама негізіне зерде дамуы бұзылған балалардың ерік-жігер сферасы мен танымдық әрекеттерін дамытуға бағытталған оқыту жүйесі алынды.

3. Сауаттылықты меңгеру (оқу мен жазудың бастапқы дағдылары) – күрделі психофизиологиялық үдеріс. Оны жүзеге асыру үшін көру, сөйлеу қимыл-қозғалыстық, сөйлеу-есту және кинестетикалық анализаторлар қатысады. Сауаттылықты табысты меңгеру үшін баланың психикалық үдеріс деңгейінде қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу тілі үдерістерінің ерікті реттелуін қамтамасыз етуін болжайды.

4. «Қазақ тілі, оқу және тіл дамыту элементтерін дамыту» сабағының негізгі мақсаты – балаларда қол жетерлік қарым-қатынас құралдарын (тілдік және тілдік емес), жақсы мінез-құлықты, оқудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқытудың қарым-қатынастық бағыттылығы, шынайы жағдайларды сезінуі сөйлеу тілін және сауаттылық элементтерін дамыту сабағының бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыздандырудың негізгі қағидаларының бірі болуы тиіс.

5. Мұғалім бағдарламалық материалды іріктеу барысында әрбір баланың танымдық мүмкіндіктерін және қалыптасатын білімдердің өз бетінше күнделікті өміріне пайдалана алуын ескеру қажет: кейбір балалар жеке сөздер мен сөйлемдерді жазудың қарапайым дағдыларын, кейбір балалар әріптер мен сөздерді, графикалық белгілерді танып білуді және көшіріп жазу дағдыларын үйренеді.

6. Бағдарлама материалдары шартты түрде сыныптарға бөлінген. Алайда, оқу барысында мұғалім балалардың ерекшеліктерін ескеріп, оқу материалын кезеңдерге бөлуіне болады (1-кезең: 1-4 сыныптар, 2-кезең: 5-7 сыныптар; 3-кезең: 8-9 сыныптар).

7. Әр кезеңнің мазмұны құрылымды түрде өзара байланысуы керек. Бағдарламада ұсынылған материалды берілген кезеңде барлық оқушылардың меңгермеуі де мүмкін. Бұндай жағдайда меңгерілмеген кезең тақырыптары келесі кезеңде өтіледі.

8. Сөйлеу тілі және сауаттылық элементтерін дамыту сабағын өткен материалды көп рет қайталау қажеттілігін, өткен тақырыптарға біртіндеп жаңа элементтерді енгізуді ескеріп жоспарлау қажет. Оқытудың барысына қарай, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне байланысты материалды өту қарқыны баяулайды немесе көбейе түседі.

9. Оқытудың бастапқы кезеңінде зерде бұзылысы бар балалардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, сөйлеу тілін дамытуға, танымдық әрекеттерін белсендіруге, оқу мен жазудың элементтерін қалыптастыруға бағытталған сөйлеу тілі және сауаттылық элементтерін дамыту және оқу сабақтарын бірегей кіріктірілген сабаққа біріктіру керек. Сонымен қатар, «Қоршаған әлем», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану», «Өзіне-өзі қызмет ету», «Еңбек және бейнелеу өнері» сабақтарымен де өзара

байланыс

орнату

қажет.

10. Мұғалім игерілетін материал кезектілігін өзгертуге, оны жылдар (сыныптар) мен оқыту кезеңдеріне қайта бөліп қарастыруға, күрделендіруге немесе жетілдіруге,

әрбір оқушыға оқытудың жеке бағдарламаларын жасап шығаруға, оқу жоспары аясында игеретін материал уақытын анықтауға мүмкіндік беріледі. Бір сыныпта оқитын оқушылар бағдарламалық материалдағы оқуының әртүрлі кезеңдерінде (сыныптарында) бола отырып, мұғалім жасаған және білім беру мекемесінің кеңесі бекіткен жеке бағдарламалармен және жоспарлармен жұмыс жасай алады.

11. Сыныпта оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу материалының мазмұнын бірінші кезеңнен үшінші кезеңге дейін кеңейтіп, оқуды келесі тақырыптар бойынша ұйымдастыру ұсынылады:

- 1) «Мен»;
- 2) «Менің отбасым»;
- 3) «Менің үйім»;
- 4) «Менің ойыншықтарым»;
- 5) «Менің мектебім»;
- 6) «Мен қоршаған ортаны танимын»;
- 7) «Жануарлар әлемі»;
- 8) «Өсімдіктер әлемі»;
- 9) «Табиғат құбылыстары».

12. Қазақ тілі, оқу және тіл дамыту элементтерін дамыту бойынша жүргізілетін жұмыс келесідей міндеттері шешуді болжайды:

- 1) көріп қабылдауын және естіп қабылдауын дамыту;
- 2) қимыл-қозғалыс координациясын, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту;
- 3) артикуляциялық моторикасын дамыту;
- 4) сөйлеу тілін түсінуін дамыту;
- 5) балаларда қол жетерлік қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру;
- 6) фонематикалық есту қабілетін дамыту.

56. Өсімдіктер. Көкөністер. Сәбіз, пияз, қырыққабат. Оларды түсі, пішіні, иісі бойынша ажырату. Көкөністердің пайдасы.

57. Жемістер. Лимон, апельсин және т.б. Оларды түсі, пішіні, иісі бойынша ажырату:

1) көкөністердің пайдасы. Көкөністер мен жемістер. Салыстыру. «Бақшада не өседі?» дидактикалық ойын. Көрнекі бейнесі бойынша көкөністер мен жемістердің классификациясы, жалпылама сқздерді қолдану.

58. Жидектер. Өрік, алхоры, бүрген, шие. Жергілікті жидек түрлері:

1) түсі, пішіні, дәмі, иісі бойынша ажырату. Жидектердің пайдалы қасиеттері.

59. Ағаштар. Жергілікті ағаштар: қайың, үйеңкі, шегіршін, емен және т.б (экскурсия)

60. Бөлме өсімдіктері. Сыныптағы бөлме өсімдіктері. Бөлме өсімдіктерін күту (гүл сауитты, сауиттың астына қоятын ыдысты жуу, жапырақтың шаңын сүрту). Гүлдер: раушангүл, қалампыр. Құмыраға салынған гүлдерді күту.

61. Үй жануарлары. Сиыр және шошқа. Сыртқы түрі, денеінің негізгі бөліктері, адамдарға тигізетін пайдасы.

62. Жабайы жануарлар. Аю, ақ бөкен. Сыртқы түрі, жүріс-тұрысы, қоректенуі, мекен ету аясы.

63. Құстар. Сауысқан, тоқылдақ және жергілікті құстар. Сыртқы түрі, жүріс-тұрысы, қоректенуі, мекені. Құстар мен жәндіктерді салыстыру.

5. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

64. Менің үйім. Мекен -жайы, мектепке баратын жол. Отбасындағы сөйлеу мәдениеті:

1) үйдегі бөлмелердің және жататын бөлме, асхана, ас бөлмелеріндегі жиһаздың (үстел, орындық, диван, төсек, шкаф) атаулары. Ересектер мен балалардың отбасындағы еңбегі.

65. Көлік. Жол ережелері. Жол жүру ережелері, көшеден өту ережелері, бағдаршам белгілері. Балалардың көшеде, көлікте қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелері.

66. Менің қалам (ауылым). Қала, ауылдың басты көшелері. Қала, ауылдың негізгі мекемелері (әкімшілік, емхана, мектеп, мәдениет орталығы, мұражай, вокзал).

67. Жыл мезгілдері, табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Жыл мезгілдерінің белгілері, жыл мезгілдеріне қарай өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістер. Қыста табиғаттың маусымдық өзгерістері: түннің ұзаруы, аяз, қар, боран, жапырақсыз ағаштар. Қыстап қалатын құстарды бақылау және тамақтандыру. Көктем айларындағы табиғаттағы өзгерістер: күннің ұзаруы, жылуы, мұз бен қардың еруі, мұз сүңгілері, көктемнің алғашқы гүлдері, ала кеуім жерлер, ағаштардың бүршік жаруы және бірінші жапырақтар, құстардың ұшып келуі, бірінші найзағай. Жаз айларындағы табиғат өзгерістерін бақылау: құрғақ, ыстық ауа-райы, жылы жаңбыр, шөптің гүлденуі. Жазғы өнімді жинау. Бақ және бақшада жүргізілетін күздік, көктемдік жұмыстар.

68. Көкөністер. Осы мекенде көп таралған көкөністерді білу. Қызылша, бұрыш, асқабақ. Тәжірибелік жұмыс: пиязды терезе алдында өсіру, өсуін бақылау және күту.

69. Жемістер. Осы мекенде көп таралған жемістер. Құрма мен анар. Түсі, пішіні, дәмі және иісі бойынша салыстыру. Бақшалық өсімдіктер қарбыз, қауын, оларды түсіне, пішініне, дәміне қарай ажырату.

70. Жидектер. Жергілікті жидектер. Таңқурай, құлпынай, қарақат:

1) түсі, пішіні, дәмі және иісі бойынша салыстыру. Жидектерден дайындалған тосап

71. Бұталар. Қарақат, таңқурай бұталары. Бұталарды ағаштармен салыстыру.

72. Ағаштар. Бұл мекенде жиі кездесетін ағаштар:

1) ағаштың құрылымы: тамыр, діңгек, бұтақтар, ағаштың ұшар басы.

73. Бөлме өсімдіктері. Үлкен жапырақты бөлме өсімдіктері: фикус, бегония. Тәжірибе жұмысы: оларды күту (суару, жапырақтың шаңын сүрту). Салыстыру, ажырату және атау: ағаштар, бұталар, гүлдер.

74. Үй жануарлары. Үй жануарларының төлдерін атау, «үй қояны» тірі табиғат бұрышындағы жануарлар: дененің негізгі бөліктері, қоректенуі, қозғалысы.

75. Жабайы жануарлар. Жолбарыс, архар. Сыртқы түрі, дене мүшелері, өмір сүру салты, қоректенуі, қозғалысы.

76. Құстар. Қараторғай, ұзақ. Сыртқы түрі, дене мүшелері, дененің қауырсындары. Адамдарға тигізетін пайдасы. Қыста тамақтандыру, көктемде құстарды қарсы алуға дайындау. Үйдің қасында құстарды бақылау және құстарға арналған жемшашар.

77. Жәндіктер. Шыбын, қанқыз, маса. Аталуы, сыртқы түрі, мекені.

78. Балықтар. Бұл мекенде жиі кездесетін балықтар. Сазан, алабұға. Сыртқы түрі, дене мүшелері, мекені, қоректенуі, қозғалысы:

1) сыртқы түрі, мөлшері, әрекеті, жануарлар, құстар, жәндіктер, балықтар ортасының мекені бойынша салыстыру.

6. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

79. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

- 1) өзінің аты-жөнін, тегін және отбасы мүшелерінің аттарын, жақын достарының а т т а р ы н ;
- 2) негізгі оқытушы, тәрбиешілердің аты мен тегін; туған қала, ауылдың аталуын;
- 3) суретте жыл мезгілдерін тани;
- 4) оқу құралдарының атауларын;
- 5) тамақта қолданылатын, көкөністер мен жемістер атауларын білуі керек.

80. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) мектептегі және сабақтағы ережелерді орындауынан; күн тіртібін орындауынан;
- 2) жыл мезгілдеріне сай киіне білуінен көрініс табады.

81. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) өзінің от басы мүшелерінің барлығын аттарымен атап, оларды фотоальбомда к ө р с е т е а л у ы м е н ;
- 2) оқу құралдарымен дұрыс пайдала алуымен;
- 3) табиғаттағы өзгерістерді бақылай алуымен;
- 4) республиканың ән ұраны орындалғанда қолдарын кеуделеріне қойып, дұрыс тұра б і л у і м е н ;
- 5) көкөністер мен жемістерді түсі, пішіні, дәмі бойынша ажырата білулері керек. Зағтар атаулары мен табиғат құбылыстарын дұрыс айта алуымен айқындалады.

7. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

82. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) сабақ барысында және үзілістегі кезекші оқушының міндеттерін; оқушының мектептегі ережесін; мектеп құралдарын, олардың атқаратын қызметін; өз үйінің мекен - жайын;

2) негізгі көкөністер мен жемістерді, олардың сыртқы түрін;

3) бағдарлама бойынша үй және жабайы жануарларды;

4) бағдарлама бойынша құстар мен жәндіктерді білуі тиіс.

83. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) мектептегі және сыныптағы ережелерді орындауларынан;

2) оқытушының берген тапсырмаларын орындай алуынан;

3) пәтерде, үй ауласында, сыныпта тазалықты сақтауынан;

4) бөлме өсімдіктерін күте білуінен көрініс табады.

84. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) мектеп ғимаратында бейімделуімен;

2) отбасы мүшелерін дерексіз суреттен атау және ажыратуымен: ана, әке, апа, ата, аға және әпке (үлкен, кіші);

3) үлкендер мен балаларға өтініш, қалауларды, сәлемдесуді білдіруімен;

4) оқу құралдарын және ойыншық заттарын салыстырумен;

5) әр-түрлі жыл мезгілдерінде өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі өзгерістерді бақылауымен;

6) көкөністер мен жемістерді, үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыруды. Заттар мен табиғат құбылыстарын дұрыс атай алуымен айқындалады.

8. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

85. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) өзінің аты-жөнін, тегін, ата-анасының аты-жөнін, жақын достарының аты-жөндерін; отбасындағы балалардың міндеттерін; өзінің туылған күнін; мекен жайын;

2) бала тұратын республика, қала, ауылдың, негізгі көрнекі жерлерінің (өзен, тау т.б.) атауларын;

3) Наурыз, Жаңа-жыл, 8-наурыз мерекелерін; гүлдерді атау-раушангүл, қалампырды білуі тиіс.

86. Тұлғалық нәтижелер:

1) оқушылар мектепте және сабақтардағы ережелерді орындауынан;

2) үй шаруасы бойынша қолдан келетін міндеттерді орындауынан;

3) сынып оқушылары арасындағы жақсы қарым-қатынаста болу, үлкендер мен

сыныптастарына сыйласымдық қатынаста болуынан көрініс табады.

87. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылар:

1) жақын қоршаған ортаға бағдарлана білу: маңайындағы көшелердің атын білу, қоғамдық көлікте өзін дұрыс ұстауды; бөлме өсімдіктерін күтуді (гүл сауытты, сауыттың астына салынатын ыдысты жуу, жапырақтардың шаңын сүрту), гүлдерді сауытқа қоюды, сауыттағы суды ауыстыруды; көкөністер мен жемістерді түсі, пішіні, көлемі, дәмі, иісі бойынша атау және ажыратуды; бағдарлама бойынша үй және жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді тану және салыстыра білу керек.

9. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

88. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

- 1) үйінің мекен-жайын, мектепке баратын жолды;
- 2) бөлмелердің және асхана, жататын бөлме жиһаздарының аталуларын, балалардың көшеде, көлікте, қоғамдық орындарда жүру ережелерін;
- 3) қала, аулдың бастапқы көшелерін;
- 4) жыл мезгілдерінің белгілерін; жыл мезгілдеріне қарай өсімдіктер мен жануарлардың өмірлеріндегі өзгерістерінің тәуелділіктерін; осы мекенде көп таралған көкөністер, жемістер, жидектер; бағдарлама бойынша қарастырылған жануарлардың сыртқы түрлерін; үй және жабайы жануарлар арасындағы айырмашылықтарды;
- 5) жануарлар, құстар, жәндіктер және балықтардың мекенін.

89. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) ата-аналарына, ересектерге қалаулары, сұраулары, тапсырыстары бойынша жүгіне білулері керек және үлкендерге, сыныптастарына сыйластықпен қарау, олардың с ө з д е р і н б ө л м е у і н е н ;
- 2) ересектердің еңбегін сыйлай білуінен, отбасындағы тапсырмаларды орындай білуінен; көшеден өту ережелерін, қоғамдық жерлерде жүру ережелерін орындай бі л у і н е н к ө р і н і с т а б а д ы .

90. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылау жүргізуімен;
- 2) сыртқы көрінісі және дәмі бойынша көкөністер мен жемістерді ажыратуды; терезенің жанында пиязды өсіруімен;
- 3) бөлме өсімдіктерін және мектеп алаңындағы өсімдіктерді күтуімен;
- 4) ағаштарды, бұталарды, гүлдерді салыстыру және ажыратуымен; үй жануарларын күтуімен; бағдарламада берілген үй жануарларын, құстар, жәндіктер, балықтарды атаумен және салыстырумен айқындалады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 67-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 172-қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Музыка және ырғақ» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Аталған бағдарламаның негізіне эмоциялық сфераның және танымдық іс-әрекетінің жетіспеушіліктерді түзетуге бағытталған музыка сабақтарының жүйесі салынған.

3. Оқу пәнінің мақсаты кіші жастағы зияты зақымдалған оқушылардың жалпы дамуына, дене даму жетіспеушіліктерін түзетуге, жалпы және сөйлеу тіл моторикасына, эмоциялық-ерік жігер сферасына, тұлғалық сапаларды дұрыс тәрбелеуге ықпал етеді. (достықтық, тәртіпшілдік, ұжымшылдық).

4. Музыка және ырғақ сабағының негізгі міндеттері болып:

1) музыкалық сабақтарға және олардың мазмұнына оң қарым-қатынастарды қалыптастыру;

2) тембрі, ұзақтылығы, күші бойынша ажырату, музыкаға эмоционалық ықыластықты тәрбиелеу;

3) сезім ырғақтылығын қалыптастыру;

4) музыкалық есте сақтауын дамыту;

5) балаларда қоршаған орта әрекеттерінің ақиқаттылығын және жаңа музыкалық елестерді қалыптастыру;

6) балаларда музыкаға ырғақтап және анық қимылдау қабілеттерін дамыту, қимыл-қозғалысты қарқынмен және ырғақпен сәйкестендіру;

7) ептілік, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлауын, қимыл-қозғалысты координациялауды қалдыптастыру;

8) би қозғалыстарын үйрету;

9) қимыл-қозғалыстың анықтығын және бейнені көрсетумен жұмыс.

5. Орташа ақыл-ойы кем балаларға арналған типтік оқу жоспарына сәйкес музыка және ырғақ сабақтары 1 - 4 сыныптарда – аптасына 2 сағаттан қосылған. Сағат саны 1 сыныпта жылына 66 сағатты, 2-4 сыныптарда 68 сағатты құрайды.

6. Музыкаға тәрбиелеу сабағының бағдарламасы өзіне келесі бөлімдерді қосады:

1) ә н а й т у ;

2) м у з ы к а т ы ң д а у ;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар;

4) музыкалық-дидактикалық ойындар;

5) балаларға арналған музыкалық аспаптарындағы ойындар.

7. Ән айту – зияты зақымдалған балаларға музыкалық іс-әрекеттің қолжетімді және түсінікті түрі. Ән айтуға деген қызығушылығын және сүйіспеншілігін дағдыландыру қиыншылықты тудырмайды. Әндерді орындай, олар музыканы тереңірек қабылдап, өзінің қобалжуларын және сезімдерін белсенді түрде көрсетеді.

8. Ән айту барысында балаларда музыкалық қабілеттері музыкалық есту қабілеті, есте сақтауы, серпіндік сезімдер дамиды. Ән айту сөйлеу тіліне ықпал етеді. Музыка және сөз ұйымдастырушылық сезімдерін дағдыландырады. Ең маңызды емдік тәсілі бар хормен ән айту болып табылады. Әндердің мазмұны және әуендердің әдемілігі қызығушылықты, ән айтушыларды ынталандырып, олардың эмоциялық қобалжуларын байытады. Мұндай психологиялық күйде теріс комплектсер азаяды, ал осының арқасында сөйлеу тілі қиыншылықтары оңай ұсынылады. Ән айту өкпе және барлық дауыс аппараттарын дамытуға ықпал етеді.

9. Әр сабақтың мазмұнына музыка тыңдау кіреді. Музыка тыңдау оған деген сүйіспеншілігін, музыкалық өресін кеңейтеді, музыкалық ұғымдылығын жоғарлатады, эмоционалдылығын, музыкалық қызығушылығын дамытады.

10. Әнді тыңдауға және әнді айтуға тек жоғарыкөркемді, әуендік, өзінің әдемі туындыларымен, әуендерімен, анық формада айтылатындай үйлесімділіктер таңдалып алынады. Осының барлығы әр түрлі зақымдылықтарға орташа зияты зақымдалған балалардың психофизикалық сферасына жалпыпедагогикалық ықпалға әсер етеді (өте қозғыш балаларға сабыр сақтатып және баяу қозғалатын балаларды белсендіру, дұрыс емес және артық қимыл-қозғалыстарды ретке келтіру).

11. Тыңдауға арналған музыкалық туындылар, қысқа болуы керек. Орташа зияты зақымдалған балаларға тез шаршау, жаңғалақтық, зейінін ұзақ уақытқа сақтай алмау, сондықтан әр туынды 5 минуттан аспау керек. Ұзақ музыкалық туындыларды б ө л і м д е р г е б ө л у қ а ж е т .

12. Музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстар. Коррекциалық ырғақ – бұл музыкалық-ырғақтық-қозғалыс синтез әрекеті негізінде жатқан белсенді музыкалық терапия және кинезитерапияның түрі. Арнайы музыкалық-қимыл-қозғалыс сабақтарын ұйымдастыру зияты және сөйлеу тілі зақымдалған балалардың сенсорикалық

қабілеттіліктерін, қимыл-қозғалыс сферасын дамытуға және түзетуге әсер етеді, орташа зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік оңалтуда сөйлеу тіл және қимыл-қозғалыс зақымдылықтарын жоюға ықпал етеді.

13. «Музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстар» бөлімі музыкалық ойындар арқылы ырғақтық сезімдерін қалыптастыруды, би қимылдарын, музыкалық аспаптардағы ойындардың тура бағытталуын болжайды.

14. Оқытудың міндеттері:

- 1) айқын көрінетін музыкаға сай қимыл-қозғалыстарды үйрету;
- 2) музыкалық туындыларда метрикалық бөліктердің пульсациясын бақылау;
- 3) музыкада, қимыл-қозғалыстарда күшті және әлсіз бөліктерді белсенді және айқын көрсету.

15. Музыка және ән айту сабақтарының бағдарламасына сонымен қатар балаларға арналған музыкалық аспаптардағы ойын қосылған. Музыкалық ойыншықтарға және балалардың соқпалы музыкалық аспаптарына ереше назар аударылады, себебі олар балаларды музыка саласына ынталандырады, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және музыкалық сауаттылықтың жеке элементтерімен таныстыруға көмек көрсетеді.

16. Музыкалық аспаптар күрделі және дидактикалық ойындарда қолданылады. Музыка және ырғақ сабақтарында түрлі музыкалық аспаптарды қолдануға болады: ксилофондар, металлофондар, цитралар, ұлттық аспаптар, аккордеон, пианино және мүмкіндігінше синтезаторлар, электромузыкалық аспаптар. Одан басқа, соқпалы және даңғырлатып ойнайтын аспаптар – сылдырмақ, дабыл, үшбұрыштар, қасықтар, таяқшалар, пандейрлер, маракастар, тәрелкелер (хай-хет), барабандар жиынтығы, тамтамдарды кең түрде қолдануға болады.

17. Мұғалімнің міндеті балаларды қызықтыру үшін музыканы ұйымдастыру болып табылады. Бастапқы кезеңде балаларға қарапайым ырғақтық суреттерді түрлі музыкалық аспаптарды ұсынып, педагогпен бірге қайталатуға болады.

18. Музыкамен ойын өткізу барысында мұғалімнің алдында оқушыларды музыкалық-қимыл-қозғалыс бейнелерін құруға үйрету міндеті тұр. Ақыл-ойы кем оқушылардың көпшілігі өзінің қарым-қатынасын музыкада қимыл-қозғалыстарын көрсете алмайды. Оларда музыка ойнаған кезде қимылдауға деген құштарлығын ояту қажет. Ол үшін оларға аталған бейнеге тән әуенмен еліктеу түріндегі тапсырмаларды ұсынған жөн. Бірден орындаудың анықтылығына және нақтылығына көптеген талаптарды қоюға болмайды. Бұл дағдыларды оқушылар түрлі қимыл-қозғалыс жаттығуларын меңгеру барысында бірте-бірте иеленеді.

19. Зияты зақымдалған балаларды биге үйрету бидің элементтерінің және жеке қимыл-қозғалыстардың айқындылығын және нақтылығын дағдыландыру бойынша жұмысты алдын алу. Әр жаттығуға қимыл-қозғалыстың ерекшелігі көрінетін әуен таңдалып алынады. Мысалы, хормен қадам тыныш орыс әуенімен, ал дүрсілдетіп билеу

– көңілді бимен байланысты. Қолдарына ту ұстап жүру кеңінен жүруге мәжбүрлейді. Ашық түсті орамал қызықты және еркін, байсалды және жеңіл билеуге көмектеседі. Байсалды қимыл-қозғалыстарды дағдыландыру қазақ билерін үйренуге ықпал жасайды (« Қ а м а ж а й ») .

20. Бұл бөлімнің тапсырмалары тек дамытушылық сипат емес, сонымен қатар танымдық сипатқа ие болу керек. Қарапайым биге және көңілді биге үйрене, оқушылар олардың атауларымен (полька, гопак, қол ұстасып билеу, жұптасып билеу, вальс), сонымен қатар бидің негізгі элементтерімен танысады (тапылдату, шоқырақ, қадам, полька, ауыспалы қадам, отырып-тұру, қазақ билерінің қимыл-қозғалыстары және Қазақстан ұлтының ұлттық билері). Әр халықтың билерін орындау балаларды халықтық мәдениетке тартады, түрлі ұлттардың билеріне тән ерекшеліктерді табуға, барлық ұлттардың теңдігін мойындау сезімін тәрбиелейді.

21. Көмекші мектептің 2 бөлімінде бір оқу жылында 2-3 биден көп емес биді үйрену ұсынылады. Оқытудың алғашқы кезеңінде балалармен ерте жаттықтырылған билерде және көңілді билерде қайталанатын қимыл-қозғалыстарды нақты таңдау керек. Музыка және ырғақ сабақтарының барлық кезеңдерінде қазақстандық және шетелдік композиторлардың туындыларын музыкамен сүйемелдеу ретінде қолдану қажет.

22. Сөйлеу тілінің ырғағымен жұмыс сабақтың жеке кезеңіне бөлінбейді, бірақ түрлі іс-әрекеттердің үйлесімділігімен педагогпен қарастырылады. Мысалы, ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар, балалардың музыкалық аспаптарында ойнау аздап әндетумен, («Лесенка», «Андрей-воробей» және т.б.), қол ұстасып, әндетіп ойын ойнаумен орындалады. Музыкалық ырғақты сезінуін дамыту тақпақ ырғағымен ұ й қ а с у ы м ү м к і н .

23. Музыка сабағындағы ең бастысы әр баланың шығармашылық белсенділігіне қол жеткізуге қойылатын талаптар болып табылады.

24. Шығармашылық фантазия, әр балаға тән ойынға деген әуестік сияқты, сондықтан бұл табиғи нышандарды үлкен жетістіктермен дамытуға болады. Осы мақсатпен музыкалық сабақтарға музыкалық суырып салмалықты енгізу қажет. Музыкалық суырып салмалықтың құндылығы өте үлкен: олар балалардың шығармашылық қабілеттерін, соның ішінде орындаушылық дағдыларын, сонымен қатар музыкаға деген қабілеттілігін дамытады. Балаларды өздері жаттығуларды құрастыра алады деген ойға бағыттап, оларды бейнелі елестерменен байланыстыра оларға ырғақпен, екпінмен қалай «ойнау» керек екендігін көрсету керек. Бұл ойындардың негізінде бейнелі немесе сюжетті ойлар жатыр. Олар ұжымдық суырып салмалықты және есту қабілетін жаттықтыру үшін еркіндік беруі керек.

25. Қимыл-қозғалыс ойындары, ән айтумен ойындар, драматизациялық ойындар, музыкалық ертегілер, көңілді билер, қол ұстасып әндетіп ойын ойнау, билер, әндер, мейрамдарда, мейрамдық концерттерді өткізуде, шығармашылық байқау-конкурстарында және т.б. қолдану керек.

26. Сонымен, барлық музыкалық-ырғақтық тәсілдер сабақтарының жүйесі баланың физикалық зақымдылықтарына, қимыл-қозғалыс сферасының жағдайына байланысты, музыкалық-педагогикалық жұмыстың әр кезеңінің коррекциалық міндетімен, музыкалық сабақтардың мақсаты және міндеттерімен түрлендіріледі. Музыкалық-ырғақтық тәсілдерді түрлі үйлесімдіктерде көптеген түрін қолдану орташа ақыл-ойы кем балаларды әлеуметтік оңалту мақсатымен шартталған.

27. Музыка және ырғақ сабақтарын қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған кең залда өткізу керек: мұғалімге арналған музыкалық аспап, күйтабақ жиынтығымен күйтабақ ойнатқышы, үнжазба, әр оқушы жаттығуды орындауға арналған заттар (түрлі-түсті жалаушалар, шарлар, ленталар, таяқшалар, шеңберлер, доптар, секіргіштер, сылдырмақтар, барабандар), балалар музыкалық аспаптары (ксилофон, металлофон, пианино, аккордеон, барабандар, үрлеп ойнайтын аспаптар, дабылдар және т.б.). Залда сонымен қатар балалардың музыкалық аспаптарына арналған орындықтар және тіреуіштер болуы керек. Сабаққа ұлдар спорттық киім киіп келулеріне, ал қыздар жеңіл жейде және шалбар киіп, ал аяқтарына жұмсақ шәрке киіп келулеріне болады.

28. Залға кіру ұйымдастырылған түрде болуы керек. Оқушылар бір қатарға тұрып мұғаліммен сәлемдеседі: ұлдар-бастарын сәл иіп, қыздар-жартылай тізерлей отырып.

29. Сабақта дәрігердің ұсыныстарын ескере отырып, әр баланың физикалық және қимыл-қозғалысқа түсетін күшін реттей, жеке ықпал жасау қажет.

30. Музыка және ырғақ сабақтары коррекциалық бағыттағы сипатқа ие, ал оқытудың нәтижелері орташа ақыл-ойы кем балалардың жеке музыкалық-ырғақтық мүмкіншіліктеріне байланысты болады, бұл сабақтарда дәстүрлі бесбалды бағалармен бағаланбайды. Балаларды бағалау сөзбен мадақтаумен және ынталандырумен орындалады.

2. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

31. Балалардың музыка туралы білімін, олардың қызығушылықтарын, музыкалық дайындық деңгейін анықтау. Балаларда музыка және ырғақ сабақтарына, музыкаға және музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстарға эмоционалдық ықыластығын, музыканы тыңдау икемділіктерін, қарапайым әуенді есте сақтауын, оны тануға деген қызығушылықтарының ояту. Балаларды ән айтуға қызықтыру, ән айтуды ырғақтық қимыл-қозғалыстарменен сүйемелдеу.

32. Балаларды музыкалық дыбыстардың әр түрлілігімен, оның өмірмен байланысы туралы елестерін қалыптастыру, музыка шынайы ақиқаттылықты білдіруші болып табылады, балаларды түрлі музыканың мәнерлігімен, дыбыстардың дыбыстануының жоғарлығы және күшінің өзгеруі бойынша таныстырады. Аспаптар – п и а н и н о , б а р а б а н .

33. Залда жүру кезінде кеңістікте бағдарлауға үйрету, бір-біріне кедергі жасамау,

музыкалық белгі бойынша жиналу және тарқау. Өз араларында бірдей қашықтықты ұстап шеңберге тұрып қозғалып үйрену.

34. Музыкамен қарапайым қимыл-қозғалыстарды орындау:

1) бір аяқпен секіріп және қарапайым ырғақты суреттерді алақандарын соғып шапшаңдықпен керек;

2) заттармен қимыл-қозғалыс: орамалдармен, сылдырмақпен, жалаушалармен, ленталармен және т.с.с. Қимыл-қозғалыстарды музыканың басталуымен және аяқталуымен қиыстыру керек (педагогтың көрсетуі бойынша).

35. Музыкалық ойындар барысында кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарына тән негізгі қимыл-қозғалыстарды көрсетіп беруге үйрету (аю, қоян, ойыншық қораз, құлыншақ және т.б.), осы кезде музыкалық сүйемелдеуде сол немесе басқа қимылдарды еске түсіретін өлеңдер болуы мүмкін. Балаларды залға кіруге, орындауға отырғызуға, педагогтың қойған талаптарын тыңдауға және орындауға үйрету.

36. Музыкалық репертуар.

37. Музыканың тыңдалуы:

1) «Қасқыр. Қақпан» әні К.Қуатбаевтікі, «Түлкі мен қаздар» әні К.Қуатбаевтікі, «Айгөлек» қазақтың халық әні Б.Байқадамовтікі, «Зайинька» және «Медвежата» әні М.Красевтікі, «Лошадка» әні Е.Тиличееваныкі, «Собачка»әні М.Раухвегердікі, «Серенькая кошечка»әні Витлактікі, «Кукла» әні М.Старокадамскийдікі, «Осенняя песенка» әні А.Александровтікі, «Зима пришла» әні Метловтікі, «Дождик»әні Г.Лобочевтікі, «Воробышки» әні М.Красевтікі;

2) ән айту: «Кір басқан» әні Л.Гауктікі, сөзі Ж.Қашқыновтікі, «Сұр қоян» әні К.Қуатбаевтікі, «Қуыршақ» әні М.Мангитаевтікі, «Сылдырмақ» әні Л.Гауктікі, сөзі Ж.Смаковтікі және т.б.;

3) би, көңілді билер: «Кел, билейік» әні Б.Байқадамовтікі, Е.Брусилковскиймен өңделген, қазақтың халық әуені «Танец с флажками», «Марш» әні Л.Хамидидікі, «Биші болам өскенде» әні Т.Тайбековтікі, сөзі К.Бұғыбаеваныкі, «Гуляем и пляшем» әні М.Раухвегердікі, «Праздничная пляска» әні М.Красевтікі.

3. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

38. Балаларды ән тыңдауға, өлең айтуға, би билеуге деген құмарлығын арттыру. Әуенге деген эмоционалдық ықыластығын дамыту, ырғақтық сезімді дамыту:

1) балаларды бар дауыспен ән айтуға, әуеннің бастапқы және соңғы дыбысталуына жауап қайтаруға үйрету, ән айтуды уақытында бастау және аяқтауды үйрету. Мүмкіндігінше әннің мәтінін толықтай айту, әннің сипатын екпінмен көрсету;

2) балаларды музыкалық шапшаңдықты ажыратуға үйрету – «шапшаң-баяу», сипаты «көңілді-көңілсіз», регистрлердің қарама-қарсылығы– «жоғары –төмен»,

дыбыстанудың ұзақтығы – «қысқа-ұзын». Екі бөлікті формалы музыка сипатының өзгеруіне өз бетінше жауап қайтаруды үйрету. Балаларда инструменталды әуенге деген оңтайлы көзқарас тәрбиелеу. Аспаптар-домбыра, труба;

3) балаларды музыкамен қоса билеп қозғалуға үйрету. Оларды екіге бөлінуге үйрету және залдың ішінде бірдей арақашықтықта қозғалуға үйрету. Бір-біріне сүйенбей, жеңіл жүгіруге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстарды заттармен орындау, осы кезде қимыл-қозғалыстың анықтылығына назар аудару керек. Сөзі жоқ музыкалық пьесаның атымен сәйкес келетін қимыл-қозғалыс жасау-аю жүреді, қоян секіреді, ұшақ ұшады, қар жауады.

39. Музыкалық репертуар.

40. Музыканың тыңдалуы:

1) «Айналада ақша қар» әні М.Бестібаевтікі, сөзі К.Ыдырысовтікі, «Балдырғандарполькасы» әні А.Менжановтікі «Әже» әні М.Аубакировтікі, сөзі С.Қалиевтікі, «Крошка Енот» мультфильмінен «Улыбка» әні В.Шаинскийдікі, сөзі М.Пляцковскийдікі, «Вместе весело шагать» әні В.Шаинскийдікі, «Весело-грустно» әні Л.Бетховендікі, «Грустная музыка» әні П.Чайковскийдікі, «Слон», «Куры и петухи», «Черепахи» сюитадан «Карнавал животных» әні К.Сен-Санса, «Зайка» әні М.Краевтікі, «Медвежата» әні М.Краевтікі, «Дождик» әні Г.Лобачевтікі;

2) ән айту: «Айгөлек» қазақтың халық әні, Б.Байкадамовтікі, «Апорт дегентәттіалма» әні Д.Ботбаевтікі, сөзі Н.Алимкуловтікі. «Елка жыры» әні Л.Хамиди, сөзі А.Дүйсенбиевтікі, «Айналайын анашым» әні А.Байдильдаевтікі, сөзі Ш.Сариевтікі және т.б.;

3) би, көңілді билер: «Қасқыр. Қақпан» әні К.Қуатбаевтікі, «Тулкі мен қаздар» әні К.Қуатбаевтікі, «Айгөлек» қазақтың ұлттық әні, Б.Байкадамовпен өңделген, «Танец с флажками» қазақтың халық әуені Е.Брусиловскиймен өңделген. «Парный танец» әні Е.Тиличеваныкі, «Полька» әні М.Глинкидікі, «Итальянская полька» әні С.Рахманиновтікі, «Маленький танец» әні Н.Александровтікі, «Танец с воздушными шарами» әні М.Раухвергердікі.

4. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

41. Балаларды музыканы зейін қойып тыңдауға, тыныш отыруға, бір орыннан екінші орынға ауысуға болмайтындығына, сөйлемеге үйрету керек. Балаларға музыка адамның көңіл-күйін көрсететінін түсіндіру керек: қуаныш және қайғыны, табиғаттың суретін және өмірдегі түрлі басқа құбылыстарды суреттей алады. Музыкалық туындылардың әдемілігін түсінуге үйрету керек. Балалардың жақсы музыкаға қызығушылықтарын дамыту, музыкалық ортасын кеңейту керек. Музыканы эмоционалық түрде жоғары қабылдауына ықпал ету. Музыкалық елестердің мазмұнын түсінуін тереңдету. Жеке музыкалық жанрларды ажыратуға үйрету (марш, би, бесік жыры).

Жоғары, орташа және төмен регистрлерді ажыратуға үйрету; шапшаң, орташа, біркелкі темп. Музыкалық туындылардың екі бөлімді формаларын ажыратуға үйрету.

42. Мәдени ән айтулардың дағдыларын қалыптастыру. Мүмкіндігінше нақты интонациялауды, анықтылықты, дұрыс артикуляцияны, хорда ән айтуға үйрету. Дирижерлік қимылдарды түсіну: зейін, тыныс алу, әннің басталуы, әннің аяқталуы. Иықтарын көтермеген кезде тыныс алуы тыныш. Өлеңді айқайлап айтудан алдын алу. Өлең айтқан кезде дұрыс қалыпты ұстауға үйрету. Өлең мәтіндерін дұрыс түсіну. Дыбыстарды жоғары түрде қабылдауын дамыту. Әр түрлі аспаптардың тембрін
д и ф ф е р е н ц и а ц и а л а у .

43. Аспаптар – скрипка, балалайка.

44. Балаларда музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстар техникасын машықтандыру . Үш түрлі темпте жүру. Шығармашылық белсенділігін дамыту. Музыкалық туындалардың бейнелі-сюжетті мазмұнын қимыл-қозғалыста көрсете білуге үйрету. Өзбетімен түрлі сипаттағы музыканың бөлімдерін ажыратуға және осыған сәйкес қимыл-қозғалыстар жасауға үйрету. Қимыл-қозғалыста тікелей шоқырақтауларды жаттықтыру. Марш қимыл-қозғалыстарын ажыратуға және орындауға үйрету – ойыншықтық, парадтық, спорттық. Полька-биі.

45. Музыкалық репертуар:

1) музыканың тыңдалуы: «Марш» әні Л.Хамиди, «Қоянби» (қазақ биі) әні Құрманғазыныкі В.Питерцевтің өңдеуімен, «Три подружки» әні Д.Кабалевскийдікі, «Танец маленьких лебедей», «Марш деревянных солдатиков» әні П.Чайковскийдікі, «Спортивный марш» әні М.Дунаевскийдікі, «Марш» әні С.Прокофьевтікі, «Болезнь куклы», «Новая кукла» әні П.Чайковскийдікі, «Пойду ль я, выйду ль я» орыстың халық ә н і ;

2) ән айту: «Анадай асыл мектебім» әні И.Нусіпбаевтікі, «Айналада ақша қар» әні М.Бестібаевтікі, сөзі К.Ыдырысовтікі, «Әже» әні М.Аубакировтікі, сөзі С. Калиевтікі, «Ақ бидай» әні Д.Қозмағамбетовтікі, «Бишіболам өскенде» әні Т.Тайбековтікі, ө з і Қ . Б ұ ғ ы б а е в т і к і ;

3) би, көңілді билер: «Балдырғандарполькасы» әні А.Менжановтыкі. «Балдырған маршы» әні Б.Гизатовтікі. «Пляска с султанчиками» украин халқының әуені. «Подружись» әні Т.Вилькорейскийдікі. «Танец рыбок» әні Е.Брусилловскийдікі. «Қоянби» (қазақ биі) әні Құрманғазыныкі В.Питерцевтің өңдеуімен. «Пляска парами» литва халқының әуені. «Пляска с притопами. Гопак» украиндық әуен.

5. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

46. Музыканы толықтай қабылдауға үйрету. Музыкаға деген эмоционалдық қайырымдылық деңгейін көтеру. Музыка тыңдауға деген қажеттілігін қалыптатыру. Балаларды музыканы байсалды тыңдауын дамыту, музыканың дыбысталуын тыңдауға,

музыкалық туындыларға адекватты түрде назар аудару. Музыкалық есте сақтауын дамыту. Таныс әуендерді фрагмент және кіріспесі бойынша тани білу.

47. Қысқаша қайырмалы ән айтуда дыбыссыз, терең тыныс алуға және тыныс алуды бірдей бөлу икемділіктерін дамыту. Дыбысталуға табиғи күш түспеген кездегі дағдының тұрақтылығын қалыптастыру. Ән айту кезінде жылдам дыбыстардан аулақ болу. Бір қалыпты түрде ән айту темпі және дауысының қаттылығы, байсалдылығы, күш түспеген, ән айту диапазоны ми1-ля1 шамасында оны біртіндеп кеңейту. Жеке және хорда ән айтумен таныстыру.

48. Аспаптар – қобыз, аккордеон.

49. Польша биінің қимылдарын қайталау. Музыкалық қимыл-қозғалыс дағдыларын арттыру. Таныс би қимылдарын және көңілді би қимыл-қозғалыстарын бекіту. Қимыл-қозғалыстарды музыкамен, оларды музыканың сипатының өзгеруі бойынша байланыстыру. Би-ойын қимыл-қозғалыстарын анық көрсетуіне қолжеткізу. Қазақ және орыс билеріндегі қимыл-қозғалыстарды ажырата білуге үйрету. 2/4 өлшемімен таныстыру. 2/4 дирижердің қимылын түсінуге үйрету: күшті бөлігі – жер (қолдар төмен қарайды), әлсіз бөлігі – апан (қолдар жоғары көтеріледі). Сонымен қатар бейнелі түрде түсіндіруді қолдануға болады. Мысалы, доп ойнау: күшті бөлікке жоғары лақтыру немесе еденге ұру, әлсіз бөлікке-допты қағып алу.

50. Музыкалық репертуар:

1) музыканың тыңдалуы: «Көкем-ай» қазақтың халық әні, «Қараторғай» әні Ақан серінікі, «Еркем-ай» қазақтың халық әні, «Айгөлек» әні Б.Байқадамовтікі, «Қазақ вальсі» әні Л.Хамидидікі, «Таң» (Утро) әні Қ.Қуатбаевтікі, «Кеш» (Вечер) әні Қ.Қуатбаевтікі, «Бұл-бұл» әні Л.Хамидидікі, «Ақсақ-Құлан» қазақтың халықтық күйі, «Маусымжан» қазақтың халық әні, «Песенка о лете» мультфильмінен «Дед Мороз и лето» әні Е.Крылатовтікі, сөзі Ю.Энтиндікі, «Клоуны. Труба и барабан» әні Д.Кабалевскийдікі, «Сказочка» әні С.Прокофьевтікі, «Танец маленьких лебедей», «Лебединое озеро» балетінен П.Чайковскийдікі. «Гопак» «Сорочинская ярмарка» операсынан М. Мусоргскийдікі;

2) ән айту: «Тентек күшік» әні Ф.Бүшікованыкі, сөзі Ш.Смаханұлыныкі, «Жаңа жыл» әні Л.Гаук, өзі М.Дусекеевтікі, «Менің достарым» әні А.Бүшікованыкі, сөзі О.Ақыпбековтыкі «Ақ ботам» әні А.Бүшікованыкі, сөзі Н.Айтовтыкі, «Әншібалапан» әні Д.Қозмағамбеттыкі және т.б.;

3) би, көңілді билер: «Сергекжүріс» әні А.Байдильдаевтыкі, «Көленке» әні Қ.Қуатбаевтыкі, «Балықшы» әні А.Еспаевтыкі «Кел, балалар, ойнайық» әні А.Еспаевтыкі, «Қаз қатар» қазақтың халық биі А.Зацепиннің өңдеуімен, «Ой, хмель, мой хмелек» орыстың халық әуені, «Парная пляска» чех халқының әуені, «Веселые дети» литва халқының әуені, «Хлопки» полька әні Ю.Слоновтыкі, «Выйду ль я на реченьку» орыстың халықтық әуені.

6. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

51. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

- 1) қарапайым өлеңдерді педагогпен бірге орындай;
- 2) пианино және барабанның дыбысталуын тани білуі тиіс.

52. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) музыка болмыстың шынайылығы екенін түсінуінен;
- 2) кейіпкерлерге тән негізгі қимыл-қозғалыстарды көрсете білуінен көрініс табады.

53. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) музыкаға дене қимыл-қозғалыстарымен, шапалақпен, аяқпен дүрсілдету мен әрекет жасауымен; музыка тыңдау, қарапайым әуенді есте сақтау және оны тануымен;
- 2) өз араларында бірдей қашықтықты ұстай залдың ішінде жүруімен; заттармен және заттарсыз музыкамен қарапайым қимылдарды орындауымен; уақытылы әуеннің дыбысталуымен қимыл-қозғалыстарды бастап, аяқтауымен айқындалады.

7. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

54. Пәндік нәтижелер:

- 1) оқушылар әннің мәтінін дұрыс дайындап, әнді айта; бидің қарапайым қимылдарын есте сақтай;
- 2) домбыра мен трубаның дыбысталуын ажырата; музыкалық темпті ажырата – «шапшаң-баяу»; сипаттамасы «көңілді-көңілсіз»; регистрлер қарама-қарсылығы «жоғары-төмен», дыбысталудың ұзақтығы –«қысқа-ұзақ» білуі тиіс.

55. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) әннің сипаттамасына қарай эмоционалды айтуынан;
- 2) музыканың әуезділігіне сай қимылдарынан (нақты қадам, жүріс, жүгіру, бидің ырғақтылығы және т.б.) көрініс табады.

56. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) толық, бар дауысымен әнді айтуымен; өз уақытында әнді бастап, өз уақытында аяқтауымен;
- 2) бірдей қашықтықты сақтай отырып, жұпта тұруымен және залда жұптасып қозғалуымен айқындалады.

8. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

57. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

- 1) дирижердің қимылдарын түсіне: зейін, тыныс алу, өлеңнің басталуын, аяқталуын;
- 2) пианиноның, барабанның, домбыраның, трубаның, скрипканың, балалайканың дыбысталуларын ажырата білуі тиіс.

58. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) музыка адамның көңіл-күйін көрсететінін түсінулерінен: қуаныш және қайғыны, жайдарлық пен мұндылықты, табиғаттың суретін және өмірдегі түрлі басқа құбылыстарды суреттей алуынан, жеке музыкалық жанрларды ажырата алуынан (марш , би, бесікжыры) көрініс табады.

59. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) оқушылар жоғары, орташа, төменгі регистрлерді ажырата білуімен: шапшаң, орташа, біркелкі темп;

2) музыкалық туындылардың екі бөлікті формасын ажырата білуімен, (шумақ және қайырмасы);

3) түрлі сипаттағы музыканың бөлімдерін ажырату және осы сипатқа сай қимылдауымен; марш және көңілді би қимылдарын ажыратуымен және орындауымен айқындалады.

9. 4-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

60. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) ми1-ля1 диапазонында өлең айта;

2) фрагмент және кіріспесі бойынша таныс әуендерді тани, қобыз, аккордеон аспаптарының дыбысталуларын ажырата;

3) қазақ және орыс билеріндегі қимыл-қозғалыстарды ажырата білуі тиіс.

61. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) музыканы байсалды тыңдауынан, музыкалық дыбысталуды тыңдауынан, музыкалық туындылар сипатын адекватты сезінуінен;

2) музыканың сипатын би мен ойын қозғалыстарында жеткізе алуынан көрініс табады.

62. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

1) өлең айту барысында дұрыс тыныс алуымен;

2) музыкамен қимыл-қозғалысты оларды музыка сипатының өзгеруіне байланысты қиыстыруымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 68-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 173-қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Өзіне қызмет көрсету» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Пәннің негізгі ерекшелігі – өздері туралы және қоршаған әлемнің өзара әрекеттілігін және өзара байланысы туралы білімдерін қалыптастыру. Өзіне қызмет көрсету зияты орташа зақымдалған баланың тұлғалық дамуына әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

3. Өзіне қызмет көрсету пәнінің мақсаты 1-4 сыныптарда:

1) оқушыларда адамның тұрмыстық іс-әрекетін, тәжірибелік, тұрмыстық, еңбек дағдыларын қалыптастыру.

4. Бұл келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1) оқушыларда тұрмыстық еңбек дағдыларын: жеке бас тазалығы, тамақтануды ұйымдастыру, тұрған жерді, киімді, аяқ киімді және басқа да құрал-жабдықтарды таза ұстауды қалыптастыру;

2) тұрмыстық-экономикалық дағдыларын (қоршаған заттарға, өзінің киіміне, аяқ киіміне, дайындалған тамақтарға және азық-түлікке, суға, электр қуаттарына т.б аялап қарауын) қалыптастыру;

3) әр түрлі қызмет көрсету кәсіпорындарымен және мекемелерде (сауда, мәдениет орталықтары, медициналық мекемелер), бағдарлануды үйрету;

4) қоғамдық көліктердің қызметтерін қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) таныс, таныс емес кісілермен, үлкен және кіші, өзімен жасты құрдастармен өзін дұрыс ұстауын және бағдарлауды үйрету;

6) мектеп оқушыларының танымдық іс-әректінің даму жетіспеушілігін түзету.

5. Осы бағдарлама баланың зияты бұзылудың орташа деңгейдегі даму ерекшелігін психофизиологиялық және жасерекшелік дамуын ескере отырып құрастырылған. Сонымен қатар, осы деңгейдегі оқушылардың деңгейін есере отырып, жалпы білім беретін пәндерге сәйкес режимдік сәттердің орындалуы.

6. Бағдарламада зияты зақымдалудың орташа деңгейіндегі балалар Қазақстан Республикасында өмір сүре отырып, өз елінің азаматы ретінде және мейрам күндерін билуді қарастырады.

7. Жүйелілік қағидасын және кезектілігін ұстана отырып, бағдарлама межеге келтірілген. Балалардың жалпы дамуы туралы ақпарат ала отырып, қандай біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру керек екендігін және тәжірибелік жұмыстар және жаттығулар арқылы керек дағдыларды қалыптастыру. Сондықтан да, кез келген оқушы өзінің физикалық және зияткерлік мүмкіндігіне қарамастан, өзінің тұрмыстық дағдыларын ұйымдастыру, өз өзіне қызмет көрсетудің негізгі дағдыларын и г е р у і қ а ж е т .

8. Осы курс бойынша бағдарлама келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) денсаулық, оны қалай сақтау керек;
- 2) киім және аяқ киім;
- 3) тамақтану;
- 4) менің үйім, мектеп;
- 5) менің қалам;
- 6) менің айналадағы әлем;
- 7) дүкендер;
- 8) мен және басқа адамдар;
- 9) менің бос уақытым;
- 10) мейрамдар.

9. «Өзіне қызмет көрсету» пәнінің оқу жүктемесі типтік оқу жоспарына сәйкес:

- 1) 1 сынып – аптасына 2 сағат, барлығы – 66 сағат;
- 2) 2-4 сыныптар – аптасына 2 сағаттан, 68 сағатты құрайды. Барлық оқу курсына 168 оқу сағаты бөлінеді.

10. Басқа пәндерден алынған біліктіліктер мен дағдыларды қолдана отырып, пәнаралық байланыстар орнату жазу, сауат ашу және тіл дамыту, есеп, заттық-тәжірибелік іс-әрекет, бейнелеу.

2. Оқу пәнінің 1–сыныптағы базалық білім мазмұны

11. Кіріспе сабақтар:

- 1) өзіне қызмет көрсету пәнінің мағынасы және мазмұны жайында әңгімелесу;
- 2) өзіне қызмет көрсету талабы бойынша альбом (дәптер) бастау қажет;
- 3) сабақ барысында, бөлмемен таныстыру, санитарлық-гигиеналық тазалық нормаларын және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

12. Денсаулық, оны қалай сақтау керек – 18 сағат:

- 1) адам денесінің мүшелері;
- 2) тазалық сақтау заттары;
- 3) менің таңым (қол жуу, тіс тазалау, жуыну, орамалмен сүрту);
- 4) ұйықтауға дайындалу;
- 5) сынып бөлмесі;

6) сынып жиназы;

7) партада қалай дұрыс отыру керек.

13. Киім және аяқ киім - 12 сағат:

1) маусымдық киім және аяқ киім: жазға, қысқа арналған киім, көктемдік және күздік киім. Мақсаты және ерекшеліктері;

2) киімді дұрыс күту;

3) аяқ киімді дұрыс күту.

14. Тамақтану - 8 сағат:

1) азық-түлік және олардың адам денсаулығына маңыздылығы;

2) тамақтану тәртібі;

3) шай ішуге арналған ыдыстар және олардың мақсаты;

4) тамақтануға азық-түліктерді дайындау (қораптарын ашу).

15. Менің үйім, мектеп - 8 сағат:

1) жеке үй және оның бөлімдері: аула, бақ, бақша, гүлзар;

2) көпқабатты үйдегі пәтер;

3) пәтердегі бөлмелердің атаулары;

4) мектеп, сынып, тақта, стол, орындық.

16. Менің қалам - 8 сағат:

1) көліктердің түрі. Олардың мақсаты;

2) қала. Қала көшелері. Көше бөліктері;

3) бағдаршам. Бағдаршам белгілері.

17. Менің айналамдағы әлем - 6 сағат:

1) оқулықтар және оларды күтіп ұстау (мұқабасы);

2) телефон. Телефонды қолданудың жалпы ережелері.

18. Мен және басқа адамдар - 2 сағат:

1) танысу. Осы кездегі бет бейнесі.

19. Мейрамдар - 4 сағат:

1) туған күн. 8 Наурыз;

2) жаңа жыл. Жаңа жылға дайындық.

3. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

20. Денсаулық, оны қалай сақтау керек - 10 сағат:

1) күн (тәулік), күннің бөлімдері: түн, таң, күндіз, кешке;

2) күн тәртібі;

3) қолды күту тәртібі;

4) жуу және сүрту ережелері;

5) аяқты күту тәртібі;

6) жуу және сүрту ережелері.

21. Киім және аяқ киім - 10 сағат:

- 1) мектеп формасы және оны күту (шкафта дұрыс сақтау, құрғақ тазалау);
- 2) сабақтан кейін киетін ауыстыратын киім, оны күту және сақтау;
- 3) қыздарға арналған киім;
- 4) ұлдарға арналған киім;
- 5) мақсатқа арналған аяқ киім. Мектеп аяқ киімі (туфли, бөтеңке), үйге киетін аяқ киім (шәркейлер), спорттық (кроссовки, кеды). Аяқкиімді дұрыс күту.

22. Тамақтану - 14 сағат:

- 1) тамақтану тәртібі: таңғы ас, түскі ас, кешкі ас. Үстел үстінде өзін ұстау тәртібі;
- 2) асханалық ыдыс, оның мақсаты (тәрелке, шұңғыл тәрелке, нан салатын ыдыс);
- 3) асхана аспаптары олардың мақсаты, (сұйық тағамға арналған қасық, шанышқы, асханалық пышақ);
- 4) асханалық жаймалар (скатерть, асханалық сүлгілері, майлық). Оларды қолдану тәртібі;
- 5) азық-түлік тағамдары: сүт және сүт тағамдары, нан өнімдері;
- 6) түстік ас. Үстелді түстік асқа жабдықтау.

23. Менің үйім, мектеп - 4сағат:

- 1) менің бөлmem, жиһаз (төсек, үстел, орындық, шкаф);
- 2) бөлмеде тазалық жүргізу тәртібі;
- 3) менің сыныбым, жиһаз (шкаф, парта, орындық), оқу жабдықтары.

24. Менің қалам - 4 сағат:

- 1) біз жаяу жүргіншілерміз. Көшеде жүру тәртібі;
- 2) біз жолаушылармыз. Қоғамдық көлікте өзін ұстау тәртібі.

25. Менің айналамдағы әлем - 4 сағат:

- 1) теледидар. Оны өшіру және қосу тәртібі. Теле бағдарламаларды көру кезіндегі тазалық сақтау талаптары;
- 2) телефонмен сөйлесу тәртібі.

26. Дүкендер - 4 сағат:

- 1) азық-түлік дүкені;
- 2) біз сатып алушылармыз;
- 3) дүкенде өзін ұстау тәртібі.

27. Мен және басқа адамдар - 10 сағат:

- 1) сыпайы сөздер. Олардың адам өміріндегі маңыздылығы;
- 2) үзіліс кезінде және сабақ барысында сыныпта өзін ұстау тәртібі;
- 3) менің достарым. Достық қарым-қатынасты қолдау тәртібі.

28. Менің бос уақытым - 4 сағат:

- 1) балаларға арналған кітаптар, журналдар. Оларды дұрыс ұстау тәртібі;
- 2) үстел үстіне арналған ойын түрлері (кубиктер, пирамидалар, мозаика). Ойын орнын таза ұстау тәртібі.

29. Мейрамдар – 4 сағат:

1) 8 наурыз мейрамы. Құттықтаулар, сыйлықтар.

4. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

30. Денсаулық, оны қалай сақтау керек – 10 сағат:

1) адамның дене мүшелері. Бас. Бас бөлімдері. Шашты күту. Бетті күту;

2) мектептегі медпункт.

31. Киім және аяқкиім - 10 сағат:

1) адамдар үшін киімнің маңыздылығы. Киім, аяқ киім, бас киім (маусымдық);

2) киімді күнделікті дұрыс күту;

3) киім-кешек түрлері, олардың белгіленуі: іш киім, төсек орын тыстары, асхана киімі. Киім-кешектерді шкафта сақтау ережелері.

32. Тамақтану - 12 сағат:

1) асханалық жиһаз, жабдықтар: қол жуғыш, пеш, тоңазытқыш. Үстелде және сөрелерде тазалықты қолдау;

2) асханаға арналған киім және оның мақсаты. Тамақты дайындау кезіндегі гигиеналық тазалықты сақтау;

3) асханалық ыдыс және оның мақсаты;

4) азық-түлік тағамдары – жемістер, көкөністер. Олардың денсаулыққа маңыздылығы. Шырындар, салаттар. Оларды дайындаудың жалпы ақпараттары.

33. Менің үйім, мектеп - 10 сағат:

1) Қазақстан Республикасы. Менің туған қалам. Мен тұратын көше;

2) мен оқитын мектеп;

3) көшені өту ережесі;

4) тұратын бөлмеге қойылатын гигиеналық талаптар. Бөлмені және сыныпты құрғақ және ылғалды тазалау.

34. Менің қалам - 8 сағат:

1) көлік құралдарының түрлері;

2) қала көшелері. Көше бөліктері, олардың мақсаттары;

3) жол қозғалысы кезінде өзін дұрыс ұстау ережесі. Жолды қалай дұрыс өту керек.

35. Менің айналамдағы әлем - 4 сағат:

1) маңдайшалар (дүкен, дәріхана, банк, емхана т.б.), олардың маңыздылығы.

Ж а р н а м а .

36. Дүкендер – 6 сағат:

1) дүкендер олардың түрлері (азық-түліктер, промо тауарлар);

2) арнайы азықтық дүкендер: «Нан», «Сүт»;

3) сату кезінде алынған тауарларды «сөрелерге» реттеу.

37. Мен және басқа адамдар – 4 сағат:

1) оқушылардың отбасы мүшелері (отбасы мүшелерінің есімдері). Туыстық қ а т ы н а с т а р .

38. Менің бос уақытым – 2 сағат:

1) сенің сүйікті ойыншықтарың. Олардың мақсаттары. Оларды сақтау реті.

39. Мейрамдар – 2 сағат:

1) 1 қыркүйек – Білім күні;

2) мейрамды өткізу дәстүрі.

5. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

40. Денсаулық, оны қалай сақтау керек (10 сағат):

1) адам. Күн тәртібі, денсаулықты сақтаудағы оның маңызы;

2) көз. Көздің маңызы, көзді қалай сақтау керек;

3) тістер. Тістердің маңызы, тістерді қалай сақтау керек.

41. Киім және аяқ киім (10 сағат):

1) керектілігіне байланысты киімнің, аяқ киімнің, бас киімнің түрлері (мектеп, үй, мереке, жұмыс, спорттық). Киімдерді шкафта сақтау ережелері;

2) аяқ киім түрлері: теріден жасалған, резеңкелі, текстильді. Аяқ киім күтімі;

3) жуу заттары: үй шаруашылық сабын, ұнтақ.

42. Тамақтану (12 сағат):

1) дұрыс тамақтану принциптері: тамақтану тәртібі, азық түліктің түрлілігі;

2) үстел және шай ыдыстары. Олардың күтімі, ыдысқа арналған күтім заттары;

3) ас-үй ыдыстары, құралдары және пайдалану. Ас-үй ыдыстарына ерекше күтім,

о л а р д ы с а қ т а у ;

4) таңғы ас. Таңғы асқа үстелді дайындау. Үстел үстінде өз өзін ұстай алу ережелері ;

5) жартылай фабрикаттардан тағам жасау, пакеттегі шай, «Ролтон» кеспесі, «Царь»

б о т қ а с ы .

43. Менің үйім, мектеп (10 сағат):

1) мектеп интернат және үй орналасқан көше;

2) мектеп тапсырмасы. Оқу корпусы: сыныптар, шеберхана, дәліздер, асхана, спортзал, к і т а п х а н а ;

3) жатын корпус: жатын орындар, ойын бөлмелері, тазалық бөлмелері;

4) сынып бөлмесі, жиһаз, жиһаз күтімі;

5) сыныпты күн сайын тазалау. Оны жүргізіп отыру маңызды іс.

44. Менің қалам (8 сағат):

1) қаланың көлік атаулары (автобус, троллейбус, трамвай). Көлікте өз өзін ұстау е р е ж е с і ;

2) жол қозғалысының ережесі. Жол белгілері: «Жер асты өткелі», «Абайландар,

б а л а л а р ! » ;

3) аула – балалардың көшеде ойнайтын орны.

45. Мені қоршап тұрған әлем (4 сағат):

1) құттықтау парақшасы және оны өз қолымен сәндеу, безендіру.

46. Дүкендер (6 сағат):

1) «Сөре арқылы» сауда жасау кезінде, тұтынушылардың сауда дүкендерінде өз өзін ұстау ережелері: дүкенде даналап (штучный) сатылатын заттар түрлілігі: сүт, нан, жемістер, көкөністер;

2) сауда дүкендеріндегі тауарлардың түрлілігі.

47. Мен және өзге адамдар (4 сағат):

1) үлкендермен қатынас. Сөйлесу, әңгіме кезіндегі өз өзін ұстау ережелері.

Сәлемдесу және қоштасу формалары;

2) азаматтармен, таныстармен, құрдастармен қатынас. Сәлемдесу және қоштасу формалары.

48. Менің бос уақытым (2 сағат):

1) қозғалмалы, жылжымалы ойындар. Олардың маңыздылығы, керектілігі.

Жүргізілу тәртібі.

49. Мейрамдар (2 сағат):

1) 1 Қазан – мұғалімдер күні. Мұғалімдер мен тәрбиешілерді құттықтау.

6. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

50. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) денсаулық, оны қалай сақтау керек – дене мүшелерін атай;

2) тазалыққа арналаған заттардың атаулары және мақсаттарын; қол жуу, тіс тазалау, жуыну, орамалды қолдану ережелерін;

3) ұйқыға дайындалу тәртібін;

4) мектеп мекемесіндегі сынып бөлмелерінің орналасуы; сабақ кезінде партада отыру тәртібін;

5) киім және аяқ киім – киімдердің маусымдық атауларын;

6) киімді, аяқ киімді дұрыс күту ережелерін;

7) тамақтану – азық-түлік атауларын;

8) тамақтану тәртібін; шайға арналған ыдыстардың атаулары және олардың мақсаттарын;

9) асты қолдануда азық-түлікті дайындау кезектілігін;

10) менің үйім, мектеп – үй бөлімдерінің атауларын: (аула, бақ, бақша, гүлзардың) мақсаттарын; мектеп бөлімдерін атау: (аула, бақ) мақсаттарын;

11) менің қалам – көліктердің атауларын; өзі тұратын қалалардың атауларын; көше бөліктері, бағдаршам белгілерін;

12) менің айналамдағы әлем – оқулықтарды қалай ұстау керек, оның бастапқы қалпын сақтай; телефонды қолдану тәртібін;

13) мен және басқа адамдар – танысу барысында өзінің атын айта.

14) мейрамдар – өзінің жасын; үстел үстіндегі кейбір тәртіп ережелерін білуі тиіс.

5 1 . О қ у ш ы л а р :

1) денсаулық, оны қалай сақтау керек – дене мүшелерін көрсетуді және атауды;

2) гигиеналық тазалықты сақтау кезінде тазалық заттарды қолдануды; тазалыққа арналған заттарды сақтау реттілігін; ұйықтауға дайындық кезектілігін;

3) киім және аяқ киім – киім мен аяқкиімді маусымға бөлуді;

4) тамақтану – тамақтануға арналған азық-түлікті атауды; үстел үстіндегі тәртіп ережелерін сақтауды;

5) менің үйім, мектеп – суретте үйдің, мектептің бөлімдерін көрсетуді;

6) менің қалам – суретте көлік құралдарын табу, альбомде қарандашпен контур бойымен бастыру және түрлі-түсті қарындаштармен бояуды;

7) менің айналамдағы әлем – телефонмен сөйлесу кезінде сұрақтарға жауап беруді;

8) мен және басқа адамдар – қарым-қатынасқа түсуді;

9) мейрамдар – үстел үстінде өзін тәртіпті ұстауды көрсете білуі керек.

5 2 . О қ у ш ы л а р :

1) мақсаттарына сәйкес жиһаздарды қолдана білу;

2) сабақ барысында партада дұрыс отыру;

3) киім және аяқкиімді ұстау;

4) азық-түлікті дайындау;

5) көше бөліктерін ажырату; бағдаршам түсін ажырату; оқулықтарға аялап қарау;

6) телефондық кіріс қоңырауларына жауап беру дағдыларын меңгеруі керек.

7. 2-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

5 3 . П ә н д і к н ә т и ж е л е р . О қ у ш ы л а р :

1) денсаулық, оны қалай сақтау керек - қолды, аяқты сүрту және жуу тәртібін;

2) киім және аяқ киім - мектеп формасының мақсаты және оны күтудің негізгі тәртібін ;

3) тамақтану - күні бойы тамақтану тағамының атай; денсаулықты сақтаудағы тамақтану ретін; үстелде өзін ұстау тәртібін; асханалық сервиз, аспаптардың атауларын ; нан өнімдерінің және сүт тағамдарының атауларын; тамақтану тәртібі және үстелді дайындау ережесін ;

4) менің үйім, мектеп - жиһаздардың атаулары, бөлмеде, сыныпта тазалықты ұстау тәртібін ;

5) менің қалам - көшеде өзін ұстау тәртібін; қоғамдық көлікте өзін тәртіпті ұстау ережелерін ;

6) менің айналамдағы әлем - теледидарды көру тәртібін, оны қалай өшіру және қосу тәртібін; телефонмен сөйлесу тәртібін;

7) дүкендер - адамға арналған тағамдар және олардың маңыздылығын, дүкенде өзін ұстау тәртібін;

8) мен және басқа адамдар - сыпайы сөздер, үзіліс кезінде және сабақ барысында, сыныпта, мектеп дәлізінде өзін ұстау тәртібі, достық қарым-қатынасты қалай қолдау керектігін;

9) менің бос уақытым - балаларға арналған кітаптар мен журналдарды дұрыс ұстау тәртібін; ойын кезінде және одан кейін өзін ұстау тәртібін;

10) мейрамдар - 8 наурыз мейрамында кімді құттықтау керектігін білуі тиіс.

5 4 . О қ у ш ы л а р :

1) денсаулық, оны қалай сақтау керек - үлкендердің басқаруымен режимді орындауын;

2) киім және аяқкиім - мектеп формасын шкафка салуды, тазалауды және ілуді;

3) тамақтану - тамақтану кезінде үстел үстінде өзін мәдениетті ұстау тәртібі, асхана ыдыстарын және аспаптарды көрсетуді және атауды;

4) менің үйім, мектеп - қоршаған ортада, сурет бойынша үй мен мектеп жиһаздарын көрсетуді және атауды;

5) менің қалам - қоғамдық көлікте және көшеде өзін ұстауын;

6) менің айналамдағы әлем - телефонға үлкенді шақыру, телефон қоңырауларына жауап беруді;

7) дүкендер – өзін дүкенде дұрыс ұстау тәртібін;

8) мен және басқа адамдар - күнделікті өмірде сыпайы сөздерді қолдануды;

9) менің бос уақытым - бос уақытта өзін ойыншықтармен және ойынмен қамтамасыз ету, ойын барысында өзара конфликтсіз қатынас орнатуды;

10) мейрамдар – құттықтау сөздерін айтуды көрсете білуі керек.

5 5 . О қ у ш ы л а р :

1) үлкендердің басқаруымен қолды, аяқты жуу және сүртуді игерулері керек; аяқ киімді және киімді бүктеу және сөрелерге қою;

2) азық-түлік тағамдарының қораптарын ашу; түстік асқа үстелді дайындау; бөлмеде тазалықты жүргізу; теледидарды қосу және өшіру; басқа адамның көмегінсіз қоғамдық көлікке кіру және шығу;

3) сөрелерден тауарларды алу; мектеп дәлізінде өзін дұрыс ұстауы, басқалармен ойыншықтарымен басқа да заттарымен бөлісу; ойыннан кейін орынды жинастыру; құттықтау сөздерін айту және сыйлықтар беру дағдыларын меңгеруі керек.

8. 3-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

56. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) денсаулық оны қалай сақтау керек - адамның негізгі дене мүшелері, оны мұғалімнің сұрағы бойынша атай; басты, бетті жуу ережелерін; дәрігерге арызбен қ а л а й д ұ р ы с б а р у д ы ;

2) киім және аяқкиім - бас киім, аяқкиім, киімнің бөлімдерін атай; киімді күтудің күнделікті негізгі әдістерін; дастарханның түрлері көрсете және атай; оны шкафта с а қ т а у т ә р т і б і н ;

3) тамақтану - тұратын бөлмедегі жабдықтар және асханалық жиһаздарды атай; үстелде және сөрелерде реттілікті қолдау тәртібін; асхана ыдыстарының атаулары және мақсаттарын; салаттарды дайындаудың реттілігін;

4) менің үйім, мектебім – біз қай республикада тұрамыз, өз қаласын атай; бағдаршам бойынша жолдан өту ережесін; тұрғын үйге қойылатын гигиеналық талаптарды және оларды қамтамасыз ету бойынша шараларды;

5) менің қалам – қозғалыс амалдарының көліктік атаулары, оны айыруды; көше бөлімдерін; жаяу жүргіншілердің жиекте жүру ережелерін; жол жүру ережелерін (таңдаулы, мұғалімнің қарауы бойынша);

6) мені қоршап тұрған әлем – тақтайшалардың орналасқан орны, олардың мәнін;

7) дүкендер – сатылатын тауарларға байланысты дүкендер түрлерін; нан дүкенінің т ү р л і л і г і н ;

8) мен және басқа адамдар – өз отбасының құрамы, ата анасының есімдерін;

9) менің бос уақытым – ойыншықтардың атауларын және олардың керектілігін;

10) мейрамдар – бұл мейрам не үшін аталып отырғанын білуі тиіс.

57. Оқушылар:

1) денсаулық және оны қалай сақтау керек – өз дене бөлімдерін көрсету, басын және бетін жуғанда сабынды қолдануды;

2) киім және аяқ киім – өз киіміне күтім жасауды;

3) тамақтану – ас үй ыдыстарын және үстел үсті тазалығын сақтауды;

4) менің үйім, мектеп – қайда тұратынына, қайда оқитынына жауап беруді, жолдың арғы бетіне өту, жиһаз шаңын сүрту, ылғал және құрғақ сыпыртқымен сыпыруды;

5) жиһаздағы шаңды сүртуді, кебу және ылғал сыпырғышпен сыпыруды;

6) менің қалам – жол жиегінде дұрыстап жүруді, жолдан өтіп жатқанда жол жүру е р е ж е л е р і н п а й д а л а н у д ы ;

7) мені қоршаған әлем – маңызды ақпаратты қабылдай отырып жарнамалық тақтайшаларды қарауды, қадағалауды;

8) дүкендер – азық түлік және промтауарлар дүкендерін айыра білуді, маңызды сауданы жоспарлауды, нан тоқаш сатып алуды, сауда жұмысшыларына сұрақпен, ө т і н і ш п е н қ а т ы н а с ж а с а у д ы ;

9) мен және басқа адамдар – отбасы мүшелерін атап өтуді, отбасы мүшелерінің есімдерін атауды, отбасы мүшелерінің үлкендеріне сыпайы әрі сыйластық арқылы

қатынас жасауды, кіші іні-қарындастарды ренжітпеді;

10) менің бос уақытым – ойыншықтарды реттеп сақтауды, оларды бұзбай
с ы н д ы р м а й о й н а у д ы ;

11) мейрамдар – үлкендерді және қатарластарын осы мейраммен құттықтауды
к ө р с е т е б і л у і т и і с .

5 8 . О қ у ш ы л а р :

- 1) үлкендердің басқаруы бойынша басын және бетін жуа білу;
- 2) төсек жабдықтарын шкафаға жинай білумен; үстел үстін дайындап және алдын ала кесілген азық-түліктерді салатқа салып араластыру; сыпыртқымен керек бағытқа қарай сыпыру (өзінен); ойыншыққа арналған шкафты реттеу дағдыларын меңгеруі керек.

9. 4 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

59. Пәндік нәтижелер. Оқушылар:

1) денсаулық және оны қалай сақтау керек – денсаулықты сақтаудағы күн тәртібінің маңызы (еңбек, демалыс), бет бөліктері, оларды атау, көру мен тістерді қалай сақтау
к е р е к т і г і н ;

2) киім және аяқ киім – киім, аяқ киім және бас киім түрлері, олардың қолданыс
б а р ы с ы н ;

3) киімдерді, аяқ киімдерді және бас киімдерді шкафта сақтау ережелерін, материалына байланысты аяқ киімді күту ережелерін, жуу құралдары және оларды
қ о л д а н а а л у е р е ж е л е р і н ;

4) тамақтану – дұрыс тамақтану принциптерін: тамақтану тәртібі, ыдыс аяқ атаулары және қолдану барысын, ыдыс аяқты күту ережелерін, таңғы асқа үстелді дайындау,
д а й ы н д а у үстел үстінде өз өзін ұстау ережелерін, жартылай фабрикаттардан тағам
т ә р т і б і н ;

5) менің үйім, мектеп – біздің үй, үйдің номері, үйдің бөлмелері, олардың маңызын, үй жиһазын атау және оның күтімі, үйді күнделікті тазалау тәртібін; оқу бөлмелері мен шеберханалардың аты, сынып бөлмелерінің маңызы, сынып жиһазын атау және оның күтімі,
к ү т і м і , с ы н ы п б ө л м е с і н к ү н д е л і к т і т а з а л а у т ә р т і б і н ;

6) менің қалам – көлік атауларын атау, оларды түрлері бойынша айыра білу, кейбір жол
б е л г і л е р і н і ң м а ғ ы н а с ы н б і л у д і ;

7) мені қоршап тұрған әлем – құттықтау парақшаларының (открытка) мағынасы
т у р а л ы н ;

8) дүкендер – сауда жасау кезінде, тұтынушылардың сауда дүкендерінде өз өзін ұстау ережелерін: дүкенде даналап (штучный) сатылатын тауарлар түрлілігін;

9) мен және өзге адамдар – үлкендермен құрдастармен сөйлесу, әңгіме кезіндегі өз өзін ұстау ережелерін. Сәлемдесу және қоштасу формаларын;

10) менің бос уақытым – қозғалмалы, жылжымалы ойындар. Олардың маңыздылығын, керектілігін. Жүргізілу тәртібін;

11) мейрамдар – мұғалімдер мен тәрбиешілерді қалай құттықтау керектігін білуі т и і с .

60 . О қ у ш ы л а р :

1) денсаулық және оны қалай сақтау керек – өз бетінің және жолдастарының бет бөліктерін көрсетіп атау, сүлгіні, орамалды дұрыс қолдану, жеке гигиена заттарын о р н ы м е н қ о л д а н у д ы ;

2) киім және аяқ киім – киім, аяқ киім және бас киім түрлері, олардың қолданыс барысы. Киімдерді, аяқ киімдерді және бас киімдерді шкафта сақтау ережелері, материалына байланысты аяқ киімді күту ережелері, жуу құралдары және оларды қолдана алу ережелері, ұнтақты кір жуғыш машинада көпіргенше салуды;

3) тамақтану – таңғы асқа үстелді дайындау, үстел үстінде өз-өзін ұстау ережелері, жылдам дайындалатын кеспелер мен ботқаларды, пакеттегі шайды дайындауды;

4) менің үйім, мектеп – мектеп ғимараттарын аңғара алу, мектеп жиһазының шаңын сүртуді; үйде бағдарлануы және үй жиһазының шаңын сүрту; менің қалам - көлікте өз өзін ұстау ережесі, жол жүру ережелерін сақтауды;

5) мені қоршап тұрған әлем – құттықтау парақшасы және оны өз қолымен сәндеуді, безендіруді (сурет, аппликация);

6) дүкендер – керегі бойынша азық түлік алу, сауда орын сатушыларына өтінішпен, с ұ р а қ п е н қ а т ы н а с ж а с а у д ы ;

7) мен және өзге адамдар – үлкендермен құрдастармен сөйлесу, әңгіме кезіндегі өз өзін ұстау ережелерін. Сәлемдесу және қоштасу формаларын;

8) менің бос уақытым – ойын ойнау барысында ережелерді сақтауды;

9) мейрамдар – педагогтарды құттықтау сөзбен жеткізуді көрсете білуі тиіс.

61 . О қ у ш ы л а р :

1) тісін жуып аузын шаю; киім ілгішке киімдерін ілу; шкаф полкасына киімдерін реттеп қою; аяқ киімді күту; кішігірім заттарды сабынмен жуу (шұлық, бет орамал);

2) таңғы асқа үстелді дайындау; шай демдеу; кеспе, ботқа, ыдысты қолданып б о л ғ а с ы н ж у у ;

3) үлкендердің басқаруы бойынша мектеп ішінде жүру, шкаф шаңын сүрту дағдыларын меңгеру керек.

62. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

1) өз өзіне қызмет жасау және тамақ дайындау кезінде санитарлық гигиеналық талаптарды білуінен;

2) сабақта түсіністік қатынасты орната білуінен;

3) мұғалімнің басқаруымен практикалық амалдарды орындау қабілетінен;

4) өздерімен ішін ара түсіністік қатынас кезінде керісусіз жүріс тұрыстарынан;

5) үлкен жолдастарына сыйластықпен қарауынан көрініс табады.

63. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) жиі қайталанатын амалдарда манипуляцияның қолжетімді амалдарын қолданумен;
- 2) өз өзіне қызмет жасау кезінде қарапайым тәсілдерді білумен;
- 3) тамақ дайындау және үстелді дайындау кезінде құралдарды қолдана білу қабілетімен;
- 4) киімге және аяқ киімге күтім жасаумен;
- 5) кеңістікті немесе бөлмені реттеу кезінде кезекті амалдарды орындай алу қабілетімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 393 бұйрығына 69–қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 174–қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Психомоториканы және сенсорлы үрдістерді дамыту» пәнінен типтік оқу бағдарламасы

Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға қажетті ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатымен құрастырылды.

2. Зияты зақымдалған оқушыларды гуманды және жекешелендіріп тәрбиелеу және оқыту тапсырмалары олардың толыққанды дамуына керекті жағдайларын, оқу жұмыстарының субъектісі болып қалыптасуын талап етеді.

3. Түзету жұмыстарының берілген бағдарламаның теориялық негізі Л.С.Выготскийдің тұжырымдамалық теориялық жағдайы:

- 1) ауытқумен және қалыпты дамып жатқан балалардың ортақ даму заңдылықтары;
- 2) оның орын басу мүмкіндіктері мен кемістіктің құрылымы;
- 3) ақауы бар баланы зерттеуде жүйелі жол табу қолданысы;
- 4) психологиялық көмек ұйымдастыруда оның өзекті және жақын даму аймағы;
- 5) психологиялық-педагогикалық түзету бағдарламасын іске асыру барысында

балаларға жеке және саралауға үйрету болып табылады.

4. Оқу пәнінің мақсаты «Психомоторика мен сенсорлы үдерістің дамуы» - баламен әр түрлі сенсорлық құрамның біртұтас объектілерін, сапасымен белгісін танып білуде тиімді шарттың қалыптасуы болып табылады; баланың қоғамда тиімді әлеуметтеніп және психикасының дамуына әсер ететін қоршаған орта жайлы көпқырлы дұрыс көріністі беру.

5. Негізгі міндеттер. Мақсатқа жету үшін келесі тапсырмаларды орындаумен шектеледі:

1) бақылау, салыстыру, заттардың белгілерімен еліктеулерді және оларды сөйлеу тілі кезінде жеткізе білу есте сақтау барысында психологиялық процесстердің дамуы, ойлауы, сөйлеу тілі, қабылдауы;

2) сезім мүшелерінің дамуын қалыптастыру қоршаған ортадағы барлық жағдайларды қабылдау, кемістіктерді түзету заттардың ерекше белгілерін, түстерін олардың орнын, қоршаған ортаны уақыт бірліктерін ажырату;

3) қоршаған ортаға бейімделу;

4) есту және сөйлеу ерекшеліктерін дамыту;

5) эстетикалық қабілетті дамыту (түс, дәм, иіс, дыбыс, ырғақ);

6) сенсорлы қызметтің дамуы;

7) сөйлеу аппаратын дамыту;

8) моторикадағы кемшіліктерді түзету, көру-қимыл ерекшеліктерін, қозғалыспен іс-әрекеттегі тұрақтылығын дамыту;

9) ерік-жігерлік этикалық өлшемдерді дамыту, әдеби шығармаларды қабылдау;

10) назар аударуымен есте сақтауын дамыту (ойындар, назар аударуға арналған жаттығулар, есептеуіштерді жаттау).

6. Оқу тәрбиелеу, түзету дамыту жұмыстары барысында кіші мектеп жасында ойын әрекеті негізгі рөлді алады.

7. Түзеу жұмыстары келесі бөлімдерден құрылады:

1) психомоторлы процестердің және диагностиканың жағдайы;

2) дене моторикасы ұсақ моториканы және қол саусақ моторикасын дамыту;

3) қозғалыс әрекетін дамыту;

4) кинестикалық және кинетикалық даму;

5) көлемді, түрді, түсті және заттардың құрылымын ажырату;

6) заттардың ерекше белгілерін қабылдау;

7) көру арқылы есте сақтау барысында көру қабылдауын дамыту;

8) есту арқылы есту қабілетін дамыту;

9) қоршаған ортаны қабылдау және түсіну;

10) уақытты қабылдау.

8. Пәнді оқытуда сағат саны:

1) 1-ші сыныпта аптасына 2 сағат, жылына 66 сағат;

2) 2-4 сыныптарда аптасына 2 сағат жылына 68 сағаттан;

3) 4 жылдық қорытынды бойынша 270 сағат.

9. Түзету жұмыстарын сабақтың 1-ші және 2-ші бөлімінде жүргізуге болады. Жүргізілетін жұмыс 30-35 минутты құрайды. Әрбір сыныпқа аптасына 2 сағаттан бөлінген. Жеке жұмыстардың көлемін психолог оқу бағдарламасына сәйкес және оқушының қажеттіліктеріне сәйкес енгізеді. Оқушыларды диагностикалық тексеруден өткізу оқу жылының басында және соңында жүргізіледі.

10. Оқу процесі кезінде пән аралық байланыс оның ішінде мәдениеттану, әлеуметтану, бейімделу және еңбек дайындығы қарастырылады:

1) «Қоршаған орта»;

2) «Сурет салу»;

3) «Әуендік және ырғақтық»;

4) «Пәндік және тәжірибелік қызмет»;

5) «Емдеу және физикалық тәрбие».

2. Оқу пәнінің 1-сыныптағы базалық білім мазмұны

11. Тақырыптарды орналастырудың үлгісі (бөлім бойынша) - 66 сағат.

12. 1 тоқсан (17 сағат). Ірі және ұсақ моториканы дамыту қол-қимыл моторикасын дамыту.

13. Моторикалық және графомоторикалық дағдыларды дамыту:

1) сабақ өткізуге арналған топтарды бөлу;

2) ірі моториканы дамыту (мұғалімнің нұсқауына сәйкес тапсырмаларды орындау);

3) тепе-теңдік қалпын сақтау. Дене мүшелердің үйлесімді қызметі (қол-қимылы, жүру бағытын өзгертіп қозғалыс жасау);

4) қол саусақтары ұсақ моторикасын дамыту, саусақ жатығулары. Үлгімен жүріп өту;

5) қолдың және көру мүшесінің ерекшелігін дамыту;

6) жапсыру жұмыс техникасы, майысқан қағаздарды тігінен қию.

14. Түйсіну – қимылдарын қабылдауы:

1) заттың көлемі бойынша көлемін түсіну (үлкен, кіші, өте үлкен). Дидактикалық ойындар «Сықырлы қап»;

2) тік пішіндерді және заттарды ажырату.

15. 2 тоқсан (16 сағат).

16. Ермексазбен жұмыс.

17. Ірі мозайкамен жұмыс.

18. Кинестикалық және кинетикалық даму:

1) дененің әр түрлі қалпын қалыптастыру;

2) дидактикалық ойындар «Өзен теңселіп жатыр» дененің жоғарғы және төмен

бөліктерінің

қозғалысы;

3) бас қалпының қозғалысы.

19. Заттардың түрін, түсін, құрылымын қабылдау:

1) сенсорикалық үлгідегі геометриялық пішіндер (дөңгелек, төртбұрыш, тік бұрыш, үшбұрыш);

2) заттарды түрін ажырату;

3) заттарды топтастыру (түріне, түсіне сәйкес);

4) дидактикалық ойындар. «Пішіндерге сәйкес заттарды біріктіру».

20. 3 тоқсан (17 сағат):

1) заттардың көлеміне сәйкес ажырату (үлкен, кіші);

2) ұзындығына және биіктігіне сәйкес 2 затты ажырату;

3) ені мен қалыңдығына сәйкес 2 затты ажырату;

4) геометриялық пішіндерді құрастыру;

5) негізгі түстермен танысу (қызыл, сары, жасыл, көк, ақ). Дидактикалық ойындар «Заттың түсін айт» көлемді заттардың құрылымы (2-3 зат);

6) көру арқылы көру қабілетін дамыту: талдау және жинақтау әдісі; заттарды салыстыру; дидактикалық ойындар «Қай зат жетіспейді» (столдың аяқтары жоқ болады, орындықтың арқашасы жоқ, шелектің құлағы жоқ). Дидактикалық ойындар «Не өзгерді?» (2-3 зат); алдына алу және көруді түзетуге арналған жаттығулар;

7) заттардың ерекше белгілерін қабылдау: заттың температурасын ажырату; дәмдік сапаларды айыра білу (қышқыл, тәтті, тұзды). Дидактикалық ойындар «Дәмін тат».

21. 4 тоқсан (16 сағат):

1) есту арқылы есту қабілетін дамыту: қоршаған орта дыбыстарын ажырату және тану. Дидактикалық ойындар;

2) есту арқылы танымын, түрлі әуендік дыбыстарды, қоршаған орта дыбыстарын ажырату;

3) қоршаған ортаны қабылдау: өз дене мүшесінде бейімделу (оң жақ, сол жақ, қол-аяқ);

мектеп ішіне бейімделу (алға, артқа);

сызық бойымен тұруға бейімделу;

дәптер парақшасына бейімделу (ортасы, жоғары, оң жақ, сол жақ, жиегі);

4) уақытты қабылдау:

тәулік. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), тәуліктің графикалық моделі; іс-әрекеттің кезектілігі;

бүгін, кеше түсініктерін қалыптастыру; апта. Жеті күн, күндердің кезектілігі;

дидактикалық ойындар «Көңілді апта»;

таным процестеріне сәйкес бақылау диагностикасы.

3. Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

22. Тақырыптарды орналастырудың үлгісі (бөлім бойынша) - 68сағат.

23. 1 тоқсан (17 сағат).

24. Балаларды зерттеу, түзету жұмыстарға топтарды іріктеу, жинақтау.

25. Моторикалық және графамоторикалық дағдыларды дамыту:

1) қимыл нақтылығының дамуы (көзделген орынға допты сілтеу және оны лақтыру, «Шеңберге лақтырғыш»); қимыл үйлестігі (доппен ойнау, шеңберді айналдыру);

2) мұғалімнің екі буынды нұсқауы бойынша мақсатты бағытталған оқыту амалдары (2 қадам алға – оңға бұрыл, т.б.);

3) сөздік нұсқау арқылы жүргізіліп отыратын саусақ жаттығулары;

4) екі қолмен бірдей орындалатын жаттығулар (баумен жұмыс, моншақтарды жіпке өткізу);

5) әр түрлі бағытта штрихтау және үлгі бойынша сурет салу; үлгідегі геометриялық пішіндердер бойынша берілген оюды жиектеу;

6) қол мен көздің қимыл үйлестігінің дамуы (мұғалім нұсқауы бойынша);

7) графикалық диктант (көрініс бойынша);

8) үлгі бойынша тіктөртбұрышты, төртбұрышты, үшбұрышты пішіндерді қайшымен қию;

9) «Көлемді жапсыру» техникасымен жұмыс.

26. Түйсіну – қимылдарын қабылдауы:

1) әр түрлі құрамдағы заттарды түртіп, сипап байқау, анықтау (жұмсақ, қатты, суық, жылы);

2) заттарды түртіп, сипап байқау, анықтау. «Сыйқырлы қап» дидактикалық ойыны.

27. 2 тоқсан (17 сағат).

28. Ермексазбен және саз балшықпен жұмыс (қатты және жұмсақ жағдайда).

29. Орта мозайкамен ойын.

30. Кинестетикалық және кинетикалық даму:

1) жоғарғы және төменгі буындардың қимылдары мен қозғалыстары (мұғалімнің нұсқауы бойынша жаттығулар); бастың қимылдары мен қозғалу ерекшеліктері (мұғалімнің нұсқауы бойынша);

2) өзіндік әсерлерді сөзбен айтып жеткізу;

3) бүкіл дененің қимылдары мен қозғалу ерекшеліктері. Дидактикалық ойын «Айна»; қимылдардың және қозғалыстардың ұқсастығы (жануарлар қимыл әдеттері, табиғат құбылыстары).

31. Түс, көлем, формасын қабылдау және заттарды құрастыру:

1) көлемді геометриялық пішіндерді құрылымдау (шар, төртбұрыш); формасы бойынша заттарды топтастыру (көлемді және жіңішкерек);

2) биіктігі және қалыңдығы бойынша 2-3 заттарды салыстыру; ұзындығы және ені

бойынша 2-3 заттарды салыстыру;

3) мұғалімнің нұсқауы бойынша заттарды формасы мен көлемі бойынша топтастыру;

4) берілген белгі-сипаты бойынша көлемге байланысты 3-4 заттық сериациондық қатар құрастыру.

32. 3 тоқсан (17 сағат):

1) түстер мен бояуларды ажырату;

2) негізгі түстерге бояуларды таңдау. Дидактикалық ойын «Аталған түстегі заттарды жинақта»;

3) геометриялық пішіндерден заттарды құрастыру (2-4 бөлшек);

4) таныс заттардың бөліктерін бөлу және айыру (орындық-арқасы, аяқтары, шкаф-есіктері, қабырғалары т.б.);

5) қырқылған, кесілген бөліктерден бір бүтін құрастыру (3-4 бөлшек).

33. Көріп қабылдау және көріп есте сақтауының дамуы:

1) 3-4 бөліктен тұратын көру анализінің және заттардың синтезінің құрылымдық қабілеті (мұғалімнің нұсқауы бойынша);

2) көрнекі құралдардан айырмашылықты табу (2 суретті салыстыру);

3) көріп есте сақтауының дамуы. Дидактикалық ойын «Не өзгерді?» (4-5 заттардан);

4) салынған суреттегі заттарды айыра білу (2-3 сурет);

5) көруді алдын ала емдеу және түзетуге арналған жаттығулар.

34. Ерекше құрамдағы заттарды қабылдау:

1) сипап сезуінің дамуы (температуралық сезімдер). Температураны өлшеуге арналған құрал жабдықтар (градусниктер);

2) дәмдік сапаларды айыра білу (ащы-тәтті, піскен-шикі). Дидактикалық ойын «Дәмін біл»;

3) иіскеп білу дамуы (өткір-жұмсақ, тағамның иістері);

4) әр түрлі заттардың қатты жұмсақты сезімін қабылдау (мақта, шегелер, т.б.).

34. Естіп қабылдауы мен естіп есте сақтауын дамыту:

1) әртүрлі даңғырлақ және әуендік аспаптардың дыбысы (сылдырмақ, дауылпаз, қоңырау, дабыл, гармон);

2) дауыс қаттылығы мен ұзақтығына сипаттама (шу, музыкалық және сөздік дыбыстар);

3) әуенді сипаты бойынша ажырату (көңілді, мұнды). Әуендік шығармаларды тыңдау.

35. 4 тоқсан (17 сағат):

1) дыбыстық еліктеу (айналадағы дыбыстарға еліктеу);

2) дидактикалық ойын «Сені кім шақырғанын айт» (дауысы бойынша ажырату).

36. Кеңістікті қабылдау:

1) ғимаратты бағдарлау, берілген бағыт бойынша қозғалу; қозғалыс бағыттары

сөздерінің мағынасы; мектеп ғимаратында бағдарлау;

2) «жақын» және «алыс» ұғымдары;

3) парақты бағдарлау (барлық бұрыштарын белгілеу); парақтың тік бағытына жазық және көлемді заттарды орналастыру; парақтың көлденең бағытына жазық және көлемді заттарды орналастыру; заттар арасындағы кеңістіктік түсініктерді сөздік түрді сипаттау ;

4) партаның жоғарғы жағын кеңістіктік бағдарлау;

5) дидактикалық ойын «Заттың орнын анықта».

37. У а қ ы т т ы б а ғ д а р л а у :

1) жыл айларын реттеу; жыл мезгілдері. «Жыл мезгілдері» графикалық модельмен ж ұ м ы с ж а с а у ;

2) сағатпен танысу (циферблат, тілдік); уақыт өлшемдері (секунд, минут, сағат, тәулік); сағат бойынша уақытты анықтау. Ойын «Сағат модельдері»;

3) таным процесстерін бақылау диагностикасы.

4. Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

38. Тақырыптарды орналастырудың үлгісі (бөлім бойынша) – 68 сағат.

39. 1 тоқсан (17 сағат). Қабылданған балаларды тексеру.

40. Моторикалық және графамоторикалық дағдыларды дамыту:

1) нақты бір заттармен белгілерді дамытуға арналған жаттығулар («Керік», «Ж о л б а р ы с ») ;

2) әртүрлі бұлшық еттердің қозғалысына сәйкес дамыту жұмыстарын жасау (м ұ ғ а л і м н і ң н ұ с қ а у ы б о ы н ш а) ;

3) мұғалім екі-үш құрылымды тапсырмаларды мақсатты түрде орындауға үйрету (екі адым алға – оңға бұрыл – бір адым артқа);

4) сөздік қолдау арқылы саусақ жаттығулары;

5) қолдың ұсақ қимылдарының дәлдігін жүзеге асыру (байлау, шешеу, бау байлау); заттық суреттердің шетін айналдыра орау, әртүрлі бағытта сызықтау. Үлгі бойынша салу; графикалық диктант; заттық суреттердің жиегі бойынша парақты қайшымен қию; «Көлемді» және «үзілген» жапсыру жұмыстарын жасау.

41. Түйсіну – қимылдарын қабылдауы:

1) сипап сезу арқылы заттарды тану; әртүрлі қасиеттерін ажырату (жұмсақ және қатты, үлкен және кіші); бетін сипап сезу арқылы анықтау (тегіс, қатпарлы, тікенекті, үлпілдек). Дидактикалық ойыны «Қалай болады?»;

2) сазбен немесе ермексазбен жұмыс (жаймалап жазу, домалату, қысу). «Жемістер» ж а с а у .

42. 2 тоқсан (17 сағат). Сюжеттік ойындар.

43. Кинестетикалық және кинетикалық даму:

1) дене бөліктерінің (көз, ауыз, саусақтар) статикалық және динамикалық әртүрлі қалыптарының дамуын сезіну;

2) өзіндік сезімдерін сөзбен жеткізу.

44. Қимылдың бейнелілігі (жануарларды салу, мектептегі шараларда сахналау).

45. Түс, көлем, формасын қабылдау және заттарды құрастыру:

1) заттарды салыстыру және оның қалпын сөзбен түсіндіру (3-4 зат); «Сопак» сөзінің мағынасы. Домалақ пен сопақты салыстыруға арналған жаттығулар;

2) геометриялық құрастырғыш бойынша әртүрлі қалыптардың кешенділігі;

3) заттардың көлемінің екі жағынан салыстыру және сөздік мағынасы (ұзын және кең, жіңішке және қысқа, т.б.);

4) дидактикалық ойын «Бөлік және толықтық»; 4-5 заттың көлемі жағынан бөлім реттіліктің құрылуы;

5) пәндердің өзіндік ерекшеленген белгілері бойынша топтастыру; түстік спектр. Жылы және суық түстер; бір түстің әр түрлі қанықтығы бойынша 4-5 айналымнан бөлім реттілігінің құрылуы. Дидактикалық ойын «Жеті түсті гүл».

46. 3 тоқсан (17 сағат):

1) заттарды олардың жеке бөліктері арқылы білу. Таныс заттардың бітпеген суреттерін аяқтау; заттарды немес ұсақ бөлшекті құраманы құрастыру (пазлдар, едендік «Лего»).

47. Көріп қабылдау мен көріп есте сақтауды дамыту:

1) көріп-қимылдаудың қол және көз координациясы бойынша жүзеге асыру. Көрнекілік үлгі бойынша жиектас сызу;

2) көрнекілік мәліметтің жалпы және ерекшеленетін белгілерін табу (2 суретті салыстыру);

3) заттарды ажырамас қасиеттері мен сипаты бойынша салыстыру;

4) көріп есте сақтауға арналған жаттығулар. Дидактикалық ойын «Не өзгерді?». Дидактикалық ойын. «Өрнекті қайтала»;

5) көруді алдын ала емдеу және түзетуге арналған жаттығулар.

48. Заттардың жеке қасиеттері бойынша қабылдау:

1) сипап сезуін дамыту (жылырақ – салқынырақ);

2) сөздік мағынасы. Заттардың температурасын контраст бойынша анықтау (жылытқыш, үтік, шәйнек);

3) тағамдық иіс пен дәмді ажырату және олардың сөздік мағынасы; заттардың әртүрлі сипаттарын анықтау (қатты, ұнтақ, ерігіштік);

4) дифференциалды ауырлық сезімінің дамуы (ауырлау-жеңілдеу); алақанда өлшеу, «көз мөлшерімен» салмағын анықтау.

49. Естіп қабылдау мен естіп есте сақтауды дамыту:

1) кеңістіктегі дыбыстың бағытын анықтау (оң жақтан – сол жақтан – алдыңғы жақтан – артқы жақтан). Дидактикалық ойын «Дыбыс қайдан шығады?»;

- 2) дыбыстық белгі арқылы әрекеттерді жасау (басты белгілі градусқа бұру).
 Дидактикалық ойын «Үзілген әуен»;
- 3) әуендік және тілдік дыбыстардың тонның жоғарылығы арқылы ажырату.
 50. 4 тоқсан (17 сағат):
- 1) ырғақ бойынша әуендерді ажырату; әуендік үзінділер тыңдау;
 - 2) ырғақ сезімдерін дамыту. Дидактикалық ойыны «Біз барабаншымыз».
51. Кеңістікті қабылдау:
- 1) кеңістікте бағдар алу (бөлмеде және көшеде); кеңістіктегі қарым – қатынасты сөйлемдерді пайдалану арқылы сөзбен жеткізу; кеңістік тәжірибесін дамыту. Орындалған тапсырманың сөздік есебі;
 - 2) дидактикалық ойын «Қайда барасың, соны табасың»; бөлмедегі жиһаздардың орналасуын кеңістікте модельдеу. Дидактикалық ойын «Бөлмені жабдықтайық»;
 - 3) қағазды «көзбен» тең 2 және 4 бөлікке бөлу; қағаздың тік және көлденең жиектеріне заттарды орналастыру; тақтаға жапсырылған түрлі көлемдегі қағазға бағдар жасау (қағаздың көлденең орналасуы).

5. Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

52. Тақырыптарды орналастырудың үлгісі (бөлім бойынша) – 68 сағат.
53. 1 тоқсан (17 сағат). Қабылданған балаларды тексеру.
54. Моторикалық және графомоторикалық дағдыларды дамыту:
- 1) бұлшық еттің түрлі топтарын дамыту қимылдары (мұғалімнің нұсқауымен); қимылдардың дыбыстық белгімен сай келуі (бір шапалық ұрғанда жүгіресің, екі шапалақ ұрғанда кері жүгіресің және т.б.);
 - 2) мұғалімнің нұсқауы бойынша мақсатты қимылдарды орындау (оңға бұрыл – екі қадам алға – бір қадам артқа): орындалуы жөнінде сөздік есеп беру;
 - 3) қолдың ұсақ қимылдарының дәлдігін жетілдіру (ұсақ мозайка «Лего» сақиналарды шынжырға тізу); күрделі тапсырмалары бар графикалық диктант; геометрикалық пішіндерді сызу (шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш); суреттердің симметриялық жалғасын толықтырып салу; заттардың бейнесін «көз өлшеммен» қайшымен кесу (алмұрт, доп).
55. Түйсінуді – қимылдарын қабылдауы:
- 1) заттардың түрлі қасиеттері мен сапаларын сипап білу арқылы ажырату (майысқан, ағаш, ыстық, тікенді);
 - 2) ермексаз және сазбалшықпен жұмыс кезінде сипап түйсінуді дамыту; «Ғажайып дорба» ойыны (ұсақ заттармен);
 - 3) ұсақ мозайкамен ойын.
56. Кинестетикалық және кинетикалық даму:
- 1) қимыл мен дененің түрлі мүшелерінің қалпының сай келуі (мұғалімнің

н ұ с қ а у ы м е н) ;

2) қимыл мен іс-әрекетті сөйлеу арқылы орыдау.
57. 2 тоқсан (17 сағат):

- 1) бұлшықеттерді босаңсытуға арналған жаттығулар;
- 2) ой арқылы елестету қимылдары (допты лақтыру, ағашты жару, киімді жуу).

58. Түс, көлем, формасын қабылдау және заттарды құрастыру:

- 1) заттарды екі белгісі бойынша өз бетінше топтастыру; сөзбен толықтыру;
- 2) заттарды көлемі, түсі, формасы бойынша топтастыру және салыстыру;
- 3) заттардың жекелеген параметрлерін өлшеу және салыстыру үшін қарапайым өлшемдерді қолдану (ұзындығы, ені, биіктігі бойынша);
- 4) түстер спектрі. Түстердің араласуы; түстерді анықтау. Дидактикалық ойын «Түсті ата»;
- 5) күрделі үлгідегі заттарды құрастыру («Техникалық құрастыру», ұсақ пазл);
- 6) бір элемент бойынша заттарды тану; заттарды сөзбен сипаттау арқылы тану.

Дидактикалық ойын «Сипаты бойынша таны».
59. 3 тоқсан (17 сағат).

60. Көру арқылы қабылдау мен көру арқылы есте сақтауды дамыту:

- 1) көрнекі материалдан ерекше және ұқсас белгілерді табу (2-3 заттық, сюжетті суреттерді салыстыру). Суреттерден «Сәйкессіздікті» табу;
- 2) көру арқылы есте сақтауды дамыту. «Есінде қалғанын бейнеле»; көруді алдына алу. Көзге арналған жаттығулар.

61. Заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау:

- 1) сипап сезу сезімінің айырмашылығын дамыту (құрғақ-ылғал-дымқыл); олардың ауызша анықтамасы;

- 2) температура. Дененің, судың, ауаның температурасын өлшеуге арналған құралдар;

- 3) дәм сезу сезімінің айырмашылығын дамыту (тәтті-тәттірек, қышқыл-қышқылырақ);

- 4) ауызша анықтамасы;

- 5) иістердің айырмашылығын қабылдау (жеміс, гүл, иіссу иістері). «Затты иісінен тап» дидактикалық ойыны;

- 6) заттарды таразыда өлшеуге арналған жаттығулар;

- 7) заттардың қарама-қарсы қасиеттерін анықтау (таза-кір, жарық-қараңғы); заттармен жасалынатын қарама-қарсы әрекеттерді анықтау (ашу-жабу, түймелеу-ағыту, киіндіру-шешіндіру).

62. Естіп қабылдау мен естіп есте сақтауды дамыту: дыбыстардың ұзақтығы мен қаттылығына қарай ажырату (сөйлеу кезіндегі, әуендік).

63. 4 тоқсан (17 сағат):

- 1) есту моторлық үйлестілігін дамыту. Дидактикалық ойын «Тыйым салынған

д ы б ы с » ;

2) есту арқылы түрлі әуендік аспаптардың дыбысталуын анықтау. «Бұл ненің д ы б ы с ы , т а п » ;

3) ырғақты сезінуді дамыту. Ойын жаттығулары.

64. Кеңістікті қабылдау:

1) ауызша нұсқау бойынша көшедегі ғимараттарды бағдарлау;

2) жақын және алыс кеңістікте заттардың орналасуын анықтау;

3) заттардың кеңістікте орналасуын модельдеу; кеңістіктік қатынастарды сөзбен ж е т к і з у ;

4) мұғалімнің нұсқауы бойынша кеңістіктегі жағдайларды модельдеу (қуыршақтар б ө л м е с і н е ж и н а з д а р қ о ю) ;

5) түрлі үлгідегі (дәптер, альбом, ватман) және түрліше орналасқан (тігінен, көлденеңінен, қырынан) қағаздарға бағдарлану.

65. Уақытты қабылдау:

1) сағаттан уақытты анықтау; уақыт аралықтарының ұзақтығы. Дидактикалық ойын « М и н у т т ы с а қ т а » ;

2) күнтізбемен және жылдық күнтізбе үлгісімен жұмыс. Дидактикалық ойыны «Бұл қ а ш а н б о л а д ы » ;

3) негізгі өмірлік оқиғалардың реттілігі. Адамдардың жасы;

4) танымдық әрекеттердің бақылау диагностикасы.

6. 1 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

66. Пәндік нәтижелер. 1 сыныптың оқушыларында психомоторлы және сенсорлы процестерін мақсатты түрде бағытталған қызметінде төмендегілерді:

1) мұғалімнің нұсқаулары мен мақсатты іс-әрекетті орындай;

2) жазу жабдықтарын дұрыс қолдай;

3) қиын емес суреттерді көшіре;

4) пәндегі көрсетілген белгіні салыстырып талдау шығара: нысан, көлем, түс; маңызды суретті атап ажырата;

5) геометриялық пішіндерді топтастыра;

6) пән 2-3 құрамнан құралуын; жақсы танитын көлемді заттарды сипау арқылы а н ы қ т а й ;

7) жалпы 2 заттарды көзбен анықтау және айыруды;

8) таныс сенсорлы үлгідегі суреттерді пәндік арқылы топтастыруды, қарапайым ж а л п ы л а м а ж ү р г і з у д і ;

9) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата;

10) жазық беттік қағазға ерекше нәрселерді бағдарлай;

11) уақыт өлшемдерін ретілігімен анықтай білуі тиіс.

67. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) үлкендерге, табиғат пен халыққа, Қазақстан Республикасының шекарасында өмір сүрушілерге құрметпен қарауды үйренуінен;
- 2) түзету жұмыстары кезінде өзінің және қасындағы құрдастарының қауіпсіздігін қорғауынан көрініс табады.

68. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) мұғалімнің нұсқауларын дұрыс орындап, жазу жабдықтарын дұрыс қолдануымен;
- 2) апталық күндерді бағдарлауымен айқындалады.

7. 2 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

69. Пәндік нәтижелер. 2 сыныптың оқушыларында психомоторлы және сенсорлы процестерін мақсатты түрде бағытталған қызметінде төмендегілерді:

- 1) мұғалімнің 3 нұсқауын дәлме-дәл қимылдар арқылы көрсету, бейнелі іс - қимылдарды;
- 2) екі қолмен, қол және көздің қимылдарын үйлестіру, үлгіні белгілеу, салу және штрих түсіру, үлгідегі заттардың көлемін, түсін ажыратып атай, сөздерді көрсете;
- 3) реңі мен түсін айыра;
- 4) 3-4 геометриялық пішіндерді құрастыра, заттарды бөліктермен бөле; заттардың ерекшелігін анықтай және атай (жоғарыға, салмағына, температурасына);
- 5) 2 сюжеттік тәрізді суреттердің айырмашылығы мен ұқсастықтарын таба;
- 6) суреттердің оңай түрін жалпылауда салыстырып сапасын ажырата;
- 7) дыбыстың ұзақтылығы мен әуендік дауысын салыстыра;
- 8) бағыт қозғалысының орналасуын бағдарлай;
- 9) жыл мен ай аттарының арақатынасын түсіндіре білуі тиіс.

70. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) 2 сынып оқушылары туған жердің табиғатын қорғауынан;
- 2) қоршаған ортада бауырмалдық қарым-қатынас, жақсылық көрсетуінен;
- 3) сенсорлық дамыту арқылы барлық адамның көңіл-күйін сезуінен көрініс табады.

71. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) 2 сынып оқушылары мұғалімнің 3 нұсқауын дәлме-дәл орындауымен;
- 2) әуендік дыбыстарды қабылдауын құрастыруды және трафаретке сурет салуды үйренуімен айқындалады.

8. 3 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

72. Пәндік нәтижелер. 3 сынып оқушыларының психомотрика және сенсорлық үрдістерін дамыту бойынша сабақтарында мақсатты қызметінде келесілерді:

- 1) мұғалімнің үш және төртбуынды нұсқаулығы бойынша әрекеттерді мақсатты

о р ы н д а й ;

- 2) бітпей қалған суреттерді салуды аяқтай;
- 3) заттарды формасы, шамасы және түсінің берілген екі қасиеттері бойынша топтастыру, оларды сөзбен белгілеуді;
- 4) түрлі түстердің суық түстен ашық реңдікке дейін түс гаммасын құруды;
- 5) геометриялық пішіндерден 5-6 бөлшектерінен заттарды құрастыра;
- 6) сипап сезу арқылы заттардың беткі қабатын анықтай, сөзбен заттардың сапасы мен қасиеттерін белгілей;
- 7) қатты көзге түспейтін қасиеттері бойынша көру арқылы 2-3 затты ажырату, оларды сөзбен анықтауды;
- 8) бөліп көрсетілген сапасы мен қасиеттері негізінде заттар мен құбылыстарды топтастыра;
- 9) иіс және дәмдік қасиеттерді ажырату, оларды атай;
- 10) қолмен өлшеу арқылы заттардың ауырлығын көз мөлшерімен анықтай;
- 11) дыбыс сигналы бойынша әрекет етуді;
- 12) жазықтықта және кеңістікте сәйкесінше бейімделе;
- 13) көмекші сөздер көмегімен кеңістіктік қатынасын айқындай;
- 14) сағат бойынша уақытты анықтай білуі тиіс.

73. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) қоғамдағы этикалық шама тәртіптерінен (мысалы, адамдармен амандасу және қоштасу; уақытты сағат бойынша анықтай біле отырып, кешікпеу);
- 2) әлемді оның объектілерінің қасиеттері мен нышандарының түрлілігімен (түстерімен, дәмдерімен, иістерімен, дыбыстарымен, ритмдерімен) қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдауынан көрініс табады.

74. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) мұғалімнің үш және төрт буындық нұсқалықтарын орындап үйренулерімен;
- 2) сипап сезу арқылы заттардың бетін анықтауды үйренуімен;
- 3) әуенді дыбыстарды, иістерді және дәмдік қасиеттерді ажырата білуімен айқындалады.

9. 4 сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

75. Пәндік нәтижелер. 4 сынып оқушыларының психомотрикасын және сенсорлық үрдістерін дамыту бойынша сабақтарында мақсатты қызметтерін:

- 1) мұғалімнің төрт буынды нұсқаулығы бойынша әрекеттерді мақсатты орындау, әрекет ету жоспарын құруды;
- 2) екі қолмен штрихтау кезінде дәл қимылдар жасауды;
- 3) босаңсу элементтерін пайдалануды;
- 4) екі өзіндік қасиеттері бойынша берілген заттарды топтау, оларды сөзбен белгілей

;

- 5) түстерді арластыру, оларды атай;
- 6) 6-8 элементтерден күрделі пішіндерді құрастыра;
- 7) оғаш суреттердің шынайы емес элементтерін таба;
- 8) заттардың қарама қайшы сапалары мен қасиеттерін анықтай;
- 9) заттарды түрлі қасиеттері бойынша өз бетімен топтастыра;
- 10) заттарды иісі, шамасы, температурасы, беткі қабаты бойынша, азық-түлік өнімдерін иісі және дәмі бойынша анықтай;
- 11) түрлі әуендік аспаптарының дыбысын есту арқылы анықтай;
- 12) берілген кеңістіктегі заттардың орналасуын модельдеуді;
- 13) адамдардың жас мөлшерін анықтай білуі тиіс.

76. Тұлғалық нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) түзету сабақтарын жүргізу барысында сабаққа психологиялық икемделуінен;
- 2) босаңси және мобилизациялана алуынан;
- 3) туған табиғатының және түрлі әуендік аспаптардың дыбысын ажырата білуінен;
- 4) өз халқының тарихы мен мәдениетін сыйлай білуінен көрініс табады.

77. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Оқушылардың:

- 1) өздерінің сенсомоторикалық функцияларын дамыту үшін түрлі функционалды-бағытталған ойындарды пайдалануды үйренуімен;
- 2) сабақ үстінде педагогикалық терапиялардың алуан түрін қолдана білуімен;
- 3) арттерапия, құм терапиясы, музыкатерапиясы және т.б., барлық сенсорлы және сөйлеу дағдыларын білуімен айқындалады.